



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Бұл қызықты кітапта сот психологиялық зерттеулерінің кейбір әдіснамалық негіздері, оның саясаты мен тәжірибесі қарастырылады. Бұл сот психологиясына деген жаңа рефлексиялық көзқарас пен маңызды үлес болып саналады. Мен бұл кітапты көпшілікке ұсынамын»

ПРОФЕССОР GRANAM TOWL, DURHAM УНИВЕРСИТЕТІ, ӘАІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰРЫНҒЫ БАС ПРОКУРОРЫ,
ҰЛЫБРИТАНИЯ

«сот психологиясының дамуына үлес қосатын жаңа ой... Кітап жақсы құрылымдалған және пайдалануға оңай».

ПРОФЕССОР JOANNA R. ADLER, MIDDLESEX УНИВЕРСИТЕТІ

Британдық психологиялық қоғамда сот психологтарына арналған бір немесе екі тренинг бар. Сот психологиясы практикалық дағдыларды теорияны сыни түсіну мен кең саяси аспектілермен біріктіруді түсінуге көмектеседі: бұл негізгі бағыттардың өзара әрекеттесуі ретінде және олар қалай бір-бірін қалыптастыра алады.

Мәтінде осы саладағы мамандардың көзқарастары мен ой-пікірлерінде дамытылған негізгі тұжырымдамалар, пікірталастар мен теорияларды талдау қарастырылған. Бұл Сізге білікті сот-психолог болу жолындағы мамандана алу және супервизиялық тәжірибеге қойылатын талаптарды меңгеру үшін білім мен дағдыларды алуға кепілдік береді.

Бұл кітап MSC сот психологиясын оқытудың барлық бағдарламалары үшін маңызды, CPD-ға қажетті докторанттар мен ғылыми дәрежеге ие мамандарға пайдалы.

JENNIFER BROWN – Лондон экономика мектебінің Mannheim криминология орталығының тең директоры және шақырылған профессор болып табылады.

YVONNE SHELL – жыныстық құқық бұзушылықтарды емдеу және тәуелділікпен жұмыс істейтін сот клиникалық психолог.

TERRI COLE – ауыр қылмыстарды тергеудің мінез-құлық аспектілері туралы кеңес беретін полиция қызметкерлерімен бірге ұлттық деңгейде жұмыс істейді.

 **SAGE** www.sagepublications.com
Los Angeles • London • New Delhi • Singapore • Washington DC

СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

БРОУН • ШЕЛЛ • КОУЛ



СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

ТЕОРИЯ, ЗЕРТТЕУ, САЯСАТ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

АЖЕННИФЕР БРОУН
ИВОН ШЕЛЛ
ТЕРРИ КОУЛ




Алматы, 2017

COT

ПСИХОЛОГИЯСЫ

FORENSIC
PSYCHOLOGY



**FORENSIC
PSYCHOLOGY**

THEORY, RESEARCH, POLICY AND PRACTICE

**JENNIFER BROWN
YVONNE SHELL
TERRI COLE**

 **SAGE**

Los Angeles | London | New Delhi
Singapore | Washington DC

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

COT
ПСИХОЛОГИЯСЫ

ТЕОРИЯ, ЗЕРТТЕУ, САЯСАТ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

ДЖЕННИФЕР БРОУН
ИВОН ШЕЛЛ
ТЕРРИ КОУЛ

Алматы, 2017

ӘОЖ 159.9(075)
КБЖ 88.4я73
С 69

Қазақ тіліне аударғандар:
Камзанова Алтынгүль Тустикбаевна
Мун Мария Владимировна
Жолдасова Манзура Кеңесбекқызы
Баймолдина Лаура Оразбековна

С 69 **Сот психологиясы:** Оқулық. / Дженнифер Броун, Ивон Шелл, Терри Коул – Алматы, 2017. – 364 бет.

ISBN 978-601-217-606-3

ӘОЖ 159.9(075)
КБЖ 88.4я73

© SAGE Publications Ltd All rights reserved, 2015.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешқандай бөлігі кез келген формада, электронды немесе қағаз жүзінде және фотокөшіру, жазу сияқты басқа әдістер арқылы көшіріліп алынбайды немесе көшірмесі жасалынбайды, сондай-ақ SAGE Publications-дің рұқсатынсыз іздестіру жүйесіне енгізілмейді.

© Қазақ тіліндегі аудармасы Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2017

ISBN 978-601-217-606-3

Бұл кітап аталмыш еңбекті жазу идеясын жүзеге асыруды ойластырып, бірақ қатерлі ісікке шалдығып, мезгілсіз өмірден өтіп, бұл жұмысты бастай алмаған Elizabeth Campbell-ге арналады.

Jennifer Brown

Мен бұл кітапты өзімнің жақын туыстарыма – жұбайым Rob, балаларым Lily мен Alfie және, әрине, анама арнаймын. Менің ессіз мансап таңдап, жұмыс істеу қажеттілігімді өтеу арқылы бақытты болуға қолдау танытып мақұлдағаны үшін оларға өз алғысымды білдіремін.

Terri Cole

Махаббатсыз, қуанышсыз шыдамдылық танытқан ұлым Marcus-тың көмегінсіз бұл кітап ешқашан жазылмас еді. Сонымен қатар, менің таңдауымды әрқашан қолдап, мені қуануға үйреткен, әділеттілік пен аяныш сезімін бойыма сіңірген ата-анам Tony мен Marion Shell-ге алғыс білдіремін.

Yvonne Shell

МАЗМҰНЫ

Авторлар туралы.....	7
Алғы сөз.....	13
Алғыс сөз.....	17
1 Кіріспе.....	18
2 Қызмет салаларын анықтау.....	37
3 Заңды жағдайлар.....	65
4 Идеологиялық контекст.....	96
5 Саяси контекст.....	121
6 Теория.....	147
7 Зерттеу.....	174
8 Құрбандар.....	202
9 Қылмыскерлерді профильдеу.....	224
10 Бағалау.....	254
11 Терапия және оңалту.....	267
12 Есептер жазу.....	288
13 Сот психологиясын басқаша ойлау.....	307
Әдебиеттер.....	327

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Jennifer Brown шақырылған профессор және Лондон экономикалық мектебіндегі Мангейм криминологиялық орталықтың бірлескен директоры болып табылады. Одан бұрын, ол Суррея университетінде сот психологиясы бойынша магистратура бағдарламасына жетекшілік еткен және Хэмпшир территориялық полициясының ғылыми менеджері қызметін атқарған. Олар Elizabeth Campbell екеуі сот психологиясы бойынша Кембридждік анықтаманың бірлескен редакторы бола отырып, Раутледж баспасынан шығатын сот-медициналық психологиясының сыни концепциясы аймағында психология сериясы бойынша редактор қызметін атқарған.

Yvonne Shell қазіргі уақытта сексуалдық қылмыскерді емдеу және нашақорлық аймағында сот-медициналық психологы ретінде қызмет етеді. Оның мансабы ертеректе Әділет министрлігінде орта және максималды қауіпсіздікті бақылау аймағы бойынша, сонымен бірге, әртүрлі тұлғалық өзгерістері бар адамдар мен сексуалдық қылмыскерлерді емдеу және бағалау аймағы бойынша мамандандырылған Бродмур сияқты ауруханада қауіпсіздіктің орта және максималды деңгейдегі психиатриялық мекемелерінде жұмыс жасағанын көрсетеді. Ол сонымен бірге, сарапшы ретінде белгілі бір қажеттіліктермен айналысатын полициялық қызметте жұмыс жасады. Yvonne сонымен қатар, Церкви Христа Кентербериялық университетінде басшылық академиялық, Кентербериялық университетте, Портсмуткий университетінде және Суррея университетінде құрметті қызметтер атқарған.

Terri Cole 17 жыл бойы полициямен бірлесе жұмыс жасай отырып, аса қауіпті қылмыстарды тергеу аймағында мінез-құлық психологиясының сұрақтары бойынша кеңес берді. Ұлттық қылмыс факультетінің студенті бола тұра зерттеушілермен және клиницистермен бірлесе жұмыс жасады, кейін, ауыр қылмыстарды талдау аймағында көмекші ретінде еңбек етті, одан кейінгі 13 жыл аралығында мінез-құлық салдарының кеңес берушісі ретінде жұмысын жалғастырды. Оның мамандану саласы адам өлтіруді мінез-құлықтық талдау, бейтаныс адамдардың жасаған зорлауы және сексуалдық қылмыспен байланысты болды. Ол қылмыскердің профилін құру, қылмыстың байланысын анықтау, қылмыс жасау орнын бағалау және қызығушылық туғызған адамдардың реттік кезегін анықтау аймағы бойынша зерттеулердің есебін жүргізді және кеңес берді. Ол сонымен бірге, бірнеше жыл қатарынан құрбандарды қолдау саласында ерікті ретінде жұмыс істеді. Теггі қазіргі таңда Борнмут университетінде сот психологиясы бойынша аға оқытушы болып жұмыс атқарады. Ол Плимут университетінің қылмыстық әділеттік психологиясы саласында бакалавр дәрежесіне ие, сонымен бірге, PhD докторантура шеңберінде Суррея университетінде Ұлыбританиядағы аса қауіпті кісі өлтіруді тергеу бойынша мінез-құлықтық кеңес берудегі прагматикалық-психологиялық бағытты зерттеді. Мінез-құлықтық салдарларға кеңес беру саласы бойынша оның басқа да ғылыми қызығушылықтары сериялық зорлаудағы қылмыскерлердің қолтаңбасын, адам өлтірген-

нен кейінгі қылмыскердің мінез-құлқын зерттеуден тұрды. Terri Cole көптеген конференцияларда баяндама жасады, сонымен қатар, шақырылған дәріскер ретінде көптеген студенттер мен докторанттар үшін курстар оқыды. Қазіргі таңда, Британдық психологиялық қоғамның мүшесі болып табылады.

СУРЕТТЕР МЕН КЕСТЕЛЕР ТІЗІМІ

Суреттер

1.1	Клиенттер тұрғысынан сот психологиясы үшін қызығушылық тудыратын нысандар	22
1.2	ВПС-тың 10 бөлімшесі мүшелерінің пайыздық үлесі	32
3.1	Сот қарауына рұқсат алған өтінімдер саны, 1970-2010 жылдар	67
3.2	Англия мен Уэльстің негізгі соттарының ұйымдастырушылық сызбасы	73
3.3	2013 жылы Англия мен Уэльсте гендерлік мәселелері бойынша сұраулар барысында жасалған қорытындылар	75
3.4	Англия мен Уэльстегі трибуналдардың ұйымдастырушылық құрылымы	76
3.5	ДКМБК қарастырған практикаға жарамды жағдайлар саны, 2009-2013 жылдар	79
3.6	Сот жүйесіндегі гендерлі белгісі бойынша бөлу, 2012-2013 жылдар	85
4.1	Полиция қызметкерлерінің, қосалқы қызметкерлердің және полиция деңгейінде қолдау көрсететін қызметкерлер саны, 1995-2013 жылдар	110
4.2	Пробация қызметіндегі жұмыскерлер саны, 2010-2014 жылдар	117
5.1	Harrison тұйық шеңбері – айқын емес жазалау	126
5.2	Полиция және БҚІ / АУҚШО мәліметтері тарапынан тіркелген қылмыстарға қатысты үрдістер, 1981-2013 жылдар	131
5.3	Полициялар тіркеген зорлау жағдайларының саны (мың адам), 2007-2014 жылдар	134
5.4	Англия мен Уэльстегі жазалаудың нақты емес мерзіміне отырған тұтқындардың саны, 2005-2013 жылдар	141
5.5	100 000 қамауда отырған адамдардың саны (мемлекеттің жалпы тұрғындарынан)	143
5.6	Англия мен Уэльстегі бір жылға қамалған адамдардың саны, 1950-2014 жылдар, сонымен бірге абақты қызметкерлері санының қысқаруы көрсетілген, 2010-2014 жылдар	144
6.1	Farrington қарапайым қылмыс моделі	156
6.2	Canter бойынша криминалды дифференциация иерархиясының көрсетілуі	157
6.3	Англия мен Уэльстегі құқық бұзушылықтың үрдістері (мың. адам), 1981-2013 жылдар	161
6.4	Англия мен Уэльсте тіркелген кісі өлтіру фактілері, 1973-2013 жылдар	162
6.5	Пайда алу мақсатындағы қылмыстардың таралу үрдісі, 1981-2012/ 13 жылдар	164
6.6	Қылмыстың жас ерекшелік қисығы (Шотланд қылмыстары бойынша мәліметтер, 2010/11)	166
7.1	Bieneck пен Krahe (2011) эксперименттік шарттары	186
7.2	SSA үш шамалы графигінен 1 вектор x 2 вектор (алдыңғы жағынан көрініс)	190
8.1	Қоғамның пікірі бойынша, Британия үшін неғұрлым маңызды болған сұрақтардағы үрдістер туралы ақпарат, 2007-2014 жылдар	209
13.1	Психологияның, құқықтың, криминалогияның тоғысуы	313
13.2	Сот психологиясы сүйене алатын салалар	322

10 СУРЕТТЕР МЕН КЕСТЕЛЕР ТІЗІМІ

13.3 Сот психологиясының матрицасы 322

Кестелер

1.1	Оқу жоспарының бірінші деңгейіне қойылатын талаптар	33
1.2	Екінші кезеңдегі супервизиялық практика	33
1.3	Оқу салаларының тараулар картасы	35
4.1	Үкіметтегі партиялар, премьер-министрлер, жергілікті секретариат және негізгі оқиғалар мен құжаттар	102
4.2	Парламенттің құжаттарын анықтау	104
5.1	Эвристика және біржақты пайымдаулардың анықтамалары	135
6.1	ТҚР және ЖӨМ салыстыру	170
7.1	Зерттеу компоненттері мен мінез-құлықтық салалардың жиыны	180
7.2	Bieneck пен Krahe (2011) құрбанның кінәсі туралы жүргізген зерттеулер нәтижелері	187
9.1	Ұйымдасқан / ұйымдаспаған дихотомия	227
9.2	Мінез-құлықтық тергеу кеңестерін беруді жасайтын жақтастар таңдамасы	231

ҚОСЫМШАЛАР ТІЗІМІ

1.1	Terri Cole-дың конференцияда мақаласын презентациялау туралы ойлары	28
1.2	HM абақты қызметіндегі сот психологиясының мансабы туралы Pam Wilson-ның ойлары, 1982-2009 жж.	30
1.3	Екінші кезеңдегі практиканы супервизиялауға байланысты қиындықтар туралы Steve-тің ойлары	34
2.1	Mary McMurrin рефлексиясы	39
2.2	Danielle Wunsch Астаналық полиция қызметіндегі жұмыс туралы	41
2.3	Сынақ мерзімінде сот психологы болып жұмыс істейтін Tania Tancred	45
2.4	Kerry Joy кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға арналған мекемедегі жұмыс туралы	47
2.5	Yvonne Shell адамды кепілдікке алу туралы	50
2.6	Terri Cole-дің Susan Lea зерттеулеріне көмектесу туралы ойлары	52
2.7	Broadmoor ауруханасы туралы Derek Perkins-тің пікірі	55
2.8	Andy Inett қоғамдастықтың криминалистік қызметтеріндегі жұмыс туралы	57
2.9	Leam Craig жеке практикадағы жұмысы туралы	59
2.10	Гисли Гуджонссон сарапшы-күәгер қалай болғаным туралы	61
2.11	Рефлексияға жаттығу	63
3.1	Қала полициясымен өкілеттендірілген Fagan астаналық полицияға қарсы	69
3.2	Рефлексияға жаттығу	70
3.3	Worcestershire сотының баяндаушы үкімінің мысалы	75
3.4	Carol Howard ісі бойынша жұмысбастылық сұрақтары туралы трибунал шешімі	77
3.5	Тәртіптік үдеріске түсіндірме	80
3.6	R v Mohammed Hanif Khan	84
3.7	Gavin Collett барристер рөлі туралы	86
3.8	Заңгер көзқарасынан сарапшы, Gavin Collett	89
3.9	Martyn Underhill өзінің полиция және криминал комиссарының рөлі туралы	94
4.1	Рефлексияға жаттығу	107
4.2	Carys Hamilton азаматтық тергеуші болу туралы	108
4.3	What Works орталықтарының негізгі функциялары	111
5.1	«Шектен тысқары өмір (Life Outside)» анонимдік өлеңі Howard League for Penal Reform	125
5.2	Қылмыс жасау деңгейінің төмендеуіне қатысты ұсынылған түсіндірмелердің түйіндемесі (Farrell және басқаларға сәйкес, 2010)	132
5.3	Sean Hammond тәуекелді бағалауға қызығушылықтың жоғарылауы туралы	136
5.4	Рефлексияға жаттығу	145
6.1	Theresa Gannon жыныстық қылмыс жасаған әйелдер туралы теорияландыру жайлы	159

12 ҚОСЫМШАЛАР ТІЗІМІ

6.2	Рефлексияға жаттығу	172
7.1	Barbara Krahé эксперименттік тәсілдемесі	187
7.2	Laurence Alison түсіндірмесі	191
7.3	Jan Jordan бойынша қорғаныс тәсілдемесі	193
7.4	Эмоциялардың қайталама әсер етуі, Бетси Станко	195
7.5	Эмоциялардың қайталама әсер етуі, Rebecca Campbell	196
7.6	Рефлексияға жаттығу	197
8.1	Terri Cole-дің құрбандаға қолдау көрсетуде еріктілік туралы ой-пікірлері	203
8.2	Алымсақтанудың ауытқу сызбасы, Yvonne Shell	206
8.3	Frances Andrade жағдайы	211
8.4	Рефлексияға жаттығу	222
9.1	Paul Lobb-тың мінез-құлқы сұрақтары бойынша кеңесшілерге айналу туралы пікірі	229
9.2	Paul Lobb мінез-құлықтық тергеу кеңестерін жасау туралы	232
9.3	Департамент бақылаушысы Paul Williamson өзінің БТ рөлі мен МТ-КП-ның қалай пайдалы бола алатындығы туралы түсіндіреді	236
9.4	МТКП кәсібінің басшысы Lee Rainbow мінез-құлықты зерттейтін заманауи кеңес берушілер туралы ой толғайды	241
9.5	Terri Cole қылмыстың құрамына дағдылану туралы ой пікірі	250
9.6	Рефлексияға жаттығу	252
10.1	Рефлексияға жаттығу	260
10.2	Brené Brown белгісіздік туралы	261
11.1	Рефлексивті жаттығулар	267
11.2	Setanta O’Kelly оқиғасы	283
12.1	Рефлексияға жаттығу	290
12.2	Сот-психологиялық психолог өзі туралы есеп жазғандығы туралы қылмыскердің тәжірибесі	295
12.3	Сот есебіне ендіру үшін кеңес берілетін негізгі тараулар	299
12.4	Gisli Gudjonsson (2014)-нен үзінді	303
13.1	Adrian Needs сот психологиясының дамуы туралы	310
13.2	Clive Hollino психология және криминалогия арасындағы байланыс	313
13.3	Ray Bull ойлары	317
13.4	Anthony Beech және Tony Ward неліктен теоретикалық негіз зерттеу жүргізу кезінде де, интервенцияларды негіздеу кезінде де соншалықты маңызды екендігі туралы	323

АЛҒЫ СӨЗ

Осыған дейін барлық адамдар, оның ішінде менде қылмыскерлердің көпшілігі екі типтегі лагердің біріне қатысты деп сендік. Олар Martin Scorsese фильміндегі Robert de Niro кейіпкеріне ұқсайды немесе Jeremy Kyle Show «әйелдер үшін керемет», нақтырақ айтқанда тіссіз, татуировкалы, жағымсыз және қиратушылардың бірі ретінде сипатталады. Бұл менің сот психологиясы бойынша магистрлік бағдарламаға түсуіме себепкер болды, қызығушылығым мен ынтызарлығымды туғызуға жеткілікті еді. Бакалавриатта психологияны оқымауым керек болған, себебі өзімді жетекші рок-жұлдызы ретінде көрдім (бұл түс әлі күнге дейін көз алдымда екенін айтқым келеді). Бұл тілек, жалпы алғанда, көптеген күш-жігер арқылы, соңында, психологияға алып келген әлемдегі үрдістен бейнесін тапты.

Ғылымда клиникаға және патопсихологияға деген қызығушылығым университеттің үшінші курсына жетекші көмекші қызметіне алып келгенге дейін мен бір идеядан екінші идеяға ауысып отырдым. Менің жиіркенішті жастық шағымдағы нашар ортадан болар, әрқашан тұлға мен адами мінез-құлықтың шеткі формаларына қызықтым, кейіннен, бұл зерттеудің жеке аймағы екенін түсіндім. Бұл соңғы 15 жыл аралығында психологияның жетістікке жеткенін көрсетеді, мысалы егер сіз сот психологиясы туралы бакалавриат студентінен сұрасаңыз, ол сізге Morgan Freeman-ның қулыққа толы фильміндегі немесе теледидардағы деректерден де артық ақпарат айтып бере алады.

Магистратурадан кейін мен сот-психикалық денсаулық қауымдастығында практик ретінде жұмыс істей бастадым. Менің ойымша, барлығы осыдан басталды. Курс өте тартымды болды, менің қызығушылығымды тудырған барлық салаларды қамтыды. Менің мансабымның қалыптасуына себепкер болған Бродмурдегі психопатияны бағалауға байланысты өз зерттеулерімді жасап, жүргізе бастадым. Бірақ, сот психологиясының қыр-сырын қылмыскерлердің шынайы өмірімен кездескен кезде танып білдім. Дәл сол жерде менің жұмыс тәжірибем өзекті болды. Жұмысқа әрқашан да жеке ресурстарымды қосу мүмкіндігі қызықтырды, әртүрлі әлеуметтік-мәдени тәжірибесі бар достарыммен қарым-қатынас, алыс елдегі бас айналарлық тәжірибе – мұның барлығы менің кәсіби іс-әрекетімде өз жолымды табуға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта сарапшы, кеңес беруші және Ұлттық ұйымның төрағасы ретінде жастық шағымдағы сияқты әлі де кәсіби практикадағы өмірлік тәжірибенің рөлін бағалаймын. Бұл тәжірибе бағалау мен терапияның өзара байланысы шеңберінде құқық бұзушылармен жұмыс кезінде қажетті нормативті контексті ұсынуда, сонымен бірге, әртүрлі деңгейдегі тәуекелді анықтауда қолданылады. Жеке өмірлік тәжірибемен кәсіби практиканың интеграциялану жолдарын таптым. Мұндай кәсіби іс-әрекет жүйесі әлсіз адамдар үшін емес және осы мағынада әрқашан жақсы практик болу үшін, тиімді практиканың негізгі құралы ретінде өмірлік тәжірибе мен интуицияны қолданамын. Менің Лондондағы пробация қызметімен бірге ынтымақтастықтағы қайырымдылық ұйымындағы алғашқы жұмысым сол уақытта біршама жаңа болды және бұл өзгертілген оңалту моделімен келісетін соттармен және жәбірлеушілермен жұмыстың жаңа стратегияларын анықтау процесіне ұласқан командадағы алдағы перспективалық жұмыстарды анықтады. Соңында, сыртқы тәуелсіз клиникалық маман-басшы ретіндегі жұмысымды анықтаған команданы басқару үдерісі ұнады.

15 жыл ішінде тәуелсіз практика барысында мен психикалық денсаулықтың сот саласында әртүрлі бағдарламаларды, бағалау мен сараптауды жүзеге асыруда, жобалауда жұмыс істедім. Магистратураны оқу кезінде сот психологиясы бойынша жұмыс істеуді жалғастырдым. Сот психологиясы бөлімінің төрағасы және кадрларды даярлау бойынша комитеттің төрағасы атап өткендей, бір уақытта білім алып әрі жұмыс жасаған, бір уақытта екі позицияны бірге алып жүрген сот психологиясы бөлімінің тарихындағы бірінші адаммын. Британдық психологиялық қоғамның кеңес беру тобындағы сарапшылар менің білім алуға деген мотивациямды қолдады.

Сот психологиясы дамудың ұзақ жолынан өтті, қазіргі таңда сот психологтары бар. Жақсы практиканы түсінудің жақсы практик болудан айырмашылығы бар. Жақсы практик өзінің әлсіз жақтары мен мүмкіндіктерінің шегін білуі, қандай жағдайда қайсарлық танытып, қай жағдайларда эмпатиялық өзара әрекетті анықтай алуы түсінуі қажет. Жақсы практик құқық бұзушылармен жұмыста біржақты бағытты шеттету мақсатында өзінің жеке өмірлік тәжірибесінің аспектілерін анықтап алуы қажет. Жақсы практик болуы мүмкін ақымақтықты шеттету мақсатында супервизияны қолдануы қажет. Мен үшін жақсы практика – бұл практикадағы теорияны ұғыну, сол білімді жүзеге асыруды және интервенция бағыттары мен бағалаудың байланысын көрсететін теорияны түсіну болып табылады. Бұл, өз кезегінде, когнитивті-бихевиориалдық терапия саласындағы интервенция бағдарламасын түсінуден де артық екенін анықтайды. Шын мәнінде, практика – бұл топты басқаруды үйрену және психометрияның мәліметтерін интерпретациялаудан да артық.

Көбіне мамандар жағдайларға әсер етуі мүмкін шешім қабылдау мен мінез-құлыққа қатысты психолог болу немесе шынайы адам болу мүмкіндігін ұмытып кетеді. Менің көзқарасым бойынша, маман-практиктер мен құқық бұзушылар арасындағы иерархия сезімін жою керек. Басқаша айтқанда, қылмыскерлердің «жаман» шешім қабылдағаны сияқты, өмірлік тәжірибе әсерінен біз де шешім қабылдаудың сол үдерістерін қолданамыз. «Біз және олар» арасында айырмашылық жоқ екенін қаншалықты жылдам түсінсек, соншалықты жылдам әрі тиімді практик бола аламыз. Сот психологиясы қазір жылдам қарқынмен дамып келеді және бұл кәсіби сенімсіздіктің ескі мектебінен құқық бұзушыларға қатысты абақтыларда когнитивті-бихевиориалды терапияның бағдарламасын жүзеге асыруға қарай ауысуда өте маңызды. Мен өз мансабымда әртүрлі қауіптілігі өте жоғары профилдегі адамдармен жұмыс істедім. Қылмыстық-клиникалық позицияны отбасылық құқық пен балаларды қорғау позициясына ауыстырдым. Бұл мен жұмыс істеген кәсіби іс-әрекеттегі эмоциялық күшті және өте күрделі салалардың бірі. Шын мәнінде, баланың отбасылық жағдайдағы әділеттілік пен эмоциялық тұрақтылықты бағалауы бойынша жұмыс көп жағдайда менің қылмыс саласындағы әдеттегі іс-әрекетімнен де қиын болып табылады. Баланың ұзақ мерзімді дамудағы ахуалын анықтау потенциалды қиын ересектердің орталық детерминанттаушы буыны болып табылады және құштарлығымның алғашқы кездерінде Led Zeppelin-ді тыңдай отырып, менің иығыма түскен ауырлықты сездіретін кәсіби жауапкершілігімді анықтайтын бұл күрделі динамикалық жүйені дұрыс бағалай алмадым. Кей кездері менің кәсіби жауапкершілігімнің әртүрлі аспектілері ұлғайып өте көп сияқты болып көрінетін. Мұндай кездері шектеулерді өзін-өзі қорғау мен бақылаудың мәнін, зейінін алаңдату, болар-болмас әзілді түсіну маңызды бола бастайды. Бірақ, жеке кәсіби дамуыма сәйкес, кәсіби іс-әрекетім дамиды және Британдық психологиялық қоғамдағы жұмысымның көмегімен басымдылықтарымды анықтайды. Мен үшін сот психологиясы дамуы тиіс және ары қарай, болашақта сот

психологиясы саласында интеграция мақсатында бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс жасайтын көптеген практик және ғалымдар болады деп үміттенемін. Біз тәуекелді бір жақты түсінуге мәжбүр емеспіз, керісінше, сот психологиясы үшін орталық анықтама болып табылатын өзара әрекеттестікті зерттеу мен бір-біріне әсер ететін ауыспалылар ретінде қарастыруды қажет ететін психикалық денсаулықтың нашарлауы және оның қайталануы, әртүрлі зияндыларды қосатын тәуекелді түсінудегі үш жақты моделді қолдаймыз. Кәсіби, қаржылық, саяси және заң сияқты күрделі мәселелер аймағында біз немен айналысамыз және біз кіміз деген сияқты өз позициямызды сенімді түрде қорғауымыз қажет. Аталмыш еңбекті адал және күрделі нақышта мазмұндауда өзінің кәсіби тәжірибесінің диапазонының бейнесін көрсеткен осы кітап авторларының еңбегі зор. Ұйымдастыру психологиясы, клиникалық психология, кеңес беру психологиясы және басқа да психологияның дәстүрлі салаларындағы кәсіби дамудың шеңберін кеңейту, жобалардың басшылары ретінде өздерінің кәсіби дағдыларын қолдану және білімдеріміздің қолданбалы сипатын анықтау, бұрын болып кеткен жағдайларға қарсы шығу барлық сот-медициналық психологтарының міндеті деп есептеймін. Бұл кітаптың тараулары және осындағы пікір таласпен айналысқан мамандар тек сот психологиясының ғана емес, жалпы алғанда психологияның даму үдерісі мен жалғастырушы диалогтың бейнесі болып табылады.

Сот психологиясына қызығатын адамдар осы саланың дамуының бірінші кезеңінде мәнді өзгерістерді басынан кешіргенін біледі. Дағдылардың дамуы мен жұмыс принциптерін бейнелеу мақсатында екінші кезең трансформациялану үдерісінде және жылдам дамып келеді. Болашақта кәсіптің одан ары дамуында ортаңғы орынға ие және жазылған ғылыми деректермен бекітілген сот-медициналық психологтарының ертеден қалыптасқан рөліне бізді қарсы шығуға жігерлендіретін бұл кітапта жоғарыда айтылған идеялар талқыланады. Біздің мақсатымыз болашақ ұрпақтың кәсіп үшін жаңа шақырулар, жаңа шекаралар мен жаңа сценарийлер құрып, оларға айтылған ойларды сыни түрде бағалау үшін мүмкіндігін дамыту болып табылады. Біз «кросс-салалы» бағытқа жылжып барамыз және екінші кезең негізгі құзіреттіліктерге жетудегі потенциал мен айқындылық негізінде таңдау, «жалған-үйрену» моделі сияқты кәсіби докторлық жұмыстардың пайда болуын қамтиды. Бұл өзгеріс біздің түсінігіміздегі пәннің үнемі дамуының мәнді бейнесі болып табылады және бұл үдеріске қатысушы негізгі адамдар осы еңбектің авторлары болып саналады.

Психология, жалпы алғанда, өзгеріс үдерісі үстінде. Біз бұл кәсіптің жоғары деңгейде ережелер мен саясаты жасалып, өз деңгейінде бағалануын және Британдық психологиялық қоғамның үдерістерін бағалауға қабілетті қауымдастық мүшелерінің бірыңғай желіге трансформациялануын қалаймыз. Бұл өзгерістер үдерісінде Британдық психологиялық қоғамның ішіндегі барлық бөлімшелерді көрсететін жауапты адам ретінде психология Біріккен Корольдікте қарастырылып, қолданылады дей аламын. Психологиялық практиканың қолданбалы сипаты классикалық түсініктегі терминдер мен бөлімдерге қарағанда академиялық қатандыққа сүйенеді, мұны өзгерту қажет және өзгеріс үдерісі басталып та кетті. Қазіргі таңда, сот психологы психологияны бағалау жолы мен оның мәніне қарсы шығуға мүмкіндік беретін жағдайда. Соңғы жылдары бұл кәсіптің қандай қарқынмен дамып келе жатқанын көрсетеді. Біздің жасымыздағы уақытпен адамдарды адастыру қаншалықты оңай екеніне сендіре алатын адамдардың бірі – мен. Бұл бос отырмай, практикадағы шектеулер мен түсініктерді қабылдамай, тек қана сұрақ қойып отырмай, олардың кейбіреуіне берілетін жауаптарды дамытуға талпынуымыз қажет деген менің пікірімді білдіреді.

Менің ойымша, негізгі психологиялық принциптерге сүйенетін сот психологиясының аспектілерін түсіну үшін өзімізді криминалды психологияның мамандары немесе сарапшылары рөлінде қарастырмас бұрын, ең алдымен психолог ретінде есептеуіміз маңызды. Бұл біздің бірқатар қызметтеріміз бен міндеттерімізді нақты түсіне отырып, кәсіби динамикалық өсуге мүмкіндік береді және біздің дағдылар базасын барынша пайдаланып, әдептілік тұрғысынан өзімізді дамытуға жол ашатын аймақты анықтап алуға көмектеседі.

Қылмыстық мінез-құлық және қылмыскерлер туралы қате түсінік өз кезегінде БАҚ және саясаткерлер жағынан рефлекторлық реакцияға әсер ететін қоғамдық пікірлердің иірімін қалыптастыруы, сонымен бірге, өзіміздің күнделікті жұмысымызды орындау қабілетімізге және жеке ар-ұзданымызға әсер етуі мүмкін. Бұл біздің тұлға, азамат және маман ретінде өзіміз үшін маңызды, менің пікірімше, мифтерге қарсы шығу, сонымен қатар жалған сенімнің тікелей әсері туралы кәсіп шеңберінде сұрақтар қойып, қажет жерде және қажет уақытта естілетін, болжамдық, ақпараттық және кәсіби дауысқа ие болу маңызды. Біздің қиын кезеңдерде өмір сүріп жатқанымыз – шындық. Өз реакцияларымызда икемді және әрқашан жауап беруге міндетті екеніміз – шындық. Сонымен қатар, өзгерістен қауіптеніп немесе мазасызданбауымыз қажет деген ой да менің пікірім. Біз кәсіби стандарттарға жоғары акцент қоя отырып, өз кәсібімізді бейімдеу және дамыту үшін жеке дағдыларымызға деген мақтанышымыз бен сенімділігімізді сақтай отырып, қажет жағдайда жағдаятты өзгертуге әсер етуіміз тиіс. Кез келген қылмыскер сияқты проблемасы бар адам нашар адам, абақтылер адамдар тұратын үйдің қасында болмауы қажет, сотталғандар еш уақытта абақтыден шықпауы қажет, барлық сексуалды қылмыскерлердің аттары аталып, жазаланып, міндетті операциялар жасауы қажет деген сияқты қоғамдық сенімдердің алдын алу мүмкін емес жағдайларда болуы ықтимал. Біз болашақ білімге деген жауапкершілікті, практикаға деген жауапкершілікті, қажет жағдайда оқытып, психология ғылымының ары қарай дамуына септігін тигізетін кәсіптің өркендеуін өз мойнымызға алуымыз қажет және бұл біздің қолымыздан келеді.

Dee Anand бакалавр, магистр, C.Psychol, AFBPsS

Дипломды психолог, сот психологы,

Сот психологиясы бөлімінің төрағасы,

Сот психологиясы кадрларын даярлау бойынша комитет бөлімінің төрағасы,
Портсмут университетінің сот психологиясы магистратура бағдарламасы бойынша
директордың орынбасары.

АЛҒЫС СӨЗ

Өзімнің көп жылдық тәжірибеме сүйене отырып бұл жобаны аяқтауыма, шынайы еңбекті жазуға және қайта саналауға көмектескен Terri Cole және Yvonne Shell әріптестеріме, өз достарыма шынайы алғысымды білдіремін. Сіздер мұны орасан зор энтузиазм мен үлкен жомарттықпен жасадыңыздар. Бұл өте ауыр жұмыс болды, бірақ сіздермен жұмыс жасаудан үлкен шабыт алдым.

Jennifer Brown

Біріншіден, BIA бойынша Lee Rainbow, Adam Gregory және Pippa Gregory әріптестерімнің көмегіне, өзара қолдауларына және зерттеу жүргізу кезіндегі көмек көрсетудегі адалдығы үшін алғыс білдіремін. Сонымен бірге, менің ұстаздарым Paul Lobb, Adrian West және Jennifer Brown олардың кеңестері мен қолдаулары үшін алғысымды білдіремін. Сонымен қатар, криминология бойынша серіктесім Clare Bowie барлық сынақтан өте отырып, бұл жолды менімен бөліскені үшін алғысымды білдіремін. Сіздерсіз бұл еңбекті жаза алмас едім.

Terri Cole

Қылмыстық мінез-құлық тәжірибесі бола тұра күмәнсіз өздері үшін өзіндік бірдейлікті анықтаған адамдардың бұл кітаптың жазылуына сіңірген еңбектері туралы айтып өтпеске болмайды. Біз оқырмандарымыздың қылмыскер деп атайтын адамдарды естуін және түсінуін қаладық.

Yvonne Shell

Біздің кәсіби әріптестеріміз Dee Anand, Laurence Alison, Anthony Beech, Ray Bull, Rebecca Campbell, Gavin Collett, Leam Craig, Theresa Gannon, Gisli Gudjonsson, Carys Hamilton, Sean Hammond, Clive Hollin, Andy Inett, Jan Jordan, Kerry Joy, Barbara Krahé, Paul Lobb, Mary McMurrin, Adrian Needs, Derek Perkins, Lee Rainbow, Betsy Stanko, Tania Tancred, Martyn Underhill, Tony Ward, Paul Williamson, Pam Wilson, Danielle Wunsch, to Setanta мен Steve және екі анонимді авторларымызға алғысымызды білдіреміз және олардың тарихын сипаттауда оқырман сот психологы жұмысындағы тәжірибе байлығы мен тереңдігінің дәмін тататындығына сенімдіміз. Олардың жаңалықтары практиканы кеңейтуге және терапия кезінде көзбе-көз жұмыс істеп зерттейтін адамдарымызды түсінуге және аяушылық танытуға мүмкіндік жасайтынына сенімдіміз.

Сонымен бірге, бұл жобаға сенімділік танытқаны үшін SAGE-ге, жекелей алғанда Michael Carmichael, Luke Block, Keri Dickens, Shikha Jain және Elaine Leek-ке алғысымызды білдіреміз.

Кітаптың құндылығын арттыру мақсатында кейбір пайдалы пікірлер бергені үшін біздің қолжазбамыздың екі анонимді рецензенттеріне алғысымызды білдіреміз. Әрине, кез-келген қалып қойған кемшіліктер – бұл біздің жауапкершілігіміз.

Jennifer, Terri және Yvonne

1

КІРІСПЕ

НЕГІЗГІ МАЕЯЛАР

Бұл кіріспе кітап үшін қандай да бір шеңберді қалыптастырады және алдыңғы тараудағы нақты тақырыптарды анықтауға оқырманға мүмкіндік беретін кейбір тұстарды қамтамасыз етеді. Анықталған тақырыптар Британдық психологиялық қоғамға сәйкес оқытудың бірінші және екінші кезеңінің талаптарын қосады. Сот психологиясының анықтамасы қарастырылған. Сонымен бірге, оқырманға келесі тараулардағы біршама толық ақпарат алу үшін бірқатар негізгі түсініктер ұсынылады.

Білімдер концепциясы	Практика ұғымы
Андрагогика	Аккредитация
Сыйымдылық	Үздіксіз кәсіби даму
Қүзіреттілік	(ҮКД)
Ақиқатқа жақындық	Күтім көрсету бойынша мамандық және
Оқыту стильдері	денсаулық бойынша кеңес (ККМЖДК)
Жаңа қоғамдық менеджмент (ЖҚМ)	Арнайы ұсыныстар
Рефлексиялық практика	
Тәуекел	
Емделетін	
Шындық	

Кіріспені оқу кітаптың кейінгі тараулары туралы бағдар алуға және білім туралы бірінші бөлім талаптарының жалпы мағынасын білуге және екінші бөлімдегі білікті сот психологын даярлау критерийін анықтайтын Британдық психологиялық қоғамның практикасындағы негізгі дағдылар мен талаптар туралы білуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сіз сот психологиясына қызығушылық танытатын пәндік аймақтардың мағынасын сезіне отырып, сот практикасының контекстінде жатқан талаптар мен саясат туралы түсініктерге ие болудың маңызды және пайдалы екенін түсіне аласыз.

Анықталатын сұрақтар

Бұл кітаптың ерекшелігі неде?

Сот психологиясы дегеніміз не?

Сот психологиясы үшін қызығушылық туғызатын қандай нысандар бар?

Қылмыстық әділ сот жүйесі дегеніміз не?

Құқықтық жүйе дегеніміз не?

Үкімет саясаты сот психологиясына қалай әсер етеді?

Криминология мен психологияның арасындағы айырмашылық неде?

Қандай білімдер мен дағдылар сот психологын анықтайды?

Рефлексиялық практика дегеніміз не?

Сот психологының жұмысында қандай эмоциялық жоғалтулар болады?
 Уақыт өзгеруіне байланысты сот психологиялық сараптамасы қалай дамиды?
 Сот психологы болуы үшін не қажет?

БҰЛ КІТАПТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?

Мен үшін теледидар білім беру негізін анықтайды. Кейбіреулер бір минут ішінде бір нәрсені анықтай алады, бұл менің кітапханаға барып, осы жақсы кітапты оқуыма алып келеді. (Groucho Marx).

Қазіргі таңда теледидар ғаламторға ауыстырылуы мүмкін. Ғаламтордың, әлбетте, көптеген білімдерге дереккөз болғанына қарамастан, ол әлі де жақсы кітаптарда сипатталған пән туралы білу қажеттілігінің шағын бейнесі болып табылады. Кітаптың көлемі практикада құштарлығын дамытуға немесе сот психологиясын зерттеуге пайдасын тигізіп, маңызын анықтайды деп үміттенеміз. Сіздерге төмендегілерді білу қажет:

- Сот психологы жұмыс істейтін әртүрлі контекстер туралы ойдың болуы;
- Теорияның маңыздылығын түсіну;
- Жәбірленуші мен құқық бұзушы туралы сыни бағытты анықтау;
- Сот психологиясының негізгі құралдарын қолдану тәжірибесіне ие болу (яғни зерттеу және бағалау);
- Интервенция мен оналудың әртүрлі бағыттары туралы құлағдар болу.

Бұл талаптарды қанағаттандыратын бірқатар қолжетімді дереккөздер анықталған. Олардың айырмашылығы неде? Бұл кітаптың мақсаты стажерға білім туралы бірінші бөлімді тануға және екінші бөлімдегі Британдық психологиялық қоғамның практикасына қойылатын талаптар мен негізгі дағдыларды білуге мүмкіндік беретін сот психологиясының кейбіріне түсінік беру болып табылады.

Сонымен қатар, бұл кітап:

- Ұйымдастыру саясаты туралы, сонымен бірге қылмыс пен жазалау саясаты туралы білімдерді (азаматтық позиция және сот психологиясы позициясы тұрғысынан) игеруді;
- Пәннің қалай даму қажеттілігі туралы сот психологиясы мен басқа да дереккөздердің үлесін бағалауды;
- Зерттеу тақырыбын таңдау кезіндегі идеялардың генерациясын және сыни ойлауды дамытуды қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге, біз талқылайтын түсініктер практик-мамандардың кең аудиториясына және өз үздіксіз кәсіби дамуын (ҮҚД) үнемі қолдауға тілек білдірушілерге қатысты болады деп үміттенеміз. Сондай-ақ, бұл кітап білімнің негізгі дереккөзі ретінде әртүрлі заң күзіретіндегі сот мамандары үшін пәндік аймақтарда қызмет етуші адамдарға, аралас кәсіптегі әріптестерімізге және де сот психологиясы туралы ақпарат алуға тілек білдірген барлық адамдарға бағытталған.

Жекелей алғанда, біз қазіргі кездегі дереккөздерден кеткен үш негізгі қателіктерді қамтығымыз келеді. Біріншіден, кең көлемдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың талқыланбауы. Бұл сұрақтарды үйренушілер мен жаңадан бастаған практиканттардың білуі олардың негізін анықтауға мүмкіндік береді деп есептейміз:

20 СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

- Мансаптағы бағытын таңдауға көмектеседі;
- Дамушы саясат пен талаптар туралы білуге мүмкіндік береді;
- Әртүрлі соттық жүйелердің жұмыс ахуалы туралы қажетті мәліметті алуға көмектеседі;
- Әртүрлі кәсіби ұйымдастырушылық мәдениетке байланысты іс-әрекет талаптарына назар аударуын анықтайды;
- Интервенция мақсаттарына сыни көзқарасты дамытуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, сот-психологиялық іс-әрекетіне субъективті құраушылардың қатысуын, оның парадокстары мен дилеммаларын, сонымен бірге потенциалды мансабының даму аспектілерін бағалау. Бұл мансап практикасын саналаумен байланысты кейбір сұрақтарды анықтауға көмектесуі тиіс. Өз оқырмандарымызға эмоция әдебі туралы ескерткіміз келеді. Біз мұнымен эмоцияға толы тақырыптарды зерттеу немесе сексуалды қылмыскерлерді емдеу мен бағалауға кірігуді талап ететін сексуалды күш көрсету жағдайларымен байланысты материалдардың потенциалды қиындықтарды айтқымыз келеді. Адамзат ретінде көруге және естуге тәуелді болмауымыз мүмкін емес, сондықтан бұл кітапта осыған ұқсас мәселелерді шешу тәсілдерін елестету және әдептілік шегін сақтау мақсатында барлығы қарастырылған.

Үшіншіден, біз практикаға бағытталған мәселелерге қатысты прагматикалық көзқарастарды қамтамасыз еткіміз келеді. Ұсынылған мәтіндердің көпшілігі практиканың идеалдандырылған нұсқаларына бағытталған. Бұл басшылық ең жоғары идеалдарды қалыптастырады, осыған байланысты клиенттердің қызығушылықтарымен анықталатын шектеулерді талқылау мүмкіндігін ұсына алатын практика кей кезде «өте жақсы» болуы керек.

Сонымен қатар, бұл кітапқа әртүрлі көзқарастардың дамуы кіреді: сот психологиясының практикасы көрінетін саясаттың жалпы контекстін анықтау мақсатында жалпылаймыз, сол арқылы кәсіби іс-әрекеттің нақты бөлшектеріне басымдылық көрсетеміз. Бұл кітаптың 4, 5 және 6-тарауларында толық қарастырылатын идеология, саясат және теория сияқты үш негізгінің симбиотикалық өзара байланысын зерттеу мен практиканы қарастыруды көздейміз. Мұнда:

- *Идеология* деп біз неолиберализмнің салдарын қарастырамыз (тек Ұлыбританияда ғана емес, әлемнің басқа жерлеріндегі саясаттың негізінде жатқан экономикалық доктринаның жалпы сипаттамасы және мұны жеке меншік, мемлекеттік секторлар негіз ретінде қажет етеді).
- *Саясат* ретінде саясатты практикалық тұрғыда жүзеге асыруды таңдауды және нәтижелерді бағалауды анықтайтын ресурстарды бөлу туралы шешім қабылдау тәсілдерін түсінеміз;
- *Теорияны* біз себеп-салдарға байланысты түсінігімізді дамыту деп түсінеміз.

Сонымен қатар, сот психологы жұмыс істейтін саланы (2-тарау) және оның құқықтық негізін толық сипаттаймыз (3-тарау). Зерттеуге байланысты мәселелер мен ойларды анықтаймыз (7-тарау). Бағалау практикасының нақты арнайыландырылған дағдыларын (10-тарау), емдеу және оңалту арқылы интервенциялар (11-тарау) мен есеп жазуды (12-тарау) қарастырамыз. Сондай-ақ, құрбан болғандарға (8-тарау) және құқық бұзушылардың профиліне (9-тарау) арналған тараулар бар. Қорытынды тарауымыз тек сот психологиясының беделіне ғана емес, сонымен бірге қарастырылатын пәннің жетістіктері мен оның кейінгі дамуына арналған. Осыған байланысты, көп жағдайда сот психологиясы бізге не береді, ол үшін біз не істей аламыз деген сұрақтар анықталады.

Әрбір тараудың басында тараудың негізгі мазмұны туралы айтылады, практикамен, білімнің концепциясымен байланысты кейбір негізгі идеялар көрсетілген. Әрбір тараудың басында сол тарауға байланысты сұрақтар тізім берілген және де әр тараудың соңында негізгі журналдарды анықтап, кейбір дереккөздерге бағыт беретін сілтемелер береміз. Әр тарауда талқыланатын сұрақтар туралы оқырманға ой салатын міндеттер қоямыз. Сонымен қатар, соңғы екі онжылдықта өз жұмыстарында осы қарастырылатын пәнді анықтап, оның дамуына өз үлестерін қосқан сот психологиясындағы кейбір әйгілі әріптестермен таныстырғымыз келеді. Олар өз біліктілігінің нәтижесінде соңғы жетістіктерімен қатар, сот психологиясында өз орнын белгілеп, мансабын дамытып жүргендер үшін кейбір ойландыратын мәселелерді ұсынады. Бұл қысқа жазбалар мансаптық өсу барысындағы сот психологының зерттеулері мен шынайы жұмыс жағдайларының кейбір жақтарын баяндауға мүмкіндік береді.

СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ АЕГЕНІМІЗ НЕ?

Blackburn (1996) сот психологиясы терминін нақтылау анықтамасында кездесетін семантикалық қайшылықтар назарымызды аудартады. Blackburn сот психологиясы «сот мақсатында психологиялық білімдерді қолдануды» түсіндіреді (4-бет). Бұл – «мысалы, әлеуметтік, жас ерекшелік психологиясы немесе патопсихологияда сәйкес келетін психологиялық білімдердің спецификалық саласы» (8-бет). Бұл білім беру, кәсіби және қолданбалы психологияның басқа да жақтарын қамтитын қолданбалы психологияның бір саласы іспеттес. Neillbrun және Brooks (2010: 221) бұл саланы анықтау мақсатында кейбір сұрақтарды шешуге тырысқан. Олар бұл аймақты кеңейтуге шақырып, оны психологияның басқа салаларымен байланысты психологтардың кәсіби практикасы ретінде анықтап және осы аймақ бойынша сот психологы ретінде жиі тартылатын сот психологиясы мамандығына басшылық жасады (мысалы, клиникалық психология, даму психологиясы, әлеуметтік психология, эксперименттік психология) (American Psychology-Law, 1991: 656).

Бұл саланы анықтауға байланысты сұрақтар үнемі пікір талас тудырады (Brown және Campbell, 2010; Needs, 2008). Тарихи тұрғыда, сот психологиясы сот практикасымен тығыз байланысты (Howitt, 2009). Дегенмен, соңғы уақытта бұл анықтама кеңейтілген және «қылмыспен алшақ байланысқан кез келген тақырыпты» қамтиды (Hollin, 2007: 43). Басқалар (Bartol және Bartol сияқты, 2008) қылмыстық және азаматтық істермен айналысатын сот психологтарының іс-әрекетіне қатысты кейбір шектеулерді анықтады. Сонымен терминология қандай мәнге ие? Roesch және Rogers (2011) білім үлгілері мен практика стандарттарына әсер еткендіктен, мұны маңызды сұрақ деп санайды. Айқындылықтың болмауы сот психологиясымен өзара әрекеттесетін басқа пәндердің мамандары арасында түсініспеушілікті туғызады (Brigham, 1999). Анықтама психологияның дербес саласы ретінде сот психологиясының бөліну мүмкіндіктері бойынша түсініспеушіліктердің бар екенін көрсетеді. Sparks (2010) бойынша сот психологиясы өзіне басқа да салаларды қоса алады немесе Carson (2003) бойынша психология мен құқық пәндерінің арасында көпір бола алады деген пікірлер де осыны көрсетеді.


Өз кезегінде, сот психологиясының кіммен және неге, қалай зерттелетіндігін, тәжірибе мен бағалауды, кінәлі деп танылған адамдарды басқару және емдеу арқылы алынған мәліметтер қалай өңделеді деген сұрақтар қойылатын, жасалған қылмыс бойынша сот үдерісінің толықтығын зерттеуді қамтитын анықтаманы таңдаймыз. Мұнда қылмыскерлер де, жәбірленушілер де, сот мамандары да, сонымен бірге қоғам шеңберіндегі түрлі қауымдастықтар қарастырылады.

22 СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

СОТ ПСИХОЛОГТАРЫ ҮШІН ҚАНААЙ НЫСАНААР ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТУАЫРААДЫ?

Blackburn (1997) соңғы нәтижелер мен ары қарай шешім қабылдау мақсатында өлшеу жүйесін қамтамасыз ететін, құрамына қылмыскердің, жәбірленушінің, полицияның, қорғаушының, соттың, алқабилер және пенитенциарлық жүйе әкімшіліктері кіретін құқық саласындағы мінез-құлық сияқты сот психологиясының ортақ қызығушылықтарын анықтайды. Бұлардың барлығын ол психологиялық-құқықтық зерттеулер деген тақырыппен топтастырады. Ол қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылыққа қатысты интервенциялар, қоғамдық бағдарларды өзіне біріктіретін эмпирикалық зерттеулерді анықтау мақсатында «криминологиялық психология» терминін қолданды. Ол психологиялық-құқықтық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, жауап берушіні бағалауға және сарапшыларды тергеуге, заң үдерісіндегі шешім қабылдауға психологтардың тікелей үлесін көрсететін «сарапшы қорытындысы» терминін анықтады.

Қазіргі уақытта сот психологтары айналысатын азаматтық істер мен әртүрлі тақырыптағы қылмыстарды атамай-ақ, 1.1-суретте ішкі өмір, тәжірибе және әсер ету, мінез-құлық, адамгершілік және мінез қырлары сияқты негізгі төрт тақырып бойынша клиенттер тұрғысынан сот психологының қызығушылығын тудыратын нысандарды анықтадық.



1.1-сурет. Клиенттер тұрғысынан сот психологиясы үшін қызығушылық тудыратын нысандар

Қызығушылық туғызған бұл объектілер бағалау, психометрикалық құралдар, физиологиялық өлшеу және басқа да зерттеу әдістері сияқты сот психологының әртүрлі әдістемелік құралдарының көмегімен зерттеледі. Осыған қатысты сұрақтар көп жағдайда келесілермен байланысты болады:

- Сенім, яғни дәлелдердің сенімділігі мен сапасына қатысты шешім (Kebbell, 2010: 153);
- Қабілеттілік, мысалы қоршаған ортада баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ата-ананың қабілеті (Puckering, 2010: 242); Интеллектілік немесе әлеуметтік қызметтердің нашарлауы (Taylor және Lindsay, 2010: 195);
- Оңалту, яғни өзгеру бойынша интервенцияға қатысуға жарамдылық және көнгіштік (McMullan, 2010: 118);
- Тәуекелді басқару, яғни потенциалды құрбандардың мінез-құлқындағы бұзылысқа тәуекелі және ықтималдықты минимумға алып келу (Hall, 2010: 411).

Blackburn сот психологы орталық бағдарда тұратын интроспективті бағыттарға қызығушылық білдіреді. Басқаша айтқанда, сұрақтар күзиреттілікке қатысты. Мысалы, Blackburn сот залындағы таныстықпен байланысты. Төменде BPS талап ететін күзиреттіліктерге кеңінен сипаттама береміз, ал 2 және 3-тарауларда сот психологы қатыса алатын немесе жұмыс істей алатын трибуналдар және соттар, полиция, пробация, абақтылер сияқты әртүрлі аймақтар туралы кеңінен ақпарат беріледі.

Blackburn, сонымен бірге, әдептілік проблемаларын анықтайды, кәсіби даярлау және кәсіби практикамен байланысты сұрақтарды талқылайды. Біздің соттар мен трибуналдарға арналған тарауымызда Ұлыбританиядағы бұл кәсіптің стандарттарын сақтауға жауапты органы Денсаулық сақтау және күтім (ККМЖДК) сұрақтары бойынша кеңес рөліне назар аударылады. Blackburn ұсынған әдептілік дилеммалары әлі де өзекті. Заңнамалық мақсаттарда психолог адам туралы ақпарат ұсынғанда, Blackburn «Клиент кім?» деген сұрақ қояды. Әдептілік кодекстері, бірінші кезекте клиенттің әл-ауқаты мен амандығын қамтамасыз ету мақсатында ең маңызды жауапкершілікті психологқа артады. Дегенмен де клиент маңызды адам ретінде қарастырылатын ресми тұлғалардың өтініші бойынша әрекет жасаған кезде шартты мерзімінен ерте бостандыққа шығарудан бас тарту немесе адамды бас бостандығынан айыруда психологиялық бағалау маңызды рөл ойнайды. Бұл сұраққа қатысты оңалту мәселесін 1-тарауда талқылаймыз.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘДІЛ СОТ ЖҮЙЕСІ АЕГЕНІМІЗ НЕ?

Бұл кітап сот психологтары жұмыс істейтін жағдайларды терең анықтайтын кең әлеуметтік ағымдардағы сот психологиясын зерттейді. Негізінде, бұл қылмыстық әділ сот жүйесі (ҚӘСЖ) болып табылады, сонымен қатар бұл азамат ретінде бізге де әсер етеді. Жалпы алғанда, ҚӘСЖ әділетті соттың орын алуына сілтеме жасайды және қылмысты жасаудың салдары мен жазалауды, атакты қылмыскерлердің әрекет етуге қабілетсіздігін, қылмысты зерттеу және алдын алуды анықтайтын құқықтық негізді қарастырады (Hudson 2001: 66; Laycock, 2005: 9).

Қылмыстық әділ сот жүйесі үш кезеңнен тұрады: сотқа дейінгі істі қарау, мұнда тергеу басым болады; соттың істі қарауы, мұнда кінәлау басым болады; үкім шығару, мұнда тұлға кінәлі болып табылады (Bekergian және Levey, 2005). Мұнда көптеген ақшасы төленген және ерікті қатысушылар, басқалары куәгер, құрбан немесе құқық бұзушы

24 СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

ретінде өмірлерінің қандай да бір кезеңдерінде бұл жүйеден жәбір көреді. Бұл қылмыс жасалған кезде идеалды тұрғыда хабарланады, тіркеледі, кейіннен іс сотқа жіберіледі. Осылайша, полиция қызметкерлері, прокурорлар, соттар, адвокаттар, куәгерлер, құрбандар, сарапшылар (сот психологтарын қосқанда), еріктілер (жәбірленушілерді қолдау, сот куәгерлері қызметі), кезекшілер, тіркеушілер және соттың басқа да қызметкерлері кіріктірілген тұлғалардың қатарында болады. Егер қылмыскер кінәлі деп танылса, өкімде шартты түрде бостандыққа шығару, әлеуметтік қызмет, абақтылық немесе арнайы медициналық қызмет көрсетілуі мүмкін. Бірақ бұл барлық адамның артықшылықтары шиеленіске алып келуі мүмкін, жекелей айтқанда, психология мен заң арасындағы қатынас әрқашан да үйлесімді бола бермейді. Eastman (2000) «Legaland» және «Mentaland» сияқты екі елдің әрқайсысында әртүрлі басым мақсаттары мен міндеттері байқалатын өз мәдениеті, тілі және тарихы туралы түсіндіріп жазады. Бұл еңбекті талқылау бізді осы территорияға алып келеді және сот психологтарына онша таныс емес ортаны сипаттайды.

CJS негізгі ерекшелігі, егер, бір нәрсе дұрыс болмаған жағдайда кәсіпқойларды зерттей бастайтын зиянкестерден қашу, минимизациялау немесе жұмсарту болып табылады және белгілі апаттарды басшылыққа ала отырып, оларды формалды тапсырысқа итермелейді (Carson, 2012). Barbara Hudson (Barbara Hudson, 2001: 144) әділ соттың кәсіпқой мамандарының ерекше алаңдаушылығын туғызатын тәуекел түсінігіне бағынышты әділ сот деп түсіндірді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕ АЕГЕНІМІЗ НЕ?

CJS «құқықтық жүйенің» кең мағынасында қолданылады. Бұл азаматтық, сонымен бірге қылмыстық істерге де қатысты. Қысқаша айтқанда, азаматтық құқық даулы іс, жауапкершілік деңгейі және компенсацияны потенциалды тағайындауға байланысты істерге қатысты үрдіс. Арызданушылар жеке тұлғалар болып табылады және мүмкіндіктер балансы дәлелдеуді талап ететін стандарт болып табылады. Қылмыстық құқық ешқашан күмән туғызбайтын дәлелдік стандарттарға негізделеді және айыпталушының заң бұзуы бойынша кінәлі немесе кінәсіздігін анықтау мақсатында мемлекет іс қозғайды. Құқықтық жүйе саласына, сонымен бірге кейінгі тарауларда сипатталатын соттар, көптеген трибуналдар мен бірқатар мамандар және негізгі мекемелер қатысты. Қазір біз құқықтың макро және микроқызметтерін қысқаша баяндаймыз.

Жалпы алғанда, заң тәртіпті қамтамасыз ету құралы болып табылады, яғни қоғамдық, саяси, әлеуметтік және экономикалық, халықаралық және моральдық тәртіп, азаматтық бостандықты қорғау дегенді білдіреді (Partington, 2006: 13-21). Біріккен Корольдікте жазбаша конституция жоқ, сондықтан көптеген практика жазылмаған конвенциямен байланысты, мысалы, кінәлілердің жеке жауапкершілігі және министрлер кабинеті тұрғысынан өкіметтің ұжымдық жауапкершілігі. Сонымен бірге, саясаткерлер мінез-құлықты реттеу арқылы әлеуметтік мәселелерді шешу үшін заңды қолдана алады. Оған мысал ретінде антиәлеуметтік мінез-құлықты анықтаушы, жазалаушы және антиәлеуметтік мінез-құлық туралы қаулыны (АМТҚ) жүзеге асыратын заңнаманы айта аламыз. Сексуалды мінез-құлыққа қатысты заң жарамды деп есептелетін шек қояды, мысалы, сексуалды белсенділіктің минималды жасы. Сонымен қатар, құқықтың тәртіптік немесе идеологиялық қызметі де бар. Partington (2006) заңнамада бейнеленетін жарамдылыққа қатысты алкогольді қолдану және көлік жүргізу бойынша мысал келтіреді. Теңдік сұрақтары бо-

йынша заңнама дискриминациялық практиканы жеңу үшін құрал ретінде де қолданылады. Partington (23 б.) бойынша «құқықтық мемлекет» мемлекет билігін шектейді және әділетсіз немесе дұрыс емес деп есептелетін шешімдерді қайта қарау мүмкіндіктерін құра отырып, жеке азаматтардың құқығын бекітеді.

Құқықтың микрофункциясы қылмыстық болып есептелетін, келісімшарттар, келісімдер бұзылған кезде немесе адамның абайсызда жасалған әрекеттері ғана емес, сондай-ақ адамның мінез-құлқын реттеуді қарастырады. Заң тағы да ККМЖДК сияқты трибунал арқылы халыққа қызмет көрсетуді ұсынатындардың мінез-құлқын реттейді және билікті асыра пайдаланудың алдын алу үшін соттық тексеру (СТ) сияқты механизмдерді ұсынады.

Partington (2006: 27) бойынша:

- Құқық қызметі қоғамның даму деңгейіне, сонымен бірге кездесетін мәселелеріне тәуелді;
- Заң әрқашан бірізді бола бермейді және шын мәнінде, шиеленісте болуы мүмкін, мысалы, қоғамдық тәртіпті сақтау және азаматтық бостандықты қорғау жағдайы;
- Заңдардың болуы және оларды қолдану әлеуметтік әділеттілік пен теңдік туралы елдің идеялары сияқты идеология мен саясатқа тәуелді;
- Барлық іс-әрекет құқықтық реттеуге көне бермейді, мысалы, ғаламтордағы іс-әрекет;
- Құқық, сонымен бірге, құндылықтарға қатысты, мысалы, діни практикаға шыдамдылық немесе ой еркіндігін шектеу.

ҮКІМЕТ САЯСАТЫ СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ?

Идеологиялық негізге қатысты сот психологиясына әсер ететін саясат қайдан пайда болады дегенді түсіндіру және тереңіне қарау пайдалырақ болады деп есептейміз. Мұндай талдау маңызды, себебі, саяси идеяларды тудыратын күштер соңғы үш онжылдықта туындаған қылмыстық әділетті сот реформаларында маңызды рөлге ие және біз өмір сүріп жатқан, зерттеу жүргізіп және практикадан өтетін әлемді түп тамырымен өзгертті. Неолиберализм идеологиясы шеңберінде криминалистік және қылмыстық саясатты «политизациялау» «Жаңа қоғамдық менеджмент» (ЖҚМ) сияқты жағдайларда ерекше қиын болды, ол өз кезегінде тек Ұлыбританияда ғана емес, басқа да елдерде соңғы 30 жылда қылмыстық әділетті соттың ерекшелігі болған бірнеше агенттіктердің қатысуымен серіктестік қатынастар, жұмыс тәртібі және жекешелендіруді тудырды (Lacey, 2013; Mc Laughlinetal., 2002). Бұл саясат пен практика абақты (Bell, 2013; Thomas-Peter, 2006), пробация (Maig және Burke, 2012) және полиция (Leishmanetal., 1996, Savage, 2007) сияқты сот психологтары жұмыс істейтін аймақтарға өз әсерін тигізді. Needs-тің (2008) айтуы бойынша біздің пәніміздің дамуы, кейбір қайырымдылық интеллектілік өрлеу мен іштей негізделуі міндетті болған жоқ, ол үкімет саясатының салдары болды. Біз бұл еңбекте соңғы бірқатар онжылдықтардағы саяси құрылым мен экономикалық ақиқат шеңберіндегі сот психологиясы жағдайларын нақтылауға тырысамыз. Неолиберализмнің негізінде жатқан идеяларды қайта конструкциялап, осыдан шығатын саясаттың ҚӘСЖ-те жұмыс жасайтын барлық агенттіктерге қалай әсер еткендігін көрсетеміз. Біз тұтқындардың санының өсуі мен экономикалық қатандыққа қарамастан, қылмыс жасаудың төмендеуімен байланысты бүкіләлемдік құбылысты қарастырамыз. Сонымен қатар, қылмыстық жүйені шатастыратын оңалту-жазалау дебаттарын басқаруға тырысамыз.

David Garland «қазіргі жағдайларға қарамастан, өмір сүру және біздің қазіргі меха-

26 СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

низмдеріміз пайда болған тарихи үдерістердің мәнін жоғалту оңай» деп пайымдайды (Garland, 2001: 1). Кейінірек ол пробация қызметінің, абақты шенеуніктерінің, прокурорлардың, соттардың, полиция қызметкерлері мен зерттеушілердің кәсіби шеңберін басынан аяғына дейін өзгерткен жылдам және ұзаққа баратын жаңа өзгерістерді сипаттайды. Оның айтуы бойынша «иерархияда өзгерістер жасалды, қалыптасып қалған процедуралар шеттетілді, мақсаттары мен басымдылықтары қайта құрылды, жұмыстың стандартты әдістері өзгертілді, скептицизмі барған сайын өсіп бара жатқан кәсіби сараптау сынға ұшырады (4-бет). Ол өзгерістің 12 көрсеткішін қалыптастырды:

- жеке адамдар үшін тәуекелді мақсатты түрде төмендету бойынша оңалту идеясын күнсыздандыру;
- жазалау санкциялары мен экспрессивті әділетті сотты қайта құру, яғни әділетті жаза «десерті»;
- қауіпті сексуалды жыртқыштар, басқарылмайтын жастар туралы стереотипті бейнелеу, қылмыс алдында қорқыныш туралы ойлардан көрінетін қылмыс саясатының эмоциялық тонын өзгерту;
- босатылған сексуалдық қылмыскерлердің орналасқан орнын әшкерелеу ережесі көрсетілген Ұлыбританиядағы Sarah заңы және Құрама штаттардағы Megan заңында бейнеленген құрбандарды қайтару;
- аса ауыр қылмыскерлердің дезадаптациялық құралы ретінде қалыптасқан абақтымен байланысты қоғамдық қауіпсіздік пен тәуекелді басқару және қадағалау бойынша әлеуметтік жұмыстардың көмегімен пробацияны ауыстыру мәселелері;
- қылмыстың популяризациялануы, политизациялануы және криминалды саясатты құру;
- «абақтыдағы жұмыс» туралы ойға қарама-қарсы бостандықтан айыру түріндегі жазалаудың өсуі;
- қоғам тұрғысынан бақылау мен шектеулерді енгізу қажеттілігі, қылмысты бәсеңдетуге қарай психикалық денсаулық мәселелері бар істің қалыптан тыс жағдайымен байланысты қылмыстардың себептері туралы интеллектілік ойларды қозғау;
- қылмыс және тәртіпсіздікпен күрес үшін жергілікті деңгейде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстың алдын алу инфрақұрылымын кеңейту;
- жеке секторды қосу мақсатында қылмыстық әділетті сотты коммерциализациялау;
- жұмыс әдістері мен басқарудың жаңа стилдері – елеулі басқару бағыты және экономикалық тиімділік;
- тиімсіз және теріс деп қарастырылатын қылмыспен күрестің дәстүрлі механизмдерінен көңілі қалу және дағдарыс.

Thomas-Peter (2006: 25) криминалистер әлеуметтік үрдістер мен саяси үрдістердің әсерін жоғарыда көрсетілгендей түсінуі қажет, бұл шындықты анықтайды және кейбір жағдайда біздің жасай алатын әрекеттерімізге шектеу қояды деп есептейді. Біз де мұнымен келісеміз. Олар біз жұмыс істейтін ахуалды құрады және ресурстардың бағытын анықтайды, мысалы зерттеулерді қаржыландыру (немесе қаржыландырмау) және интервенция бағдарламалары. Біз білімімізді жетілдіруміз қажет. Ұлыбритания абақтылерінде қызмет атқаратын психологтар үшін төмендегідей көрсетілген:

«Психологтар тек психологиялық дағдыларға ғана мұқтаж емес. Тек қана психология-

ны білу сіздер үшін жеткіліксіз. Сіздер онда жұмыс істейтін әрбір жұмысшының қызметін және абақты жүйені білулеріңіз қажет. Органдардың қалай жұмыс жасайтынын білулеріңіз керек, мысалы шартты-мерзімінен ерте бостандыққа шығару кеңесі ... сіздер түсінікті және абыройлы сөйлейтін жағдайда болуларыңыз қажет» (Pakes және Pakes, 2009: 129).

КРИМИНОЛОГИЯ МЕН ПСИХОЛОГИЯНЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Бұл еңбекте өзге баспалармен салыстырғанда біз сот психологиясының негізін кеңейтуге тырыстық, сонымен қатар, сот психологиясындағы зерттеушілер мен практик-психологтарға сілтеме жасап, жаңа әдебиеттер қостық. Криминология бойынша жұмыс істейтін әріптестеріміздің жұмысына сүйендік және Clive Hollin сияқты біз де психология мен криминология арасында ұқсастықтар бар деп есептейміз (Hollin, 2007: 43). Ал Canter (2010) қылмыстың себептері мен заңдылықтарын, мысалы кедейлік пен қылмыс арасындағы корреляцияны зерттейтін криминология және қылмыскер тұлғасы мен олардың кейбіреулерінің жоқшылықта жүріп қылмыс жасау себептерін зерттейтін психологияның арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Мысалы, Hollin сияқты біз жалпы проблемасы бар аймақтарға қатысты түсінігімізді одан әрі тереңдету мақсатында бұл екі пәнді жақындатудың орасан зор құндылығын көреміз. Біз Hollin пікірлерінен ары қарай тәуекел жасап, сот психологиясын «қоғамдық» криминологиямен теңестіреміз. Loader және Sparks (2012) экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағдайлардың өзгеруі қылмыс пен жазалауға қатысты қолданылатын шараларды талқылау және түсінуге әсер етеді деп түсіндіреді. Сонымен бірге саяси идеялар, бәсекелес қылмысты басқару мен таңдау саясаты арасында өзара байланыс бар. Сонымен, қоғамдық криминология оның авторлары сияқты қылмыс туралы білімді дамытатын адамдар саясаттың дамуы мен қоғамдық дебаттарға қалай әсер етіп, оларға қатысуын зерттейді және анықтайды. Олардың ойынша, мұндай тәжірибе криминология үшін бірегей емес, сондай-ақ бұл аймақтағы білімдерді дамыту және оларды әлеуметтік ғылымдарда қолдану туралы сұрақты тудырады, елемей немесе қиянат жасау, қорғану, басқа да білімдер көрінетін контексті зерттеуді қамтиды. Біздің ойымызша, бұл бағыт саясатқа белсенді қатысу және үздік құндылықтарды іздеу мақсатында көпшілік алдындағы криминологияны бөлісетін саяси психология (Fine, 2012) мен сыни психология (Foxetal., 2009) идеяларымен резонанс туғызады. Сондықтан, контекске айтарлықтай назар аударамыз және саяси талдау жасаймыз. Криминалды психологияның болашақ бағытына қатысты барлық осы идеяларды соңғы тарауда біріктіреміз.

СОТ ПСИХОЛОГЫН ҚАНАДАЙ БІЛІМАЕР МЕН ААҒАБЫЛАР АНЫҚТАЙАЫ?

Біз әртүрлі жағдайлардағы сот психологының қызметін атқару үшін қажетті практикалық дағдыларды, интеллектіге білімдерді, тек теорияларды ғана қарастырмаймыз, сонымен бірге шынайы жағдайлардағы шынайы жұмыстарды да зерттейміз. Қазіргі уақытта бірнеше профилді жұмыс норма болғандықтан, әділ сот жүйесінің басқа салаларында, сонымен бірге бұл аймақтың басқа мамандарының міндеттері мен рөлдерін тану орынды болып табылады. Сондықтан бұл еңбектің шеңберінде әртүрлі әлеуметтік жағдайлардағы сот психологы жұмысының сипатын және бүкіл мансабы арқылы олар қалай әсер ете алатындығын қарастырамыз. Бұл өз кезегінде мансаптық өсу талаптарына сәйкес,

28 СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

саясатты жасауды және стратегиялық бағыт беруді, басқаларды басқара алу қабілетін, зерттеу нәтижелерін, теорияларды қарастыруды көздейді. Біз сот психологының шынайы практикалық жұмысын, мысалы, қызмет көрсетудің қолжетімді аспектілерін шектеудің болжамдық қажеттілігін және қысым көрсету жағдайларында «ненің жақсы» екендігі туралы ойларды көрсеткіміз келеді.

Көптеген еңбектерде тарихты, сот психологиясының практикалық дағдыларына қойылатын талаптарды, әртүрлі қосымшалар мен оның теориялық негізін кеңінен талқылайды (мысалы, Adler және Gray, 2010; Brown және Campbell, 2010; Carson және Bull, 2003; Gavin, 2014; Hollin, O'Donohue және Levensky, 2004; Towl және Crighton, 2010; Weiner және Hess, 2006). Сонымен бірге практик-мамандардың көзқарастары сипатталады (мысалы, Ashmore және Shuker, 2014; Clarke және Wilson, 2012; Ireland және Fisher, 2010; Needs және Towl, 2004; Pakes және Pakes, 2009). Бұл кітапта теориялық және практикалық аспектілерді біріктіруге тырыстық.

РЕФЛЕКТИВТІК ПРАКТИКА АЕГЕНІМІЗ НЕ?

Қол жетімді ресурстардан жұмыста, шын мәнінде, не қызықтырады және әртүрлі практикалық жағдайларда жұмыстың қалай жасалатындығы туралы рефлексияның жоқ екендігі белгілі. Бұл еңбекте әртүрлі пәндер мен салалардағы практикалық жұмысшылар мен машықтанушылардың тәжірибелері бейнеленетін жағдайларды шынайы сипаттау, сонымен бірге құқық бұзушылар мен құрбандардың тәжірибесі, авторлардың жеке ойлары айтылады. Мысалы, мінез-құлықты зерттеу бойынша кеңес беруші (МТКБ) ретінде өз мансабының бастапқы кезеңінде Т.С.-ға үлкен конференцияда сөз сөйлеу ұсынылды және оның рекциялары 1.1-қосымшада келтірілген.

1.1-қосымша. Terri Cole-дың конференцияда мақаласын презентациялау туралы ойлары

Мені жоғарғы буын персоналдарымен және қатты жақсы көріп, университет қабырғасында кітабын оқыған адамдармен қатар отырғызды. Алдымда өте көп дөңгелек үстелдер болды және онда бүкіл елдің кәсіби психологтары отырды. Мен өзімді марапаттау рәсімінде жалған атаққа ие болғандай сезіндім. Мен мазасыздандым. Мен жасанды сияқты болдым. Мен өзіме мұнда келуге қалай ғана «келісім» бердім деген сұрақты қоюмен болдым. Мен өз үлесімді қостым, бірнеше тура сұрақтар қойылды және түсінгенім, шын мәнінде, менің тақырыбым туралы көрермендердің көпшілігінің біле бермейтіндігі туралы білдім. Қазір тура сол кездегідей жағдай қайталанса, мұқият дайын болсам да мен тағы да мазасызданатын едім (аз болса да мазасызданатын едім), дайындалуға тағы бірнеше сағаттар жұмсар едім, көрермендерден кімнің қатысатынын анықтап алар едім. Әңгіменің бағытын анықтап алу мақсатында психологтар немесе полициялардың қандай разряды және олардың рөлі туралы алдын-ала біліп алған жөн. Алдымда су дайын тұрар еді, ол тамағым жыбырлаған жағдайда немесе қиын сұраққа жауап берер алдында ойлану үшін өзіме уақыт беру мақсатында қолданар едім, «осының бәрінен өту» үшін, сәйкес қолданбалы зерттеулер қажет болған жағдайда бірлесіп әрекет ету үшін, өзара әрекетке шақыру үшін қарым-қатынасты ұйымдастыру мүмкіндігі туындаған жағдайда бұл кездесуді қолданар едім.

Бұл кітапта оқырмандар басқа адамдардың жинаған тәжірибесін алып, қиыншылықтар мен проблемардың жоғары, төмен деңгейін анықтап, ал оған қатысты адамдар проблемаларды түсіндіріп және оның шешу жолдарын түсіндіреді деп үміттенеміз.

Рефлексия концепциясы практикада да, ҮКД оқу үдерісінде де ортаңғы орында тұрады (Millward, 2005: 97). Millward бойынша, андрогогика концепциясы рефлексивті практиканы бағалау аспектілерін түсіндіру және бағалау тәсілдерінің бірі болып табылады. Андрогогия – бұл дербес оқу (педагогикадан айырмашылығы инструкторға бағытталған), қатысушының өзін-өзі диагностикалаумен айналысуы және тәуелсіз болуға мотивациялануы. Бірақ белгілі педагогикалық білімдер мен принциптерді игеру үшін формалды талаптар болуы мүмкін, жаңадан бастаған практикке оқу өзін-өзі рефлексиялау үшін практикада өз білімдерін қолдану маңыздылығын анықтайды. Рефлексивтік үрдістер жеке дара айырмашылықтарының болуымен қызықты, мысалы Kolb (1984) тәжірибені жинау және өңдеу оқудың белгілі бір стилдеріне сәйкес келеді деп есептейді: ал, «Дивергерлер» нақты тәжірибені әртүрлі көзқарас бойынша сипаттайды; «Ассимиляторлар» ойлаудың теориялық даму тәсілін дамытады; «Адаптерлар» жаңа білімнің негізі ретінде белсенді эксперименттерді қолданады.

Сыни психология рефлексивтіліктің шегін бұзуды ұсынады. Bullock және Limbert (2009) қандай да бір тапқа тәуелділігіміз туралы ойлануды талап етеді. Эксперименттік зерттеулерге қатысушылардың көпшілігі – университеттің студенттері. Бұл, өз кезегінде, орта таптың арасындағы жоғары дәрежелі білімділер туралы ойды бұрмалайды. Дәл сол сияқты олар психологияны «басқалар» үшін «тәуекелділікті» көрсететін нормалар мен мінез-құлықты, мәдени құндылықтардың жетіспеуін бейнелейтін жетіспеушілік моделі арқылы жоқшылық мәселесіне қатысты деп болжайды. Bullock және Limbert ұстанатын қандай да бір әлеуметтік тапқа өзінің тиістілігін түсінуге мүмкіндік беретін сыни рефлексивтілікті қабылдау қажеттілігін анықтайды. Сонымен қатар, біз емдейтін адамдар үшін қорытындыларды айқындау немесе азайту мақсатында тандап алатын нәтижелерге, қоятын сұрақтарға, жүргізетін зерттеулерге әсер ететін біздің жеке әлеуметтік ұқсастығымыздың көмегімен алынатын тәсілдерді үнемі қайта қарастырып отыруға кеңес береді.

СОТ ПСИХОЛОГЫ ЖҰМЫСЫНААҒЫ ЭМОЦИЯЛЫҚ ЗАРААПТАР ҚАНААЙ?

Біз шешім қабылдауға қажетті эмоциялық және кәсіби қолдауды бағалауда, емдеуде немесе зерттеу нұсқаларында ескергіміз келеді. Crego, Alison, Roocroft және Euge (2008) эмоцияның рөлі шешім қабылдау модельдерінде көп жағдайда еленбеді деп санады. Жекелей алғанда, негативті эмоциялар ақпаратты өңдеуде қандай өзгеріске ұшырайды немесе шешім қабылдауға қалай әсер етеді деген сұрақтар туындады. Бұл кітаптың мақсаты – бір жағынан шын мәнінде, автор және сот психологиялық білімінің қолданушысы болудың қандай екенін сипаттау, екінші жағынан, клиент ретінде бұл білімдердің қолданушысы болу. Сондықтан, біз шешім қабылдау мен бағалауда жаңадан үйреніп жүргендерге көмек көрсету үшін әріптестері тұрғысынан супервизия мен қолдау рөлінің маңыздылығын қарастырамыз. 7-тарауда зерттеу жүргізу кезіндегі потенциалды эмоциялық жүктемені және оны жеңілдету тәсілдерін қарастырамыз. Пәнді және тақырыпты ашу үшін қажет болған жағдайда жәбірлеуші-клиенттердің қиын жағдайдағы негативті сипаттағы күрделі эмоциялық жағдайлары да айтылады. Кәсіпқой болу қажеттілігіне қарамастан, зерттеушілер мен практиктер бұл қақтығыстардың потенциалды жағымсыз әсерінен қорғалмаған. Біз клиенттерді, құқық бұзушылар мен құрбандарды, сонымен бірге өкілетті сарапшыларды кеңінен қарастырамыз.

УАҚЫТ АҒЫНЫМЕН СОТ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Біздің пікіріміз бойынша, алдыңғы қарастырылған әдебиеттерде біршама еленбеген мәселе – уақыт ағынымен біздің білімдеріміз қалай дамиды және өзгереді. Otto және Heilbrun (Otto және Heilbrun, 2002) келесі үш деңгейді көрсетеді:

1. «заңды негізделген», яғни практикаға қатысты базалық заң білімі бар, мысалы құпиялылықпен және ақпаратты тіркеумен байланысты сұрақтар;
2. «тәжірибелі клиницист», яғни көп тәжірибесі бар, супервизияның көмегімен тренингтерден өткен әдеп, процедура және жарияланымдар бойынша терең білімі бар орта деңгейдегі сарапшы;
3. «клиницист», яғни формалды білімінен бөлек өздерінің рөлдеріне байланысты сұрақтарды, процедураларды және заңдарды терең түсіне алатын адам.

Біз бұл идеяны кеңейткіміз келеді және жақында ғана біліктілік курсынан өткен стажердың сот психологиясын зерттей бастауы, өз мансабының басында, ортасында немесе қызметтен кетуі, зейнеткерлікке шығуы сияқты жағдайларда ол адамдардың қажеттіліктеріне жарағымыз келеді.

СОТ ПСИХОЛОГЫ БОЛУ ҮШІН НЕ ҚАЖЕТ?

Blackburn кәсіби мамандану ретінде сот психологиясын нақты анықтады. Сонымен бірге, ол негізінен балаларды қорғау және қамқорлық жасау, өндірістік жарاقاتтың компенсациясын төлеу және эксперименттік дәлелдерді қолдану, мысалы, саудаға қатысты даулармен жұмыс жасайтын британдық сот сарапшылары туралы жазды. Blackburn пікірі бойынша, уақытынан ерте және психология мен құқық арасындағы диалогтан айыратын сот психологиясын кәсібилендіру туралы алдын-ала айтқан.

1977 жылы бастапқыда даярлау және аккредитациямен айналысқан Британдық психологиялық қоғам құқықтық және криминалогиялық психология бөлімін құрды, 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында ол келісілген оқу бағдарламалары мен аккредитацияның критерийлерін өңдеу мақсатында J.B-ға кірген кадрларды даярлау бойынша шағын комитет ретінде танылды. Алғашқы психолог-криминалистерді тәжірибелері мойындалған «орасан зор тәрбие» механизмдері арқылы бөлім мүшелері ретінде анықтады және олар жаңа буынды аккредитациядан өткізетін дипломы бар сот психологтарының алғашқы буыны болды.

1.2-қосымша. НМ абақты қызметіндегі сот психологиясының мансабы туралы Pam Wilson-ның ойлары, 1982-2009 жылдар

Мен мансабым барысында байқалған бірқатар сұрақтар мен өзгерістер туралы өз пікірімді айтамын. Оқырмандар өзіне қажетін алып, өзгелері ескірген тарих ретінде қарастырады деп үміттенемін.

Мансабым басталған уақытта дербес компьютерлер жаңа шығып жатты. Магистрлік диссертациямды жазба мәшенкесінде, ал докторлық диссертациямды ленталық Commodore 64-те жаздым. Кеңседе біз (түскі үзіліс кезінде) Расман ойнадық, одан кейін алты сағатқа жуық қарапайым талдау мәтінін тердім, сосын мәшенкем тұтыла бастады.

Мен НМР Grendon терапиялық бірлестіктегі кішігірім топта жұмыс жасай бастадым.

Формалды даярлық шектеулі болды, бірақ тәжірибелі, ақылды, ересек әріптестердің қолдаулары әрқашан да қолжетімді болды. Мен НМҮОІ Aylesbury бөлімінің бастығы болып ауыстым және оны басқалармен салыстырғанда өте «қатаң» орта деп таныдым. Кей кездері жаңа қызметкерлер үшін сабақ өткіздім, сонымен бірге кейбір жас құқық бұзшылар үшін сессиялар жүргіздім. Бір сұрақты әртүрлі көзқарастар бойынша қарастырдық, маған әрқашан олардың барлығын бірге жинау жақсы болатындай көрінетін. Кейін Feltham-да мен қазіргі уақытқа дейін айналысып жүрген кеңес беру жұмысына итермелеген ұйымдық өзгеруді басқару сияқты үлкен рөлдерде болдым.

Алдыңғы жұмыстарды мойындау арқылы анықталған «үлкен буын / grandparent» принципі бойынша дипломы бар маман атандым және қазіргі таңда оқытуда жаңа үлкен талаптармен кездеспегенім үшін қуаныштымын. Практика супервизиясында да, сонымен бірге академиялық біліктілікті арттыруға қатысты да психологтарды оқыту және басқару біршама қатаң бола бастады. Менің ойымша, рөлдер тарылды, кейбір кәсіби автономиялар ғайып болды, бірақ дәлелді практика, жалпы алғанда, төмендеуіне (мысалы, рецидивтің ықтималдылығы) бағытталған шараларға қатысты үлкен әсерді қамтамасыз етті.

Мен ешқашан аккредитацияланған бағдарламалардың бір сессиясын да жүргізбегенмін. Бірақ ол кезде біреулердің осы бағдарлама арқылы қажеттіліктерді емес, сандарды анықтағаны менің кінәм емес. Бұған қатысты тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (ТНК) көп нәрсені анықтады.

Қазіргі уақытта нақты жағдайларды өңдеуді бағалау анықталған; мотивациялық есептің сипаттамасы белгілі бір уақытта жүріп өткен маңызды мәселе ретінде қарастырылады және бұл үдеріске қылмыскер мүлдем қатыспаған. Психологтар қазіргі кезде сотта өз практикасын қорғай отырып, соттық істермен айналысуға көп уақыт жұмсайды, ол біздің кезімізде тек естуге ғана болатын жағдай еді.

Менеджмент және жекешелендіру абактыдегі жағдайларға әсер етті. Мен өзім жекешелендіруге идеологиялық тұрғыда қарсы болсам да, бұл өзгеріс сотталғандар үшін стандарттардың жоғарылауына ықпал етті. Сонымен бірге, абактылердің есеп бере бастауы дұрыс болып көрінді, дегенмен мен есеппен тексеруге көп көңіл бөлінді деп есептеймін, ол психологиялық тұрғыда ойлайтын практиканың құндылықтарын түсінуді жоғалтты, ол, өз кезегінде, адамдарға бағытталған ұйымның ниетін жоғалтты дегенді білдіреді. Негізінен адамдар ұйымы азайды.


Британдық траектория «полиция, сот, абактылер, ауруханалар мен қауіпсіздік бөлімшелерінде және басқа да қоғамдық қызметтер мен академиялық орталарда пробациялауды» қолдану мақсатында сот психологиясын «психологияның кең диапазондағы салалары» ретінде қарастырды (Needs, 2008: 75). 2000 жылы сот психологиясы бойынша сарапшылардың комиссиясы құрылды, соның арқасында стажерлар Ұлыбританияда өздерін «сот психологтары» ретінде ресми атауға мүмкіндік беретін сот психологиясының өзгертілген бөлімінің (1999 жыл) дипломы бар мүшелері атанды. Оқыту жалпы сипатқа ие және клиникалық біліктілікке қойылатын қандай да бір нақты талаптар жоқ.

Құрама Штаттар мен Австралияда сот психологтарының клиникалық білімі болуы керек және олардың практикаға лицензиясы болуы міндетті болды (Brown және Campbell, 2010). 1990 жылдардың ортасында Филадельфияда өткен «Villanova Conference»-те психология мен құқық континуумында оқыту туралы ереже баяндалды, ол студенттер мен аспиранттарды оқытуда негізгі мәселе ретінде сипатталды (Bersoffetal., 1997).

32 СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Ғалым-практик моделіне сүйене отырып, бұл ережені жасаған адамдардың мақсаты америкалық залдарда «атақ пен ақыға өз пікірін білдіретіндердің құрал арсеналдарын қосатын құпия, нақты емес пән» ретінде сот психологиясы туралы стереотиптерді әлсірету болды (1302 бет).

Ұлыбританиядағы сот психологиясын оқыту магистр мен PhD доктор деңгейінде оқытылатын курстар үшін оқу жоспарлары мен аккредитацияны қамтамасыз ететін Британдық психологиялық қоғамның құзіретінде болды. Қазіргі уақытта 6 134 студент, 24 885 бітіруші және 18 822 дипломы бар мүшесі бар (BPS, 4 шілде 2014 жыл). 10-бөлімнің ішінде сот психологиясы дипломы бар психологтардың 9%-ын (2 590) құрайды (1.2-сурет). (Бөлімшелер туралы толық ақпаратты BPS веб-сайтынан көруге болады).



1.2-сурет. BPS-тың 10 бөлімшесі мүшелерінің пайыздық үлесі

2009 жылдан бастап барлық психолог-практиктердің, соның ішінде сот психологтарының міндетті реттеуші рөлі Денсаулық сақтау және күтім сұрақтары бойынша кеңес (ККМЖДК) деп аталатын Медициналық мамандықтар бойынша кеңестің юрисдикциясының қарауына түсті.

Британдық сот психологтары үшін зерттеудің кейбір базалық дағдыларымен бірге психологиялық теориялар, принциптер туралы білімнің негізін қамтамасыз ету үшін психология бойынша бірінші дәреже алу талабы қойылған. Екіншіден, деңгейді бастапқы кәсіби оқыту үш кең саланы қамтиды: білім, зерттеу және практика. BPS бағдарламаларды аккредитациялайды және ол курсты құрастырушылардан стажерлардың оқу бағдарламаларында сегіз сала бойынша негізгі дағдыларын дамытуды қамтамасыз етуін талап етті. Олар 1.1-кестесінде келтірілген (BPS-тің жетекші принциптерінен алынған).

Үшіншіден, супервизиялық практика төрт негізгі рөлдік құзіреттен тұрады: қосымшалар мен интервенцияларды қалыптастыру; зерттеу; басқа мамандармен қарым-қатынас және басқа мамандарды оқыту. Докторлық практикалық бағдарламалары бірінші және екінші кезеңдерде оқытуды біріктіре алады. 1.2-кестеде оларды егжей-тегжейлі сипаттайды.

1.1-кесте. Оқу жоспарының бірінші деңгейіне қойылатын талаптар

Құқықтық және қылмыстық әділет контексі	Бағалау және құрастыру	Интервенциялар	Зерттеу әдістері	Кеңестер және кеңес беру	Оқыту және өңдеу
Теория Құқықтық шек	Бағалау мен құрастыруға қатысты әртүрлі бағыттар	Интервенция диапазоны	Әдістер спектрі-сандық және сапалық	Теорияны түсіну	Рефлексиялық практиканың принциптері
Зерттеу үдерістері			Мәліметтерді жинау Талдау	Ұйымдағы жұмысқа қатысты дәлелдер	Дербес ҮҚД-ді жүргізуге жауапкершілік
Тұтқындау үдерісі	Бағалау құралдары	Клиенттер тобы Пациенттер Құқық бұзушылар Жоғары тәуекелді тұлғалар Құрбандар Кәсіпқойлар		Практикалық басқару мен саясатқа жәрдемдесу	Басқаларды оқыту негізінде жатқан принциптерді, теориялар мен дәлелдерді түсіну
Талап қоятын талапкерлермен жұмыс				Ұйым практикасын бағалау мен кеңес беруді жүргізудегі принциптер / процедуралар	
Арбитраж Медиация Көп профильді жұмыс Сот жүйелері Ауруханалар Менталды денсаулық Полиция Соттар ӨЕҰ бірлестігінің жүйесі					

ҮҚД-үздіксіз кәсіби даму; NGO-өкіметтік емес ұйым

1.2-кесте. Екінші кезеңдегі супервизиялық практика

Психологиялық қосымшалар мен интервенцияларды құру	Зерттеу	Психологиялық білім мен кеңес берудің өзара әрекеті	Қызметкерлерді дамыту және оқыту
Қосымшалар мен интервенцияларды жоспарлау	Дизайн	Сот психологиясының үлесін білу	Жұмысты жақсарту мақсатында қажеттілікті анықтау, талдау
Жұмыс қатынасын орнату	Құру	Мәселелерді шешуге психологиялық кеңес берудің үлесі	Оқу бағдарламасын жоспарлау, өңдеу

Психологиялық қосымшалар мен интервенцияларды құру	Зерттеу	Психологиялық білім мен кеңес берудің өзара әрекеті	Қызметкерлерді дамыту және оқыту
Интрвенцияны бағалау	Бағалау	Ережелерді қалыптастыру және қолдану	Бағдарламаны жүзеге асыру
Супервизиялау интервенция ретінде		Дәлелдерді дайындау және ұсыну Клиентпен кері байланыс	Бағлауды жоспарлау Оқытуды бағалау

Бұл қойылған талаптар сот психолог-практиктерінің түсінігін талап ететін ККМЖДК стандарттарымен сәйкес келеді.

- құқықтық жүйеде психологияны қолдану;
- әлеуметтік және жеке жағдайдағы бұзушы мінез-құлықты теорияда қалай қолдануға болады;
- криминалдық және антиәлеуметтік мінез-құлықты дамыту;
- бағалауға қатысты тиімді бағыттар;
- көрсетілетін қызметтердің кеңес беру модельдері;
- теория және оны құқық бұзушыларға, олардың құрбандарына қатысты психологиялық терапияны қамтамасыз етуде қолдану;
- клиенттердің әртүрлі топтарымен психологиялық интервенциялар.

BPS критерийлері оқытуға қатысты мәселелік бағыттар негізінде құрылған, оның баырысында қатысушылар фактілік мәліметтер базасын білімдер мен теорияларды талдауға, сәйкес дағдыларды анықтауға және дамытуға, оларды әдептілік нормалар шеңберінде қолдануға, практикалық қолданысты бағалауға және талдауға, оларды сәйкесінше хабарлауға қатысты мүмкіндіктерді өндейді (Anand, 2014).

Курсты ұйымдастырушы осы талаптар шеңберінде оқу бағдарламасын жасайды, бірақ көп жағдайда қосымша курстар немесе топтың қызығушылығына сәйкес, терең білімдерді ұсынады. Мысалы, Ливерпуль университетінде басты назар полициялық зерттеулерді жүргізудегі дағдыларға және маңызды шешім қабылдауға аударылады. Кент университеті өзінің тарихы мен әлеуметтік-психологиялық теорияландыруға және зерттеулерге сүйенеді, ал Хаддерсфилд университеті зерттеу психологиясымен маңызды.

Даярлаудың екінші кезеңіне қойылатын талаптарға бағалау, құрастыру, араласу, орынға байланысты кеңес беру кіреді. Бұл бақыланатын практиканың формалды үдерісі стажердың өз құзыреттілігін көрсету үшін жазбаша дәлелдер портфелін толық ұсынуын болжайды және практиканың күнделігін енгізуді, құзіреттіліктер журналын және кейбір зерттеулерді жүргізуді қамтиды. Екінші кезеңді аяқтау үдерісі келесі стажер атап өткендей, біршама қиын болуы мүмкін.

1.3-қосымша. Екінші кезеңдегі практиканы супервизиялауға байланысты қиындықтар туралы Steve-тің ойлары

Магистратураға дейін мен қауіпсіздік қызметінде, сонымен бірге полицияда жұмыс істедім. Мен курсты аяқтағаннан кейін абақты қызметінде дипломы бар сот психологы боламын деген үмітте болдым. Бірақ 2004 жылы магистратураны бітіргеніммен, бұл ман-

сапты жалғастыру мүмкіндіктері шектеулі болды, одан кейін мұндай позиция мен қолдаусыз нақты және тиімді оқуды жалғастыру оңай болған жоқ. Нәтижесінде, менталды денсаулық бойынша басқа психологиялық мансаптық жолды таңдадым. Дегенмен бұл курсты оқығаным үшін бір сәтте өкінген емеспін, біліктілікті арттырудан кейінгі кезеңдегі айқындылық пен қолдау пайдалы болды және менің бастапқы күткен мансаптық жолды таңдауыма көмектесер еді.

Сонымен бірге, бірінші және екінші кезеңді біріктіретін докторлық, академиялық, практикалық бағыттар да бар және қазір бұл бағдарламаны бірнеше университет ұсынып отыр (мысалға, Birmingham, Nottingham және Cardiff Metropolitan).

1 және 2-кезеңді сәтті аяқтағаннан кейін стажер сот психологиясы бөліміне толыққанды мүше болуға ұсыныс бере алады және өзін дипломы бар сот психологы ретінде атауға құқығы бар.

Бұл еңбекті жасауда көздегеніміз оқытуға деген талаптарды қарастыру (1.3-кестені қара) және сот психологиясындағы мансаптың дамуымен байланысты сыни концепцияларды анықтау болды. Сонымен қатар, біз пәннің жағдайы туралы жеке ойларымызды қосуға және кейбір идеяларды ұсынуға, сот психологиясының болашақтағы өңдеулеріне қатысты кейбір реакцияларды тудыруға тырыстық.

1.3-кесте. Оқу салаларының тараулар картасы

Бірінші кезең	Екінші кезең	Тараулар
Құқықтық және ҚӘСЖ контексті мен СП ережелері		1, 2, 3, 4, 5
Бағалау тұжырымдамасы	Бағалау, тұжырымдама және араласу	6,10
Интервенциялар		6,11
Зерттеу әдістері	Зерттеу	7
Бағалау және кеңес беру	Коммуникативті психологиялық білім	2,11
Өңдеу және оқыту	Персоналды оқыту және дамыту	4,5,13

ҚӘСЖ-қылмыстық әділет сот жүйесі; СП-сот психологы.

РЕСУРСТАР

Бағдарламалар мен негізгі рөлдер туралы толық ақпарат BPS веб-сайтында көрсетілген (www.bps.org.uk/).

Емделу мүмкіндіктері мен тәуекел, құзіреттіліктер, сенімділіктің негізгі түсініктерін қысқаша сипаттау үшін Kebbell, Puckering, Taylor және Lindsay, Halland McMurrans respectively, in *The Cambridge Handbook of Forensic Psychology* edited by Brown and Campbell-ді (2010) қара.

Helen Gavin-де сот психологы болу үшін криминологиялық және сот психологиясы бойынша жалпы мәтіндер бар (10-17-бетті қара).

The Dictionary of Forensic Psychology edited by Graham Towl and colleagues (2008) негізгі анықтамалар үшін алғашқы дереккөз болды.

Forensic Update for April 2014 сот-психологиялық бөліміне мүше болу жолдары мен қойылатын талаптары туралы есеп пен дипломы бар маман мәртебесін иеленуді құрайды.

Негізгі журналдар

Behavioural Sciences and the Law
British Journal of Criminology
Criminal Behaviour and Mental Health
Journal of Forensic Psychiatry
Journal of Law and Society
Law and Human Behaviour
Legal and Criminological Psychology
Psychology Crime and Law

2

ҚЫЗМЕТ САЛАЛАРЫН АНЫҚТАУ

НЕГІЗГІ КОНЦЕПЦИЯЛАР

Бұл тарауда сот психологтарының рөлдері қарастырылады және зерттеулер жүргізілетін әртүрлі жағдайлар мен білім беру, полиция, пробация, абақты (енді абақтылар Құқық бұзушыларды басқарудың ұлттық қызметіне / National Offender Management Service – ҚББҰҚ біріктірілген), арнайы ауруханалар, сот қызметтерінің бірлестіктері мен жеке сектор секілді сот психологиясының практикасы сипатталады.

Білімдер концепциясы	Практика ұғымы
Келіссөздер кепілгері Кәсіби-жеке диалектика Терапевтік қоғамдастық (ТҚ) Түзетілу	Тергеу бойынша мінез-құлық жөніндегі кеңес берушілер (ТБМК) Бродмур (Broadmoor) Қоғамдық сот-психиатриялық қызметі (ҚСПК) Оңалту компанияларының қоғамдастығы (ОКҚ) Криминалистер Жоғары қауіпсіздік дәрежесі бар психиатриялық қызметтер Пайдалануға енгізу бойынша кеңес (ПЕБК) Орташа қорғалған блоктар (ОҚБ) Барлаудың ұлттық моделі (БҰМ) Құқық бұзушыларды басқарудың ұлттық қызметі (ҚББҰҚ) Ғылыми зерттеулер Жастар ісі жөніндегі кеңес (ЖІЖК)

Бұл тарау сот психологтары жұмыс істейтін негізгі салалармен таныстырады және практиктер мен ғалымдар арасындағы маңызды айырмашылықтарды анықтайды. Материал криминалистік бағдарлар, ұйымдастырушылық мәдениеттер және жақындағы саясаттың әртүрлі жағдайларда психологтардың жұмыс практикасына, сонымен қатар екінші сатыдағы оқыту мен персоналдың дамуы контексіне қалай ықпал еткендігі туралы білімдердің бірінші сатысы аспектілерін қамтиды.

Анықталатын сұрақтар:

Академиялық сот психологиясы дегеніміз не?

Полицияда жұмыс істейтін сот психологтары немен айналысады?

Абақты мен пробация қызметтерінде жұмыс істейтін сот психологтары немен айналысады?

Арнайы ауруханалар мен орта қауіпсіздік бөлімшелерінде жұмыс істейтін сот психологтары немен айналысады?

Сот-медициналық қызметтердің қоғамдастығы дегеніміз не?

Сот психологтары жеке практикада жұмыс істей ала ма?

Сот психологтары соттарға қалай көмектесе алады?

АКАДЕМИЯЛЫҚ СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ АЕГЕНІМІЗ НЕ?

Көптеген зерттеулер мен теорияларды дамыту жеке де, мемлекеттік те академиялық және зерттеу орталықтарында жүргізіледі. Академия шегінде штаттың бас буыны бірнеше облыстарда өздерінің мүдделерін білдіруі мүмкін. Оларда команда болу немесе тәуелсіз жұмыс істеуі мүмкін. Олар магистратура және докторантура деңгейінде зерттеулерге басшылық етуі ықтимал. Сонымен қатар, жеңіп алған гранттар бойынша қаржыландырылатын зерттеулерде бас зерттеушілер де бола алады. Зерттеуді үкімет, мысалы, Ұлыбританиядағы зерттеу кеңестері немесе үкіметтік ведомстволарының тікелей тапсырысы бойынша қаржыландырады. Қайырымдылық қорлары да жеке компаниялар секілді зерттеулерді қолдайды. Зерттеулер, сондай-ақ, қаржыландырусыз жүргізіле алады және студенттермен ынтымақтастықтың нәтижесі бола алады немесе өтеусіз негізде жүргізілуі мүмкін.

Нәтижелерді апробациялау үдерісі кейде айқын көрінбейді. Авторлардың біреуі (J.B.) абақтының терапевтік қоғамдастығын (ТҚ) бағалау мақсатында қаржыландырылатын зерттеуге қатысты. Ол және Surrey университетінің командасы зерттеу ұсынысын дайындап, таныстырды. Төменде Roland Woodward-тың шартқа қол қою және тендер үдерісі туралы есебі келтірілген. Зерттеу пәні ол абақтыде терапия жөніндегі бірінші директор болған кезде 2001 жылы олар анықтаған терапевтік режим болды.

Барлық практикалық дайындықтар жүріп жатқанда, менің міндеттерімнің бірі тендерді өткізу және зерттеу үшін келісімшартқа қол қою болды. Бірінші абақтының келісімшартында біз тәуелсіз орган жүргізуі тиіс жеті жылдық зерттеу келісімшартына тең қаржылық үлес туралы келістік. Бірегей зерттеу спецификациясы Genders және Player (1995) Grendon абақтысында жасаған жұмысына ұқсас болды және олардың кітабында жарық көрді. Жұмыс бірнеше жыл бойы Психология бөлімі жүргізген кертартпалыққа негізделген психометриямен талдана отырып, қатысушыны бақылаудың басым әлеуметтік тұрғысынан жасалынды. Dovegate ТҚ-дағы зерттеу спецификациясы негізінен әлеуметтік үдерістерге және ТҚ үдерісін сипаттауға бағытталды. Мен мұны адекватты емес спецификация деп ойладым және тысқары пікірлерді, тұлғалық өзгерістерді және терапевтік үдерісті зерттеуді қоса отырып, оны қайта жазып шықтым, себебі, ол индивидуумдардың психологиялық өзгерістердің дайындық деңгейіне қол жеткізуімен байланысты болды. Жоба сатуға шығарылды, жалпы құны 750 000 фунт стерлинг болғандықтан, бірнеше ұсыныстар түсті. Осының барлығы ұзақ үдеріс болып көрінді, бірақ бірнеше адамдардан, соның ішінде, тәжірибесі мен парасатты ойы осы үдеріс үшін қажет болған Ливерпуль университетінің клиникалық психологияға еңбегі сіңген профессоры Ron Blackburn-нан қолдауы менің көңілімнен шығып, біз келісімшарт жасастық. Профессор Jennifer Brown мен оның Суррей университетінің командасы жеңіске жетті және оларды ТҚ өміріне біріктіру үдерісі басталды. (Woodward in Cullen және Mackenzie, 2011: 147-8)

Roland кітаптың алғы сөзінде осы жобаны сипаттайды (Brown et al., 2014: xv)

Сонымен қатар, ТҚ сипаты бойынша зерттеу тобы жұмыстың адамдармен бірлесіп жасалуының қажеттілігін мойындайтындығы айқын болды. Заманауи тілде қызметтің пайдаланушылары зерттеу жобасын жобалау және дайындау үдерісіне қамтылуы тиіс.

Бұл адамдар тәжірибе бойынша, сарапшылар болуы және көп нәрсені бере алуы тиіс болды. Сонымен қатар, ТҚ-ның идеалы көрсетілді, оған сәйкес, заттар ережелердің қатаң жинағын пайдалану көмегімен емес, консенсус пен демократиялық үдеріс негізінде жүреді. Ол тендер құжаттамаларын жасауда осы мәселелер туралы ойлана отырып, таныстырылатын зерттеулер бойынша ұсыныстарда қандай критерийлерді табуымыз керектігі туралы түсінік бере бастады. Біз шүбәсіз, қатысу мен ынтымақтастықтың жоғары деңгейін көрсететін команданы іздейтін боламыз.

Академиялық сот психологы өмірінің көрінісін сипаттау Wrightsman және Fulero оқулығында (2005) келтірілген. Олар оқуы шынымен де әлеуметтік психологиядан, ал специализациясы куәгерлерді сәйкестендіруден тұрды деп түсіндірген Американдық психолог Gary Wells-қа профайлинг жасады. Осы тақырыпта ғылыми журналдарда мақалалар жариялап, аспиранттарға дәріс береді және олардың жұмыстарын басқарады. Сонымен қатар, Доктор Wells қылмыстық істер бойынша сарапшы-куәгер болып, заңнамадағы өзгерістерді қарастыруда куәгерді сәйкестендіруге қатысты сараптама қорытындыларын ұсыну үшін Конгресс комитеттерінің алдында тұрды. Ол көбінесе құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен жұмыс жасайды. Қызметтің осындай профилі өзіне Ұлыбританиядағы сот психологиясы саласындағы Gisli Gudjonsson, Ray Bull, David Canter, the late Lionel Haward, Clive Hollin, Anthony Beech, Theresa Gannon, Elizabeth Gilchrist, Jane Ireland, Joanna Adler, Mary McMullan және британдық университеттерде жұмыс жасайтын басқа да маңызды тұлғалардың еңбегін қамтитын болады. 2.1-қосымшада профессор Mary McMullan-ның мансабы туралы рефлексиясы келтірілген.

2.1-қосымша. Mary McMullan рефлексиясы

Мен абақты психологы ретінде өз мансабымды Borstal-да бастадым. Borstals дегеннің не екенін іздеп, қиналмас үшін бұл атаудың бірнеше жылдан кейін жас қылмыскерлерге арналған мекемеге айналған, 1982 жылы кәмелетке толмағандардың істері бойынша орталықтарға ауыстырылғандығын бірден айта кетейін. Сол ең алғашқы жылдары маған «маскүнемдер тобын іске қосуды» айтқан болатын, себебі, алдыңғы психолог осылай жасаған еді. Мен неден бастарымды білмедім. Сол күндері «не жұмыс істейді» деген практикалық қозғалыс әлі болмады және біз негізінен бос кітаппен жұмыс жасадық. Құқық бұзушылардың сипаттамаларын зерттеу, сәйкес шараларды жасап, нәтижелерді бағалау мүмкіндіктері болды. Осы зерттеулердің көп бөлігі ресурстар шегінде жүргізілді және этикалық мақұлдау емес, сызықтық басқаруды бекіту қажет болғаны таңқалдырарлық еді. Көптеген жылдар бойы біліктілік сынақтарынан кейін арнайы зерттеу жұмыстары үшін аз орын қалдыра отырып, практиктердің жұмыс көлемі арта түсті. Сонымен қатар, зерттеулер практикасы мен стандарттарын бақылау үшін зерттеулерді басқару шектері эволюцияланды. Қазір зерттеулерді Әділет министрлігінің Құқық бұзушылар басқармасы мен үкімдер шығару – аналитикалық қызметтері (ҚББМҰШАК) секілді қызметте болу-болмауына тәуелсіз, зерттеуге төлеген адамдар немесе ӘМАА атынан жобаларды жүзеге асыруға тендерлерді жеңіп алған зерттеушілер не грант беретін органдар қаржыландыратын зерттеушілер жүргізеді. Тек соңғысы зерттеушілердің басшылығымен зерттеу жобалары үшін мүмкіндіктер ашады. Бірқатар уақыт бойы біз психикалық саулық саласында сот-медициналық зерттеулер мен әзірлемелер бойынша Денсаулық сақтау департаментінің Ұлттық бағдарламасына ие болдық, бірақ бұл ұзаққа созылмады (1999-

2007 жылдар). Қазіргі кезде қолданбалы зерттеулерді икемді қаржыландырудың негізгі көзі – Ұлттық денсаулық сақтау қызметінің (ҰДСҚ) денсаулық сақтау саласындағы Ұлттық зерттеулер институты. ҰДСҚ негізінен денсаулық нәтижелеріне мүдделі. Сот психологтары үшін мәселелердің бірі зорлықты, виктимдеуді және абақтыға қамауды төмендету жолымен ұлттың денсаулығын жақсартатын емдеу әдістерін ұсынғанымен, қылмыстылық нәтижелеріне қатысты қаржыландырудың күтілмеуінде көрінеді. Мен зерттеуші ретінде өзімді сот психологы ретінде санай алмаймын (Менің терминологиям бойынша сілтемеменді қараңыз!). Жобаларды қаржыландырудағы табыстар мені сот психологиясынан еліктіріп әкетті. Соңғы бірнеше жылда мен тұлғалардың бұзылуын емдеуге бағалау жүргіздім. Құқық бұзушылар арасында тұлға бұзылуының таралуы жоғары, бұл жалпы қылмыстық популяцияға тән. Соңғы кездері мен қылмысты қысқартуға бағытталған жобалармен жұмыс істемеймін. Адамдардың өз бетімен жұмыс жасауына көмектесу адамды қанағаттандырады. Дегенмен, мен өз кінәмнен емес, жоспарламаған жерге түскенімді сезінемін.¹

Зерттеу орталықтары – академиялық психолог өмірінің сипаты, мұнда Миддлсекс университетіндегі сот-психологиялық қызметінің мысалы келтіріледі:

Миддлсекс университетіндегі сот-психологиялық қызметін (СПҚ) профессор Joanna Adler өзінің орынбасары, доктор Miranda A.H. Horvath-пен бірге басқарады. Олар қылмыстық құқық пен азаматтық әділеттілік саласындағы жетекші маман-практиктер мен зерттеушілерден тұратын консультативті кеңесті басшылыққа алады және бірқатар қызметтер мен жобаларды ұсыну үшін жұмыс жасайтын 20-дан астам штаттан тыс кеңес берушілерден тұратын штаты бар. СПҚ университеттің психология бөлімінде негізделеді және криминологияны, әлеуметтануды және әлеуметтік саясатпен қоса, басқа бөлімдердің әріптестерімен де тығыз байланыс жасайды. Біз сот психологиясы саласындағы магистр дәрежесін, сот психологиясы бойынша зерттеу тобын дамытуға айтарлықтай үлес қосамыз және аспиранттар санын бақылаймыз. СПҚ құқық бұзушылар үкімдерінің алғашқы кезеңдерінде олармен және қысқа мерзімді жазалау қызметтерімен жұмыс жасауға бағытталған, қалпына келтіре отырып, араласуды білдіретін абақтылардағы «Кешірім» жобасының ықпалы секілді әртүрлі бағдарламаларды бағалайды. Біз аралас әдістерді, кішігірім таңдамамен ретроспективті жүргізілетін сұхбат дизайнын пайдаланамыз. Бағалау ересек адамдар абақтылары мен ересек және жастарға арналған бір аралас мекеме екеуіне негізделеді (Mannheim Matters, November 2011).

Сонымен қатар, University of Huddersfield² жанындағы David Canter Психологиялық зерттеулердің халықаралық зерттеу орталығын, University of Portsmouth³–де доктор Becky Milne басшылығымен Сот сұхбаты орталығын, Ұлыбританиядағы сот психологиясы саласында докторлық диссертацияны алғаш ұсынғандар қатарына жататын University of Birmingham⁴ Сот және криминологиялық психология орталығын, Канада⁵, Альберттегі Carlton University-дегі Craig Bennell басқаратын Полициялар зерттеулері зертханасын мысал ретінде келтіруге болады. Осы мекемелерде жетекші ғалымдар құқық қорғау органдарымен тікелей байланыс жасайтын зерттеулерді, мамандандырылған курстарды жүргізеді және студенттер өздерінің докторлық зерттеулерін жүргізе алады.

Ғылыми-зерттеу қызметінің айтарлықтай бөлігі абақтылардағы емдеу бағдарламалары мен интервенцияларды бағалауды қамтиды. Бұл Martinson (1974) жариялаған «Не

жұмыс істейді? Пенитерциарлық мекемелер реформа туралы сұрақтар мен жауаптар негізгі құжатынан кейін «ештеңе жұмыс істемейді» позициясына бастау берді. Оның «білім мен психотерапия құқық бұзушылардың қылмыстық мінез-құлқын жалғастырудың күшті үрдісін жеңе алмайды немесе «тіпті айтарлықтай азайта да алмайды» деген қорытындысы (49-бет) 1970- және 1980-жылдары саяси климатта қолдау тапты (Howells және Day, 1999). Алайда, метаталдау секілді ең жетілген статистикалық әдістерді қолданған кезде жаңа зерттеулер (мысалы, Gendreau және Ross, 1987) құқық бұзушыларды тиімді емдеуге болтындығын, сонымен қатар, өлшенетіндігін көрсетті. «Не жұмыс істейді» тәсілдемесі содан бері McGuire (2013) талдауы көрсеткендей, үлкен нәтижелерге әкелді. Жоғарыда аталғандай, бағалау әдістері қарама-қайшылықтар үлесіне ие. Мысалы, Peter Raynor (2004, 2008) Пробация қызметінің Pathfinder бағдарламасын бағалайтын зерттеулерге сыни көзқараспен қарады. Ол былай деді:

Пойыздардың сәтсіздігі үшін олардың жүруін қиындатқан қар жабынын немесе ылғалды көпірлерді кінәлауға болатын елде зерттеушілердің өздерінің қол жеткізген табыстарын көрсетуден «бас тартуын» дұрыс жүргізілмеген зерттеудің болуы деп болжауға болады (2004: 31).

Қазіргі кезде қолайлы бағалау әдісі ретінде рандомизацияланған бақылау сынамаларын жүргізу орнына қатысты даулар жүріп жатыр (Hore, 2009; Tillee, 2009). Осы аргументтерді 5-тарауда қарастырамыз.

ПОЛИЦИЯДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН СОТ ПСИХОЛОГТАРЫ НЕМЕН АЙНАЛЫСААЫ?

Полиция заңды орындау, ақпаратты жариялау, қоғамдық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздікті сақтау, қылмыстардың алдын алу, тергеу және айыптыларды жауапқа тарту үшін жауапты (Ұлттық полиция комиссиясы, 2013 ж.). Көптеген полициялар психология саласында біліктілікке ие (мысалы, қайтыс болған Tom Williamson когнитивті сұхбатты жасауда маңызды рөл атқарды, ал John Grieve қылмыскердің профайлын жасау үшін практикалық қосымшаларды жасады).

Сот психологтары бірқатар бағыттарда құқық тәртібін қорғау бойынша жұмыс жүргізді. Олардың атынан зерттеулер жүргізу үшін тікелей жұмысқа қабылдана алады, бұған 1986 жылдан 1994 жылға дейін Hampshire полиция учаскесінде жұмыс істеген кездегі J.W. тәжірибесі дәлел болады. Көптеген ірі астаналық полиция күштерінің зерттеу бөлімдері бар және олардың атқаратын жұмысының бірқатар аспектілері 2.2-қосымшада сипатталған.

2.2-қосымша. Danielle Wunsch Астаналық полиция қызметіндегі жұмыс туралы

Менде «Сіз не істеп жатырсыз?» сұрағына оңай жауап беруге мүмкіндік беретін жұмыс ешқашан да болмаған. Көптеген жылдар бойы мен «стратегиялық зерттеуші», «стратегияны дамыту жөніндегі менеджер» және «зерттеуші офицер» болдым. Әдетте менің мамандықтарымның атаулары түсінбестік тудырды және мен өз жұмысымның шындығында нені қамтитындығын қадағалауым керек болды. Дегемен, мен «сот психологы» болуға шешім қабылдадым. Сөйтіп, мен сот психологиясын зерттедім, себебі, ауруханада немесе абақтыда жұмыс істегім келдім. Осылайша, мен басқа мансапқа – полициядағы әлеу-

меттік жұмысқа келді. Менің магистрлік дәрежем аясында полиция қызметіне қызықтым және нәтижесінде полиция қызметіне акцент жасай отырып, диссертациямен жұмысты бастадым. Мен зерттеу жүргізгенді өте жақсы көрдім: деректер жинау және оларды талдау, ортақ тақырыптар мен статистикалық маңыздылықтың анықтамасын табу – сосын оларды шынайы мәнімен байланыстыру. Астаналық полиция әлеуметтік зерттеушілердің кішігірім тобын жинады. Мен осылайша полиция үшін жұмысымды аяқтадым.

Полициялар осы байланысты енді түсінгенде және оларда қоғам көзқарастары мен қажеттіліктерін түсіну ниеті болған кезде полициялық зерттеуші ретінде мансабымды бастадым. Мен негізінен қауіпсіз орта топтарын бақылау және лондондықтардың полицияның олармен қалай байланыс жасағанын қалайтындығына қатысты фокус-топтар секілді сапалық зерттеулерден бастадым. Уақыт өте келе, мен жүргізген зерттеулердің типі өзгерді. Менің командам енді «не жұмыс істейтінін» көрсетуге көп акцент бере отырып, көбінесе ақша үшін құндылықтар дәлелдері контекстінде рандомизацияланған бақыланатын сынақтармен қоса, көбірек бағалау жұмыстарын жүргізді.

Алайда, практикалық аудитория үшін ғылыми зерттеу нәтижелері туралы есептерді жасау міндеті өзгермеді. Ұсыныстар болжамдарды әрқашан қолдай бермеуі мүмкін, олар шынымен де «бірақ бұл біздің әрқашан жасайтынымыз дегенге» қарсы келе алады. Дәлелдеуші полиция қызметінің⁶ артуы зерттеушілердің үшін бізді тындауы үшін бірқатар «негіздемелер» берді. Сонымен қатар, қосымша міндеттер мен өкілеттіліктер пайда болды. Менің командам полиция дәлелдеріне негізделген жұмыс әдістерін тұрақты түрде енгізуге бағытталған ішкі бағдарламалық жұмысқа жетекшілік етті. Бұл мені қарапайым «зерттеуші» емес, сондай-ақ, дәріс оқушы, лоббист әрі өзгерістер менеджері етті. Бұл есептер бойынша баяндамалар мен ұсыныстар аясынан шығады – бұл «әдеттегі іс» секілді нақты деректердің негізінде шешімдер қабылдауда іргелі өзгерістерге әсер ететін ықпалға қатысты.

Мен полициялық зерттеуші болуға тырыспадым және өзімді сот психологы ретінде де сипаттай алмадым. Бірақ менің жұмысым алуан түрлі әрі күрделі, мен оның саясат пен практикаға, сол арқылы полиция қызметі мен қылмыстық әділеттілікті жақсартуға тікелей ықпал ететінін білемін.

Қаланың полиция қызметі негізгі зерттеу қызметін әкім кеңсесіне ауыстырды (толығырақ <https://www.london.gov.uk/priorities/policing-crime/about-morac> қараңыз).

Сот психологтары өздеріне криминалистердің де рөлін ала алады және Ұлттық интеллектуалдық модельдің (ҰИМ) аясында аналитикалық нәтижелерді беруге қатыса алады (Bullock, 2014, ҰИМ толығырақ түсіндіру үшін). Bullock түсіндірмесі бойынша, деректермен алмасудың және аналитикалық бағдарламалық қамтамасыз етудің арту үрдісі, әдетте, бұрынғы полиция қызметкерлерінің әлеуметтік ғылымдардың түлектері қатарындағы интеллектуалдық қызметкерлер ретінде жұмыспен қамтылуын арттырды (соның ішінде, сот психологиясы бойынша білімі бар). Олардың қызметіне қылмыскердің танымал әріптестерінің карталарын жасау, қаржы транзакцияларының модельдерін немесе байланыс деректерін іздеу немесе патрульдеу (торуылдау) мен ресурстардағы басымдылықды анықтау үшін қылмыстардың белгілі бір уақытта немесе белгілі бір жерде жинақталатын «шиеленіс нүктелерін» анықтау кіреді. Алайда, полиция қызметі бар күшімен интеллектуалды офицердің осы жаңа «түрі» үшін арнайы дайындық пен мансап құрылымын енгізуге тырысты деп айтқан әділ болар.

Басқа нұсқада түлектердің азаматтық тергеушілерге айналуы көрінеді. 2002 жылғы Полицияны реформалау туралы заңның 4-бөлімінің 4-тармағы полиция басшысына полиция қызметкерлері саналмайтын тергеушілерді тағайындау өкілеттілігін береді. Жақында құрылған Полиция колледжі мен Бас полициялар ассоциациясы (ПКЖБПА) бірлесе отырып, Кәсіби бағалау бағдарламасын (КББ) ұйымдастырды, оның көмегімен полиция қызметкерлері де, азаматтық персонал да білімді әртүрлі деңгейде меңгерген зерттеушілер бола алады.

Алған білімге байланысты сұхбат алушылардың бес деңгейі бар. Бұл:

- 1-деңгей – жаппай және ұсақ қылмыс жағдайларында әңгімелесулер жүргізу үшін жауапты студенттер офицері мен көмекші персонал;
- 2-деңгей – әйгілі қылмыстарды куәгер балалармен қоса, неғұрлым маңызды жағдайларда әңгімелесулер жүргізу үшін жауапты тергеушілер немесе детективтер;
- 3-деңгей – адам өлтіру / қастандықпен өлтірмеу, балаларға сексуалды қорлық көрсету, қауіпті сексуалды қастандық пен ажалға әкелген жол-көлік оқиғаларымен қоса, ауыр немесе күрделі қылмыстар санаттарында немесе басқа оқиғаларда сұхбат жүргізу үшін жауапты маман сұхбат алушылар мен детективтер;
- 4-деңгей – 1, 2 және 3 деңгейдегі сұхбаттың сапасы үшін жауапты сұхбат басшылары;
- 5-деңгей – 3-деңгейдегі кеңес берушілер, менеджерлер және координаторлар.

Vullock еске түсіргендей, мансаптың белгілі бір құрылымы жоқ және шенеуніктер қатарынан қызметкерлер 3-деңгейдің шегінен сирек шығады. Осы жағдайларда қызметкерлерді ұстау мәселеге айналады, себебі, әрі қарай мансап бойынша көтерілу мүмкін емес.

ФТБ (Федералды тергеу бюросы) мінез-құлық машықтарын үйрету және оқытуда топ қылмыс орнында кеңес беруші ретінде психологты қолданады. Олар физикалық айғақтан мінез-құлық туралы нені түсінуге болатынын білу үшін қылмыс орнын зерттеуде мультитәртіптік командаларда жұмыс істейді. Психолог күдікті қылмыскердің психологиялық жағдайы туралы пайымдай алады. Америка Құрама Штаттарында қылмыс орнына қатысты кеңес беруші сотта өзінің қорытындылары туралы куәлік береді. ФТБ, сондай-ақ, азаматтық тұлғаларды сотқа дейін тергеушілер ретінде қолданады.⁷ Олар мысалы, айыпталушының берген түсініктемесін тыңдайды, алдаудың кез келген белгілерін түсіндіреді немесе алқабилерді іріктеп таңдау секілді сұрақтарда кеңестер береді және жауап берушінің не болып жатқандығын түсіну сот алдында тұру қабілетін және айыпталушының мінез-құлқының дұрыс еместігін түсіну үшін ақыл-ой біліктілігі секілді факторларды бағалайды.

Мінез-құлықтық тергеу ұсыныстарын беру Ұлыбританияда полицияның тергеу жұмысына жәрдемдесу үшін қолданылатын психологиялық сараптаманың тағы бір негізгі ерекшелігі болып табылады. Rainbow мен Gregory (2011: 28-33) мінез-құлықты тергеу кеңесшілері (ТБМК) полиция тергеуіне қосқан үлестерін сипаттайды.

Бұған физикалық іздер мен жағдайларды мұқият талдаудың көмегімен зерттеудің ықтимал желілері туралы гипотезаны қалыптастыратын қылмыс орнын бағалау кіреді. ТБМК қылмыстар арасындағы сәйкестіктер мен ортақ сипаттарды іздей алады және олардың байланысты болуын ұсына алады. Олар ауыр қылмыстарды талдау секциясын жүргізетін зорлық қылмыстармен байланыстарды талдау жүйесі (ЗҚБТЖ) секілді әртүрлі деректер қорларынан алдыңғы қылмыстардың статистикалық заңдылықтарын негізге

44 СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

ала отырып, бейтаныс қылмыскердің ықтимал сипаттамаларын жасай алады. Осы болжамдардан тергеудің неғұрлым перспективті бағыттарын анықтау үшін тұлғалар бағаланатын және сараланатын басымдықтар матрицасы тұрғызылуы мүмкін және индивидтер одан әрі тергеу үшін қызығушылық білдіретін неғұрлым ықтимал тұлғаларды көрсетеді. Психология бойынша арнайы таңдап алынған сот-медициналық сарапшы кеңес берушілер, сондай-ақ, құқық бұзушылықтың ауырлығын күшейту немесе жалғасу тәуекеліне бағалау жүргізіп, ақпараттың қосымша құралдарын немесе нақты күдіктіге қатысты кеңестер бере алады. Негізгі теорияның осы саладағы рөлі мен оны сынау туралы 6 және 10-тарауларда толығырақ келтіріледі.

Сот психологтары кеңес берушілер ретінде бола алады, белгілі бір зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қаржыландырылады немесе полиция қызметіне арнайы оқу бағдарламасын жүргізе алады. У.С. мысалы жезөкшені ұстау мақсатында қызыл шамдар кварталы бойынша баяу қозғалу тәсілі қарастырылатын, сотқа балама ретінде бағдарламаны ұсынатын, әртүрлі полиция күштеріне семинарлар топтамасын жүргізді (8.2-қосымшаны қараңыз).

Психологиялық концепциялар, сондай-ақ, қоғамдық тәртіпті қорғауда көмек көрсету үшін қарастырылады. Clifford Stott пен Hugo Gorringer (2014) полиция күзетінің талаптарының шегінде тобырды бақылаудың жаңа әдісін жасауға, оқытуға және бағалауға өзінің қатысын сипаттайды. Адамдардың тобырдағы мінез-құлқы туралы әдебиетті қолдана отырып, полициямен байланыс топтарының концепциясы (ПБТК) жасалынды. Бұл полиция қарсылықтары тұрғысынан «өткенмен алшақтықты» (247-бет) білдірді. Офицерлер тобыр психологиясы мен қарсылық білдіру машықтары бойынша дайындықтан өтті және олардың негізгі рөлі «көшелерде полиция коммуникациясының деңгейін арттыруда, бейбіт қарсылыққа жәрдемдесуде және қарсылық білдірушілер арасындағы полицияның болу легитимділігі туралы түсінікті арттыру жолымен сенімді нығайтуда» көрінеді (247-бет). ПБТК жақсы коммуникаторлар болғанымен қатар олар мәселелер туындаған кезде шешуге мүмкіндік берген және тобырда қарбаластықты құруға кедергі келтіруге көмектескен тәсілдерді үйретті. Бағалау қарсылыққа қатысушылар арасындағы өзін-өзі реттейтін мінез-құлыққа ықпал ете отырып, олардың сәтті өрістеуін көрсетті. ПБТК-ны қолдану енді ұлттық стратегияның бөлігі болып табылады.

Полицияда жұмыс істейтін психологтардың басқа да орындайтын рөлдері мен функциялары бар (Ainsworth, 1995; Brown, 2000; Scrivner, 2006; Wrightsman және Fulero, 2005). Алдында талқыланған бірқатар ұқсас сұрақтарды кездестіреміз. Осы жерде біз алдында талқыланған анықтаманың бірқатар шектес сұрақтарға жолығамыз. Жұмыстың кейбір бөлігі клиникалық сипатқа ие, мысалы, қызметтік міндеттерді бағалау, күйзелістер мен жарақаттар бойынша кеңес беру, өзін-өзі өлтіруге қарсы тұру және алдын алу. Басқа жұмыс кәсіби психологияның саласы болып табылатын жұмысты бағалау мен персоналды таңдауды қамтиды. Тағы да бір жұмыс – жедел кеңес беру, мысалы, кепіл тұтқындармен келіссөздер жүргізгенде немесе сот психологының құзыреттілігіне енбейтін когнитивті сұхбатты қолдануды үйретуде көрінді.

АБАҚТЫ МЕН ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН СОТ ПСИХОЛОГТАРЫ НЕМЕН АЙНАЛЫСААЫ?

Біріккен корольдікте Пробация қызметі 1997 жылғы Құқық бұзушылардың пробациясы туралы заңына сәйкес ресми түрде құрылды. Оның бастапқы рөлі құқық бұзушылар-

мен байланысты жақсартуда және әлеуметтік жұмыспен тығыз жұмыс жасауда көрінеді. Соңғы бірнеше он жыл ішінде Қызмет айтарлықтай күйзелістерді бастан өткізді, бұл туралы біз келесі тарауда толығырақ айтатын боламыз. 2000 жылы Қылмыстық әділ сот пен соттар туралы заңы полициямен және қылмыстық қудалау қызметімен бірге қызмет жасайтын ұлттық пробация қызметінде (ҰПҚ) пробацияның 42 аймағын құрды (Maig және Burke, 2012: 165). Осы Заңда, сондай-ақ, полиция қызметкерлері мен пробация қызметтері жоғары тәуекел деңгейіне ие сексуалды және басқа қылмыстармен байланысты тәуекелдерді басқару мақсатында бірге қызмет етуі тиіс.

1946 жылы психологтар соттарда есептерді дайындауға көмек көрсету үшін абақты қызметіне келді (Marcus, 1982), 1980 жж. Англия мен Уэльсте абақтыда абақты персоналын оқытуға белсенді қатысқан 85 психолог пен 35 психологиялық көмекші жұмыс істеді. Towl мен Crighton (2008) абақтыларда жұмыс істейтін психологтар санының артуы мен кәсіпқойлығының жоғарылауын сипаттады. 2004 жылы екі қызметті біріктірген Құқық бұзушыларды басқарудың ұлттық қызметі (ҚББҰҚ) құрылды. ҚББҰҚ бірыңғай түзету қызметі құқық бұзушыларды басқаруды бақылайды, интервенцияны жүзеге асырады және қызметтер көрсетеді. 2014 жылдың 1 маусымынан бастап пробациялар жаңа Ұлттық пробация қызметімен (ҰПҚ) және 21 қоғамдық оңалту компанияларымен (ҚОК) ауыстырылды. ҰПҚ барлық құқық бұзушылар үшін тәуекелді бағалауды жүргізу үшін және қоғамға ауыр зиян келтірудің ең үлкен қаупін тудыратын, неғұрлым ауыр қылмыстар жасаған құқық бұзушыларды тікелей басқару үшін қоғамда жауапкершілікке ие. ҚОК орташа және төменгі деңгейде қауіп тудыратын құқық бұзушылар туралы қоғам талаптарын беру үшін жауап береді.

2.3-қосымша. Сынақ мерзімінде сот психологы болып жұмыс істейтін Tania Tancred

Менімен бірге жұмыс істейтін адамдар өздерінің өмірімен тіршілік ететін қоғам контекстінде жұмыстан неғұрлым көбірек ләззат аламын деп ойлайды. Мен бұрында НМ абақты қызметінде жұмыс істедім және маған әрқашан өзімнің атқарған жұмысымның көбісі гипотезалық болып көрінетін, себебі, адамдар мекемеде өмір сүреді. Адамдарды қоғамға қайтадан біріктіру мақсатында олармен және олардың отбасыларымен жұмыс жасау өте пайдалы және ол ынталандырылады. Менің жұмысымның негізгі бағыты – бұл қоғам қорғанысы механизмінің мультиагентінің (ҚҚММ) көмегімен басқарылатын адамдар. ҚҚММ-ға ең жоғарғы тәуекел деңгейі ие құқық бұзушыларды бағалайтын және оларды бақылайтын ресми әріптестер ретінде сынау, полиция және пенитенциарлық қызметтер кіреді. Сынақ мерзімінде жұмыс істейтін сот психологы бола отырып, мен консультациялық қызметтер көрсетемін және маған, көбінесе, жеке жұмыс пен психиатриялық қызметтермен байланыс тапсырылады. Мен полицияны, әлеуметтік қызметтерді, үйді жалға берушілерді және еріктілерді қоса алғанда, әртүрлі мекемелердің жанында жұмыс жасағанды ұнатамын. Бұл бір адамға көптеген әртүрлі көзқарастарды біріктіреді және мұқият бағалауды жүргізуге мүмкіндік береді.

Мен жұмыс істейтін басқа агенттіктерге қоса, менің жұмысым клиенттермен және персоналмен жұмыс жасаумен байланысты. Мен жеке және топтық іс-шараларды жүргіземін, тәуекелдерді бағалаймын, қызметкерлерге кеңес беремін және оқытамын. Мен сот, қамауға алу орны және клиенттердің үйлеріне бару секілді әртүрлі жағдайларда жұмыс орындаймын. Бұл менің рөлімнің алуан түрлі екендігін және ұқсас екі күннің жоқтығын білдіреді. Пробация оңалтуға ерекше назар аударады, сондықтан менің жұмысым әрқашан пробация бойынша менің әріптестерімнің қолдауымен байланысты.

Өткен жылдарда пробацияда, ал соңғы кезде құқық бұзушылардың зиян келтірудің жоғары тәуекелін бақылау үшін жауапты мемлекеттік пробация қызметінің (ҰПК) «Оңалту трансформациясы», сонымен қатар, орташа және төменгі тәуекел жағдайларын басқаратын қоғамдық оңалту компанияларында (ҚОК) көптеген өзгерістер орын алды. Бұл машықтары үздік түрде қолданылатын сот психологтарына мүмкіндіктердің кең спектрін әкелуі мүмкін. Тұлғаның бұзылуларының стратегиясы жөніндегі қоғамдастық клиенттермен жұмыста іргелес салалар бойынша қызметкерлерге көмектесетін психологтар үшін жаңа рөлдер жиынтығының пайда болуына ықпал етті. Болашақта сот психологтары осы жұмысқа және ҰПК пен ҚОК жұмысына көбірек үлес қосады деп сенемін.

Әділет министрлігінің жақындағы мәлідемесінде қазіргі ҚББҰҚ механизмдері (<https://www.gov.uk/government/publications/ҚББҰҚ-annualreport-and-accounts-2013-2014-ті-қараңыз>) ретінде сипатталады.

Англияда және Уэльсте Әділет министрлігінің атқару агенттігі (ӘМАА) абақты мен сынау қызметтерін қалыптастыру үшін және қосу үшін әділет мемлекеттік хатшының атынан жауапты. Біз қоғамның қорғанысы мен қайтадан құқық бұзушылықты азайтуды анықтаймыз. 2013-14 жылдар ішінде келесідей жолдар арқылы біздің қызметтер көрсеттік:

Пробация қорлары – жергілікті деңгейде пробация бойынша қызметтерді көрсету үшін жауапты 35 қор;

Қоғамдық сектор абақтылері – бас бостандығынан айыру орындарының шамамен 82 пайызын қамтамасыз ететін 106 абақты;

Жеке сектор провайдерлері – сотталушыларды сүйемелдеу арқылы құқық бұзушылардың электронды мониторингін (ЭМ) қамтитын басқа да маңызды қызметтерді беру, келісімшарт бойынша 14 абақтыны пайдалану;

Әріптестік қарым-қатынастар – полицияны, жергілікті билік органдарын, денсаулық сақтау мен білім беру саласындағы қызметтер көрсетушілерін қамтитын мемлекеттік және әлеуметтік секторлардағы әріптестермен, сонымен қатар, ерікті және әлеуметтік кәсіпорындар секторындағы ұйымдардың кең шегімен қарым-қатынастар.

Келісімшарт бойынша қызметтерді ұсыну – Агенттік Жастардың әділет басқармасымен бірге жастарға (18 жасқа дейін) 1 120 төсек-орынды беру туралы келісімшарт жасасты, ал Ішкі істер министрлігі иммигранттарды шығарып, үш орталықтан 850 орын береді.

Біздің штаб-пәтеріміздің (ШП) функциялары Агенттік үшін корпоративті және жедел қосымша қызметтерді ұсынады және парламент алдында міндеттер бойынша жұмыс атқарады.

Абақты аумағы неғұрлым жоғары тәуекелі бар А санатты қамаудағы адамдар отыратын қауіпсіздігі ең жоғарғы сегіз абақтыдан тұрады. В санатты қамаудағы адамдар қауіпсіздіктің ең жоғарғы жағдайларында ұсталмауы тиіс, бірақ қашу үшін олардың әлеуеті өте қиын болуы қажет. В санатты мекемелер, сондай-ақ, сот алдында тұрған немесе үкімін күтіп жүрген қамаудағы адамдарды ұстайтын тергеу изоляторы ретінде жұмыс жасай алады, ал С санаты оқу абақтылері, сонымен қатар, ашық қолжетімді немесе ауы-

су мүмкіндігі бар D санатты абақтылар болып табылады. Жазасын 12 айдан аз уақытта өтейтін қамаудағы адамдар, әдетте, алдын ала қамауда немесе жергілікті абақтылерде қалады.

Англияда 13 әйелдер абақтысы бар:

Askham Grange, York – Yorkshire & Humberside
 Bronzehead*, Middlesex – Greater London
 Downview, Surrey – Greater London
 Drake Hall, Staffordshire – West Midlands
 East Sutton Park, Kent – Kent & Sussex
 Eastwood Park, Gloucestershire – South West
 Foston Hall, Derbyshire – East Midlands
 Holloway, Greater London – Greater London
 Low Newton, Durham – North East
 New Hall, West Yorkshire – Yorkshire & Humberside
 Peterborough*, Cambridgeshire – East of England
 Send, Surrey – Greater London
 Styal, Cheshire – North West

*жеке мекемелер

18 бен 21 жас аралығындағы қылмыскер әйелдер жас ретінде саналады. Олар осы үшін әйелдер қожалығында арнайы әйелдер абақтылерінде өмір сүреді, бірақ тәуекелді бағалауға байланысты қамаудағы адамдар үшін қолжетімді қызметтердің барлық түрлеріне қатыса алады. 18 жасқа дейінгі қыздар әйелдер абақтылерінің жеке бөлімшелері болып табылатын жас әйелдердің бөлімдерінде ұсталады. Бөлімшелер үшке бөлінген – Downview-дегі the Josephine Butler Unit, Eastwood Park-тегі the Mary Carpenter Unit және New Hall жанындағы the Rivendell Unit.

Қылмыскер жастарға арналған мекемелер (ҚЖАМ) 1988 жылғы Қылмыстық әділеттік туралы заңға сәйкес енгізілді, бірақ жас құқық бұзушыларға арналған арнайы орталықтар XIX ғасырдан бастап жұмыс істеді, Kent-тегі Borstal абақтысында 1902 жылы алғаш рет ашылды. 1982 жылғы Қылмыстық сот ісін жүргізу туралы заң балаларға қамқорлық орталықтарының желісімен ауыстырыла отырып, Borstal жүйесін жойды. Жас адамдарды қауіпсіз балалар үйлерінде (ҚБҮ), қауіпсіз оқу орталығында (ҚОО) немесе Cookham Wood (Kent), Feltham (Greater London), Hindley (Greater Manchester), Parc (Wales), Warren Hill (Suffolk), Werrington (Staffordshire) және Wetherby (West Yorkshire) секілді жас қылмыскерлерге арналған мекемелерде қамауға болады.

2.4-қосымша. Kerry Joy кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға арналған мекемедегі жұмыс туралы

Қазір мен психология бойынша өңірлік команданың құрамында сот психологы болып жұмыс істеймін. Бұл менің мүмкіндіктерімді көбейтіп, тәжірибе жинауыма мүмкіндік берді. Өңірлік тәсілдеме маған жоғары басымдыққа ие жұмыс бар абақтылер арасында ауысуға мүмкіндік береді, нәтижесінде ер адамдар абақтыларында да, әйелдер абақтылерінде де кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен, нақты құқық бұзушылармен де, сонымен қатар, қауіпсіздіктері санаттары әртүрлі абақтыларда да жұмыс жасайды. Менің

рөлім алуан түрлі, олар британдық психологиялық қоғамда сот-медициналық дайындаудың төрт негізгі позицияларында көрсетілген машықтарды талап етеді. Мысалы, мен көбінесе шартты мерзімінен бұрын босатылу сұрақтары бойынша психологиялық баға беремін және ауызша түсініктемелер беремін. Мен жоғары тәуекел деңгейі бар тұлғалармен топтық жұмыстың көмегімен интервенцияны аяқтаймын. Қызметтер аясында жаңа салалар мен үрдістерді зерттеу мүмкіндігі бар. Кеңес берушілердің рөлі құқық бұзушыларды басқару моделі үшін шешуші маңызға ие, олар үшін жазаларды жоспарлау мәселесі бойынша кеңес береді. Бұл рөлдің аспектісі ауыр оқиғаларда келіссөздер бойынша кеңес беруші ретінде ұсыныстарды талап етеді. Абақты жағдайларында жұмыс істейтін сот психологы бола отырып, біз мамандандырылған білім салаларындағы персоналды дайындауға жиі қатысамыз.

Мен жұмыс жасау барысында құқық бұзушылармен жұмыс жасаудан неғұрлым жоғары ләззат және оңалту жұмысында жағымды әсер алдым. Әсіресе, жастармен жұмыс жасау пайдалы болды. Мен 15-тен 18 жасқа дейінгі ер балалармен уақыт өткіздім. Оларды қызық көрдім. Жастарда көбінесе олардың құштарлығы стиліне ықпал еткен күрделі жағдайлар болды. Бұл кәсіби жұмыстық қарым-қатынастарда сенімділікті қалыптастыру үшін қиындықтар тудырды. Олар жауап бергенде мен өзгерістерді көрдім, бұл шынымен пайдалы болды. Клиенттердің бұл тобы да өте ерекше. Практик ретінде сіз әрқашан оқытудың жаңа тәсілдері мен олардың назарларын аудару туралы ойлайсыз. Мен өзімнің барынша шығармашыл тұлға бола білгенімді байқадым, бұл жұмысымның маған ұнайтын тағы бір аспектісі еді.

Британдық психологиялық қоғамға алынуға және Денсаулық сақтау мен мамандықтар сұрақтары бойынша кеңесте тіркелуге апаратын жол ұзақ әрі күрделі болуы мүмкін. Сіздің мотивациялануыңыз және сізде жақсы үйлестіруші-супервайзердің болуы өте маңызды. Осымен қатар, сізге өзіңіздің оқуыңыз үшін жауапкершілік алып, мақсаттарыңызға жетуіңіз қажет. Мәртебе шешімдерді негізді түрде қабылдау, тиімді коммуникацияны, қауіпсіз әрі этикалық практиканы, өз күшіне сенімділік пен жақсы психологиялық білімді қолдану қабілеті қажет етіледі. Сот психологы болу жоғары жауапкершілікке ие, себебі, нәтижесінде сіз адамдардың басқаларға немесе өздеріне зиян келтіру тәуекелін жиі түсіндіретін боласыз.

Осы саладағы жұмыстың қиындықтарының кейбіреулері қауіпсіз ортадағы жұмыстың күнделікті мәселелерімен байланысты және қоршаған ортаның табиғаты сіздің жұмыс практикаңызға шектеу қоя алады. Клиенттер тобында көбінесе кем дегенде бір тұлға бұзылуы кездеседі және осындай диагноз қойылған клиенттермен жұмыс жасау жоғары жауаптылықты талап етуі ықтимал, сондықтан, өте төзімді болу сіздің психологиялық сау болуыңыздың және тиімді практиканың кілті болып табылады.

15 жыл ішіндегі ҚББҰҚ-дағы жұмыстан түсінгенім – барлығының әрқашан дамып, өзгеріп отыруы. Бұл психолог ретінде біздің жұмысымыз бен сервисіміздегі маңызды бөлігі. Практикадағы ең соңғы өзгерістердің бірі ашық мекемелерге шолу жасау және психологтардың ашық абақтылар мен қоғамдастықта тәуекелді басқаруға қалай көмектесетіндігі болды. Бұл маған ашық абақтыларда үлкен жұмысты аяқтау мүмкіндігін, сонымен қатар, тәуекелдерді басқару дағдыларымды жетілдіруге мүмкіндік берді.

Англия мен Уэльстегі жастар істері жөніндегі әділет кеңесі (ЖІЖК) мемлекеттік орган емес атқарушы орган болып табылады. Оның кеңес мүшелерін әділет сотының органы тағайындайды. 2000 жылдың сәуірінде ЖІЖК балалар мен жастар арасында

қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ресми міндеттерді алды. ЖІЖК бес жұмыс қағидаларын жоспарлағаны туралы мәлімдеді:

- Балалар мен жастарға арналған қауіпсіз мекемелер және оларға арналған мамандар ересек адамдарға арналған мекемелерден айрықшалануы тиіс;
- Пайдалануға енгізілетін қызметтер алуан түрлілікті мойындауы және алдын алу режиміндегі тепе-теңдікті жылжытуы тиіс;
- Пайдалануға енгізілген қызметтер қамауға алынған балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін, әл-ауқатын қолдауы және жастардың көзқарастарын белсенді түрде қарастыруы тиіс;
- Бұзатын мінез-құлықпен күреске бағытталған араласулар тиімділік дәлелдеріне негізделуі тиіс және оларды жүзеге асыру мұқият бағалануы және дербестендірілуі тиіс;
- Қызметкердің жеткізушілері балалар мен жастарға криминалсыз салауатты өмір салтын ұстануға мүмкіндік бере отырып, әлеуетін мойындауы және насихаттауы қажет.

Қауіпсіз жағдайлардағы жастардың саны қысқарып келеді, бұл жасы 18-ден кіші жасөспірімдерді алып тастауға ықпал етті. Қауіпсіз оқыту орталықтарында (ҚОО) және қауіпсіз балалар үйлерінде (ҚБҮ) пайдаланудан әрі қарай шығару жүргізілетін болады деп болжанады.

ЖІЖК айналысатын қызметтің басқа саласы – бұл жастар арасындағы экстремизмнің күштеп алдын алу. Осы мақсатта олар бағалау үдерісін (Hirschfield et al., 2012) жариялады және әдебиетке жүйелік шолуды жасады (Christmann, 2012).

Stighton және Towl (2008) британдық абақтылерде жүргізілетін жұмысқа сипаттама берсе, Brunswig мен Parham (2003) Америка Құрама Штаттарында түзету психологиясына шолу жасады. Соңғылары келесі рөлдерді тізіп шықты: басқару/қадағалау, тәртіптік топтардағы жұмыс, персоналды таңдау, персоналға кеңес беру және жұмыскерлерге көмектесу, тәуекелді бағалау, жазалау мерзімінің аяқталуын бағалау, мерзімінен бұрын босату, тұтынуды бағалау, психикалық белсенді заттарды теріс пайдалануды бағалау, өзін-өзі өлтірудің алдын алу, изоляторларға орналастыру, сексуалдық озбырлықтарды бағалау, алдау, дағдарыстық араласу мен кепіл тұтқындармен келіссөздер жүргізу, жеке және топтық терапия, сексуалдық қылмыскерлермен қатынас жасау, отбасылық кеңес беру және зерттеулерді үйлестіру. Осы тізімнен біз полицияда жұмыс істейтін психологтардағыдай шекараларын анықтауда мәселелердің туындайтындығын көреміз. Осы рөлдердің кейбіреулері клиникалық, ал басқалары кәсіби болып табылатындығы анық. Мысалы, сот психологиясын оқыту бағдарламасы жеке іріктеп таңдап алудың психометриялық тесттерін жүргізу немесе жұмысқа сыни талдау жүргізу үшін іс-тәжірибе жүргізетін адамды аккредиттемеуі мүмкін. Абақты режимімен жүргізілетін көп жұмыс топтық жұмыспен және құрылымданған бағдарламаларды ұсынумен байланысты. Негізінен олар рецидивтерді қысқартуға бағытталған, олардың көпшілігі когнитивті мінез-құлықтық тәсілдемелерде құрастырылған. Когнитивті машықтар, сексуалдық жәбірлеулер және зорлық сипатындағы қылмыстар ұсынылатын бағдарламалар болып табылады. Сонымен қатар, осындай бағдарламаны егжей-тегжейлі сипаттау үшін терапевтік қоғамдастықтарды ұсыну (Brown et al., 2014) секілді иммерсиялық терапияларды жүргізеді. Brunswig пен Parham басқару мен қадағалау саласында студент-практиканттардың жұмысын бақылауды, сонымен қатар, персоналдың әл-ауқаты мен еңбек қарым-қатынастары секілді ұйымдастырушылық комитеттеріне қатысуын анықтады. Towl (2003) Ұлыбританияның

абактылерінде психологтардың жаңа мемлекеттік басқару (ЖМБ) режимдерін қамтығандығын және олар өзгерістерді басқаруды жүзеге асыруда үлес қосқандығын айтты. Бұл туралы 4-тарауда толығырақ сипаттаймыз.

Пробация қызметі денсаулық сақтау, тұрғын үй және жұмыспен қамту қызметтерімен бірге жұмыс жасайды және осы қызметтер үшінші сектордың ерікті мекемелерімен кең жұмыс жасайды. ҚББҰҚ екі органының (пробация мен абақты) психологтары құқық бұзушыларды басқару стратегиялары мен тәуекелдерді басқаруға қатысады. Осы сектордағы психологтар пробацияға қатыса алады және полицияға адамдардың белгілі бір санатына (мысалы, балалар) қатысты немесе белгілі бір уақытта белгілі бір жерде индивидуумға сексуалдық профилактика жүргізуге көмектесе алады, оқиғалармен не басқа да құқық бұзушылықтармен жұмыс істейтін абақтыны басқаруға қатыса алады.

2.5-қосымша. Yvonne Shell адамды кепілдікке алу туралы

Шамамен 18 жыл бұрын мен абақтының арнайы бөлімшесінде – пенитенциарлы жүйеде көп дегенде ең қауіпті 18 адам қамалатын бөлімшеде сот психологы болып жұмыс істедім, сондықтан мінез-құлық олардың абақтыға қамалуына себепкер ретінде, сондай-ақ, олардың абақтыдағы мінез-құлқы ретінде ғана сипатталынды. Бұл мінез-құлық басқа қамаудағы адамдарды, абақты қызметкерлерін өлтіруді, агрессивті мінез-құлықты, соның ішінде қарсылық білдіру мен адамды кепілдікке алуды қамтиды. Шынымен де, бөлімше қызметкерлерінің көпшілігінде қамаудағы басқа адамдарды және персоналды тұтқынға алу оқиғасы болды.

Мен бөлімде жұмыс жасаған күндерімнен онай еске түсірілетін және қазір осындай оқиғалар туралы естігенде еске түсірілетін оқиғаны есімде сақтаймын. Осыны еске түсіргенде күлкім келеді. Сіз осы сатыда мені түсініксіз сөйлеп отыр деп ойлайтыныңызға сенімдімін, бірақ маған бір танымал кепіл тұтқын оның келесі кепіл тұтқыны болуға сес көрсеткен күннің оқиғасын айтып беріге рұқсат етіңіздер.

Мен әңгімелеп отырған қамаудағы адам бағалау мен емдеуді жүргізуге тырыса отырып, үш жылдан астам жетекшілік еткен адам еді. Екеуіміздің арасындағы динамика осылайша өтті. Күн сайын аздап ол күліп, мені балағаттап, алаңқайда күтіп тұратын. Үш жыл ішіндегі менің жауабым өзгеріссіз қалды. Мен бұл «сәлемдемені» алған кезде, күлімсіреп, «қайырлы таң» деп жауап беретінмін. Осы уақыт ішінде өмір бойына қамалған адам бөлімшедегі жалғыз адам – менімен барлық сұхбаттасудан бас тартты. Оның еш өзгермейтін бас тартуына қарамастан мен қайсарлықпен ұсына бердім, ал ол маған ұсынысымды қабылдамайтынын батыл түрде айтты. Бұл биге ұқсас еді. Саусақтарымызды басып кетпеуге тырысып, бір-бірімізді абайлап айналып өткен би!

Оқырмандар осы құрылғыда оқиғалардың өте аз екенін біліп, таң қалуы мүмкін. Мұның себебі келесідей. Әрбір қамаудағы адам қамаудағы басқа адамның беделін түсіне білді, ал олардың сау не, бәлкім, сау емес әлеуеті бірнеше оқиғаның себептерінің бірі болды. Сонымен қатар, алдына ала басқару, жақсы коммуникация және ерекше жеке офицерлік сызба бұл жағдайда да маңызды болды. Сондықтан блокта дабыл болғанда, барлығы мұның өте қауіпті жағдай екендігін білетін. Осы кезде қанаттың екінші жағында менің кеңсем орналасқан жерде дабыл белгісі ойнатылды. Менің кабинетіме ескі камера болатын және барлық уақытта басқару кабинеттерінің шахтасы мен психиатрлар жағына кіретін жерді бақылап, сыртқы кабинетте офицер отыратын. Алайда, бұл дабыл ойнағанда, жауап беру үшін сыртқы кеңсе еріксіз күзетсіз қалдырылды және осы қамау-

дағы адам осы мүмкіндікті пайдаланып, білдіртпей кірді, осы аймақтағы барлық кеңселер бос болған еді.

Дабыл белгісі берілген кезде мен өзімнің кабинетімде есеп жазып отырған едім. Сыртқы контораның қараусыз қалғанына мән берместен, жұмысымды жалғастыра бердім. Мұны кеңсемнің есігіне сүйеніп тұрған біреуді көргенде ғана білдім. Бұл мен жоғарыда айтып өткен қылмыскер еді. Ол қолдарын қалтасына салып, маған қарап, күліп тұрды. Бұл жағдайдың мен үшін өте қауіпті екенін түсіндім. Басымда әртүрлі ойлар сансаққа жүгірді. Менің жалғыз екенімді және оның менімен бірге екенін ешкім білмейтінін түсіндім. Сондай-ақ, үстелімнің төменгі жағында орналасқан дабыл батырмасын бассам, жауап кеш келетінін және мұның жағдайды ушықтыра түсетінін білдім. Абыржымай, батырманы баспай отыру үшін көп күш қажет болды. Оның орнына мен қаламымды шетке қойып, орындығымның арқасына сүйеніп, қылмыскердің атын атадым. Ол маған күліп, мынадай фразамен жауап қайтарды: «Енді мен сені тұтқынға ала аламын». Оның осылай айтатынын білген едім. Сол сәтте мен осы жағдайдан шығу үшін үш жыл ішінде онымен құрған барлық «қарым-қатынастарыма» қолдану қажеттігін білдім. Сондай-ақ, жасағанымның барлығының іске аспауы мүмкін екендігін де білдім.

«Мен сені тұтқынға ала аламын» сөзі құлақтарымда ойнады, алайда өзімді еркін ұстауға, күлімсіреуге және оның айтқанын шындық деп мойындауға мәжбүрледім. Өте баяу жауап беру арқылы уақытты ұтуға болатындығын естідім: «Иә, бұл шындық, ХХХ, сіз мені тұтқынға ала алар едіңіз. Бірақ сіз білесіз, бұл Мен сізге айтуым керек, егер сіз осыны жасайтын болсаңыз, мен сізбен ақыры сөйлесетін боламын, ХХХ, себебі, сіз осы әңгімеден қашқақтап, соңғы үш жылды өткіздіңіз. «Ант етемін, дүние бір сәтке тоқтады. Мен ашық жарқын түрімді сақтауға және әрі қарай отыра беруге тырысу үшін демімді ішке тартқаным сенімдімін. Ол менің реакциям туралы ұзақ уақыт ойланғандай көрінді. Сосын ол күлкіден селк ете түсіп, басын шайқап, «Сіздікі дұрыс», – деп, бұрылып кетіп қалды.

Осы адаммен басқа жағдайда бұл стратегия іске аспас еді деп ойлаймын. Дегенмен, мен үш жыл ішінде біз құрған терапевтік қарым-қатынастардың формасы осы кездесуде аман қалуыма түсінік берген би деп ойлаймын. Енді, сол күннің оқиғаларын ойлағанда, күлімсіреймін. Мен тағы да қорқынышты сезінемін. Мүлдем басқаша аяқталуы мүмкін сәт. Егер араларыңыздан біреу сұрайтын болса, келесі күні оны ғимараттың қанатына шығып, алдыңғы үш жыл ішіндегідей кездестірдім және ол әдеттегідей жауап берді.

Сот психологтары абақтыде құқық бұзушыға абақты ортасы тудыруы мүмкін немесе жаңа мәселелерді, мысалы, отбасыдан ажырау, күйзеліс, мазасыздық, жәбірлеу, психикалық белсенді заттарды теріс пайдалану секілді жаңа мәселелерді шешуде көмектесу үшін кеңестер бере алады. Олар машықтардың қандай курстарының немесе емдеудің әрқайсысы үшін сәйкес келетіндігі туралы ұсыныстар береді, ашуды басқару, ойлау машықтарын жақсарту немесе сексуалдық құқық бұзу курстары секілді жеке немесе топтық емдеу бағдарламаларын жасайды, бақылайды. Олар, сондай-ақ, персоналды оқытуға, интервенцияларды зерттеуге немесе режимге бағалау жүргізуге қатыса алады және трибуналдар, соттар немесе шартты мерзімінен бұрын босату жөніндегі кеңестер үшін түсініктемелер бере алады немесе есептер жаза алады. Олар өзіне және басқаларға зиян келтірудің ықтимал тәуекелін бағалай отырып, оның босатылу жағдайында қайтадан құқық бұзудың ықтимал тәуекелі туралы жеке кеңес бере отырып, тәуекелді бағалауға қатысатын болады.

Тәуекелдерді бағалау, психометриялық өзгерістерді жасау және бағдарламаларды бағалау бойынша зерттеулер кеңінен тарады (McMurrin, Hollin, Craig, Dixon және Gannon 2010 редакциясын қараңыз). Сонымен қатар, басқа да мамандандырылған тақырыптар қамтылды. Соңғы жылдары абақтыдегі өзін-өзі өлтіруді зерттеу жиілеп кетті, себебі, олар басқаларына қарағанда көбірек (Towl, 2010). Towl осындай жұмыстарға қатысу үшін қажетті белгілі бір машықтардың маңыздылығын, алдымен абақты өмірінің салттарын минимумға жеткізу және бас бостандығынан айыру кезінде қатар жүретін күйзеліспен қорқыныш сезімдерін қалыпқа келтіру қажеттілігін көрсетті.

Paul Gendreau және оның әріптестері («ешқандай жұмыс істемейді» позициясын жоққа шығаратын негізгі ойыншылар) жазалаушы және оңалту мақсаттарының негізгі философиялық қағидаларын талқылады (Gendreau et al., 2006). Олардың трактаты осы кітаптың 4-тарауында толығырақ талқыланады.

Сот психологтары қамаудағы адамдардың белгілі бір санаттарымен жұмыс істей алады. Балама ретінде олар өмір бойына қамауға кесілген қамаудағы адамдармен де жұмыс істей алады және оларға абақтыдегі жағдайларға бейімделуге көмектесетін іс-шараларға қатыса алады. Өмір бойына сотталғандар өзін-өзі өлтіруге бейім келеді, сондықтан, қамаудағы адамдардың тәуекелін бағалауда өзіне де, басқаларға да әлеуетті зиян келтіруін қарау маңызды.

Lea, Auburn мен Kibblewhite (1999) сексуалдық қылмыскерлермен жұмыс істейтін кәсіпқойлар арасындағы ерекше шиеленісті көрсетті. Олар мұны өздерінің қылмыскерлермен қатынас жасау қажеттілігі мен олардың жасаған құқық бұзушылықтарын жек көргеніне қарамастан, олармен айналысудағы әлеуетті дилемманы көрсететін «кәсіби жеке диалектика» түсінігінде іске асырды. Мұны әрі қарай 10 және 12-тарауларда талқылаймыз. Бұл зерттеу Terri Cole-дің сот психологы болуға ұмтылысының дамуында маңызды орын алды.

2.6-қосымша. Terri Cole-дің Susan Lea зерттеулеріне көмектесу туралы ойлары

Маған университеттен жазғы жұмыс қажет болды, себебі, мен университетке жақын тұрдым, пәндері қызықтырған оқытушылардан қандай да бір (ақы төленетін) көмекке мұқтаж екендігін сұрауды ойладым. Менен қағаз басып шығара алатынымды сұрады, бақытыма орай, менің қолымнан келетін еді. Tim Auburn мен Susan Lea зорлықшылар туралы эпизодтар мен зерттеулер жүргізді, оларға сексуалдық қылмыскерлерді емдеу бағдарламасының жазбаларын жазатын адам қажет екен.

Мен қызықты әрі ақы төленетін жұмысты тапқаным және өзім құрметтейтін дәріс оқышылармен жұмыс жасағаным үшін ғана емес, сондай-ақ, абақтыде шынымен де қандай емнің қолданылатындығы туралы түсінік беретін өңделмеген деректерге қол жеткізу үшін де ерекше қуандым. Мен оны сол кезде түсінбеген болармын, бірақ ол маған студент бола отырып, сапалық зерттеулерге үлкен құлшыныс берді. Олар дискурсты талдауды қолданды, сондықтан, мен әрбір сөзді сөзбе-сөз тыңдап, жазуым ғана қажет болған жоқ, сөйлеген әрбір адамның дауысы мен сөйлеуінің әрбір егжей-тегжейі бойынша сәйкестендіру қажет болды (мысалы, іркіліс – ұзындықты, бөлуді, жоғары дауыс және т.б.). «Егжей-тегжейлеріне назар аудару» – бұл психология саласындағы менің барлық жұмысымдағы табанды ұстаздың мантрасы мен данышпан сөздері. Сапалық зерттеулер жүргізген кез келген адам ешқашан да оңай нұсқа болмайтынын сөзсіз түсінеді және мағынасын ашу үшін қанша уақыт қажеттігін білген кезде қатты таңырқадым, жи-

накталған көп деректерді талдауды айтпай-ақ қояйын. Жаз бойы бос жүрудің орнына мен контентті тыңдаумен және әдіснаманы зерттеумен болдым. Сонымен қатар, өзімді «зайырлы» тұлға санағанмен, қылмыскердің дискурсындағы заңнамалықтарды анықтау және теріске шығару, негіздеу және минимизациялау секілді тақырыптармен таныстым. Осылайша, осы жаз мені шабыттандырды: жұмыстың осы саласы қызықты, әсерлі болды (зерттеу бағытына байланысты әртүрлі әдістерді қолдана отырып) және оны шынайы өмірде қолдануға болар еді, жаңа әрі инновациялық болды, мен бір күні онда тағы да үлкен рөл атқаратыныма үміттендім.

АРНАЙЫ АУРУХАНАЛАР МЕН ОРТАША ҚАУІПСІЗАІК БӨЛІМШЕЛЕРІНАЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН СОТ ПСИХОЛОГТАРЫ НЕМЕН АЙНАЛЫСААЫ?

Егер соттар адамның психикалық саулығында мәселе бар деп шешсе, тұлға абақтыде емес, қауіпсіз арнайы ауруханада бола алады. Айрықша сот-медициналық клиникалық психологтар психикалық денсаулығында мәселелері бар науқастармен жұмыс істеу, оларды бағалау және емдеу үшін қауіпсіз бөлімшелерде жұмыс істейді. Мысалы, олар қылмыс жасаған, бірақ шизофрениямен немесе тұлғаның бұзылуымен ауыратын адамдармен сұхбаттасып, бақылап, бағалап, емдей алады. Сот психологтары осындай жағдайларда психикалық бұзылыстарды емдеуге маманданған психиатрлармен бірлесе отырып та жұмыс істей алады.

Ұлыбританияда психикалық науқас деп саналатын қылмыскерлер жататын төрт «арнайы» аурухана бар. Broadmoor викториандық баспанада тұрғызылды және 1863 жылдың 27 мамырында балаларды өлтірді деп танылған бірінші әйел науқасты жатқызды. Алғашқы науқас ер адамдар келесі жылы келді. Daniel M'Naghten 1864 жылы Broadmoor-да ұсталды. M'Naghten мемлекеттік қызметкерді премьер-министр, сэр Robert Peel деп ойлап, атып тастады, себебі, «Тогies менің туған қаламда [Glasgow] осылай жасауыма мәжбүрледі. Олар мен қайда барсам да артымнан қалмайды және менің тыныштығымды толықтай қашырды... Менің айтқым келгені осы ғана». Шынымен де оның айта алатыны осы ғана болды. Ол ешқашан адам өлтіру туралы сөз қозғамады (Diamond, 1956). Бұл қылмыс орынсыз негізде жасалынған болуы керек (M'Naghten-ді тұтқындаған кезде 750 фунт стерлинг банктік түбіртек болды, сондықтан ұрлық күмәнді мотив болып саналды),

егер әрекетті жасау кезінде тұлға оның жасап жатқан әрекетін түсінуге мүмкіндік бермейтін ақыл-ой сырқатымен әрекет етсе немесе ол шынымен де осы туралы білсе, бірақ оның жасағаны дұрыс еместігін білмесе (Howitt, 2006: 327), тұлғаның қылмыстық жауапкершілікке тартылмауын көрсететін ережені жасауға әкелді.

Америка Құрама Штаттарында Bonnie Ережесі оған балама болып табылды, онда «психикалық сырқат адам (қудалау жағдайында) егер психикалық сырқат немесе ақаулар нәтижесінде қылмыс жасау кезінде өзінің мінез-құлқының құқыққа қайшылығын бағалай алмаса» деп айтылады (Howitt, 2006: 328). M'Naghten мен Bonnie ережелері есалаңдық немесе төменгі жауапкершілік туралы мәлімдеу үшін негіз болып табылады және адам өлтіру жағдайында көбінесе қорғаныс ретінде қолданылады, қауіпсіз ауруханада немесе абақтыда ұстау туралы қаулыны анықтайды. Дегенмен, қылмыскерлердің «үшінші» санаты, яғни, қауіпті әрі елеулі тұлға бұзылысымен (ҚЕТБ) ауыратын тұлғалар бар.

Тұлғаның бұзылуы психикалық бұзылу болып саналмайды, ол диспозицияға бейімділік деп саналады, сәйкесінше емдеп жазылуы туралы сұрақ туындайды (Howitt, 2006).

Емдеп жазылу – маңызды концепция, себебі, осы жағдайларда науқастарды сол сәтте сәйкес келетін қолжетімді медициналық процедураларға мәжбүрлейді. «Емдеуге сәйкесінше мәжбүрлеу» тұлғаның ауыр бұзылуы салдарынан қауіпті саналатын тұлғалар олардың келісімінсіз ұсталуы мүмкін және нақты араласудан өтетін болады, тіпті бұл араласу осы адам үшін тиімсіз болуы да мүмкін. Осылайша, «есалаң» немесе «жаман» анықтамасы арнайы ауруханада болуына, абақтыда жазаны өтеуге немесе ҚЕТБ бөліміне жөнелтуге әкелуі мүмкін (Blackburn, 1995). Broadmoor жанындағы Paddocks орталығы ҚЕТБ-мен ауыратын науқастарды орналастыру және емдеу үшін құрылды, бірақ кейін Коалициялық үкіметтің Жасыл газеті мен бұрын ҚЕТБ-қа жатқызылған қамалушыларды абақтыларға қайтаруға бағытталған «Құқық бұзушылар тұлғасы бұзылыстарының мінез-құлық жолдары» жаңа анықтамасынан кейін 2012 жылдың сәуірінде жабылды (O’Loughlin, 2014).

Ақырында, Broadmoor оларға жіберілген науқастар санын қабылдауда қиындықтарға ұшырады, себебі, Rampton мен Ashworth-ді арнайы ауруханалар аралық мекемелер ретінде тағайындалған болатын. Carstairs – Шотландиядағы ұқсас мекеме.

Әкімшілік көзқарас тұрғысынан Ауруханалардың арнайы қызметтері жөніндегі басқарма 1989 жылдан 1996 жылға дейін жедел ақпарды ұйымдастыру мен басшылық ету үшін жауап берді:

- халықтың тұрақты қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- науқастарға лайықты емдеуді ұсынуды қамтамасыз ету;
- науқастар үшін де, персонал үшін де жақсы өмір жағдайын қамтамасыз ету;
- ауруханаларды сот және психиатрияның басқа да салаларында, психиатриялық көмек пен емдеудегі пәндер бойынша персоналды оқыту үшін алдыңғы қатарлы тәжірибе орталықтары ретінде дамыту;
- ҰДС жергілікті және өңірлік психиатриялық қызметтермен тығыз әріптестікті дамыту;
- сот психиатриясымен байланысты салалардағы зерттеулерге жәрдемдесу.

1996 жылы осы басқарма ауруханаларда шамамен 7 719 төсек-орын (795 адам жоғары қауіпсіздік жағдайларында, 3192 адам орташа қауіпсіздік жағдайларында және 3732 адам төменгі қауіпсіздік жағдайларында) жауап беретін психиатриялық қызмет сұрақтары бойынша комиссияға функциялары берілген кезде таратылды. Бұл төсектер Англиядағы психиатриялық қызметтерге кететін ҰДС шығындарының бестен бір бөлігін құрайды (Commissioning Board ҰДС, 2013).

Broadmoor-да неврологиялық және психофизикалық зерттеулер 1959 жылы зертхана құрған Tony Black-тің келуімен басталды (Black, 2013). Black айтқандай, жүрек-қан тамырлары, тыныс алу және тері-гальваникалық өткізгіштіктің өзгеруін өлшейтін полиграф кейбір сыншылардың айтуы бойынша, Broadmoor тәсілдемесінде науқастарда жалғандықты анықтауға арналған құрал ретінде емес, науқастың қылмысымен байланысты бейтарап стимулдармен салыстырғанда әртүрлі сезімтал вегетативті реакцияларды салыстыруға арналған құрылғы ретінде қолданылды. Дегенмен, полиграфта қателіктер болса да, ол содан бері сотталғандардың сексуалдық мінез-құлқын тестілеуде сәтті қолданыла бастады (Grubin, 2008).

2.7-қосымша. Broadmoor ауруханасы туралы Derek Perkins-тің пікірі

1986 жылы Broadmoor-да жоғары сыныпты клиникалық психолог болып жүргенде, Midlands-та абақты қызметінде және ШП абақтысында абақты жағдайларында жұмыс істейтін талапкер-психологтарды оқыту бағдарламасы бойынша, сонымен қатар Birmingham-дегі кейіннен Midland сот психиатрия орталығы деп аталған қоғамдық сот-психиатриялық қызметтерінде бірнеше жыл жұмыс істедім. Сол жақта біз сексуалдық қылмыс жасаған, абақтыда емдеуден өткен тұлғаларды алғаш рет бақылай бастадық.

Broadmoor-дағы қауіпсіздіктің жоғары деңгейіне ие психиатриялық ауруханаға көшу туралы шешімім мені толқытты. Лауазымға ену ҰДС басқармасының бірнеше курстарына қатысу, сонымен қатар, бастапқы сұхбаттасудан өту және Ұлыбританияның жоғары білікті қызметтерінің басқа да басшыларынан ұсыныстар алу болып табылды.

Маған менеджменттің 3 сатысы арқылы кіші министр позициясына өтуге мүмкіндік берген Broadmoor-дағы департаменттің басшысы бола отырып, менің міндеттеріме екі клиникалық командалармен жұмыс жасаудағы психологтың рөлі кірді – мен қарқынды терапиядан бастап оңалту бөліміне жіберудің сатысына дейінгі барлық бөлімдерде жұмыс жасадым, сонымен қатар, ауруханада зерттеулер жүргізуге көмектестім: менің зерттеулерім департаменттің психофизиологиялық бағалау зертханасымен, негізінен кебіреулері 1990 жылдары абақтыларда сексуалдық қылмыстар жасаған тұлғаларды емдеу бағдарламаларына (СҚЖТЕБ) байланысты болды. Мен бір уақыттары СҚЖТЕБ-ның абақты кеңесшілерінің бірі болдым, достарым мен әріптестерім Karl Hanson, Bill Murphy мен Bill Marshall-мен бірге (сексуалдық қылмыскерлерді емдеу бойынша халықаралық ассоциациясымен марапатталған) біз ми шабуылы үдерісіне кірістік және бүкіл ел ішіндегі әртүрлі қонақ үйлерде қызықты пікірталастар жүргіздік.

Менің ойымша, Broadmoor-да психологияның негізгі дамуы психологияны, психотерапияны, арт-терапияны (өнер, драма және музыка) біртіндеп біріктіру, сонымен қатар ауруханадағы мейірбикелерді үлкен құлшыныстың, өзара оқыту мен шығармашылықтың кезеңі ретінде сипатталынған бір үйлестірілетін психологиялық басқаруға біріктіру болды. Мен 2000 жылы топтық жұмыстың (мульти-тәртіптік) орталықтандырылған қызметін құру науқастарды ауруханаға ауыстыру кезінде олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында көп тақырыптық топтарды іске қосуға мүмкіндік берген аурухананың арнайы бөлігі (Newbury терапия бөлімі) құрылған психологиялық емдеудің тағы бір маңызды межесі болды деп санаймын. Қазіргі кезде психотәрбиелеумен және когнитивті машықтармен; психоздарды емдеуде КМТ (когнитивті мінез-құлықтық терапия) мен ДМТ (диалектикалық мінез-құлықтық терапия) секілді психикалық саулықты қалпына келтірумен айналысатын және зорлық, сексуалдық жәбірлеу, жаралау және адам өлтіру тақырыптарындағы құқық бұзушылықтармен байланысты бірқатар топтар бар.

Осы жылдар ішінде біз психологиялық қызметтерді жақсы, бірақ әрқелкі көрсетуден неғұрлым мақсатты бағытталған әрі кешенді қызметіне өте алдық, мен науқастардың ауруханада болу ұзақтығын біртіндеп осы күнгі 5-6 жылға дейін қысқартуда өз рөлін атқарды деп ойлаймын.

Сонымен қатар, мен 1990 жылдары Graham Powell екеуіміз жасаған және соның аясында Broadmoor психологтарына зорлық пен сексуалдық қылмыстарды бағалау мен емдеу бойынша клиникалық дәрістер оқыған және Broadmoor практиканттарының зерттеулер мен бақылаулар жүргізуін қамтамасыз еткен сот психологиясы саласындағы магистратурада курсты оқыту бойынша Surrey университетімен ұзақ уақытқа созылған әріптестікке

махаббатпен қарайлаймын. 20 жылдан астам сәтті жылдардан кейін соңына таяп қалған курс оның бітірушілерінің көпшілігін қылмыстық әділеттілік пен сот-психиатриялық қызметтің аясында сот психологиясы саласына ауысуына мәжбүрледі.

Енді, доктор Estelle Moore жалғастырған психологиялық қызмет басшысы лауазымын қалдыра отырып, мен көптеген жылдар бойы орын алған үлкен оқиғаларға қарайлаймын. Біз күтім бойынша қызметкерлер мейірбикелерге қарағанда абақты қызметкерлеріне ұқсайтын (тіпті сондай униформада), қауіпсіздік пен терапия көбінесе қарама-қарсы әрекет етуде пайдасыз болатын және әртүрлі салалар арасында үйлестіру болмаған мекемеден-біз, қазіргі кезде қызметтері науқасқа бағдарланған, толық қамти алатын әрі біріктірілген ауруханаға көштік.

Науқастарға арналған аурухананың алдағы қайта құруы неғұрлым күрделі әрі мұқтаж науқастар тобы үшін клиникалық қызметтерді толықтырып, әрі қарай дамытуды қамтамасыз ететін болады.

Бірлік қауіпсіздігінің орташа деңгейі (ОҚБ) науқастарға қауіпсіз ортада қарқынды күтімді ұсынады (Coid et al., 2001). Кейбір науқастар абақтылардан ауыстырылады, нәтижесінде қамау мерзімдерін аяқтау үшін қайтадан абақтыға оралады. Басқалары қауіпсіздіктің ең төменгі деңгейіне ауысады. Науқастар әдетте рецидивтің ықтималдылығын төмендетуге бағытталған және қоғамға қайтып оралуға рұқсат беру үшін тәуекел деңгейі төмендетілген бірқатар бағдарламаларды аяқтайды. ОҚБ науқастарға белгілі бір шектеу немесе тыйым салу, іздеу және персоналдың науқастарға қоятын талаптарының жоғары деңгейі секілді қауіпсіз параметрлер мен әдістерге ие. Англия мен Уэльсте шамамен 50 ОҚБ бар және бағыттарының негізгі көздері соттар, арнайы ауруханалар немесе ҰДС психиатриялық ауруханалары болып табылады. Жүгіну себептері: сот қараулары кезінде психикалық жағдайларды анықтау немесе нашарлауы, агрессивті мінез-құлқ немесе қамауда ұстаудың басқа шарттарын сақтамау. Науқастар халық үшін тікелей қауіп тудырады.

Сот психологтары негіздеу немесе оңалту секілді бағдарламаларды басқаруға және бағалауға қатысады (Young et al., 2008).

СОТ-МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІН ҚОҒАМАСТЫҒЫ АДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Сот-медициналық психиатриялық көмек көрсету қызметтерінің қоғамдастығы (ҚСПК) психикалық бұзылыстарымен байланысты басқа тұлғаларға ауыр зиян келтіру қаупін төндіретін клиенттердің, әсіресе сот-психиатриялық қызметтің мамандары тәуекелдерін жақсы басқара алатын қауіпсіз жерден кетіп жатқандардың нақты жағдайы бойынша қызметтерді қамтамасыз етеді немесе жеңілдетеді. ҚСПК қамқорлығындағы қызметтерді пайдаланушылар олардың қорғалған күтімімен (немесе олардың баламаларымен) шектеулі госпитальдардан шығарылғандарды немесе басқа қоғамдастықтарда емдеуде болғандарды, сонымен қатар психиатриялық саулықты қорғаудың басқа да қызметтерінен ауысып келгендерді білдіреді (Kenney-Herbert et al., 2013).

ҚСПК қамтамасыз етеді:

- психикалық саулықты күзету қызметтері мен басқа да мекемелердегі өзара әрекеттесулер, кеңес берулер, мамандандырылған араласулар, оқыту және машықтарды дамыту;

- қызметтерді пайдаланушылардың, қамқоршыларының және олардың отбасыларының мүшелерін;
- қауіпсіздік деңгейі бар мекемелерге/мекемелерден және абақтылерге/абақтылардан ауыстырудың медициналық жолдарын басқару – бұл қызметтерді пайдаланушыларды тікелей сүйемелдеу немесе сүйемелдеу топтарының қамқорлығындағыларға кеңес беру;
- Қоғамдық қорғау механизмдерінің мультиагенттігіне арналған клиникалық өзара әрекеттесу мен ресурстар және осы саладағы олармен байланысты үдерістер;
- Жергілікті байланыс қызметтерімен байланысты қолдау / жазбаша хаттамалармен соттарды қабылдамау;
- Соттарды қабылдамау немесе қылмыстық әділеттілік бойынша байланыс қызметтері;
- Психикалық саулықты қорғау туралы заңнамаға сәйкес шартты шығаруларға немесе қоғамдық емдеу туралы бұйрықтарға жиі ұшырайтын қауіпсіз күтімнен шығарылған тұлғаларды әрі қарай бақылау.

Арнайы интервенцияларға зиянды төмендету жолы көрсетілетін криминогенді қажеттілікті басқарумен байланысты шаралар жатады, тұлғаның бұзылуын құрылымдық бағалау және нақты деректерге негізделген кәсіби пайымдауды бағалаудың құрылымдық құралдарын қолдану (HCR-20, RSVP, SAM, SARA сияқты).

Қоғамдық сот-медициналық қызметтері көбінесе сот психиатрларынан, қоғамдық психиатриялық мейірбикелерден, сот және клиникалық психологтардан, әлеуметтік жұмыскерлерден, еңбек терапиясы мен клиникалық фармакология бойынша мамандардан тұратын көп пәндік топты қамтиды.

2.8-қосымша. Andy Inett қоғамдастықтың криминалистік қызметтеріндегі жұмыс туралы

Мен ҰДС-та, Kent-тегі ақыл-ой кемістігі бар (АОК) бар адамдарға арналған сот психологиясының қоғамдық қызметінде жұмыс істейтін сот психологымен. Бұл қызмет қоғамда мүгедектікті зерттеу бойынша топтың (ҚМЗБТ) практикалық жұмыскерлеріне арналған нақты жағдайлар бойынша кеңес беруді және оқытуды, HCR-20 мен START секілді құралдардың көмегімен қызметтердің жекелеген пайдаланушылары үшін тәуекелді бағалауды, сонымен қатар, суық қару мен ойлану тәсілдерін қолдана отырып, сексуалдық құқық бұзушылықтар үшін арнайы бейімделген топтық интервенцияларды ұсынады.

АОК бар құқық бұзушылардың криминогенді қажеттіліктері негізгі құқық бұзушыларға жақындығына қарамастан, қызметтің негізгі мәселелерінің бірі міндетемелер болып табылады. Қызметтерді пайдаланушылар нұсқаулығы бар бағдарламаларды пайдалануды қиындата және емдеу мақсатында адамға бағдарланған тәсілдемені талап ете отырып, өздерінің когнитивті қабілеттері, қатынасу машықтары мен қиындықтарды жеңу стратегияларын игеру қабілеті бойынша ажыратылады. Құрбанның эмпатиясы немесе перспективаны анықтау секілді күрделі концепциялар неғұрлым жеңіл тіл мен графикалық жетілдіруді қолдана отырып, түсінуді жақсарту үшін жеңілдетілуі тиіс. Шағын топтарда жұмыс жасау, фасилитаторларды оқыту және емдеуге неғұрлым интерактивті тәсілдемелер физикалық кеңістіктерді, рөлдік ойындарды және драма терапия әдістерін қолдана отырып, тәжірибенің негізінде дидактикалық жұмыстың аз санымен

және белсенді сабақтармен оқытуды ұсыну мүмкіндігі маңызды. Құқық бұзушыларды қолдау топтарының қысқаруы секілді жағымды нәтижелер байқалынды, сонымен қатар, рецидивтердің (қылмыстың қайталануының) көрсеткіштеріне арналған келесі зерттеу жоспарланып отыр.

Тұлғалардың сәйкестендіргішіне ие құқық бұзушылармен тәуекелдерді басқару этикалық және моральдық дилеммаларына әкеп соқтырады. Көбінесе олар неғұрлым мықты әлеуметке қарсы сыбайластарының тарапынан қылмыстарға оңай мәжбүрлеуге немесе оларды қылмыс құрбандары етуге не өзін-өзі азаптауға болатын осал тұлғалар болып табылады. Әлеует, қылмыстық жауаптылық және қылмыстың субъективтік жағы секілді түсініктер – бұл командалар консенсусты бағалау және оған қол жеткізу кезінде жолығуы мүмкін күрделі сұрақтар. «Проблемалық мінез-құлық» түсінігіндегі шектеудің сипаты айтарлықтай күрделі, себебі, ол дистресс жағдайларында коммуникацияның бейімді емес стратегияларында немесе әлеуметке қарсы мінез-құлықтың күрделі жағдайларынан қашуда негізделеді. Бұл қылмыстық әділеттілік жүйесінің (ҚӘЖ) жауапты шараларының келіспеушілігі тәуекелін, үкімдердің болмау мүмкіндігін және тәуекелдерді басқару үшін құқықтық базаның болмауын арттырады, мысалы, пробация туралы қаулы немесе сексуалдық қылмыскерлер тізіміне орналастыру. Тәуекелдерді тиімді басқарудың жоғары тәуекелі мен бірізді ойлаудың, мәселелерді шешу машықтарының жетіспеушілігінен отбасы мүшелерінің, қолдау қызметкерлерінің және Мүгедектерді оқытуға арналған қоғамдастық командасының мүшелерінің (МОАҚК) тарапынан сыртқы қолдауға сену үрдісіне ие. Қызметтерді пайдаланушылар әрқашан да осындай қолдауды қабылдай бермейді, бәлкім, зейін жетіспеуі және өздерінің жеке мүдделерінде әрекет ету қабілетсіздігі болар. «Адамдарды қазір бағала» (2009) секілді ұлттық саяси бастамалар АОК бар адамдардың кең қамтылуын әділ түрде қолдайды, бірақ қолдаудың аздығы мен қоғамның өзіндегі тәуелсіздіктің артуы қоғамның өзі үшін жоғары тәуекелге әкелсе ше? Бұл МОАҚК-ні күту бойынша менеджерлер үшін қиын болуы мүмкін парадокс. Сот психологының рөлі осы контексте тәуекелдерді басқару жоспары мен тәуекелдің тұжырымын ұсынуда, сол арқылы тәуекелді тежеу үшін жауапкершілікті бөлуде көрінеді.

ҚӘЖ-дағы АОК бар құқық бұзушылар туралы Bradley есебінде (2009) бірлескен жұмыс туралы қажеттілік көрсетіледі. Қызмет осы мәселені зорлықпен және сексуалдық қорлықпен күрес бойынша жергілікті полиция бөлімшелерімен (ViSOR) тығыз байланысты қалыптастыру, ҚӘЖ қызметкерлері үшін оқыту мен кеңес берулерді жүргізу және жақында Howard League номинациясындағы марапатқа ие болған Kent пробация персоналымен бірге сексуалдық қылмыскерлерді бейімделген емдеу бағдарламаларына (СКЖ-ТЕБ) бірлескен жәрдемдесуді қосқанда, бірнеше жолдармен шешуді қарастырып жатыр. Қызмет психикалық саулықтың қоғамдық топтарымен де тығыз қызмет етеді.

СОТ ПСИХОЛОГТАРЫ ЖЕКЕ ПРАКТИКАДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛА МА?

Қазіргі кезде дербес практикалық жұмыскерлер ретінде немесе сот психологиясы бойынша консультацияларда коммерциялық жұмыс істейтін сот психологтарының саны артып келеді.

Олар тәуекелді бағалау, әнгімелесуге дайындау немесе профильдеудің әртүрлі формалары секілді сот психологиясының қызметіне мұқтаждардан комиссиялық ақша алатын болады. Олар біліктілікті жоғарылатудың аккредителген курстарын (БЖАК) немесе конференциялар ұйымдастыра алады.

2.9-қосымша. Leam Craig жеке практикадағы жұмысы туралы

Еңбек трибуналдары туралы және дискриминация (кемсітушілік) туралы заңды үш себепке байланысты білу маңызды. Дербес жұмыскер ретінде сіз дискриминациядан қалай қорғалғандығыңызды және менеджер ретінде жауапты адамдардың құқықтарын білуіңіз қажет. Сонымен қатар, қызметтерді көрсету мақсатында жұмыс істей алатын көптеген соттық ортаға жататын мемлекеттік салада теңдікті қамтамасыз етудің ортақ міндеті туралы білуіңіз қажет.

2010 жылғы Тең жүгіну туралы заңда дискриминация туралы және келесі белгілер: жасы, тұлғаның транссексуал болуы, некеде немесе азаматтық некеде болуы, жүктіліктің немесе баланың болуы, нәсіл, ұлт немесе этникалық шығу тегі, діні, нанымдары не дінінің болмауы немесе нанымдарының болмау белгісі, жыныстық белгісі, сексуалдық бағдары бойынша дискриминация жүргізудің заңсыздығы туралы алдыңғы заңнама бекітілді. Осылардың барлығын «қорғалатын сипаттамалар» деп атайды. Дискриминация тікелей болуы мүмкін, мысалы, біреуге жақсы ниетпен қарау, себебі, онда қорғала-

тын сипаттамалардың біреуі бар немесе ереже барлығына қолданылғанымен, қорғалатын белгісі бар біреу ерекше кемшілікке қойылатын жанама болуы мүмкін.

Қылмыстық әділ сот жүйесі заңнамада әйелдерге қарағанда ер адамдар неғұрлым көп, демек полиция мен пенитенциарлық қызметтерде ерлердің көп үлесі офицер болып қызмет етіп жүрген әйелдерге тиесілі болуына байланысты демографиялық тең емес. Осындай құрылымдық теңсіздік дискриминация мен қысым көрсетуді тудыруы мүмкін. Бұл кәсіби мәдениеттер мен олардың әйелдердің тәжірибесіне, этникалық азшылыққа және гетеросексуалдық бағдардағы емес тұлғаларға ықпалын зерттеген көптеген зерттеулерді жүргізуге себеп болды (Dick, Silvestri мен Westmarland, Jones пен Rowe тарауларын қараңыз, сәйкесінше Brown (2014) редакцияланған жинағында полиция қызметіндегі гендерлік, сексуалдық бағдар және нәсілдік дискриминация сұрақтары қарастырылатын тарауды қараңыз).

Теңдік туралы заңнамада азшылық топтары үшін дайындық, ынталандыру немесе басқа да шаралар секілді демографиялық диспропорциялар бар жағдайлардағы позитивті әрекеттер алдын ала қарастырылады, мысалы, полиция әйелдер мен этникалық азшылық қатарынан жаңадан қабылданғандар үшін арнайы рекрутинг күнін жүргізуі мүмкін (Equality және Human Rights Commission, 2009). Позитивті әрекет заңсыз болып табылатын, бірақ қорғалатын белгі негізінде жеңілдікті жағдайлар берілген кезде позитивті дискриминациядан айрықшаланады. Дегенмен, жұмыс берушілер тай-брейк кезіндегі артықшылықты қолдана алады. Егер екі үміткерді жұмысты орындау қабілетінде көптеген қатынастар бойынша эквивалентті деп қарастыратын болсақ, азшылық тобының үміткеріне артықшылық берілуі мүмкін. Тәжірибеде эквиваленттілікті анықтау айтарлықтай қиын.

Жұмысқа тұрғызу бойынша трибуналдар ұйымда немесе әріптестік үдерісінде орын алса, бірдей қарамау туралы өтінішті қарайды. Бірнеше маңызды жағдайлар болды: мысалы, полиция қызметінде Alison Halford, Sarah Lockyer Howard және жақында Carol Howard әйелдер мен этникалық азшылықтан шыққан тұлғаларға қатысты қудалау мен дискриминациялық қарауға назар аударды. Соңғы жағдайда полиция Constable Howard оқ ату машықтарының болуын талап еткен Астаналық полицияның қорғау дипломатиялық тобының (ҚДТ) мүшесі болды. Ол Жұмысқа тұрғызу бойынша трибуналға жынысы мен нәсіл белгісі бойынша дискриминациялы түрде қарағандығы туралы талап арыз берді.

3.4-қосымша. Carol Howard ісі бойынша жұмысбастылық сұрақтары туралы трибунал шешімі

Howard v Metropolitan Police Service (2014) Case no. 2200184/2013 & 2202916/2013

Әрбір адам жоғарыда аталған оқиғаларды біріктірген кезде туындайтын көрініс, Al Kelly [инспектор] Талапкердің [Carol Howard] желілік бөлімінің басшысы болғаннан кейін бірнеше аптаның ішінде қандай да бір негізсіз қалыптасуында, бірақ Өтініш берушінің адал болмауы мен оның ҚДТ (Қорғау дипломатиялық тобының) қойған талаптарына сәйкес келмейтіндігі туралы негіздерге сүйене отырып, онда пікір қалыптасқандығында көрінеді. Осыған байланысты басқа жағдайлар да негіздердің жоқтығы секілді, өтініш берушінің қара нәсілді әйел болғанына және дискриминацияға шағымдану мүмкіндігіне байланысты оның әріптестерінің мазасызданғандығын көрсетті. Осыдан кейін

ол оған арнайы жасалған және оған зиян келтірген, беделін түсірген және кемсіткен курсты анықтауға шешім қабылдады, осы курстарда болған әрбір сәт тексерілді және тергелді, ол үшін оқ ату бойынша сессиялар жүргізілді, сонымен қатар, қажет болған жағдайда жасанды негіздемелерді тергеу тапсырылған екі сержантты қасына қосып қойды.

ҚДТ-да тек ерлер мен ақ нәсілді адамдар басым болды және қазір де басым болуы мүмкін. Өтініш беруші бөлімшеде ерекшеленіп тұрды, себебі, ол басқаларынан өзгеше еді, себебі, ол қара нәсілді әрі әйел болды... Өтініш берушінің Al Kelly-дің теріс қабылдауы ондағы басқа көздерден алған кез келген басқа біліміне негізделді деген дәлелдер болмады. Сондықтан, әрбір адам оның теріс қабылдауы қара нәсілді әйелді көруіне негізделді деген қорытындыға келеді.

Полиция қызметі Тең мүмкіндіктер туралы заңның (2010) 149-бабына сәйкес кез келген басқа мемлекеттік сала органдары секілді заңсыз дискриминацияны, қысым көрсетуді және виктимдеуді жоюға бағытталған және мүмкіндіктердің теңдігін белсенді түрде алға жылжытып келеді, қорғалатын сипаттамаларды бөлетін адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынастарды орнатуға ықпал етеді. Полиция қызметі Stephen Lawrence-тің нысанаға атуынан және лорд Macpherson-ның жауап алуынан кейін институционалды нәсілшілдікке айыпталды (яғни, адамдарға олардың түсі, мәдениеті немесе этникалық шығу тегіне байланысты тиісті кәсіби қызметтерді көрсетуден ұйымның ұжым болып бас тартуында, оларды еріксіз жалған нанымдар, надандық, ессіздік және нәсілдік стереотиптер бойынша дискриминацияға шамалас үдерістерде, тәсілдемелерде және мінез-құлықта көруге немесе анықтауға болады) (мысалы, Macpherson, 1999 баяндамасының нәтижелері талқыланған Rowe, 2007 жыл).

ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН КҮТІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КЕҢЕС


2012 жылы Денсаулық пен күтім мәселелері бойынша кеңес (ДКМБК) құрылды. Оның алдыңғы ізашарлары Мамандықтар, толықтырушы медицина бойынша кеңес (МТ-МБК) және Медициналық мамандықтар кеңесі (НРС) болды. ДКМБК психологтарды қоса алғанда 16 мамандықты реттейді. 2014 жылдың 10 шілдесіндегі жағдай бойынша ДКМБК-нің заңды құзыретіне түсетін мамандардың жалпы саны шамамен 322 305 адамды құрайды (ДКМБК, 2014). Олардың 20 057 (6%) психологтар болды. Регистранттардың көпшілігі клиникалық психологтар болып табылады, шамамен 4%-ы сот-медициналық сараптаманы жүргізу мүмкіндігіне ие. ДКМБК-нің басты функциясы әрбір тіркелген мамандықтар үшін біліктілік стандарттарын, сонымен қатар, тіркеудің барлық иелеріне қолданылатын мінез-құлық, қызметтік жұмыс және этика стандарттары орнатып және оларды жариялай отырып, регистраторларға түсірілген шағымдарды қарай отырып атқарылатын қоғамды қорғау болып табылады. Тиісті құжаттарды (ДКМБК веб-сайтынан алуға болатын этика, мінез-құлық стандарттары мен тиімділік стандарттарын төмендегі «Ресурстар» бөлімін қараңыз) оқып шығу қажет. Бұл реттеу органы ерекшеленеді, бірақ кәсіби органмен бірге жұмыс істейді, бұл жағдайда Британдық психологиялық қоғаммен, соның ішінде, Сот психология бөлімімен бірге жұмыс істейді.

Практикаға жарамдылықты бағалауда ДКМБК басқа денсаулық сақтау органдарының көпшілігі секілді сол тестті қабылдайды. ДКМБК практикаға жарамдылығын анықтау іс-тәжірибе жүргізетіндердің келесідей болуын көрсетеді:

Мамандық бойынша қауіпсіз әрі тиімді жұмыс жасау мақсатында білімдер мен машықтарға ие болуы тиіс. Алайда практикаға жарамдылық кәсіби қызметте ғана көрінбейді. Ол, сондай-ақ, қоғамдық қорғау немесе мамандыққа сенімділікке ықпал етуі мүмкін кәсіпқойдың іс-әрекеттерін қамтиды. Мұнда кәсіби практикамен тікелей байланысы жоқ сұрақтар кіруі мүмкін. Егер практикаға кәсіби жарамдылық «әлсіресе», бұл олардың қауіпсіз әрі тиімді іс-тәжірибе қабілеттеріне қатысты қауіптің бар екендігін білдіреді. Бұл олардың мүлдем іс-тәжірибеден өтпеу қажеттігін немесе олардың оларға рұқсат етілгендермен ғана шектелуін білдіруі мүмкін (ДҚМБК, 2013).

Бұзу құқыққа қайшы мінез-құлықтың, құзыреттіліктің, физикалық немесе психикалық денсаулықтың болмауының, қылмыстық тәртіпте сот алдына жүгінудің не айыптаудың немесе басқа денсаулық сақтау не әлеуметтік күтім органының тарапынан бұзуды анықтаудың негізінде мәлімделуі мүмкін. ДҚМБК, сондай-ақ, алаяқтық немесе тізілімге қате жазу туралы тергеу құзыреттілігіне ие. Шағымдар тіркеудің тиісті иесінің клиенттерінен, қызметтерді пайдаланушыларынан, жұмыс берушілерінен немесе бұрынғы жұмыс берушілерінен түсуі мүмкін. Шағым берілгеннен кейін осы сұраққа жауаптың бар-жоқтығын қарастыратын тергеу комитетінің комиссиясына жөнелтіледі. Егер жауап болса, іс сипатына қарай Мінез-құлық пен құзыреттілік сұрақтары жөніндегі комитетке немесе Денсаулық сақтау комитетіне тапсырылады. Тергеуден кейін шағымды қарау үшін тиісті комитеттің комиссиясы құрылады. Тергеу бірнеше айларға, тіпті бірнеше жылға созылуы мүмкін. Тыңдау формалды процедура болып табылады және көбінесе тіркелгендер заңды түрде беріледі. Нәтижесі негіздердің болмауы, ескерту, практикадағы жағдайларды анықтау немесе адамның қызмет етуін жалғастыруға кедергі келтіретін тізілімнен шығару болуы мүмкін.

ДҚМБК бағдарламасы бойынша тіркелетін тұлғалардың кішігірім бөлігі (орташа есеппен алғанда шамамен 0,5%) тәртіптік тыңдауларға ұшырайды, алайда олардың саны, соның ішінде психолог-практиктердің саны артады (3.5-сурет).



3.5-сурет. ДҚМБК қарастырған практикаға жарамды жағдайлар саны, 2009-2013 жылдар (Көзі: ДҚМБК, 2013)

Психологтар халық санына шаққанда, іс-тәжірибе жүргізетін дәрігерлер (0,93%) тобынан үшінші орынды иеленсе, тіркелген тұлғалардың саны бойынша (179) үшінші орында тұр. Тіркелген психологтың тыңдауларда өзіне алатын мәселелерінің типтері адекватсыз іс-қағаз жүргізу, қызметтерді пайдаланушымен лайықты емес байланыс немесе пайдаланушының қызметтер құпиялылығын бұзуын қамтиды. Кәсіби стандарттарды қолдау – сөзсіз, қоғамды қорғайтын маңызды мәселе. Тәртіптік үдеріске қамтылу – басын аулақ ұстаған жөн күйзелу мен тәжірибе.

3.5-қосымша. Тәртіптік үдеріске түсіндірме

Кәсіби бұзулар мен практикаға жарамдылыққа қатысты тәртіптік сұрақтар реттеу органдарының құзыреттілігі болып табылады. Кейбір тәртіптік сұрақтар ұйымдастырушылық деңгейде анықталынып, қарастырылуына қарамастан, тиісті реттеу органын алдағы мәселе мен оның нәтижелері туралы ақпараттандыру талабы қойылады. Сосын қандай да бір әрі қарай тергеуді жүргізу қажеттілігі туралы шешім қабылданады. Тәртіптік процедура іс-тәжірибе жүргізетіндердің шешімдері және / немесе мінез-құлқы кәсіби мінез-құлық кодексінің бұзылуы саналады және қанағаттанарлықсыз денсаулық нәтижесі туралы практикаға жарамдылығымен байланысты мәселелерді қамтитын кезде қолданылады. ДКМБК ережелері секілді Мінез-құлық кодекстері біздің клиенттер үшін ең үздік қызметтерді ұсынуымызды қамтамасыз ету және олардан қашақтау немесе оларды елемей ғана емес, батылдық қажет етілетін күрделі сұрақтарды шешуге арналған. Сонымен қатар, ол өз мүшелері жұмысының алдыңғы қатарлы әдістерін таныстыру мен қолдауға назар аударады.

Мен бірнеше жыл бойы тергеу, сонымен қатар, жұмыс орнында тергеу жүргізу комитетінің мүшесімін. Осының бөлігі ретінде, әрқашан жазаланатын кәсіби практика кодексі бұзылатын айқын жағдайлар бар. Бұл жазалаулар қадағалауды жүзеге асыру, оқуды ұсыну, қызметті уақытша тоқтату немесе шығарып тастауды қамтуы мүмкін. Бұл – көптеген адамдар оның дұрыс еместігін оңай анықтайтын және мамандыққа жаман атақ әкелетін айқын жағдайлар. Олар кәсіби шектерді бұзуды немесе ауыр қылмыстық әрекетке қатысуды қамтуы мүмкін. Алайда, басқалары кодекстің бұзылу жағдайын тексеру үшін, сондай-ақ, келтірілген дәлелдердің сапасына күмән келтірілсе немесе мәселе практика кодексінің бұзылуына қарағанда, пікірлердің кәсіби алшақтығына қатысты болғанда, даулы жағдайларды неғұрлым толығырақ қарауды талап етеді.

Кәсіби сапада жұмыс кезінде әрқашан бізден таңдауды талап ететін жұмысымыздағы дилеммалар мен этикалық пікірлер көрінісінің болатындығын түсіну маңызды. Егер қандай да бір тұлға өзінің кәсіби кодексті бұзғандығын сезінсе, онда бірінші қадам әрқашан реттеу органын ақпараттандыру болып табылады. Кодекстің қай бөлігі болжамды түрде бұзылғандығы айқын болса, тараптар жазбаша дәлелдерге қатысатын үдеріс басталады, ал оны басқару мен координацияны реттеу органы жүзеге асырады. Алайда, жеткілікті дәлелдер бар деп есептелгенде, реттеу органы өтініш, өтініштің бастапқы бастамашысына қарағанда, бұл жағдайда ДКМБК рәсімдейді. Осындай өтініштер дами түсетін және әрбір кезеңде тоқтату туралы шешім қабылдауға болатын бірнеше кезеңдер бар. Бұл жеткілікті мекемелер жүзеге асырылған кезде немесе осы істің қағидаларын талқылау үшін реттеу органының алғашқы отырысы өткізілетін кезде бастапқы кезеңде болуы мүмкін. Егер мекемеге қатысты жеткілікті дәлелдер (*prima facie*) бар деген пікір айтылып, бұл екі тарап өздерінің істерін көрсеткен кезде ауызша тыңдауға әкеледі. Бұл, сонымен қа-

тар, тұжырымдар жеткілікті түрде маңызды саналғанда, қоғамдық мүдделер кез келген жағдайда тыңдалғанда және осындай кішігірім алдын ала кездесулер жеткіліксіз деп саналатын жағдайларда әділ болуы мүмкін. Оған бұқаралық ақпарат құралдарына немесе саяси мүдделерге белгілі бір дәрежеде қамтылған жағдайлар мысал бола алады. Осылайша, заңсыз мінез-құлықтың орын алғандығын анықтау процедурасы қарапайым болып табылмайды. Резолюцияны қабылдау үшін бірнеше жыл қажет болуы мүмкін (мен қатысқан соңғы екі жыл оны бекіту сәтінен бастап оның шешіміне дейін екі жылдан астам уақытқа созылды) және ауызша тыңдаулар жария болуы мүмкін. Осылайша, бұл кәсіби тұрғыдан да, жеке де айыптау нысаны болып табылатын адамға айтарлықтай зиянды ықпал етуі мүмкін. Бұл олардың шынайы болу-болмауы туралы тұжырымдардың табылуына байланысты емес. Сұрау жүргізген мамандар осы жылдар ішінде олардың өмірлерінің тоқтап қалғандығын сезінетіндігін, оларды төзімділікке тексеретіндігін және олар резолюцияға қол жеткізбей, мансап туралы маңызды шешімдер қабылдай алмайтындығын жиі айтатын. Осылайша, мен жекелеген тұлғаларды күмәнданатындарға ықпал ету туралы сұрақты мұқият қарауға шақырғым келеді. Осындай тұжырымдар олардың жұмыс рөлдеріне ғана күмән келтіріп қоймайды, сонымен қатар олардың өздерін қандай адам ретінде көретіндігі және бұл қандай да бір айыптаулармен қалай констатацияландығы туралы сұрақтар қоя алады. Бұл қылық туралы осындай тұжырымдардың жүзеге асырылмау қажеттігін білдірмейді; әрине, егер дәлелдер жеткілікті болса және бұл кодексті бұзуға айқын түрде сәйкес келетін болса, жариялануы тиіс.

Мен әрқашан мамандардан осындай процедураларды пайдалану туралы мұқият ойлануын өтінемін. Реттеуге келетін болсақ, олар қоғамды қорғауға және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған, сонымен қатар, оның көмегімен кез келген ниетті немесе мотивацияны анықтауға болатын форум болып табылмайды. Мысалы, мен кейде істерді заңға қайшы мінез-құлық емес, кәсіби пікірдің айырмашылығы болған кезде тергеулердің бір бөлігі ретінде қарастырдым. Сонымен қатар, мен неғұрлым күрделі динамиканың бір бөлігі бола отырып, эмоциялық тұрғыдан өзін көрсеткендер өтініш берушілердің өтініштерін де бақылады. Бұл тұжырымдардың бір бөлігі ретінде берілген және рационалдылығы жоғалған аргументтерде көрінетін болады.

Егер сізге айып тағылған жағдайда қандай да бір жауаптан эмоцияларды шығару және әрбір көзқарасты дәлелдермен, бекітілген мерзімдермен мұқият қарау әрқашан пайдалы. Мен кейбір дәрігерлердің осы үдеріске қатысқысы келмейтіндігін көрдім, себебі, олар мұны әділетсіз деп санайды. Осындай жағдайларда тұжырымдарды қарау олардың қатысуынсыз жүргізілетін болады, бұл ешқашан ұнамды болмайды. Мен, сонымен қатар, осындай өтініштер жасаған тұлғалардың мотивтеріне байланысты реакцияларды да көрдім; бұл да үдерістің фокусынан аландатуы және оны ұзартуы мүмкін.

Барлық тұжырымдар маңызды сипатқа ие және тіпті осындай айыптаулар нәтижесінде алынып тасталса да, психологиялық тұрғыдан да, жалпы мансап жолдары тұрғысынан да жанасқан адамдар үшін салдарларға әкелуі мүмкін. Осының бөлігі ретінде айыптаған кезде мамандарға қолдау көрсету қажет деген пікірді берік ұстанамын. Бұл біздің дұрыс емес мінез-құлықтың орын алу-алмауы туралы пікірді қалыптастыруымызға байланысты емес. Кез келген заңды өкіл өзінің клиентін қолдайтыны секілді, оларға түскен шағымдары бар адамдарға қатысты осыны айтқан жөн. Егер олар заңға қайшы мінез-құлықты ашық түрде мойындамаса, біз әрқашан тұжырымдарды айыптар ретінде қарауымыз қажет. Менің тәжірибем бойынша шағымдары бар адамдар эмоциялық және кәсіби қолдауға мұқтаж. Бұл кейбір адамдарды олардың өздерінің қабілеттері мен

өздерінің күштеріне деген сенімділігіне күмәндануына әкелуі мүмкін. Қиын жағдайға уайымдау тәсілдемесін қолдану қажет және бұл аяушылық болуға міндетті емес. Дегенмен, мен тұжырымдар қолдау таппаса да, бұзулар анықталмаса да бірқатар клиницистер мансаптарының бастапқы кезеңдерінде жасалған, бірақ кейіннен олардың өздеріне сенімділігі мен өзін-өзі құрметтеуіне ұзақ уақыт бойы зиян келтірген тұжырымдарды көрдім. Осындай қолдау, сөзсіз, реттеу органының құзыретіне жатпайды, бірақ, басқасы өзіне осы рөлді алып, оны қолдап, бағыттауы, сонымен қатар, мұқият ойластырылған әрі ұтымды тәсілдемені қамтамасыз етуі тиіс.

Дәлелдерді беру және осы үдеріс барысында клиницистерге қолдау көрсету секілді ДКМБК-мен жұмыс тәжірибем басқа кәсіби ұйымдардағы тәжірибеме ұқсас болады. Бұл этикалық дилеммалардың біздің күнделікті кәсіби рөлдеріміздің бөлігі болып табылатындығын және біреуден көп шешім болу мүмкіндігін мойындауға негізделген. Маңызды фактор шешімдерді айқын этикалық қабылдауымен этикалық дилеммаларды жеңу талпынысы болып табылады. Егер осының бөлігі ретінде клиницисті басқа талдау жасау қажет деп санауға болатын болса, онда осыны мойындау оның бастапқы шешімі дұрыс болды деген тұжырымға қарағанда неғұрлым позитивті қарастырылады. Біздің мамандығымыздың табиғаты біздің шешімімізді ойланып, қандай жағдайларда барлығы басқаша болу мүмкіндігін мойындауда көрінеді. Болжамды қылыққа қатысты сұрақтар туындаған кезде мүлдем ерекшеленбейді. Бұл сіздің бірденені дұрыс істемеді дегенді мойындау керектігін білдірмейді, бірақ кейбір нәрселерді басқаша жасау мүмкіндігін қарастыру қажеттігін білдіреді. Реттеу органы сіздің өз іс-әрекеттеріңіз туралы ойланатын адам екендігіңізді түсінуге көмектеседі, нәтижесінде біздің мамандығымыздың үміті болып табылады. Бұл өз кезегінде реттеу органына сізде әлеуеттің бар екендігіне сенімді ұялатуы мүмкін, бұл сіздің орынды іс-әрекеттеріңізге ықпал ететін болады.

ДКМБК-ға қатысты пікірім – бұл басқа жағдайлармен салыстырғандағы ұзақ үдеріс. Мен ақпаратты айқын формада жинау қажеттігін бағалаймын. Дегенмен, егер осы үдеріс бірнеше жылға созылатын болса, уақыт өте келе өте маңызды ақпарат жоғала бастауы мүмкін. Осы үдерістің көмегімен мінез-құлқына күмән келтірілетін және олардың «өмірлері тоқтап қалды» деп сезінетін кәсіпқойға ықпал етуге аз көңіл бөлінеді. ДКМБК осындай жағдайларда қандай да бір қолдау көрсетеді деп ойламаймын, бұл олардың рөлі емес, мен, шынымен де, әлеуетті ықпал етуді мойындау үшін одан да көбірек жасауға болатын еді деп ойлаймын. Мен ДКМБК үдерісінің кейбір процедуралар, үдерістер және мерзімдер тұрғысынан ретсіз, ұзақ уақыт бойы үндемейтін, сосын белсенділіктің артуына ие болғанын жиі байқадым. Сондықтан мен оларға әрқашан заң көмегінің осы үдерісте көмектесу мақсатында кез келген дәрігердің жауапкершілігін сақтаудың бір бөлігі ретінде қолданылуын ұсынамын.

Жалпы, мінез-құлықтың кодекстерімен жұмыстың жалпы ережесі ретінде мен әрқашан Francis (2009) жұмысын есте ұстайтын боламын. Ол өзіне мансапқа этикалық бұзулармен зиян келтірген жағдайда, әрбір жағдайда бұзудың алдын алуға болатындығы туралы пікірлерді айтады. Сонымен қатар, сіздің кәсіби қарым-қатынастарыңыз ұзақ мерзімді, ал этика үйретуді қажет ететін дағды ретінде сіз әрқашан өзіңіздің клиентіңізбен өзара байланыста болуыңыз қажет. Мінез-құлық кодекстері, соның ішінде, ДКМБК ережелері бізге біздің тәжірибеміз, негізгі қағидалар және кодекстің әрбір әрпіне, сонымен қатар, оның рухына сәйкес, қайда жұмыс істеуге ұмтылуымыз қажеттігін ақпараттандыруға арналған нұсқаулықты ұсынады. Нәтижесінде, біз жасап отырған жұмыс дәлелдерге негізделген тәжірибені, этикалық шешімдерді қабылдау және өзімізге осы

жұмысты қабылдауға дайын болуымыз және егер осындай тәжірибе жүзеге асырылатын болса, тәртіптік үдерістердің болмау мүмкіндігін, заңға қайшы іс-әрекеттерге өту мүмкіндігінің аз болуын көрсетуі мүмкін.

ҚЫЛМЫСТЫҚ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ

Англия мен Уэльстегі Қылмыстық мерзімінен бұрын босату жөніндегі кеңес 1968 жылы Қылмыстық әділ сот туралы заң (1967) ережелері ретінде құрылды, 1994 жылы Қылмыстық әділ сот пен қоғамдық тәртіп туралы заңға байланысты атқарушы тәуелсіз мемлекеттік органына айналды. Қылмыстық мерзімінен бұрын босату жөніндегі кеңес Қамаудағы адамдар бойынша тәуекелді бағалау мен басқаруды орындайды:

- алдында босатылған қамаудағы адамдарды, төрт жыл және одан да көп мерзімді жазасын өтеп жатқандарды;
- өмір бойынша қамауда өтеп жатқан балаларды босату немесе қоғамды қорғау мақсатында үкімдерді бағалау (ҚҚМУБ);
- өмір немесе ҚҚМУБ берілген және қайтадан абақтыға қамалған қамаудағы адамдарды босату;
- ашық абақтыларға ауыстыру үшін жарамдылық туралы ұсыныстар.

Тәуекелді бағалау қоғамды қорғаудың маңызды мақсатына ие, сондай-ақ құқық бұзушыны оналтуға ықпал етеді (Қылмыстық мерзімінен бұрын босату жөніндегі кеңес, 2014). Әдетте Қылмыстық мерзімінен бұрын босату жөніндегі кеңес үкімді шығару туралы судьяның ескертпесін, абақтыдан және пробация қызметкерлерінен (әдетте, құқық бұзушыларды қадағалаушылардың немесе басшылардың) хабарламаларды, сонымен қатар, қамаудағы адамның қылмыстық тарихы туралы толық ақпаратты қамтитын құжаттама алады. Сонымен қатар, статикалық сипаттамалар (мысалы, алдын ала сотталулар) мен динамикалық сипаттамаларға (мысалы, абақтылардағы мінез-құлқы), сонымен қатар камалу кезінде өткен аяқталған курстарға негізделген тәуекелді ресми бағалау жүргізілуі мүмкін. Сонымен қатар, құрбанға ықпал ету туралы мәлімдеме де (8-тарауды қараңыз) болуы мүмкін. Қылмыстық мерзімінен бұрын босату жөніндегі кеңестерде істі жазбаша қарауға болады немесе іс ауызша тыңдауға берілуі мүмкін.

Ауызша тыңдау, әдетте, абақтыде өтеді және оны сондай-ақ бейнебайланыс арқылы тыңдауға болады. Әдетте, қылмыстық мерзімінен бұрын босату жөніндегі кеңестің үш мүшесі қатысады және психолог немесе психиатр жиі қатысады. Қамаудағы адам заңды түрде көрсетілуі мүмкін. Сонымен қатар, жапа шеккендер мен бұзушының менеджері немесе абақты психологы секілді қамаудағы адам атынан куәгерлер де қатыса алады. Қамаудағы адамның өзін тәуекелге ұшыратуын жалғастыру туралы сөз болып отыр.

ІРР-дің толғандыратын аспектілерінің бірі осы құқық бұзушылардың қылмыстық мерзімінен бұрын босату мәселелері бойынша тыңдауларда тиімсіз жағдайда болуы мүмкіндігі болып табылады, себебі, олар өздерінің тәуекелін азайтуға ықпал ете алатын, абақтыда болған кездегі курстарға қатыса алмайды. Басқа мәселе – бұл өзінің кінәсіздігін жариялаған тұлға ұсынатын дилемма (3.6-қосымшадағы мысалды қараңыз).

3.6-қосымша. R v Mohammed Hanif Khan

[2012] EWCA Crim 2361, 2012 жылдың 9 қазаны.

ИРР-дің ұсынысы өзінің кінәсіздігін дәлелдейтін қамаудағы адам өзінің болашақта босатылуын қамтамасыз ету ықтималдылығы аз, кеңейтілген лицензиясы бар ұсынысымен ауыстырылды.

Khan мырза қауіпке қатысты судьяның қорытындысы негізінде ең аз мерзім 8 жылға ИРР үкімдер шығарылған, балаларға қатысты сексуалдық қылмыстарға қатысты айыптау үкімдеріне шағымданды. Ол өзінің кінәсіздігін дәлелдегендіктен, ол сексуалдық қылмыскерлерді емдеудің аккредиттелген бағдарламасына қабылдануға құқығы болмады, сәйкесінше, Қылмыстық-мерзімнен бұрын босату сұрақтары жөніндегі кеңестің алда өтетін тыңдауларында оны босатуды қамтамасыз ету мақсатында өзінің тәуекелін төмендетуді көрсете алу-алмауы екіталай. Апелляциялық судьялар Khan мырзаны ешқашан Қылмыстық мерзімнен бұрын босату сұрақтары жөніндегі кеңес лицензия бойынша босатылу құқығына ие деп қарастырмайтындығы және «жүйеде тұрып қалған» тұлға болатындығы туралы қорытындыға келді. Апелляциялық соттар ИРР бойынша үкімнің күшін жойды және 5 жылға кеңейтілген лицензиямен 16 жылға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындады.

ҮКІМАЕР ШЫҒАРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӨНІНАЕГІ КОМИССИЯ

2009 жылғы Коронерлер мен әділ сот туралы заң корольдік соттардағы судьялардың үкімдері, сонымен қатар, магистраттар бойынша беделді басшылықты орнатуды көздейтін жазаларды тағайындау жөніндегі Комиссияны құрды. Комиссия, сондай-ақ, қоғамның хабардарлығын арттыру мен үкімдерді шығару сұрақтарын түсіну үшін жалпы өкілеттіліктерге ие.


БРИТАНАЫҚ СОТ ЖҮЙЕСІНАЕГІ НЕГІЗГІ РӨЛАЕРІ ҚАНААЙ?**СУАБЬЛАР**

Ұлыбританиядағы судьяларды іс-тәжірибе жүргізетін адвокаттар немесе солиситорлардың қатарынан Судьяларды тағайындау жөніндегі комиссиясы тағайындайды. Коллективті судьяларды, сондай-ақ, «The Bench» деп те атайды. Сот органдарының құрамында бұрынғыдай ер жыныстылар (3.6-суретті қараңыз) және ақ нәсілділер басым, кейбір соттар магистратурада және жоғарғы деңгейлі соттарда жүргізіледі.

Әртүрлі соттар мен трибуналдардағы этникалық азшылықтан судьялар үлесі 6-дан 14%-ға дейін құрайды. Тағайындаулар, әдетте, тәжірибелі заңгерлермен жүргізілетіндіктен, бұл орташа жасты арттырады (тек жақында ғана судьялар 70 жасында жұмыстан кетуге мәжбүр болды), бұл судьяларды айыптауға әкелді. Бір судья үдерісте «Битлз» деген кімдер деп сұрағаны белгілі.

Судьялар қабылдаған шешімдер эмпирикалық зерттеудің пәні болды (мысалы, Dhami, 2003; Spohn, 1991). Судьялар рөлінің маңызды аспектісі алқабилердің бағыты болып табылады. Мысалы, түсіндірмелер зорлау жағдайларында да дәлелдерді пайдалану тәсілдеріне қатысты жасалынуы мүмкін, мысалы, құрбанның неліктен түсініктеме беруді кешіктіріп жатқандығы туралы. Ellison мен Munro (2009) құрбанның мінез-құлқына қа-

тысты, оның қарсы келу-келмеуі және оның зорлау туралы кеш хабарлағандығы туралы судьялардың нұсқаулары мен сарапшылардың түсіндірмелеріне ықпалын зерттеу үшін алқабилерге макетті зерттеуді қолданды. Осы зерттеушілер сот отырыстарының шынайы залына рөлдік ойынның эксперименттік шарттарының экстраполяциясынан сақтандырылғанымен, сот нұсқауы зорлау талапкерінің мінез-құлқына «сенім білдіруді» құрауына қатысты олардың нағандығы немесе біржақты жорамалдарына байланысты алқабилерден бас тартудың механизмі болып табылады (374-бет). Dhami (2008) экспериментті түрде оның зерттеу респонденттері алқабилер рөлінде студенттер болғанын ескере отырып, нәтижелердің жалпы қолданылуына өте сақ болғанымен, ол орынды күмәндарға негізделген сот шешімдерінің, әдетте, судьялар қабылдайтын стандарттардан айрықшалана-тындығын анықтады.



3.6-сурет. Сот жүйесіндегі гендерлі белгісі бойынша бөлу, 2012-2013 жылдар (Көзі: Әділет министрлігі)

Салыстырмалы түрде зерттеулердің кішігірім бөлігі судьялардың шынайы шешімдерді қабылдауын ескере отырып жүргізіледі. Langevoort (1998) нақты деректердің либералды интерпретациялары мен Америка Құрама Штаттарындағы соттардың саяси бейімдерінің арасындағы байланыстың болғандығын болжады.

АВВОКАТТАР

Заң мамандығы жалпы алғанда екі тармаққа бөлінеді: солиситорлар мен барристер. Соңғылары өздігінен жұмыспен қамтылған болып табылады және палаталар жиынтығында ұжым түрінде жұмыс істейді. Англия мен Уэльсте олар Inns of Court (Inn Lincoln’s, Inn’s Gray, Middle Temple және Inner Temple) төртеуінің біреуінің мүшесі болуы тиіс. Олардың акамедиялық біліктілігі аяқталған кезде адвокаттар оның қандай сот инстанциясына бекітілгеніне байланысты жүргізілетін ресми рәсім болып табылатын «адвокатураға шақырылады». Көбінесе, оның көп жылдық тәжірибесін көрсететін, адво-

катта көрсетілген «шақырту жылын» көруге болады. Ол шақырылғаннан кейін, адвокат клиенттерге өзінің қызметтерін ұсыну мүмкіндігіне ие болу үшін тағылымдамадан өтуі тиіс. Әдетте, солиситорлар әріптестік қағынастарда жұмыс істейді. Malleson мен Moules (2010) Ұлыбританияда уағдаластық ерекше, себебі, заңды құзыреттердің көп жағдайларында заңгерлер бірлескен дайындықты өткізеді, сосын коммерциялық жұмысқа немесе адвокатураға маманданады. Істің сотқа ұсынылуына келетін болсақ, онда мұны көбінесе барристер жасайды, бірақ солиситорда да «аудитория құқығы» бар. Сотталушы, әрине, өзін «тарап» ретінде көрсете алады. Әдетте, заң өкілділігін талап ететін тұлға барристерге істі сотқа ұсынуға «нұсқама беретін» солиситордың кеңесіне жүгінеді. Заң көмегінің қысқаруына байланысты өздерін тарап ретінде көрсетуге тырысатын адамдар санының артқандығы байқалып отыр.

Жалпы алғанда, «the Bar/адвокатура» термині барристерлерге қатысты. Судьялардағыдай секілді, бұл – Англия мен Уэльстегі барристердің шамамен 15000-ның үштен бірі әйелдер құрайтын, ал шамамен 9%-ын этникалық азшылық өкілдері құрайтын ерлердің мамандығы. Шамамен адвокатуралардың 10%-ы «Silks» ретінде белгілі корольдік өкілдерінен (КӨ) тұрады. «Taking silk» барристерді бас адвокат ретінде тағайындайды, ал тағайындауларды тәуелсіз таңдау комиссиясы анықтайды. 3.7-қосымшада қылмыстық істерде айыптауды немесе қорғауды білдіретін кезде барристердің рөлі және кейбір айырмашылықтар туралы толығырақ ақпарат келтірілген.

3.7-қосымша. Gavin Collett барристер рөлі туралы

Sussex University-дегі құқықтану мен қоғамдық ғылымдарды оқи келе, мен «Inns of Court» заң мектебінде оқыдым (сол кездегі адвокаттарға арналған жалғыз мектеп). Жиырма сегіз желінген түскі ас пен тапсырылған көп емтихандар 1993 жылы мені адвокаттар алқасына жүгінуге мәжбүрледі. Оқу жылдары мен 21 жыл практика менің заңмен жұмыс тәжірибемді анықтады, бірақ бұл мені үнемі ұялтты.

Барристер сот пен судьяға көмек көрсетуі, сосын өзінің клиенті үшін күресуі, олардың нұсқама беруші солиситордың көңілі толуына және бәрінен бұрын әділ соттың жасалып қана қоймай, сондай-ақ, жасалынатындығына барынша кепілдік беруіне тырысуы тиіс. Бұл кейбір қағынастарда толық қарама-қайшылық болып көрінгенімен, шынымен де бұл олай емес, себебі, әділ нәтижемен дауласа бермейді. Бірақ кейбір жағдайларда егер бұл судьяны адастырса немесе тіпті оның өзі адасатын болса, барристер судья алдында тұруы тиіс! Алайда, мұндай жағдайлар өте сирек. Көбінесе клиентте және сотта істі көрсету тәсілінде шиеленіс туындайды.

Барристер ешқашан сотты адастыра алмайды (немесе жалған ақпаратты бере алмайды). Шындығында, неғұрлым көбірек қойылатын сұрақтар сіздің айыптыларды қалай қорғай алатындығыңыз бен барлық дәлелдер оған қарсы болған жағдайда оны қалай қорғай алатындығында болып отыр. Біріншіден, егер клиент өзін кінәлі деп айтса, онда сіз оның кінәсіздігі туралы айта алмайсыз (кері жағдай дәлелденге дейін және осындай менің тәжірибемде 20 жылда бір рет орын алады, әдетте, мұндай жағдай өте сирек болады). Егер олар өзінің кінәсін мойындаса, сіз оны қорғай алмайсыз, тек жеңілдете аласыз.

Екінші сұрақ неғұрлым көбірек таралған: барлық дәлелдер оның кінәсін көрсететін кезде, ол өзін кінәсізбен деп сендіретін адамды қалай қорғай аламын. Менің ойымша, осы жағдайда айыпталушыға жақсы адвокат қажет. «Айыптаудың» барлық дәлелдері – олардың кінәлілігін көрсететін жағдай, осында айыптау дәлелінің мақсаты көрінеді. Егер

бұл олардың кінәсіздігін көрсеткен болса, онда біз айыптаулардың алынып тасталатынына сендік. Кәсіби адвокат дәлелдерді қарастыруы, қандай дәлелдерді айыптауға қарсы ұсынуы және дәлелдерді қалай ұсыну қажеттігін қарастыруы қажет. Егер мен айыптау түсініктемелерін таза монета ретінде қабылдасам және клиентімді кінәлі деп санайтын болсам, онда мен оның қорғаушысы болуды қойып, оның судьясы болар едім, сонымен қатар, сот жүйесінде көп болатын алқабилердің рөлін алар едім. Егер мен өзімнің клиентімнің кінәсін (немесе кінәсіздігін) алдын ала анықтасам, онда мен оның қорғаушысы болмаймын және осы істен дереу бас тартуым қажет болады.

Ақырында, «сол» ер адамды немесе әйелді қалай қорғай аласыз деп менен жиі сұрайды. Әдетте, бұл баспасөздің нақты қылмысқа айтарлықтай қызығушылығы болған кезде туындайды. Мүмкін, қылмысқа балалар немесе басқа да әлсіз адамдар тартылған қылмыс ерекше қатаң қылмыс болып табылады немесе айыпталушылардың пікірлері сол сәтте қарама-қайшы болды. Осы жағдайларда тәуелсіз адвокаттың рөлі шешуші мәнге ие. Егер айыпталушы дауыс беру құқығына ие болмаса және өзін қорғай алмаса, онда қалай әділ үкімге қол жеткізуге болады? Дұрыс үкімге қол жеткізу үшін, ал кінәлі деп танылған тұлғалар жағдайында олардың әділ сот талқылауының болмағандығы немесе қоғамдық пікір таңбасының құрбандарына айналғандығы туралы айта алмауы үшін кез келген істің судья мен алқабилердің алдында лайықты түрде аргументтелуі өте маңызды. Егер кінәсіз сотталушы сотталған болса, бұл тек әділетсіз ғана емес, сондай-ақ, нағыз қылмыскердің тағы да қылмыс жасау мүмкіндігін білдіреді!

Іс айыпталушыға қарсы жеткілікті деңгейде маңызды болғанына қарамастан, барристер өзінің міндетіне еш қорықпай кірісуі тиіс. Кейде мен әділ сотқа араласатын «fat cat» заңгерлер туралы оқыған кезде осы айыптаушылардың 1938 жылы Германияда басып жаншылған азшылықтың жағына фашистік көпшілікке қарсы тұрған батыл заңгерлерді бірдей дәрежеде айыптайды ма деп таң қаламын.

Айыпты көрсету мен қорғауда аргументтеу тәсілдемесінде айырмашылық бар ма?

Заңгер үшін әдеттегі стильде осы сұраққа жауап – иә және жоқ! Соттық қудалау жағдайында барристер айыптау дәлелін береді, сосын қорғау тарапы берген кез келген дәлелдерге қарсы болады. Қорғаушы-барристер керісінше жасайды және осындай қарапайым формада жауап теріс болады.

Алайда бұл оқиғаның соңы емес. Айыптау адвокатына қатысты жағдайда бұл дәлелдерді беру мақсатында ғана «қудалау (ізіне түсу)» жұмысы емес. Егер айыптау ісі негізді болса, фактілер өздігінен сөйлеуі қажет. Дәлелдердің алқабилер оны түсініп, оны ұстана алатындай бірізді формада және манерада көрсетілуі тиіс. Осы жағдайда бірізділіктегі қабілеттер немесе күшті мүмкіндікті жіберіп алу егер адвокат сақ болмаса және сотты адастырса немесе дәлелдерді келісілмеген формада беретін болса, барлық мүмкіндігінен айрылуы мүмкін.

Қорғаушы-барристер осы дәлелге қарсы болуы тиіс, бірақ ол дәлелдерді қолдан жасай алмайды, сотты адастыра алмайды. Көбінесе барристерге осал немесе шатасқан куәгерлердің дәлелдерге қарсы болуына тура келеді, бұл ерекше мәнге ие. Азаматтық тұлғалардан адвокатқа ұқсауларын сұраған кезде, олар бірқатар сұрақтарды агрессивті түрде қоя бастайды; көбінесе жауапты күте бермейді. Бұл сотта сирек болады және кез келген жағдайда осындай тәсілдеме мәнсіз болар еді. Көзімен көргендердің сұрақтарға берген жауаптары істі бұзуы мүмкін, себебі, олар қойылған сұрақтарға жауап берілмейді. Егер

сіз агрессивті тәсілдемені қабылдасаңыз, сіз куәгер түсініктемелерін азайтуға, кез келген пайдалы көзқарасты тоқтатуға және соттың симпатиясын жоғалтуға тәуекел етесіз. Танымал фантастика қаншалықты жиі еленбесе де, тоғыспалы жауап алу сіз оны жүргізу кезінде «шоқындырған» болуыңыздың керектігін білдірмейді. Жұмсақ, әрі түзу жауаптар парағы бірнеше кінәсін мойындауға қарағанда, неғұрлым пайдалы ақпарат пен дәлелдерді алуға мүмкіндік береді.

Осы сұраққа жалғыз жауап кез келген жағдайда әрбір айыптау мен қорғау адвокаттары үшін әрбір нақты жағдайда жеке тәсілдеменің қажеттігі болып табылады және осылай болғаны да жақсы.

Барристерді зерттеу олардың эмоциялық шиеленістің жүктемесін (Healy, 2014), сонымен қатар адвокатурадағы гендерлік айырмашылықтарды қарастырды (Smyth пен Mishra, 2014). Соңғысы Аустралиядағы Жоғарғы сотқа берілген істердің стенограммаларын қарастырды және әйел-адвокат қорғайтын апелляция берушілер оларды ер әріптестері берген жағдайға қарағанда, Жоғарғы сотта әділеттілікке қол жеткізу мүмкіндіктері аз екенін хабарлады. Әйел судьялардың саны көп топтардың болуы әйел адвокаттар қорғайтын істер бойынша дауыс берудің жоғары ықтималдылығымен байланысты. Сонымен қатар, жауап берушілердің қажеттіліктерін олардың адвокаттары жүргізді (Raaijmakers et al., 2014). Голландық сотталушыларды қарастыра отырып, егер адвокат сот тағайындаған адвокат емес, жеке жалдамалы адвокат болған жағдайда, олар қанағаттандырудың жоғары деңгейін анықтады. Егер жауап берушілер қылмыстық әділ сот жүйесімен өзінің өзара әрекеттерімен неғұрлым қанағаттанған болса, егер олар қатыса алады деп санайтын болса, оларға өз қадірін сезініп, құрметпен қарайды.

КУӘГЕРЛЕР

Куәгерлердің екі түрі бар: факт куәгері және куәгер-сарапшы. Біріншісі – бұл қарастырылып отырған оқиғалардың қандай да бір аспекті туралы тікелей білімге ие және «көзімен көрген куәгер» немесе тіпті «ear» куәгер бола алатын адам. Сот психологиясы көзімен көрген адамдарға және олардың дәлелдерінің сенімділігіне үлкен қызығушылық танытты (шолу Bull, 2004; Howitt, 2006; Ghetti et al., 2004; Мемон-да қысқаша қолжетімді тарау, 2008). Зерттеулердің көп бөлігі адамдардың жынысын, көз пішінін, шаш түсін сәйкестендіре білуінің, сонымен қатар, нәсілі, бойы және жасына қатысты екіжақты анықтай алуының дәлдігін анықтады (Van Koppen мен Lochun, 1997). Куәгерлердің сенімділігі қызығушылық тудырды және әділ соттың мүмкін қателерімен байланысты. Ainsworth (2000: 166) Patrick Murphy мысалын сипаттады. 1992 жылы лондондық таксисті тоқтатты, қарумен қорқытты және Downing Street-тағы премьер-министрдің резиденциясына дейін жетуін өтінді, сонымен қатар, кабинаға бомба орнатты. Жүргізуші бомба жарылғанға дейін таксиді тастауға және айқайлап ескертіп үлгерді. Ирландалық Patrick Murphy жарылыс үшін жауапты ретінде тұтқынға алынды және Murphy мырзаны үш әртүрлі адам таныды. Murphy мырзаның бақытына орай, ол сол кезде Анонимді маскүнемдер жиналысында болғандығын дәлелдей алды және барлық айыптаулар алынып тасталды. Бұл қате болған сенімді сәйкестендірулердің көптеген мысалдарының бірі болды (Davies, 1996).

Мемон (2008) куәгерлердің дәлдігіне ықпал ететін бірқатар айнымалыларды сипаттады. Оларға көру мүмкіншілігі, адамға дейінгі арақашықтық немесе бақыланатын оқиғалармен байланысты жарықат жатады. «Қару әсері» – бұл қарудың болуы секілді

эмоциялық қоздыратын стрессордың қылмыскердің тұлғасын сәйкестендіру дәлдігіне ықпалын білдіретін термин. Сонымен қатар, дәлдікке ықпал етуі мүмкін сәйкестендіргіштің (идентификатордың) және қылмыскердің нәсілі секілді көптеген демографиялық сипаттамалар бар. Куәгердің өз нәсіліндегі адамды тану ықтималдылығы жоғары. Қарт куәгерлер дәлдігі аз үрдіске ие. Зерттеулердің айтарлықтай саны сәйкестендіру процедурасына бағытталған. Дәлдікке қатысты дәлелдер әртүрлі және Мемон кате сәйкестендіру сот қателіктерінің себебі болып табылады деген қорытынды жасады.

Ray Bull (2004) куәгерлердің түсініктемелеріне, яғни, дыбыстық сәйкестендіруге ерекше қызығушылық танытты. Ол былай деп көрсетті (169-170 беттер):

- дауысымен сәйкестендіру визуалды сәйкестендіруге қарағанда қиынырақ;
- бейтаныс адамның дауысын анықтау ерекше қиын;
- дауысымен сәйкестендіру визуалды сәйкестендіруге қарағанда көбінесе дұрыс емес болады.

Англия мен Уэльстегі соттарда сәйкестендіру дәлелдеріне негізделген бірқатар сот қателіктерінен кейін Turnbull Directions ретінде танымал басшылық жақсы және сапасыз сәйкестендірулер арасындағы айырмашылықтарды анықтады (бірінші жағдайда күдіктіні салыстырмалы түрде ұзақ көру мүмкіндігі берілді, ал екінші жағдайда бұл мүмкіндік қысқа мерзімді болды). Соттарға арналған нұсқауларда алқабилер үшін сәйкестендіруде салыстырмалы түрде сенімділіктен сақтандыруларды қамтиды.

Куәгер-сарапшы – бұл олардың ерекше тәжірибесіне негізделген қорытынды беретін адам. Психологтар 1950 жылдардың аяғына дейін куәгер-сарапшылар ретінде дәлелдер бермеді (қысқаша тарих үшін Coleman мен Mackay, 1993 және Gudjonsson мен Haward, 1998). Психологтар азаматтық, сондай-ақ, қылмыстық соттарда, психиатриялық қызметтер мен жұмысқа тұрғызу бойынша трибуналдарда, қылмыстық мерзімінен бұрын босату бойынша тыңдалымдарда сараптамалық түсініктемелер бере алады. Алдында айтылғандай (2 және 7-тараулар), Америка Құрама Штаттарында сараптамалық дәлелдер стандарттарына қатысты нақты анықтамалар бар (Frye және Daubert тесттері).

Сарапшының рөлі техникалық сұрақ бойынша сотқа көмек көрсетуде көрінеді және оны тараптардың әрқайсысы үшін, яғни, қорғау немесе қылмыстық қудалау үшін баяндама дайындауын сұрай алады. Wrightsman мен Fulero (2005:35) сарапшы өзінің қорытындыларын объективті көрсету мүдделерінде емес, оларды қолданатын тараптың мүдделерінде жұмыс істейтін «жалдамалы қаруға» айналу тәуекелін көрсетеді. 3.8-қосымшада сараптамалық түсініктемелерге қойылатын бірқатар талаптар туралы адвокаттың көзқарасы толығырақ мәлімделген.

3.8-қосымша. Заңгер көзқарасынан сарапшы, Gavin Collett

Кейде іс бойынша фактілер куәгер-сарапшының түсініктеме беруін талап етеді. Біріккен Корольдікте осындай дәлелдерді сот бере алады, басқаша айтқанда, алқабилердің рұқсатымен беріледі. Бұл, сондай-ақ, айыптау органдары да, қорғау органдары да – тараптардың ешқайсысы да өзінің қарсыласына «ор» құра алмауы үшін осындай дәлелдерді пайдалану мүмкіндігі туралы білетін болады. Кейінірек, сарапшыға көбінесе шығындардың бос жұмсалмауы және соңғы нәтижеге қол жеткізу туралы нұсқама береді, бірақ бұл әрқашан мүмкін бола бермейді. Бұл зерттеу пәні, мысалы, сынған шыныға немесе жолдағы сырғанау іздеріне қарағанда, психология дәлелдері қайта қарала алмайтын кезде дұрыс болады. Екі сарапшыны шақырған кезде сот алқабилер немесе судья осы-

ның пікірлері мен себептері арасындағы айырманы бағалай алуы үшін көбінесе олардың дәлелдерін рет-ретімен тындайды. (Егер сарапшылар арасында келіспеушіліктер болған жағдайда, оларды сотқа шақырмайтындығы, бірақ дайындалған мәлімдеме жай оқытылу мүмкіндігі анық).

Куәгер-сарапшыны тарта отырып, барристер машықтардың үш негізгі салаларындағы критерийлерге сәйкес келуін күтетін болады:

Білім беру (дәреже мен оқыту)

- Пән саласының нақты білімдері;
- Практикалық тәжірибе (мүмкін болғанда);
- Жарияланымдар және / немесе оқыту
- Кез келген талап етілетін лицензиялау немесе сертификаттау;
- Куәгер-сарапшы немесе кеңес беруші ретінде жұмыс тәжірибе тарихы.

Оқытылған өкіл

- Клиент позициясын бағалау және істі дамытуға көмектесу;
- Адвокатқа басқа тараптың дәлелдерін түсінуге көмектесу мақсатында тестілеу немесе эксперименттер жүргізу;
- Егер басқа куәгер-сарапшылардың ұсынылуы қажет болса.

Сотта түсініктеме беру

- Жазбаша өтініштер беру;
- Сот залы үшін презентациялаудың жеткілікті машықтарына ие болу;
- Түсінікті терминологияда күрделі нәтижелерді түсіндіру немесе көрсетуді дайындау;
- Іске теңдестірілген көзқарасты ұстану.

Осы салалардың біріншісі айқын. Сарапшы дәл сондай болуы керек. Ақпараттандырылған әуесқойлар кез келген қоғамдық барда табылуы мүмкін, бірақ сенімді сарапшы болу үшін сіз өз кәсіби саласыңызды түсінуіңіз және алдыңғы шетте болуыңыз қажет. Куәгер-сарапшылар дұрыс дәлелдеу позициясының қандай болуы қажеттігі туралы «пікірін» білдіруге рұқсат етілген фактінің тікелей куәгерлері болып табымайтын жалғыз адамдар болып табылады. Сондықтан, олар өзі саласындағы «сарапшылар» болуы тиіс. Олардың жетекші оқулықты оқып қана қоймай, шығарғандары жақсы. Нобель сыйлықтары да көмектеседі, сондай-ақ, 30 жылдық тәжірибе де көмегін тигізеді!

Екінші талаптың танымалдылығы аз. Адвокат дәлелдерді бере алғанға дейін ол осыны түсіне білуі керек. Осылайша, сарапшы адвокат оларды түсінетін дәрежеде ғана емес, сонымен қатар басқа тараптың сарапшысын тоғыспалы зерттеу үшін өзінің білімі аясында адвокаттарға білім беруі тиіс.

Бұл болжамды жағдайларды қайта қалпына келтіру немесе оларды жоққа шығару үшін эксперименттерді не тесттерді қамтуы мүмкін. Ақырында, бір сарапшы оларда қажетті білімдер қорының жоқтығын түсініп, басқа сарапшы ұсынуы мүмкін. Егер сарапшы сол саламен таныс болмаса, сотта тоғыспалы жауап ал кезінде алдауға тырысуы ақымақтық болар еді.

Үшінші талап сарапшының жақсы куәгер болып табылуында көрінеді. Алдымен олар жеткілікті жазбаша өтініш беруі тиіс; фактілерді жай ғана констатациялау жеткіліксіз.

Қолданылатын әдіснама түсінікті, айқын және дұрыс болуы тиіс. Соттағы сарапшыны түсіне білуі қажет. Баяндаудың нашар стилі, міңгірлеу, жаргондарды немесе техникалық терминдерді шектен тыс қолдануына байланысты қисынсыз баяндау дәлелдік құндылығының азайып келе жатқандығын, тіпті жоғалуын білдіреді. Барлығымыз сабақта тірі жәндіктерді әкелген немесе керісінше пәнге деген қызығушылықты жоғалтқан мұғалімдерді есте сақтай аламыз.

Барлық қатынастарда куәгер-сарапшы іске теңдестірілген көзқарасты ұстануы тиіс. Егер ол іске кірісіп кеткен болса және тіпті көрсетілген жағдайда да баламаларды көре алмаса, олар өзінің риясыздығын жоғалтады және өздері судья немесе алқабилерге айналады. Осы жағдайларда олардың дәлелдері дұрыс болғанның өзінде пайдасыз болады.

«Құқық бұзушылардың профайлингін» құрайтын сарапшылар ретіндегі тұлғалардың рөлі бірқатар қызығушылық тудырады. Frekeelton (2008) тергеу кезінде профайлерлер (МЗБКБ – мінез-құлықты зерттеу бойынша кеңес берушілер) мен сот психологтарының білімдері кең қолданылатынын көрсетті. Ағылшындық-американдық және аустралиялық соттар осындай дәлелдерге олардың спекулятивті сипатына байланысты рұқсат бермейтіндігін көрсетті. Профильдеудің нақты формаларының бірі өзін-өзі өлтіру немесе екі мәнді ажал кезінде өлген адамның рухани жай-күйін тану талпынысын білдіретін және Америка Құрама Штаттарындағы коронерлер соттарында қолданылған психологиялық ашу (Ogloff пен Otto, 1993) болып табылады. Ұлыбританияда психологиялық дәлелдердің жарамдылығына шектеріне қатысты ерекше қызығушылық тудыратын екі жағдай бар: Eddie Gilfoyle-дің шағымдану жағдайы мен Colin Stagg-ға қарсы қылмыстық іс (Norris пен Petherick, 2010; Wilson et al., 1997).

Gilfoyle ісінде (Gilfoyle [2001] 2 Cr App R 57) Gilfoyle мырза үйінің гаражында асылған күйі табылған жүкті әйелінің өліміне кінәлі деп танылды. Оның денесінің жанында өзін-өзі өлтіру туралы хат табылды. Сотта хатта «Paula Gilfoyle-дің жазуының айрықша белгілерінің жоқтығы, сонымен қатар, мұның өз-өзін өлтіруді жоспарлаған әйелге сәйкес келмейтіндігін» болжау үшін талдау ұсынылды (Norris пен Petherick, 2010: 41). Апелляциялық сот келесі негіздемелер бойынша сараптама дәлелдерін қабылдаудан бас тартты:

Психикалық науқас емес жәбірленушінің немесе сотталушының психикалық күйіне қатысты психологиялық дәлелдер медициналық құжаттамадан алған жағдайда немесе сараптама дәлелдері ретінде қабылданатын психологиялық аутопсияның орнатылған академиялық ғана қабылдануы мүмкін ... психологтың да, сонымен қатар, осы саладағы сарапшының да осы істе талап етілетін міндетті орындамағаны анықталды. Сонымен қатар, психологиялық есептер спекулятивті болды және сандық тұрғыдан немесе алдыңғы зерттеулермен растала алмады.

Colin Stagg ісінде 1992 жылы Wimbledon Common-да Rachel Nickell-ді өлтіруге айып тағылды. Paul Brittain құпия офицерге Stagg-тің болжамды сексуалдық зорлығын ашуға тырыса отырып, психологиялық профиль мен ұсыныстарды ұсынды (Alison мен Rainbow, 2011). Профиль күдіктінің сексуалдық құмарлығының өзгеше болғандығын және Common-дағы екі адамның ортақ сипаттамаларға ие болу мүмкіндіктерінің аз екендігін көрсетті. Осы жағдайда Stagg мырзаға қарсы іс қабылданбады, ақырында Robert Napier адам өлтіруге айыпты деп танылды. Alison мен Rainbow (2011: xv) Stagg мырзаның профильге шағым түсірді, соңында, оны күдікті ретінде анықтауға ықпал етті.

92 СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Norris, Petherick (2010: 46) профильде көптеген дұрыс тұжырымдардың болуына қарамастан, мінез-құлық туралы сенімді статистикалық деректердің болмауына байланысты осы жағдай туралы оның туындауына қатысты анықсыз болып қала береді деп жазды. Осылайша:

Robert Napper мен Colin Stagg-дің Rachel Nickell өлтірілген күні Common-да болғандығы және екеуінің де зорлық сексуалдық мінез-құлыққа бейім екендігі туралы факт прокурордың қателесуінің жақсы мысалы болып табылады. Осындай мінез-құлықтың көріну жағдайларының жиілігі аз ..., осындай оқиғаның туындау мүмкіндіктері аз болғандықтан, өз кезегінде сотталушыны «қарапайым алқабилердің көз алдында «автоматты» түрде айыпты ететіндігі туралы болжадық.

Norris пен Petherick (2010: 31) заң тұрғысынан сотта дәлелдер ұсыну жағдайында кейбір скептицизмнің қала беретіндігі туралы қорытынды жасады. Wilson, Lincoln мен Kocsis (1997: 8) Stagg жағдайы секілді туындайтын мәселелердің тікелей профильдеудің айыптауға кедергі келтірмеуі үшін кәсіби құзыреттіліктер туралы мәселе көтерді.

АЛҚАБИЛЕР

Жарыс жүйесінің аясында алқабилердің құрамына сот талқылауы кезінде берілген дәлелдерді бағалау үшін таңдалатын қоғам өкілдері кіреді және әдеттегідей айыптау немесе айыптамау туралы пікірге келеді. Шотландияда ақтап алуға тең «негізсіз» үкімдер де бар. Англия мен Уэльсте 12 алқаби мүшелері (Шотландияда 15) мен үкімдер көпшілік дауыспен қабылданады (Англия мен Уэльсте ол екеуіне қарсы).

Алқабилердің талқылауларына қолжетімділіктің заңды тұрғыдан шектелуіне байланысты осы алқабилердің шешімдерді қабылдауы мен мінез-құлқын зерттеу қиын.

Осылайша, шешімдерді қабылдау үдерістерін зерттеу үшін көбінесе оқушылардың қатысуымен алқабилерді экспериментті зерттеу және нақты нәтижелерге құжаттық талдау жасау қолданылады (әртүрлі қолданылатын әдістерге шолу жасау үшін Penrod et al., 2011-ді қараңыз). Жалған алқабилерді зерттеу кезінде нақты сыни ескертулердің бірі экологиялық маңыздылық мәселесі, яғни эксперименттік жағдайда қол жеткізілген шешімдер үшін қандай да бір салдарлардың болмауы секілді симуляцияларға қатыса алатын әлеуетті әдіснамалық жасандылар (артефакттар) болып табылады. Көптеген зерттеулер шешімдерді қабылдаудағы бұлтаруларға назар аударды (қысқа шолу үшін Норе, 2010) және Америка Құрама Штаттарында алқабилерді іріктеп таңдау стратегияларын таңдауға айтарлықтай күш жұмсады (Davis пен Follette, 2004).

Бір жыл бұрын мен 18 ай ішінде басқа полицияға барлық елдің офицерлерімен жұмыс жасау үшін, бірқатар ішкі экстремистерді тергеп-тексеру, сотпен қудалау үшін команда беруді қабылдадым. Өте қызықты жұмыс саласына өттім, жекелеген қылмыскерлерді таптым және бұл менің лаңкестікке қызығушылығымға әсер етті. 2013 жылы мен Бас констебльден қосқан үлесім үшін алғыс алдым. 2012 жылы мен полицияны тастап, лаңкестікке қызығушылығымды әрі қарай дамыту, оқу және мамандану мүмкіндіктерін іздеу үшін қорғаныс министрлігімен байланысты ұйыммен кеңесе бастадым.

White Paper-дегі басқа қадам патрульдеудің негізгі функцияларын орындауға құзыретті полицияны қолдау қызметкерлерін (ҚПКҚ) енгізу арқылы майдан шебінде полиция қызметін күшейту болды. Бұл «әскери формадағы бейбіт тұрғындар» болды, себебі, олар шектеулі мүмкіндіктерге ие және оларда тұтқындау және ұстауға рұқсат етілген ордер жоқ. BV заңнамада бекітілген және төрт «Cs» – міндеттерді, салыстыруларды үздіксіз жетілдіру және бәсекені қолдану басталды. Соңғы қадамға полициядан әріптестікте жұмыс істеуді және қылмыстылықты қысқарту мен тәртіпсіздіктерді қысқарту бойынша әріптестік арқылы қылмыстылықты қысқарту бойынша жергілікті стратегияларды жасауды талап еткен 1998 жылғы Қылмыстылық пен тәртіпсіздіктер туралы Заңның аясында бастама жасалды.

2007-2010 жылдардағы қаржылық дағдарыстан кейін қайтадан сайланған коалициялық үкімет 2010 жылға Жан-жақты шығындар шолуында тапшылықтың мемлекеттік сектор шығындарын қысқарту есебінен қалайша қысқартылуы қажеттігіне айқын түсінік берілді. 2012 жылы Her Majesty's Inspectorate of Constabulary 2014-2015 жылдары 2,1 млрд фунтты үнемдеу қажеттілігімен Полиция қызметінің Англия мен Уэльсте 20%-дық қысқартуға ұшырағанын көрсетті. Осыған қол жеткізу тәсілдерінің бірі 4.1-суреттегі графиктегі құлдырау көрсетіп отырғандай, 2010 және 2013 жылдар аралығындағы 21% қосалқы персоналдың, 19% полиция қызметкерлерінің, қауымдарды қолдау қызметкерлерінің және 11% полиция қызметкерлерінің жоғалуын білдіреді.

Кейбір комментаторлар (мысалы, Brogden және Ellison, 2013) сыни көзқараста, олар жеке сектордың «пайданың орнына полиция қызметіне» қатысуына сенімсіздікпен қарайды. Олардың талабы есептіліктің жеке кәсіпкерлік пен мемлекеттің «конвергенциясында» (17-бет) бұлыңғыр бола түсуінде көрінеді, сонымен қатар, сын абақты қызметін жекешелендіру бастамаларымен теңдестіріледі (Andrew, 2007).



4.1-сурет. Полиция қызметкерлерінің, қосалқы қызметкерлердің және полиция деңгейінде қолдау көрсететін қызметкерлер саны, 1995-2013 жылдар (Ақпарат көзі: Police workforce statistics, Home Office).

Соңғы 30 жыл ішінде байқалған басқа үрдіс ғылыми негізделген іс-тәжірибеге өту және нәтижелердің құндылықтарын көрсету мақсатында соңғы кезектен тыс ғылыми әдіс болып табылады. Қаржылық басқару бастамасы (ҚББ), мақсаттарды тұжырымдау, нәтижелер мен осы мақсаттарға қатысты тиімділікті бағалау, ресурстар мен осы ресурстар үшін жауапты тұлғаларды анықтау негізгі элемент болды (Cabinet Office, 1983). Тиімділіктің сандық көрсеткіштерінің саны артқан сайын, Полиция қызметі қызмет көрсету аспектілерімен қанағаттану секілді неғұрлым сапалық өлшемдерге өтті (Waters, 1996).

Бұл психологиялық көзқарас тұрғысынан неғұрлым қызықты деректерді, соның ішінде, қылмыстылық алдындағы қорқынышты талдауды туғызды (бұл туралы 5 және 8-тарауларда толығырақ қарастырамыз). 2001 жылы White Paper-де жарияланған David Blunkett полициясы реформасының күн тәртібінде «Жаңа ғасыр полициясы: реформа жоспары», сонымен қатар, үшін құқық тәртібін қамтамасыз етудің ұлттық орталығын құру қарастылды:

жедел полиция қызметінің барлық аспектілерін қамту және ғылыми негізделген іс-тәжірибеге ықпал етеді. Бас полициялар ассоциациясымен (БПА) әріптестік құрып, Орталық тергеп-тексеру теориясы мен іс-тәжірибесі спецификациясын дайындады.

Бұл жұмыс [a] Standards Unit (4-бет) үйлестірілетін тиімді іс-тәжірибе бойынша нұсқаулықтар мен кодтар бағдарламасының бөлігі болып табылады.

Ұлттық барлау моделі (ҰБМ) ҰҚ ұстамының нәтижесі болды (James, 2013: 86) және «what works» дәлелдеме логикасына негізделген, кейін басым бола түсті. Нәтижесінде қылмыстылық көрінісін неғұрлым жүйелік талдауға, құқық бұзушыларды профильдеуге және куәгерлерді анықтау бойынша үлкен еңбектер шегін және тергеп-тексеру туралы шешімдер қабылдауға стимул пайда болды (Tong et al., 2009 осы зерттеуді шолу үшін). Келесі «Қоғамды құру мен қылмыстылықты қысқарту» White Paper полиция мен сот төрелігі туралы заң (2006) NIM тәсілдемесін мақұлдады және Полицияның қызметін жақсарту бойынша ұлттық агенттікті (ПҚЖҰА) құрды. Бұл мекемені келесі үкімет жойды. 2011 жылғы 15 желтоқсанда министрлердің жазбаша мәлімдемелерінде Консервативті партияның ішкі істер министрі Theresa May ПҚЖҰА қызметін тоқтату туралы және «бірыңғай кәсіп ретінде полиция қызметін дамытатын полицияның кәсіби органын» құрды. Бұл кәсіби орган 2012 жылғы 16 шілдедегі министрдің келесі мәлімдемесінде жарияланып, жасалған College of Policing болды:

College of Policing қоғамдық мүдделерді қорғайтын, полиция қызметінің стандарттарын арттыратын, полиция қызметінде жұмыс істеу үшін және алдыңғы қатарлы іс-тәжірибені тарату үшін дәлелдемелерді анықтайтын болады. Ол қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың білім алуы мен кәсіби дамуын қолдайтын болады. Бұл полиция мен әріптестерді кәсіпқой полициялар жүгінетін дәлелдемелердің неғұрлым кең спектрін жақсарту үшін жоғарғы білім беру секторының жұмысын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынымен қоса, ортақ мақсатқа қол жеткізуді бірлескен жұмысқа мотивациялайды.

College-де ғалымдармен және университет консорциумымен әріптестікті, сонымен қатар, зерттеулер жүргізуді, өңірлік желілерді құруды қарастыратын What Works қылмыстылықты қысқарту бойынша Орталық жұмыс істейді. Коалиция үкіметі өзіне ‘what works network’ (Cabinet Office, 2013) құру міндеттемесін жүктеді. Ұлттық денсаулық сақтау және күтім жасау институты (ҰДСКЖИ) Білім беруді қолдау орталығының ізінен ерген бірінші орталық болды. Төрт жаңа бағыт қылмыстылықтың қысқаруын, ерте араласуды, қартаюды жақсартуды және ерте экономикалық өсуді қамтиды.

4.3-қосымша. What Works орталықтарының негізгі функциялары

Әрбір What Works орталығы айқын әрі орынды саясатымен үкіметке тәуелсіз болады. Олардың әрқайсысы:

Деректерді синтездеу

1. Тиісті дәлелдемелерге жүйелік бағалауды жүргізу және нақты деректердің жаһандық қорының ойластырылған, дәл, айқын әрі ықпалды синтезін жүзеге асыру:

- тиімділік пен рентабельділік негізінде іс-шараларды бағалайды және бағалайды;
- шаралар пайдаланатын жерді көрсетеді;
- араласулардың салыстырмалы құнын көрсетеді;
- келісілген шкала бойынша дәлелдемелердің күшін көрсетеді.

Дәлелдемелерді аудару

2. Араласулардың тиімділігін салыстыру үшін бірыңғай өлшем бірлігін жүргізу және пайдалану.

3. Өзінің жұмысының негізіне тұтынушылардың қажеттіліктері мен мүдделерін алу.

Дәлелдемелердің абсорбциясы

4. Нәтижелерді түсінікті, интерпретацияланған және назарға алынатын форматта жариялау және тарату.

Бұлтартпайтын дәлелдемелерді көтеру

5. Зерттеулер мен мүмкіндіктердегі мәселелерді анықтау және оларды толтыру үшін әріптестермен жұмыс жасау.

6. Жұмысына тиімді бағалауды қамтамасыз ету үшін инновациялық интервенциялар мен зерттеу жобаларын пайдалануға енгізетіндерге және жүргізетіндерге кеңес беру.

Академиялық шек аясында ғылыми зерттеулер жүргізетін сот психологтарына ғылыми негізделген іс-тәжірибесін өсіру полиция қызметімен неғұрлым белсендірек байланыста болу үшін мүмкіндіктер береді.

АБАҚТЫ ҚЫЗМЕТІ

Bell (2013: 79) неолиберализм «соңғы жылдары британдық контексте ғана емес, сондай-ақ жаһандық контексте жазалау үрдістерін түсіндіру үшін өмірлік маңызға ие» деп сендіреді. 1993 жылдың қазан айында Консервативті партияның Ішкі істер министрі Michael Howard қылмыстылықпен күресу бойынша 23 тармақтан тұратын бағдарламаны қамтыған «абақты жұмысымен» сөз сөйледі. Howard мырза өзінің сөзінде оның шаралары абақтыда адамдардың көбірек болуын білдіру үшін мүмкіндік екенін айтты, бірақ ол өкінбейді: «Мен осыдан кері шегінбеймін. Біз енді абақты халқының құлау нәтижелері бойынша біздің сот төрелігі жүйеміздің табысы туралы айтпайтын боламыз ... Қане, ашығын айтайық. Абақты жұмыстары. Ол адам өлтірушілерден, ұрлықшылардан және зорлықшылардан бізді қорғауға кепілдік береді және бұл қылмыс жасағысы келген көптеген адамдарды екі рет ойлануға мәжбүрлейді».

Өзінің бағдарламасында жеке сектор қаржыландыратын, құратын және басқаратын жаңа алты абақтыны беру маңызды болды. Өздерінің реформаларының аясында 1992 жылы консерваторлар үкіметі мемлекеттік сектор инфрақұрылымын жеке қаржыландыруды ынталандыру тәсілі ретінде жеке қаржылық бастаманы (ЖҚБ) құрды. Бұл Adam Smith Институтының сәтті лоббилеуінен кейін абақтыні қамтамасыз етуге дейін кеңейтілді, сондықтан келесі 25 жыл ішінде біртіндеп жеке компаниялар Англия мен Уэльсте барлығы 14 абақтының иелері болды және оларды басқарды. Cullen мен Mackenzie's (2011: 44) пікірі бойынша, «жеке абақтылер идеясы АҚШ-та басталуы мүмкін» және идея Ұлыбританияға таралды. Жазалауды беру енді мемлекеттің айрықша құзыреті болып табылмайды, қазіргі кезде 13%-дан астам қамаудағы адамдар жеке мекемелерде ұсталады. Cullen мен Mackenzie (2011) Ұлыбританиядағы жекешелендірумен байланысты қауіптерге назар аударды, соның ішінде, жеке менеджмент қоғамдық мүдделерге, қамаудағы адамдардың әл-ауқатына немесе оңалтуына залал келтіру идеясын қоя алады. Олар жеке

абақтыға қамалу этикасымен «тұрақты» алаңдаушылығын еске түсіреді және қатаң қарау, шабуылдау үшін жеке компанияларды сотқа беретін Америка Құрама Штаттарында қамаудағы адамдардың бірқатар сәтті сот әрекеттерін каталогтайды. Олар жеке абақтылер туралы сұрақ құны, шығармашылық және инновациялар, сонымен қатар, келісімді бақылау негізінде есептіліктің негізінде жасалынуы мүмкіндігіне сендіреді. Мұны қоғамдық мүдде әрқашан жеке сектордың қатысуымен қамтамасыз етіледі деп пессимистік түрде сендірген Elaine Genders (2002, 2003, 2007) жоққа шығарды. Сонымен қатар, кейбіреулері үшін қамалудан пайданы алу моральді жиіркенішті саналады (Andrew, 2007: 898). Andrew абақтыны жекешелендірудің негізгі мотивациясы осының неғұрлым жылдам әрі арзан әлеуетті беру арқылы шығындарды жылдам қысқартуға мүмкіндік беруінде деген кең таралған пікірді түйіндейді. Сонымен қатар, ол осындай аргументтер саяси бейтарап болып табылмайтындығын көрсетті. Аустралия жағдайында ол Ұлыбританиядағыдай неғұрлым икемді жұмыс әдістеріне шыдамды, қиын, мәселелі әрі біріккен жұмыс күші ретінде көрсетілген, абақты секторының тұрақты сәтсіздіктерін шешу үшін нарыққа (Аустралия) шақыруды қамтитын маңызды баяндаманы қарастырады.

Bell (2013) басқарудың «объективті» мақсаттарына қатысты табысты өлшеуге ұмтылатын абақтыдағы басқарушылық құндылықтарының өсуін құжаттайды. Crighton мен Towl (2008: 4-8) ЖМБ режимін алдын ала орнатылған шараларды, өнімділіктің өлшенетін стандарттарын, бюджеттерді бақылауға арналған шығындар орталығын құруды, бәсеке мен қосалқы мердігерлікті енгізуді, сонымен қатар, сатып алушы мен жеткізушінің рөлдерін бөлуді арттыру арқылы Мемлекеттік қызметтерді дезагрегациялауды қамтушы ретінде тізіп шығады. Crewe, Bennett пен Wahidin (2008: 5-7) ЖМБ-нің абақты персоналына ықпалын келесідей құжаттайды:

- мамандану, яғни, абақтылардың қызметкерлері бұрын орындаған міндеттерді орындайтын әрбір лауазым мен жедел қызметті қолдау сыныбын арттыру үшін негізгі рөлдерге назарды шоғырландыру, яғни, қақпаларда жұмыс істеу және қамаудағы адамдарды қостау;
- кәсіпқойлылық, яғни, психологтар секілді кәсіби қызметкерлердің санын арттыру;
- орталықсыздандыру, яғни, әрбір мекемеге адами ресурстар мен қаржыларды басқаруды делегирлеу;
- индивидуализация, яғни, кәсіби одақтар мен өндірістік қатынастар механизмдері айналып өтуге тырысатын және оның орнына жұмыскерлермен қатынастар мәдениетіне жұмыскерлерге тікелей кеңес беретін, басқаратын топтардың ұжымдық өкілдіктерін бұзуы.

Шамамен 1990-жылдардың соңында жеңіл өлшеуге болатын алдын ала орнатылған мақсаттарға сәйкес, психологиялық негізделген бағдарламалар, соның ішінде, когнитивті мінез-құлық әдістері мен құрылымданған топтық интервенциялар өркендей түсті. Осындай бағдарламалардың кезеңдерін қадағалауға және тартудың алдындағы бірқатар базалық көрсеткіштермен психометриялық деректердің батареясын салыстыру салыстырмалы түрде қарапайым. Бірақ, Crighton мен Towl (2008) көрсеткендей, өздерінің бағдарламасын аяқтаған және ол қажет болып табылатын қамаудағы адамдарды іріктеп таңдау секілді мәселелер туындады. Санын қысқарту немесе сақтау мақсаттарына қол жеткізу үшін сәйкес емес іріктеп таңдау кейбір қамаудағы адамдарға залал әкелуі мүмкін екендігінде көрінетін этикалық мәселелер қосымша аспект болды. Сонымен қатар, Crighton мен Towl көзқарастарында бағдарламаны «сәтті» аяқтауды көрсету үшін психометрия-

лық тесттерді шектен тыс қолдану кейбір кәсіби іс-тәжірибелерге күмән тудырды. Олар басқару мақсаттарына қол жеткізумен байланысты қысымды кәсіби пайымдармен шиеленіскен болуы мүмкін деп болжайды. Thomas-Peter (2006) бағдарламаларды неғұрлым жоғары білікті мамандар мен қымбат кәсіпқойларды ауыстыра алатын біліктілігі неғұрлым төмен жұмыскерлер жүргізе алатын, кәсіптердің қызметтерді реттеуді төмендетуіне ықпал ететін қызметтерді көрсетуге нарықтық тәсілдемені құруды ұсынды.

Tony Blair басқарған кезде еңбек сұрақтары бойынша Patrick Carter оларды жазалау мерзімінде құқық бұзушыларды кешенді басқаруға, жақсартылған ақпаратқа негізделген жүйені қолдану арқылы ресурстарды шектеп қолдану тәуекелін бағалау, үлкен бәсеке, барлық мемлекеттік, жеке және еркін секторлардан абақтылердің жеткізушілері мен сынақ мерзімдерін неғұрлым тиімді қолдануға бағдарланған унитарлық жүйені құруды ұсынды. Ол Құқық бұзушылықтарды басқарудың ұлттық қызметі (ҚББҰҚ) деп аталатын абақтылар мен пробацияның бірыңғай қызметін құруды ұсынды. Өңірлік менеджерлер қолдайтын ұлттық директор қайтадан құқық бұзушылық қысқартатынын көрсететін дәлелдемелердің негізінде белгілі бір қаржыландырап еді. ҚББҰҚ 2004 жылы құрылды, 2008 жылы шілдеде Carter ұсынған бағыттарда Әділет министрлігінің атқарушы агенттігіне айналды. Бұл нәтижелер бойынша төлем сызбасын қамтитын «оңалту революциясын» енгізу үшін 2010 жылы билікке келген коалиция үкіметіне жол ашты. Doncaster жеке абақтысы 2011 жылы ТЫТ сызбасына басшылық еткен алғашқылардың бірі болды.

ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ

Соңғы үш онжылдық ішінде Пробация қызметі өзінің мәдениеті мен іс-тәжірибесін өзгерту үшін «үнемі қысымда» болды (Deering, 2014). Қызметтер бастауларын құтқарудың евангель діни миссияларының, ұстамдылық бойынша қозғалыстың, қысым топтарының және викториандық дәуірдің филантропиялық кәсіпорындары қызметінің үйлесімінен табуға болады, сондықтан 1897 жылға таман толық жұмыс күнінде жұмыс істейтін миссионерлердің қамаудағы адамдар мен олардың отбасыларын сот арқылы және одан кейін қолдайтындығы ресми түрде мойындалды (Maier мен Burke, 2012). Криминология, евгеника, статистика мен психология секілді жаңа ғылымдар маңызды рөл атқара бастады. Кейінірек, құқық бұзушының мәселелік диспозициялық сипаттамалардың себептері туралы аргументтер шығарылды. 1907 жылғы Құқық бұзушылардың пробациясы туралы заң адал әрі еңбексүйгіштік өмір сүру үшін пробация тәртібіне сәйкес аударылатын және қолдау көрсететін белгілі бір жағдайлардағы құқық бұзушылардың келісімімен пробацияның заманауи қызметіне негіз салды. Құрылған сәттен бастап сынақ мерзімі жазалаудан ерекшеленетін, назарын аударатын таңдау ретінде қарастырылды. Психология Пробация қызметінің дамуында белгілі бір рөл алуды жалғастырды. 1940-шы жылдарда тағылымдамадан өту үшін лайықты адамдарды таңдап алуға көмектесу үшін өнеркәсіптік психологтармен кеңес берулер жүргізілді. Бұл полиция қызметі үшін жаңа шақырылғандарды іріктеп таңдауға көмектесетін психологияның рөліне сәйкес келді (Brown, 2000, осы томдағы 9-тарауды қараңыз). Психология тәжірибелік жұмыстың дамуына өз үлесін қосты және бұл арнайы білім офицерлердің қолдауды сезінетіндерді анықтай алуы үшін қажет деп саналды. Бұл өзіне құқық бұзушылардың эмоциялық, сонымен қатар, метариалдық қажеттіліктерін түсінуді қамтыды. Зерттеу де белгілі бір рөл ала бастады.

Wootton Report-тың шартты жазалау мерзіміндегі адамдардың супервизиясы туралы баяндамасынан туындайтын қоғамдық жұмыстардың пайда болуымен Maier мен Burke

(2012) осы мән-жайдың тағылымдаманы әлеуметтік жұмысқа бағдарланған жұмыстан алыстатқандығын анықтады. Күндізгі оқу орталықтарын (КОО) енгізу қатысуды талап етті және олардың кейбіреулері пробацацияға қатысты келісім элементін әлсірету үшін Пробацация қызметінде болды. 1970-ші жылдарға таман сынақ мерзімі ішінара лық толған абактылерден туындаған, ал пробацацияға тапсырыстар қайтадан құқық бұзушылықтардың қысқаруында ерекше тиімді болмады деп болжаған, «ештеңе жұмыс істемеді» деген ішінара пікірталастардың салдарынан оңалту идеалынан әрі қарай қамаудан қашуға қарай жылжыды.

1982 жылғы Қылмыстық сот жүргізу туралы заң сынақ мерзіміне бірқатар өзгерістер енгізді:

- ең көп дегенде 60 күн ішінде күндізгі орталыққа баруды талап ету немесе қызметтің белгілі бір түрлерінен тартыну бойынша өкілеттіліктер;
- 60-тан 120 сағатқа дейінгі қоғамдық тапсырыстар 16 жылға дейін кеңейтілді;
- әлеуметтік тергеп-тексерулер туралы есептер бұрын абактыде қамалмаған құқық бұзушылар үшін дайындалуы тиіс болды.

Maig мен Burke (2012: 138) бұл ережелер оларды «жеңіл» нұсқа ретінде саналу үшін абакты қорытындысына баламалар ретінде халыққа неғұрлым тартымды ету үшін пробацация туралы бұйрыққа қаталдықты енгізуге бағытталған деп болжады. Пробацацияны үш Es-ке (экономика, тиімділік және нәтижелілік) енгізу 1984 жылда Ұлттық мақсаттар мен басымдықтар туралы өтініш (ҰМБТӨ) жарияланымымен Thatcher консерваторларының екінші әкімшілігінде басталды.

ҰМБТӨ -да негізгі мақсат қоғамда құқық бұзушыларды, әсіресе, кері жағдайда бас бостандығынан айырылуы мүмкін адамдарды қадағалау болып табылады деп мәлімдеді. Пробацацияға басқа мекемелермен жұмыс істеу, делдалдық секілді жаңа міндеттерге қатысу және өзінің ресурстарын тиімді қолдану белгіленді. Maig мен Burke (2012 жыл) айтуынша, ҰМБТӨ пробацацияның географиялық аймақтарын консолидациялауға арналған тұстары болды және ұлттық мақсаттарды орнату пробацация қызметінің жергілікті басты қызметкерлерінің билігі мен автономиясын бұзды. Деректерді енгізу мен есепке алуды компьютерлендіру мен стандарттауды енгізу ұлттық тәсілдемеге және қызметті жаңғыртуда тағы бір үрдіске айналды.

FMI пробацация үшін ресурстарды басқарды және тиімділік көрсеткіштерін орнатуды пайдаланды, 1989 жылы Ішкі істер министрлігі сотқа дейінгі есептерді, пробацация мен қадағалауға тапсырыстарды, сонымен қатар хостелдерге басшылық ететін стандарттардың неғұрлым толық жиынын, қоғамдық қызметтерге тапсырыстардың ұлттық стандартын енгізді.

Thatcher ханымның өкілеттіліктері мерзімінің соңына таман бірқатар consultative Green Papers (мысалы, 'Punishment, Custody and Community', 1988; 'Supervision and Punishment in the Community', 1990) қабылдады, оларға сәйкес әрбір сынақ аймағына әріптестікке кететін шығынның белгілі бір үлесі бөлінеді. 1990 жылы Green Papers-ке Maig мен Burke (2012: 144) жалпылай отырып, ірі қайта ұйымдастыруды ұсынды:

- пробацация аймақтарын біріктіру;
- жоғары лауазымдардағы үй кеңсесін бақылау;
- оқыту үдерісінде қылмыстық сот төрелігіне зор назар аудару;
- Ішкі істер министрлігі тарапынан 100%-дық қаржыландыру;
- әлеуметтік жұмыс бойынша біліктілікті алу үшін пробацация қызметінің офицерлеріне талаптарды жою;
- ұлттық пробацация қызметіне енгізу.

Аудит комиссиясы (Audit Commission, 1989: 2) ЖМБ режимі енгізілуі тиістігін білдірді:

Пробация қызметі ... баға мен сапаның арақатынасын қамтамасыз ету мақсатында ... қылмыстық сот төрелігі жүйесінің аясында оны басқа мекемелермен үйлестіре отырып, өзінің қызметін бағдарлауы тиіс және ол неғұрлым қиын қылмыскерлермен жұмыс жасаудың жаңа тәсілдерін жасауы және пайдалануы тиіс. Бұл өзгерістер, өз кезегінде, оларды әртүрлі басқарғанын талап етеді.

Күндізгі орталықтарды енгізу (кейіннен атауы пробация орталықтары деп өзгертілді) мен бас бостандығынан айыру арқылы жазалау қауімімен құқық бұзушыларды бағдарлауға ұмтылу нәтижесінде қамауда ұстау тәуекелін болжау қайтадан соттау тәуекеліне де таралған сынақ мерзіміне қатысты алаңдаушылық пәніне айналды. Пробация қызметінің көптеген қызметкерлері пайдаланатын клиникалық бағалауларға негізделген тәсілдеменің орнына үкімет компьютерлік есептеуді – топтың қылмыскерлерін қайта тәрбиелеу шкаласын (ҚҚТШ) қабылдады. Басқа оқиғалар психикалық бұзушылықтары бар құқық бұзушыларды қылмыстық сот төрелігі жүйесінен алып кету үшін өзіне жалпы сынақ еңбегіне, қылмыстылықтың алдын алуға және топ-тық бағалау сызбаларына неғұрлым белсендірек қатысуын қамтиды.

Кейінгі жаңалық қылмыскерлердің электронды мониторингін қолдану болды. Америка Құрама Штаттарынан алынған тағы бір идея қауымдастық тарапынан супервизияны абақты халқын ұстап тұру құралдары ретінде жақсартуда шара ретінде көрсетілді (Smith, 2001). Алғашқы британдық эксперименттер 1989 жылы басталды, алайда олар өте табысты деп танылмады. Неғұрлым табысты сынақтар 1995 жылы жүргізілді және әрі қарай 1998 жылғы Қылмыстылық пен тәртіпсіздік туралы заң ережелеріне сәйкес кеңейе бастады. Коммерциялық келісімшарттар құқық бұзушыларды қадағалауға мүмкіндік берді. 2013 жылы әділет министрі Қауымдар палатасында екі компанияның – Serco мен G4S-тің шоттарды көрсету тәжірибесіндегі айтарлықтай аномалияларды анықтағандығын және олардың мінез-құлқы Serious Fraud Office қылмыстық қудалауына ұшырауы қажет болғандығын айта кету қызықты (Hansard, 2014). Осы екі компания содан бері электронды мониторинг келісімшарттарының келесі буынынан кетті, бұл жеке мердігерлердің неғұрлым тиімдірек екендігі туралы болжам жасауға әкелді.

Бұрында түсіндірілгендей, дәлелдеу іс-тәжірибесінің дамуы «what works» қозғалысынан туындады, ал пробация басқа мекемелермен бірге Нью-Йоркте қылмыстылықтың қысқару бағдарламаларына қатыса бастады. 1999 жылы «what works»-қа инвестициялар күрт өсті (Raynor, 2008). Құқық бұзушылардың мінез-құлқын, базалық машықтарды, ұжымдық жазалауларды және қысқа мерзімді қамауға алынғандардың қайта шығаруын қамтитын бірнеше «Pathfinder» жобалары жасалды. Бұл орталықтандырылған әрі аккредиттелген бағдарламалар болды. «Жоғарыдан төмен» стилінің, мақсаттарға қол жеткізу, сонымен қатар, бағдарламаларды іске асыру мен бағалау үшін жұмыс көлемдерінің ұлғаюы мен артып келе жатқан қысымның нәтижесінде пробация зор қиындықтар мен сәтсіздіктерге ұшырады (Raynor, 2004).

Неғұрлым орталықтандырылған бақылауға өту 2000 жылы ұлттық бағдарламалардың Ұлттық пробация қызметін (ҰПҚ) құрған Қылмыстық сот төрелігі мен сот қызметтері туралы заңмен бірігуіне ықпал етті. Jack Straw, лейбористік партияның Ішкі істер министрі, оның әлеуметтік ортамен және оның велфаристтік рухымен дәстүрлі байланысын бұзған пробация бойынша офицерлерді оқытудың жаңа сызбасы туралы хабарлады


және оны қылмыстық әділетке алмастырды. Бұл ҰПҚ-ны құрумен қатар пробацацияны қылмыстық сот төрелігі органына айналдырды. Сонымен қатар, осы Заң жыныс белгісі бойынша берілетін тәуекелдерді және тәуекел деңгейі жоғары басқа құқық бұзушыларды басқару үшін Multi-Agency Public Protection Agency-ге (МАРРА) қатысуға пробацацияны талап етті.

Жақында құрылған ҰПҚ өзін-өзі қайта ұйымдастыруға, Pathfinder бағдарламаларын бағалау үшін деректерді беруге, МАРРА әріптестігін дамытуға және емдеу мен есірткілерге тестілеуге (ЕЕТ) жаңа тапсырыстарға жылдам жауап беруге тырысты. Осылайша, жоғарыда айтылғандай абақтыларға байланысты Patrick Carter сыни шолуынан және кеңес беру құжатынан кейін түбегейлі ұсыныстар ‘end to end’ service Құқық бұзушыларды басқарудың ұлттық қызметін құру мақсатында абақтылар мен пробацацияны біріктіруге жол салды (Hough, Allen және Padel, 2006). Сонымен қатар, «бақталастық» идеясы қызметтерді жақсарту және баға мен сапаның үздік арақатынасын қамтамасыз ету тәсілі ретінде жеке және ерікті секторлардың тарапынан бәсекені құру үшін балама түрде енгізілді (Maig мен Burke, 2012).

Шартты мерзімдегі қылмыскерлерді қадағалау жөніндегі офицерлердің ұлттық офицерлер қауымдастығы (ШМҚЖОҰА) олар тәуекелге баратындығын негізге ала отырып, ұсыныстарға қарсы шықты:

- Пробацация қызметін сатып алушы мен жеткізушіге бөле отырып, оны демонстрацияда;
- жергілікті қауымдастықтармен қатынастарды жоғалту;
- басқарудың шатасқан моделінің болуы;
- өзгерістерді жылдамдата отырып, одан да зор шатастыра түседі.

Дегенмен, заңнама қабылданды (2007 жылғы Қылмыстылықпен күрес туралы заң) және Maig мен Burke (2012: 175) былай тұжырымдады: «Пробацация қызметі құқық бұзушылар үшін қоғамдық араласулардың монополия жеткізушісі ретінде 100 жылға созылған жағдай ... жоғалды». Пробацацияға арналған залдар, сондай-ақ, қызметтерді көрсете алатын 35 іскерлік трасттармен ауыстырылды. Базалық көрсеткішпен салыстырғанда қайтадан құқық бұзушылықтың айтарлықтай статистикалық қысқаруын беруде төлемге арналған ТЫТ сызбалардың көмегімен оңалту революциясын жүзеге асыру үшін жиырма бір Community Rehabilitation Companies (CRCs) құрылды (House of Commons Committee of Public Accounts, 2014).



4.2-сурет. Пробацация қызметіндегі жұмыскерлер саны, 2010-2014 жылдар (Ақпарат көзі: Ministry of Justice)

30 жыл ішінде пробация оның миссиясы, ұйымдастырылуы мен саны тұрғысынан түрлендірілді (4.2-суретті қараңыз). Тарихи тұрғыдан бұл әлеуметтік қызметтерге бағдарлана отырып, қолдау көрсету мен оңалту үшін клиенттердің келісімімен жұмыс істейтін, дербес, оқшау жұмыс істейтін қызмет болып табылды. Енді бұл – тәуекел мен құлдырауға шоғырландырылған қылмыстық сот төрелігі органы. Енді қызметтердің монополюді жеткізушісі болмай және NOMS-тағы өзінің неғұрлым ірі абақты әріптесінен олқылық қаупінде бола отырып, пробация өзінің беделін жоғалтып алудан қауіптенеді (Deering, 2014; Mair және Burke, 2012). Өзінің сәйкестігі мен кәсіби беделін сақтау тәсілдерінің бірі – кәсіби стандарттарды орнату мен қолдау мақсатында полиция қызметіне ұқсас колледж құру (Shepherd, 2013). Royal College of Probation және пробациямен біріккен университеттік зерттеу институттарының жиыны туралы Shepherd идеясы пробацияны оның идеалдарына қайтаруы мүмкін. Deering (2014: 4) неғұрлым пессимист және ол болашақта пробация құқық бұзушылармен жұмыс жасауда қандай да бір конструктивті рөлге ие болудың орнына басқа адамдардың қарапайым «секвенсоры» болады немесе балама өтіл тәуекелдерді бағалау мен басқаруда рөлді жоғалта отырып, жойылуы мүмкін.

ПСИХИКАЛЫҚ АУЫТҚУЛАРАЫҢ СЕБЕПТЕРІ

«Емдеу құқық бұзушылық жасаған психикалық науқас адамдар үшін негіз болып табылады», – деп жазды Peay (1994: 1143). Дегенмен, ол емдеу ретінде нені білдіретіні айқын емес, сонымен қатар, емдеудің мақсатына қатысты айқындық жоқ, - қылмыстық мінез-құлық немесе негізгі бұзылыс.

Тұлғаның қауіпті әрі ауыр бұзылысын (ТҚАБ) мысалға алайық. Бұл «саясаткерлер мен мемлекеттік қызметкерлердің» туындысы (Maden, 2007). Денсаулық сақтау мен қылмыстық сот төрелігі жүйелері арасындағы шекарада тұрған адамдар үшін «үшінші жол» ретінде сипаттай отырып, Howells, Krishnan мен Daffern (2007) ТҚАБ «клиникалық диагноз немесе жіктелім» болып табылмайды, ол Денсаулық сақтау департаментінің жұмыс анықтамасынан туындайды және «жәбірленушіні қалпына келтіру қиын немесе мүмкін емес болатын, ауыр физикалық және психологиялық залалдың айтарлықтай тәуекелін білдіретін» тұлғаны көрсетеді. Бұл интервенция нақты оқиғадан саяси императив ретінде туындады. Қоғамның жалпы тәуекел мен соның ішінде тұлғалық бұзылыстарына ие адамдар тудыратын қатерлерге қоғамның шыдамдылығы туралы пікірталас дамыды. 1998 жылы Michael Stone анасы мен баласын өлтірді. Stone тұлға бұзылысы бар деп саналды, бірақ ол емделуге жатпайды, сәйкесінше, психикалық денсаулық саласындағы заңнамаға сәйкес қамала алмайды. Адам өлтіру мен БАҚ-та жариялау – бұл сот психологиясының бастамасы болмады, саяси араласуды ынталандырды. O’Loughlin (2014) Ұлыбританияда кейінірек үкімет ТҚАБ ярлығын «жоя» алатындығын сезінді және қазіргі кезде ауруханаларда ТҚАБ бөлімшелері демонстрацияда, абақтылар объектілеріне ауыстырып жатыр.

СОТТАР

Соттардың сот төрелігі мен басқаруы ЖМБ-ден сақтандырылмады. 1994 жылғы Полиция және бітімгерлік соттар туралы заң (ПБСЗ) бітімгерлік соттар комитеттерінің бірігуі бойынша өкілеттіліктерді қарастырды және жаңа басқарма төрағасын құрды. Бұл әкімшілік жұмыскердің сот клерктерімен бірге жұмыс істеуіне әкелді, сол арқылы әкімшілік және құқықтық функцияларды бөлді. Әкімшілік офицерге істерді тізіп шығу

және магистраттардың бағытын басқару секілді тиімділіктің мақсатты көрсеткіштерін орындау тапсырылды (Fitzpatrick et al., 2001). Сот клерктері магистраттарға заңды кеңес берді. Сонымен қатар, ПБСЗ Бітімгерлік судьялардың сот қызметтерінің инспекциясын (БССҚИ) құрды, 2005 жылы Her Majesty's Court Service-ке (HMCS) қосылды және 2011 жылы Tribunals Service to form Her Majesty's Courts пен Tribunals Service-пен бірікті.

Fitzpatrick et al. (2001) басқару ақпараты жүйесін, тиімділіктің мақсатты көрсеткіштерін және миссияны таныстырды деп болжайды. Оларды сүйемелдейтіндер сот органдарының тәуелсіздігі үшін қорқыныштар болды және (клиникалық қорытындыларды дәрігерлердің орындауы мен NHS аясында менеджерлердің қаражаттарды үнемдеуге қол жеткізуі арасындағы әлеуетті қақтығыс) сыншылар шығындардың төмендеуі кәсіби пайымдардан басымдыққа ие деп сендірді. Жеке сектордың басты рөлі соттарды қажетті ақпараттық технологиялармен «жарактандыруда» көрінді.

2010 жылғы Жан-жақты шығындарға шолу жасауда Әділет министрлігі екі миллиард фунтты үнемдеуге міндетті болды. Ақшаларды жинақтау туралы ұсыныстар жылына 15,3 млн. фунт стерлингті үнемдеу үшін 103 магистраттық соттарды және 54 округтік соттарды жабуды қамтиды. Басқа ұсынылған өзгерістер кінәсін ертерек мойындаған айыпталушыларға неғұрлым қысқа үкімдер беру, сонымен қатар, тергеуді қолдануды қысқарту секілді қылмыскерлердің сотталуындағы өзгерістерді қамтиды. Үкімет түбегейлі реформалау мен қаржыландыруды қысқартуды ұсынды. 2012 жылдың сәуірінде бір жыл ішінде азаматтық заңды көмектің бюджетін төрттен бірге (320 млн фунт) қысқарту мақсатында құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға Құқықтық көмек, жазалау туралы заң (LASPO) күшіне енді. Осы қысқартулардың ықпалына қатысты пікірлер тағы да айтылды (Вугом, 2013).

ҚОРЫТЫНАЫ

Осы тарауда біз сот психологтары үшін шарттарға ықпал ететін саяси контексті бағалау және өз кезегінде жұмыс істеп отырған барлық жағдайларда іс-тәжірибені бағыттау маңызды деп сендіреміз. Біз ерекше экономикалық үнемділік кезеңінде бюджеттік ассигнованиелердің қысқаруынан туындаған саяси саланың қысқаруы байқалатын дәуірде өмір сүреміз. Жеке сектордың сот психологиясы қызметтерін көрсетудегі рөлі есептілік туралы сұрақтарды туындағанды, өз кезегінде, бірқатар этикалық және моральдық мәселелерге ие. Қылмыстық сот төрелігі аясында адамдарға қамқорлық жасаудағы маңыздылыққа есептілік ие. Егер мекемелер үнемі бақылауда болуы, қызметтерінің сапасына қарсылық етуі қажет болса, сонымен қатар, олар жақсартуы тиіс ашық мәдениетке ие болса, ол үшін қажет ақпаратқа қолжетімділікті талап етеді. Кәсіби пайымдар кейде коммерциялық императивтермен шиеленіске түседі.

Ресурстар

Arianna Silvestri (2012) сот төрелігі жүйесі үшін 2010 жылы Коалициялық үкіметінің билік еткен бірінші жылында рефлексивті эссе коллекциясын редакциялады.

Таңдау комитетінің қауымдар палаталарының, әсіресе шоттар мен ішкі істер жөніндегі комитеттердің есептері мемлекеттік саясатты жасауға қатысты пайдалы шолуларды қамтиды.

Jane Andrew (2007) қылмыстық сот төрелігі жүйесінде неолибералдық экономика-

120 СОҒ ПСИХОЛОГИЯСЫ

ны пайдалану нәтижесінде туындайтын кейбір моральдық және этикалық мәселелер мазмұндалған жақсы ойластырылған эссеге ие.

Mike Brogden мен Graham Ellison (2013) қатаң үнемділік жағдайларында полиция қызметінің өте жанды, алайда ішінара саяси талдауын білдіреді.

Mike Hough, Rob Allen and Una Padel's edited collection (2006) мұқият есеп пен Құқық бұзушыларды басқарудың ұлттық қызметін құруды талдауын білдіреді.

Негізгі журналдар

Behavioral Sciences and the Law

British Journal of Criminology

Journal of Judicial Administration

Law and Contemporary Problems

5

САЯСИ КОНТЕКСТ

НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАР

Бұл тарауда қылмыс, тәуекел және жазалау сияқты өзара байланысты үш мәселенің контекстік факторлары талқыланады. Ал теориялық есептерді бағалау келесі 10 және 11-тарауларда талқыланады. Сол арқылы біз BPS-ті оқытудың бірінші кезеңін және интервенция жүргізілетін екінші кезеңнің заңдық және қылмыстық әділеттілік контекстерін зерттеуді жалғастырамыз. Мұнда бұл концепциялардың саяси идеясы ашылған және ол жазалау мен оңалу туралы дискуссиялар, саналы түрде тәуекел жасауды арттыру және қылмыстың негіздерін түсінуге көмектеседі. Сол арқылы екінші кезеңнің негізгі рөлдерінің барлық аспектілерін қарастыруды түсінуде кеткен маңызды олқылықтарды толтырады.

Белгілі концепциялар	Практикалық ұсынылуы
Алғашқы қылмыстар Фактілік мәліметтер негізінде саясат құру (EBPM) Maryland-тің ғылыми әдістер шкаласы (MSMS) Моральдық үрей Жаңа жазалаушы шара Ештеңе жұмыс жасамайды/Nothing works Қылмыстық дәріптеу Қорғану факторлары Рандомизацияланған бақыланбалы сынақтар (RCTs) Түзелу туралы гипотеза Қайта қалпына келтіруші төңкеріс Тәуекел Емдеуге бейімділігі бар	Қылмыскерлік әрекеттер Белсенді супервизия және қадағалау бағдарламасы (ISSP) Қоғамдық қауіпсіздік үшін абақтыға жабу туралы айқын емес үкімдер (IPPs) «What works» Pathfinder бағдарламалары

Бұл тарауда құқықтық және қылмыстық әділет контексіне қатысты кейбір сыни сұрақтар баяндалған. Бағалаушы зерттеулер және қайта қалпына келтіру мен абақтыде қамауда болғандағы іс-әрекетке қабілетсіздік туралы, бірінші кезеңді білуге қойылатын талаптар туралы, екінші деңгейдің негізгі құзыреттері ретінде фактілерге негізделген дәлелдерді сыни оқу туралы кейбір маңызды сұрақтар көтеріледі.

Анықталатын сұрақтар:

Неліктен сот психологиясы саяси талдауды қажет етеді?

Қоғамдық көзқарас шынымен де үкім шығару саясатына итермелеуші бола ма?

Біз қылмыскерлік әрекеттерді қалай түсіндіруімізге болады?

Тәуекел ұғымы қалай анықталады?

Тәуекелді бағалау дегеніміз не?

Жаңа жазалау бағыты дегеніміз не?

НЕЛІКТЕН СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ САЯСИ ТАЛААУАЫ ҚАЗЕТ ЕТЕАІ?

Бұл тарауда қылмыстық әділеттілік саласындағы біздің қазіргі таңдағы саясатымызға негіз болған үш өзара байланысты үрдістер қарастырылады. Бұл: қылмыскерлікті саяси-ландыру, тәуекелдің орталық рөлі және қайта қалпына келтіруші төңкеріс. Бұл кіріспе аталған сұрақтардың неліктен сот психологтары үшін маңызды екендігін түсіндіруге арналған.

2-тарауда аталып өткендей, қылмыскерлік және жазалау (және қалпына келу) сот психологиясының «материалы» болып табылады, сондықтан саяси талдау біз жұмыс жасайтын контексті түсінуді аяқтайды. Jock Young (Young, 1994: 117): «Қылмыскерлік саясатпен байланысты» - себебі, «қылмыскерлікке алып келетін әлеуметтік шарттарды, әділ сот жүйесінің әділеттілік деңгейін, қандай қылмыстар бірінші орынға кіретіндігін және бір қылмысқа қарсы басқа қылмысқа қандай ауырлық деңгейін тағайындайтынын саясат анықтайды, – деп айтқан. Одан бөлек, Young қылмыскерлік мәселесін шешетін саяси шешімдер деп болжайды, 1990-жылдары қылмыскерлік деңгей өскендіктен мемлекеттік араласу артты және жарғылық кітаптар туралы көптеген заңнама пайда болды. Құқықтық тәртіп партиялық-саяси мәселеге айналды. Ryan (2005, 139 б.) тағы бір кілт факторды – танымалдылықтың өсуін немесе «қоғамдық дауысты» атап өтеді, ол 1979-90 жылдардағы Thatcher ханымның консерваторлық билігі кезеңін осы үрдістің бастамасы ретінде сипаттайды. Loader және Sparks (2007: 12) түсіндіріп өткендей, «қылмыс енді «сахнаның арғы жағында» сарапшылармен басқарылмайды, ол саяси дау мен бәсекелестіктің пәніне айналды, ал саясат «бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық пікірдің» және кейде белсенді «қоғамдық эмоциялардың» ықпалында жиі қалады. Саналы түсіну және қылмыскерлік алдындағы жоғары қорқыныш байқалды, бұл, Loader және Sparks пікірі бойынша саясаттың «қозғаушы күші» ретінде себептер мен дәлелдерді анықтауды қиындатты. Sandra Walklate (2001) лоббиді «құрбан» деп атағандығы да маңызды болып табылады. Ол 1960-жылдардың аяғында екі мәнді оқиғаның пайда болуын атап өтеді: Бристольдық құрбандар мен қылмыскерлер тобының құрылуы, ол жәбірленушілерге қолдау көрсету, әйелдер баспанасы мен зорлау сұрақтары бойынша дағдарыс орталықтарын қайтарудың Ұлттық қауымдастығына жол салды.

Қылмыстық әділеттіліктің саясатына назар аударудың тағы бір себебі – бұл дәлелді саясатты қалыптастырудың (ДСК) дамуы. Бір жағынан ақша құнының салдарынан мемлекеттік қаражаттың шығындарын ақтауға бағытталған саяси бастама іске асырылған болатын, осылайша «дәлелдеуші тәжірибенің» (ДТ) идеялары ашылды. Уэллс (2007) өсу мен аргументтерді ДТ-ның пайдасына қарастырады, олар жақсы ақпараттандырылған, сол себепті ең жақсы шешімдерді қабылдауға жағдай жасауы керек. Ғылыми дәлелдеулер бағалаудың қалыпты бөлігіне айналды, қазір, негізінен, саясатты жетілдіру үдерісіне қосылған. Wells (2007) ДСҚ қосып жатқан үлеске скептицизммен қарайды және «идеялар, құндылықтар, саяси стратегиялар және алдыңғы тәжірибе көбірек мәнге ие болуы керек» деп бекітеді (27 б.). Одан бөлек, дәлелдер өзіне саяси білімдер мен министрлердің тұжырымдарын қосады деп есептелген, нәтижесінде зерттеулерге негізделген білімдер міндетті түрде бірінші орынды ала бермейді.

Бұл саяси бастама «ештеңе жұмыс жасамайды» деген пікірталасқа жауап берді. Басқа

сөзбен айтқанда, бұл араласу тұтқындалғандармен жұмыс жасамайтындығы және олар Robert Martinson (1974) берген алғашқы сыни бағаның нәтижесінде пайда болғандығы туралы доктринаға берілген әлдебір жарлық болды. Martinson мақаласында қандай да бір оң нәтиже беріп жатқан бірнеше емдеу бағдарламалары ұсынылды. Ақырында Martinson өзінің қорытындыларын қайта қарастырды (Martinson, 1979) және басқа зерттеулер Martinson түпнұсқа әдіснамасына өте сыни қарайды (мысалы, Thornton, 1987). Мета-талдау сияқты жаңа әдіснамалар (мысалы, Lipsey, 1992) «What works» доктринасын құрастыру мақсатында ойларды байсалды қайта қарастыруға алып келді. 1995 жылғы McGuire «What Works; Reducing Re-Offending, Guidelines from Research and Practice» кітабы – бұл негізгі мәтін, ол жерде сәтті интервенциялардың қағидалары баяндалған.

1991 жылы Ішкі істер министрлігі өзінің алғашқы «What works» (Merrington және Stanley, 2000) конференциясын өткізді. 1999 жылға қарай Қылмыскерлікті қысқарту бағдарламасы (ҚҚБ) ұсынған қаржыландыру есебінен «What works» инвестициялары күрт өсті. Раунг атап өткендей:

Қоғамдық санкция жағдайында жоғарыда аталған тәжірибе туралы ойлардың әртүрлі бағыттарын тексеру үшін бірнеше жобалар ұсынылды. Олардың барлығы сыртқы деңгейде бағаланды және бірлесіп олар мінез-құлық, негізгі дағдылар, қоғамдық жазалау және қысқа уақытқа тұтқындалғандарды аудару бағдарламаларын қамти отырып, Ұлыбританияда қабылданған қоғамдық санкциялар саласындағы зерттеудің ең ірі бағдарламасын құрады (2008 жыл: 16).

2003-2004 жылдарда 60 000-ға жуық құқық бұзушылар осы бағдарламалар арқылы өтті.

ҚҚБ-ны бағалау үшін дайындалған басшылық квазиэксперименттік әдіснамаларға негізделді. Саяси қысым қылмыстардың едәуір азаюына алып келгенінен бөлек (Merrington және Stanley, 2000), бағалаулар «мәнді деңгейде Ішкі істер министрлігімен басқарылған болатын» (Hollin, 2008: 90). Раунг (2004) Pathfinder бағдарламалары өте қысқа уақыт аралығына (3 жыл) енгізілген бағдарламаларды дұрыс бағалады; Жобалар бойынша бұрынғы мәліметтерге шектен тыс тәуелді болды; Жүзеге асыруда қиындықтар бар және ұзақ уақыт іске қосылып, жылдам сарқылады, – деп атап өтті. Бағалау нәтижелері екі-жақты және саяси қолайсыз болды. Раунг (2008) мақсатты көрсеткіштерге назарды шоғырландыру, қылмыскерлерге қолдау көрсету және оларды мотивациялық басқаруды ескермеудің тиімділігі төмендейді деп жорамалдайды, ал Merrington және Stanley (2000) қаржы мекемесі тарапынан болған қысымда алынған қорытындыларды төмен бағалауға жағдай жасады деген қорытындыға келді. Раунг-дың ойынша, саяси «кінә» сәтсіз зерттеулермен байланысты, яғни бағалаушы зерттеулер нашар немесе дұрыс емес жүргізілді деп есептейді.

Бұл мәнді зерттеулер үшін стандарттар қабылданды, ол Maryland (МҒӘШ) ғылыми әдістер шкаласының ықпалынан болды, сәйкесінше зерттеулер нәтижелерге қатысты қолдануға болатын айқындылық деңгейі рангіленді. Сенімділіктің ең жоғары деңгейлері рандомизацияланған қадағаланатын сынақтарға (РҚС) қатысты болған. РҚС-ны бағалаудың «алтын» стандарты деп атайды, онда мұқият қадағаланатын эксперименттік жобада бақылау тобы немесе емдеу тобына адамдар кездейсоқ бөлінді (Rosenfeld және басқалар, 2011). МҒӘШ бағыты зерттеулердің пайымдаулары бойынша қатаң сынға алынды, нақты айтқанда, Pawson және Tilley (1998), Farrington және басқалар (2002) және Норе (2005: 290), олар талдау аяқталғаннан кейін:

Эксперименттік парадигма саясатын құрастырушылар үшін қызығарлықтай дәлелдемелерге және оны жақтаушылар жасаған пайымдауларға қарамастан, әсіресе мақсаты азаматтық қоғамның институттарына, нормалары мен әлеуметтік тәжірибесіне ықпал ету болып табылатын интервенцияларды пайдалануда саясатты бағалаудың аса пайдалы әдісі болмауы мүмкін, - деп мәлімдеді.

Hollin (2008) да РҚС-ке және «кесімді бұрмалау» тәжірибелік мәселесіне, яғни нәтижелерді бағалау немесе қадағалау бөлігінде қылмыскерлерді анықтау бойынша зерттеу талаптарына, мәжбүрлі емдеудің және бостандыққа шығудың этностық мәселелеріне сыни көзқарас танытады. Одан бөлек, РҚС «үдеріс» сұрақтарын қозғамайды, басқаша айтқанда, неліктен интервенциялар жұмыс істейтіндігін немесе жұмыс істемейтіндігін қарастырмайды. Nough (2010: 19) мұндай эксперименттік бағалаулар күндердің күнінде қылмыскерлермен жұмыстың тиімділігіне қатысты сұрақтардың күрделілігін түсіндіре алатындығына күмәнданады. Оның кеңесі бойынша: «рандомизацияланған қадағаланатын сынақтарға көп қаржы салмай, адамдардың мінез-құлқын қалай өзгертуге болатындығы туралы орта деңгейдегі теорияны құру және апробациялау қажет». Орта деңгейлі теория аясында ол өзгерістермен байланысты үдерістерді, қатынастар сапасын және басқа контекстталды факторларды меңзейді.

Бұл талқылау бірнеше маңызды тұстарды қозғайды. Біріншіден, Hollin (2008) және Раупог (2008) жеке сипатқа ие, бұл өз алдына есептерді жариялаудағы талғау мәселесін қозғайды. Раупог (82 б.) «жарияланым ендігі кезекте мемлекет қаржыландыратын зерттеулердің нәтижелеріне қатысты ашықтық мәдениетімен емес, ақпаратты басқару мәдениетімен шартталған» деген қорытындыға келеді. Ал, Hollin (90 б.) дәлелдер саясатпен сәйкес келмеген кезде, тәуелсіз зерттеулердің тұтастығына қарағанда, саяси қысым үстем болып кетуі мүмкін деп болжайды. Екіншіден, бағалау кезінде қолданылатын ұнамды әдіс міндетті түрде бағалаушының өз таңдауымен емес, саяси тұрғыда анықталады, бұл мемлекеттік мекемелерде және солар үшін жұмыс жасайтын зерттеушілер мен тәуелсіз ғалымдар арасында әлеуетті шиеленісушілік туындатады. Үшіншіден, академиялық қауымдастықта эксперименттік дизайнердың құндылығын жақтайтындар мен сапалы зерттеулердің әдіснамасын таңдайтындардың арасында жік пайда болды. Shadd Maruna (2013) мұны РҚС-тың 'what works' доктринасынан және қарсыласуға мүдделілермен байланысты едәуір сапалы бағыттардан шегіну сияқты сандық эксперименттік дизайн ретінде сипаттайды. Shadd Maruna бір адамдар осындай ауыр бағдарламалардың бағасын асыра бағаласа, ал басқалары адамдардың өзгеруіне байланысты сапалы зерттеулеріне қызығады деп тұжырымдайды. Ол және Раупог (2004) мен Brown және басқалар (2014) сияқты басқалары араласқан әдістердің жобаларын бекітеді, ал сол уақытта Hollin (2008) РҚС-ке балама ретінде жоғары сапалы квазиэксперименттік конструкцияларды ұсынады, олар зерттеудің ішкі негіздемесінің қауіпін барынша кемітеді.

Pathfinder бағдарламалары нәтижелерді бағалаудағы жалғыз бағдарлама емес. Ellis, Pamment және Lewis (2009) жастар ісі бойынша Әділет Кеңесі (ЖІБӘК) таныстырған белсенді супервизия және қадағалау бағдарламасына (ҚСЖҚБ) аралас әдістер арқылы бағалау жүргізді. ҚСЖҚБ-ның саясаты қуатты қоғамдық интервенция ретінде саяси мойындауға ие болды. ҚСЖҚБ 2008 жылғы қылмыстық әділ сот және көші-қон туралы Заңға қосылды және қамауға алуға балама ретінде «жазалау мен позитивті мүмкіндіктердің» қосындысы болып табылады (ЖІБӘК, 2009). Қылмыстардың негізгі себептерін жоюға және ретсіз өмір салтын тұрақтандыруға бағытталған қарқынды қадағалау комендант-

тық сағат және электронды қадағалау арқылы жүзеге асады. Алайда Ellis және басқалар жастардың қамауға алынуын тежеуші фактор ретінде қарастырмайтындығын ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар, ҚСЖҚБ-ның қылмыскерлікті азайтпағандығын, қоғамдық қауіпсіздікке тиісті бақылауды қамтамасыз етпегендігін немесе қылмыскерлердің мақсаттарына позитивті ықпал етпегендігін, олардың өмір мүмкіншіліктерін жақсартпағандығын немесе олардың өміріне реттілік әкелмегендігін анықтады. Одан бөлек, қылмыстық реформаның Говардтық одақтың (Howard League for Penal Reform) пікірі бойынша «ҚСЖҚ мазмұнына, оның қалайша құрылымдалғандығына және өздері орындауы тиіс талаптарға аса теріс қатынас жасаған» жастар арқылы ҚСЖҚБ өзіндік зерттеу жүргізді. Олардың есебі бойынша ҚСЖҚБ қажет емес екендігін анықтады, олар адвокация моделінің қолдауын және ҚСЖҚБ (Howard League for Penal Reform, n.d.) ұсынған қолдауды қалады. Баяндамада жастардың өздерінің пікірлері жиналған және 5.1-қосымшасында шолуға қатысушылардың біреуінің өлеңі бар, онда ҚСЖҚБ туралы көзқарастарының айқын көріністері баяндалады.

5.1-қосымша. «Шектен тысқары өмір (Life Outside)» анонимдік өлеңі Howard League for Penal Reform


Менің көзімдегі торсыз көзқарас
 Әйтеуір, көк аспанды көремін
 Мені қадағалайтын көздер енді жоқ,
 Тәртіппен енді жүрмеймін.
 Бірақ әлі де іше алмаймын
 Нағыз әңгімелер әлі алда
 ҚСЖҚ белгісі бар жолда бұл бұзылған нәрсе деп ант етемін.
 Сәтсіздікке ниеттелген сияқты
 Егер абақтыге қайта барсам, кепілмен қайта шықпаймын.

Дәл осындай тәсілмен, тұлғаның қауіпті және күрделі бұзылыстарына (ТҚЖҚБ) ұшыраған қылмыскерлерді анықтау және емдеу бойынша бағдарламаны бағалау көбінесе теріс сипатта болды, О’Loughlin (2014) кеш бағалау «қылмыстық әділ сот жүйесі арқылы тиімді немесе прогрессивті... бағдарламаның емделушілер мен қамаудағы адамдарды тиімді емдеу мүмкіндігіне тиімді болмайды» деп қорытты (179 б.). Одан бөлек, абақты немесе арнайы аурухана жағдайындағылар арасындағы емдеу нәтижелеріндегі қандай да бір айырмашылықтарды растайтын дәлелдер аз. Дегенмен де, Коалиция үкіметі Green Paper ‘Breaking the Cycle’ (Ministry of Justice, 2010b) абақтыде емдеудің пайдасына арнайы госпитальдық бөлімшелерді жою бойынша жоспарлары туралы хабарлады. О’Loughlin (2014: 186) дәлелдемелерге қарамастан, маңызды фактор қаржыландыру болды деген пікірді ұстанады, өйткені қауіпсіз психиатриялық орындар абақтыге қамауға қарағанда үш есе қымбат болды. «Пациенттерді емдеудегі шағын нәтижелерге, анағұрлым шығындарға және жағымсыз кеңестермен байланысты, абақтылік бағдарламаны жалғастыру немесе ұлғайту шешімі күдікті болып табылады».

Қоғамдық дауыс басқа үрдіс болып табылады, жоғарыда аталып өткендей, ол саясатқа тәуекел және қоғамдық қауіпсіздік салалары сияқты саясатқа да жәрдемдеседі. Дәл осы жерде бізде «қауіп» және «зиян» идеяларының қиылысуы бар. Осылайша, Harrison

(2010: 423) «Қауіпті қылмыскерлердің» өмір сүруі және олардың тигізетін зияны ХХ ғасырдың соңындағы және ХХІ ғасырдың басындағы ең берік моральдық үрейлердің бірі болып табылуы мүмкін» деп тұжырымдайды. Моральдық үрейдің (Stan Cohen-нан алынған идея) мәні мынада – адамға немесе топқа деген үйлесімсіз дұшпандық қатынас қоғамдық құндылықтарға әлеуетті қауіп ретінде анықталады және өзіне БАҚ-тың стереотиптік елестетулерін қосады, ол жоғары қадағалауға деген қоғамдық сұранысқа алып келеді. (Murji, 2001: 175). Басқа да қылмыскер-зорлаушылар тәрізді педофилдер осындай стигматизацияланған топтардың бірі болып табылады. Мемлекеттік араласулар негізінен тәуекелді бағалауға бағытталған. 2003 жылғы қылмыстық әділ сот туралы Заңда және 2008 жылғы қылмыстық әділ сот туралы Заңда айқын емес жазалаудың, яғни қоғамдық қауіпсіздік үшін абақтыға қамау (ҚҚҮТҚ) концепциясы енгізілген болатын. Strickland және Garton Grimwood (2013) ҚҚҮТҚ «қауіпті қылмыскер-зорлаушылар және сексуалды қылмыскерлер қоғамға қауіп төндіріп тұрғандықтан, олардың тұтқында болуын қамтамасыз ету» мақсатында құрастырылған деп атап өтеді.

ҚҚҮТҚ үкімі өзінің қатыгездігі, қауіптілігі төмен қылмыскерлердің бостандықты шектеу орындарында мерзімінен артық жату ұзақтығы, ҚҚҮТҚ қылмыскерлері санының ұлғаюы үшін сынға алынды. Бұл абақтылардың толып кетуіне және қорлардың кемуіне алып келді. Көптеген ҚҚҮТҚ қылмыскерлері олардың қауіп төмендеуімен байланысты мерзімінен бұрын шартты босату туралы Кеңестен өте алмайды дегенді білдіреді. Harrison (2010: 431) «шырғалаң шеңберді» көрсетеді (5.1-суретті қараңыз).



5.1-сурет. Harrison тұйық шеңбері – айқын емес жазалау (Құрметті Routledge from Harrison, K. (2010) *Dangerous offenders, indeterminate sentencing and the rehabilitation revolution*. *Journal of Social Welfare and Family Law* 32: 423–33. рұқсатымен бейнеленді).

Коалициялық үкімет ҚҚҮТҚ жұмыс жасамайды деп мойындады және «үкімет соттармен заңдық негізде шығарылған үкімдерді өзгертуге қарсы шықпаған, себебі, қазіргі уақытта бұл ұсынысты алып тастау туралы саяси шешім қабылданды» деген негізде 2012 жылдың желтоқсанында оны алып тастау туралы хабарлады (ҚҚҮТҚ Lord McNally, House of Lords debate, Hansard, 9 February 2012).

2012 жылғы құқықтық көмек және қылмыс жасаған тұлғаларды жазалау Заңының ережелеріне (ҚЖТЖЗЕ) сәйкес, төмендегідей жағдайларда бас бостандығынан айыру түрінде жаңа кеңейтілген жазалау енгізілді (КЖ):

- егер айыпталушы нақты қылмыс үшін сотталған болса (қылмыс бұл тарау күшіне енгенге дейін орын алды ма әлде кейін жасалды ма);
- егер сот жауапкер тарапынан дәл осындай қылмысты қайтадан жасау арқылы зиян тигізу қаупі бар деп есептесе (олар «айтарлықтай қатер» тесті, сонымен қатар, ҚҚҮТҚ тест бойынша қауіптің шектік мәніне сәйкес болуы тиіс);
- сонымен қатар, егер сот өмір бойы бас бостандығынан айыру үкімін шығаруға міндетті болмаса;
- егер қылмыс жасау сәтінде сотталушы сексуалды немесе зорлау қылмысын жасағандығы үшін айыпталса немесе қазіргі құқық бұзушылыққа қатысты мерзімі 4 жылдан кем емес анық үкім шығарылса.

КЖ құқық бұзушылықтың салмағын бейнелейтін абақтыге қамауға алудан тұрады; демек, сот қоғам мүшелерін қауіптен сақтау мақсатында нені қажет деп есептейтіні негізінде, сотпен анықталатын лицензияның кеңейтілген әрекет ету мерзімі.

ҚОҒАМАЫҚ КӨЗҚАРАС ШЫНЫМЕН АЕ ҮКІМ ШЫҒАРУ САЯСАТЫНА ИТЕРМЕЛЕУШІ ФАКТОР БОЛА МА?

Кейбір коментаторлар қоғамдық пікір туралы саясатқа жауап ретінде жазалауды қолданады (Frost, 2010; Maruna және King, 2009; Nagin тағы басқалар, 2006). Maruna және King (2009: 9-10) жазалаушылықты келесі терминдермен анықтайды:

Қосымша жазалаулар жазаланған адамдар санының өсуіне алып келеді (мысалы, сол себепті көптеген қылмыскерлер жазалаудан құтылып жүр деген пікір), жазалау қарқындылығы (яғни, абақтылер «өте жеңіл» орын немесе «демалыс лагері» болып табылады деген сезім) және жазалаушы санкциялардың ұзақтығы (мысалы, едәуір ұзақ мерзімдік үкімдерді қолдау, өлім жазасы және т.б.). Әлеуметтің бұған қатысты жалпы «көңіл-күйі» уақыт өте келе әртүрлі құзыреттерде өзгереді (мысалы, кейбір мемлекеттерде халықтың көп бөлігі басқаларға қарағанда, көбірек жазалайды... және жүйелі демографиялық айырмашылықтарға байланысты жазалауға қатысты пікірлерде әртүрлі).

Мүмкін уақыттық және географиялық вариацияларға қарамастан, Pratt және басқалар (2005) жазалаушылық көңіл-күйлердің өсуі байқалады деп тұжырымдайды, олар оны «жаңа жазалаушылық» деп атайды. Олар Құрама Штаттардағы, сонымен қатар Ұлыбритания, Австралия және Жаңа Зеландияны қоса басқа мемлекеттердің де қылмыстық саясатына тән ҚҚҮТҚ сияқты саясатпен бірге, жаппай бас бостандығынан айыру және ұзақ мерзімде қамауда ұстау әлеуметтің пікірлерімен сәйкес келеді (Р. Xiv). Заңды және іс-шаралардың жоспарын ілгері жылжыту мақсатында, саяси элиталардың әлеуметтің қауіпсіз еместігі туралы кең көлемде үндеулер жасау арқылы таныстырылды. Frost (2010),

Nagin және басқалар (2006) саясаткерлерді көпшіліктің жазалаушылық көңіл-күйлеріне «жағымпаз» деп жариялайды немесе нәтижелердің әділеттілігі немесе тиімділігіне назар аудармай, жазалаушылық саясатын мемлекеттік қолдау қажеттілігі туралы мәлімдейді. Біз жоғарыдан көріп отырғанымыздай, ҚҚҮТҚ ендірудің байқаусыз салдарлары шырғалаң шеңбер құрады, ол қамауға алынған қылмыскерге зиян тигізеді. Frost жазалаушылық қоғамдық көңіл-күйлердің интерпретациясын ақтайтын дәлелдемелерге күдікпен қарайды. Мысалы, қоғамдық пікір сауалнамаларының мәліметтері адамдардан құқық бұзушыларды жазалау туралы сұраған кезде күрт өзгертетінін көрсетті. Сонымен қатар, мәнді демографиялық айырмашылықтар бар: әйелдер, қара нәсілділер және жастар негізінен жазалаушылық шараларын аз қолдайды және жиі қайта қалпына келтіру шараларын қолдайды. Жазалаушылық қоғамдық көңіл-күйлер мен саяси ұстанымдар арасында да байланыс бар, бұған қоса, консерватор адамдар қатаң жазалауға бейім. Nagin және басқалар (2006) «шартты бағалау» деп аталатын техниканы пайдаланады, оған сәйкес әлеуметтен белгілі бір саясатты жақтайтындығын немесе жақтамайтындығын сұраудың орнына, жағымды немесе жағымсыз қатынасты нақтырақ бағалау тәсілі ретінде, олардың белгілі бір саясат үшін төлеуге қаншалықты дайын екендігі сұралады. Сауалнаманың нәтижелері бойынша кәмелетке толмаған балаларды қайта қалпына келтіруге қарағанда, оларды бас бостандығынан айыруды жөн көреді деген БАҚ өкілдерінің және саясаткерлердің мәлімдемелеріне әлеумет қарсы шығады. Себебі, жастар арасындағы қылмыс әлеуметті шын мәнінде алаңдатады және оны төмендетуді қалайды, сонымен бірге, айрықша жазалау шаралары мен ұзақ уақытқа қамауға қарағанда, олар қайта қалпына келтіру талпыныстарын қолдауға дайын екендігін білдірді.

«Құрбандар» қозғалысының өсуі мен құрбандардың үкімдерді құрастыруға ықпалы және бұрынғы қылмыскерлерді босату туралы ақпаратты алуға құқықтары басқа жағдай болып табылады (Walklate, 2001). Бұл – осындай типтегі қылмыстық жазбалардың қолжетімділігі саясаты және Shadd Maruna (2011: 104) беделді қалпына келтіруді және қайта бірігуді айқындайтын оңалту қағидасын қолдады. Оның сөздеріне сәйкес, «егер қылмыскерлер бостандыққа шыққаннан кейін сотталғандығы үшін заңды жұмыс табуға тыйым салынатын болса, «қылмыстық ойлауға қарсы шығатын» және қажетті кәсіби дайындықты оқытудан не пайда». Бұл өз кезегінде «өтем туралы болжамға» сәйкес келеді, ол кейбір адамдардың (оның ішінде құқық бұзушылар) өзгеруі мүмкін деген сенімді оятады. Осы ұсынысты қолдайтындар құқық бұзушыларды, не өздері қолдауды қажет ететін құрбандарды дұрыс таңдау жасамаған адамдар деп есептейді, ал өзгеріске сенбейтіндер құқық бұзушыларды бұзылған және/немесе тіпті мейірімсіз деп санайды. Maruna және King (2009) айтуынша, соңғы топ ең жазалаушы болып табылады. Олар қоғамдық пікірге талдау жүргізіп, кінәні өтеу жазалаушылықпен теріс байланыста екенін қорытып көрсетті. Керісінше, қылмысты төмендету мақсатында жасалатын шаралар аз деп есептейтін адамдарда шығарылған үкімдердің орындалатын іс-әрекетпен байланысын қолдайды.

Біріккен Корольдіктегі зерттеулер сексуалды құқық бұзушыларды тіркеуде және осы аймақта өмір сүретін сексуалды құқық бұзушылар туралы ақпараттандыруда қоғамдық қолдау көрсетті. Мысалы, Mori 2000 және 2001 жылдары жүргізген сауалнамалар таңдау тобының 76%-ы адамдардың өзі тұратын аймақта сотталған педофил бар немесе жоқ екендігі туралы білуі керек екендігімен келісті және сауалнамаға қатысқандардың 52%-ы ақпараттандыруды қолдайды, ал зерттеуге қатысқандардың 30%-ы Sarah деп аталатын Заңның енгізілуін «қолдауға бейім», яғни балалардың ата-аналары балаға тұрақты, қадағалауға келмейтін, рұқсаты бар тұлғаның бұрын балаға қатысты сексуалды қылмыс

жасағаны үшін, сотталғанын білу үшін, белгілі бір жағдайларда полиция көмегіне жүгіне алады.

Құқықтық көмек, жазалау және құқық бұзушылық әрекет жасаған тұлғаларды жазалау туралы Заңның 139-тарауында өзгеріске ұшыраған (2012 жыл) құқық бұзушыларды қайта қалпына келтіру туралы Заң (1974) бар, – оның мақсаты үкімдері немесе сақтандыру шаралары бар тұлғаларға кейбір жағдайларда қылмыстар тарихын тазартуға және олар «тексерілген» деп әлеуметке хабарлауға мүмкіндік беру болып табылады (Lipscombe және Beard, 2014). Сотталғандығы бар және «тексерілген» болып саналатын тұлға «қайта қалпына келген» тұлға ретінде аталады және барлық заңды негіздерде ешқашан қылмыс жасамаған тұлға ретінде қарастырылатын болады. Алайда бұл Магуна ұсынғандай алысқа бармайды. Ол жақсы сипаттаманы куәландыруды қолдайды және заңнама төрт жылдан артық бас бостандығынан айыру түріндегі жазалауды тексере алмайтындығын көрсетеді. Сонымен қатар, құқық бұзушылықтар үшін қайта қалпына келтіру мерзімі ересектер үшін жазалау мерзімі аяқталғаннан кейін жеті жыл және 18 жасқа дейінгі 42 айды құрайды. Сонымен бірге, «босатылған қызметтер» деп аталатын жұмыс орындарының, мамандықтардың, іс-әрекеттердің түрлері бар. Олар тексерілген сотталушылар үшін бұрынғыдай қолжетімді болуы мүмкін (Біз құқық бұзушылардың өзін виктимдеуі туралы сұрақты 8 және 11-тарауларда жан-жақты қарастырамыз).

БІЗ ҚЫЛМЫСКЕРЛІК ӘРЕКЕТТІ ҚАЛАЙ ТҮСІНАІРУІМІЗГЕ БОЛААЫ?

Қылмыскерлік әрекеттерді және қылмыскерлікті саясиландыруды талқылаудан бұрын, біз қылмыскерлік деп нені түсінетіндігімізді ойлауымыз керек. White және Haines (2004) бұл алғашында көрінгендей жеңіл емес деп болжайды. Қылмыс туралы көзқарастар бар екендігімен қатар, қылмыскерлік деп белгіленген әрекеттер, өз кезегінде, уақыттың өтуімен өзгеріске ұшырайды. Англия мен Уэльсте сексуалды негіздегі қылмыстар туралы заң 1967 жылдан бастап 21 жастан жоғары өзара келіскен ерлер арасындағы гомосексуализмді қылмыс деп танымайтын болды. Бұған дейін ерлер арасындағы әдепсіздік жағдайлары абақтыға қамауға алып келуі мүмкін болған (атақты екіжылдық үкім 1895 жылы Oscar Wilde-қа, оның Queensbury маркиздің ұлымен байланысы анықталғаннан кейін содомия үшін шығарылды және кейбір елдерде, әсіресе Африка мен Оңтүстік-Шығыс Азияда гомосексуализм заңсыз болып қалған).

Ресми заңды анықтамасында қылмыс мемлекет қылмысты не деп таныса, сол болып табылады, яғни егер іс-әрекет қылмыстық құқыққа енгізілсе және айқын жазалау түрінде мемлекеттік санкцияға ұшыраса, ол қылмыс болып табылады деп айтылады. White және Haines (2004) Oscar Schindler-ді мысалға келтіреді, ол еврейлерге тұтқындарды бір жерде ұстайтын лагерьлерден қашуға көмектесу үшін нацистік заңды бұзды. Ол қылмыскер болды ма әлде батыр болды ма? Осы тұрғыдан алғанда, адам – бір жағдайда терроршы, басқасында еркіндік үшін күресуші. Бұл әлеуметтік және моральдық сұрақтарды қозғайды және әділетті емес заңдар деп санаған заңдарды бұзған адамдарды қылмысты деп тануы ықтимал. Жиі қылмыскерлік әлеуметтік, физикалық немесе психологиялық зақым немесе адам құқығын бұзудың салдарлары немесе қандай да бір топтың кемсітушіліктің қандай да бір формасына тап болуы ретінде түсініледі. White және Haines (2004: 5) ұсынғандай «қылмыс іс-әрекеттің ажырамас бөлшегі болып табылмайды: ол айрықша материалдық жағдайларда және айқын әлеуметтік үдерістерге қатысты анықталады».

Қылмыскерлікті өлшеу мәселесіз анықталмайды. Қылмыскерлікті өлшеу идеясы

Францияда пайда болды және жоспарлау мен өз халқын қадағалау үшін әлеуметтік өмір туралы мәлімет жинауды қалайтын мемлекеттермен байланыста орнатты (Maguire, 2012). 1857 жылы Ангияда және Уэльсте Ішкі істер министрлігі қылмыстарды жүйелі тіркей бастады және нақты қылмыстарды, сонымен қатар үкімдердің типтері мен мерзімдерін санап отырды. Бұрын бұл статистикалық мәліметтер мемлекеттің әртүрлі бөліктерінде орын алып жатқан заңдылықтарды зерттеу, қорларды бөлуге көмек көрсету және ұлттың «адамгершілік денсаулығының» барометрін қамтамасыз ету үшін қолданылды. Онымен қоса, Maguire ертерек болған қылмыс жасау туралы мәліметтерді пайдалануда мемлекет саясаты табыстарға да сәтсіздіктерге де жолықты деп атап көрсетті.


Қылмыскерлікті өлшеу бағыттары өзіне шындыққа негізделген, институционалдық және сыни шындыққа негізделген бағыттарды қосады (White және Haines, 2004: 10). Біріншісі жазылмайтындығын және тіркелген не тіркелмеген қылмыстың «күдікті тұлғасы» қылмыскерліктің шынайы деңгейін анықтауды қиынға соқтыратындығын ескеруге тырысады. Институционалдық бағыт ресми статистиканы жинақтау болып табылады. Англия мен Уэльсте Ұлттық статистиканы басқару қылмыскерлік туралы статистикалық мәліметтерді дайындау және жариялау үшін жауап береді, ал Ішкі істер министрлігі полициялық күштердің мәліметтерін жинақтауға және тексеруге жауап береді. Біріккен Корольдіктің статистикалық органы (2014 жыл) тіркелетін қылмыстардың нақтылығы мен сенімділігі жайында әлеуметтің алаңдаушылығына жауап бере отырып, сенімділіктің кіте белгісі болып табылатын статистиканың ұлттық белгіленуін қолданыстан алып тастады, сондықтан, аталған орган бұл мәліметтерді талдау кезінде сақтық танытудың қажеттілігін баса айтып өтеді. Maguire (2010) қылмысты ресми тіркеу дәлдігімен байланысты басқа да мәселелерді атап өтеді:

- қосымшалар және абсорбциялар жалпы жиынтықты жасанды түрде жоғарылатуы немесе төмендетуі үшін алдын ала ескертілетін құқық бұзушылықтың тізімі қылмыстардың қандай категориялары қосылғанын (немесе алынып тасталғанын) анықтайды;
- уақыт өткен сайын өзгеріп отыратын Ішкі есептеу ережелері жеке құқық бұзушылықтардың нешеуі қысқа уақыт аралығында қайталанғандығын және оның қылмыс ретінде жазылғандығын анықтайды;
- полиция келген хабарламаны тіркейді немесе «қылмыс жоқ» кезде тарифтерге ықпал ете алмайды (мысалы, зорлау туралы хабарламалардың бұзылуына қатысты пікірталастар болған, Stanko және Williams, 2009: 209-бетті қараңыз);
- әлеумет ауыр деп санамаса да қылмысты хабарлауға бейім, бұл олардың полицияға деген сенім деңгейін көрсетеді (the Stern Review, 2010.: 32-бетті қараңыз).

Сыни шындыққа негізделген бағыт бойынша қылмыс жасау әлеуметтік ортада күдік туғызады және оның әлеуметтік осал адамдарға қарсы таралуы жұртшылықты алаңдатады. 1982 жылы басталған және жыл сайын жарияланатын Британдық қылмыстық іздестірудің (БКІ) ізбасары болып табылатын Англия мен Уильстегі қылмыстарға шолу орталығы (АУҚШО) виктимизация мен қылмысқа байланысты сауалнамалар жүргізіп отырды. АУҚШО қылмыскерлік туралы айтарлықтай сенімді дереккөз деп есептелсе де, Mahoney, Davies және Scurlock-Evans (2014) жатақханаларда, қарттар үйлерінде және сондай көпшілік жиналатын резиденцияларда тұратындарды есептемегенде, зерттеу тек «қалыпты» отбасыларды ғана қамтитындығын атап өтеді. Бұл қарт адамдарға, оқитындарға, кейбір кәсіби топтарға (мысалы, медбикелерге) және психикалық денсаулығында проблемасы бар және оқуда қиындық сезінетін адамдарға қатысты потенциалды дұрыс емес пікірлерді қалыптастырады. Сонымен қатар, зерттеуде сексуалдық бағдарлаумен

өзін сәйкестендіру пайдаланады, ол сексуалдық сәйкестікті өлшеудің дәл әдісі ретінде күдікке алынады. Maguire (2012: 224) мемлекеттің ішінде болып жатқан емес, таныс емес адамдар жасаған қылмыстарға назарды шоғырландыру сияқты басқа шектеулерге назар аудартады, бұл үйдегі зорлық жағдайларының төмендеуіне алып келуі ықтимал. Сауалнамада қылмыстық жағдайлар мен сериялық қылмыстар туралы аз айтылады.

Сонымен бірге, Maguire (2012: 217) қандай да бір контекстсіз фигураларды тура оқудан сақтандырады. Жыл сайынғы қылмыстар санының бірыңғай фигурасы жазылған және олардың үрдістерін анықтайтын саясаткерлер өздерінің тиімділігін немесе қарсыластың саясатының тиімсіздігін көрсету үшін бас тартады. Жоғарыда талқыланғандай, Ұлыбританиядағы заңдылыққа және құқықтық тәртіпке саяси ден қою қылмыскерліктің жалпы деңгейімен байланысты болды, ол 1990-жылдардың аяғына дейін өсіп, шыңына жетті, ал одан кейін 5.2-суретте көрсетілгендей төмендеді және әлі күнге дейін төмендеуі жалғасуда. Tseloni және басқалардың (2010) айтуы бойынша қылмыс жасаудың төмендеуі алғаш Құрама Штаттарда байқалған, ол жерде зорлау қылмыстары, оның ішінде өлтіру 1990-жылдары 40%-ға дейін төмендеген.



5.2-сурет. Полиция және БҚІ / АУҚШО мәліметтері тарапынан тіркелген қылмыстарға қатысты үрдістер, 1981-2013 жылдар

Британдық қылмыстық іздестіру (BSC) және оның ізбасары болып табылатын Англия мен Уильстегі қылмыстарға шолу орталығы (АУҚШО) есептеулері бойынша – 1995 жылдан бастап, 2007 жылға дейінгі аралықта өлтіру деңгейінің 49%-дық төмендеуі орын алды. Бұзып ұрлау үшін балама сан 59%, ал көлікті айдап әкету үшін 65%-ды құрайды. 5.2-суретте виктимдеу деңгейінің, полиция тарапынан тіркелген қылмыстар санының өсуі және одан кейін төмендеуі көрсетілген.

Сот психологиясы қылмыскерлік әрекеттері туралы өте аз айтады немесе соңғы екі онжылдық аралығындағы қылмыскерліктің төмендеуінің себептерін ұсынады, сондықтан әлеуметтанушылар және криминологтар оған түсіндірме іздеуі керек. Бұл қысқартуды түсіндіруге тырысудан бұрын халықаралық үрдістерді атап өткен маңызды. Tseloni және

басқалар (2010) виктимдеу туралы еуропалық мәліметтердің екінші реттік талдауын жүргізді және мемлекеттер арасындағы келісімнің кейбір мәселелеріне және статистикалық түзетулерге қарамастан (ары қарай 8-тарауда талқыланады), 1995 жылдан 2004 жылға дейінгі аралықта орта халықаралық қылмыскерлік 77%-ға, адамнан ұрлау 60%-ға, 26% ұрлық, 21%-ға, шабуыл жасау және көлікті ұрлау 17%-ға қысқарды. Жалпы алғанда, әртүрлі мемлекеттердегі өзгерістер шамамен бірдей болды. Бұл одан кейін XX ғасырда мәнді деңгейде атап өтілген өсу үрдісін кері айналдырып, қылмыскерлік деңгейінің жалпы төмендеу үрдісін дәлелдеп берді.

Farrell және оның әріптестері (2010) халықаралық қылмыскерліктің мәліметтерін талдаудың ретін жүргізді. Олар 5.2-қосымшада қысқаша баяндалатын түсіндірмелердің ретін қарастырады.

5.2-қосымша. Қылмыс жасау деңгейінің төмендеуіне қатысты ұсынылған түсіндірмелердің түйіндемесі (Farrell және басқаларға сәйкес, 2010)

Түсік тастау көрсеткіштері	Діндарлық
Полицейлер санының ұлғаюы	Мәдени өзгерістер
Қорғасынсыз жанармай	Иммиграция
Қамалғандар санының ұлғаюы	Қайта виктимдеу
Саяси стратегиялар	Бастапқы қылмыстардың төмендеуі
Демографиялық өзгерістер	Криминологиялық түсіндірмелер
Атыс қаруын қадағалау	

Біз бұл түсіндірмелердің бірқатарынан құтыла аламыз. 2010-жыл мен қазіргі таңдағы мерзім аралығында Ұлыбританияда полицейлердің саны қысқарды (Independent Commission on Policing, 2013). Осылайша, қылмыскерлік деңгейі мен полицейлердің саны бір-бірін жабады; қылмыстардың саны өскен кезде, полицейлердің де саны өседі және қылмыс жасау төмендеген кезде полицейлердің саны да азаяды. Каузальді эффект бар екендігінің ықтималдығы төмен, себебі полицияның стратегиялары қылмыстың төмендеуіне аз ғана ықпал етеді. Түсік тастау санының өсуі және қорғасынның әсерінің төмендеуі екі қарама-қайшы түсіндірме. Құрама Штаттардағы түсік тастауды заңдастыру ер балалардың дүниеге келуін азайтады деген болжам айтылған. Таза ауа туралы әртүрлі заңдар және этилдендірілмеген жанармайды алмастыру, сөзсіз Құрама Штаттардағы қорғасынның улылығын төмендетеді. Құқық бұзушылыққа тәуекел жасайтын жасөспірімдердің соққы эффектісі және балаларға қорғасынның әсер етуінің азаюы (соңғысы балалық шақта жоғары агрессивтілікпен және импульсивтілікпен байланысты болды, екеуі де қылмыскерлікпен байланысты) да осы болжамды дәлелдейтін жеке дәлелдемелер болды. Бұл Құрама Штаттардағы қылмыскерлік деңгейінің төмендеуін есептеудегі жартылай түсіндірмелер болуы мүмкін, бірақ мұндай түсініктемелердің жалпылануы тұтастай түсік жасау заңын ырықтандыратын және бір мезгілде қорғасын көлемін жоятын барлық дамыған өндірістік елдерге байланысты болды.

Егер жазалаудың қатандығы тежеуші фактор болса, онда Құрама Штаттар мен Ұлыбританиядағы қылмыс жасау деңгейі бас бостандығынан айырудың жоғары көрсеткіштеріне байланысты күрт төмендеуі мүмкін. Бұл ондай жағдай емес. Ұлттық экономикалардың салыстырмалы саны және оның жұмыссыздық деңгейіне әсер ету факторы ретінде қарастырылуы мүмкін. Дегенмен де, салыстырмалы қатаң кезеңдерде, біз қыл-

мыскерлік деңгейінің өсуін күткен кезде, ол бұрынғыдай төмендеді. Сонымен қатар, мүлікті ұрлау қатаң экономика кезеңдерінде біз болжағандай жоғарылаудың орнына, шын мәнісінде төмендейтіні туралы қарсы интуитивті қорытынды бар.

Ұсынылған түсініктемелердің бәрі бірдей емес және жалпылама емес нәтижелерге ие, мысалы, қаруға деген қадағалауды арттыру мен адамды өлтіру деңгейінің төмендеуі арасындағы, көшедегі есірткі сатудың қысқаруы мен қастықпен жасалған қылмыстар деңгейін төмендету арасындағы байланысқа ие. Көптеген діни ағымдар мен мәдени өзгерістердің күшеюі сияқты, басқалары кейде тым жалпы болып табылады немесе оларды қылмыстың төмендетілуімен байланыстыратын мүмкін болатын механизмдердің анықтамасы пайдалы болуы мүмкін.

Farrell және оның әріптестері (2010) қылмыс құраушыны саралауда артефакт болуы мүмкін деген сенімді аргумент келтіреді. Бір жағынан, кейбір қылмыстар ескірген болуы мүмкін, мысалы, көлік радиоқабылдағыштарын, шағын теледидарларды және бейне үнжазбаларды ұрлап қайта сату кезінде, зат жаңа үлгіде немесе біреудің заңды меншігі болғандықтан оның құны төмен болуы ықтимал. Екінші жағынан, кредит карталарымен алаяқтық, ғаламтор арқылы алаяқтық жасау және жеке мәліметтерді ұрлау сияқты мәліметтер базасында жеткіліксіз тіркелген жаңа құқық бұзушылықтар пайда болуы мүмкін. Қылмыскерліктің ескірген және төтенше формаларының көлемі есептелемеген және біз олардың бір-бірінің орнын толтыратынын немесе толтырмайтындығын білмейміз.


Қылмыс жасаудың айқын төмендеуінің тағы бір түсіндірмесі виктимизацияға байланысты, яғни дәл сол қылмыскер аз қылмыс жасайды және дәл сол құрбанға қайтып оралмайды. Tseloni және басқалар (2010) кейбір қылмыстарға, мысалы, шабуыл сияқты басқа қылмыстар үшін емес автокөліктерді ұрлауға қатысты кейбір қолдау көрсетті. Әрине, мақсатты нығайтудың нәтижесінде, автокөлік өндірушілері, мысалы, орталық құлып, иммобилайзер және GPS-ті қадағалау сияқты айдап кетуге қарсы құрылғылары бар автокөліктерге енуді күрделендіреді, олар осы тонаулардың азаюына белгілі деңгейде әсер етуі мүмкін. Мұнымен «дебюттік» қылмыс идеясы байланысты. Svensson (2002) құқық бұзушылықтардың кейбір түрлеріне қатысу едәуір күрделі қылмысты да ары қарай жалғастыруға үлгі боларлық жағдай болуы мүмкін деп болжайды. Егер бұл автокөлікті тонау сияқты алдыңғы «дебюттік» қылмыс болса, ол кейінгі қылмысқа ықпал етуі мүмкін бе? Басқа сөзбен айтқанда, қылмыскер мансабына шынымен де азырақ адам тартылып жатыр ма және/немесе қылмыскерлер оны шынымен де сәл кешірек бастай ма? Біз қылмыскерлік мансаптың көп бөлігі тоқтатылатындығын, қысқартатындығын білгендіктен, бұл қылмыс жағдайларын мәнді түрде қысқартуы мүмкін.

Farrell және басқалар (2010: 34) қандай да бір теорияның түсіндіруші күшін тексеру үшін эмпирикалық ереже ретінде телефонды тестілеуге жүгінеді. Мұнымен олар ноутбуктер мен SatNavs сияқты ұялы телефондарды және басқа қымбат электронды тауарларды ұрлау сияқты қылмыс жасау үрдістеріндегі қайшылықтарды ескереді. Қорғасынның балаға әсері, түсік тастау туралы болжамдар және діншілдікті түсіндіру қылмыс жасаудың жоғарылауын қалай түсіндіретіндігін қабылдау қиын.

Осы үрдістерді түсіндіру мақсатында сенімді психологиялық теорияның жоқтығында, криминалистің «қауіпсіздік гипотезасы» мінез-құлықтағы өзгерістерге кілтті ұсынады, ол, кем дегенде, біршама төмендеудің себебі бола алады (Farrell et al., 2011). Бұл өндірушілер, тұтынушылардың сұраныстарына қарай, әсіресе автокөліктердегі айдап кетуге қарсы құрылғыларды жақсартты. Ықтимал қылмыскерлердің қылмыскерлік

іс-әрекетке қатысуының нақты немесе болжалды тәуекелін жоғарылату үшін әртүрлі қауіпсіздік шаралары қалай әрекет етеді. Қосымша артықшылықтар автокөліктердегі айдап кетуге қарсы құрылғылар сияқты, белгілі бір қауіпсіздік нұсқаларынан пайда болуы мүмкін. Жоғарыда талқыланғандай, көлікті айдап кету және айдау сияқты алғашқы қылмысқа кедергі жасау қылмыскердің болашақ мансабына кедергі жасауы мүмкін. Farrell және басқалар (2011) ұрлықпен күрес және қылмыскерлікті қысқарту арасындағы өзара байланыстың сенімді дәлелдерін алу үшін Құрама Штаттардағы, Австралиядағы, Англиядағы және Уэльстегі қылмыстар және виктимдеу туралы мәліметтерді талдады. Олар автокөлікті айдап әкету айрықша мәнді қылмыс болып табылады және оны басып тастау (а) автокөлікті айдап әкетуді қажет ететін басқа қылмыстың мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін және (б) дебиюттік қылмысты жасауға тыйым салуы мүмкін деп жорамалдап, қауіпсіздік болжамын ұсынады.

Алайда, зорлау бойынша тіркелген сандар 5.3-суретте көрсетілгендей, қылмыс жасау деңгейінің төмендеуін көрсетпейді.



5.3-сурет. Полициялар тіркеген зорлау жағдайларының саны (мың адам), 2007-2014 жылдар

Жекелей алғанда бұл құбылыстың артуы, мысалы, әртіс және тележүргізуші Jimmy Savile-дің сексуалды зорлық әрекеттері туралы ақпаратты жариялағаннан кейінгі тарихи жағдайлар туралы хабарламалар санының артуымен түсіндіруге болады. Yewtree атты полициялық операциясының нәтижесінде және 27 әскер қызметкерлерінің мәліметі 2011/12 жылдармен салыстырғанда қылмыстардың 17%-ға артқандығын, 2014 жылдың маусымына қарай 29%-ға артқандығын көрсетті. Одан бөлек, тіркеу тәжірибесі Association of Chief Police Officers (АКПО) алдыңғы қатарлы тәжірибенің салдары ретінде және Ішкі істер министрлігі 2010 жылы жариялаған нұсқаулармен жақсарған болуы мүмкін.

ТӘУЕКЕЛ ҰҒЫМЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАЛААЫ?

Тәуекелдің техникалық анықтамасы оқиғаның пайда болу ықтималдығына және нақты салдардың мөлшеріне негізделген (Kasperson және басқалар 1988). Тәуекел бұл біршама қарапайым анықтамадан гөрі, едәуір күрделі концепция болып табылады. Тәуекелді қоғамдық қабылдау туралы мәнді психологиялық әдебиеттер бар (мысалы, Breakwell, 2007 қараңыз). Breakwell тәуекелді жағымсыз салдарлар, яғни қауіптің әсер ету нәтижесінде туындаған зиян тарапынан анықтайды. Осылайша, тәуекел қауіп келтірген зиянның деңгейіне қатысты болады. Breakwell ықтималдылық және салдарлар деген

екі концепцияның бір-бірін алмастырушы ретінде қолданылатындығын байқайды. Ары қарай ол қылмыс жасауды өлшеу концепциясындағы сияқты тәуекелді бағалау ұғымын қазіргі таңдағы қоғаммен байланысты деген идеяны қалыптастырады. Ғылыми-техникалық даму қауіпті және онымен байланысты тәуекелдерді қалыптастырады, яғни тәуекелшіл қоғам және азаматтарды жағымсыз салдарлардан қорғаудың институциялы механизмдерін құрудың артуын, сонымен қатар, селқос іске жауапкершілікті бөлуін және қорғалмаған қауіптерді қарастырады. Бұл, өз кезегінде, қазіргі таңдағы өмірдің нәтижесінде тәуекелді қабылдау туралы психологиялық елестетулерді туындатты (мысалы, 2014 жылдың наурызында Британия жолдарында 24,160 адам қаза болғандығына және 189 880 адам жарақаттандығына қарамастан, біздің көбіміз көлік жүргізіміз – Көлік министрлігі, 2014).

Когнитивті эвристика қате пайымдауларға негізделген, ақыл-ой қысқартулары тәуекелді бағалау кезінде біржақты және қате пайымдауларға мүмкіндік туғызуы мүмкін. 5.1-кестеде кейбір мысалдар келтірілген.

5.1-кесте. Эвристика және біржақты пайымдаулардың анықтамалары

Эвристикалық	Анықтама
Негізгі үміттің қателігі	Сенімді, кең қолжетімділікке ие статистикалық ақпаратты елемей, мысалы, баланы өлтіруге немесе ұрлауға жақын туысқан қатысты болуы мүмкін деген ықтималдықтың еленбеуі
Репрезентативті эвристика	Прототиппен ұқсас заттар арасындағы жалпылық және прототиптің пайда болуына негізделген оқиғаның ықтималдылығын бағалау болжанады, мысалы, зорлаушының стереотипті сипаттамаларына ұқсас келетін адам міндетті түрде күдікті қылмыскер болып табылады
Қолжетімділік эвристикасы	Оқиғаларды бағалау оңай болуы мүмкін, яғни, егер оқиғалардың санын жеңіл елестетуге болатын болса, олар ең жиі оқиғалар болып табылады деп жобаланады, мысалы, зорлаулардың саны асыра бағаланады, себебі БАҚ мұндай жағдайларды сенсациялық және ұмытылмас бейнеде жарыққа шығарады.
Бекіту және реттеу	Сенімді емес нәрсе туралы тұжырымдама жасаған кезде адамдарға сыртқы дереккөз ұсынатын бастапқы мән ықпал етеді, мысалы, Rachel Nickell өлтіруде құрылған қылмыскер көрінісінің ықпалы.
Бұрмалаулар	
Сенімдердің тұрақтылығы	Пікір қалыптасып қойғаннан кейін, оны жою қиынға соғады, мысалы, Йоркшир баскесері/ Yorkshire Ripper ісінде «Wearside Jack» жасаған хаттар мен жазбалалар жалған емес, шынайы болды деген сенім бар (шын мәнісінде олар John Samuel Humble-мен қолдан жасалған болатын).
Бұрмалауларды дәлелдеу	Дәл осы жағдайда көбірек салмақ елестетулерді қолдауға бағытталған, ал контраргументтер таңдаулы түрде еленбейді, мысалы «Wearside Jack» ісінде тергеушілерге, Yorkshire акцентіне ие болған баскесер, Peter Sutcliffe-ті қоса отырып, басқа күдіктілерді ескермегенде, Wearside акценті бар ер адамдарды аңду ұсынылған болатын.

Тәуекелдер саясиландырылған концепцияға айналды. Бір жағынан, бұқаралық ақпарат құралдарының психикалық бұзылыстары бар қатал қылмыстар туралы жағдайларға, сонымен қатар, құрбандарды қорғаудың сәтсіз жағдайларын кеңінен таратылған басқа аспектілерге мәнді назар аударуы әлеуметте есі ауысқандардың айқын қауіптілігі туралы да, қоғамдық қорғаныстың жоқтығы туралы да пікір қалдырады (Doyle, 2011). Roycroft, Brown және Innes (2007) қолжетімділік эвристика мысалында, белгілі қылмыстар, тағайындалған тұлғаның немесе биліктің адамды немесе жалпы қоғамды қандай да бір залалдан қорғауға шынайы немесе қабілетсіз болуының нәтижесі болып табылатын «сигналдық оқиға» ретінде орын алады деп тұжырымдайды. Кейбір қылмыстар әлеуметке ықпал етудің жоғары қабілетіне ие және билікті БАҚ тарапынан жиі қысым көрсету арқылы 1989 жылғы Хиллсборо футбол стадионындағы өлімнің тергеуін қайта ашу сияқты сұраныстарға жауап беруге итермелейді.

ТӘУЕКЕЛДІ БАҒАЛАУ АЕГЕНІМІЗ НЕ?

Тәуекелді бағалау және басқару сот психологтары үшін негізгі әрекеттер болып табылады және ауруханаға қабылдау мен одан шығаруды, міндеттемені және абақтыдан босатуды, балаларды қорғауды, пробацияларды, қоғамға қарсы мінез-құлық туралы қаулыларды, MAPPA келісімдері, айыптау шарттары және кепілдікпен босату, өмір бойына қамалған және сексуалды қылмыстарды жасаған тұлғаларды хабарландыру және тіркеуді өздеріне қосады (Doyle, 2011: 38). Ward және Beech (2014) тәуекелді бағалауды дұрыс түсінбеу жиі орын алады деп түсіндіреді және әңгіме мінез-құлықтағы өзгерістерді, қауіптіліктің төмендеуін немесе кросс-ауысуды (яғни, құрбанның жынысы немесе жасының өзгеруі) болжауда емес, ал қылмыскерлік мінез-құлықтың қайталануын болжауда болып табылады. Әдетте динамикалық және статикалық деп жіктелетін тәуекел факторларын анықтауға қосымша зерттеу қорғаныс факторларын анықтайды. Тәуекелдің динамикалық факторлары – қылмыскердің өміріндегі өзгеруі мүмкін аспектілер, мысалы, қылмысты серіктестерге ие болу немесе тұрақсыз қатынастарда болу. Қылмыскерлік тарихының басталуы және ерте өмір тәжірибесі сияқты өзгеріссіз сипаттамалар статикалық факторлар болып табылады. Қорғаныс факторлары – бұл қылмыстарды қайтадан жасау тәуекелін төмендететін және динамикалық, статикалық деп қайта концептуализацияланатын қызметтер. Осылайша, Vries Robbé және басқалар (2015) өзіне тұрақты жұмысбастылықты қосатын динамикалық қорғаныс факторларын ұсынады, бұл өзін-өзі тәрбиелеуге, еңбек этикасына және әлеуметтік қатынастарды басқару қабілеттілігіне бейімділікті көрсете алады. Статикалық қорғаныс факторы ерте отбасын құруға итермелейді. Олар қорғаныс факторын оның қарама-қарсы дисфункциялық тәуекел факторының «сау» полюсі ретінде қарастыруға болады деп жорамалдайды, мысалы, тәуекел факторының девиантты сексуалды қызығушылығы қарама-қарсы қорғаныс полюсі ретінде ересектердің сексуалды қатынасқа түсуіне келісімін беруі. Sean Hammond тәуекел және оны өлшеу сот психологтары үшін не себепті соншалықты маңызды мәселеге айналғандығының үш негізгі себебін (5.3-қосымша) ұсынады.

5.3-қосымша. Sean Hammond тәуекелді бағалауға қызығушылықтың жоғарылауы туралы

Психологтардың, сот психологтарының емдеуді жоспарлауға қарағанда диагностика-

ны бағалауға азырақ қызығатындығы анық. Жұмыстың көп бөлігі өздері үшін немесе басқа тұлғалар үшін әлеуетті қауіппен түйіндесетіндіктен, емдеудің бұл түрлері тәуекелді төмендетуге бейім болады.

Қысқаша айтқанда, менің есептеуімше, бұл 1980 және 1990 жылдарда басталды және оған үш негізгі катализатор болды:

1. Zito ісі [1992 жылы шизофрениямен ауыратын Christopher Clunis-тың Jonathan Zito-ны өлтіруі] Ұлыбританиядағы ерекше катализатор болды, ол атақты американдық MacArthur-дың зорлау тәуекелін бағалау атты академиялық зерттеуіне сәйкес келеді (Monahan және басқалар, 2005). Zito ісі бойынша сұраныстардың көп мөлшері тәуелсіз ұйымдардан тәуелсіз болу күрделі мәселе болғандығының фактісін көрсетті. Психологтар көпагенттік контексте жұмыс жасаған бағалаушы портфельдерді жасап шығару қажеттігін көрді (басқа пәндерге қарағанда сот жұмысшылары көптеген агенттіктерде қызмет атқарады).

2. Тағы бір стимул тұлғаның қауіпті және ауыр бұзылысының (ТҚЖАБ) критерийлерін теңдестіру туралы саяси мотивтелген шешім болды. Алғашында психиатрлар скептицизм танытты, себебі бұл олардың диагностикалық моделімен қалайша байланысты екендігін түсіне алмады. Екінші жағынан, сот психологтары бұл модельді тұлға бұзылысы моделінде (ТБ), әсіресе Bob Nare психопатия конструкциясын жеңіл бейнелей алды (Nare, 1998).

3. Faust және басқалары сот тәжірибесіне енгізген Meehl статикалық аргументтері клиникалық пайымдаулар тұрғысынан шабуылға ұшырағандағы басым ахуалды қосыңыз (Dawes, Faust және Meehl, 1989). Шын мәнісінде бұл белгілі бір қарапайым және пайдасыз детерминистік статистикалық ойлауға алып келді, алайда ол тәуекелді бағалауға және басқаруға қатысты клиникалық шешімдерді қабылдауды қолдау үшін эмпирикалық мәліметтердің қажеттігіне ерекше көңіл аударды.

Мен бұлар сот психологиясының ТБ (тұлға бұзылысы) және тәуекелді бағалауға қызығушылық танытуына жағдай жасайтын ең іргелі үш күшті деп айтар едім.

Мен ештеңенің жұмыс жасамайтындығымен келіспеймін. ТҚЖАБ қызметтері әрине тоқтап қалды, алайда бұл олар өте қатты зиян шеккендіктен және бағалау бағыттары негізінен шынайы болмағандықтан (нақты жағдай бойынша идиографиялық бағдар емес, нормативтік біріктірілме әдістері) болуы ықтимал. Дегенмен, психологияның басқа салалары сияқты, сирек асыл тастардың пайда болуына ұқсас ғылымның ілгері жылжуы баяу және теріс жүруі мүмкін.

Төменде Hammond теңдестірілген катализаторларының жан-жақты талдауы берілген. Coid (1994) Zito жағдайын келесі жолмен сипаттайды. 1986 жылы Christopher Clunis 23-ке толған кезде, оған оның ата-анасы шыққан жер Ямайкада параноидты шизофрения деген диагноз қойылды. Келесі жылдары ол Лондонға қайтып оралды және әртүрлі психиатрлық ауруханаларда жатты. Ол ұдайы мекенін ауыстырып отырды, бес жарым жыл ішінде оны 30 психиатр бағалады және олардың тікелей қадағалауында болды. Ол стационарлық емдеудің 10 көрінісін алды және үш рет полицияға немесе абақтыға қамауға алды. 1988 жылдың маусымынан 1989 жылға дейін Christopher медициналық және әлеуметтік қызметтердің байланыс өрісінен жоғалды. Қамқоршылар арасында шағын байланыс болды. Christopher тәуекел мінез-құлық танытты, мысалы, өзінің сандырақ

идеяларына жауап ретінде қылыш немесе өткір ұшты қаруды қолданып, өз құрбанының басын, әсіресе көздерін көздеді. 1989 жылы ол әртүрлі екі пациентті ұрды, ал 1990 жылы ол бұрандалы пышақтың көмегімен жатақхананың басқа тұтқынын аңдыды. 1992 жылдың мамырында ол тағы бір жатақханада пышақпен мойыннан ұрды.

Jonathan Zito-ны өлтіруден екі апта бұрын, Christopher ессіз қалыпта болды және итпен кетіп бара жатқан адамды бұрағышпен қорқытып, одан кейін дәл сол қарумен екі баланы қуалап потенциалды қауіпті болды. Құрбандардың және олардың отбасы мүшелерінің қайта байланысуы және қоңырау шалуларына полиция тарапынан жауап алмады. Мамандар Christopher-дің зорлығын немесе болашақта зорлық жасауға бейім болуын азайтып қана қоймай, олар сонымен қатар Christopher туралы шешім қабылдауды кейінге қалдырды, оның себебі оның қауіпті және қорқытушы мінез-құлығы болуы мүмкін. Finsbury Park станциясында Jonathan Zito-ға шабуыл жасаған кезде, Christopher лас жерде өмір сүріп жүрді, ол жерде тағайындалған дәрілердің мөлшері өзгеріссіз жатты, станцияда күтіп тұрған адамдар нашар киінген және оғаш әрекет етіп жатқан Christopher-ді елемеді. Ол поезд күтіп тұрған Jonathan Zito және оның бауырының арт жағынан жақындап келді. Ескертусіз Christopher Jonathan-ды үш рет, бір рет көзінен өлердей ұрды. Christopher шектелген жауапкершілік негізінде қастандықсыз өлтірген болып айыпталды және 1983 жылғы Психикалық денсаулықты қорғау туралы заңның 37/41 тарауына сәйкес Rampton-да қамауда ұсталды.

Ары қарайғы тергеу Christopher-ге ретсіз қадағалау жағдайына және Christopher сияқты басқа көптеген пациенттердің болуына байланысты. Health's Care Programme Approach департаментінің іс-әрекетіндегі сәтсіздік жағдайларына байланысты тергеу шектен тыс қиын болды. 1999 жылға қарай Клунисті тексеруден кейін қоғамдық көмектегі ауытқумен байланысты 35-тен аса есеп жүргізілген (O'Rourke, 1999). O'Rourke тармақтарының бірі тәуекелді бағалаудың және басқарудың қажетті құралдары қолжетімді болмағандығында болып табылады.

Алдыңғы тарауда біз ТҚЖАБ жасалуын талқыладық. Hammond-тың 5.3-қосымшасындағы екінші ескертуі психопатия конструкциясынан туындайтын мәселелермен қауіпті «салыстыруға» қатысты қорқыныштарды көрсетеді. Психопатия – индивидуумның өзімен және басқа адамдармен қатынасының созылмалы бұзылысы және әлеуметтік міндеттемелерді орындауға қабілетсіздік болып табылатын тұлғаның бұзылысы (Cooke, 2010). Hare, Cooke және Hart (1999) психопатты дүрдей, тәкаппар, мейірімсіз, тартымсыз және жоғары манипуляциялайтын, басқалармен мәнді эмоциялық байланыстар қалыптастыруға қабілетсіз адам ретінде сипаттайды. Криминалды көпқырлылық және зорлық психопатия диагнозымен байланыстырылды. Мүмкін, бұл адамдар осы тұлға бұзылысының соңғы нұсқасын көрсететін тәуекелді анықтау соншалықты мәнді қадам болмады.

Қоғамды жан-жақты анықтау мақсатында MacArthur (Monahan және басқалар, 2005) зорлық тәуекелін бағалау бойынша зерттеуін тәуекел факторларын анықтау үшін жүргізді. Зерттеу екі негізгі мақсатты көздеді: зорлық тәуекелін бағалау бойынша максималды мүмкін «ғылымды» құрастыру және клиницистерге арналған актуарийлік зорлық тәуекелін бағалау практикалық құралын қалыптастыру. Зерттеу алты кезеңде дамыды, жоспарлау, жүргізу және мәліметтерді талдауға он жылдан уақыт кетті. Оның жаңалығы қалыпты сызықтық регрессияны емес, «жіктеу ағашы» әдісін пайдалануда болды. Жіктеу ағашы зорлықтың интерактивті және шартты моделін бейнелейді, ол адамды тәуекелдің қажетті деңгейінде, тәуекел факторларының әртүрлі амалдарын жіктеуге мүмкіндік береді. Бұл бағытта кез келген бағалаудағы нақты сұрақтар алдыңғы сұрақтарға беріл-

ген жауаптарға тәуелді болады. Бір адам үшін тәуекелді бағалауға қатысы бар факторлар басқа адам тәуекелін бағалауға қатысы болмауы мүмкін. Бұл регрессиялы бағытпен қарама-қарсы болады, ол жерде әр бағаланушы үшін сұрақтардың жалпы жиынтығы қойылады және әр жауап баға алу үшін өлшенеді, ол категориялау мақсатында қолданыла алады. Бұл тәуекел факторларын анықтайды, алайда екі сұрақ ойға келеді: тәуекелді бағалау үшін қандай құралдар қолданылады және тәуекелді қалай жақсырақ басқарса болады. Hammond-тың үшінші тармағы, Paul Meehl ынталандырған клиникалық және актуарлық әдістердің салыстырмалы артықшылықтарын бағалау туралы пікірталас болып табылады (мысалы, Dawes, Faust және Meehl, 1989).

Клиникалық әдіс шешім қабылдайтын тұлғаның білімдері мен тәжірибесіне негізделген. Оның артықшылығы клиницистке әр нақты жағдай үшін ерекше әсерлерге назарын шоғырландыруға мүмкіндік береді (Doyle және Dolan, 2002). Актуарлық әдісте адамның пайымдауы жойылады, пайымдаулар мәліметтер мен қызығушылық танытатын оқиғалар арасындағы эмпирикалық орнатылған байланыс негізінде қабылданады. Осы екі әдісті қарама-қайшы қойып, Meehl және оның әріптестері актуарлық әдістерді төмендегі себептерге байланысты жоғары болды деп қорытады:

- Сот адамдарға қарағанда, берілген мәліметтер жиынтығынан дәл сол қорытындылар жасалады;
- актуарлық әдістердің математикалық ерекшеліктері енгізілетін айнымалылардың нақты болжамдық күшіне және қызықтыратын критерийіне кепіл болады;
- клиницистер өзінің субъективті дәлдігі туралы кері байланысқа сирек жүгінеді, бұл көрегендіктің субъективті жүзеге асырылуына алып келуі мүмкін;
- өткен мінез-құлық таңдаулы түрде актуализацияланады және кепіл берілгеннен көбірек келісушілікпен жазылады;
- клиницист пациенттерінің таңдау тобы статистикалық мәліметтердің едәуір репрезентативті таңдау тобына қарағанда бұрмаланған;
- сонымен қатар, клиницистер мәнді мәселелері жоқ адамдарды қадағаламайды, бұл олардың пікірін одан сайын бұрмалайды.

Dawes, Faust және Meehl актуарлық әдістер қатесіз болмайды деп ескертеді.

Бір параметрдегі нақты процедура басқасына пайдалану кезінде сәтті болмауы мүмкін. Актуарлық әдістерге қатысты басқа сыни ескертулер айрықша ерекшеліктердің жоқтығын, назардың тәуекелдің салыстырмалы статикалық факторларына шоғырлануын қосады. Ол логикалық тұрғыдан маңызды, бірақ эмпирикалық түрде көрініс таппаған факторларды шығарып тастауы мүмкін (Doyle және Dolan, 2002). Dawes және оның әріптестері «индивидуумдар мен оқиғалар бірегей ерекшеліктерді көрсете алғандығымен, олар әдетте басқа адамдармен немесе оқиғалармен ортақ қырларды анықтайды. Олар болжамадық күшке жету үшін бақылауларды және жалпылауларды есептеуге мүмкіндік береді» деп ұсына отырып, идиосинкразиялық сынға қарсы тұрады (1989: 1672).

Екінші буынның актуарлық әдістері тәуекелдің үздіксіз және динамикалық сипатын мойындай отырып, қауіп-қатерді қарастырады және әрқайсысы болжамды факторлардың бақылау тізімін құру арқылы ұпай жинады. Жалпы жиынтық индивидуумға жазылатын тәуекел санын бөле отырып, актуарлық ықтималдыққа айналады (Doyle және Dolan, 2002). Алайда, Coід және басқалар (2011) бұрынғыдай тәуекелді құрылымданған бағалаудың сенімділігіне қатысты сақтық танытады. Себебі төбе эффектісі бар, оның шегінен тыс құралдар олардың дәлдігін жоғарылата алуы екіталай. Сонымен қатар, алғашында стандартталмаған құралдарды халыққа пайдалану кезінде нәтижелерді «сығыстыру»

деңгейі орын алды. Басқа мәселе жиынтық балдарды пайдалануда болып табылады. Аз ғана зерттеулердің құрамында жеке заттардың болжамдылығы туралы ақпарат болғандықтан, бұл құралдардағы кейбір заттар болжамдық қабілетке ие болмауы мүмкін. Зорлықпен бивариантты корреляция нәтижесі ретінде болжамдық болып табылатын басқа заттармен күшті корреляцияның нәтижесі ғана болуы мүмкін. Олар былай қорытындылайды:

Егер мақсат тәуекелді жан-жақты бағалап, оның негізінде тәуекелді басқару немесе емдеу интервенцияларын жүргізу болса, клиницистер шектеулер туралы хабардар болуы керек және тәуекелді бағалаудың актуарлық, құрылымданған клиникалық құралдарын немесе тұлға бұзылысын бағалау құралын пайдалануда сыни болулары қажет (2001: 16).

Үшінші буынның тәуекелді бағалауы клиникалық пайымдауларды және актуарлық бағыттарды үйлестіреді, алдын алу және емдеу түсініктерін қоса отырып, тәуекелді басқару аспектісін, сонымен қатар тәуекелдің арту немесе кему шарттарын қосу үшін белгілі жылжу байқалады (Doyle және Dolan, 2002). Мұндай үшінші буынның құралдарына (Harris және Rice, 2010) Зорлық тәуекелдерін бағалау бойынша нұсқаулық (ЗТББН) және Тарихи клиникалық тәуекелдерді басқару құралы (ТКТ-20) мысал болып табылады.

Соңғы уақытта тәуекел факторларын бағалаудың сыни қайта бағалануы орын алды (мысалы, Ward және Beech, 2014). Олар теорияны елемеу орын алды деп бекітеді (бұл саланы зерттейтін адамдар және тәуекелді бағалауды пайдаланатын практиктердің бірге қызмет жасамайтындығы негізгі себептің бірі болып табылады). Олар тәуекелдің динамикалық факторларын «себептердің өзін емес, себептік механизмдерді түсінумен туындайтын клиникалық белгілердің немесе «симптомдардың» кластерлері» ретінде жақсырақ қарастыруға болатындығын көрсетті (2-бет). Мысал ретінде олар бұрмаланған ойлаудың клиникалық белгісін тәуекелдің динамикалық факторымен байланыстырып, насихаттық көңіл-күйлер ретінде келтіреді, дәл сол уақытта әлеуметтік қиындықтар және жақындық мәселелері интимділік жетіспеушілігінің тәуекел факторымен байланысты болады. Бұл тәуекел факторларын себеп механизмдерін анықтау жолдары ретінде қайта ойлаудың және салдары ретінде едәуір тиімді араласуға алғашқы қадам болып табылады.


Шынайы мәліметтерге және теорияға негізделген тәуекелді бағалау, сонымен қатар, жеке тұлғаға қатысты басқару жоспарын да анықтауы тиіс, ол тәуекелді анықтаумен қатар, емдеуге сәйкес келу, түсіну, күту бойынша топпен жақсы қатынастар және қолдайтын әлеуметтік желілер сияқты қорғаныс факторларын қарастырады. Clunis ісінде осы элементтердің көп бөлігі жоқ болғандығы байқалды және күту бағдарламасына адекватты бағыттың болмауы қатаң сынға алынды.

Тағы бір негізгі жағдай, Michael Stone да көмек көрсету бағдарламасынан кемшіліктер тапты. 1998-жылдың қазанында Michael Stone Lin Russell-ді және оның қызы Megan-ды өлтіргені үшін және Josie Russell мен оның басқа қызының өміріне қастандық ойлағаны үшін қылмысты деп табылды. Prins (2007) негізгі фактілерді жинақтайды. Missis Russell және оның екі қызы бассейнен кейін үйіне кетіп бара жатады. Оларға ер адам шабуыл жасайды, оны көліктен шығып келе жатқанда көргендер бар. Ол қыздарды орманға алып кетіп, жыртылған көйлектердің кесінділерімен және аяқ киімнің бауларымен байлап, көздерін байлап тастайды және бастарынан балғамен ұрады. Lin және Megan қаза болды, Josie тірі қалды. Олармен бірге болған үй жануарын да өлтірді. Stone мыр-

за қызметтердің кең ауқымын алды және психиатрлармен жиі байланыс орнатып отырды. Алғашқы жалпы тәжірибелік дәрігер оны жоғары деңгейлі күтіммен тіркеді, алайда бұл жағдай оны тіркеген келесі дәрігермен қайталанған жоқ. Оның сот-психиатриялық қызметінің психикалық денсаулық қызметін қадағалауы жеткіліксіз болды және күтім бағдарламасына бағыт қағидалары қолданылмады. Оның алғашқы detox бағдарламасы туралы өтініштері еленбеді, дегенмен кейін ол сондай ем алды. Оның сырқатнамасының егжей-тегжейі оны босатқаннан кейін қажетті билік өкілдеріне мәлім болмады, себебі сырқатнама жоғалған болуы мүмкін, бірақ оның емделуіне деген қадағалау адал болды. Michael-ге тұлғаның психопатиялық бұзылысы деген диагноз қойылды, ол емделмейтін болғандықтан және осы тұрғыда ол 1983-жылғы Психикалық денсаулық туралы заңның ережесіне сәйкес қамаудан босатылды.

Clunis және Stone оқиғалары үкіметті араласуға итермеледі, себебі екеуі де бұқаралық ақпарат құралдарында аты шулы кампаниялармен қоса жүрді. Clunis ісінде алаңдаушылық туындататын сұрақ ол жүйемен «жоғалғандығында» және емделмеген, нашарлап бара жатқан психикалық жағдайда тәуекелдің көрініс тапқандығында болды. Michael Stone белгілі бір жоғары ақылы көмек алды, алайда бұл жерде мәселе оның тұлға бұзылысы диагнозын емдеу статусында болды.

Жоғарыда түсіндіріліп өткендей, осындай жағдайларға жауап ретінде үкімет 2003 жылғы Қылмыстық әділ сот туралы заңға сәйкес, қауіпті деп саналған тұлғаларды ұстау тәсілі ретінде үкімді айқын емес шығаруды (ҚҚҮТК) енгізді, ал 2013-жыл мерзіміне дейін ұсталып отырған тұлғалардың саны 5.4-суретте көрсетілген.



5.4-сурет. Англия мен Уэльстегі жазалаудың нақты емес мерзіміне отырған тұтқындардың саны, 2005-2013 жылдар (Дереккөз: Ішкі істер министрлігі)

Одан бөлек, үкімет «емделуге жарамдылық тестінің» реформаларын талап етті және психиатрлардың тұлға бұзылыстары бар тәуекелдің жоғары деңгейіне ие тұлғаларды басқаруына және дұрыс емес жетекшілігіне наразылық танытты (O’Loughlin, 2014). 2007 жылғы Психикалық денсаулық туралы заң «ресмилікке қатысты тестті» «тиісті медициналық емдеуге» алмастырды, оның мақсаты – симптомдардың нашарлауын жеңілдету немесе алдын алу. Бұл жаңа сынақтың аясында пациенттер өз қалауларына қарсы, қол-

жетімді медициналық емдеу (ҚМЕ) алғанша қамауда болуы мүмкін. 2007 жылы ҚМЕ-ға қоғамдық қорғанысты қауіпті құқық бұзушыларды басқаруға арналған қылмыстық әділ соттың мақсаты ретінде атап өткен баптар енгізілген болатын. Ол арнайы ТҚЖАБ бар қылмыскерлер үшін арналмаса да, үкімнің анық емес бағалауы бар ұсталғандардың көпшілігіне ТҚЖАБ тағайындалады. Бұл екі шара тәуекелді басқарудың едәуір ауқымды саяси бағдарламасының бөлігі болып табылады. О’Loughlin (2014: 186) бекіткендей, жазалау «бағалауы» мен нақты емес үкімнің гибриді болып табылады. Ол бағалаудың әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін басталады және тұтқын мерзімінен бұрын шартты босату бойынша Кеңестің шешімімен қауіпсіз болып саналғанша созылады (Parole Board).

ЖАҢА ЖАЗАЛАУ БАҒЫТЫ АЕГЕНІМІЗ НЕ?

Жоғарыда айтылғандай, «ештеңе жұмыс жасамайды» доктринасы абақтыде қамалып отырғандарды оналту бойынша түңілуді туындатты (Nash, 2001). Егер олар жұмыс жасамайтын болса, бағдарламалардың мағынасы неде? Алайда саяси, 1990-жылдарда, Michael Howard Ішкі істер министрі міндетін атқарып жүргенде, оның «абақты жұмыстары» атты нақыл сөздері жазалаушы қылмыстық климатқа қарай бұрылуға әкелді. 1995 жылғы «Қоғамдағы жазалауды қаталдандыру» атауы Green Paper-ның сигналы болды. Абақтыде қамалғандар үшін қолжетімді қоғамдық қызмет көрсетудің нұсқасы қоғамның бірыңғай біріктірілген ұсынысына қосылды (Maig және Burke, 2012: 156).

Жауапкердің қоғамдық тәртіпті салу мүмкіндігіне келісімі жойылсын деген талап дау туғызды. Maig және Burke бұл пробация қызметі үшін орасан зор символикалық резонансқа ие болып қана қоймады. Себебі оның сынау ордеріне қатысу туралы бастапқы келісім құқық бұзушы мен пробация қызметінің офицері арасындағы өзара қатынас үшін шешуші мәнге ие болды. Бірақ, алдын ала қамауға алынған тұлғалар үшін айыппұл санкцияларының төмендеуіне алып келді. 1997 жылы лейбористік үкіметті сайлау жазалаушы және популистік саясаттың қарқындауын көрмеді. Бұл саясат сексуалды қылмыстар жасаған адамдар үшін жалғастырылды және белгілі бір деңгейге ұлғайды (Nash, 2001).

1998 жылы Ішкі істер министрлігінің «не жұмыс жасайды» жобасы «Тиімді тәжірибе» бастамасының енгізілуін байқатты, айтарлықтай деңгейде ол Pathfinder бағдарламасының жинақталған жоспарлауына және аккредиттеуіне ие когнитивті мінез-құлықтың бағыттарымен шартталды. 4-тарауда көрсетілгендей, 2000 жылы Қылмыстық әділ сот және сот қызметтері туралы заң пробация қызметін әлеуметтік қызмет көрсетудің тамырынан біржолата ығыстырып және үш негізгі бұйрықтың аттарын «ебедейсіз» өзгертіп, оны «толық құқықты қылмыстық әділ сотқа» айналдырды. Пробация туралы бұйрық оналтудың қоғамдық тәртібі туралы қаулыға айналды, қоғамдық тәртіп туралы бұйрық қоғамдық жазалау туралы және жазалау мен оналту тәртібі туралы біріккен бұйрыққа айналды.


Сонымен қатар, шығарып тастаудың жаңа тәртібі орнады, оған сәйкес қылмыскер белгілі бір ауданға 12 ай аралығында кіре алмайды. Fitzgibbon және Lea (2014) 1980-жылдардан бастап сәйкес үкіметтер пробация мен әлеуметтік жұмыс арасындағы байланысты үзуге және офицерлердің кәсіби дербестігін қысқартуға ұмтылды, сонымен қатар тағылымдаманы оналтуға аз бағдар жасай отырып, қылмыскерлерді басқару қызметіне және қоғамдық қорғау қызметіне айналдыруға тырысты деп атап өтеді. Олар төленетін коалиция реформалары нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқару стратегиясын нығайтады деп бекітеді. Қылмыскерліктің және гуманитарлық бағдарламалардың дәстүрлі

реформаларынан тәуекел деңгейлері бойынша іріктелген құқық бұзушыларды «қаттамалауға» көшу, Feeley және Simon (1992) бойынша қылмыстық әлеуметтік этиканы қадағалауды бақылау мен еңбек ұғымдарымен рационалды түсініктерге өзгертті. Жақында ғана Fitzgibbon және Lea (2014: 29) мынадай қорытындыға келді:


Бәсекелес тендерлер және шығындардың төмендеуі қауіпсіздіктің өндірістік кешенін төмен құнмен, икемділігі артығырақ жұмыс күшімен қадағаланатын, тәуекелдерді бақылау және басқару бағытына қатаң беттетеді. Қалпына келтіру жолымен оңалтудың білікті және сөзсіз дәстүрлі формалары олардың мүмкіндіктерінің шегінен шығатын көрсетті.

Үкімдер кеңесінің бюллетені Англия мен Уэльсегі үкім шығару, сөзсіз, қатаңырақ бола бастағанын көрсетеді. Қылмыстық сот өндірісінің барлық жүйесі бойынша құқық бұзушылықтармен байланысты қылмыстар үшін дереу қамауға үкім шығарылған адамдарға арналған үкімнің орташа ұзақтығы 2001 жылғы 15 айдан 2011 жылы 17 айға дейін өсті. Ал, Корольдік сот 2001 жылғы 25 айдан 2011 жылы 26 айға дейін ұлғайды. Корольдік соттың үкім шығаруында мөлшерлеме ұлғайды – жалпы 2011 жылы сотталған айыпталушылардың 83%-ы айыпталды. Дегенмен де, қылмыстық қуғындауға тиісті құқық бұзушылықтар үшін айыппұлды пайдалану 2001 жылғы 24%-дан 2011 жылы 17%-ға азайды. Айыпталушы құқық бұзушылықтар бойынша шартты үкімдерді пайдалану 2001 жылғы 0,7%-дан 2011 жылы 10%-ға дейін өсті. 2001 жылғы 24,9%-дан 2011 жылы 25,3%-ға дейін өсті. Қоғамдастықтан келетін үкімдер айыпталушы құқық бұзушылықтарды шығару үшін едәуір амал болып табылады, оған жазалаулардың шамамен үштен бір бөлігі келеді.

Ұлыбританиядағы абақтыде қамауда ұстаудың көрсеткіштері Еуропада ең жоғарғылардың бірі болып табылады және 5.5 пен 5.6-суреттері көрсетіп тұрғандай өсіп келеді. Frost (2010: 156) жазалаушы заңнама өсіп келе жатқан жазалаушы қоғамдық сұранысқа жауап болып табылады деп нақтылады.



5.5-сурет. 100 000 қамауда отырған адамдардың саны (мемлекеттің жалпы тұрғындарынан) (Дереккөз: Walmsley, 2014)



5.6-сурет. Англия мен Уэльстегі бір жылға қамалған адамдардың саны, 1950-2014 жылдар, сонымен бірге абақты қызметкерлері санының қысқаруы көрсетілген, 2010-2014 жылдар (Үзік сызық) (Дереккөз: Әділет министрлігі)

Қамаудағы адамдар санының өсу үрдісі аясында Құқық бұзушылықтарды басқарудың ұлттық қызметі (ҚББҰҚ) 2011-12 жылдарда жалпы 228 млн. фунт стерлинг үнемдеуі керек еді. Үнемдеуге жұмыс күшін қайта құрылымдау, нарықты тестілеу және толық мекемелерді және нақты қызметтерді жекешелендіру, шығындар мен қызметтерді стандарттау және бірнеше тым ұсақ және ескі абақтыларды жабу, өте ірі мекемелердің санын арттыру арқылы абақтыні иеленуді қайта конфигурациялауды үйлестіру арқылы қол жеткізілген еді.

Ақ патшаның абақтылерді тексеруі жылдық есепті құрады және өзінің соңғы есебінде (Her Majesty's Chief Inspector of Prisons for England and Wales, 2014 жыл) Бас тексерушінің бағасы мынадай болып табылады:

- Ешкім өзін қаржылық және ұйымдастырушылық қысым тәуекел туындатпайды деп алдамауы тиіс. Абақтылерде қамаудағы адамдарды қадағалайтын қызметкерлер аз, қызметкерлерді қадағалайтын басшылар аз және кемітілген орталық мекемелері үшін қолдау аз. Ақшалай қаражаттардың өздеріне тигізетін әсеріне қарамастан, сақтаудың барлық түрлерінде басқарушылар «шығындарды, мақсаттар мен процестерді азайтуға» бейімделіп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және олардың иеленгенін қалпына келтіру үшін олардың негізгі жауапкершіліктерін жоғалтатыны белгілі бір қауіп тудырады.
- Біздің қамаудағы адамдар қатысатын мақсатты іс-әрекетіміздің саны мен сапасы туралы пайымдауларымыз бір жыл ішінде күрт төмендеді. Қарапайым сөзбен айтқанда, қамаудағы өте көп адам өз камераларында өте ұзақ қамалды және оларда конструктивті ештеңе жоқ, оқыған немесе жұмыс жасаған кезде олар жеткіліксіз сапаға ие болады. Қамаудағы адамдарды жұмысқа кіруге және онда қалуға қажетті дағдылармен, әдеттермен және нұсқамалармен қамтамасыз ету оналту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады. Бірнеше жыл бұрын ғана біз «жұмыс істейтін абақтылер» және абақты өндірісінің орындары туралы көп естігенбіз. Соңғы уақытта бұл тақырыпқа қатысты құлақ тұндыратын тыныштық орын алып

түр және адамдар абақты бұл басым нәрсе емес деп есептесе ақталады.

- 2012 жылдың тамызында Англияның көптеген абақтылері үшін оқытуды және білім беруді ұсыну бойынша жаңа келісімшартқа қол қойылған болатын. Әлі күнге дейін біз жақсарудың ешқандай белгісін көрмедік. Ұсынылатын іс-әрекеттің ауқымы мен сапасы жақсартуды талап етті, қамаудағы адамдарға жұмыс берушілер бағалаған кәсіби дағдылар мен біліктілікті алу үшін жеткілікті мүмкіндіктер болмады.

Жазалау туралы жаңа тезистермен барлық криминологтар келіспейді (мысалы, Matthews, 2009, 2010, 2014). Мэтьюс дәлелдемелерге және «айыптаушы мінез-құлықтың танымалдығын ескере отырып, бас бостандығынан айыруды қолдануды ұлғайтуға кінәлі» деп аталатын «астыртын теорияға» сенген жоқ (Matthews, 2009: 349).

5.4-қосымша. Рефлексияға жаттығу

Келесі үзінді – журналист Simon Jenkins түсініктемесі (www.theguardian.com/commentisfree/2014/aug/19/chris-grayling-prisons-crisisinspectors-overcrowded-violent-jails).

Еуропадағы бірде-бір мемлекет Ұлыбритания сияқты бірден бас бостандығынан айырмайды. Нәтижесінде оның абақтылері қирап бара жатыр, қазіргі таңда қамаудағы адамдардың саны 84 000 және ол жедел өсуде. Шектен тыс толып кету, нашакорлыққа салыну, зорлық, бақылаушыларға шабуыл жасау және өзін-өзі өлтіру (2013 жылғы 52-мен салыстырғанда, өткен жылы 88) барған сайын өсуде. Сол арада, абақты шенеунігінің саны үш жыл ішінде үш есеге жуыққа қысқарды. Қамаудағылар камераларында күніне 23 сағатқа дейін ұсталады. Абақтылардың тексерушілері дабыл қағады, бірақ ол мүлдем нәтижесіз, себебі Kent-тегі Isis жастар абақтысын бір тұтқын «гладиаторлық мектеп» деп атаған.

Мұның барлығын Әділет министрі былай тұжырымдайды: «Біз соқтығысатын қысым бар, бірақ дағдарыс жоқ». Бұл «шақыру», бірақ «дағдарыс» емес. Сөздік – бұл таза клише. Жалғыз сенімділік, бұл соттар абақтыға өте көп адамдарды отырғызатындығында және олар мен олардың саяси иелері дағдыға айырылмағандығында болып табылады. Адамдарды басқа адамдардан, негізінен зорлықтан қорғау үшін абақтыға жіберген жөн. Дегенмен де қамаулы ер адамдардың 70%-ы және әйелдердің 80%-ы зорламаған қылмыскерлер болып табылады.

Осыншалықты қатаң жазалаудың басқа себептерінің барлығы – абақтыде камалудың әсері, олар қаншалықты қысқа болса да, өмір бойына созылса да – қоғаммен және қоғамда шешілуі қажет. Бұл емдеу, қайта қалпына келтіруші әділ сот, айыппұлдар, бұйрықтарға тыйым салу арқылы болу керек.

Сіздер Simon Jenkins-тің саясаткерлер адамдарды абақтыға жіберуге «шырғаланған» деген талдауымен келісесіз бе?

Құқық бұзушылардың көпшілігіне «қоғаммен және қоғамда» қолдау жасау керек пе?

Өзіңіздің көзқарасыңызды түсінуге көмектесетін бұл тараудан сіз не оқыдыңыз?

Бұл тарауды оқу сіздің абақтыға қамау туралы көзқарастарыңызды өзгертті ме?

ҚОРЫТЫНАЫ

Бұл тарау сот психологтарының іс-әрекеті құндылықтардан қандай да бір бос ортада орын алмайтындығы туралы және саяси бағдарға зерттеулерді іске қосу және нәтижелерді таратумен қатар, саяси елестетулер ықпал ететіндігі туралы сенімді қуәландырады деп үміттенгіміз келеді. Нені өлшеу және қалай өлшеу туралы, сонымен қатар нені қаржыландыру керек және қанша қаражат жұмсалатыны туралы шешім қабылдауға байланысты саяси шешімдер таңдалады. Аспирация және қысқартылған бюджеттерді енгізу ҚӘСЖ агенттіктеріне әсерін тигізеді. Келесі тарауда теория бойынша біз Good Lives моделін және Risk-Need-Responsivity бағытын талқылаймыз.

Ресурстар

Әділет министрлігі веб-сайтында көптеген пайдалы статистикалық мәліметтер қолжетімді, мысалы, CSEW есебі (www.justice.gov.uk/).

Үкім шығару кеңесі үкім шығару үрдісі туралы жыл сайынға есебін жариялайды (<http://sentencingcouncil.judiciary.gov.uk/>).

George Mair және Lol Burke (2012) пробация қызметінің өткен және жақында болған оқиға туралы есептері жазалаушы оңалту дебаттары тәжірибесі мысал ретінде болады.

Негізгі журналдар

British Journal of Criminology
Criminology and Criminal Justice
Critical Social Policy
Psychology Public Policy and Law

6

ТЕОРИЯ

НЕГІЗГІ КОНЦЕПЦИЯЛАР

Бұл тарауда теория, оның анықтамасы, маңызды болуының себептері және жақсы теорияны қалай бағалауға болатындығы қарастырылады. Біз жалпы құқық бұзушылықтардың бірқатар жалпы модельдерін, сондай-ақ нақты қылмыстардың түсіндірмелерін қарастырамыз. Тарауда, сондай-ақ, оңалтудың екі негізгі теориясы қарастырылады.

Маңызды концепциялар	Тәжірибелік мысалдар
Қосымша	Жас ерекшелік қылмыстарының қисығы
Қылмыстық карьера	Жақсы өмір моделі (ЖӨМ)
Қылмыстық шектеу	Модельдер
Криминогенді қажеттілік	Парадигмалар
Ұстап қалу	Феноменология
Бұрмалау	Болашағы айқын зерттеулер
Гомология принципі	«Тәуекел-қажеттілік-реакция» моделі
Индукция	(ТҚР)
Интроверсия-экстраверсия	Мақсатты қатаңдату
Шабуыл	Таксономиялар
Жетілу арасындағы айырмашылық	
Моральдық пайымдаулар	
Нейротизм	
Психотизм	
Тәуекел факторлары	
Ағымдағы әрекет теориялары (АӘТ)	
Оңтайлы таңдау теориялары (ОТТ)	
Зорлық-зомбылық болжамы	

Бұл тарау сізге теорияны құрудағы базалық принциптер, парадигма, теория және модель арасындағы айырмашылықтар туралы түсінік береді, сондай-ақ сізді қылмыстық мінез-құлық пен қылмыс жасау мотивациясын түсінуге қатысты бірқатар негізгі концептуалдық идеялармен таныстырады.

Анықталатын сұрақтар:

Теория, заң, модель, концепция және парадигма деген не?

Сот психологтары қолданатын, тәжірибелік әдістер қалай пайда болды?

Теорияның дұрысы екенін қалай білеміз?

Неге кез келген жасөспірім құқық бұзушы бола бермейді?

Адамдар неге қылмыс жасайды?

Адамдардың қылмыс жасау себептерін түсіндіретін жалпы модель бар ма?

Құқық бұзушылықтардың алуан түрлерін қандай нақты модельдер мен теориялар түсіндіреді?

Қылмыстағы қырсықтық пен табандылықты қалай түсіндіруге болады?

Оңалтудың негізгі теориялары қандай?

ТЕОРИЯ, ЗАҢ, МОДЕЛЬ, КОНЦЕПЦИЯ ЖӘНЕ ПАРАДИГМА ДЕГЕН НЕ?

Бұл тарау бірқатар терминологияны түсіндіруден басталады және «жақсы» теорияны бағалауға арналған бірнеше критерийлерді көрсетеді. Бұл кең ауқымды сала болғандықтан және бұл тақырыпқа тек бір ғана тарауды арнап отырғандықтан, берілетін сипаттамаларды таңдап алуға мәжбүрміз. Берілген тарау сот психологтары пайдаланатын бірнеше негізгі теорияларды көрсетеді және үш үлкен салаға бөлінеді:

- қалыс қалу (неге кейбір адамдар ешқашан қылмыс жасамайды), табандылық (неге кейбір адамдар қылмыс жасауын жалғастыра береді) және қылмыстан жалтарту (неге кейбір адамдар қылмыс жасайды, содан кейін тоқтайды);
- неге адамдар күш көрсету, сексуалдық және пайдакүнемдік сипаттағы қылмыстарды жасайды;
- оңалтуға қатысты теориялар.

Теория – бұл қандай да бір құбылысты жүйелі түрде ой елегінен өткізу әдісі. Ол бізге түсіндіру, қайта қалпына келтіру және болжамдар жасауға мүмкіндік береді. Теория бізге зерттеулер дайындауға, гипотезаларды қалыптастыруға және тексеру және бұл құбылысты өзгертуге арналған шараларды дайындауға негіз болады. Ғылыми зерттеу тұрғысынан алғанда мұнда үш элемент бар: қызығушылық туғызатын құбылысты сипаттау, негізгі принциптерін анықтау (кей белгілерді сипаттаумен шектелмей) және себеп механизмдерінде айқын болмаған қатынас тұстарын болжау мүмкіндігі (Breakwell, 1995).

Біз, мысалы, жоспарлы мінез-құлық теориясын қолдана аламыз (Ajzen, 2005). Бұл теория үш негізгі әсер етуге қатысты қатынастар мен мінез-құлық арасындағы байланысты болжайды: мінез-құлықты (қатынасты) болжау; мінез-құлыққа қатысуға әлеуметтік қысымды қабылдау (субъективті нормалар); мінез-құлықты бағалау құралдарын қабылдау (қабылданатын мінез-құлық бақылауы). Бұлардың негізінде мінез-құлыққа қатысудың салдары туралы нақты сенімдер (мінез-құлық сенімдері), маңызды референттердің тілектерін қабылдау (нормативтік наным) және жұмысты жеңілдетуі немесе оған кедергі келтіру мүмкін факторлар (негізгі сенімдер) анықталады. Norman, Bennett және Lewis (1998) жасөспірімдердің алкогольді пайдалануына осы факторлардың әсерін зерттеу үшін бұл құрылымды пайдаланған.

Кейде теория алдыңғы екі идеяға негізделеді және бинарлық комбинациядан шығатын болжамдарды қалыптастырады. Осылайша, Alison мен Stein (2001) сапалық шеңберде мінез-құлықты реттеуді көрсететін бірінші идея мен басымдық-бағыну және жауласу-серіктестік аспектілерін қамтитын екінші идеяны біріктірді. Бұл комбинациялық теорияны кейіннен Porter мен Alison (2004) топтық зорлауды зерттеу үшін пайдаланды және олар келесідей болжам қалыптастырды:

Топтық зорлаудың кез келген жағдайында қылмыскердің мінез-құлқы бір мезетте өзгереді, бұл мінез-құлық тақырыбында шеңберлі өлшемдер терминдерінің сипаттау

үшін қолданылады. Сондықтан да нәлдік болжам нақтылағандай, топтық зорлау кезінде қылмыскерлер тақырыптық тұрғыдан өздерін әртүрлі ұстайды және мінез-құлық жекелеген тақырыптарды емес, мінез-құлықтың кездейсоқ таралуын қалыптастырады. (2004: 453)

Олардың болжамының расталуы оларға топтық зорлаудың құрылымдық теориясын сипаттауға мүмкіндік берді (бұл зерттеу туралы толығырақ ақпарат 7-тарауда келтірілген).

Гендерді, әлеуметтік оқытуды және нейропсихологиялық жүйелерді өзара әрекеттестіретін түрлі факторларды (биологиялық, экологиялық және нейропсихологиялық) интеграцияланған жыныстық құқық бұзушылық туралы Ward және Beech (2006) сипаттайтыны сияқты кешенді теориялары осы салалардың әрқайсысына қарағанда толық түсініктеме береді.

Бұл тарауда барлығын қамтитын теорияларды талқылауда тәуекел-қажеттілік-реакция (ТҚР) және Good Lives модельдерін (ЖӨМ) мысалы болмақ.

Теория кейіннен тексерілуі мүмкін болжамдар мен сұрақтар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Егер теория бірқатар қайталанатын және әмбебап қорытындылар туындатса, онда біз ғылыми қауымдастықта қабылданған қорытынды болатын **заңдарды** қалыптастыра аламыз. Бұл жағдайға физикадағы термодинамика заңдарын мысал ретінде келтіруге болады. Стимул мен оны қабылдау қасиеттеріне қатысы бар психофизика саласын есептегенде, білім мен психологияның күйі заң туындата алуы екіталай. Әзірге біз қылмыстық мінез-құлыққа қатысты ғылыми заңдар ашпаймыз. Шын мәнінде бізде қылмыстық мінез-құлықты қанағаттанарлық деңгейде түсіндіріп бере алатын, барлығын қамтитын теория жоқ. Howitt (2002) орынды айтып өткендей:

Криминалистік психологияда табиғи және негізінен өзгермейтін адам мінез-құлқының заңдары мен принциптерін анықтау мақсатында психологиялық зерттеулер бұл саладағы нәтижелердің қаншалықты ерекше және кей кезде ойға сыйымсыз болатындығына назар аударады. (2002: 72)

Көп жағдайда теория **концепцияларды** пайдаланады, мысалы өзіне ыңғайлы жағдайда «мінез-құлық келісімділігі» тәжірибені топтастыру тәсілі ретінде қарастырылады. Бұл, жалпы алғанда, бақыланатын құбылысты сипаттауға ұмтылатын абстрактілі идея, алайда оның да түсіндірмелік қасиеттері бар. Сапалық талдау негізделген концепция идеясын қолданады, сөзбен белгілеу бір нәрсені сипаттау үшін алынғанын, жалпы түрде жауап берушілердің тәжірибесінен алынғанын (немесе негізделгенін) білдіреді. Осылайша, Frances Heidensohn әйел полиция қызметкерлерінің қылмыскерлерді басқарудағы тәжірибесін тіркеу үшін «трансформациялық көріністер» концепциясын пайдаланды, бұл аталған тәжірибені ер әріптестер қызметіне енгізу мақсатында жасалған. Heidensohn (1992: 141-2) осы терминді қолдану себебін «кедей, ұяң, бас кейіпкер қыз керемет, көркем киінген ханшайымға айналып кететін» ағылшын понтомимасының соңғы кезеңдеріне ұқсастығымен түсіндіреді. Бұл, әйелдер сипаттағандай, өздеріне сенбейтін ер офицерлерге полициялық қызметтің ауыр тұстарымен де жұмыс жасай алатынын көрсету үшін маңызды үрдіс ретінде айқындады. Алайда концепциялар терең ойлы анықтаманы талап етеді және көп жағдайда ғылыми әдебиеттің бір мәнді болмауымен немесе кеңірек түсіндірмені қажет етуімен байланысты сынға ұшырап жатады.

Теорияны қалыптастырғанға дейін **модельдер** пайда болуы мүмкін, олар көп жағдай-

да түсініктер мен үрдістердің жалпыланған түсінігі болып келеді және олардың арасындағы бірқатар бағдарлылықты қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, екі термин бір-бірін алмастыру түрінде жиі қолданылғанымен модельдің ресми теория статусы жоқ (ғылыми зерттеудегі модельді пайдаланудың толығырақ түсіндірмесі, Francks, 2002). Кейін Farrington «Қорлаудың ең қарапайым моделін» мысал ретінде келтіреді.

Парадигма деп, әдетте, ғылым үшін белгілі бір уақытта біртекті фонды қалыптастыратын жалпы принциптер мен әдістерді айтады. Thomas Kuhn (1922-96) «парадигма жылуы» идеясын енгізді, мұнда ғылыми ойлауда күрт өзгерістер орын алады (Kuhn, 1962). Бұл концепцияны Rom Harré 1960 және 1970 жылдары бірқатар әлеуметтік психологтар жасаған қозғалысты сипаттау кезінде түсіндіреді, олар «пәндер» бойынша ғылыми зерттеудің позитивистік тәжірибелік дәстүрінен конструкциялық көзқарасқа өтті, мұнда маңызы зерттеу «қатысушыларымен» келісілетін еді (Harré және Secord, 1972).

СОТ ПСИХОЛОГТАРЫ ҚОЛДАНАТЫН ТӘЖІРИБЕЛІК ӘДІСТЕР ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛАЫ?

Wilhelm Wundt (1832-1920) 1879 жылы ашылған тәжірибелік зертханада болған сот психологиясының дамуына қызығушылығы туралы еңбегі оның шәкірттерінің бірі Hugo Münsterberg-тің заңға қатысты қолданған психологиялық әрекетінде бастама болды, оны сот психологиясының негізін қалаушы деп айтады (Brown және Campbell, 2010). Wundt бақыланатын құбылыстарды зерттеуге арналған ғылыми ережелер жасап шықты. Chung пен Hyland (2012: 52) түсіндіріп өткендей, Wundt тікелей саналы тәжірибелерге қызықты және келесідей мақсаттарда тәжірибелік әдістерді қалыптастырды:

- олардың негізгі кезеңдеріндегі санаға талдау жасау;
- бұл элементтердің қалай байланысатынын анықтау;
- элементтер арасындағы байланыстар негізінде жатқан заңдарды анықтау.

Жиырмамыншы ғасыр басында Америкада осы идеяны қабылдай отырып, Münsterberg және басқалар, олардың ішінде James Cattell жады мен қайта еске түсіру шегін түсіну мақсатында көптеген тәжірибелер жүргізді. Wundt және оның шәкірттері жұмыс жасаған ғылым индукция деп аталатын логика формасы, яғни бақылаулар мен түсініктердің жиынтығы болды. Ғылыми пайымдаулардың бұл моделі Karl Popper (1902-94) зерттеулеріне негіз болды, ол бұрмалау идеясын енгізген болатын, бұл идеяны болжамдар арқылы толықтай дәлелдей алмаймыз және тек оның жалған екенін дәлелдей алмаған жағдайда ғана оны шындық деп қабылдаймыз. Бұрмалау кемітуге негізделген. Popper үшін ғылым гипотезаны ойлап табудан басталады, бұл әлемнің бір аспектісі туралы болжам болып табылады. Жұмыс болжамының анық дәйектері болады және алдын ала болжауға алып келеді, яғни теория болжағандай орын алуы тиіс белгілі бір фактілерді шығарады. Кейіннен бұл жиналған бақылаулар (мәліметтер) негізінде тексеріледі, болжамның ақиқат немесе жалған екендігі анықталады. Chung және Hyland еңбектеріне сүйене отырып, Popper ғылым гипотезалар мен жоққа шығарулардан пайда болады деп болжады, яғни болжамнан келіп шығатын жорамал жалған болған жерде үздік болжам құрылады және тексеріледі, сондықтан да алынған түсіндірмелер немесе теория жиналып тексеріледі.

Ғылыми теория сызықтық жиынтық түрінде жүрмейді және «ескі» теориялар да болмайды. Жаңа концептуалды ойлау, әдетте, ағымдағы теорияларды қарастырудан басталады және Beckerian мен Levey (2005: 5) айтқандай, «ғылымның негізгі аспекті теориялар арасындағы бәсекелестіктен тұрады. Кейде негізге алынған идеядан толықтай бас тарту болады және жоғарыда айтылып кеткендей, бұл жерде ғылыми ойлау сипатын өзгертетін

парадигмалардың жылжуы орын алады. Әсіресе, әлеуметтік психологияда орын алған және маңыз идеясына басты назар аудартқан, ойлаудағы жылжу **әлеуметтік конструкционизм** деп аталатын көзқарасқа өз үлесін қосты. Бұл жерде ғылыми көзқарас нақты тәжірибеге тәуелді және зерттеліп отырған құбылыс түсіндірмелері осы тәжірибе туралы есептің қорытындысын қолдайды. Осылайша, ғалым белгілі бір «шындықты» көрсетуші, «білгір сарапшы» болудың орнына, әлем туралы идеяларды ғалымдар мен зерттеуге қатысушылар біріге отырып қалыптастырады. Бұл көптеген құбылыстарды қоғам қалыптастыратынын мойындайды, мысалы, бір қоғамда екі әйел алу қылмыс болғанымен, басқа қоғам үшін полигамия жалпыға ортақ үйреншікті құбылыс болып табылады. Бұл көзқарастардың әдістемелік салдарын зерттеу әдістері 7-тарауда талқыланады. Қазір бір теорияларды бағалау үшін қолданылған критерийлерді қарастыратын боламыз.

ТЕОРИЯНЫҢ АҰРЫС ЕКЕНІН ҚАЛАЙ БІЛЕМІЗ?

Жалпы алғанда, біз теория дұрыс сипаттама беретінін (оның феноменологиясы) және қандай да бір құбылыс туралы жаңа фактілерді болжай алатынын білгіміз келеді. Beckerian мен Levey (2005: 5) теорияны растауға қатысты көзқарастардың құрамында жоққа шығару мен прагматизм орын алады деп айтады. Біріншісі біз жоғарыда қысқаша талқылаған бұрмалау идеясынан келіп шығады. Beckerian мен Levey түсіндіріп өткендей, теорияны фактілерге сәйкес қарапайым көрсету жеткіліксіз, «оның жалған болуы мүмкін екендігін көрсетуге жағдай жасайтын, теорияда белгілі бір логикалық механизм болуы тиіс, яғни теорияның жарамдылығы дәлелді түрде тексеруден өткізілуі тиіс. Теорияны сынақтан өткізудің стандартты әдісі тәжірибе жасау болып табылады. Бұл қиын болуы мүмкін, сондықтан да прагматикалық позиция пайдалылық принципін пайдаланады: егер теория пайдалы болса, ол жарамды. Бұл Beckerian мен Leveyде былай сипатталады:

Прагматикалық көзқарас бойынша, егер теория қолда бар фактілердің нақты сипаттамасын берсе, ол тәжірибелік мақсаттар үшін шынайы болып саналады. Тіпті теорияның кейбір бөлімдері дұрыс болмаса да, бізге нақты мәселеге қатысты қолданылуы мүмкін теориялық концепцияларды оқшаулауға мүмкіндік береді. Біз оны жергілікті қолдану принципі деп атаймыз (2005: 6).

Пайдалылық бізді қызықтыратын барлық жағдайларды ескеретін, толық теориялық анықтаманы табу екіталай екенін ескере отырып, «айтарлықтай жақсы» принциптің мысалы ретінде бола алады.

Ward және Maruna (2007: 41) әртүрлі бес өлшемді қоса қарастырады, олар бұл өлшемдерді екі тартысты оңалту теорияларын қарастыру кезінде пайдаланған (бұл тараудың соңына қарай толығырақ қарастырылады). Олардың бағалау өлшемдері:

- жан-жақтылық – теорияның барлық жаңалықтарды ескеру қабілеті;
- когеренттілік – басқа теориялармен сыртқы үйлесімі және сыртқы қайшылықтарының болмауы;
- бірігу – алдыңғы және жекелеген теориялардың аспектілерін біріктіруі;
- туындылық – теорияның жаңа болжамдарға алып келу деңгейі;
- түсіндіру тереңдігі – негізінде жатқан себептік механизмді сипаттай білу қабілеті.

Осы уақытқа дейінгі талқылаулар теория жасауға бірқатар анықтамалар мен алғышарттарды берді. Тараудың қалған бөлігінде келесідей түсіндірмелерді беретін теориялар қарастырылады:

- неге барлық жасөспірім құқық бұзушы бола бермейді (яғни қылмыскермен қандай сыртқы факторлар байланысты)?
- адамдар неге қылмыс жасайды (яғни күш көрсету, сексуалды және пайдакүнемдік қылмыстар)?
- қайта құқық бұзушылықтан бас тартатын немесе қылмыстарды жасауды жалғастыратын адамдарды қандай факторлар байланыстырады (мысалы, жас ерекшелік қылмыстарының қисығы)?
- қайта қылмыс жасаудан бас тартуды қалай көтермелеуге болады (яғни оңалту модельдерінің теориялық негіздері қандай)?

НЕГЕ БАРЛЫҚ ЖАСӨСПІРІМ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫ БОЛА БЕРМЕЙДІ?

Жастар арасындағы қоғамға қарсы мінез-құлық пен қылмыстың жоғары көрсеткіштерін ескеретін болсақ, неге кейбір жастар қылмысты аз жасайды немесе олардан толықтай бас тартады? Бұл жағдайдың себебін түсіндіру үшін бірнеше идеялар ұсынылды, олардың ішінде қорғаныс факторларының, жағдай факторларының болуы, азаматтыққа деген көзқарас және моральдық пайымдаулар бар. Бұл мәселені шешу үшін екі нақты әдіс қолданылды. Біріншіден, бұл өмірлік жағдайлары қылмыстың жоғары ықтималдығын көрсететін, алайда оларды жасаудан бас тартатын жастарға көз тастау (мысалы, Ногге және басқалар, 1996; Lösel және Bliesener, 1994), ал, екіншіден, қылмысты құқық бұзбаған жасөспірімдерден құралған таңдау тобымен салыстырады (мысалы, Фагг және басқалар, 2004; Whittaker және басқалар, 2006).

Lösel және Bliesener (1994) жас адамға стрестік жағдайларды еңсеруге, яғни мәселелерді шешуге, белгілі бір когнитивті құзыреттілікке ие болуға және өзінің пайдасы мен сенімділігін сезінуіне мүмкіндік жасайтын, ресурстарды қамтамасыз ететін қорғаныс факторлары түсінігін ұсынды. Басқа қорғаныс факторларына, кем дегенде, ата-аналарының бірімен немесе басқа тұлғамен, берік қарым-қатынас, қолайлы білім беру климаты және отбасынан тыс арнайы қолдауды қамтиды. Олардың теориялық түсіндірмелері Werner мен Smith баланстық модельдеріне негізделген, ол бойынша балалардың әлсіздігін арттыратын биологиялық тәуекел факторлары және өмірлік стрестік жағдайлар қорғаныс факторларының болуы арқылы қадағаланады. Олар тәуекел деңгейін, күрделі мінез-құлықты, жеке ресурстар мен әлеуметтік ресурстарды бағалау мақсатында, депривация мен стрестік жағдайларға ие жасөспірім қыздар мен ұл балалар тобында сұхбаттасу және сауалнамалар жүргізді. Олар балаларды оқытушыларының көзқарасы тұрғысынан ешкімді ренжітпейтін ($n = 66$) және ауытқулары бар ($n = 80$) деп екі топқа бөлді. Тұрақты топтың зияткерлік деңгейі әлдеқайда жоғары, мінездері жұмсақ, өздеріне сенімділік мен жетістікке жету мотивациясы жоғары болды, қиындықты еңсерудің белсенді стратегияларын қолданды (қашық стратегияларымен салыстырғанда) және жоғары жеке автономиялық сезімге ие болып шықты. Тұрақты топтың отбасынан бөлек жақын адамдарды табу және болашақта жақсы жетістіктерге жету мүмкіндіктері де мол. Тұрақты топ екі жылдық зерттеу барысында өлшенетін, жоғары жетістікке жету мотивациясын сақтап қалды.

Ногге және басқалар (1996) жас құқық бұзушылар тобындағы түзету және қайта құқық бұзушылық жасаудан бас тартуға байланысты қорғаныс факторларын қарастырды. Олар қорғаныс факторларына: қатарластарының оң көзқарасы, мектептегі жақсы

жетістіктер, бос уақытты тиімді пайдалану және беделге деген оң көзқарасты жатқызды. Сонымен қатар бұл жерде отбасылық тәуекел факторларының үш жиынтығын да: өзара қатынастар мәселесін, тәртіп пен қадағалаудың болмауын, криминалды оқиғалар немесе ата-аналардың психикалық денсаулық мәселелерін анықтады. Нәтижелер қайта құқық бұзушылық жасау жылдамдығы және үкім шарттарын сақтау тұрғысынан өлшенді. Олар ата-аналар мен балалар арасындағы теріс арақатынастарды анықтады, ал бала тәрбиелеудегі кемшіліктер рецидивтің әлдеқайда жоғары қарқынына және көнгіштіктің төмен болуына байланысты. Осыған ұқсас, қорғаныс факторларының болуы қайта құқық бұзушылықтың төменгі көрсеткіштерімен және көнгіштіктің жоғары болуымен байланысты болды. Олардың болжамы бойынша, қорғаныс факторлары тәуекел факторлары кезінде өзіндік бір «буфер» қызметін атқарған.

Ұқсас жастағы ұл балалардың сексуалды қорлау тобы мен жасөспірім ұл балалардың нормативтік топтарын салыстырған екі зерттеу көрсеткендей, түсіністікпен қарай білу екі топ арасындағы негізгі айырмашылық атрибуты болып шыққан. Whittaker және серіктес авторлар (2006) нормативтік топ жыныстық қатынастың биологиясы мен салдары туралы біліп қана қоймай, сонымен бірге қорланған топқа қарағанда олардың эмпатиямен қарау дағдылары жоғары болған. Farr және басқалар (2004) сексуалды сипаттағы құқық бұзушылар тобы ер азаматтықты әлсіз сезінген, сондай-ақ нормативтік топқа қарағанда түсіністікпен қарай білу деңгейі төмен болған.

Бұл қорытындыларға сәйкес Moffitt (1993) қорланған жасөспірімдердің есеюіндегі ауытқулардың орын алу ықтималдығы жоғарылайтыны, соның себебінен биологиялық ересектік және дене өзгерістері жасының әлеуметтік статусына сәйкес келмейтіні туралы болжам жасады. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер бұл айырмашылықты есейген кезінде сезінбеуі мүмкін. Moffitt бұл не себепті орын алатынына ешқандай түсіндірме бермегенімен, ол кәмелетке толмаған жасөспірімдерде құқық бұзушылардағы әлеуметтік қайшылық мінез-құлқын модельдеу мүмкіндігі болмауы мүмкін деп болжам жасайды, себебі олар танымал делинкветтік топтардың бір бөлшегі бола алмайды. Олар балама ретінде әлдеқайда беделді ересек топтардың үлгісіне еліктей бастауы мүмкін.

Дамудың басқа бір факторы, моральдық аргументация, құқық бұзу барысында және импликацияға байланысты қылмыс жасау кезінде олар рөл ойнайды деген болжам айтылды. Kohlberg (1984) теориясы бұл болжамға өз әсерін тигізді. Ол адамгершілік дамудың алты кезеңін көрсетті, олар бойынша Palmer мен Hollin (1998) сараланған делинкветтер мен құқық бұзушыларды қарастырды. Жас құқық бұзушылар мен қылмыс жасамаған адамдар арасында жүргізілген сауалнамалар нәтижесінде, бұрынғы міндеттерін орындау және жазалаудан бас тарту, марапатқа ие болу және өз мүдделерін іске асыру болып табылатын моральдық дамудың ерте кезеңдерінде жұмыс істеуге бейім екенін көрсетті. Соңғысы адамгершілік дамудың жоғарғы деңгейлерінде беделдіні сыйлау және қауымдарға даму мүмкіндігін беретін принциптер жинағына ие болу түрінде көрініс табуы мүмкін.

Ата-аналарға немесе қамқоршыларға ерте кезден жақын болу алдағы уақытта орын алған қылмыстарға себепкер болған (Brown және басқалар 2014). Олар зерттеу әдебиеттерін талдап шықты және келесідей қорытындыға келді (141-бет): жинақталған дәлелдер жиынтығы ерте жақындық пен кейінгі құқық бұзушылықтар арасындағы байланыстарды растайды және қауіпсіз етене жақындық құнды психологиялық ресурс болып табылады. Adshad (2002: 89) шектен шығудың нәтижесі болып табылатын бала кездегі етене

жақындық ересек кезде де жалғасын табуы мүмкін. Бұл диссоциация деңгейіне алып келуі мүмкін, мұнда адамда сыртқы шынайылықты бақылау және оның ішкі бейнесі мен сыртқы әлемді ажыратуында қиындықтар туындай бастайды. Adshеad қауіпсіз жақын тартылған адамдардың барлығы күш көрсетуді білдірмейді, алайда бұл басқа тәуекел факторларымен үйлескенде негізгі алғышарт болуы мүмкін.

Осылайша, жоғарыда келтірілген зерттеулер көрсеткендей, делинквентті және құқық бұзушы емес адамдар арасында биологиялық, есею және моральдық даму себептері болуы мүмкін. Компенсаторлық қорғаныс факторларының болуы депривациялық тәуекел деңгейі жоғары және ата-аналық қамқоры нашар жағдайларда жасөспірімдер үшін буфер рөлін атқаруы мүмкін, ал ерте балалық кездегі ата-аналармен немесе қамқоршылармен байланыстың дұрыс болмауы бастапқы және кейінгі құқық бұзушылықтарға себеп болады. Тәуекел факторларының болмауы, бір жағынан, қорғаныс факторларының болуымен, екінші жағынан, жасөспірімдердің қылмыстан алшақ болуының түсіндірмесі ретінде қолданылады. Бұл түсіндірмелердің логикасы бойынша, отбасы кірісінің төмендігіне және ата-ана құқығын бұзуына байланысты стресс (мысалы, етене жақындықтың, жылулықтың және тұрақсыз немесе қатаң тәртіптің жоқ болуы) жасөспірімдер құқық бұзушылығының ықтималдығын арттырады. Бұл пайымдаулар желісі келесідей сұраққа алып келеді: байлықтың «жақсы» тәрбиімен байланысты болуы мүмкін бе және байлар арасынан делинквенттілікті аз күтетініміздің себебі осында ма?

Luthar мен Latendresse (2005) бұл бас қатырғышты американдық мектеп оқушыларын зерттеу кезінде қарастырды. Олар бірінші кезекте бай және жоғары төленетін жұмыс орындарындағы депрессияның жоғары көрсеткіштерін білдіретін дәлелдер туралы хабарлайды, бұл қолдау желілерінің қалыптасуына кедергі келтіруі мүмкін. Кейіннен Luthar мен Latendresse бай ата-аналардың балалары өздерінің ата-аналарының стрестерінен оқшауланған ба немесе басқалар тәрізді ата-аналарының ықтимал қауіпті тәжірибесін сезіне ме деген сұрақ қойды. Олар ата-аналардың қарым-қатынасына және олардың үлкен үміт артуына қызығушылық танытты. Олар екі мектептен орта мектептің алтыншы сынып (11-сынып) оқушылары арасынан қатысушыларды таңдап алды, олардың бірі кірісі төмен қалаға қызмет көрсетсе, басқалары бай қоғамнан болды. Олар психологиялық түзетуді бағалады және қылмыстың өзіндік бағалауын өлшеді, сондай-ақ сыныптағы оқушылар тәртібі бойынша ұстаздардың бағалауын алды.

Олар ата-аналардың етене жақындығы мен психологиялық түзету арасындағы байланыс, сонымен бірге жақындықтың аздығы әлсіздікпен байланысты екенін хабарлады. Ата-аналардың қарым-қатынасымен де өлшенетін, дәл осы әлсіздік тәжірибелік шылым шегу, алкоголь пайдалану және есірткі тұтынумен байланысты болды. Олар тәрбиенің жеті аспектісінің төртеуі екі топ арасында статистикалық айырмашылық бермегенін және кедей отбасылардан шыққан балалар, әдетте, ата-ана сынына және балаларды қадағалауына нашар көзқараста екендігін, алайда олар, шын мәнінде, ата-ана үмітін жақсырақ ақтайтынын анықтады. Олар әлеуметтік-экономикалық алшақтық дұрыс тәрбиелеуде айырмашылық көрсетпейтіндігі туралы қорытындыға келді. Олар өз ата-анасын эмоционалдық тұрғыдан алыс және жат сезінетін бақытсыз балаларды екі топтан да анықтады. Олар өзіне-өзі қол салу туралы хабарламалардағы екі топтың айырмашылықтары туралы айтқан жоқ. Бұл нәтижелер отбасының кірісі емес, етене жақындық сапасы мен тәрбиелеу стилі баланың делинквентті мінез-құлқының болуына негізгі әсер етуші фактор екендігін көрсетеді.

АДАМААР НЕГЕ ҚЫЛМЫС ЖАСАЙАЫ?

Алдыңғы бөлімде өзара әсер етуші факторлардың жиынтығы триггерлер мен механизмдер түрінде байқалды, олар адамдардың неге қылмыс жасағанын түсіндіре алады. Он тоғызыншы ғасыр және беделі түскен конституциялық теориялар қылмыс адамның дене сипаттамасына байланысты деп санады (Hartower, 1998: 16-20). Осылайша, дененің белгілі бір сипаты қылмыспен ұштастырылды, мысалы, кең иықты және денелі адамдар агрессивті және іскер саналды, қылмысты жасау ықтималдығы жоғары деп саналды (9-тараудағы қысқаша талқылауды қараңыз). Hans Eysenck жұмысы осы дәстүрден бастау алады (Hollin, 2007: 89–92; Howitt, 2002: 66-70).

Eysenck теориясының негізі генетикалық ерекшеліктері адамның үйрену қабілетін өзгеше етеді немесе олардың экологиялық стимулдарға байланысын көрсетеді (Eysenck, 1987). Ол беделі түсірілгендерді анықтады және ерекше сезімдерді іздейтін, қызу қанды және импульсивті «экстраверттердің» стимуляциясын іздеді. «Интроверт» асыра бағаланады, сондықтан да сабырлы және өзін-өзі ұстай білуімен ерекшеленеді. Ол тұлғаның тағы екі аспектіні анықтады: «невротизм» (тітіркенгіш, мазасыздық) және «психотизм» (жалғыздықты жақсы көру, басқаларға деген сезімнің болмауы және агрессивтілік). Hollin (2007), Howitt (2002), Eysenck теориясынан туындаған болжамдарды тексеруге арналған зерттеу жұмыстарының көлеміне қарамастан, оның шарттылығы мен әлеуметтенуі арасындағы байланысты дұрыс түсіндіре алмауы (а) және оның қате мәліметтерге негізделуі мүмкін екендігіне (б) байланысты теорияға қатысты сенімсіздіктер пайда болды. Жалпы тұлға түсінігіне қатысты үлкен пікірталастар да орын алып жатты. Eysenck тудырған қызу философиялық пікірталастарға қатысты туындаған сұрақтарға Hollin нүкте қойды: адамның мінез-құлқы қандай да бір әдіспен анықтала ма немесе біз өзіміздің дербес ортамызды қалыптастырушы және түсіндіруші белсенді агенттеріміз бе? Соңғы пайымдауды қабылдағандар Eysenck көзқарасынан түбегейлі бас тартты.

Тұлға бұрынғыша айтарлықтай деңгейде қылмысты түсіндіруде көрініс табады, мысалы, олардың қатарында біз жоғарыда айтып өткен қауіпті және ауыр тұлғалық ауытқулар (ҚЖАТА) бар (5-тарауды қараңыз). Brown және басқалар (2014) еңбегінде тұлға ауытқушылығы диагнозы бар құқық бұзушыларды есепке алу және емдеуге қатысты зерттеушілік әдебиеттерді түсіндіруге арналған талдаулар бар. Белгілі бір сипаттар мінез-құлықтың криминалды жағдайдағы көрінісіне әсер етуі мүмкін болғанымен, оған әсер ететін басқа факторлардың бар екендігін естен шығармауымыз керек.

АДАМААРАЫҢ ҚЫЛМЫС ЖАСАУ СЕБЕПТЕРІН ТҮСІНАІРЕТІН ЖАЛПЫ МОДЕЛЬ БАР МА?

Жоғарыда айтылып кеткендей, Farrington (2004) өзі қылмыстық мінез-құлықтың қарапайым моделі деп атайтын түсінікті таныстырды (6.1-сурет). Ол жеке айырмашылықтар ішінде және арасында талдаулар жасай отырып, маңызды айырмашылықтарды анықтады. Біріншісі – бұл индивидтерді салыстыру, екіншісі – индивидуумның уақыт өте өзгеруі.

Farrington мен оның әріптестері «Делинквентті дамуды Кембриджтік зерттеу» деп аталатын беделді зерттеу жүргізді (Farrington, 2004). Бұл лонгитюдті сауалнама болды, оған алғаш рет сегіз жасында кездесіп, кейіннен 48 жасқа дейін таныс болған 400-ге жуық лондондық ер адам қатысты. Лонгитюдтік зерттеуде топ таңдалады және уақыт өте қадағалап отырады, оларда қандай өзгерістер орын алғандығы бақыланады. Кембридж

зерттеуі көрсеткендей, топтың 41%-ы 50 жасқа дейін қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша сотталған. Құқық бұзушылықтың ерте басталуына себеп болатын тәуекел факторлары:




6.1-сурет. Farrington қарапайым қылмыс моделі (Wiley, Farrington рұқсатымен жаңғыртылды, D.P. (2004) *Criminological psychology in the twenty-first century*, *Criminal Behaviour and Mental Health* 14: 152-66.)

- жеке факторлар (төмен интеллект, төмен үлгерім деңгейі, гипербелсенділік, қызу қандылық, тәуекел, төмен деңгейлі эмпатия, әлеуметке қарсы және агрессивті мінез-құлық);
- отбасылық факторлар (ата-ананың дұрыс қадағаламауы, қатаң тәртіп, күш көрсету, ата-анасының суық көзқарасы, ата-аналардың балаларына қызығушылық танытпауы, қадағалаудың болмауы, ажырасуы, қылмыскер ата-аналар және делинквентті бауырлар мен әпке-қарындастар);
- әлеуметтік-экономикалық фактор (отбасы табысының аз болуы, отбасындағы адамдардың көп болуы, нашар тұрғын үй);
- мектеп факторлары (мектепке бару кезінде көптеген ережені бұзу);
- көрші факторы (қылмыстық деңгейі өте жоғары ауданда тұратындар);
- қатарластар факторы (делинквентті қатарластар, қатарластардың бас тартуы, төменгі деңгейдегі танымалдылық).

Farrington жұмыссыздық мерзімі деген сияқты факторлар, тіпті зорлық-зомбылық қылмысы және есірткі қабылдаумен салыстырғанда материалдық пайданың одан да көп ереже бұзуымен байланысты екенін аңғарған. Оның айтуы бойынша, қатарластар арасындағы әртүрлі айырмашылықтардың белгілі бір уақыт ішінде бір балаға әсер етуін айтады. Оның түсіндіру үлгісінің күші келесіде, үлгінің жоғарғы жағы көптеген қылмыс түрлерінің прекустарының факторларын суреттейді, ал төменгі жақтың жағдайлық факторы түрлі қылмыстарға әртүрлі болып табылады.

David Canter қылмыстар арасындағы айырмашылықты криминалды дифференциаци-

яның иерархиясын ұсыну арқылы түсіндірмек болды (Canter, 2000; Canter және Youngs, 2009: 88-101). Бұл үлгі бойынша (6.2-сурет) жалпы деңгейде қылмыс жасайтын адамдардан қылмыс жасамайтын адамды ажырата аламыз. Осыдан кейін біз қылмыстың кең шеңбердегі кластарын (зорлық-зомбылық, сексуалды, мүліктік) айта аламыз, олар класс ішіндегі қылмыстарға бөлінетін болады (мысалы, мүліктік қылмыс ретінде әдейі өртеу немесе бұзып ұрлау жатады). Дифференциацияның келесі деңгейі қылмыскердің қылмысты жасау әдістерін қарастырады (мысалы, терезені бұзып кіруші сындырып кіруі, ал басқа қылмыскер кіру үшін ашық терезені іздеуі мүмкін). Ең соңғы ерекше деңгей – ол нақты қылмыскерді даралайтын, оның мінезі болып табылатын қолтаңбасы (мысалы, адам өлтіруші құрбанын белгілі бір позада көрсетуі мүмкін).



6.2-сурет. Canter бойынша криминалды дифференциация иерархиясының көрсетілуі

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫҒЫ ӘР ТҮРІН ҚАНАДАЙ НАҚТЫ ҮЛГІЛЕР МЕН ТЕОРИЯЛАР ТҮСІНАІРЕ АЛААДЫ?

ЖЫНЫСТЫҚ ҚЫЛМЫСТАР

Жыныстық қылмыстарды түсіндіруге байланысты бірнеше тәсіл бар. Мотивациялық типологиялар, әдетте, жыныстық қылмыс жасаған қылмыскерлермен клиникалық сұхбат

жасаудың арқасында өнделді. Groth, Burgess және Holstrom (1977) зорлаушылардың бес типін анықтаған болатын, олар: ашуланудың қозуы немесе садизм, кек алу ызасы, билікті толықтай басқару және оппортунистикалық. Prentky және Knight (1991) егжей-тегжейлі таксоманияны ұсынады, онда оппортунист жоғары және төменгі әлеуметтік компетенцияға, ал садистік жасырын және ашық түрдегі деп бөлінеді. Одан бөлек, ашу-ызаның мотивациясына қатысты, басқа да төрт түрді қосты – садистік емес төменгі және жоғары компетенттілік және екі кек алу подтипі – жоғары және төменгі әлеуметтік компетенциялар. Hazelwood және басқалар (1995) зорлаушыларды эгоистік және риясыз деп екіге бөлді.

Және де әйелдерге қатысты жыныстық қылмыстардың типологиясы жасалған болатын. Wijkman et al. (2010) сот протоколдарын пайдаланды, ал Нидерланды орталық прокуратурасында тіркелген құқық бұзушыларды тіркеу келесі төрт подтипті ұсынды: зорлаушылар (мысалы, туыс емес жасөспірімдер қылмысы), жас зорлаушылар (отбасының ер мүшелеріне қатысты зорлау қылмысы), психикалық тұрғыдан жетілмеген қылмыскерлер (психикалық денсаулығының проблемалары бар және бір немесе одан да көп серіктестерді қорлайтын және жәбірленушіні жақтырмайтын адамдар) және пассивті аналар (өз баласын пассивті қабылдау немесе өз баласын қорлау)

Бұл типологиялық тәсілден көріп отырғанымыздай, біріншіден, ол халық арасындағы клиникалық және қылмыстық топтардан жасалған, сондықтан, ол көптеген патологиясы бар жәбірлеушілерді қамтыған жоқ және ешқашан ұсталмаған қылмыскерлер деп есептелмеді. Түсініктер әртүрлі пайдаланылады, сондықтан оларды біріктіру қиын. Одан бөлек, типологиялар қылмыскерлер әлі күнге дейін бір типпен анықталады деп ойлайды (бірақ олар бірнеше типтерге қатысты мінез-құлықты көрсетеді) және олардың ойынша қылмыскерлер уақыт өткен сайын тұрақты және қиылысу феноменін болдыртпайды деп санайды (мысалы, қылмыскер баладан ересек құрбанға немесе ұл баладан қыз балаға ауысқан кезде)

Тематикалық тәсілдің басқа ұқсас нұсқасын жасау әрекеті болған болатын. David Canter және оның әріптестерінің жұмысында құқық бұзушылыққа байланысты мінез-құлық тақырыбы анықталған, мысалы Canter және Heritage (1990): жақындасу, зорлық, тұлғасыздық, қылмыстық және жыныстықты зорлық көрсетудің бес тақырыбын суреттейтін мінез ретінде алған. Бұл тәсілді қылмыскер белгілі бір тақырыпқа байланысты зорлық жасау кезінде пайдаланған. Бұл болжау гомология принципі негізінде құралған (Mokros және Alison, 2002), онда құқық бұзушылар типі мен мінез-құлық типі арасындағы ұқсастықтар айтылады.

Бұл теория құқық бұзушылармен сұхбатқа негізделген және ол қылмысқа барудың жолдарын қарастырады, Tony Ward және оның әріптестері ұсынған болатын, мысалы (Ward және басқалар, 1995). Олар баланы қорлаудың әртүрлі кезеңдерін ұсынады:

- Өмір сүрудің фондық факторлары, ересектермен қарым-қатынастың сапасы, шешілмеген балалық уайымдар.
- Құрбанмен дистальды байланысты жоспарлау, ол нақты және нақты емес, кездейсоқ жоспарлау.
- Жанжалсыз байланыстар, мысалы балалардың ойын-сауық қызметіне араласу.
- Когнитивті өзгертулер, қылмыскер кері эмоцияларды сезінгенде, мысалы кінә сезімі және жағымды эмоциялар, жыныстық қозудың жоғары деңгейі.
- Проксималды жоспарлау, онда басты назар өзіне немесе өзінің қанағат сезіміне назар аударылады.

- Мазасыз әрекеттер арқылы интенсивті, қысқа және ұзақ уақытты шабуыл.
- Когнитивті реструктуризацияны бұзу, кінә сезімін, жиірену және эмоционалды күйзелістерден тұрады.
- Алдағы уақытта балағаттау немесе балағаттамауды шешу.
- Жоғары да айтылған екі өмір сүру салты әсер ететін кезеңдерді қабылдау және түсіну.

Ward және басқалар екі негізгі жолды көрсетеді: оң аффект және теріс аффект. Біріншісі жағымды эмоция, нақты жоспарлау, когнитивті бұрмалау, девиантты жыныстық қозу, өзара қанағаттандыру қажеттілігін жасау және салыстырмалы төмен интенсивтіліктің ұзақ уақыт бойы бұзылуы деген сияқтылардан тұрады. Соңғысы теріс эмоциялардан, имплицитті жоспарлаудан, алкоголь қабылдаудан, өз қажеттіліктерін қанағаттандырудан, қысқа мерзімді және интенсивті бұзылыстан тұрады.

Polaschek және басқалар (2001) кәметке толған әйелдерге қатысты зорлаудың осы тәсілін жасады. Олар фазалар мен жолдарды атап көрсетті:

- Бастау, қылмыскердің өмір сүру салты, жағдайлар және қылмысты жасауға дейінгі көңіл-күйі (позитивті, ренжіген, көңілсіз).
- Басты мақсаттарды анықтау (жыныстық қанағаттануды бастан кешіру немесе өзіне залал келтіру шабуылды жасауға себеп болған көңіл-күй функциясы).
- Тікелей немесе жанама болатын тәсіл.
- Бағалау және жоспарлаудан тұратын дайындық.
- Балағаттау.
- Зорлауға қатысты болатын қылмысты жасау постстратегиясы, мінез-құлықты нормалау және пост-рационализация деген сияқты.

Бұл зерттеуде өз көңіл-күйін жақсарту мақсатында жыныстық қанағаттануға талпыну, сонымен қатар жыныстық қанағаттану арқылы жаман эмоциялардан қашу және өзіне залал келтіру сипатталады.

Gannon жыныстық қылмыс жасаған 22 әйелдің әңгімесін негізге ала отырып, жыныстық зорлаудың сипаттық үлгісін алуға арналған тәсілді қолданды (Gannon және басқалар, 2013). Оның үлгісінде бірнеше мінез-құлықтық, когнитивті, аффективті және контекстуалды факторларды атайды, олар әйелді жыныстық тұрғыдан балағаттауға алып келеді.

- Нақты тәсіл – мотивтері аралас болған құқық бұзушылар (жыныстық қанағаттану, жақындасу, кек алу), құрбаны ретінде ересектерді де және балаларды да таңдаған, олар қылмысты алдын ала жоспарлап және белгілі бір деңгейде құмарын қандырғандар.
- Ер адамдар тарапынан қорланған және қорыққанынан қорланған немесе қорлаған адаммен жақындасқысы келген тікелей-қашушы құқық бұзушылар.
- Құқық бұзу кезінде оң немесе теріс аффектіде болған, шырқы бұзылған, импульсивті, нақты жоспары болмаған және қорлау үшін әртүрлі мотивтері болған келіспеген-шырқы бұзылған құқық бұзушылар.

6.1-қосымша. Theresa Gannon жыныстық қылмыс жасаған әйелдер туралы теорияландыру жайлы

Маған жыныстық түрде балағаттауға ұшыраған әйелді емдеудің жоспарын жасап беруімді өтінген сәтте, өзімнің білім деңгейімді ғана емес, жалпы сот психологиясының шекарасын түсіне алдым. Мен аңғал көңілмен әйелдердегі жыныстық қылмыстардың

ешқандай түсіндірмесі жоқ екенін түсіну үшін өз жұмысымның негізінде жатқан жан-жақты теорияны іздеуге кірістім. Шындығында, жалғыз қолжетімді теориялар жыныстық қылмыс жасаған ер адамдарға арналып шығарылған еді. Мен тез арада гендерлік аспектілерді есепке алатын бағалау мен емдеу пакетін даярлап шығу мүмкіндігімді байқау үшін өзімнің әйелдер туралы білетінімді және жыныстық балағаттау туралы ақпараттарымды араластырып, салыстыруым қажет екендігін түсіндім. Бұл оңай тапсырма емес еді. Өткен кездерімді еске түсіре отырып, жыныстық қылмыс жасаған әйелдер туралы көбірек ақпарат болса, қазір жасап шығарған пакетті одан ары дамытуға жол ашылатынын түсіндім.

Теориялық модельдер емдеуді бағалау және жоспарлау үрдісін басқару үшін қажет. Ер адамдардың жыныстық балағаттауы сияқты жақсы дамыған облыстарда жетекші теорияларды зерттеулер мен емдеулерді жүргізу, басқару, қолдау мақсатында қолдануға болады. Алайда, әйел адамдардың жыныстық балағаттауы сияқты жаңа, дамып келе жатқан облыстарда тек минималды ақпараттар ғана қолжетімді. Мен жыныстық қылмыс жасаған әйел адамдармен жұмыс істеген және оларды зерттеп үйренген адаммын, сондықтан, бұл әйел адамдар өздерінің жыныстық серіктестері болып табылатын ер адамдарға ұқсайды деп айта алмаймын. Әйелдердің өздерінің жыныстық қылмыстары туралы айтқан әңгімелерін қолдана отырып, әйелдердің жыныстық қылмысын түсіндіру мақсатында теорияға қызығушылық таныттым. Біз әйелдердің жыныстық қылмыстарын теориялауды одан ары дамытқанын қаласақ, әйелдердің өздері не айтатынына назар аударуымыз қажет.

Proulx (2014b: 33) енжар және белсенді қашу, автоматты және айқын бағыт ретінде классификацияланатын әртүрлі кезеңдер мен жолдарды қайта жасақтап, жыныстық қылмыскерлердің өзін-өзі реттеуі мен рецидив идеяларын қамтитын Ward және оның әріптестерінің кейінгі зерттеулерін сипаттап өтеді. Бұл жолдар жасөспірім балалардың (Bickley және Beech, 2002), жасөспірім балалар мен зорлаушылардың (Keeling және басқалар, 2006), оқу мүмкіндігі шектеулігі жыныстық агрессорлардың (Lindsay және басқалар, 2008) таңдау тобында бағаланды. Олар ұжымдық түрде әдіс жолдары ең жоғары мүмкіндікке ие екендігін анықтады. «Автоматтық» қылмыскер жүйеленбеген өмір салтын жиі ұстанады, психобелсенді заттарды шектен тыс қолданады, тұрақсыз қарым-қатынастарға ие болып, әйелдерге жағымсыз көзқараспен қарайды. Жақындап келе жатқан қылмыскер құқық бұзушылықтар тарихын жасақтап, мүмкіндік болған сәтте іске қосылатын «зорлау сценарийін» жасайды. Ол зорлау мақсатында күш қолданады. «Анық» қылмыскер жыныстық ауытқу айналасында жүретін, порнографияны қолдануды қамтитын өмір салтын ұстанады және шабуыл жасауды мұқият жоспарлаумен айналысады. Бұл қылмыскер үшін шабуыл – өзінің эмоционалды қажеттілігін қанағаттандыру тәсілі.

Үлгілерді бағалау үшін басқада тұжырымдамалармен іштей келісімде болуы керек, мысалы Pithers-тің рецидивтердің алдын алу үлгісі (РААҰ) (Proulx, 2014a). Ол бар тұжырымдамалардың шеңберін кеңейтеді. Ол бірнеше түсініктерді біріктіреді, бұл, әрине, бірнеше зерттеулерде маңызды болып табылады. Таңдаудың көлемі, әдетте үлкен емес және бағыттардың типологияға қатысты қиындықтары бар, себебі олар бір нақты бағытта болуы тиіс және қылмыскер барлық сипаттауларға сәйкес болуы қажет. Бұл бірнеше ерекшеліктері және жолдары бар қылмыскерлерді топтастыру кезінде қиындық тудырады.

Жыныстық қылмыстарды болжау тәуекелділік факторы болған соң болжанды, мысалы Thornton (2002) тәуекелдің төрт динамикалық факторын айтады: жыныстық қы-


зығушылықтар, қорлау қатынасы, әлеуметтік-әффектілі қиындықтар және өзін-өзі басқару қиындықтары. Бұл тәсіл тәуекелді бағалайтын құралдардың нақтылығына байланысты және ешқандай қиындықсыз болады, ол туралы 10-тарауда баяндалады.

Бірнеше факторларды біріктіретін жалпылай теориялар бар (мысалы, Beech және Ward, 2004). Олар, биология (мысалы, генетикалық мұрагерлік және мидың дамуы), экология (әлеуметтік, мәдени және жеке жағдайлар) және неврологиялық (мотивация, эмоционалдылық, таным, ес) клиникалық проблемаларды жасау үшін байланыста болады, девиантты қозу және фантазия, әлеуметтік және жеке қиындықтар. Жыныстық мінез-құлықтың бұзылуы проблемалық мінездің төмендеуіне алып келеді, сондықтан қылмыскерді ұстау қиындайды.


ЗОРЛАУ ҚЫЛМЫСЫ

Blackburn (1993: 210) зорлауды «дене жарақаттарын күшпен салу» деп анықтайды және қылмыстық кісі өлтіру, шабуыл, тонау, зордау және басқа да жыныстық шабуылдар деп қабылдайды. Ол агрессияны концептуалдайды, яғни әдейі зақым келтіру, психологиялық жарақат және жайсыздық деп қабылдайды. Зорлау әдетте әдейі жасау тұрғысынан қарастырылады, яғни қылмыскерден қашатын адамға зиян келтіру мақсатында жасалады.

Англия және Уэльстегі қылмыстық деректерді шолудан алынған мәліметтерге сәйкес, Англия және Уэльсте 2012-2013 жылдары 1,9 миллион зорлық-зомбылық жасау фактісі тіркелген. Қылмыстың статистикасына сай зорлау қылмыстары соңғы бес жылда 13%-ға қысқарған. 7,1% әйел және 4,4% ер адам үй зорлауында болды деп айтқан, ол 1,2 млн. әйел адам және 700 ер адам.



6.3-сурет. Англия мен Уэльстегі құқық бұзушылықтың үрдістері (мың. адам), 1981-2013 жылдар (Дереккөз: CSEW)



6.4-сурет. Англия мен Уэльсте тіркелген кісі өлтіру фактілері, 1973-2013 жылдар (Дереккөз: Home Office Homicide Index)

Полиция бөлімінде тіркелген адам өлтіру фактісі 1961 жылдан 2002-2003 жылдарға дейін өскен, бірақ сол жылдардан кейін оның төмендеу тенденциясы байқалады. Адам өлтірудің шарықтау шегі 172 адам өлтірген Harold Shipman-мен байланысты, ол ұзақ мерзім ішінде болған, оның қылмысы 2002-2003 жылдары Dame Janet Smith-тің тергеу жұмыстары кезінде анықталды. 2012-2013 жылдар 551 адам өлтіру фактісі тіркелген, ол 2011-2012 жылдармен салыстырғанда 20 есеге көп, бірақ 1989 жылдан бері кез келген жылмен салыстырғанда аз. 6.4-суретте Англия мен Уэльстегі 1961-2013 жылдар аралығында полиция қызметкерлерімен тіркелген қылмыстардың саны көрсетілген. Онда қылмыс құрбандарының үштен екісі ер адамдар болған, ал құрбан әйелдердің 45%-ын көңілдесі немесе бұрынғы көңілдесі өлтірген.

Кісі өлтіру мен шабуыл әртүрлі теориялық позицияда қарастырылады, қорлауды түсіндіре алатын бір нақты теория жоқ (Rosenfeld, 2008). Теориялық түсіндірулер бір-бірінен көзқарастар және жасалған талдаулармен ерекшеленеді.

Агрессияның биологиялық теориясы сынға түседі, себебі зұлмат зорлық-зомбылық құрал қолдану арқылы болады және оны жасау үшін ешқандай физиологиялық механизмдерді талап етпейді; басқаша айтқанда, әдейі зорлау белгілі бір мақсатқа күшпен жету болып табылады, ол автоматты рефлекс емес. Зорлаудың көптеген түрлері бар, оны биологиялық теория түсіндіре алмайды. Мысалы, әртүрлі әлеуметтік жағдайда біз өзімізді қолға алуға тырысамыз және агрессияны басқаруды қолданамыз, мысалы спорт алаңында. Бірақ хромосомдық аномалия (яғни ХҮҮ синдромы, онда ер хромосома-сының Y қосымшасы бар), зорлау қылмыстарында қатысқан, бірақ бұл - біріктіру, яғни басқа да факторлармен біріктіру, ол аномалиямен байланысты, мысалы ақыл-ойдың орташадан төмен болуы, осыларды тудыратын әлеуметтік реакция (Narrower, 1998: 18). Серотонин, нейротрасмиттердің жетіспеуі, ол әдетте көңіл-күйді реттейді, агрессиялық

мінездің болуына себепкер. Осы мен агрессия деңгейі арасында қандай да бір себептік байланыс табылмады, соның нәтижесінде Krakowski (2003) мынадай тұжырымға келді: серотонинергиялық дисфункция агрессияға импульстік басқаруға байланысты әртүрлі әсер етеді, одан бөлек эмоционалды регуляция және адамның әлеуметтік қасиеттері.

Howitt (2002) келесі Curtis гипотезасына назар аударады: «зорлық зорлықты тудырады», әлеуметтік зорлық ортасы мықты жастар мен ересектерді қалыптастырады. Қиянат ету циклі (Walker, 1977) әртүрлі кезеңдерді суреттейді:

- 1-фаза – қарбаластықтың артуы ер адам ашушаң және фрустрацияға теріс көзқараста болып, өз әйеліне тіл тигізеді, кейін тез кешірім сұрайды және қайтадан тілалғыш болады.
- 2-фаза – Қарбаластылықты енгізу, жаман соққыға алған соң болады; Әйелдер көбінесе кешіріммен қарайды немесе өз ер адамын ақтап алатын себеп іздейді, және кінәні өзіне алады.
- 3-фаза – Жақсы көретін ер адамның өкінуі, ол әйел күткен ер адамға айналады.

Бұл соңғы кезең әйелдер неге қиын қарым-қатынастарды қалайды деген сұраққа жауап береді. Бірақ, кейін қорлауды жасау мен зорлау ортасына әсер ету арасында байланыс барын, себептік механизмдерді анықтау кезінде қиындықтар туындайтынын айта кеткен жөн: зерттеулер жанама бақылауды болжамайды, зерттеу ретроспективті болып табылады, зорлау дегеніміз не екенін және оны анықтау өте қиын болып табылады.

Оқыту және әлеуметтік таным теориясы адам агрессиясы өзінің мақсатына жетіп, табысты көрсеткен жағдайда агрессия болашақта тағы да қайталануы ықтимал деп болжайды. Бандура (1977) бақылау арқылы оқытуды насихаттайтын ең толық теорияны ұсынды. Бұл қылмысқа қатысты әлеуметтік білім беру тәсілі балалардың отбасында болып жатқан жағдайларды, олар өсіп жатқан ортада және бұқаралық ақпарат құралдарынан байқауды үйренуін болжайды. Содан кейін марапаттаудың жетістігі ретінде қарастырылатын про немесе антиәлеуметтік жағдай болса да мінез-құлқы қайталады. Адамдар өзі жеткісі келетін нәрсені дамытады деп айтылады және эмоционалды қозу кезінде олар агрессиялық болмаса да өз мінез-құлқы репертуарында бар жауаптарды шығарады. (Blackburn, 1993: 22). Howitt (2002) оқу теориясын бағалай отырып, ренішті түсіндіру үшін бақылау жеткіліксіз деп есептейді, себебі мінез мақсат-бағдарлы және ол оппортунистикалық қылмыстарды түсіндіре алмайды. Одан бөлек, әлеуметтік оқытудың теориясы патологиялық тіл тигізуді және оқытумен байланысты жағдайлық фактор мен әрекеттерді түсіндіре алмайды.

Тіл тигізу арқылы қорлаудың басты себебі ретінде ашу айтылады (Howells, 2004). Ашу қандай рөл ойнайды деген әртүрлі теориялар бар және ол келесідей сипатталады:

- ашуды келтіретін жағдайды болдыру;
- кірбің туғызатын жағдайды бағалау кезіндегі когнитивті қате түсініктер;
- вегетативті жүйке жүйесінің физиологиялық белсенділігі;
- ашу сезімінің субъективті тәжірбиесі;
- өзін-өзі реттеудің әлсіз стратегиялары

Blackburn (1993: 222) ашу туғызатын келесі шарттарды бекітеді, ашуды басқарудың өнегелік деңгейі бар, бірақ ол теория тұрғысынан көрінбейді. Одан бөлек, бағалау механизмінің өзі айқын емес.

Howitt (2002: 108) айтқандай, кісі өлтіруді түсіндірудің оңай әдісі жоқ, бірақ кісі өлтіру – аберрация, себебі біздің көбіміз адам өлтірмейміз, бұл агрессивті психикалық аурумен ауырмайтын адамдардың көбісін шетте қалдырады.


Типологиялық әдіс тіл тигізу арқылы қорлауға қатысты алынған, мысалы, Blackburn (1971), ол мынадай төрт типті ұсынды: параноидтты-агрессивті, депрессивті, психопатиялық және репрессивті тыс басқарылатын. Мұндай сынды бұл бағытпен салыстыруға болады, яғни толық теориялар жоғарыда көрсетілген жыныстық қылмыскерлердің типологиясы сияқты сұраққа толық жауап бере алады. Gresswell және Hollin (1994) былай деп тұжырымдайды, зорлау қылмысында үш кезең бар:

- итермелеуші факторлар (дисфункциялық жақындық, жарақат тәжірибесі, фантазия икемді бейімділік ретінде,)
- қолдау факторы (агрессивті импульсті басу қиындықтары, агрессивті эпизодтарды марапаттау тәжірибесі)
- жағдайлық және триггерлі факторлар (стрестік жағдайлар, қарым-қатынас және қаражат қиындықтары)

Гендерлік дифференциация зорлаудың теориялық есептерінде жиі кездеседі. Осылайша, Thompson және Ricard радикалды феменистік перспективаны ұсынады, сериялық кісі өлтірудегі әйелдің рөлін түсіндіру, мысал ретінде Martha Beck, Muga Hindley және Karla Homolka-ны алады. Олар билеп төстеуші қарым-қатынас және өздерінің әртүрлі шеңберінде жақындастыққа ұмтылады. Қолында билігі жоқ әйелдер, басқа ресурстар болмаған жағдайда да қарсы төтеп бере алады және өзінің жолдасын қинап басқарады.

ТОНАУ

Агрессивті қастандықтардың негізгі мотивтері ақша алу немесе заңсыз тауар алу және басқа қылмыстардан тұрады, мысалы, алдау, басып кіріп тонау, бопсалау және ұрлау (Canter және Youngs, 2009: 256). Пайда алу мақсатындағы қылмыста төмен түспейтін үрдіс бар, оны CSEW алған мәліметтерден көруге болады (6.5-сурет)



6.5-сурет. Пайда алу мақсатындағы қылмыстардың таралу үрдісі, 1981-2012/13 жылдар (Дереккөз: CSEW)

Мұнда да типологиялық әдіс қолданылған. Мысалы, Scarr (1973) бұзып кірушілердің тәжірибесін қарастырған, оларды кәсіби және әуесқой деп бөлген. Басып кіру арқылы үйді тонау мотиві ретінде басты себеп – ақша, бірақ бұл басқа қажеттіліктерден туатын нәрсе, өмір салтын қаражаттандыру, алкоголь немесе есірткіге деген тәуелділік. Butler (1994) зерттеу жүргізді, ол 15 коммерциялық тонаушылармен сұхбат жүргізді. Мұнда да басты мотив ақша болған, оның артында жұмыссыздық, құмарлық, қылмыскер ішімдік ішіп алған, кейбіреу мүлде билік пен кек алу үшін жасаған.

Күнделікті қызмет пен рационалды таңдау теориясы (Clarke және Felson, 1993) пайда алу мақсатындағы қылмысты есептеу кезінде қолданылды. Соңғысы былай деп есептейді, қылмыскерлер өзінің қылмыстық мінезінен артықшылық іздейді, олар бірнеше нұсқалардан белсенді түрде біреуін таңдайды. Айналадағы ортасы оның қылмыс жасауына мүмкіндік беруі мүмкін, мысалы автокөлік есігінің ашық болуы, бірінші қабатта терезенің ашық болуы. Қылмыскер кірудің оңайлығына байланысты рационалды есеп жасайды. Nee және Taylor (1988, 2000) бұзып кірушілерге қатысты бірнеше зерттеулер жасаған, олар карта және фотографиямен тұрғын ортаны имитациялады. Олар бір нәрсені аңғарған, қылмыскерлер нысанды таңдау барысында алдыңғы үйрену кезіндегі дағдыларға сүйенеді, ұрлықшылар осылайша бірнеше уақыт бойы тәжірибе жинап алады.

Күнделікті қызмет теориясы (Cohen және Felson, 1979) мынаны ұсынады, отбасы және үй жұмыстары азайған кезде, үйден тыс белсенділік артады, өз кезегінде бұл қылмыстық мүмкіндікті ашады. Қылмыскерлер адамдар үй сыртынан тыс басқа жұмыс жасап жүрген кезде қылмыс жасайды немесе қылмыс жасау мүмкіндігін көреді (мысалы, дүкенге бару немесе сөйлесу). Одан бөлек, Cohen және Felson былай деп тұжырымдады: қабілетті қамқоршылардың болмауы, дезингибатор сияқты жұмыс атқарады, ол қылмыс жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, қарапайым маршрутпен үй іздеп жүрген тонаушы жалғыз және әлсіз әйелмен кездесуі мүмкін, әйел ішімдік ішіп алған (жыныстық қатынас болуы мүмкін), тыныш ауданда (оларды басқалардың көруі екіталай) және қылмыскер марапаттау (жынысы) мен оның бағасын (ұсталып қалу мүмкіндігі) саралайды. Fritzon және Watts (2003: 235) бұл әдісті сынға ала отырып, қылмыстық әрекетті өзінше түсіндіреді және теорияның бұл қылмыстың өсу деңгейін адекватты түсіндіру үшін ұялы телефондарды тонау (Farrekk телефондық тест идеясы) мысалын келтіреді. Жоғарыда айтылған мысалдарға байланысты қылмыскердің жасайтын сценарийлерінің басқа да нұсқалары бар: ол әйелге қарамауы немесе үйіне дейін жеткізіп салуды ұсынуы мүмкін. Күнделікті қызмет пен рационалды таңдау теориясы қылмыскердің зорлайтын адамын таңдау жағдайын толық түсіндіре алмайды. Мұнда басқа бір мотив қосылуы мүмкін және ол осы жағдайға байланысты болуы да мүмкін, әрине, бұл жағдайда барлық ер адамдар зорлауға бармайды.


Рационалды таңдау және күнделікті тіршілік екеуі біріге отырып, жағдай индивидтің әрекеттерін туындататынын көрсетеді, сондықтан, бұл теория қылмысты тоқтату бастамаларында қолданылды, себебі, табиғи немесе есептелген түрде жүзеге асатын күрделі мақсаттық бақылаулар мен бекітулер арқылы қолжетімділік деңгейін қиындату талпыныстары жүзеге асырылады (мысалы, әуежайдағы тінтулер).

Осылайша, рационалды таңдау теориясы қылмысты ситуациялық жағдайда күшейту үшін сәтті қолданылды, бірақ қылмыскер кім бола алады және ашкөздік мақсатындағы қылмыспен байланысты нақты патологияны айту қиын (Pease, 2001; Rock, 2012). Рационалды таңдау теориясы және күнделікті қызмет географиялық профильдеуде, яғни тұрғын белгілі бір ауданда тұруын және солармен байланысты әлеуметтік ұйымдастықты іздеуде жақсы қолданылады (Rossmo, 1999).

ҚЫЛМЫСТАҒЫ ЖІГЕРЛІК ЖӘНЕ БАТЫЛАЫҚ ҚАЛАЙ ТҮСІНАІРІЛЕАІ?

Қылмыстық әділеттіліктің қатып қалған феномені ол қылмыстық жас ерекшелік кисығы болып табылады (Moffitt, 1993). Бұл дегеніміз – құқық бұзушылықтың кездесу жиілігі және таралу көрсеткіші жасөспірімдік кезеңде ең көп болады және ша-

рықтау шегі 17 жас шамасында болып, жас кезінде басылады. Құқық бұзушылардың көбі жасөспірімдер, 20-жылдардың басында қылмыстың деңгейі 50 пайызға түсіп кетті, 25 жастарында адамдар құқық бұзудан сақтанады (Farrington, 1986). Moffitt-тің (1993: 675) айтуынша, қылмыс пен жас ерекшелігі арасындағы осы байланыс ер және әйел адамдар арасында орын алады, яғни бұл батыс елдерінің көпшілігіне тән болып келеді. Мәліметтердің азаюы суреттемесі ретінде Қылмыс және әділеттілік мәселесі бойынша Шотланд шолуын ұсынамыз (6.6-сурет).



6.6-сурет. Қылмыстың жас ерекшелік қисығы (Шотланд қылмыстары бойынша мәліметтер, 2010/11)

Moffitt өз теориясында кәмілетке толмаған және өмір бойында тұрақты құқық бұзушылардың екі түрін көрсетеді. Алғашқылары, әдетте, жасөспірімдіктің ерте шағынан кейінгі мерзіміне дейін көрініс табады. Соңғылары қылмыстарды анағұрлым ерте бастайды және ересек өмірде қайтпастық танытады. Moffitt мынадай болжам ұсынады (679): «Бұл екі топ этиологиясы, даму үдерісі, болжам және ең бастысы, олардың мінез-құлығын классификациялау бойынша ершеленеді». Ол өмір бойында тұрақты құқық бұзушысы 4 жас шамасынан бастап тістелеу мен ұру, 10 жас кезеңінде дүкенді тонау және кезбелік, 16 жасында есірткіге салыну және көліктерді ұрлау, 22 жасында тонау мен жыныстық қылмыстар және 30 жасында алаяқтық және балаларға қатыгездік таныту сияқты әлеуметке қарсы мінез-құлық танытады деп болжайды. Ол ерте қоғамға қарсы мінез-құлықта неврологиялық жетіспеушілік рөл ойнауы мүмкін деп жорамалдайды. Осылайша, сөйлеудегі жетіспеушілік қабілетті тыңдауға және оқуға, мәселелерді шешуге, мәнерлі сөйлеу мен жазуға әсер етуі мүмкін. Ары қарай ол неврологиялық мәселелері бар балаларды қолдайтын ортада туылмағандықтан оның криминогендік ортамен өзара әрекеттестігі бар екендігі болжанады. Ол «тәрбиелеудің қолайсыз контекстімен осал және қиын баланы сәйкестендіру әлеуметке қарсы мінез-құлықты өмір салтына басшылық етеді» деп нақтылайды (682). Бұл мәселелер индивидуумның соңынан еріп, тұрақсыз еңбек өмірі және шектелген мінез-құлықтық репертуар түрінде көрініс табуы мүмкін. Нашар өзін-өзі қадағалау, импульсивтілік және қанағаттануды кейінге қалдыруға қабілетсіздік сияқты тұлғалық сипаттамалар ұдайы бұзылыстардың тәуекелін арттырады.

Жасөспірімдік шақпен шектелген қылмыскер едәуір сирек кездесетін өмірлік құқық

бұзушыға қарағанда кең таралған. Бұл шектелген құқық бұзушыларда олардың барлық жағдайлардағы қоғамға қарсы мінез-құлқында бірізділік жетіспейді. Олар есірткімен тәжірибе жасап немесе достарымен дүкен тонаса да, олар көбірек проәлеуметтік іс-әрекет едәуір пайдалы болған кездерде, мектеп ережелеріне бағынады және қорлаушы мінез-құлықтан бас тартады. Moffitt жасөспірімдік өзіндік сананың жетілмегендігінің және әлеуметтік мимика үдерісінің үйлесімі қысқа уақыттық деликвенттіліктің дамуын қамтамасыз етеді деген болжам ұсынады. Даму шарасыз алға басқан сайын, Moffitt жасөспірімдік шақпен шектелген қылмыскер мотивацияның жоғалуын сезінеді деп жорамалдайды, мысалы, қамауға алу туралы жазба оның жұмысын және саяхаттау мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін. Өмірді өзгертетін басқа, неке, қылмыскерлікпен байланысты көршілерден кету немесе тұрақты жұмысқа орналасу сияқты жағдайлар қарсыласудың ықтималдығын жоғарылатуы мүмкін. Проәлеуметтік мінез-құлық дамуға мүмкіндік алған ерте өмірмен қатар, бұл факторлар, сонымен бірге кейбір негізгі (немесе ілгері дамыған) академиялық дағдылар және психикалық денсаулық мәселелерінің азырақ ықтималдығы қылмыскерлерге өздерінің қоғамға қарсы мінез-құлықтарын тоқтатуға мүмкіндік береді.

Moffitt типтеріне берілген сын-пікірлер тек екі ұшты қолдауға ие болды. Ezell және Cohen (2005) қылмыскерлік үлгілерін қарастырды және табанды құқық бұзушылардың Moffitt болжаған емес, алты әртүрлі типтерін анықтады. Ezell және Cohen зерттеуі реніштері олардың ересектігімен байланысты адамдардың тобы бар деген Moffitt-тің болжамын дәлелдегенімен, олар Moffitt (259) бағытының «эмпирикалық күтімдерін дәлелдей алмадық» деген қорытындыға келді.

«Криминалды мансап» ұғымы қылмыстардың басталуы мен аяқталуын немесе созылмалылығын сипаттау үшін қолданылды (Blumstein және басқалар, 1985). Қарсыласу құқық бұзушылардың көпшілігі үшін нормативтік болып табылады және кез келген уақытта орын алуы мүмкін, дегенмен ол әр жас кезеңінде әртүрлі факторлармен байланысты болуы ықтимал. Laub және Sampson (2001) шектеулерді түсіндіру үшін бірнеше концепцияларды қолданады: сергіткіш өмірлік үдерістер бар «қайталау нүктелері»; қылмыскер өзінің қылмыстық ортасынан бөлектенетін «шығу нүктесі»; құрылымданған рөлдің тұрақтылығы, күнделікті әрекеттердің тұрақтылығы және Moffitt жоғарыда көрсеткендей, кейбір сәттерді бейнелейтін мәнді әрекетке араласу. Тұрақты жұмысқа орналасу және некеге тұру осы үш үдерісті қабылдау үшін мүмкіндіктер туындатады. Олар әлеуметтік қатынастарды, қолдауды және жағымды эмоциялық жақындықты қамтамасыз етеді, сонымен қатар әлеуметтік міндеттемелерді енгізеді, олар өмірді күнделікті қайталанатындай жасауға және құрылымдауға көмектеседі.

Gottfredson және Hirschi (1990) қылмыскерлік өзін-өзі қадағалаумен және ерте балалық тәжірибемен анықталады, сол себепті неке, балаларды тәрбиелеу және жұмысбастылық сияқты мәнді өмірлік оқиғалар қылмыскерлік үшін үлкен мәнге ие болмауы керек деп тұжырымдайды. Одан бөлек, олардың айтуынша, қылмыскерлік бүкіл өмір бойында салыстырмалы түрде тұрақты болып қалатындықтан, қылмыстарды жасау жиілігі кеми бастайды. Осылайша, құқық бұзушылықтардың қысқаруы мүмкіндіктер құрылымдарындағы өзгерістерді бейнелейді. Бұған қарсы тұру үшін Farrall және Bowling (1999) бұл мәнді болып табылатын үйлену немесе жұмысқа орналасу емес, бұл құқық бұзушы үшін нені білдіреді және осындай өзгерістер өз өмірін өзгерту үшін жеткілікті ме және ол үшін мүмкіндік болып табылады ма деп айтады.

ОҢАЛТУАЫҢ НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛАРЫ ҚАНДАЙ?

Құқық бұзушыларды оңалту сот психологиясының қызығушылығын туындататын орталық іс-әрекет болып табылады. McGuire (2010) оңалту кең мағынаға ие деп ұсынады, себебі ол қоныс аудару, қалпына келтіру және Отанына қайтару сияқты идеялармен байланысты, сонымен қатар абақтыден босатылған қылмыскерге қайтадан қоғам мүшесі болуға мүмкіндік беру үшін өтпелі үдерістерді қолдайды. Анағұрлым тар мағынасында оңалту қайтадан жасалатын қылмыстардың санын қысқартуды білдіретін болды. Алдыңғы тарауда біз саясаттың «жаңа жазалауға» жылжуын талқыладық, ол «ештеңе жұмыс жасамайды» доктринасымен қосылып, едәуір кең мағынасындағы оңалтудың мәнінің төмендегенін көрді. Дегенмен де, «қандай жұмыстар» қозғалысы оңалтудың кейбір қызықты талпыныстарын жасаған (Ward және Maguna, 2007: 9), оның нәтижесінде «Не көмектеседі» атты доктрина пайда болды.

Төменде әртүрлі бағыттарды салыстыру үшін оңалтудың екі теориясы келтірілген. Олар Тәуекел-қажеттілік-реакциясы (ТҚР) және Жақсы өмір моделі (ЖӨМ) теориялары. Олардың екеуі де кең таралған және ғылыми әдебиеттерде осы екі бағыттың салыстырмалы артықшылықтары туралы қызу пікірталастар болды (мысалы, Andrews және басқалары, 2011; Ward және басқалар, 2012; Wormith және басқалар, 2012). Сынға рецензияланатын журналдар негізінде жауап беру арқылы бұл алмасулар теориялардың қалай дамидынығының және нақтыланатындығының мысалы қызметін атқарады.

Ward және Maguna (2007) ТҚР және ЖӨМ-нің шығу тегі, мақсаттары және жағымды терапиялары туралы айқын және түсінікті есеп береді, олар 6.1-кестеде жинақталған. Сонымен қатар, олар екі теорияны осы тарауда бұрынырақ берілген критерийлерге қарсы бағалайды.

Жақын уақытқа дейін оңалту саласында ТҚР (Andrews және Bonta, 2010) бағыты тәуекелді бағалауға және болжауға, оны қысқарту мен басқаруға баса назар аударып, үстемдік етті. Жалпы мақсат әлеумет үшін зиянды азайту мақсатында қайта құқық бұзушылық жасау ықтималдығы едәуір жоғары тұлғалардың динамикалық тәуекел факторларын көздеуде болып отыр. Ward және Maguna (2007: 104) ТҚР «мәнді жетістік болып табылады» және оны бүкіл әлемдегі түзейтін қызметтердің пайдалануы рецидивизм деңгейінің төмендеуіне және әлеуметтің қауіпсіздігінің жоғарылауына алып келді деп қорытады. Wormith және басқалар (2011: 114) ТҚР-да қолдау ретінде «нақты мәліметтердің кең жинақталуын» көрсетеді, ол бұл бағытты қалыптастыруға және оның дамуына жағдай жасады.

Алайда Ward және Maguna (2007) ТҚР тәуекелді бағалаудың тиімділігіне шектен тыс сүйенеді деп болжамдайды және біз 5-тараудан көргендей, бұл проблемалық жағдай болып табылады. Одан бөлек, Ward және Maguna тәуекелді қабылдауды құратын мәдени мән және әлеуметтік феноменологиялық факторлар бар дей отырып, тәуекел концепциясының өзін күмәнға алады. Сонымен бірге олар ТҚР әлеуметтік сәтсіздік және экономикалық айырылулар рөлін жеткізеді, рөлдік ұқсастықтағы едәуір ауқымды қажеттіліктерді қарастырмайды және терапевт пен клиент арасындағы өзара қарым-қатынасқа жеткіліксіз назар аударады деп болжайды. Fortune, Ward және Polascheck (2014: 2) тәуекелді төмендетудегі және басқарудағы ТҚР өте тар фокусталады деген пікірді ұстанады. Олар бұл терапевтік мақсаттары бар әлеуетті әлеуметтік қажеттіліктер деп және араласу нәтижелері сәтсіздікке алып келуі, және тіпті этикалық емес болуы мүмкін деп бекітеді. ТҚР қорғау үшін Wormith, Gendreau және Bonta (2011: 117) мотивациялық факторлар және

элеуметтік қолдау жауап қайтарудың сыни элементтері болып табылады және қылмыскерді бағалау бәрін қамтиды және бұл бағыт қылмыскердің мықты жақтарын ескереді деп атап өтеді. Ward және Maruna (2007) ЖӨМ (11-тарау) қолдаудың дәлелдеу базасы әлі күнге дейін «еш жерде ТҚР сияқты әсерлі немесе дәлелді болып табылмайды» деп мойындайды. Wormith, Gendreau және Bonta (2011: 114) ЖӨМ (11-тарау) қолдауға арналған зерттеулер «мәнді емес» екендігін айтады. Netto, Carter және Bonell (2014) ЖӨМ жүйелі шолуын жүргізу үшін қажетті сападағы жарамды зерттеулерді таппады және ары қарай бағалау қатаң әдістер мен өлшемдерді қолдану арқылы жүргізілсін деп ұсынды. Clive Hollin келесі нәрсені қоса отырып, бұл бағалаумен келіседі: «Қылмыскерлікті қысқартуға бағытталған, қылмыскерлерге қызмет көрсету аясындағы сауда жүргізудің шынайы саясатында құқық бұзушылар үшін жақсы өмір беруге уәде ететін араласу бәсекелестерінен анағұрлым қалып қояды» (Hollin, 2012 : 106).

6.2-қосымшадағы Equus пьесасынан үзіндіні қарастырайық. Спектакльде балалар психиатры дәрігер Martin Dysart Alan деген мазасыз баланы емдейді, оның аттарға қызығушылығы шектен тыс қатыгездікпен байланысты. Dysart Alan-ды қандай да бір шығармашылықпен айналыстыра отырып, жай қарапайымдылыққа қайтару арқылы баланың мазасыз мінез-құлқын «емдей аламын», сол арқылы оның зиян келтіру тәукелін төмендетемін деп мойындайды.

6.1-кесте. ТҚР және ЖӨМ салыстыру

Адвокаттардың мысалы	Тәуекелге қажеттілік реакциясы (ТҚР) Don Andrews, James Bonta, Stephen Wormith	Жақсы өмір моделі (ЖӨМ) Tony Ward, Theresa Gannon, Shadd Maruna
Теориялық негіздері	Психология және қылмыстық мінез-құлқ (ПҚМ) Жалпы тұлға және әлеуметтік психология келешеп (ЖТӘПК) Жеке тұлғаралық қоғамдастықтың қосымша нығайтылуы (ЖТҚ-Н)	Оңтайлы психология Гуманистік психология Деформациялар теориясы Өзін-өзі реттеу
Қағидалардың тұжырымдамасы	Қылмыскерлік әлеуметтік және психологиялық факторлардың әртүрлі құрылымдарымен шақырылады, олар жәбірлеудің ықтималдығын жоғарылатады (мысалы, биологиялық, әлеуметтік, мәдени, жағдаяттық); Қажеттіліктің криминогенді факторлары (мысалы, қоғамға қарсы когнициялардың, деликвентті серіктестердің, қоғамға қарсы тұлғалық импульсивтіліктің, мәселелерді нашар шешудің) бұзылыстың тәуекелін жоғарылатады; Жағдаяттық белгілер (қандай да бір тікелей шығындарсыз алынған әлеуетті мадақтаулар, қылмыстық мінез-құлқты қолдайтын деликвентті серіктестер) бұзылыстың ықтималдылығын көбейту үшін тәуекел факторларымен өзара әрекеттеседі.	Адамның жағдайы толыққанды өмірдің құралы ретінде «тауарларды» көздейді. Адам тауарларға қолдары жетімді болған кезде жақсы қызмет етуге жақсырақ бейім болады және эмоциялық қолдау мен материалдық ресурстар беретін қоғамдастықтарда гүлденеді; Алғашқы реттік тауарлар, мысалы, білім, шеберлік, агенттік, достық, қоғамдастық. Екінші реттік тауарлар негізгі мақсатқа жетудің инструменталды құралы болып табылады; Құқық бұзушылар тауарға деген бірдей қажеттілікке ие, алайда, дағдылардың жоқтығына немесе сыртқы жағдайларға байланысты оны қоғамға қарсы мінез-құлқтың нәтижесінде іздейді, бірақ олардың негізін қалаушы мотивтері шын мәнісінде жаман емес. Кемшіліктер немесе жақсы өмір жоспарындағы кемшіліктер мінез-құлқтың бұзылуына әкеледі.
Мақсаттар	Біріншіден, басқаларға немесе жалпы қоғамға тигізген зиянды азайту. Екіншіден, мақсат құқық бұзушының әл-ауқаты.	Адамның психологиялық және мінез-құлқтық мәселелеріне жақындау арқылы оның қайта қалпына келуіне жағдай жасайтын позитивті біртұтас емдеу арқылы жақсы өмір жоспарын қалыптастыру және адамда өмір сүру үшін білім, дағды, мүмкіндіктер мен ресурстар болуы арқылы ол жәбірлеуден бас тартуы үшін адамның толыққанды және бақытты өмір сүру қабілетін жоғарылату.

Өлшеу	Тәуекел қағидасы: қайтадан бұзақылық жасау үшін адамның тәуекел жасау деңгейі (криминогенді қажеттілік) мен қайталауды қысқарту үшін қажетті емдеу уақыты арасындағы сәйкестілік; Араласу тәсіліне сәйкес болу үшін тәуекелдің бар екендігін, күрделілігін және сезімталдығын бағалау (мысалы, оқыту стилі).	Құқық бұзушылар мәселені мойындауға қатысады. Талдау жетіспеушіліктерді анықтаудың шегіне шығады, бірақ адам өзінің қылмысын жасауы кезінде дәл нені іздейтіндігін бағалайды. Адамдарды олар үшін маңызды тауарлармен және әлеуметтік қолайлы болып табылатын тәсілмен қамтамасыз етуге көмектесу үшін, араласу туралы бірге шешім қабылдау.
Ұнамды интервенция	Рецидивизмнің ең жоғарғы әлеуетімен эмпирикалық байланысқан мақсатты факторлар. Криминогенді жағдайды өзгертуге бағытталған емдеу рецидивтің ықтималдығын азайту керек. Бағдарламада оқудан өткендер жүзеге асыратын жоғары құрылымданған ортадағы басқарушы когнитивтік мінез-құлықтық стратегиялар	Адамның жағдайына байланысты қалыптастырылады, клиенттермен ашық жұмыс жасайды (күшті терапевтік одақпен), клиенттік өмірлік приоритеттеріне құрылған мысалы, терапевтік қоғамдастықтар.

Дереккөз: Ward and Mapua (2007) жалпыланған

6.2-қосымша. Рефлексияға жаттығу

Peter Schafer «Equus» пьесасынан үзінді

Баланың көздерінде күлімсіреу болса жақсы. Бұл сонымен қатар миллиондаған ересектерге қатысты өлі көзқарас. Ол құдайға ұқсайды және өлтіреді. Бұл әдемі жасалынған қарапайымдылық: бұл да орташа өлімге әкелді. Қалыпты – бұл міндетті, денсаулықтың қырғынға ұшырататын Құдайы және мен оның дін қызметшісімін. Менің құралдарым өте нәзік. Менің рақымдылығым адал. Мен бұл бөлмедегі балаларға шын жүректен көмектестім. Мен қасіретпен сөйлесіп, көптеген құтылуды жеңдім. Бірақ сонымен бірге – еш күмәнсіз – бөліктерден индивидуалдылықтарды бөліп тастадым.

Бұл құдайға оның екі көрінісінде де жексұрын көрінген. Едәуір сирек және анағұрлым ғажайып құдайлар үшін қасиетті бөліктер. Және қандай ұзындыққа... Зевске жасаған құрбандықтар, әрине, алпыс секундқа созылды. Қалыпты құрбандықтар алпыс айға созылуы мүмкін.

Осы үзіндіде сіздерге құқық бұзушының тәуекелін төмендету және оларды нормативтік қоғамға қолайлы ету дилеммасы туралы не айтасыз?

Сіз лайықты, нормативтік мінез-құлықты қалай анықтайсыз?

Қоғам айырмашылықтарға қаншалықты толерантты болуы керек/немесе бола алады?

ҚОРЫТЫНАЫ

Бұл тарау жалпы теорияны қарастырады, ал одан кейін сексуалды, зорлық және пайдақор қылмыстарды түсіндіру үшін қолданылатын теорияларға назар аударады. Тараудың соңғы бөлігінде оңалтудың екі теориясы қарастырылады, оларды біз 11-тарауда қайта қарастырамыз және индивидуалдылық идеяларын егжей-тегжейлі талқылаймыз. Біз Ward және Maruna-ның (2007) «жақсы» теорияны бағалауға арналған критерийлерін анықтадық, ол ЖӨМ, ТҚР-дан дәлелдеуші негіз тұрғысынан артта қалуда деп болжайды. Біз сізден конвенцияларға, нормативтік мінез-құлыққа және оңалтуға қатысты сұрақтарды қарастыруды сұрадық, біз ол сұрақтарды 11-тарауда талқылаймыз.

РЕСУРСЫ

Қосымша анықтамалық ақпарат. Davies және Beech's (2012) оқулығында әртүрлі теориялық тұрғыдан толық есептерді және Clive Hollin-нің (2013) қорлаудың әртүрлі түрлерін теориялық түсіндіреді. Ron Blackburn «The Psychology of Criminal Conduct (1993) – зорлық және жыныстық қылмыстар туралы түсіндіретін әртүрлі теориялық идеялар. Howitt (2002) топтық және жеке деңгейлерді, әлеуметтік, макро қоғамдарды қамтитын теориялар спектрін ұсынады және олардың жағымсыз, жағымды жақтарына пайдалы баға береді. Оңалту туралы Tony Ward және Shadd Maruna-ның (2007) кітабы ТҚР және ЖӨМ-де қолдануға болатын теорияны бағалау критерийі ұсынылатын оқуға жеңіл еңбек.

Wormith, Grendreau және Bonta (2012) ТҚР-ға қатысты Ward және Maruna сынына жауап береді.

David Canter бағыты психологиялық зерттеулер туралы оның Donna Youngs (2009) кітабында жақсы көрсетілген.

Carson және Bull's Handbook of Psychology in Legal Contexts кітабында Friedrich Lösel-

дің (2003) делинквентті мінез-құлықтың теориялық бағыттарын жалпылайтын тарауы берілген.

Brown, Miller, Northey және O'Neill (2014) абақты терапиялық қоғамдастығындағы жұмысы туралы толық есебін берген.

Goodlivesmodel.com сайтында ЖӨМ бағытын белсенді зерттеп, оны жүзеге асырғандардың профилдері және көптеген сілтемелер берілген.

Негізгі журналдар

Criminal Justice and Behaviour
International Journal of Forensic Mental Health
Journal of Applied Psychology
Journal of Interpersonal Violence
Personality and Individual Differences
Sexual Abuse: A Journal of Sexual Aggression
Theoretical Criminology

ЕСКЕРТУ

- 1 Сандар, оқиға орын алған жыл емес, полицияның құқық бұзушылықты тіркеуге алған уақытымен сәйкес келетінін ескерген жөн. Автор Peter Shaffer-дің авторлық құқығы 2001, 2002 жылдары қайта алынған. Барлық құқық қорғалған.
- 2 Scribner, Simon және Schuster, Inc. компаниясының рұқсатымен қайта басылып шықты EQUUS Peter Schaffer компаниясынан. Авторлық құқық ©1973-1974 авторы Peter Schaffer; Авторлық құқық 2001, 2002 жылы Peter Shaffer бастады. Барлық құқықтар сақталған.

7

ЗЕРТТЕУ

НЕГІЗГІ КОНЦЕПЦИЯЛАР

Осы тарауда зерттеуді жүргізу процедурасы, кез келген зерттеудің шыққан нүктесі ретінде теориялық немесе концептуалдық негіздерінің маңыздылығы және мысалға алынған тақырыпта әр түрлі әдіснамалық тәсілдемелер, нақтырақ айтсақ, зорлау қарастырылады. Осы тарауда зерттеулерді жүргізу мен ұсыну кезінде сәйкес стандарттарды сақтау қажеттілігіне назар аударылады.

Осы тарауда қарастырылған материал білімнің бірінші деңгейіне және екінші кезеңнің зерттеудің негізгі рөлге арналған BPS кезеңінің зерттеу әдістерінің компоненттерін қамтиды. Онда сапалық және сандық әдістердің зертханалық және далалық зерттеулерде қолданылғандығына мысалдар келтірілген. Осы тарауда сот медицинасы саласында зерттеулер жүргізу кезінде туындауы мүмкін эмоциялық жүктемеге баға беріледі, сонымен қатар оларды шешу тәсілдері көрсетіледі.

Білімдер концепциясы	Практика ұғымы
Абдукция	Daubert тесті
Онтология	Кабинеттік зерттеу
Эпистемология	Эксперименттік дизайн
Әдіснама	Далалық зерттеулер
Метатеория	Frye сынағы
Сенімділік	Tarasoff жауапкершілігі
Триангуляция	
Валидтілік (шындық)	

Осы тарауды оқып шыққаннан кейін сіз зерттеулерге әр түрлі тәсілдемелердің маңыздылығы мен сіз қойған зерттеу сұрақтарына қатысты әр түрлі әдістерді қолданудың салдарларын түсінуіңіз қажет. Бұл негізгі талаптардың бірінші бөлігінде де, екінші бөлігінде де көмектеседі және сізге жарияланған ғылыми зерттеулерді сыни тұрғыдан оқуға мүмкіндік береді.

Анықталатын сұрақтар:

Неліктен біз зерттеулер жүргіземіз?

Ғылыми-зерттеу жобасын неден бастау қажет?

Лайықты әдістерді анықтау неліктен маңызды?

Эпистемология мен онтология деген не?

Танымның қандай тәсілдері бар?

Зорлау туралы сұрақ бойынша мен қалай зерттеу жүргізе аламын?

Қиян зерттеу жобасын орындау кезінде мен өзімнің сезімдерімді қалай жеңе аламын?

Зерттеулерді жүргізудің негізгі кезеңдері қандай?

НЕЛІКТЕН БІЗ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗЕМІЗ?

Осы сұрақтың бірнеше жауабы бар. Breakwell мен Rose (2000: 5) не, қалай және неліктен болып жатқандығын анықтау қажеттігін болжайды. Осы кітаптың пәні болып табылатын «бірдеңе» сот психологтары үшін қызығушылық тудырады (1.1-кестені қараңыз). Wrightsman (1999: 125) зерттеулерді жүргізу үшін прагматикалық себептер бар дейді, мысалы, бұл жұмыстың қауіпсіздігін арттыруға және өзінің құрдастарын мойындатуға мүмкіндік беретін жұмыс бөлігі. Бірақ ол сондай-ақ, зерттеу – бұл қандай да бір үдерістің немесе білінер-білінбес құбылыстың түсінігін іздеу деп қарастырады. Біз біздің іс-тәжірибемізді дамыту және себептер туралы білімімізді кеңейту үшін зерттейміз. Бірақ біз сондай-ақ дәрменсіздік күйі секілді әділ себептерді анықтау мақсатында зерттейміз немесе маргиналдық (шетқақпай) тұлғаларға дифференциаланған тәсілдемені зерттейміз (әлеуметтік әділдік саласындағы зерттеуді қарастыратын Tyler мен van der Toorn (2013) тарауын қараңыз). Іс-тәжірибе мен зерттеулер өзара бір-бірімен байланысты: біздің араласуымыз зерттеулермен нығайтылады және біздің іс-тәжірибеміз зерттеу қағидаларын жақсы түсінуімізге байланысты жақсарайды.

Оқыту бағдарламасының бір бөлігі бакалавриат, магистратура немесе докторантура деңгейінде болсын, қандай да бір зерттеуді жүргізуді қажет етеді. Бақыланатын іс-тәжірибе мен пост-тәжірибе де әдіснаманы бағалау маңызды болып табылатын зерттеулерді сыни тұрғыдан оқуды, зерттеулер жүргізуді талап етуі мүмкін. Психология саласындағы құқыққа қатысты зерттеулер жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде ғылыми сот психологиясының басынан бастап жүргізілді. Осы ерте зерттеулердің көп бөлігі жаңғырту дәлдігі мен түсініктемелердің сенімділігіне арналды (Brown, 2015, 2015, volume 1, p. 7). Соңғы үш он жылдықтың ішінде зерттеулер тұлғаның аспектілерін, соның ішінде, психопатия мен тұлғаның қауіпті және ауыр бұзылыстарын (ТҚЖАБ), ашуды, тәуекелді бағалау мен тәуекелдерді басқаруды, зорлық және сексуалдық қылмыстарды, емдеу нәтижелері мен қылмыс орны туралы деректерді талдауды қамтыды (Davies et al., 2011: 3).

Сот психологиясы тақырыбы бойынша зерттеулерді жүргізу ақпаратқа немесе деректерге ерекше қолжетімділікті беруде және қандай да біреудің кәсіби тұрғыдан, қасақана немесе кездейсоқ легалды немесе заңсыз қызметтің қандай да бір формасына түскендердің оқиғаларымен танысуда артықшылық болып табылады. Қылмыстан немесе сот үдерістерінен туындаған дислокацияларға қатысу сөзсіз стресс болып табылады, өмірін өзгертуі және өмірлік қатер тудыруы немесе ажалға әкелуі мүмкін. Бұл әділ сот (сот төрелігі) саласындағы осындай мазасыздануға ұшыраған куәгерлер немесе құрбандар, құқық бұзушылар немесе кәсіпқойлар ғана емес, сонымен қатар, көргеніне немесе естігеніне қамтылатын зерттеушілер де бола алады. Сот психологиясы зерттейтін тақырыптар өзіне адам мінез-құлқының ақырғы шектерін қамтуы мүмкін: адам өлтіру, балаларға қатысты жауыздық, зорлау және сексуалдық виктимизация, өзін-өзі өлтіруге үрдістер, есірткілерді немесе ішімдікті шектен тыс пайдалану.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖОБАСЫН НЕДЕН БАСТАУ ҚАЖЕТ?

Кейбір зерттеулер кабинеттік зерттеулердің көмегімен жүргізіледі, ресурстар негізінен ғылыми әдебиеттен алынған сәйкес құжаттар немесе бар деректер қорлары секілді ақпараттық технологиялар арқылы беріледі және екінші ретті талдау формасы жүргізіледі. «Зертханалық» зерттеулер – жалпы бақыланатын жағдайларда жүргізілетін және

өзіне балама зерттеулерді (мысалы, эпизодтар немесе рөлдік ойындар секілді модельдеу) немесе эксперименттік жобалауды қамтитын зерттеуді білдіретін жалпы термин. Дегенмен, басқа зерттеулер шынайы жағдайларда жүргізілетін болады және ығыр қылмайтын немесе тікелей бақылау, әңгімелесулер өткізу немесе сәйкес тәжірибесі бар адамдар жиналатын орындардан респонденттерді жинау жолымен жүргізілуі мүмкін. Осылайша, кейде зерттеулер қылмыстың немесе соттың талқылаулары салдарлары бар ортада үдерістерді зерттейді және өзінің орындаушыларымен немесе құрбандармен, тергеушілермен немесе прокурорлармен, бағалаушылармен немесе түзету мекемелерімен тікелей байланыс жасауды қарастырады. Басқа жағдайларда зерттеулер ұйымның немесе мекеменің салыстырмалы қорғалған ортасында жүргізілетін болады.

Жағдайлар, сонымен қатар, зерттеуді жүргізу және күшейту үшін сәйкес әдістер туралы қойылған сұрақты мұқият қарастырудың айқын қажеттілігі қандай болса да, әлеуетті респондент үшін де, зерттеуші үшін де тәуекел, сондай-ақ, екеуіне де ықтимал эмоциялық жүктеме сұрақтары бар.

Сұрақтар кою және тергеп-тексеру немесе қылмысты соттық қудалау немесе азаматтық қуынымды қарастыру кезінде түсініктемелер іздеу құқығына ие әр түрлі мамандар бар. Бұл қылмыстық әділ сот (сот төрелігі) мен іргелес тәжірибелер саласындағы кәсіпқойлар, мысалы, құрбандарға қолдау көрсететін әлеуметтік жұмыскерлер және олардың отбасылары, қылмыскерлерді бағалайтын және/немесе олармен қатынасты қамтамасыз ететіндер, алқабилерді құрайтын қоғам өкілдері немесе істі жариялайтын журналистер. Олар нақты рөлдерді атқарады және сот психологы үшін қызығушылық танытатын саланы ұжым түрінде толықтырады. Сот психологтары өздерінің зерттеу рөлінде жекелеген қатысушылар тек ішінара қатысуы немесе түсінуі мүмкін барлық үдерістің жалпы шолуына ие. Кейбір тақырыптар, мысалы, алқабилер бөлмесінде өтетін талқылаулар немесе қауіпсіздік қызметтерінің жұмысы қолжетімсіз. Зерттеулер алқабилердің шешімдер қабылдауы секілді сұрақтарды зерттеуде неғұрлым шығармашылық қабілетін танытуы тиіс (мысалы, Finch және Munro, 2008; Penrod et al., 2011 қараңыз). Басқа материалдар ақпараттың әлі де сот процедураларына жататындығы және оған түсініктеме беруге болмайтындығымен соттың қарауына жатуы мүмкін. Сонымен қатар, зерттеуге қатысушылардың қандай да бір жарақатты қайтадан алуы немесе зерттеуші бұрын белгісіз болған немесе басқаның қауіпсіздігіне қатер төндіріп тұрған қылмыс туралы ақпарат алу мүмкіндігі туралы этикалық дилеммалар да бар. Осы және тағы да басқалары сот психологиясы саласындағы зерттеуді күрделі, қызықты, кейде қорқынышты етеді. Осы тарауда осындай тақырыптарға қалай дайындалу және оларды зерттеумен қалай айналысу қажеттілігі туралы бірқатар ойлар келтіріледі.

Осы тарау сұраулар немесе тесттерді қалай өткізу, эксперимент немесе регрессиялық талдауды қалай жүргізу қажеттігі туралы толық трактат болып табылмайды. Деректерді жинау мен талдама процедураларының ауқымын сипаттайтын Breakwell et al. (2012) секілді жалпы әдістер бойынша бірқатар мәтіндер бар. Robson-ның эксперименттік дизайн туралы кітабы – аздап ескірген, бірақ әлі де өте қолжетімді (Robson 1973), ал Creswell-дің зерттеу дизайны туралы кітабы (2003) сапалық, сандық және аралас әдістердің пайдалы сипатын ұсынады. Sheldon бірнеше авторлармен бірге (2010) және Rosenfeld Penrod (2011) басып шығарған коллекциялары әдіснама әдістері (Neil Gordon) мен идиографиялық өлшеулер (Sean Hammond), метаанализ (Sporer және Cohn) және соңғы коллекциядағы заңдық зерттеулер әдістері (Robbennolt және Davidson) сот психологиясы зерттеулеріне қолданылатын әдістерге арналған. Ағымдағы тарау жоспары

біріншіден, зерттеулерді жүргізу және олардың зерттеуді теориялық негіздеу үшін салдарлары кезінде әдісті орынды, гносеологиялық шыққан нүктелерін және өз кезегінде теориялық позициялаумен байланысты әдіснамаларды таңдау маңыздылығын талқылаудан тұрады. Зерттеушілер қоятын сұрақтардың тәсілдемелеріндегі және қолданылатын әдістердегі айырмашылықтар зорлау мысалында көрсетілген. Соңғы бөлімде эмоциялық жүктеме мен сот-медициналық зерттеулердің пәні болып табылатын мәселелік материалды зерттеу салдарлары талқыланады. Тарау зерттеуді бастау кезіндегі ой-пікірлердің бақылау тізімімен аяқталады.

ЛАЙЫҚТЫ ӘДІСТЕРАІ АНЫҚТАУ НЕЛІКТЕН МАҢЫЗАЫ?

Зерттеулерді жүргізуде кәсіби стандарттар мен этикалық іс-тәжірибені пайдалану әлеуметтік ғылымның кез келген саласындағы шындық болып табылады. Білімдер зерттеулер барысында жинақталады және әдетте сараптамалық бағаланатын ғылыми журналдарда мақалалар жариялау жолымен қол жеткізіледі. Бұл әрқашан зерттеу немесе интерпретация жобасында олқылықтардың болуына байланысты қажет, сондықтан тек сенімді нәтижелер ғана жарияланады. Сенімділік – бұл шама қайталанатын жауаптар бойынша бірдей сұрақтарды жүйелі түрде тіркейтін дәреже, ал валидтілік – бұл масштаб немесе психометриялық тест олар бағытталғанды өлшейтін дәреже. Сізге салмақты өлшеуге арналған машина бар деп қарастырайық, оның салмақты өлшеу параметрлері егер сіз екі рет басып, бірдей салмақты анықтау шартында сенімді болып табылады. Алайда, салмақты өлшеуге арналған машина, мысалы, сіздің бойыңызды анықтай алмады; яғни, ол шынымен де тек сіздің салмағыңызды анықтау үшін ғана арналған. Бұл түсініктер әдетте сандық өлшеу үшін қолданылады және оны Hammond (2000: 181-92) толығырақ түсіндіреді. Сапалық әдістер әдетте сенімділік пен валидтілікті көрсетуге арналған басқа құралдарды қолданады, мысалы, триангуляция, яғни, нәтижелерді балама интерпретациялауды көрсету үшін деректердің әр түрлі көздерін қолдану (осы критерийлер толығырақ мазмұндалған Lyons, 2000 мен Moran-Ellis және басқалар., 2006 қараңыз).

BPS пен басқа да психологиялық ассоциациялар зерттеулерді жасау және жүргізуге, зерттеудің әлеуетті қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектесу үшін этикалық қағидаларды жариялайды. Сот психологиясының саласында зерттеулерге қатысты ескерген дұрыс болып табылатын тағы да бір өлшем бар. Жарияланған зерттеулер мен сараптама қорытындыларының нәтижелері жалпы юрисдикция соттарында қолданылады. Американдық соттар қалыптастырған, пайдалы қағидаларды қамтитын, қосымша ой-пікірлер бар. Fgue тесті ретінде танымал техникалық дәлелдемелердің рұқсат етілу критерийі былай қарастырады: «егер ғылыми, техникалық немесе басқа да мамандандырылған білімдер нақты маманға дәлелдемелерді түсінуге немесе не туралы сөз болып отырғандығы туралы фактіні анықтауға көмектессе» (Wrightsmann және Fulero, 2005: 36). Daubert тестінде нақты әдіс немесе талдау сараптамалық бағалауға ұшырады ма және ғылыми қоғамдастық қабылдады ма деген сұрақ қарастырылады. Құпияның шектелуі туралы Tagasoff жауапкершілігі қағидасы (Monahan, 2006) клиенттердің ашылуына қатысты пайдаланылатын, бірақ тергеп-тексеру барысында қолдануға болатын келесі негіз болып табылады. Бұл қағида клиент өзінің терапевтіне Татьяна Тарасованы өлтіру салдарынан туындады. Осы жағдайдан егер үшінші тарап немесе тіпті ақпарат берушінің өзі үлкен тәуекелге ұшырауы мүмкін болса, құпиялықты бұзу талабы туындайды. Зерттеу тергеп-тексеру барысында сот психологы бұрын ашылмаған қылмыс немесе жалғасып

жатқан қылмыс туралы ақпарат алуы мүмкін. «Егер сіз өзіңіздің мінез-құлқыңызды сипаттауды жалғастырсаңыз, мен бұл туралы сәйкес биліктерге хабарлауға міндеттімін» деген секілді зерттеу қатысушыларына арналған нұсқаулар әшкерелейтін ашылуына кедергі келтіруі мүмкін. Өзінен лауазымы жоғары әріптесімен немесе басшысымен талқылау осындай жағдайларды басқаруды қарастыруы тиіс. Осылайша, ғылыми-зерттеу жобалары ғылымға ғана үлес қосуы мүмкін әлеуетті нәтижелер үшін сенімді әрі қатал болып қоймай, сонымен қатар, сот істеріндегі саясатты, іс-тәжірибені басқару, мінез-құлық немесе мотивацияны түсіндіру үшін қолданылуы тиіс.

Ескеру қажет тағы бір элемент тақырыптың эмоциялық мазмұны болып табылады. Campbell (2002) зорлау туралы өзінің кітабында зерттеулерге жақындауда ойлау мен сезімді ажыратып көрсетеді. Бұл тарау сот психологиясы саласында зерттеулерді жүргізуге аттитюдтарды қарастыра отырып, осы идеяны дамытады. Когнитивті білімге (объектіге қатынасы бойынша ойлау тәсілдері), мінез-құлыққа (объектіге қатынасы бойынша мінез-құлық) немесе ықпалға (объектіге қатынасы туралы сезім) қатынасты назарға ала отырып, әрі қарай мазмұндау теориялық позициялауды, әдістерді таңдауды және криминалдық психологияда зерттеулер жүргізуден әлеуетті эмоциялық залалды қарастырады.

Зерттеулеріңізді қарастыру кезінде пайдалы шыққан нүктесі бірінші кезекте жұмысты жүргізудегі сіздің мотивацияңыз болып табылады. Зерттеу бакалавриат, магистратура немесе докторантура деңгейінде академиялық зерттеулермен ішінара аяқталуы мүмкін. Бұл зерттеу кеңесінің немесе қайырымдылық қорының сәтті қаржыландыруымен немесе бағдарламалық интервенцияларды ішкі бағалаумен байланысты болуы мүмкін. Кейде бұл кездейсоқ зерттеу мақсаттары үшін қолдануға болатын оқиғалардың реттілігін құрған кезде оппортунистік болуы мүмкін. Қандай себеп болмасын, тақырыпты таңдау кездейсоқ емес, пән бойынша зерттеушінің әуесқойлығына негізделген, зерттеушінің өткен тәжірибесімен байланысты немесе академиялық немесе еңбек міндеттерін орындауға неғұрлым ықпал етеді. Бұл мотивтер өз кезегінде уақыт пен еңбек ресурстарын, яғни, зерттеу саласын кеңейтуі немесе шектеуі мүмкін ресурстарды анықтайды, сөзсіз, зерттелініп жатқан зерттеу сұрағының типіне және ізделініп жатқан жаңа білімдерге қандай тәсілдеменің қолданылатындығына белгілі бір ықпалы болады.

Тіпті ең шыныққан «объективті» эксперименттік зерттеушілер өзінің тақырыбына бірқатар болжамдар енгізеді және олардың біріншісі – моральдық, гносеологиялық, этикалық және пруденциалды құндылықтарды қамтитын құндылықты бағдар (Ward және Maguna, 2007). Snow және басқалары (2000) құндылықты-нейтралды ұстаным мен олар «құндылықтарды қорғау» деп атайтын ұстаным арасында дихотомияны ұсынады. Біріншісі зерттеушінің құндылықтарға ие екендігін, бірақ олардың зерттеуге араласуына немесе сана-сезім мен қырағылық үдерісі арқылы араласуға жол бермейтіндігін білдіреді. Campbell (2002: 14) қатаң ғылыми тәсілдеме зерттеушіні зерттеу тазалығын «ластайтын» көз ретінде қарастыратындығын мәлімдеді. Осылайша, зерттеуші дизайннан және нәтижелер есебінен тыс қалуы тиіс. Адвокатураның ұстанымы зерттеушінің өзінің ұстанымы туралы мәлімдеуінде және олардың құндылықтарының сұрақтарды анықтауда және зерттеу қызметінің әлеуетті нәтижелеріне ықпалында белгілі бір рөл алуына байланысты оны зерттеу әңгімесі түрінде жазуында көрінеді. Бұл тәсілдеме психологияның саясатына толықтай сәйкес келеді. Fox пен басқа да авторлар (2009: 17) психологиялық зерттеулердің эмансипацияға ықпал ету қажеттігін, ал әлеуметтік әділдік пен практиктердің өзгерістер агенттері болуы қажеттігін мәлімдеді.

ЭПИСТЕМОЛОГИЯ МЕН ОНТОЛОГИЯ ДЕГЕН НЕ?

Оқыту мен білудің әр түрлі тәсілдері бар деген неғұрлым кең философиялық болжамдар зерттеу міндетіне тәсілдемелерге ықпал етеді. Осылайша, онтология білімнің не екенін анықтайтын тұжырымдармен, ал эпистемология жаңа білімді қалай алынатындығы туралы тұжырымдармен байланысты.

Онтология біз зерттеп жатқан әлем табиғатына қатынасы бар (Stainton Rogers, 2009: 336). Ол классикалық психологтардың адамдарды бізден бөлек, әлеуметтік ортада зерттеушілер ретінде өмір сүретіндер ретінде қарастыратындығын айтты. Бұл объективті бағалауға және өлшеуге болатын нақты заттар әлемі. Осылайша, біз «жақсы» аудандардың балаларының «кедей» аудандардың балаларына қарағанда мектепте неғұрлым жоғары баға алатындығын болжай аламыз, себебі, біріншілер кітапханалар мен ойындарға арналған орындар секілді оқытуға арналған көбірек ресурстарды ұсынады. Мектеп сыныптарының жетістігі мен баланың өсіп жатқан ортаның сапасы арасында танымал себеп-салдарлық байланыс бар деп болжанады. Stainton Rogers сыни психология «мүлдем басқа» онтологиядан жұмыс істейді деп түсіндіреді. Адамдар мен олардың әлеуметтік әлем арасындағы өзара қарым-қатынастар адамның жұмсаған күштерінің өнімі болып табылады және адамдардың өздері одан алатын сезімдерінен ғана мәнге ие болады. Осылайша, психология тұрғысынан, зерттеулер әлеуметтік ережелер қалай құрылатындығы, күшейетіндігі, қалпына келтірілетіндігі немесе бұзылатындығы туралы көзқарасты алуға ұмтылады. Сыни психологтар ереженің нені жасайтындығын, сәйкестік кімнен күтілетіндігін және ережелерді қабылдау немесе бұзудың салдарларының қандай екендігі туралы білгісі келеді.

Сіздің онтологиялық ұстанымыңыз эпистемология үшін салдарлары болуы мүмкін. Ward және Maruna (2007) айтқандай:

Негізгі эпистемологиялық болжамдар білімді ненің құрайтындығы және іс-тәжірибені нығайтатын зерттеулердің қалай жүргізілуі қажеттігін шынымен де түсіндіреді. Олар зерттеу дизайнына, аналитикалық стратегияларға және үздік іс-тәжірибе үшін шешімдерді қабылдау кезінде қандай дәлелдемелерге жол берілетіндігіне қатысты ұсыныстарды қамтиды (2007 жыл: 36).

Stainton Rogers үшін сыни психологиялық тәсілдемені адаптациялау шектерінде сәйкес эпистемологияны экспликацияға шоғырландыру ретінде қарастырады. Ол мұны келесідей сипаттайды:

Экпликация себептер мен салдарлар туралы емес, түңілу туралы – оригами пішінімен жасай алатындай болашаққа көз жібереді. Егер бүкпелерден құтылған болсаңыз, сіз мұны түсінбес едіңіз, себебі, бүкпелер оны жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Экпликация – бұл түсіну және түсіну.

Егер осында, осы жағдайда, осы адамдармен не болып жатыр? Деген неғұрлым нақты сұрақтар қойылса, осы тәсілдеменің күрделілігі ішінара қысқарады. Осыған тергеп-тексерудің басқа логикасы – абдукция да ықпал етеді. (2009: 339)

Абдукция – бұл адамдар оларды толғандыратындарды ой елегінен өткізетін үдеріс, басқаша айтқанда, оқиғаларды зерттей келе, олар күтпеген немесе қарама-қарсы болып көрінеді. Сондықтан, Thomas Kuhn 6-тараудағы парадигманың қозғалысы туралы айтқан кезде, ол эксперименттік дәстүрде гипотезаларды қатаң түрде тексеруден саяси психо-

Бұл жұмыс мені осындай осалдықтың полициялық тергеуді басқаруына қалай әсер ететіндігін және құрбанның осы осалдықты ескере отырып, қылмыстық әділеттілік жүйесінің алдында әлсіздігін түсіндіру талпыныстарында эмоциялылықпен және түңілумен бетпе-бет келуге мәжбүрледі. Кейде менің ашуым келеді. Және кейде бұл түңілу менің күнделікті жұмыс ортама сіңеді. Бірақ соңғы үш жылда жақсара түстім. Мен зорлау құрбандарына олардың полицияның тергеу облысындағы тәжірибелеріне төзу үшін кез келген тәсілмен көмектесу мақсатында энергияны жұмсаймын.

Бәлкім, мен есейіп келе жатқан болармын, бірақ мен полицияның олармен қатынасып отырған құрбандарға қалай қарайтындығын өзгерту үшін, іштей жұмыс істеген жақсы деп шештім. Ол үшін мен әйелдерге қатысты зорлыққа байланысты өзімнің ашуымды бақылай алатын тәсіл табуым қажет. Бірақ мен сонша жыл бұрын айтылған биші болуым қажет екендігін бір күндері сезінемін бе? Әрине.

JoMoran-Ellis болжағандай, зорлауды зерттеумен байланысты сезімдердің мәселені шешуге көмектесетін кейбір белсенді араласумен жеңілдетілуі мүмкіндігін болжамдауға мүмкіндік береді. Becki Campbell-дің толғаныстары да осы жағдайда зерттеушілерді қолдайтын эмоциялар мәселесінің белсенді түрде қызықтыруы да ауыруды жоюға көмектесе алатындығын көрсетті.

7.5-қосымша. Эмоциялардың қайталама әсер етуі, Rebecca Campbell

Emotionally Involved жарияланғаннан бері 10 жыл өтті. Алғашқы жылы айтарлықтай тыныш болды – достар мен жақын әріптестер зорлауды зерттеудің бейберекет сезімдерін қағазға бірізді тәртіпте аударуды аяқтау үшін құттықтау ашық хаттарын жолдады. Екінші жылы мен ешқашан кездеспеген адамдардан қысқа, сынақ электронды хаттарды, «рахмет саған, мен есімнен адастым ба деп ойладым, жалғыз еместігіңді білген қандай жақсы» хаттарды ала бастадым. Мен осы жұмыстың эмоциялық тұсын талқылауды арттыруды үміт ете отырып, бар ынтамен жауаптар жаздым. Біртіндеп бұл тақырыпқа біздің облыста тыйым салына бастады. Үшінші жылда жаңа бетбұрыс орын алды: мен осындай зерттеулерге қатысты кеңестер мен ұсыныстарды белсенді түрде іздеген аспиранттар мен жас ғалымдардан электронды хаттарды тұрақты түрде ала бастадым. Теориялық және әдіснамалық жоспарлаумен қатар эмоциялық дайындауға да назар аудару бастауы мені толғандырды. Менен жиі сұрайды: осының алдын алуға болады ма? Осы жұмысты еш жан ауруын сезінбестен жазуға болады ма? Мен көбінесе былай деп жауап беремін: нәліктен сіз осыны қалайсыз – егер тіпті осы мүмкін болғанымен, мен бұл туралы ойламаймын. Маған біреудің жанын ауыртқан ұнамайды және мен басқа адамдарға ауыр болғанын қаламаймын, бірақ өзімді әйелдерге қатысты зорлықты зерттеу ауруынан алыстата отырып, әлеуметтік өзгерістерге әкелмейді. Біз өзімізге қамқор болуымыз және зерттеуге қатысушылардың эмоциялық қажеттіліктеріне бағытталуымыз қажет, себебі, бұл өте маңызды, сондай-ақ, бұл бізді мәселенің өзіне жақындатады. Мен көп жыл өтсе де осы жақындықты сезінемін және бұл шаршасам да, маған ауыр тигенде де жалғастыру үшін менің шабытымның негізгі көзі болып қала береді.

Зерттеушілер эмоциялық жүктемені жеңіп, алған білімдерді осы салада әрі қарай білімін дамыту және қолдану үшін не істей алады? Тәсілдемелердің бірі клиникалық бақылау моделін (супервизияны) адаптациялау болып табылады. Milne (2007) суперви-

зия клиникалық практиканың да, зерттеулердің де анағұрлым танылған бөлігі болып келе жатқандығын көрсетті. Супервизия әріптестердің жұмысын басқаратын, қолдайтын, дамытатын және бағалайтын қарым-қатынастарды қалыптастырады. Негізгі қолданылатын әдіс – бұл тиімділік бойынша түзетуші кері байланыс, осылайша, коучинг пен ұстаздықтан айрықшаланады. Barnettetal (2007) эмоциялық мәселелерді талқылауға болатын және жаңа стратегияларды жасау бойынша эксперименттер ынталандырылатын қауіпсіз ортаны құрудың маңыздылығын көрсетті. Stanko (1997: 87) бірқатар болжамдарды ұсынады:

- зерттеуші есіркеуші адамды таба отырып немесе қоғамдық ұйымдармен байланыс орната отырып, сіздің жеке эмоциялық реакцияларыңызбен қалай бөліседі
- супервайзер зерттеуші әріптестеріне, әсіресе студенттерге эмоциялық қолдау көрсетуде қажеттіліктерді қалай көреді
- егер эмоциялық аспектілер ғылыми зерттеулерде танылатын болса, сіздің ғылыми деректеріңіз артатын және кетіретін болса, бас зерттеуші қалай дайындалуы керек.

Moran-Ellis (1996) этикалық сөйлемдерді дайындаған кезде қолдау сұрақтарының айқын ескерілуі мен ешқандай сөйлемнің осындай қолдау мен ойланулар қолданбай бекітілмеуі қажеттігін қолдайды.

Басқа тәсілдемені зерттеушінің зерттеу әдіснамасын жобаның бөлігі ретінде жасаған Campbell (2002) ұсынды. Әлеуетті респонденттерге тәсілдемені жоспарлау мен интервьюерлерді оқыту туралы қамқорлық секілді зерттеуді жүргізу бизнесі талқыланған функционалды кездесулерден бөлек жағдайларды талқылау мен эмоциялық тәжірибе алмасу үшін апта сайынғы кездесулер өткізілді.

Cookeand Woodhams (2009) зорлауды зерттеу салдарлары және жанама жарақаттануды зерттеудің құралы ретінде авто-энографиялық тәсілдемені таңдайды. Бұл жеке зерттеу жауапкершілігі, ол зерттеу үдерісі туралы есеп ретінде беріледі, сонымен қатар, зерттеуші қолданатын материал мазмұнының эмоциялық ықпалының орнын толтыру үшін терапевтік құрылғы ретінде әрекет етеді. Campbell супервайзер бола отырып, өзі үшін жоба қызметін құжаттау және оның тәжірибесін ойлану құралына айналған толық далалық жазбалар жазды. Осылайша, далалық емес бағалар деректерді жинау көздерінің бірі болды. Жоба аяқталғаннан кейін, ол сондай-ақ зерттеушілермен жеке әңгімесулер өткізді. Бұл 2 мақсатта жасалынды – зерттеушіде үдеріс аяқталуы және зерттеу үдерісі туралы деректердің қосымша көзін беру. Ол бақылаушы ретінде осы әңгімесулердің мақсаты тұрғысынан транспарентті/айқын болуының, сонымен қатар, ұжымдық тәжірибесі көрінетін тақырыптық санаттарды құруда персоналмен өзара әрекеттесудің маңыздылығын атап көрсетті.

Осы кезеңде сізден 7.6-қосымшада рефлексивті жаттығудағы бірнеше сұрақтарды қарастыруыңызды сұраймыз.

7.6-қосымша. Рефлексияға жаттығу

Бұрында студент қыздың бұрынғы жігіті оның ізіне түсті. Ол супервайзерлерге осы тәжірибесі туралы айтқысы келмейді. Өткенді және оған көмектесе алатын себептер туралы ойлаған кезде әліге дейін үре пайда болады, егер ол осындай жағдайларда басқа адамдардың өздерін қалай сезінгендігін түсіне алса. Ол сізден құпия тәртіпте ізіне түсу тақырыбына магистрлік диссертация жазуға кірісуін жақсы идея деп санайтындығыңыз туралы сұрайды.

Қандай кеңес берер едіңіз?

Өзіңіздің көзқарасыңызды айтып беру үшін сіз тағы қандай ақпаратты алғыңыз келеді?

Осындай жағдайда өзіңізді қалай сезінер едіңіз?

Адамдардың зерттеу тақырыбы өздерінің бастан өткен бірқатар тәжірибелеріне байланысты қамтылуы мүмкін. Бұл оларға қосымша ақпаратты бере алады және зерттеуге әлеуетті қатысушыларға тәсілдемеде пайдалы болады. Олардың тәжірибесінің өзін респонденттерімен асыра сәйкестендіру мүмкіндігін білдіруі кемшілігі болып табылады; бұл сондай-ақ олардың жеке тәжірибелерінен тексерілмеген психологиялық материалдарды қайтадан белсендендіруі мүмкін. Олар тақырыпқа эмоциялық көзқарас пен құрбан көзқарасы тұрғысынан жақындай отырып, тепе-теңдік сезімін жоғалтуы мүмкін. Гипотезалық сценарийде жоғарыда ізіне түсу секілді эмоциялық тақырыпты шешуде жеке оқиғаның өте релеванттық бөлігін жасырып қалу студент үшін мәселе болар еді. Егер ғылыми жетекшілер ықтимал осал қатысушылармен зерттеулерге қатысты тәуекелді бағалауы қажет болса, зерттеуші өзін лайықты түрде қорғауы үшін кез келген осалдық туралы толықтай хабарлауы тиіс. Сонымен қатар, сценарийде студенттің әлі де жаралы екендігін, басқа құрбандардың жарақаттары әрі қарай ықпалдармен тереңдей түсуі мүмкіндігін тұспалдайды. Жүргізілген зерттеулер алдыңғы жарақаттың жанама виктимдеуді бастан кешудің жақсы предикторы болып табылатындығын көрсетеді. Жоғарыда келтірілген сценарийде сіз бере алатын кеңестерді қайта ой елегінен өткізу үшін осы болжамдарды түсінесіз бе?

ЗЕРТТЕУАІ ЖҮРГІЗУАІН НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ ҚАНААЙ?

БАҚЫЛАУ ТІЗІМІ

Davies пен т.б. зерттеулерді жүргізуге 7 пайдалы қадамды ұсынды (2011: 7-14). Олардың шектері адаптацияланды әрі кеңейтілді және төменде көрсетілді.

- Зерттеу тақырыбын анықтаңыз және қамтитын зерттеу сұрақтарын нақтылаңыз:
 - Қарастырылып отырған сұрақтың бұрын зерттелуін тексеру үшін әдебиетті зерттеу
 - Кез келген қарама-қайшы қорытындылар мен білім шектерін анықтаңыз
 - Зерттеудің орындылығы мен пайдалылығын бағалаңыз
 - Салыстырудың бақылау тобынсыз жасалынуы мүмкін қорытындылар секілді шектеулерді анықтаңыз
 - Этиканы бекітуге өтінімдер дайындау (бұл өзіне кез келген ықтимал жағымсыз салдарларды жою үшін кез келген тәуекел факторлары мен құралдарын тануды қамтуы мүмкін)
- Жинауда, талдауда және таңдаманы қалыптастыруда қолданылатын тәсілдемені негіздеңіз
 - Эпистемологиялық ұстанымымен үйлесімді әдісті таңдаңыз
 - Әлеуетті респонденттердің осалдығын тексеру (олардың қаншалықты қолжетімді екендігін, салыстыру тобы міндетті болып табылады ма, жалпы немесе сот таңдамасы қаншалықты репрезентативті болып табылады); нақты таңдаманы жинауда қиындықтар туындаған жағдайда екінші ретті көздер қолжетімді ме – кейбір сандық зерттеулер зерттеу қатысушыларының санын анықтау үшін

қуаттылықты есептеуді талап етуі мүмкін (бұл этика талаптары бойынша қажет етілуі мүмкін және компьютерлік бағдарламаларды, мысалы, G*POWER қолдана отырып, орындалуы мүмкін)

- Деректердің қандай формасының қажет екендігін шешу: сөздер, физиологиялық немесе психометриялық өлшеулер, сандар (мысалы, жауаптар шкалалары)
- Егер сіз жарияланған психометриялық шкалаларды қолдансаңыз, авторлық құқық бойынша шектеулер болса, рұқсат алу қажет
- Зерттеушінің экспериментті қолдануға сенімділігіне және эксперименттің әлеуетті қатысушылар үшін мәні бар екендігіне көз жеткізуі үшін пилотажды эксперимент жүргізген көбінесе пайдалы болып келеді
- Сөйлемдер жазу
 - Зерттеу контекстінің сызбасын (яғни, сәйкес әдебиетке сілтемелер), мақсатты, сұрақтарды және/немесе гипотезаларды дайындау
 - Таңдама бойынша толық ақпарат – өлшемі, көзі (қосу/алып тастау критерийлері және қажет болғанда қуаттылықты есептеу)
 - Әлеуетті респонденттерге берілетін ақпараттандырылған келісім хаттамасы мен ақпаратты парақты беру
 - Қолданатын талдау әдісі (әдістері) туралы есепте беру
 - Ресурстарды алдын ала кері – келтірілген кез келген шығындар, зерттеуші жұмсайтын уақыт көлемі, зерттеуге қатысушылардың деректерін жинау ұзақтығы, респонденттерге сыйақы берудің кез келген формасы, супервизияға қатысу (дайындауға, шолуға, деректерді жинауға, талдауға, деректерді кесте формасында немесе график түрінде ұсынуға, пікірлер жазуға, алуға бөлінген кезеңдерді көрсету үшін кестені және соңғы презентацияны қамту көбінесе пайдалы болады)
 - Ақпаратты ықтималды тарату мен қорытындыларды кез келген практикалық қолданылуы туралы хабарлау
 - Сонымен қатар, зерттеулер күнделігін жазған және идеялар, оларды жасаған кезде сілтемелер, кез келген қиындықтар мен жеңу, ойлау тәсілдері мен шарттарын жазу пайдалы болуы мүмкін
- Ғылыми және этикалық шолу
 - Бұл ғылыми жетекші, этика жөніндегі комитет және/немесе кез келген әлеуетті кемшіліктерді не әлсіз орындарды анықтау мақсатындағы формалды тәуелсіз үдеріс болуы мүмкін
 - Этикаға өтінім беру зерттеу ұсынысын беруді, сонымен қатар этика жөніндегі комитет талап ететін қандай да бір нақты формаларды толтыруды талап етуі мүмкін
 - Рұқсат беру бірқатар уақытты алуы мүмкін, сондықтан, дайындалыңыз және оларды уақытылы жіберіңіз, этика жөніндегі комитет талап ететін қандай да түзетулерді енгізуге дайын болыңыз
 - Этикалық рұқсат беру – белгілі бір зерттеу тобына қолжетімділікке рұқсат беру емес (сізге екеуі де керек болуы мүмкін) екендігін ескеріңіз
- Деректерді жинау
 - Кестені ұстану
 - Егер зерттеудің әлеуетті қатысушылары қолжетімді болмаса немесе шығып қалу пайызы өте жоғары болса, күтпеген жағдайларға жоспардың болуы

- Осы жазбаларды қолданған кезде бастапқы деректердің сақталымын және кез келген этикалық талаптарды орындауды қамтамасыз ету
- Талдау
 - Әсіресе сапалы деректерді өңдеуге жеткілікті уақыт бөліңіз (әдетте, таспаның бір сағатының мазмұнын ашу үшін шамамен үш сағат қажет)
 - Зерттеушіде нақты статистикалық процедураларды немесе сапалық әдісті пайдалануға сәйкес білімдерінің болуын (немесе кеңестерге жүгіну) қамтамасыз ету
- Жазу және тарату
 - Талаптарға яғни, қатысушылармен кері байланысқа сәйкес жазыңыз, тезистер ретінде (институционалды ұсыныстар болатын жерде), басшылық алдында есеп беріңіз, қызмет ететін орган алдында есеп беріңіз, журналға жіберіңіз (нақты журнал стилі бойынша авторлар үшін ұсыныстар бар жерде)
 - Нұсқауларды, әсіресе, сөздердің ұзындығына қатысты нұсқауларды орындаңыз
 - Қосымшалар ретінде кез келген қосымша материалдарды қосу (мысалы, этикалық нормаларды орындауға рұқсат, сұхбаттасу хаттамасы, сұрақтар тізімі, респонденттерге арналған ақпарат, ақпараттандырылған келісім хаттамасы)
 - Жазбаның қорғалған көшірмесін басқа тасығышқа, мысалы, ноутбукта жұмыс жасағанда флешкаға сақтау
 - «Нұсқауларды бақылауды» қолдау үшін жұмыс жасаған көшірмеге күнді белгілегеніңізге көз жеткізіңіз
 - Егер сізде жетекші болса, сіз кері байланысқа жауап бере алатындай түсіндірмелерге арналған алғашқы жазбаларын уақыты алып отырғандығына көз жеткізіңіз
 - Орфографияны тексеріңіз және/немесе біреуден сіздің мәтіндеріңізді оқып шығуын өтініңіз, себебі, сіз өзіңіздің скриптіңізбен таныс болғандықтан, типографиялық қателер, грамматикалық қателер немесе айқын емес сөйлемдерді анықтау қиын.

ҚОРЫТЫНАЫ

Жақсы ойластырылған зерттеуді жүргізудің артықшылықтары – бұл тек алынған білімдер ғана емес, сондай-ақ, осы үдерістегі сіздің тәжірибеңіз. Сіз жасаған зерттеулерге қызығушылығыңызды сезінесіз бе немесе бұл осы тараудың бас жағында Wightsman (1999) ұсынған құрал болды ма? Сізге зерттеулермен айналысқан ұнады ма және Wendy Stainton Rogers (2009) санағандай көңілді болды ма? Сіз әлеуметтік және/немесе саяси мақсаты бар зерттеуге бейімсіз ба немесе бақылаушының бейтарап, оқшауланған көзқарасын қабылдай отырып, өзіңізді неғұрлым жайлырақ сезінесіз бе? Зерттеушілер саяси психологтар санайтындай статус-квоға қарсы келуі керек пе немесе Michele Fine тұжырымдағандай қолайсыз сұрақтардан бұлтартуы қажет пе (2012: 416)? Бұл қарапайым жауаптары жоқ қолайсыз әрі қиын сұрақтар, бірақ біз зерттеуді өз бетімен жүргізгенде, жарияланған зерттеулерді оқығанда, сонымен қатар, басқа адамдар үшін зерттеулер жүргізгенде ескеруді сұраймыз.

РЕСУРСТАР

Sheldon, Davies и Howells (2010), Rosenfeld и Penrose (2011) редакцияланған жинақта-рында сот психологиясында қолданылатын зерттеу әдістеріне шолу жасайтын тараулар-ды ұсынады. Breakwell және басқалар. (4-басылым, 2012 ж.) редакцияланған жинақтары зерттеу жүргізу үшін әмбебап анықтамалық жұмыс болып табылады.

Helen Gavin өзінің Criminological and Forensic Psychology (2014: 21-49) кітабында зерттеу жүргізу үшін пайдалы тарауды қарастырған.

Canter және Alison (2003) сот-медициналық сараптамаулау үшін қосымша дереккөздер бойынша пайдалы шолу жасаған.

Daniel Fishman және Jane Goodman-Delahunty прагматикалық психологияға сәй-кес тақырыптық зерттеулердің/case studies мүмкіндіктерін сипаттайды. (Fishman and Goodman-Delahunty, 2010).

Wendy Stainton Rogers (2009) психологияның саяси орнымен байланысты әдіснама-лық салдарлар туралы есеп ұсынады.

Негізгі журналдар

Criminology and Criminal Justice

Howard Journal of Criminal Justice

Journal of Contemporary Criminal Justice

Legal and Criminological Psychology

Professional Psychology Research and Practice

Psychology, Crime and Law

8

ҚҰРБАНААР

НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

Бұл тарау құрбандарға арналады. Онда виктимизацияны анықтаудағы және өлшеудегі қиындықтарды қарастырамыз, қылмыстылық алдындағы қорқыныш пен виктимизация тәуекелін зерттейміз. Онда құрбандар мен жалпы қоғам үшін виктимизацияның салдары, сонымен қатар, мұның қылмыстылық әділ сот (сот төрелігі) жүйесінде қалай таралатындығы баяндалады. Осы тараудың негізгі тақырыбы құрбан ұғымын түсіну сот медицинасындағы психологияның әр түрлі аспектілері үшін қаншалықты маңызды болып табылатындығын насихаттау болып табылады. Бұл, біріншіден, құқық бұзушыларды анықтап, жауапқа тарту талпынысымен байланысты; екіншіден, құқық бұзушыларға ықпал етуді бағалау және әдістерін таңдау үшін; ақырында, «қылмыскер» мен «құрбан» арасын бөліп көрсетудің жалған болу мүмкіндігін, көптеген құқық бұзушылардың өздері де құрбан болуын мойындау үшін зерттелетін болады.

Түсініктер	Практика ұғымы
Анықтама	Бағалау
«Лайықты» құрбан	Қылмыстылықты талдау
Қылмыстылық алдындағы қорқыныш	Сарапшылардың дәлелдемелері
Виктимизация ықпалы	Көзімен көрген куәгердің куәлік етуі
Таралуы	«Қылмыскер» / «құрбан» жалған дихотомиясы
Виктимизация тәуекелі	Куәгерлермен сұхбаттасу
Екінші ретті виктимизация	Байланысты бұзу
Әлеуметтік конструкция	Қылмыскерлерді профильдеу
	Қалпына келтіретін әділ сот (сот төрелігі)
	Емдеу

Бұл тарау құрбандарды зерттеумен байланысты негізгі мәселелерге базалық түсінік береді және көптеген сот жағдайларында виктимологияны қарастыру маңыздылығын көрсетеді. Материал 1-кезеңде сот-медициналық білімдердің аспектілерін, бағалау мен тұжырымдауларды, араласу мен зерттеу әдістерін; 2-кезеңде осы мәселені шешудегі соңғы нәтижелерді қамтиды.

Анықталатын сұрақтар

Құрбандар деген кімдер?

Қанша құрбан болады?

Қылмыстылықтан қорқатындар үлкен тәуекелге ұшырай ма?

«Құрбан болу» мінез-құлқының салдары қандай?
 Құрбандарға олармен жұмыс жасау көмектесе ме?
 Сот психологтарының жұмысы үшін виктимология қаншалықты маңызды?
 Сотқа дейінгі виктимология қаншалықты маңызды?
 Соттан кейінгі виктимология қаншалықты маңызды?
 Қылмыскер/құрбан жасанды бөлу болып табыла ма?

КІРІСПЕ

Сот психологиясының жәбірленушілерге қатысты рөлі айқын емес. Біздің жұмысымыздың көп бөлігі құқық бұзушыларға – оларды анықтауға көмектесу, әділ сот талқылауларын қамтамасыз ету, түзету жолында оларды бағалау, басқару, олармен жұмыс жасауға арналады. Бірақ көптеген қылмыстардың негізінде құрбандар болады. Құрбандар қылмысқа еріктен тыс қатысуы салдарынан жарақаттанған болуы мүмкін. Осы салада жұмыс істеуді қалаған жоғарғы курс студенті бола отырып, біздің біреуіміз (Т.С.) сол кездері абақтыдегі қылмыскерлерімен жұмыс істеймін деп ойлаған болатын. Ол қылмыстық сот төрелігі жүйесінде құрбандармен осындай өмірлік маңызды байланыс туралы түсінікті қалыптастыру қажет деп санайды. Оның ой-пікірлері 8.1-қосымшасында мазмұндалған.

8.1-қосымша. Terri Cole-дің құрбандарға қолдау көрсетуде еріктілік туралы ой-пікірлері

Мен «Психология және қылмыстық сот төрелігін» Плимут университетінде студент болып жүргенде оқыдым. Өздерінің дипломдарымен не істерін білмеген көптеген менің құрдастарыма қарағанда, біз оқу бітірген кезде, төмен жалақы мен әлеуетті күйзеліске қарамастан, мен әрқашан да сот психологиясында жұмыс істегім келетінін білдім. Мен бәсекелестік өте қатал болатындығын, жұмыс орнының аз екендігін, тәжірибенің бағаланатындығын білдім, сондықтан осы салада бір жыл жұмыс істеуге болатын университетті таңдадым. Менің бірінші (аздап өзімшіл) ой-пікірім оқу бітіргеннен кейін жұмысқа тұруым үшін, мүмкіндігінше, көбірек оқып, көбірек тәжірибе жинауды қалауымда көрінді. Егер мен құқық бұзушылармен жұмыс істейтін болсам, олардың қылмыстары туралы сөйлесіп, олардың не сезінгендігін, осы жолға қалай келгендігін әңгіме ететін болсам, мен олардың шындықты айтып тұрғандығын қайдан білемін? Оларды уайымдаймын ба? Егер жоқ болса, онда мен оларға қалай көмектесе аламын? Сондықтан менің екінші (және неғұрлым альтруистік) ой-пікірім «басқа» жақта не болғанына уайымдамай, алдымен құрбандарға көмектесуге тырыспай, қылмыскерлердің өмірі туралы қалай тыңдайтындығымда және оларды уайымдау немесе кем дегенде, олардың әңгімелерін қалай түсінетіндігімде көрінді. Олар да менің күш-жігеріме лайықты емес пе? Осы түсінік маған құқық бұзушылардың оқиғалар нұсқасын тыңдау кезінде неғұрлым шынайы әрі объективті ұстанымға ие болуым мүмкіндік бере ме?

Сондықтан, мен құрбандарға қолдау көрсететін волонтер болдым. Мен тыңдадым, шай бердім, жинауға көмектестім, арыздар бланктерін толтыруға көмектестім, сонда болдым. Олардың жолыққан қатеріне қарсы тұруы, құрбандардың өмірінде орын алған хаостан оларды құтқару, уақыт өте келе, оларға қолдау көрсету мен тыңдау үшін көмектесетін қоғамдағы «сүйкімді» адам болдым. Менің көзқарасым тұрғысынан, бұл оңай болды, жақсы болды және осылай жасауды ұнаттым. Өзімшіл және альтруистік мақсат-

тарым маған осылай деді. Өзім осыдан көп сабақ алдым, менің мәніне терең бойлау қабілетімді кәсіби тұрғыдан жақсартты және «осы» адамдар кейде айтарлықтай шығындарға баратындығына үйретті. Ұрлық құрбандарының бірі оқиғадан кейін ауруханадан шықпады, басқа құрбанға үйіне оралу үшін айлар қажет болды. Ең бастысы, мен шынымен де өзгергенімді сезіндім.

Виктимология қылмыстар мен олардың салдарының құрбандарын зерттеу деп анықталады. Онда қылмыстық виктимизация көлемдері, сипаты мен себептері және салдары қарастырылады (Spalek, 2006). Осы тарауда қылмысқа құрбан ретінде тікелей қатысқан адамдардың тәжірибесі баяндалады, сонымен қатар, қылмыс алдындағы неғұрлым кең таралған қорқыныш қарастырылады. Біз, сондай-ақ, қылмыскерді профильдеуді және қылмыскердің мінез-құлқын талдауды (келесі тарауда неғұрлым толығырақ қарастырылады) тағы да қарастырамыз.

ҚҰРБАНААР АЕГЕН КІМАЕР?

Бір тараудың құрбандармен және виктимологиямен байланысты зерттеулердің, тәсіл-демелердің және іс-тәжірибелердің саласын қамти алмайтындығы анық, осы тақырыпқа арналған көптеген кітаптар мен журналдар бар (мысалы, Goodey, 2005; Walklate, 2007). Құрбан «ярлығының» әрекеттері саласы, анықтау және тіпті қолдануға қатысты даулар бар деп айту жеткілікті; құрбандардың өздері, мемлекет, қоғам қандай деңгейде жауапты болуы немесе «айыпталуы» керек немесе «лайықты» құрбандар шынымен де бар ма? Құрбандар типтеріндегі айырмашылықтар (қылмыстардың түрлері, құрбанның демографиялық сипаттамалары) және құрбанға тікелей және жанама (мысалы, қоғамда қылмыс алдындағы қорқыныш арқылы) келтірілген зиянның типі қандай?

Құрбандардың қажеттіліктерін мойындау үшін зерттеу және саяси ресурстарды ұғыну мен арнауды арттыруды Goodey (2005) пен Walklate (2001) келесідей сипаттап көрсетті:

- жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында қылмыстық деңгейінің артуы;
- жәбірленушілердің мәселелерін саясаттандыру;
- азаматтық құқықтар мен екінші толқынды феминисттік қозғалыстар көрсететін әділетсіздіктер салдары ретінде шектен тыс назар аудару;
- қылмыстарды / жәбірленушілерді тексеру;
- қылмыстылық алдындағы қорқынышты құбылыс ретінде мойындау;
- жәбірленушілерге БАҚ тарапынан назардың артуы;
- жәбірленушілерге қолдау көрсетуді құру (Victim Support) және құрбандар жарғыларын басып шығару (Victims' Charters).

5-тарауда көрсетілгендей, қылмыстылықты өлшеуге қатысты құрбанның кім екенін анықтау және виктимизацияның таралуы мен көлемдерін айқындау өздігінен мәселелі болып табылады. Goodey (2005: 255) айтқандай, көптеген құрбандар қылмыстық сот төрелігі жүйесімен өзара әрекеттесе бермейді, себебі, олар бұл сұрақты бос сөз санайды, оларда полицияда қылмыстар туралы есеп үшін талап ететін сақтандыру жоқ немесе олардың хабарламасын дұшпандық қабылдауын күтеді. Spalek (2006) кейбір жағдайларда индивидуумдар өздерінің құрбандар (мысалы, бала сексуалдық зорлыққа ұшырайды) болып табылатындығын, құрбандар болып саналғысы келмейтіндігін (мысалы, «құрбан» ярлығы оның құқықсыздығын жалғастырады деп санайтын зорлағаннан кейін «аман қалған адам») қалай түсінбейтіндігі, мұны кейінірек түсінуі мүмкін екендігін (эйел ресми

жұмысты алдым деп ойлайды, бірақ ол секс-индустриядағы сауданың құрбанына айналады), мұның адамдарды өздерін ақымақ сезіндіретінін (мысалы, алаяқтық құрбаны) немесе олар құрбан болатындығын білмейтіндігі (мысалы, стихиялық апаттар құрбандары, лаңкестік шабуылдардың немесе билікті шектен тыс пайдаланудың құрбандары) туралы сипаттайды. Сонымен қатар, хабарланатын қылмыстар тіркелмеуі де мүмкін. Ұлы мәртебелі патшайымның Полиция инспекциясы (2014: 18) мынадай қорытынды жасады:

Қылмыстардың құрбандары ескерілмейді. Полиция хабарлаған қылмыстардың көп бөлігін тіркемейді. Жыл сайын полицияға хабарланатын 800 000-нан астам қылмыстар тіркелмейді. Бұл – 19 пайыз. Бұл мәселені есепке алмау деңгейі, сәйкесінше, 33 және 26 пайызды құрайтын тұлғаға қарсы зорлық және сексуалдық қылмыстар құрбандары үшін бұл өте жоғары. Бұл тіркелген қылмыстардың айтарлықтай үлесін тіркей алмау қабілеті мүлдем орынсыз.

Құрбандарға берілген неғұрлым толық анықтамалардың бірі Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің 1985 жылғы қылмыстар мен билікті асыра пайдаланудың құрбандары үшін әділ соттың негізгі қағидалары Декларациясында көрсеткені болып табылады және ол келесіні қамтиды:

«Құрбандар» – бұл физикалық немесе психикалық жарақаттарды, эмоциялық қиналыстарды, экономикалық жоғалтуларды немесе олардың негізгі құқықтарын мүше елдер аумағында қолданыстағы қылмыстық заңдарын бұзатын әрекеттері немесе әрекетсіздігі арқылы үнемі бұзуды қамтитын, жеке немесе ұжымдық негізде зиян келтірілген тұлға (Goodey, 2005: 10).

Декларацияда осы анықтаманың тіпті қылмыскер анықталмаса да, сот қудалауына ұшарамаса немесе сотталмаса да, қылмыскер мен құрбан арасындағы отбасылық қарым-қатынастарға тәуелді болмаса да орын алады деп көрсетілген. Сондай-ақ, құрбанның отбасы немесе асырауындағы адамдар секілді тұлғалар да анықтамаға қамтылған.

Кімнің құрбан болып табылатындығы туралы пікірталастар құқық бұзушылардың кім екендігіне қатысты ой-пікірлермен байланысты. Қылмыс – әлеуметтік конструкция. Ол уақыт өте келе өзгереді – гомосексуализм Англия мен Уэльсте 1967 жылға дейін заңсыз болып келді. 6-тарауда айтылғандай, бір елде екі әйел алу саналатын құбылыс басқа елде полигамия болып табылады. Кейбір әрекеттер заң тұрғысынан қылмыстық емес деп қарастырылатын болса, кейбіреулері оларды моральдық тұрғысынан қылмыстық деп санауы мүмкін. Көшедегі айқай, қорқыту немесе жәбірлеу немесе шулы көршілердің болуы секілді кейбір жағдайлар қылмыстылықты білдіретін деңгейге дейін жетпеуі мүмкін, бірақ олар қолайсыз мінез-құлық ретінде анықталып, өзімізді құрбан ретінде сезінуге мәжбүрлейді. Осы ережелерді бұзғандар құқық бұзушылар болып табыла ма? Немесе олар осындай ережелердің құрбандары ма (мысалы, 1950-жылдарда ересек гомосексуалистерге берілген рұқсат)? Осылайша, заңнама, қоғамдық нанымдар және құқық бұзушылар мен құрбандар болып табылатын адамдарға қатынас белгілі бір уақыт ішінде қалыптасады, орналасады, өзгеріске ұшырайды. Алайда, бұл анықтамалар мен позициялар қылмыстық сот төрелігі жүйесі шегінде осындай адамдармен қатынасқа айтарлықтай ықпал етеді. Осындай дебаттардың қызықты мысалы секс-индустриясына қамтылғандарға ықпал етуге қатысты болды. Сол кездері секс-бизнесінің жұмыскерлері негізінен тұтқындалып, құқық бұзушылар ретінде қылмыстық жауаптылыққа тартылды, соңғы кездері барған сайын осы тұлғалардың көпшілігі өте осал деп танылып

келеді. Осылайша, осы тұлғалардың ізіне түсуден олардың қызметтерін сұрайтын пайдаланушылардың ізіне түсуге ауысты. Crown Prosecution Service (2014) корольдік прокуратура сайты «жезөкшелікті құрбандарға бағдарланған қылмыс деп, зорлыққа және пайдалануға ұшыраған адамға тұтастай көмек беріп, жезөкшеліктен шығу үшін қолдау қажет ... Сонымен қатар, жезөкшелікпен айналысатын тұлғаларды асыра пайдаланатындарды мұқият тергеп-тексеріп, сот тәртібі бойынша қудалау қажет» деп танитындығын көрсетті.

Нидерланды қарым-қатынастың өзгеруі жезөкшелерді сексті тауар ретінде сататын еркін агенттер немесе пайдаланылатын құрбандар ретінде сәйкестендіруге ықпал ететіндігін көрсететін мысалды келтірді. Huisman мен Nelen (2014: 624) соңғы жылдары жезөкшелерді жезөкшелікті заңдастырғаннан кейін құрбан ретінде қарастыруды қойғандығын түсіндіреді. Көші-қон мен адамдардың заңсыз саудасымен өрши түсетін жезөкшеліктің қараңғы тұсына көбірек назар аударылады.

Алайда біз өзіміздің тәсілдемелерімізде өлшеулер жасауымыз қажет, егер әлдекім сексуалдық қызметтерді іздеумен айналысса, біз олардың нәліктен осылай жасайтындығын білуіміз қажет. Жазалайтын маятниктің қылмыскерге қайта бұрылуы репрессивті және кертартпа болып көрінуі мүмкін.

8.2-қосымша. Алымсақтанудың ауытқу сызбасы, Yvonne Shell

Хэмпшир полициясы он жыл бұрын кезінде жасырын ниетпен жасалатын қылмыс, қазір алымсақтану деп аталатын қылмыстан сақтандыру алған ер адамдарға бір күндік бағдарлама жасау және жүргізу үшін маған және пробация бойынша аға әріптесіме жүгінді. Бұл мақсатты топ бұрын сексуалдық немесе зорлық қылмыстар жасамаған, секс-бизнестің көшедегі жұмыскеріне сексуалдық акт үшін төлеуге тырысумен байланысты қылмыс үшін ұсталған және ескерту алған, алғаш рет құқық бұзғандар болды. Менің де, менің әріптесімнің де осы салада жұмыс тәжірибеміз болмады, себебі, екеуіміз де бұрын тәуекелі жоғары қылмыстармен жұмыс істедік. Сонымен қатар, екеуіміздің де сексуалдық қылмыс жасаған тұлғалармен жұмыс жасауда зор тәжірибеміз болды және осы құқық бұзушылықтардың сипаты Сексуалдық негіздегі қылмыстар туралы заңға сәйкес қабылданды.

Психологиялық-педагогикалық білім беру, когнитивті-мінез-құлықтық терапия және рецидивтердің профилактикасы элементтерін қамтитын бір күндік бағдарлама жасауды жалғастырдық. Қазіргі кезде бұл бағдарлама оннан астам полиция қызметтерін қамтыды. Оған бірнеше рет тәуелсіз баға берілді, соңғы рет 2010 жылы Hamilton бағалады. Біз осы курсты жасай бастаған кезде жылдам үйрендік. Бұл оқыту әйелдер бастан кешіретін ауырлықтарға емес, курсқа қатысушылардың өздерінің мінез-құлықтарында көрсеткен өмірлеріндегі қауіп-қатер мен үлкен тәуекелдерге назар аударды.

Осындай басқа бағдарламалар, шынымен де, көшедегі секс-жұмыскерлерінің өзінің күнделікті өмірі туралы әңгімелерін қамтыды. Біздің оқытуымыз курсқа қатысып отырған адамдарды кінәлап, айыптау емес, қарсылық келтіру мен қорғанысты арттыру үшін білім беруді көздеді, себебі, олар өздерін әдепті адам ретінде сезінуді сақтауға ұмтылды. Демек, бұл курсты біз осы кітаптың басқа тарауларында, соның ішінде 11-тарауында келтірілген ықпал етуде дамыттық. Біз осы 1 күн қатысушылардың осы уақытты өзіне, өздерінің жақындарына және жалпы олардың өміріне қатысты өздерінің мінез-құлқымен өзіне алған тәуекелдердің фасилитаторлары тарапынан соттық емес қолдаумен шешімдер қабылдауда қолдана алу үшін олардың тарапынан маңызды ойлау күніне айналуы мүмкіндігін түсіндік.

Осы курстан алған жеке әсерім, бұл көптеген тыңдаушыларға деген шексіз құрметім деп шын айта аламын, себебі, олар топта қарым-қатынастар, жалғыздық, физикалық және психикалық мәселелер саласындағы өздерінің осалдылықтарымен бөлісті. Бұл курс оған қатысып жүргендер үшін оңай емес. Бұл қиын, кейде мұңды, бірақ ақырында күннің соңына таман кері байланыста ер адамдар мұның жағымды тәжірибе болғандығын, оларды естіп, түсінген сезімде екендігін, олардың өміріндегі осы көріністің шегінен шығу үшін неғұрлым кең шектер мен қызметтерді түсінетіндігін айтты.

Ақырында, курстың өз-өзін қаржыландыратындығын және оған қатысу үшін ер адамдар сотқа жүгінгенге қарағанда, аз комиссиялық төлемдерді төлегендігін айта кету маңызды. Бұл ақшалар курсқа төлем ретінде қолданылады. Қалған ақша курс өтіп жатқан жергілікті полиция учаскесіне қайтарылады және полиция осы ақшаны құқық бұзушылық орын алған жергілікті қоғамда қалай қолданылатындығын шешеді. Қауымдастық айқын өтемді көріп отыр және қазіргі кезде ақша әйелдерге арналған баспаналарды, психиатриялық қайырымдылық ұйымдарды және жас клубтарды қолдауға жұмсалады.

Осындай дебаттар сонымен қатар «лайықты емес» және «мінсіз» құрбандар туралы түсініктермен және құқық бұзушыларға емес, оларға қандай да бір жауапкершілікті жүктеу қажеттігі мен қандай көлемде болуы туралы түсініктерімен қиылысады. Бұл, әсіресе, құрбан қандай да тәсілмен инцидентті жылдамдатты деп саналуы мүмкін жағдайларда орынды болады. Құрбандар басқаларына қарағанда, әділдікке немесе қолдауға «лайықты» ма? Егер қылмыскерді өзінің бандасы ұрып кетсе, артқы орындықта ноутбук айқын көрініп тұрған автомобильге ұры түссе, ер адаммен түн өткізіп, түн ортасында өзінің пәтеріне келе жатқан әйелге шабуылдаса, осы құрбандар әділдікке азырақ лайықты болып табыла ма? Және, керісінше, егер сау, қамқор, бір некелі тұрмыстағы әйелдің үйіне кіріп, оны ұрып, қарсылық көрсеткеніне карамастан зорласа, «мінсіз» құрбан көбірек әділдікке лайықты ма? Spalek (2006: 35) кінә мен жауаптылық арасындағы шекті түсіндіре отырып, кейбіреулердің азаматтардың виктимизациядан қашқақтау «міндетін» көрсететіндігін айтты. Көптеген құрбандар өздерінің әрекеттері үшін өздерін кінәлайды (Barnes, 2013). Шынымен де, қылмыстық жарақаттар бойынша өтемақы төлем (төменнен қараңыз) секілді кейбір шаралар құрбанның «лайықтылығының» шарасы болуы да мүмкін, мысалы, тек криминалды емес төлемдерді ғана қалдыру (егер олардың алдыңғы қылмыстылығы ағымдағы оқиғаға еш қатысы болмаса), мінез-құлқы инцидентке ықпал етпеген және полициямен әріптестік жасаған «мінсіз» құрбандарға толықтай төлеу.

ҚАНША ҚҰРБАН БОЛААЫ?

5-тарауда айтылғандай, Англия мен Уэльсте қылмыстар саны мен түрлері туралы ресми статистикалық деректерді полиция тіркейді және Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық статистика басқармасы салыстырады. Соңғы деректер 2014 жылы наурызда аяқталған, бір жыл ішінде полицияның 3,7 млн. қылмыс тіркегенін көрсетіп отыр (Ұлттық статистика басқармасы, 2014 жыл). Жоғарыда айтылғандай, барлық қылмыстар полицияға хабарлана бермейді. Полиция сексуалдық қол сұғушылық азшылығы туралы ғана ақпараттандырылғаны кеңінен танылады (мысалы, НМІС, 2014, Kelly, 2002; Walby мен Allen, 2004). Muhill мен Allen (2002) полиция зорлаумен байланысты қылмыстардың 20%-ын ғана білетінін айтты, бұл 5-тарауда келтірілген қылмыстылық концепциясының

элеуетті «қара санын» көрсетеді. Ақпаратты бермеу және қылмысты жазбау қанша «құрбанның» бар екендігін бағалауға ықпал етуі мүмкін, бұл олардың қалай анықталатындығы мен қылмыстық сот төрелігі жүйесі шегінде қарастырылатындығына ықпал ететін болады.


Тіркелмеген және бекітілмеген қылмыстарды қоса отырып, неғұрлым толығырақ көріністі алуды көздеумен қатар, әртүрлі елдерде бірнеше жыл бойы олардың қылмыстық виктимизациясы жөнінде адамдардан сұрау жүргізілген қылмыстардың құрбандарына тексеру жүргізілді. Мысалы, Қылмыстылықты британдық зерттеу 2001 жылы орта есеппен полицияға хабарланғандарға қарағанда 4 есеге жиі деп «есептеді» (Kershaw et al., 2001). Жақында Англия мен Уэльске арналған Қылмыстылық шолуында (бұрын қылмыстылық британдық зерттеу) Англия мен Уэльсте 2014 жылы наурызда аяқталған бір жыл ішінде үй иелері мен ересек-резиденттерге (16 жас және одан жоғары) қарсы 7,3 млн. қылмыс тіркелгендігі анықталды (Ұлттық статистика басқармасы, 2014 жылы). Америка Құрама Штаттарын, Финляндияны, Францияны, Германияны, Нидерландыны, Швецияны және Жаңа Зеландияны қоса алғанда, басқа елдер осындай сұраулар жүргізеді, бірақ олардың әдістері, зерттелетін кезеңдері мен жауаптарын бағалау жүйесі бір-бірінен айрықшаланады, бұл салыстыруды қиындатады. Стандарттау және қарама-қарсы салыстыру, мысалы, сұрақтарды әр түрлі тілдерге аудару жолымен талпыныстар жасалды, бірақ таңдамалардағы, сұхбат ұзақтығындағы, саяси ой-пікірлердегі және шығындардағы айырмашылықтар тікелей салыстырудың қиын екендігін білдіреді (Mayhew, 2000; Office National Statistics, 2014).

Осылайша, виктимизацияның нақты көрсеткіштерін дәл есептеу қиын. Сонымен қатар, қылмыстылықтарды және олардың таралуын зерттеу кең қоғамға жанама салдарды ескермейді, мысалы, қылмыстылық алдындағы қорқыныш.

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТАН ҚОРҚАТЫНААР ҮЛКЕН ТӘУЕКЕЛГЕ ҰШЫРАЙАЫ МА?

Қылмыстылық алдындағы қорқыныш қылмыстылық саласындағы үрдістерді талдау (Gray et al., 2011) секілді назарға түспесе де, қылмыстылықтан қандай да бір жолмен жәбірленуші болу қорқынышы нақты қылмыс тәжірибесіне қарағанда, халық арасында кең таралған болып табылады, феномен ретінде 1990-шы жылдардан бастап танылды (Hale, 1996). Қылмыстылық алдындағы қорқыныш бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалымен өрши түседі және қылмыстылық көлемін бағалауда эвристикалық жалған сенімдерге әкелуі мүмкін (мысалы, егер жарқын әрі естен кетпес мәнерде, мысалы, баланы ұрлау немесе адам өлтіру туралы хабарланса, туындау жиілігінің арту үрдісіне ие қолжетімділік эвристикасы – осындай жалған сенімдердің қосымша мысалдарын 5.1-кестеден қараңыз). Осындай қорқыныштың бейнебақылау, сигнализация және сақтандыру секілді қауіпсіздік тауарларына сұраныс пен тұтынуды арттырды деп айтылды (Green, 2007).

Farrall мен Jennings (2012) бойынша уақыт өте келе қылмыстылық алдындағы қорқыныш өзгеруі мүмкін, мысалы, 1980 жылы Ұлыбритания алдында тұрған ең маңызды мәселе деп құқықтық тәртіп аталған болса, 2007 жылы қаржы дағдарысы оны ауыстырды. 8.1-суреттегі Ipsos-MORI трендтерінің деректері қылмыстылыққа қатысты алаңдаушылықтың төмендегенін және экономика мен нәсіл/көші-қон мәселелеріне қатысты қауіптердің артқандығын көрсетеді.



8.1-сурет. Қоғамның пікірі бойынша, Британия үшін неғұрлым маңызды болған сұрақтардағы үрдістер туралы ақпарат, 2007-2014 жылдар (Көзі: Ipsos–MORI Trend issues www.ipsos-mori.com/researchpublications/researcharchive/2905/Issues-Index-2012-onwards.aspx?view=wide)

Қылмыстылыққа қатысты алаңдаушылық, көріп отырғанымыздай, жасқа, жынысқа, психикалық және физикалық саулыққа, тұрғылықты ауданға, әлеуметтік-экономикалық мәртебеге, өмір сапасы мен нәсілге байланысты өзгереді (Modood, 1998; Stafford et al., 2007). Ол, сондай-ақ, құрбан болу ықтималдылығына, құқық бұзушылықты қабылдау салмақтылығына және жеке осалдығына байланысты ерекшеленеді (Warr, 1987). Мысалы, LaGrange пен Ferraro (1989) әйелдер мен қарт адамдардың неғұрлым үрейлену үрдісін көрсеткендігін, табысы 10 000 фунт стерлингтен аз адамдардың шамамен әрбір бесіншісі физикалық бұзылудың жоғары деңгейіне ие аудандарда немесе полимәдени аудандарда тұратындығын, бұзып ұрлау не зорлық-зомбылық қылмыстарына неғұрлым көбірек мазасызданатындығын анықтады.

Алайда, қылмыстылық алдындағы қорқыныш әрқашан да нақты виктимизацияның объективті көрсеткіштерін көрсете бермейді, мысалы, табысы төмен жас ер адамдар, әдетте, неғұрлым азырақ үрейленеді, бірақ шындығында басқа топтағыларға қарағанда, құрбан болу тәуекелі жоғары (Lea мен Young, 1984; Wolhuter et al., 2009). Керісінше, жалпы әйелдер мен қарт адамдар қылмыстылықтан бәрінен қатты қорқуы мүмкін болғанымен (Hale, 1996), олар шындығында физикалық шабуылдау тәуекелінің ең төменгі топтары болып табылады (Wolhuter et al., 2009). Зерттеулердің біреуінде 16-29 жастағы балалар 60 жас және одан да жоғары жастағыларға қарағанда, 17 есе зорлық-зомбылыққа ұшырады (Chivite-Matthews пен Maggs, 2002). Wolhuter et al. (2009) қылмыс бірқатар құрбандарды көбірек қозғауы мүмкін, себебі, олар өздерін осал сезінеді және өзін қорғауға қабілеті азырақ деп тұжырымдады. Оңашада болатын жасырын зорлық-зомбылықты әйелдер мен қарт адамдардың жоғары қорқыныштарымен түсіндіруге болады.

Адамның алаңдауын оның шынайы мазасыздану жиілігімен үйлестіретін талдаулар үш нұсқаны ажыратып көрсетеді: алаңдамағандар, алаңдаушылар (яғни, жақында болған оқиғаны еске түсіріп, өзінің алаңдауы туралы мәлімдегендер) және мазасызданғандар (яғни, жақындағы оқиғаны есіне түсіре алмағандар, бірақ сонда да алаңдағандар) (Farrall et al., 2009). Олар, сонымен қатар, функционалды алаңдауды, мысалы, зиянды жеңілде-

ту үшін лайықты шараларды қабылдау және пропорционалды емес сақтық шаралары қабылданған кездегі дисфункционалды алаңдауды ажыратады. Бір зерттеуде (Gray et al., 2011) олардың таңдамасының 21%-ы алаңдаушылар санатына (шамамен төрттен үші дисфункционалды алаңдаушылар ретінде сипатталды), ал 14%-ы мазасызданғандар санатына жатқызылды (олардың 73%-ы дисфункциямен ауыратындар ретінде жіктелді). Әйелдердің ер адамдарға қарағанда екі есеге жиі алаңдайтындығы қызықты, сіздің көршілеріңізбен бірдененің болуы мен олардың құрбан болуы да алаңдаумен байланысты. Ерте виктимизация мен әлсіз денсаулық дисфункционалды алаңдауға байланысты болды. Осылайша, қылмыстылық алдындағы қорқыныш кейбір адамдардың өмір салты мен өмір сапасына айтарлықтай ықпал етуі мүмкін, адамдар осыған байланысты белгілі бір салалардан қашақтап, өзінің қызметін белгілі бір деңгейде шектейтін болады (Bowling пен Phillips, 2002; Phillips пен Sampson, 1998).

«ҚҰРБАН БОЛУ» МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ САЛААРЛАРЫ ҚАНААЙ?

Қылмыстылық алдындағы қорқыныш өмір салтына ықпал ете алғанымен, нақты қылмыстың құрбанына айналу құрбан үшін де, отбасына, достарына және туыстарына қатарынан залал келтіру үшін де ауыр салдарлары болуы мүмкін (Eschholz et al., 2008). Екінші ретті виктимизацияның түсінігі нақты тергеу үдерісі мен қылмыстық қудалау жүйесі өздігінен құрбан үшін қосымша қиындықтар туындаған кезде кеңінен талқыланды.

ЕЙ ҚҰРБАНААР

Ықтимал көптеген әсерлер физикалық (жарақаттар), эмоциялық (қорқыныш), мінез-құлықтық (қашақтайтын) және қаржылық (пайданы жоғалту) тікелей виктимизацияға ұшырағандарға ықпал етеді. Олар оқиғаның сипаты мен ауырлығына, құрбанның ерекшеліктері мен қолдауға байланысты дереу немесе ұзаққа созылған болуы мүмкін (Spalek, 2006). Бір ерекше маңызды зерттеуде Жаңа Зеландияда Malcolm Rewa сериялы сексуалдық қылмыскердің шабуылын бастан өткізген әйелдердің әңгімелері толық баяндалады (Jordan, 2008b). Келесі түсіндірмелер тікелей виктимизацияға ие болуы мүмкін психологиялық ықпалды суреттейді:

... егер сіз мұны сипаттай алмасаңыз. Сізге өзіңіздің отбасыңызды енді мүлдем қорғайтындей көрінеді (Kathleen, 10-бет);

... оның сексуалдық жағы теріс болғанымен, ол бөлмеге кіріп, мені ұра бастаған кездегі қорқыныш – бұл зорлаудан да жаман болды (Suzanne, 11-бет);

... онда шынымен де маған қиын болатындай ешқандай зорлық-зомбылық болмады (Karen, 18-бет);

«Бір реттік» қылмыстық оқиғаның ықпалы тұрақты болуы мүмкін. Indermaur (1995) меншікке қарсы қылмыстың құрбандары ұзақ уақытқа созылған толқуды бастан өткізгендігін анықтады. Салдары күнделікті, мысалы, әлемнің «әділ» болып табылмайтындығына сенім немесе олар өздерінің өмірлерін бақылауды жоғалтты (мысалы, Kelly, 1988).

Дегенмен, виктимизация отбасыдағы қайталанатын зорлық-зомбылық жағдайларындағыдай, сексуалдық немесе нәсілдік қатынастарда үздіксіз болуы мүмкін, ал кей-

бір адамдар үнемі зорлық-зомбылық қорқынышында өмір сүреді және оның қайталануы мүмкіндігінен қорқады (Bowling пен Phillips, 2002; Dobash пен Dobash, 1979; Radford, 1992). Бұл «спиральді жарақат» ретінде концептуалданды (Davis, 1997; Williams 1997).

Виктимизацияның салдарлары Frances Andrade жағдайындағыдай апатты болуы мүмкін, 8.3-қосымшасында қысқаша мазмұндалған.

8.3-қосымша. Frances Andrade жағдайы

Frances жасөспірім болған кезінде өзінің музыка мұғалімі Michael Brewer тарапынан сексуалдық зорлыққа ұшырады. Ақырында, ол 2001 жылы досына айтты, ал досы полицияға хабарласты. Полиция тергеп-тексеру жүргізді және Frances одан әрі тұнжырай түсті. Сот жақындаған сайын оның жай-күйі одан да нашарлай түсті, ол дәрі-дәрмектер қабылдады. Судья сот үдерісінде алқабилерге Frances-ке түсіндірілмеген заң ережелерінен бірнеше үкімдерді қайтаруды бұйырды, келесі күні ол 2013 жылдың 24 қаңтарында өзін өлтірді. Ол 48 жаста болды. Ол өзінің жәбірлеушісін абақтыға алты жылға отырғызғанға дейін өмір сүрмеді. Полициялар психологиялық саулық жөніндегі мамандардың оның бастан кешіп жүрген тәуекелін бағай алмады деді, оның куәгерлік етудің қатты жарақаттайтындығын сезініп, «адам айтқысыз ашынушылыққа» бата түсті және қорғау тарапының адвокаты оған жеке шабуылдап жатқанын сезінді.

The Guardian, 24 шілді 2014 жыл

(www.theguardian.com/society/2014/jul/25/francesandrade-failed-by-mental-health-services-coroner)

Қарт адамдар мен жалғыздықта өмір сүретін адамдар секілді құрбандардың кейбір топтары бұзып ұрлау секілді виктимизацияның алуан түрлеріне неғұрлым осалырақ болуы мүмкін (Budd, 1999) және мұның оларға әсері жас немесе физикалық жағдай секілді айнымалыларға байланысты өзгеруі мүмкін. Мысалы, кедей ауданда тұратын әрекет етуге қабілетті қарт адам есікті бұзып ұрлау немесе сатып алу кезінде нысана болады; алайда, қорғалған тұрғын үйлерде тұратын ауру қарт адам асыра пайдаланушылық немесе оған күтім жасайтын тұлғалардың тарапынан тонау тәуекеліне ұшырауы мүмкін. Құқық бұзушылықтардың екі түрінің де физикалық ықпалға және болашақ әлеуметтенуге (үйінен шығу немесе басқаларға сену) байланысты құрбан үшін ауыр салдары болуы мүмкін. Керісінше, көше төбелесіне қамтылған жас ер адам аздаған жарақат алуы, бұл туралы хабарламауы және ойламауы мүмкін. Алайда, әртүрлі адамдарда әртүрлі реакция шектері болатындығын және стереотипті реакцияларға жалпылау орынсыз болу мүмкіндігін есте сақтау маңызды. Қарт әйел адам мықты және күйзеліспен күресу алуы мүмкін, ал жас адам ауыр жарақаттануы мүмкін. Зерттеулердің бірінде, мысалы, ауырлығы төмен қылмыстарға ересек адамдардың ықпалы жаппай және берік болуы мүмкіндігі анықталды (Norris пен Kaniasty, 1994), ал, басқа жағдайда шабуылға ұшыраған ер адамдарда фобиялар, ұйқының бұзылуы, жоғары қырағылық және өзін-өзі бақылаудың төмендеуі жиі туындап отырды (Stanko мен Hobdell, 1993).

ЖАНАМА ҚҰРБАНААР

«Тікелей» құрбандардан басқалары да бар – достар, туыстар, бірге тұратындар және қылмыс қозғаған туыстар (Rock, 1998). Олар құрбанды өздерінің қиналып жүргендерін

толықтай түсінбей, қолдауға тырысады. Олар, сондай-ақ, қылмыстылықты неғұрлым сипаттайтын болуы, дәрменсіздік немесе өзін-өзі кінәлау сезімін сезінуі, оларды тірі қалдырған жағдайда (мысалы, мектепте атысты немесе лаңкестік актіден тірі қалған) «кінә сезімін» сезінуі немесе отбасыны және/немесе достарды үнемі жоғалтуға мәжбүр болуы мүмкін. Бір анаға ұлының өлгенін естірткен кездегі сәті сақталып қалды: «Мен оның не айтқанын естімедім... Мен есеңгіреп қалдым ... Оның мені шақырғанын естідім ... Мен өзімнің қалай айқайлап жатқанымды естідім ... Мен өмірім соңына жетті деп ойладым» (Thompson, 2007: 109).

Туысын немесе жақын досын өлтіріп кеткен 16 миллион ересек американдықтар есепке алынды. Осы адамдарда жарақаттанудан кейінгі күйзелісті бұзылулар, депрессия, қорқыныштар белгілері жалпы болып табылады (Amick-McMullan et al., 1991). Өзін-өзі өлтіру, қашқақтайтын мінез-құлық (яғни, жарақат алумен байланысты жағдайлардан қашқақтау) және есірткілер мен ішімдікті асыра тұтыну да қылмыстық істен зардап шеккендер арасында анықталады. Сонымен қатар, жақынын өлтіріп кеткен тұлғалар әлемнің қауіпсіздігінің жоқтығын сезіне бастайды. Олар өзінің сүйікті адамын қорғамағаны үшін өздерін кінәлауы мүмкін және болашақта өзінің қауіпсіздігі немесе өзінің отбасының қауіпсіздігіне қатысты жоғары алаңдаушылық танытуы мүмкін (Rinear, 1988). Балаларға жанама виктимизацияның әсері зор болуы мүмкін, бұл өмір бойы көптеген эмоциялық және когнитивті мәселелерде көрінуі мүмкін (Turner et al., 2006).

ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ТӨРЕЛІГІ ЖҮЙЕСІ ТАРАПЫНАН ЕКІНШІ РЕТТІ ВИКТИМИЗАЦИЯ

Бұл құрбан қылмыстық сот төрелігі жүйесі үдерістерінің қудалауына ұшырағандығын сезінген кезде орын алады (Pointing пен Maguire, 1988). Екінші ретті виктимизация, әсіресе, сексуалдық зорлық жағдайларына қатысты салыстырмалы түрде кең таралған құбылыс болып табылады және құрбандарды сот талқылауларынан алып кетуі мүмкін (Ellison, 2002). Сексуалдық қылмыс туралы хабарлап, көбісі қылмыстық сот төрелігі жүйесінің оларға қалай қарайтындығынан қорқып, үдерісті орта жолдан тастап кетеді (Feist et al., 2007). Ullman мен Townsend (2010) зорлау құрбандарының 72%-ында қылмыстық сот төрелігі жүйесінің теріс тәжірибесін анықтады. Бұл құрбандардың өздеріне де, оларды қоршаған адамдарға да ықпал етуі мүмкін. Кез келген сүйікті адамның ажалы күйзелісті болуы мүмкін, себебі, ажал кенеттен болуы мүмкін, қосымша қиындықтар туғызуы ықтимал (басқалары құрбанның өзін шабуылға кінәлауы мүмкін) және қылмыстық сот төрелігі жүйесінде бағдарлану қажеттілігімен байланысты қосымша мәселелер туындауы мүмкін. Қылмыскерді ұстамауы мүмкін, жәбірленуші тараптар әділеттілікті сезінбеуі ықтимал, оқиға ауру мен жоғалтуды тудыруы мүмкін, және осы шақыртулармен, бұзушының ықтималды босатылуымен қатар жүруі мүмкін (Bucholz, 2002; Ogelsby, 1997; Schlosser, 1997). Жүргізілген зерттеулер психологиялық дистресс жағдайындағы адамдардың қылмыстық сот төрелігі жүйесімен азырақ қанағаттанғандығын көрсетті (Amick-McMullan et al., 1989).

Сексуалдық және үйдегі зорлық-зомбылық құрбандарына қатысты Herman (2005: 581) былай деп түсіндірді: «Мұның маңыздылығының осыншалықты аз екендігін ашу жалғыз аса зор күйзеліс болды». Жәбірленуші медициналық тексерістен өте алады, оның меншігіне сүргі салып немесе дәлелдеме ретінде қабылдануы мүмкін, ал түсініктемелер беру ұзаққа созылуы ықтимал. Мысалы, зорлау құрбандарына арналған Jordan (2008b) зерттеулеріндегі құрбандардың бірі «егжей-тегжейіне дейін айту шынымен де өте қиын»

болды деп мәлімдеді (Kathleen цитатасы, Jordan зерттеуі, 2008b: 41). Сексуалдық қылмыстардан жәбірленушілер мұны басқа адамдарға сипаттай отырып, ұялуы мүмкін – Jordan жүргізген зерттеудегі басқа құрбан қылмыскер мұны «Егер сен полицияға баратын болсаң, сен ұялатын боласың» (Connie цитатасы, Jordan зерттеуі, 2008b: 10) дей отырып, бақылау әдісі ретінде қолданғандығын мәлімдеді. Құрбандарға, сондай-ақ, полиция дәрігері медициналық қарап-тексеруді өткізгенге дейін душ қабылдауға рұқсат етілмейді, бәлкім, олар маман ер адамға баруға мәжбүр болады, бәлкім, олар жүктілігіне немесе жыныстық жолмен берілетін ауруларға байланысты сексуалдық денсаулық емханасына жүгінуі қажет болар, осының барлығы жинала келе, жәбірленушілердің алған жарақатын ұзарта түседі (Jordan, 2008b).

Зорлау туралы аңызды зерттеулерде көрсетілген зор табыстарға қол жеткізілгенмен, мысалы, қоғамдық нанымдар (7-тарауда талқыланған Bohner және оның әріптестерінің еңбегін қараңыз), қылмыстық сот төрелігі жүйесі шегінде бірқатар қызметкерлердің қарым-қатынасына ықпал етуі немесе көрінуі мүмкін. Құрбандардың сауығуы үшін маңыздылығына (Gilmore мен Pittman, 1993) қарамастан, құрбандардың халықаралық деңгейде қарастырылуына қатысты үлкен сәйкессіздіктер бар (Gilmore мен Pittman, 1993; Gregory мен Lees, 1999; Herman, 2005; Jordan, 2001). ТФБ қызметкері көрсеткендей, «Зерттеушілер құрбанның тұлғасын, шабуылмен байланысты мән-жайларды, қорқыныш факторын назарға алмай, құрбанның өздерінің жасап жатқан әрекеттеріне реакциясын жиі бағалайды» (Hazelwood пен Burgess, 1999: 143). Құрбанмен қарым-қатынастар немесе оның денесіндегі жарақаттар саны секілді көптеген факторлар қылмыстық сот төрелігі жүйесі қызметкерлерінің «пайымдауларына» ықпал етуі мүмкін (Gregory мен Lees, 1999). Сонымен қатар, сот жүйесінде құрбаннан айыптау тарапынан да, қорғау тарапынан да жауап алатын болады, бұл егер құрбанға деген сенімді азайтуға талпыныстар жасалған кезде уайымның үстіне уайым қосуы мүмкін. Құрбандар қылмыс жасалғаннан кейін біраз уақыт өтсе де, барлық егжей-тегжейлерін қайтадан еске түсіруге мәжбүр болуымен қынжылуы мүмкін. Олар, сондай-ақ, барлығының дұрыс болуын талап ете отырып, жауаптылықты сезінеді және көбісі өздерін айыптап жатқанын (Winkel мен Корреллаар, 1991) сезінуден қорқады (Jordan, 2008b). Бұл, көбінесе, қайталама виктимизация ретінде қабылданады (Jordan, 2008b). Кейбір зерттеушілер көптеген куәгерлердің кішігірім қиындықтармен ғана түсініктеме беретіндігін анықтаса, бірақ құрбандар, әдетте, сотта дәлелдемелер беруді неғұрлым жағымсыз қабылдайды (Spalek, 2006). Van de Zandt (1998) мұны «мемлекет рұқсат берген виктимизация» деп атаса, ал Herman (2005: 574) былай деді: «Егер әлдебіреу жарақаттану күйзелісінің белгілерін қоздыруға арналған жүйені әдейі ойлап тапса, бұл сотқа өте ұқсас болар еді».

ОРНЫН БАСАТЫН ВИКТИМИЗАЦИЯ

Қылмыстың салдарына ұшыраған әлдекімнің күйзелуі мен қиналыстарын бақылау кейде шаршау не орнын басатын немесе екінші ретті виктимизация деп аталатын еліктеме белгілер жиынын тудыруы мүмкін (Pearson et al., 2010: 288). Полиция қызметкерлері мен психикалық саулық жөніндегі мамандарда психоактивті заттарды шектен тыс тұтыну, депрессия, соматикалық шағымдар мен ұйқының бұзылуын қоса алғанда, жарақаттанудан кейінгі күйзелісті бұзылуға ұқсас белгілер жиі туындап жатады. Levin мен Greisberg (2003) тәуекел факторларын келесідей сипаттайды:

214 СОҒ ПСИХОЛОГИЯСЫ

- қайтыс болғандарды және тірі қалғандарды сәйкестендіру;
- тірі қалған балалармен жұмыс;
- әлеуметтік қолдаудың төменгі деңгейі;
- ұзақ ықпал ету;
- жарақаттың алдындағы жағдай;
- психикалық бұзылудың алдыңғы емделуі;
- шектеулі тәжірибе;
- сонымен қатар, бақылаудың болмауы.

Campbell (1994) құрбандар (қылмыспен байланысты жарақатты сезінетіндер), полиция қызметкері секілді мамандар (жарақаттануды алғаш болып бақылайтындар) және терапевтер (жарақаттану туралы есептерін тыңдай отырып, екінші ретті ықпалға ұшырайтындар) арасында континуум болуы мүмкін деп болжайды.

Brown мен Anderson (2000) 27 ер мен 30 әйел офицерлер толтырған Figley's (1995) сауалнамасын қолданды. Олар офицерлердің 44%-ы тәуекелі өте жоғары топқа және тек 2%-ы ғана тәуекелі өте төмен топқа түсетіндігін анықтады. Құрбандардың жарақаттану тәжірибесін тікелей бақылау – бұл кәсіби күй көрсеткіштеріне ықпал ететін ең маңызды аспект. Brown et al. (1999) сексуалдық қылмыстарды тергеп-тексерумен байланысты күйзеліс факторының екінші ретті ықпалы және әйел офицерлердің ерлерге қарағанда жағымсыз белгілерді жиі байқататындығы туралы хабарлады. Қолдау аз көрсетілетін және офицер өзін әріптестерінің тарапынан қолдаусыз оқшауланғандай сезінетін ауылдық аудандарда жұмыс істейтін әйелдер бәрінен де көп жапа шекті. Әділ әлемге деген қатерлер әйелдерге қарағанда ерлерге неғұрлым тән болуы қызықты жағдай.

Campbell (1994) жарақат алған құрбандармен жұмыс істейтін терапевтердің бірқатар реакцияларын сәйкестендірді:

- клиент эмоцияларының көрінуі – террор, ашу және ашынушылық;
- эмоциялық жүктеме;
- өзінің бұрынғы жарақаттарының қайта тууы;
- клиенттің қиялдарының өз ойларына енуі;
- өзінің осалдық сезімін тудыруы;
- араласудың тиімділігіне сенімнің жоғалуы;
- құтқарушының рөлін қабылдауы;
- клиенттің ашу сезімімен немесе қайғысымен шектен тыс сәйкестендіруі;
- вуайеризмге қызығушылық;
- куәгердің немесе тірі қалғанның кінәсі;
- клиенттің сезімдерін қабылдау – абдырап қалу, диссоциация, манипуляция.

Кәсіпқойларға да, жанама құрбандарға да әлеуетті зиянды ықпалдан құтылу үшін мониторинг пен супервизия маңызды.

ҚҰРБАНААРҒА ОЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ КӨМЕКТЕСЕ МЕ?

Құрбан болудың салдарын тереңірек түсіну және жәбірленушілердің мәселелерін шешуге талпыну XX ғасырдың екінші жартысында бірқатар қызметтер мен саясаткерлердің пайда болуына әкелді. Кеңес беру, өтемақы төлеу, залалдың орнын толтыру және медиация формасында құрбандарды қолдау жасалынды.

Мысалы, Newburn (2003) адам саудасының құрбандарына 1960-шы жылдардан бастап Жаңа Зеландияда, Аустралияда, Канадада және көптеген еуропалық елдерде

қаржылық өтемақы төлеуге мүмкіндік берілгендігін көрсетті. 1970-жылдардың аяғында және 1980-жылдарда құрбандарды қолдау, зорлау бойынша дағдарыстық орталықтар, балаларды қорғауға арналған жетімдер үйлері, Childline секілді кеңес беру және қайырымдылық қосалқы қызметтер енгізіле бастады. 1980-жылдары, сондай-ақ, құрбандарды тергеп-тексеру барысы мен медиация бастамашылдығын енгізу туралы ақпараттандыру үшін полицияны құрбандар тарапынан сот төрелігіне шақырулардың арта түскені байқалды (Walklate, 2001). 1990 жылы құрбандарға көрсетілуі тиіс қызметтер стандарттары анықталған Құрбан хартиясы қабылданды, 1991 жылы салық салмай, құрбандарға өтемақы төлеуді білдірген Қылмыстық сот төрелігі туралы заң қабылданды, 1995 жылы құрбандардың істерін қарастыратын соттарға берілуі тиіс төлемдер бойынша есептер қабылданды. 1997 жылы сотта түсініктеме беретін құрбандар мен куәгерлерге қолдау көрсетуді қоса алғанда, құрбандарға қолдау көрсету кеңейе түсті.

1999 жылы осал және қорыққан куәгерлерге сотта жақсы жағдайлар қалыптастыру және күйзелісін жою үшін оларға көмек көрсету бойынша арнайы шаралар қабылданды (Bull, 2010): сот залында куәгер айыпталушыны көрмеуі үшін экран қойылды, куәгерлерге сот отырыстарының залында емес, тікелей бейнебайланыс арқылы түсініктемелер беру мүмкіндігін қарастырды, адвокаттарды шығарып жіберу; париктерсіз және арнайы киімсіз судьялар; бос сот ғимараттары болды. Сонымен қатар, қатынас жасауда қиындықтары бар куәгерлерге көмек көрсету үшін делдалдар тартылды. Құрбандарға қылмыстың оған қалай әсер еткендігін түсіндіру мүмкіндігін беру үшін жәбірленушілердің жеке арыздары (зорлық салдарлары туралы арыз) берілді. Жәбірленушілермен байланыстар сызбасы секілді бастамалар құрбандардың құқық бұзушылар босатылған кезде ақпараттандырылуын білдіреді.

Алайда сыншылар көптеген қызметтер күтімдерді ақтамады, бізде құрбандардың құқықтарына бағдарланған АҚШ модельдеріне емес, қызметкерлерді беруге ерекше назар берілетін Еуропадағы жәбірленушілер саясатымен адамдардың құқықтарына емес, қажеттіліктерге негізделген тәсілдеме бар деп болжады (Hall, 2009). Сонымен қатар, осындай саясат құрбандарға көмек көрсетуге бағытталған деп болжанғанымен, кейбіреулері неғұрлым кең саяси мәселелерге бағытталған деп айтады. Мысалы, үкіметтің құрбандарды қылмыстан құтылу мүмкін еместігін көрсету және жазалау саясатын ақтау үшін қолданатындығы туралы болжам жасалды (сондықтан, үкіметтер барлық қылмыстарды тергеп-тексермеуі тиіс) (Garland, 2001).

Жеке арыздар секілді бастамаларды құрбандарға әрі қарай құқықтарды беруде және қылмыстың құрбанға әсер еткенін тереңірек түсіну үшін соттарға беруде позитивті қадам ретінде қарастыруға болады, осындай арыздардың жазылуында айырмашылықтар бар, олардың болуы туралы білу мен олардың мақсаттары шектеулі, олардың үкімді шығаруға ықпалы салыстырмалы түрде минималды болды (Graham et al., 2004; Hoyle et al., 1999). Құрбандарға қолдау көрсету секілді осындай мекемелердің тарапынан қолдау қылмыстан кейін қалпына келуге әкеледі және оны алатындар үшін мәні бар (Corbett және Maguire, 1988). Алайда, ерікті қызметтер шектеулі қаржыландырумен күреседі және «мінсіз» құрбандар мен «көпшілік» құрбандарына шоғырланған, сондай-ақ, көптеген құрбандар (мысалы, үйдегі зорлық-зомбылық құрбандар) мен қылмыстар (мысалы, ірі масштабты азшылық секілді құрбандарсыз қылмыстар деп аталатын) бұрынғыдай осы қызметтердің жұмысынан тыс қала береді. Мысалы, жас қылмыстылық бойынша көптеген зерттеулер салыстырмалы түрде жақынға дейін олардың виктимизация тәжірибесіне емес, олардың құқық бұзушылықтарына шоғырланды (Pain мен Gill, 2001). Сондай-ақ, мәдени, діни не-

месе басқа да тұлғалық мотивтердің негізінде жүзеге асырылуы мүмкін адамдардың қажет қолдаудың типі бойынша ажыратылатындығын білетіндігіне қарамастан, құрбандардың нақты топтарына қолдау жетіспейді (мысалы, Choudry, 1996).

Сондықтан, осындай бастамаларға қарамастан, қылмыстық сот төрелігі жүйесіне қамтылған көптеген құрбандардың тәжірибесі бұрынғыдай бірқатар теріс болу үрдісіне ие. Саясат шынымен болған кезде, тәжірибеде мәдени кедергілер, юристер мен сот органдарының жұмыскерлері жүзеге асыратын үдерістер ізгі ниетке әлі қол жеткізбеді (Hall, 2009). Spalek (2006) құрбанға бағдарланған сот қарауының келесідей болуын сипаттайды:

- әсіресе, уақыттық шектеріне сәйкес құрбанның (процедура, персонал және т.б.) қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы;
- дәлелдемелерді беруде, адвокаттардың жауап алуы кезінде өзінің тарихының «биттерін» баяндауға мүмкіндік беріп қана қоймай, құрбанның үздіксіз әрі толық түсінуі және бейімделуі;
- сонымен қатар, өзі қабылдайтын және құрбанды қарама-қарсы жауап алуда азырақ конфронтациялық (текетірес) үнмен қабылдайтын мәдениетті (және мінсіз жағдайда бұл жалпы қылмыстық сот төрелігі жүйесіне дейін кеңейтілуі тиіс) қамтуы тиіс.

Қылмыстық сот төрелігі жүйесінің мәселелерді ушықтыра түсуі және қылмыстың түбін қозғамауын мойындай отырып (Clear мен Rose, 1998), реституциялық сот төрелігі көптеген мәдениеттерде «қылмыскермен бірге жәбірлеуші тараптарды» тарту әдісі ретінде ұсынылды (Eschholz et al., 2008: 179). Реституциялық сот төрелігі бірқатар әдістерді (мысалы, кездесулер қылмыскермен және құрбанмен ғана жүргізілуі мүмкін немесе өзіне отбасыны, достарды, куәгерлерді, қауым мүшелерін қамтуы мүмкін), әртүрлі медиаторларды (мысалы, полиция, сот персоналы, оқытылған тұлғалар, волонтерлар) қамтуы мүмкін және қылмыстық сот жүргізу үдерісінде кез келген уақытта қабылдануы мүмкін (алдын ала тыңдаудан «босатылған» сәтке дейін және кез келген жерде олардың арасында). Онда өзінің тәжірибесімен бөлісетін және басқа тараптардың рөлін түсінетін сәйкес тараптар қатысады (Eschholz et al., 2008). Қылмыстық сот төрелігі жүйесі құрбанның рөлін «ұрлайтынды», ал, олар өздерінің оқиғасын әңгімелеп, өзінің ішкі жан-жарасын айта алады және сұрақтар қоя алатын реституциялық сот төрелігі оларға алаңқай береді деп айтылды (Eschholz et al., 2008; Tutu, 1999). McCold (2003) реституциялық сот төрелігіне қоғамдық оппозиция аз және құқық бұзушыны түсінуді, кекті азырақ қалау және ашу – қорқынышты азайтуды қоса алғанда, құрбандарға арналған артықшылықтарды көрсетілгендігін нақтылады (Hall, 2010).

Қылмыскерлер, сондай-ақ, дәстүрлі әдістермен салыстырғанда реституциялық сот төрелігінің неғұрлым қанағаттандыратын нәтижелері ретінде көрінеді және зерттеулер рецидивизмнің төмендетілуі, әсіресе, реституциялық сот төрелігінің неғұрлым жаңа әдістерінің көмегімен төмендетілетіндігін көрсетті (Bonta et al., 2006; Latimer et al., 2005). Hall (2010) осындай әдістердің жалғыз емес, құқық бұзушылардың мәселелерін шешудің басқа да тәсілдерін қамтуының маңыздылығын көрсетті.

СОТ ПСИХОЛОГТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ҮШІН ВИКТИМОЛОГИЯ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢИЗАБЫ?

Қорытынды жасай отырып, біз виктимизацияның масштабтарын өлшеудің қылмыстылық алдындағы қорқыныш пен оның ықпалы ауыр болу мүмкіндігіне және құрбан-

дар үшін әртүрлі саясаттар мен қызметтердің неғұрлым белсендірек бола түсуіне қарамастан, олар тәжірибеде бірқатар шектелген. Виктимизация тәжірибесі қылмыстық сот төрелігі жүйесінің өзімен күшейе түсуі мүмкін. Бірақ, мұның сот психологының рөліне қандай қатынасы бар? Осы тараудың келесі бөлімінде қаралатын болады, виктимологияны білу мен түсіну біздің тәжірибемізде неліктен үлкен мәнге ие. Бұл саясат пен тәжірибеге ықпал ететін стратегиялық деңгей болуы мүмкін немесе нақты жағдайларға қатысты неғұрлым жеке деңгей. Біз мұны сотқа дейінгі қараулардың сот психологтарының жұмысына және айыптау үкімін шығаруға қатысты бөлеміз. Сот кезіндегі олардың жұмысы 3-тарауда қарастырылады.

СОТҚА АЕЙІНГІ ВИКТИМОЛОГИЯ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗАЫ?

АДРЕКТЕРАІ ЖИНАУ

Қылмыс болғаннан кейін зерттеушіге бірқатар көздерден соның ішінде, қылмыс орнынан (мысалы, бәлкім, сот-медициналық сараптаманың куәліктері қалды) көп материалдар, пассивті дерек көздері (мысалы, CCTV) және куәгерлер мен құрбандардан ақпарат берілді. Осы «деректерді» лайықты жинау, сақтау және беру бұзушыларды жауаптылыққа тартады және осы үдерістердің бірқатарына сот психологтары көмектеседі.

Психология зор үлес қосқан бір сала құрбандар мен куәгерлерден сұхбаттасу барысында деректер жинаумен байланысты. Тарихи түрде психологтар таным мен есті зерттеді, ақпаратты дәл әрі толық жинау қылмыскерді сәйкестендіру, қадағалау және табу талпыныстарында өмірлік маңызды болуы мүмкін. Когнитивті сұхбат (Fisher мен Geiselman, 1992) жасалынды және неғұрлым сенімді дәлелдемелерді алу мақсатында куәгерлерден (соның ішінде, құрбандардан) сұрау әдісі қолданылды. Ол өзіне оқиғаларды ойша қалпына келтіру, әрбір егжей-тегжейі туралы есеп, оқиғалардың әр түрлі тәртіпте немесе әртүрлі көзқарастан сипаттау, сұхбат алушы мен сұхбат берушінің арасында байланыстың жақсаруы, мысалы, оларға тілді бейімдеу секілді әдістерді қолдануды қамтиды (Milne мен Bull, 1999) (осыны әрі қарай талқылау үшін 13-тарауды қараңыз).

ҚЫЛМЫСТЫ ТАЛААУ

Құрбан белгілі бір жерде белгілі бір уақытта құрбанға немесе объектіге айналған себептерді қарастыру құқық бұзушы мінез-құлқын талдауға кілт болып табылады. Мысалы, аналитик-криминалисттер шабуылдарды анықтауға немесе алдын алуға көмектесу үшін құқық бұзушылардың үлгілерін талдау ұсынылуы мүмкін. Көше патрульдері немесе хаттар/плакаттар қолданылуы мүмкін және жақсы хабарландыру немесе жоғары қауіпсіздік секілді шаралар таралуы мүмкін. Осыған кілт құрбандарды – олардың «кәсібін», қайда тұратындығын, өмір сүру салтын талдау болып табылады.

Қандай құрбандар немесе объектілер нысанаға айналады, сонымен қатар, қылмыс үшін жауапты құқық бұзушының типі мен мотивациясы ретінде сыбыр сөздер бере алады. Мысалы, зерттеу қолма-қол ақшаларға мұқтаж ұрлықшы ұрлықты таңдай алатындығын көрсетті, себебі, ол жергілікті жерді біледі, бірақ оған өте жақын тұрмайды, тұрғын үй төменгі қауіпсіздік шараларына ие (мысалы, тұрғын үй емес, ит жоқ, бейнебақылау камералары), үй нашар қаралады, одан жылдам қашып шығуға болады (Nee, 2004 мысалдарын қараңыз). Алайда таңдау салыстырмалы болуы мүмкін, қасиеті «мінсіз» болмауы

мүмкін, бірақ сол сәттегі қолжетімділердің үздігі болуы ықтимал. Басқалары, қымбат әшекейлерді немесе өнер туындыларын ұрлағысы келетін неғұрлым кәсіпқой ұрлықшылар, тіпті, олар осы жер туралы бірденені нашар білуі және қауіпсіздік шаралары туралы билетінін мойындай отырып, нақты жерлерге бағдарлануы мүмкін.

Құқық бұзушы тұлғааралық қылмыстарда құрбанды таңдауға қатысты жасайтын таңдау, сондай-ақ, осы құқық бұзушылықтармен байланысты анықтауда көмектесе алуы мүмкін (яғни, бірден көп қылмыс жасағаны үшін бір қылмыскердің жауаптылығын анықтау). Қылмыстар арасындағы байланыс туралы сұрақты қарастыруда сот дәлелдемелері болмаған жағдайда аналитиктер, мысалы, сексуалдық ниеттегі қылмыстар жағдайында, барлық құрбандар шабуылдауларға ұшырауы немесе бір жердің тергеушілерінің бірдей жынысқа немесе этникалық қатыстылыққа ие болуы, жастары бірдей ме, бір мектепке барды ма, бір дүкеннен өнімдер сатып алды ма, терезелерді тазартуға арналған бірдей құрал қолданды ма және т.б. секілді сипаттамаларды қарастырды.

Құрбанды таңдау, сонымен қатар, тұлғаның типін, мысалы, адам өлтірумен байланысты қылмыстарда көрсете алады. Мінез-құлыққа талдау жасайтын тергеуші қылмыскер-адам өлтірушінің профилін жасауды өтінді (құқық бұзушылық үшін жауапты тұлғаның ықтимал типі туралы анықтамалық ақпаратты бере отырып), құрбанның өмір салтын барынша анықтауға тырысты. Мысалы, полицияның деректері бойынша зорлық-зомбылық көрсетуге және есірткілер сатуға бейім 20 жасар ер адамды өз үйінде құрбан танытын қылмыскер атып кеткен. Орманда табылған, буындырылған және зорланған 14 жасар қыздың ажалы үшін жауапты қылмыскер құрбанға таныс болмауы мүмкін.

Құқық бұзушыларға қолжетімді ықтимал нұсқаларды және олардың қабылдайтын шешімдерін – қай жерде және қалай шабуылдау, кімге шабуылдауды қарастыру – мінез-құлықтық талдауда маңызды орын алады. Алайда, құқық бұзушы құрбанды таңдауға қатысты жасай алатын немесе жасай алмайтын бірқатар шешімдер туралы негізгі болжамдар жасау орынсыз.

Зорлықшы бұрын көрген, тартымды құрбанды көздеуі мүмкін, оның ізіне түсіп, күтеді, себебі, оның жүретін бағытын біледі. Дегенмен, ол қасында басқа ешкім жоқ кезде оның жолында кездескен қолжетімді әйел ретінде таңдалуы мүмкін. Адам өлтіру кезінде құрбанды таңдауда көптеген ықтимал мотивтер қарастырылуы мүмкін, егер бұл полицияға ықтимал күдіктілерді табу талпынысына көмектесетін болса, қылмыскердің нақты мотиві факторлардың күрделі өзара әрекеттесуі болуы мүмкін немесе бәлкім, ешқашан белгілі болмауы мүмкін. Мысалы, адам өлтіруші жезөкшеге шабуылдауы мүмкін, себебі:

- көше жұмыскерлері салыстырмалы түрде оңай қолжетімді және жоқтығын жылдам анықтауға болмайды;
- ол жәбірлеушісінің ашуына тиетіндей бірдеңе жасады – оны келеке етті, кемсітті, оның өтінгеніндей жасамады, «келісімнен» бас тартты немесе өте көп ақша сұрады;
- қылмыскерде жезөкшелерге қарсы вендеттасы болуы мүмкін, біреуге/бірдеңеге ашуын сыйғызбауы мүмкін, оған өлтіруді тапсырды, осы үшін ақша төледі немесе психикалық науқас болды және сандырақ/ параноидальды ойлар болды;
- немесе жезөкшені таңдау кездейсоқ сәйкестік болуы мүмкін (құрбан сол кезде «жұмыста» болмады – қолайсыз жерде қолайсыз уақытта болды).

Алайда, виктимологияны қарастыру жынысы, жасы, кәсіби және орналасқан жері секілді демографиялық мәліметтермен жай байланыста емес. Кейде алдыңғы құрбандардың белгілі мінез-құлқымен қатар, адам мінез-құлқының нюанстары ескеріледі. Өзінің

үйінде қандай да бір мәжбүрлі ену белгілерінсіз өліп жатқан жерінен табылса, кім шынымен танымайтын адамдарға ешқашан есікті ашпай, өзінің қауіпсіздігін жоғары дәрежеде сезіне алады, оны өзі танитын адам өлтіруі мүмкін. Алдыңғы ұрлау талпынысы кезінде қарсылық келтірген әлдекім болашақтағы құқық бұзушының кез келген талаптарын толықтай орындау ықтималдылығы төмен. Дегенмен, егер біреуді алдыңғы ұрлау талпыныстары кезінде жараласа, келесіде өзінің ақшаларын беруге бейім болуы ықтимал. Бұл мінез-құлықтың тұрақтылық пен өзгерушілік түсінігін енгізеді. Бұл 9-тарауда толығырақ қарастырылатын болады, алайда құрбан мен құқық бұзушының мінез-құлқы тұрақты болу мүмкіндігін, сондай-ақ, адамдардың үйренуі мен дамуына байланысты өзгеру мүмкіндігін айта кеткен жөн. Бұл өзара байланысты құқық бұзушылықтарды қарастыру кезінде ерекше маңызды – сол қылмыскер көнбіс зорлық құрбанымен кездескенде қандай да бір қатыгездік көрсетпеуі мүмкін, алайда егер болашақ шабуылда құрбан көнбіс болмаса, оны ол вербалды немесе физикалық қатыгездікке ұшыратуы мүмкін. Кейбір құрбандардың өздері осыны мойындады және сәйкесінше, өзінің мінез-құлқын шабуыл кезінде бейімдеді – «сіз неғұрлым қарсылық көрсетсеңіз, соғұрлым көбірек ұрады» (Suzanne, Jordan-да цитаталанады, 2008b: 9) және «ол қалайтынын алады, онымен әңгімелесу – уақытты босқа жоғалту» (Raquel, Jordan-да цитаталанады, 2008b: 21). Кейбір құқық бұзушылықтар құрбандардың мінез-құлқы ескерілгенде басқаша көрінетіндігіне қарамастан, қылмыскер мінез-құлқының өзгеруін оңай түсіндіруге болады.

СОТТАН КЕЙІНГІ ВИКТИМОЛОГИЯ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗАЫ?

БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСКЕРМЕН ЖҰМЫС

Соттан кейін қылмыскерді бағалау мен оған лайықты қарауға қатысты біз құрбанның өзін талдау маңызды деп санаймыз, мұны сот психологы немесе тіпті қылмыскердің өзі жасауы тиіс. Мысалы, сексуалдық қылмыскерге қатысты бұл өзіне бастапқы мотивацияны – жыныстық қатынаста болу, ашуын шығару, зорлық-зомбылық, билік, басымдық немесе бақылауды білдіруді қарастыруды қамтуы мүмкін. Қылмыскер құрбанның кәмелетке толмағандығын, оның түнгі клубта болғандығын, сол кездегі түрі немесе киінгенін білуін жоққа шығаруы мүмкін.

Құқық бұзушылардың неліктен жасағандығын және неге нақты құрбанның таңдалғанын қарастыру тәуекел мен ықпал етуге қажеттіліктерге қатысты дәл бағалауды жүргізуде негізгі рөл алуы мүмкін. Құрбанның 14 жаста екенін білетіндігін теріске шығаратын қылмыскер, сәйкесінше, көпшілік пікір бойынша, бұл ерікті секс болды, егер құрбан ересек әйел болған жағдайға қарағанда, әр түрлі адамдар үшін тәуекелдің әртүрлі типін тудырады.

Құрбанның рөлі реституциялық сот төрелегі әдістерінде көрсетіледі, ал құрбанға аяушылық сезімінің тапшылығы белгілі бір құқық бұзушылар түрлерімен жүргізілген кейбір құрылымданған топтық жұмыстарда қарастырылады (мысалы, сексуалдық қылмыскерлерге арналған шараларға қатысты – мысалы, Stockton мен Crighton, 2003). Алайда, осындай араласу бағдарламаларындағы жақында орын алған өзгерістер «құрбанға аяушылық сезімі» компонентін айтарлықтай қысқартты. Мұның негіздемесі құрбанды аяуға назарды аударып қылмыстылық деңгейінің төмендеуіне әкелетіндігі туралы дәлелдемелердің болмауы болып табылады (Jolliffe пен Farrington, 2004; McGrath et al., 2010). Қорғаныс факторларына және неліктен эмпатия құқық бұзушылықты жасау мен осы

мәселелерді тікелей шешу кезінде бұғатталғандығының негізгі себептерін анықтауға баса назар аударылады (Barnett, 2014). Бұл әйелдерге қатысты немесе сексуалдық қозуға байланысты негізін қалайтын нанымдармен байланысты және ықпал ету кезінде басқаша назар аударуды қажет етуі мүмкін.

Басқа бағдарламаларда құрбанды ретроспективті қарастыру азырақ айқындылыққа әкеледі және құрбанға ықпал етудің орнына қылмыскердің мінез-құлқына назар аудару қажет (мысалы, зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыскерлермен). Мысалы, Jennings (2003: 97) көрсеткендей, «ашумен күресудің «осындай» бағдарламаның негізгі мәселесі зорлық-зомбылық құрбандарының тәжірибесіне акценттің болмауы және адам бейнесін жоғалтудың моральсіздігі мен зорлық-зомбылық әрекеттер туралы пайымдардың болмауы болып табылады. Үйдегі зорлықшылар өзінің әріптесіне қатысты физикалық зорлықты азайтуы мүмкін, бірақ эмоциялық зорлықты арттыруы ықтимал, мысалы, өзінің физикалық агрессиясын бақылай отырып, олардың құрбанына зиян келтірудің басқа әдістерін қолдана алады.

ҚЫЛМЫСКЕРҚҰРБАН ЖАСАНАЫ БӨЛУ БОЛЫП ТАБЫЛА МА?

Қылмыскер мен құрбан арасындағы дихотомия аңғырт екендігі және «қылмыскер» мен «құрбандар» арасындағы айырмашылықтың айқын еместігі кеңінен мойындалады (Walklate, 1989). Jennings және басқалар (2012 жыл) әдебиетінің шолуында 1958 жылдан 2011 жылға дейінгі аралықта виктимизация мен қылмыс арасындағы сәйкестік бағаланған 37 зерттеуді анықтады. Алуан түрлі әдістерді, уақыт шектері мен мәдениеттерді қолдануына қарамастан 31 еңбекте көптеген құқық бұзушылардың құрбан болғандары және керісінше, жағдайлар табылды. Құқық бұзушылар мен құрбандардың ұқсас сипаттамалары бар (Fattah, 1989). Көптеген құрбандар қылмыстық айыптаулар алды немесе алып жатыр (Dignan, 2005; McGrath et al., 2011), ал, қылмыскерлердің өздері тіркелген де, тіркелмеген де қылмыстардың құрбандары болып табылады (Barnes, 2013). Олар өздері сотталған оқиғамен тікелей байланысты болуы мүмкін, мысалы, әйелдердің ер адамдарға жасаған ауыр зорлық актілері қатал қарау қатыгездігі жылдарында өздері жапа шеккеннен кейін орын алуы мүмкін (Pakes пен Pakes, 2009). Өздерінің ата-аналарын өлтіретін балалар көбінесе төзгісіз үй істеріне ие болып келеді және болашақтағы зорлық-зомбылықтан сақтау үшін зорлап әрекет етеді (Lyll, 2014). Керісінше, виктимизация мүлдем байланыссыз болуы мүмкін, мысалы, адам өлтірушінің үйін тонады; виктимизация ішінара байланысты болуы мүмкін, мысалы, құқық бұзушыға абақтыға қамау кезінде шабуылдауы мүмкін немесе балалық шағында сексуалдық зорлыққа ұшырауы, бұл жағдайдың оның болашақтағы қылмыстар формаларына ықпал етуі ықтимал. Мысалы, Felson мен Lane (2009) балалық шақта сексуалдық зорлыққа ұшыраған қамаудағы адамдардың балаға қатысты жыныстық қылмысты сегіз есеге жиі жасайтындығын анықтады.

Қылмыстылық пен виктимологияның сәйкестігі неліктен орын алу мүмкіндігінің бірқатар теориялық себептері бар. Оларға тұлғааралық құқық бұзушылықтың лайықты нысананың мотивацияланған қылмыскерге жақындаған кезінде ғана орын алуы мүмкін деп санайтын қызметтің кертартпалыққа негізделген теориясы (Cohen мен Felson, 1979) жатады, яғни, бір-бірімен байланысқа түскен тұлғалар құқық бұзушы немесе құрбан болу ықтималдылығын арттыруы мүмкін. Gottfredson мен Hirschi (1990) жалпы қылмыстылық теориясы сондай-ақ қылмыс пен виктимологияның арасындағы сәйкестікті адекватты тәрбие мен әлеуметтенудің жоқтығы ретінде анықтап (мысалы, девиантты мінез-құлықты танымау немесе оларға қатысты шараларды қабылдамау) делинквенттілік

пен қылмысты қызметке әкелуі мүмкін төменгі әлеуметтік бақылауға әкелетін деп түсіндіреді. Нашар тәрбиелеудің осындай «құрбаны» қылмыскер болуы мүмкін. «Шектен тыс тұтыну циклы» балаларға сексуалдық зорлық көрсету құрбандарының өздері сексуалдық қылмыскерлер болатындығын көрсетеді; бұл адамдар отбасымен және құрдастарымен әлеуметтену үдерісінде қарым-қатынастар мен әрекеттерді «қалыптандыру», өзара қарым-қатынастар, бақылаулар және ақтау жолымен криминалды мінез-құлықты зерттейді және модельдейді деп анықтайтын әлеуметтік оқыту теорияларымен түсіндіріледі (мысалы, Vandura, 1977; Felson мен Lane, 2009). Егер отбасында зорлыққа ұшыраған балалар мәселелерді шешуде сәтті санайтын болса, онда қайталау орын алуы ықтимал (Akers, 2009). Алайда егер әлеуметтік оқыту шынымен де орын алса, сексуалдық зорлықтың құрбандарының көпшілігі әйел адамдар болса, осындай қылмыскерлердің көпшілігі ер адамдар болып табылады. Кейбіреулері ер адамдардың жарақаттан көбірек қиналуы мүмкіндігін, өзін шабуылдың алдын алуға қабілетті немесе көмекке жүгінбей, виктимизацияны интернализациялауға бейім деп санайтындығын айтады (McGrath et al., 2011). Қылмыскер/құрбан бір-біріне қойылады, Setanta O'Kelly мысалын оқыңыз (11-тараудағы 11.2-қосымшаны қараңыз).

Криминологиялық әдебиеттегі талқылау, сондай-ақ, құқық бұзушылардың неғұрлым кең әлеуметтік виктимизациясын қарастырды. Субмәдени теориялар қоғамның, мәдениеттің және қоршаған ортаның қылмыстар үшін де, виктимизация үшін де мүмкіндіктер жасайтындығын көрсетті. Мысалы, Anderson (1999) егер адамның ортасында құрмет немесе «көшедегі несие» физикалық басымдылыққа ие болса, бұл «құқық бұзушыны» осындай мәртебені алуды қалайтын басқаның тарапынан келесі виктимизация үшін осал етеді деп көрсетті. Көптеген құқық бұзушылар үшін ортақ болып табылатын бірқатар «криминогенді факторлар» бар екендігін кеңінен мойындайды және зерттеулер осы факторлардың кейбіреулерінің құрбандарды да бөлетіндігін көрсетті; шынымен де осындай ма немесе делинквентті өмір салты кейбір адамдарды қылмысқа да, виктимизацияға да бейім ететіндігі айқын емес (Jennings және басқалар, 2012).

Andrews пен Bonta (1994) нашар білім, төменгі жұмыспен қамтылу, әріптестер/отбасы тарапынан қолдаудың болмауы, психоактивті заттарды шектен тыс пайдалану, криминалды құрдастар мен жалпы нашар жағдайлардағы өмір (яғни, қаржылық және тұрғын үй мәселелері) секілді тәуекел факторларын бөліп көрсетті. Сәйкесінше, қылмыскерлер өздері көтерілген санаттың, қоғамның және қоршаған ортаның «құрбандары» болуы мүмкін. Сәйкесінше, қылмыскерлердің өздері көтерілген сыныптың, қоғамның және қоршаған ортаның «құрбандары» болуы мүмкіндігін айтуға болады. Қылмыстық мінез-құлық бағдарламалары агрессия, албырттық, айналасындағы ойлаудың дисфункционалды шаблондары, мәселелерді шешу немесе билікке қарсы, сексизм немесе нәсілшілдік секілді белгілі бір топтарға әлеуметке қарсы қатынас секілді неғұрлым жеке/эмоциялық факторларға шоғырланады (Towl, 2003). Алайда, құқық бұзушылар қайта оралатын қауымдастықтарда ұшырасатын қиындықтар мен неғұрлым күрделі «макро» элементтер шешу үшін неғұрлым қиын. Бағдарламалардың абақтылерде білім алуда және жұмысқа тұру мүмкіндіктерін беруге көмектесетіндігіне қарамастан, жұмыс орындары үшін бәсекелестік жоғары және сотталғандығы кедергі келтіретін сыртқы әлемде олардың маңыздылығы азырақ болуы мүмкін. Қылмыскердің өмірлік жолын түсіну кез келген бағалауда маңызды орын алады және бұл өзіне олардың виктимизациясын қамтуы мүмкін. 11-тарауда қосымша қарастырылатын «жақсы өмір модельдеріне» қатысты осы неғұрлым кең сұрақтар қарастырыла бастайды.

8.4-қосымша. Рефлексияға жаттығу

1. 16 жасар ер бала анасымен және кіші қарындасымен бірге тұрады. Ол ешқашан өзінің әкесін білмеген. Ол өзімен жасты қызды кездестіреді, олар кездесе бастайды және сексуалдық қарым-қатынастарды бастағысы келеді. Оның жарты мөлшерлемеде жұмысы бар, бірақ ақшасының көп бөлігі отбасын асырауға кетеді. Ол барлық ұрлықшыларды қудалау саясатын жүргізетін дүкеннен презервативтер пакетін ұрлау үстінде қолға түсті.

Ол қылмыскер болып табыла ма немесе құрбан ба? Егер оған бірек отбасыны жоспарлау жергілікті емханасынан тегін презервативтерді ала алатындығын айтқанда, жағдай қалай өзгерер еді?

2. Сізді тонады деп елестетіңіз, қымбат емес, бірақ сіз үшін маңызды әшекейлер, ақшалар және электр заттары ұрланды, ал қылмыскер асхана жәшігінен қымбат тұратын пышақты шығарып, оны бетіне қойды. Өзіңіздің қалау тәртібіңіз бойынша ранжирлеңіз – сізге не қажет?

А) Эмоциялық қолдау – бағалы заттарды жоғалтудан өте уайым қайғыға салыну.

В) Қылмыскер жазалануы тиіс.

С) Қаржылық қолдау немесе жылдам сақтандыру төлемі.

Д) Практикалық қолдау, мысалы, қауіпсіздікті жоғарылату – қылмыскердің қайтып оралуынан қорқасыз.

Е) Ақпарат – полиция сот дәлелдемелері үшін алған пышақты қашан қайтарады?

Қазіргі қылмыстық сот төрелігі сізге қалай көмектеседі? Осы үшін жеткілікті ме?

3. Құрбанды қылмыстық сот төрелігі жүйесі орталығына қоюымыз қажет пе? Қылмыстың құрбанға ықпалының дәрежесіне байланысты көбірек немесе азырақ жаза алу әділ болып табыла ма?

ҚОРЫТЫНАЫ

Осы тарауда виктимизацияны анықтаумен және өлшеумен байланысты бірқатар қиындықтарды сипаттадық. Біз қылмыстылық алдындағы қорқынышты, жанама және екінші ретгі виктимизацияны, сонымен қатар, құрбандардың өздеріне әлеуетті қауіпті ықпал етуді талқыладық. Біз назардың әрқашан құрбанға аударылмау мүмкіндігін көрсете отырып, құрбандар үшін саясаттар мен қызметтерді қысқаша қарастырдық. Осы тараудың негізгі тақырыбы сотқа дейін немесе соттан кейін болсын, көптеген сот-психологиялық рөлдерде құрбандарды түсіну болды. Біз құрбандардың құқық бұзушылар, ал құқық бұзушылардың көпшілігінің өздері құрбандарға айналу мүмкіндігіне назар аудардық, бұл олардың арасындағы «алшақтықты» бір мағыналы етпейді және екеуін де түсінуді талап етеді.

РЕСУРСТАР

Sandra Walklate's (2013) *Victimology: The Victim and Criminal Process*, алғаш рет 1989 жылы жарияланды, қылмыстардың құрбандарын зерттеуге және оларды оңалту тәсілдеріне жақсы кіріспе болып табылады. Оның «*Handbook of Victims and Victimology*» (2007 жыл) осы саладағы негізгі зерттеулердің түзетілген жинағы болып табылады, онда жәбірленушілердің мәселелеріне бағдарланған теориялық перспективалар мен саясаттар

баяндалған. Jo Goodey's (2005) *Victims and Victimology* жан-жақты шолуды ұсынады. Basia Spalek (2006), «*Crime Victims: Theory, Policy and Practice*» кітабында қылмыстылық виктимизациясына және қылмыстық сот төрелігі саясатына қатысты теория мен практика туралы қолжетімді есепті ұсынады.

«*Victims of Crime – Policy and Practice in Criminal Justice*» (Hall, 2009) кітабында құрбандарға бағдарланған қылмыстық сот төрелігі жүйесі ретінде ненің қарастырылатындығы мен практиканың нені білдіретіндігі сипатталады.

«*Serial Survivors*» (Jan Jordan, 2008b) Malcolm Rewa қолдарындағы зорлау тәжірибесі туралы әйелдердің әңгімелері келтірілген азапты, өткір есепті береді.

Liz Kelly (1988) «*Surviving Sexual Violence*» феминистік көзқарасындағы 60 әйелдің өмірінде сексуалдық зорлықтың таралуы туралы толық есебін білдіреді.

Негізгі журналдар

British Journal of Criminology

International Review of Victimology

Journal of Law and Society

Violence and Victims

9

ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІ ПРОФИЛЬДЕУ

НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

Бұл тарау полицияға құқық бұзушыларды анықтап, оларды сот төрелігіне беруге көмектесетін мінез-құлықты тергеп-тексеру бойынша кеңесшілер призмасы (МТКП) арқылы құқық бұзушыларды қарастыра алады. Қылмыскерді профильдеуден мінез-құлық сұрақтары бойынша ұсыныстарға дейін мамандықтың шығуы мен дамуы сипатталады. Тарауда, сондай-ақ, осы жұмыстың негізінде қолданылатын теориялар мен қағидалар, сонымен қатар, осындай ұсыныстарды бағалауға қатысты дәлелдемелерді талдау сипатталады. Есептерді жасаудың басқа формаларына бейімдеуге болатын МТКП есебін жазуға арналған бақылау тізімі беріледі. Ақырында, осы тарауда ненің зерттелгені туралы және осы саладағы жұмыстың эмоциялық салдары туралы түсіндірмелер беріледі.

Түсініктер	Практика ұғымы
Жану	Тұтқындау стратегиясы
Бағалау	Қылмыс орнын бағалау
Анықтама	Сот араласулары
Шығу	Сұхбат стратегиясы
Қағидалар	Тергеп-тексеру
Жақтастар	БАҚ-тағы хабарландыру
Техниктер	Қылмыстар топтамасы
Теориялар	Қылмыскерлерді профильдеу
	Есептерді жазу
	Тәуекелді бағалау
	Зерттеу

Осы тарауда мінез-құлықты тергеп-тексеруді берумен қатар, қылмыскерлердің мінез-құлқымен байланысты негізгі сұрақтардың жалпы түсінігі де беріледі. Материал сот-медициналық сараптамананы білудің, бағалау мен тұжырымдаудың, араласудың, зерттеулер әдісі мен кеңес берудің бірінші сатысының аспектілерін қамтиды. Сонымен қатар, ол психологиялық білімдер мен кеңес берулер, екінші кезеңге сәйкес келетін персоналды оқыту мен дамытуды беру мүмкіндігін қарастырады.

Анықталатын сұрақтар

Құқық бұзушыны профильдеу қалай басталды?

Негізгі теориялар қандай?

Мамандық қалай алға жылжыды?

МТКП қандай қызметтерді ұсынады?

Қандай әдістер мінез-құлық сұрақтары бойынша кеңестер берумен байланысты?

МТКП өнімдері қаншалықты жақсы?

МТКП үдерісі қаншалықты жақсы?

Есепке қосуға арналған негізгі элементтер қандай?

Біз нені үйрендік?

МТКП-да жұмыс істеу кезінде біздің сезімдерімізді қалай жеңе аламыз?

КІРІСПЕ

Сот психологының құқық бұзушыларға қатысты рөлі 3-тарауда (сот алдындағы құзыреттілігін бағалау мен сарапшы-куәгерлердің рөлі), 6-тарауда (себептерді іздеу – қылмысты кім жасайды және неліктен), 10-тарауда (бағалау), 11-тарауда (ықпал және оңалту) қарастырылады. Осы тарауда құқық бұзушылардың мінез-құлқы мен тергеп-тексеру жөніндегі мінез-құлық кеңесшінің рөлі қарастырылады.

Осы тараудың мақсаттары үшін қылмыскерлер қылмыстық сот төрелігін жүзеге асыру үшін жауапты тұлғалар ретінде анықталады. Қылмыстар қылмыскер танитын немесе бөтен тұлғаларға қатысты жасалынуы мүмкін, жекелеген тұлғаларға немесе мемлекеттерге қарсы болуы және заңды бұзумен байланысты барлығын қамтуы мүмкін. Сот психологиясының басқа салалары үшін анықтамалар аясындағы дебаттар ортақ болып табылады:

- кім құқық бұзушылар болып табылады (мысалы, құқық бұзушылардың құрамына үкіметті немесе корпорацияларды қосу қажет пе және қандай жағдайларда)?
- тағылатын кінәнің дәрежесі және кімге тағылады (құқық бұзушылардың өздеріне, олардың тәрбиесіне, мемлекетке немесе қоғамға қылмысты жылдамдатуы мүмкін мән-жайларды «жасағаны» үшін)?
- құқық бұзушылардың түрлеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар (демографиялық ерекшеліктері, қылмыстың бір немесе бірнеше түрі бойынша мамандықтар болып табылатын дәрежесі, қылмыстың типі);
- сонымен қатар, болашақта (өзіне де, басқаларға да) тигізе алатын залалды минимумға жеткізу тәсілдері.

Бұл тарау полицияның тергеп-тексеруді жүргізуіне көмек көрсетудегі біздің рөлімізді ескере отырып, қылмыстық сот төрелігі үдерісінің басталуына арналады.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫНЫ ПРОФИЛЬДЕУ ҚАЛАЙ БАСТАЛАЙ?

Психологтардың полицияға көмек көрсетудегі бастапқы рөлдері полиция қызметкерлерін жинау, іріктеп алу және кәсіби күйзеліс секілді салаларға шоғырландырылған (Brown, 2000; Howitt, 2009). Дегенмен, Canter мен Youngs (2009) еңбектерінде көрсетілгендей, зерттеушілер қылмыстарды ашуға көмектесу үшін әрқашан сол заманның ғылымын қолданды және нәтижесінде сот психологиясының өсуіне байланысты тергеп-тексеру үдерісінде полицияға тікелей көмектесу үшін психологтың рөлі өсті. Полиция қызметіндегі есептілікке өсетін сұранысқа байланысты әлеуметтік ғылыми күштердің артықшылықтары жүзеге асырылды және Brown айтқандай, «полиция» психологының рөлі кеңейді:

Орындалатын жұмыстың практикалық мазмұны персоналды ұйымдастыру мен басқару, оқыту, денсаулық сақтау мен әл-ауқатынан бастап қылмыскерлерді профильдеу мен куәгерлерден сұрау секілді жедел қолдауды беруге дейін өзгереді (2000: 71).

Мыстандарды анықтаудың орта ғасырлық әдістерін профильдеудің ерте талпыныстары ретінде қарастыруға болар еді, егер әйел суға батса, ол кінәсіз, ал егер ол жүзетін болса, оны сиқырлауға кінәлі деп танылды. XIX ғасырдағы қылмыскерлердің жіктелімдері олардың физикалық ерекшеліктеріне, яғни, конституциялық теорияларға негізделді. Lombroso (1911) қылмыскерлер құлақтарының өлшемі, жантық маңдай және ұзын қолдар секілді өзінің ерекшеліктері бойынша болжана алады деп болжады. Қазіргі кезде осы түсініктер айтарлықтай дәрежеде дискреттелген (Blackburn, 1993), бірақ криминалды мінез-құлық пен бейімдерді түсіну құқық бұзушылардың айрықшалануы мүмкіндігін түсінгендей маңызды деп танылуы мүмкін және тергеп-тексерудің полиция әдістері ғылыми әдісті қолданумен күшейтілуі ықтимал (Canter мен Youngs, 2009). Неғұрлым ғылыми тәсілдеме көріністерінің бірі қылмыс жасауы мүмкін адамдардың «кескінін» жасау болды. Олардың ішіндегі неғұрлым белгілері:

- 1888 жылы доктор Bond-тың Джек-ішек-қарын ақтарушының сипаты – мысалы, ол орта бойлы, жалғыз және психикалық тұрақсыз болуы мүмкін (Alison et al., 2007);
- 1943 жылы доктор Langer-дің Адольф Гитлердің жақын қарым-қатынастар орнату қиындығы мен садистік үрдістерін ескере отырып, оған берген профилі (Langer, 1972);
- сонымен қатар, 1956 жылы доктор Brussel-дің Нью-Йорктің топтама бомбалаушысы George Metesky туралы есебі – мақсатты компанияның наразы бұрынғы қызметкері, орта бойлы, үйленбеген, толықтай түймеленген екі жағы қаусырмалы костюмде (Брюссель, 1968).

Кейінірек қылмыс орнындағы бар ақпараттың негізінде қылмыскердің ықтимал әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын болжау үшін «құқық бұзушыны профильдеу» ресми танылды (Alison et al., 2007). Психологтар мен психиатрлардың бірнеше жыл ішіндегі ықтимал орындаушыларға қатысты бұрын да сұрау жүргізілгенімен, полиция қызметінде профильдеуді ресми түрде қолдану Федералды тергеп-тексеру бюросы (ФТБ) Мінез-құлықтық ғылымдар бөлімінде туындады (мысалы, Burgess et al., 1986; Ressler et al., 1988).

НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛАР ҚАНАДАЙ?

ФТБ ТӘСІЛАЕМЕЛЕРІ

ФТБ оқу курстары 1972 жылы мінез-құлықтық әдістерді оқыта бастады және негізгі назар топтама қылмыстарға аударылғанмен, қылмыстық мінез-құлықты зерттеу және құқық бұзушылықтар мен құқық бұзушылар туралы деректерді жүйелі түрде жинау және тіркеу маңыздылығы көбірек құрметке ие бола бастады (мысалы, мейірімсіз қылмыстардың алдын алу жөніндегі Бағдарламаның – VICAP – деректер қорының көмегімен). Осындай толық мінез-құлықтық талдау мен құқық бұзушының ықтимал алғышарттарын анықтау зерттеу болжамдарын береді, тергеп-тексерудің жаңа бағыттарын жасайды, күдіктілерді іздеуді тарылта және құқық бұзушылыққа байланысты көмек ұсына алады.

ФТБ тәсілдемесі қылмыстың нақты сахнасына байланысты неғұрлым ықтимал құқық бұзушыны анықтау үшін типтері бойынша қылмыс орындарын жіктеуге зерттеулер жүргізудің қажеттілігін мойындады. 36 сексуалдық адам өлтірушімен сұхбаттасқаннан кейін қылмыстар орындары ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған деп жіктелді. Сонымен қа-

тар, ұйымдаспаған қылмыс орындары ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған қылмыскердің типін анықтау үшін қолданылды (Ressler et al., 1988). Ұйымдасқан қылмыскер қылмысты жоспарлайды, құрбандарды бөліп көрсетеді және құрбанға саналы әрі бақылауда болуын ұсына отырып, белгілі бір мерзімде қылмыс орнында бақыланатын күйде әрекеттер жасайды. Алайда, ұйымдаспаған қылмыс жоспарланбаған әрі кенеттен болып табылады, бұл ықтимал құқық бұзушының жас болуымен, есірткілерді тұтынумен және / немесе ішімдікті асыра пайдаланумен, психикалық кемшілікпен, басқа стрессорлармен немесе криминалдық талғампаздығының болмауымен байланысты болуы мүмкін. Қылмысты жасау орындарына тән ерекшеліктер және ықтимал құқық бұзушылықтардың сипаттамалары 9.1-кестеде келтірілген.

9.1-кесте. Ұйымдасқан / ұйымдаспаған дихотомия

	Ұйымдасқан	Ұйымдаспаған
Қылмыс орны	Жоспарланған	Кенеттен
	Белгілі бір таңдалған құрбан	Құрбан таныстарының ішінен болуы мүмкін
	Құрбанды дербестендіреді	Құрбанды иесіздендіреді – беті жабылған немесе денесі аударылған болуы мүмкін
	Бақыланатын әңгіме	Минималды әңгіме
	Әңгімені инициация жолымен немесе басқаны (мысалы, полиция қызметкерінің) кейіптеулермен бастапқы байланыс	Кенеттен шабуылдау / жылдам шабуылдау
	Алдын ала дайындалған қылмыс орны	Қылмыс орны кездейсоқ, бейберекет, ұқыпсыз
	Құрбанды ұстау бойынша шаралар қолданылады	Осындай шаралар қолданылмайды
	Құрбан немесе оның денесі арнайы орынға ауыстырылған	Қылмыс орны, сонымен қатар, көбінесе ажал орны болып табылады, бірақ, осы орын шегінде құрбан жеке/сексуалдық мәндегі қалыпқа ауыстырылуы мүмкін
	Денесі жасырын	Жоқ немесе минималды жасыру
	Қаруды қылмыс орнына әкеледі	Қылмыс орнында бар нәрсені қару ретінде пайдаланады
	Қаруды қылмыстан кейін қылмыс орнынан алып кетеді	Қаруды қылмыс орнында қалдырып кетеді
	Дәлелдемелер аз немесе мүлдем жоқ	Дәлелдемелер бар
	Құрбан өлгенге дейінгі агрессивті әрекеттер	Шектен шығу немесе шектен тыс зақымдау
	Адам өлгенге дейін секс	Секс адам өлгеннен кейін, адам ес-түссіз жатқанда немесе өлгенде болады және көбінесе өзіне бөгде заттарды қамтиды

	Ұйымдасқан	Ұйымдаспаған
Қылмыскер	Қылмыс орны басқаша көрінуі мүмкін (мысалы, ұрлау, тонау) және полицияны шатастыруы мүмкін	Қылмысты табуды кешеуілдету немесе полицияны шатастыруға еш талпыныстар жоқ, бірақ екінші ретті қылмыс болуы мүмкін (мысалы, ұрлық)
	Адам өлімінің себебі көбінесе асфиксия болады	Адам өлімінің себебі асфиксия, буындыру, өткір күш немесе ұшы істік құралды қолдану
	Жоғары интеллект	Интеллекті ортадан төмен
	Әлеуметтік-адекватты	Әлеуметтік адекватсыз, басқа адамдар оны «бір түрлі» санайды
	Әріптеспен бірге тұрады	Жалғыз немесе ата-анасымен тұрады
	Сексуалды құзыреттілік	Әріптесі өзінен біраз жас кіші немесе үлкен
	Көп балалы отбасыдан шыққан	Бала саны аз отбасынан шыққан
	Балалық шақтағы қатаң тәртіп	Балалық шақтағы қатаң/ретсіз тәртіп
	Қылмыс жасау кезінде өзін ұстай алады	Қылмыс жасау кезіндегі мазасыз күй
	Қайсар көрінеді	Бір түрлі, түрі ұсқынсыз
Қылмыс орнына қайтып оралады	Қылмыс орнына қайтып оралады	
Ғажайып	Қылмыстан кейінгі мінез-құлықта айтарлықтай өзгерістер, тамақтану әдеттерін өзгертуі мүмкін, көбірек ішімдік ішуі ықтимал, күйгелектік күшейеді	
Қылмыс жасағаннан кейін тергеп-тексеруге қатысуға ұмтылуы мүмкін	Қылмысты жасауға орынсыз қызығушылық болуы мүмкін, мысалы, осы туралы жиі айтады	
Географиялық және кәсіби мобильді	Қылмыстан кейін тұрғылықты орнын немесе жұмысын өзгертуі мүмкін; Қылмыс орнының жанында тұрады/жұмыс істейді; Нашар жеке гигиена; Біліксіз жұмысшы, жұмысын ретсіз немесе нашар орындайды	

Ақпарат көзі: Douglas et al., 2006, Holmes and Holmes, 1996

ФТБ ұсыныстары көптеген жылдар бойы жетілдіріліп, дамытылды, мысалы, қазіргі кезде сексуалдық адам өлтірудің бес жіктелімі бар (ұйымдасқан, ұйымдаспаған, аралас, садистік және ежелгі). Оларды профильдеу әдістері тақырыптық зерттеулермен бірге қылмыстардың жіктелімі бойынша нұсқаулықта толығырақ сипатталынған (Douglas et al., 2006). Алайда, олардың еңбегі бұрынғыдай олардың детективтік тәжірибесі мен нақты зерттеулерге негізделеді (мысалы, Burgess et al., 1986; Douglas et al., 2006; Ressler et al., 1988).

Бұл үлес оның тәжірибелік пайдалануы мен көппәндік зерттеу ынтымақтастығы үшін танылғанымен (Dowden et al., 2007), ФТБ тәсілдемесі мен типологияларды қолдану үлкен сынға ұшырады. Мысалы, ұйымдасқан/ұйымдаспаған дихотомия (а) шыншыл өзіне-өзі есеп беруге сенетін және (б) ұсталмаған қылмыстар туралы бізге хабарламайтын сотталушылардың шектеулі, рандомизацияланбаған таңдамасына негізделген. Типологияларға қатысты талқыланды, индивидуумдар айқын өзара бірін-бірі жоятын титерге сирек түседі (бұған әрі қарай «аралас» санатты қосу жолымен ФТБ-ның өзі куәланды-

рды). Қылмыс орнын интерпретациялау субъективті болуы мүмкін, себебі, ол уақыт өте келе прогрессияны ескермейді. Кейбір анықталған белгілердің тәжірибелік пайдалылығы күмән қалдырды (мысалы, Canter et al., 2004; Dowden et al., 2007; Poythress et al., 1993). Сонымен қатар, осындай жіктелімдерді тестілеу талпыныстары сәтті болмады (Canter мен Wentink, 2004), ал ұйымдасқан/ұйымдаспаған дихотомияны қолдауға арналған статистикалық деректер жоқ. Canter et al. (2004: 313) қарсылықтарының бірі типологиялар «зерттелген деректерден тіпті ең әлсіз қолдауды да» алмайды деп айтады.

ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Ұлыбританияда кейбір детективтер профайлер болған кезде, олар біртекті топ болмады (Bekerian мен Jackson, 1997; Gudjonsson мен Copson, 1997). Бастапқыда, 1980-ші жылдардың басында әрбір нақты жағдайда көмектесу үшін полициядан сұранымдар жеке психологтарға түсті (мысалы, Britton, 1997; Canter, 1994). Көптеген профайлерлердің зерттеулерде, клиникалық психологияда тәжірибесі және полиция, университеттер немесе психиатриялық ауруханалар деректерінің сәйкес статистикалық қорлары қолжетімді болды (Smith et al., 1998). Олар өздерінің білімдер саласындағы теориялар мен әдістерін пайдаланды және қылмыстық тергеп-тексеруге көмек көрсету үшін оларды қолданды. Мысалы, сот ауруханасында жұмыс істейтін клиницист қылмыс жасаған адамның типіне қатысты пайымдау үшін (Badcock, 1997) болжамдық диагностикалық бағалауды жүргізу үшін алдыңғы науқастарды тақырыптық зерттеулерден өздерінің білімдерін қолдана алады (Wilson et al., 1997). Ғалымдар құқық бұзушыларға қатысты теорияларды жасау және гипотезаларды тексеру үшін ағымдағы зерттеулерді қолдана алады немесе жаңа зерттеулер жүргізе алады, олардың жекелеген жағдайларға пайдалана алады (Boon, 1997; Davies, 1997). Canter (1994) «теміржолшы» зорлықшы болып шыққан John Francis Duffy профилін жасау кезінде әлеуметтік және экологиялық психологияның қағидалары мен концепцияларына негізделді

1990-шы жылдар бойы тергеп-тексеруді жүргізу бойынша бірнеше арнайы кеңес жалғасты, Ұлттық қылмыс факультеті (ҰҚФ) деп аталған орталық бөлімше тергеп-тексеру қылмыскерлерді профильдеуді қоса алғанда, сәйкес кеңес алуын қамтамасыз ету үшін құрылды. Профайлерлерді шектеулі басқару немесе берілген кеңестердің сапасын қамтамасыз ететіндігі мойындалды. Тиісті біліктілігі мен тәжірибесі бар кеңес берушілер іріктеп алатын жүйе енгізілді және олар Бас полициялар ассоциациясының Мінез-құлықтық ғылымдар жөніндегі кіші комитет (МҒКК) аккредиттеген тізімге енгізілді. Осы ғасырдың соңына таман қылмыскерлердің штаттық профайлерлері орталықтандырылып жинала бастады және атауы «қылмыскердің профайлерінен» «мінез-құлықты тергеп-тексеру жөніндегі кеңесші» (КП) деп өзгертілді (West, 2001), бұл тергеушілерге берілетін құқық бұзушыны қарапайым «профильдеуден» басқа қызметтер типтері санының артуын көрсетеді. 9.1-қосымша барлық осы өзгерістер кезінде болған МТКП-ға жүгінген осы оқиғаларды зерттеуші тұрғысынан сипаттайды.

9.1-қосымша. Paul Lobb-тың мінез-құлқы сұрақтары бойынша кеңесшілерге айналу туралы пікірі

Полиция қызметкерлері үшін дәстүрлі мансаптық жолдан кейін бірінші кезекте патрульдеу мен реттеу жөніндегі бірыңғайландырылған міндеттемелерінен CID аясында

құқықтық тәртіп пен жастар әділдігін қорғау жөніндегі қоғамдық жұмыс қысқаша курсымен мамандану мүмкіндігі үшін 1990 жылы мен Плимут университетіндегі әлеуметтік және ұйымдастырушылық зерттеулер бойынша (Қылмыстық сот төрелігі) оқуға түстім, 1996 жылы бакалавр дипломын (үздік) алдым. Сосын мен CID-қа 1992 жылы детектив сержант ретінде оралдым және қылмыскерлердің қылмыс кезінде не жасағандығы туралы көп нәрсе білгеніммен, олардың қылмыстық қызметке дейін қалай жеткені немесе олар өздерінің өмірі барысында қандай өмірлік таңдаулар (немесе олардың кемшілігі) жасағандығы туралы аз білетінімді түсінуіме ықпал еткен зорлаулар мен ауыр сексуалдық қылмыстарды тергеп-тексеру үшін жауапты болдым.

1997 жылы мен Leicester университетіндегі сот және заң психологиясы бойынша магистрлік курсқа түстім. Сол кезде менің жолым болды, «Ауыр қылмыстарды басқару және тергеп-тексеру» курсына түсіп, Bramshill-ға негізделген Қылмыспен күрес жөніндегі ұлттық факультетте детектив сержант лауазымына қабылданып, Ұлыбританияда зорлау және адам өлтіру секілді күрделі қылмыстарды тергеп-тексеретін БТ-да кеңес беріп, көмектесу үшін жауапты болдым. Нәтижесінде, мен МФКК психологтарымен мақұлданған, бірақ университеттер мен арнайы ауруханаларда толық жұмыс күнінде жұмыс істейтін «құқық бұзушылардың профайлерлерімен» бірге жұмыс істедім. Бұл қылмыскерлерді түсінудің неғұрлым егжей-тегжейлі аспектілеріне қызығушылық тудырды, себебі, менің магистрлік диссертациям үшін маған сексуалдық адам өлтіру туралы құпия деректер қолжетімді болды, сонымен қатар, 1999 жылы аяқталған, адам өлтірген сексуалдық қылмыскерлердің криминалдық мансаптарын салыстыра отырып, зерттеу жүргізілді.

2000 жылы мен өзімнің туған атажұртыма аз уақытқа қайта оралғаныммен, 2001 жылы ҚҰФ-ге екінші рет түсуге өтінім бердім, 2002 жылы МТКП ретінде оқуға қабылдандым. Сол кезде құқық бұзушылардың бұрынғы профайлерлер жүйесін ҚҰФ жалдаған штаттық персоналмен толықтыра отырып, айтарлықтай өзгерістер орын алды. Бұл профилдеудің құқық бұзушылардың әлеуетті сипаттамалары тізімінің шегін кеңейту және әрбір тергеп-тексерудің арнайы қажеттіліктеріне бағдарланған дара тәсілдемені жасауға арналған мінез-құлықтық ғылымға негізделген неғұрлым толық қолдауға өту қажеттігін мойындау болды.

Полиция ортасында мінез-құлық сұрақтары бойынша кеңес берудің жалғасуына қарамастан, бір уақыттағы ғылыми зерттеудің қажеттілігі мойындалады. Мұны мінез-құлықтық тергеп-тексерулер кеңестерін беруге қатысты теорияны қолданатын және дамытатын, әдістер мен модельдерді жасайтын және пайдаланатын зерттеушілер немесе бірлескен зерттеулер жүргізетін МТКП ғалымдары мен практиктері қабылдады (мысалы, Alison, Smith, Eastman et al., 2003; Cole мен Brown, 2013; Ressler et al., 1988).

Эмпирикалық деректерге негізделген қатаң ғылыми зерттеулерді дамыту қажеттілігіне жақтастардың бірі David Canter болды. Ол «тергеп-тексерулерді» зерттеуді тергеп-тексерудің ... барлық саласында психологияның көптеген аспектілерін интеграциялау үшін негізді» қамтамасыз ету құралы ретінде көрсетті (Canter мен Youngs, 2009: 5). Зерттеу психологиясы қылмысқа және оны тергеп-тексеруге қатысты барлығын жасайды, сезінеді және ойлайды деп болжайды (Canter мен Youngs, 2009: 3). Ол өзіне тергеп-тексеру туралы ақпаратты жүйелі түрде зерттеуді (ақпарат қалай алынады, ұйымдастырылады, бағаланады және қолданылады), полицияның әрекеттері мен шешімдерін қабылдау, сонымен қатар, қылмыстық қызметпен байланысты жасалынған қорытындыларды қамти-

ды. Canter (2000; Canter және Youngs, 2009) осыған қатысты маңызды ғылыми сұрақтар бөлініп көрсетіледі:

- Дөңестік – қылмыстың қандай қырлары неғұрлым мінез-құлықтық тұрғыдан маңызды және психологиялық тұрғыдан ашылып көрсетіледі (мысалы, неғұрлым сирек әрекеттер немесе мінез-құлықтық тақырыптар неғұрлым маңызды)
- Келістілік – құқық бұзушылар қаншалықты бірізді келеді? Бұл өзіне әр түрлі құқық бұзушылықтар арасындағы келістілікті қамтуы мүмкін (мысалы, сериялық құқық бұзушылар қаншалықты бірізді келеді?). Сонымен қатар, олар құқық бұзушылықтарға және өзінің өмірінің басқа салаларындағы мінез-құлыққа қатысты өздерінің әрекеттерінің бірізділігін ескеруі де қажет (егер олар өте зорлық қылмыс жасаса, олар өздерінің күнделікті өзара қарым-қатынастарында қатаң болуы мүмкін бе?).
- Өзгеріс – құқық бұзушылардың уақыт өте келе қалай, неліктен дамиды және өзгереді (мысалы, оқытудың, жетілудің әлеуетті мүмкіндіктеріне немесе жағдайлық факторларға байланысты)?
- Дифференциация – қылмыскерлердің бір-бірінен айырмашылығы қандай (мысалы, оларда әр түрлі рөлдердегі құрбандар бар ма немесе тағайындала ма)?
- Болжам – болады ма – егер, иә, онда қылмыстар шектеріндегі әрекеттердің әр түрлі тақырыптары мен құқық бұзушылардың сипаттамалары арасындағы байланысты қалай көрсетуге болады?

Canter қылмыстағы әрекеттерге қатысты қылмыскердің ықтимал сипаттамаларын «А → С тендеуі» ретінде анықтауға әкелуі мүмкін деп қорытындылар жасады. Кейбіреулері мұны жеңілдетілген деп санайды. Wilson et al. (1997) Canter-дің жұмысы жаңа ештеңені бермейді және ФТБ моделі секілді факторларды қолданбайды, бірақ оларды психологиялық теорияға енгізеді деп қарастырады. Canter және басқалары неғұрлым күрделі қатынастарды зерттеуге және теорияны жасауға ықпал етуге тырысты. Мұны өртеу мақсатын ескере отырып, қылмыскердің ықтимал сипаттамаларына қатысты қорытындылар жасауға болатынын көрсеткен өртеуге қатысты байқауға болады (Fritzon et al., 2001). Осылайша, мінез-құлық мақсатты бағытталған болып табылатын «айқын» өртеу, мысалы, құқық бұзушы үшін мәні бар ғимаратқа шабуылдау жұмыстан немесе оқудан бірнеше рет жоғалатын адамның өрт жасайтындығы және өрт дабылы телефон қоңырауларын соғатындығы туралы ойға әкеледі.

9.2-кесте. Мінез-құлықтық тергеу кеңестерін беруді жасайтын жақтастар таңдамасы

	... жұмыс жасайтын практиктер:	... жұмыс жасайтын ғалымдар:
Клиникалық жағдай	Құқық қорғау органдарында	Университетте
Badcock	BIAs, e.g. Cole, Lobb, Gregory, Rainbow	Alison
Britton	Davies (сот сарапшысы)	Boon
Dietz	ЗФБ агенттері, мысалы Douglas, Hazelwood, Ressler	Canter
West	Heritage (полицейский)	Jackson, Kocsis, Woodhams

Ақпарат көзі: Wilson et al., 1997: 2

Осылайша, мінез-құлықтық тергеп-тексеру ұсыныстарының негізінде жатқан теория және осындай ұсыныстарды беру арқылы дамиды. Жақтастары белгілі бір ұйымдарда

жұмыс істеуі мүмкін немесе өздеріне ғалым немесе практик рөлін алуы ықтимал (9.2-кесте), шындығында, көптеген қиылыстар орын алады. Кеңес берушілер құқық қорғау органдарына көмектеседі, практиктер зерттеу жүргізеді және олар бірге мамандықтың әрі қарай дамуы үшін жұмыс істейді.

МАМАНАЫҚ ҚАЛАЙ АЛҒА ЖЫЛЖЫАЫ?

МТКП кәсіби міндеттеріне қатысты ғылыми нұсқаулық пен есептерді ұсыну форматына қатысты ұсыныстар жасалынды (Alison, Smith, Eastman et al., 2003; Alison et al., 2005, 2007; Almond et al., 2007). Бұл өзіне тұжырымдауға немесе статистикалық есептілік құрылымына қатысты пайымдарды қамтиды. Мысалы, Villejoubert et al. (2008) «болжайды» сөзін қолданудың бір мағыналы еместігін және қандай да бір нәрсенің көрінудің өте төмен немесе өте жоғары ықтималдылығын білдіретінін, ал «ықтималдылық» немесе «өте ықтимал» ретінде неғұрлым азырақ екі мағыналы болатындығын анықтады. Сонымен қатар, көрінуінің төменгі ықтималдылығына ие күдіктілер сипаттамаларын жай ғана айтуға байланысты басымдықтары бойынша (қате) қойылуы мүмкін (Villejoubert et al., 2008).

Сонымен қатар, есептерді жазуға және зерттеулер нәтижелерін ұсынуға байланысты мақсатты аудиторияны түсіну артып келеді. Қазіргі кезде көптеген детективтердің дипломдық жұмыстары мен ғылыми дәрежелері болып, олардың шешімдерін қабылдауына негізделген саясаттардың ресми журналын құрастыруға міндетті болғанымен, олардың егжей-тегжейлі статистикалық білімдері болмауы мүмкін. Алдыңғы қатарлы тәжірибе кез келген жасалынған қорытындыларды негіздеу үшін дәлелдемелерге негізделген айқын аргументтерді қамтамасыз ете отырып, тиісті зерттеулерді айқын бағалау қажеттілігін көрсетеді. сипаттау статистикасын беру және оның зерттеу үшін қолданылуын түсіндіру орынды, бірақ логистикалық регрессия қиындықтарын егжей-тегжейлі түсіндіру зерттеуге көмектеспей, шатастыруы мүмкін.

Соңғы бірнеше жыл ішінде формализацияның ұлғаюы мен процедуралық өзгерістер орын алды, мысалы, МТКП нақты әдістерге сәйкес келуі тиіс; Стратегиялық кеңес (ғалымдар мен зерттеуші-практиктерден тұратын) есептердің сапасын тұрақты түрде бағалайды, ал МТКП оқытудың, тәжірибенің және процедураның стратегиялық шолулары қызметтерді беруді жақсартуды және пәнді дамытуды жалғастырады (Rainbow, 2008). Осындай әзірлемелер тәжірибе жүзінде қалай жүзеге асырылатындығы 9.2-қосымшада түсіндіріледі.

9.2-қосымша. Paul Lobb мінез-құлықтық тергеу кеңестерін жасау туралы

МТКП оқытуы өзіне қылмыстардың әртүрлі типтерімен танысуды және зерттеушілер үшін айқын біржақты есептерді құрастыру үшін эмпирикалық деректерді анықтаудағы белгілі бір машықтарды дамытуды қамтиды. Тренинг айтарлықтай ұзаққа созылды, бірақ тек менің өзіндік дамуыма ғана емес, сонымен қатар, менің әріптестеріме де көмектескен өзара байланысты үдеріс болды, себебі, мен өзімнің полиция қызметі мен тергеп-тексеру жөніндегі білімімді негізінен академиялық және талдама шектерінен болған басқа МТКП-ға бере алдым.

Мінез-құлықтық тергеу кеңестері енді білікті мамандарды талап етеді, бірақ эмпирикалық деректермен жасалған қорытындыларды қолдау үшін сенімді әрі релевантты

деректерге өте тәуелді; 2001 жылға дейінгі қылмыскер профилі есептерінің кейбіреулері пікірлерге негізделу үрдістеріне ие болғанымен, қорытындылар сол кезде дәлелдейтін зерттеулердің жетіспеушілігіне байланысты эмпирикалық қолдауға ие бола бермеді. Осы рөлдің қолданбалы сипаты тағы да бір өзгеріс болып табылды, себебі, қазіргі кезде ол құқық бұзушыларды және қылмыс орнындағы мінез-құлықты неғұрлым тереңірек түсінуді, сонымен қатар, тергеп-тексерудің қолжетімді нұсқаларының кең спектрін талап ете отырып, тергеп-тексеру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мен аға тергеушіде (АТ) тергеп-тексеру үдерісін басқару міндеті болғанын жиі сезінгеніммен, менің МТКП рөлім шешімдер қабылдау үдерісінде қылмыс орнынан алынған ақпаратты басқару мен басымдықтарын анықтау арқылы АТ-ға қолдау көрсетуде көрінді.

Осылайша, МТКП үшін маңызды атрибут егжей-тегжейлеріне назар аудару болып табылады, себебі, кейде ақпараттың ең кішкентай үзіндісі қорытындыларды айтарлықтай өзгертуі және АТ үшін зерттеу фокусын ауыстыруы мүмкін. Осы рөлді шешудің және қылмыс орны мен қылмыскердің мінез-құлқын дәл бағалаудан қанағаттану сезімін алудың маған ұнайтындығына қарамастан, ол толық емес немесе әлеуетті қате пайымдардың тергеп-тексеруге залал әкелуі және ауыр салдарларға ие болуы мүмкіндігі үшін үлкен жауапкершілікке ие.

Бұл рөл, сондай-ақ, үйден тыс өткізілген уақыт пен көптеген сапарлармен байланысты белгілі бір міндеттерге ие, бұл негативті аспект болып табылады, бірақ мінез-құлықтық тергеп-тексерулердің жалпы үдерісінде кішігірім ғана рөл атқаруы мүмкін болғанымен, шындығында МТКП АТ үшін пайдалы көмекші және кез келген тергеп-тексеруді дұрыс басқаруға және прогреске құнды үлес қоса алады.

Мен полиция мансабымды бастаған кезде нәтижесінде мұның МТКП-ның күрделі рөліне әкелетіндігі түсіме де кірмеді, бірақ бұл мен бастан кешкен полиция қызметінің ең жағымды әрі қанағаттандыратын салаларының бірі болып көрінді.

Қазіргі кезде Ұлыбританияда кеңесшілер бұрынғыдай қолданылғанымен, егер нақты білім саласы қажет болса (мысалы, сараптамалық білімдерге, қылмыс типіне немесе мінез-құлыққа қатысты), МТКП аккредиттелген сырттан тізімі болмаса және қылмыстарды тергеп-тексеру үшін көптеген ұсыныстар енді штаттық МТКП және сот-медициналық клиникалық психологтарының кеңесшілерімен (СМКПК) қамтамасыз етілген.

Бүкіл әлемде балама жүйелер ішкі немесе сыртқы клиникалық кеңесшілермен бірге полициялық және/немесе азаматтық психологтарының қатысуымен басым түседі (мысалы, Германияда, Нидерландыда, оңтүстік Африкада, Аустралияда және Канадада). Соңғы 30 жыл ішінде Британияда да (Ainsworth, 2001; Dowden et al., 2007; Snook et al., 2007), бүкіл әлемде де (Homan пен Kennedy, 1998) зерттеу әдебиетінің саны жағынан да, мінез-құлықтық тергеп-тексерулерді тәжірибе жүзінен қолдану жағынан да артты. МТКП халықаралық деңгейде бір-біріне тұрақты түрде кеңес береді, бірге жұмыс істейді және қажет болған жағдайда кәсібін кеңейтуге тырысады.

МТКП ҚАНААЙ ҚЫЗМЕТТЕРАЙ ҰСЫНААЫ?

Мінез-құлықтық тергеу кеңестері қылмыс аясында әрекеттердің мінез-құлықтық сараптамадан құқық бұзушы немесе құқық бұзушылық туралы қорытындыларды шығару жолымен тергеушілердің шешімдер қабылдауға көмек көрсетуін қамтиды (АСРО, 2006). МТКП мүлікпен немесе есірткілермен байланысты қылмыстармен емес (Wilson et al.,

1997), бейтаныс адамды өлтіру жағдайларына байланысты құқық бұзушылықтарды, мысалы, ұрлық, сексуалдық мінез-құлық, зорлық, сөйлеу, бақылау және қаруды қолдануды жинай отырып, жұмыс істейді. МТКП мәлімделмеген істерге қатысты, яғни, қылмыскер ретінде танымал болғанға дейін полицияға көмек көрсетуге шоғырланады. Жоғарыда көрсетілгендей, МТКП -да қылмыскердің профайлерінен құқықтық титулдың өзгеруі құқық бұзушылардың профилін жалғыз берудің шегінен шығатын қызметтерді тұрақты түрде беру қажеттілігін мойындаудан туындады. Бұл тізім толық болып табылмағанымен, төменде қазіргі кезде британдық мінез-құлықтық кеңес берушілер (және әлемнің басқа елдеріндегі балама қызметтер) болып табылатын негізгі қызметтер келтіріледі. Жекелеген есептердің МТКП-да жазылғанымен, бұл қызметтердің басқа мамандармен (мысалы, географиялық профайлерлермен, аналитиктермен, тәжірибелік детективтермен, интервьюралармен, іздеу немесе сот кеңес берушілерімен) бірге көппәндік команданың құрамында жиі беріледі:

- Қылмыскерлерді профильдеу – қылмысты жасаған неғұрлым ықтимал тұлға типіне қатысты пайдалы болжамдарды тергеп-тексеруді жүргізу. Мысалы, қылмыскер мен құрбан арасындағы ықтималды байланысқа қатысты болжамдар: құқық бұзушының ықтимал жасы, этникалық шығу тегі немесе алдыңғы айыптау үкімдері. Бұл келесілерге дейін кеңейтілуі мүмкін:
 - Тергеп-тексеру үшін қызығушылық тудыратын жекелеген тұлғаларды немесе әлеуетті пулдарды қалыптастыру;
 - немесе матрицаны тұрғызу жолымен тұлғалардың басымдықтарын орналастыру. Мысалы, құқық бұзушының ықтимал жасы немесе ауданына байланысты МТКП қылмыскерлер болуы мүмкін немесе құқық бұзушылармен байланысты тұлғалардың басымдықтарын анықтауға көмектесе алады (Gregory мен Rainbow, 2011; Rainbow мен Gregory, 2011).
- Қылмыс орнын бағалау – қылмыс орнында ненің болғандығы туралы гипотезаны жасап, талқылау талпынысында құқық бұзушының, құрбанның іздері және оның орналасқан жері туралы толық мәліметтер. Бұл тергеушілерді ойлау икемділігін қайрауға, интерпретациялардың орындылығын тестілеуге; өздерінің білімдеріндегі елемеген нәрселерді анықтауға және соттың ықтимал аргументтерін ертерек біліп алуға ынталандырады (АСРО, 2005, 2006; Ault пен Reese, 1980).
- Құқық бұзушылықтар топтамасы – байланыстың неғұрлым маңызды факторлары (мысалы, сот дәлелдемелері) болмаған кезде екі немесе одан да көп құқық бұзушылықтардың (яғни, бір құқық бұзушы жасаған) олардың мінез-құлықтық ұқсастығы негізінде байланыс ықтималдылығына қатысты қорытынды беру үшін МТКП құқық бұзушылықтар мен олардың ықтимал себептерінің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды қарастырады.
- Іздеу жөніндегі кеңестер – ықтимал мінез-құлық пен тиісті зерттеулерді бағалай отырып, заттарды немесе адамды қайдан іздеуге болатындығына қатысты кеңестер беру.
- Тергеу ұсыныстары – мінез-құлықтық интерпретацияның негізінде тергеп-тексеруге көмектесуі мүмкін тергеуді жүргізе алатын қосымша әрекеттер.

Жекелеген тұлғаларға ықпал ету мен бағалау тәжірибесі бола отырып, сот-медициналық клиникалық психологияның кеңесшілері (СМКПК) танымал тұлғаларға қатысты тергеп-тексерулер үшін қосымша кеңестер береді. Олар көбінесе келесідей бағыттар бойынша қызметтер көрсетеді:

- Сұхбат – ақпаратты іздеуді оңтайландыру мен өзара қарым-қатынасты жақсарту мақсатында сұхбаттасу стратегиясын жасауға көмек көрсету үшін құқық бұзушыға да, күдіктіге де (немесе куәгерге) қатысты белгілі нәрсені қолдану.
- Тәуекелдерді бағалау – индивидтің қайтадан құқық бұзушылық жасауына әкелуі мүмкін ықтималдылықты және мән-жайларды анықтауға көмектесу.
- Медиа – бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуетті куәгерлерге немесе күдіктілерге қатысты үндеулерді максимизациялау үшін құқық бұзушылық туралы белгілі нәрсені қолдану.
- Тұтқындау – барлық қамтылған тараптардың барынша қауіпсіздігін қамтамасыз ету және дәлелдемелерді іздеуді оңтайландыру мақсаттарында тұтқындау стратегиясын жасауға көмектесу үшін құқық бұзушыға да, сұхбат алынушыға да қатысты белгілі нәрсені қолдану.

Жоғарыда сипатталынған нақты қызметтерді толықтыра отырып, МТКП-ның әлеуетті үлесінің көп қырлы сипаты келесілерде пайдалы болуы мүмкін:

- Тергеп-тексеруге «сыни көзқарасты» жүзеге асыру (West, 2001) немесе әсіресе бірнеше әлеуетті клиенттер бар жерде (Wilson et al., 1997) жаңа перспективаны беру (Kocsis et al., 2000);
- Жаңа машықтарды иемдену (Kocsis et al., 2000), мысалы, келесідей әдіснамалық пікірлердің ғылыми маңыздылығын көрсету:
 - Гипотезаларды «дәлелдеу» үшін ақпарат іздеуге толықтай назарын аудармау, нәлдік гипотезаны бұрмалау және тексеру; сонымен қатар, сот үшін жарамды деңгейде гипотезаны негіздеу үшін көп материал қажет болуы мүмкін, әлеуетті бір ғана дәлелдеме «жоққа шығаруы» немесе ең болмағанда, гипотезалардың басымдығын төмендетуі мүмкін;
 - Корреляция мен болжамды себебі арасындағы айырмашылықтарды көрсету.
- Тергеп-тексерудің барлық жолдарын анықтау үшін «сақтандыру полисі» ретінде кейде қолданылатын (Alison және басқалар, 2004: 81) тергеп-тексеру бойынша топтардың алдында ұсынған гипотезаларын тексеру (Copson, 1995)
- Ресурстардың, тұлғалардың немесе сұрау желілерінің (Wilson мен Soothill, 1996) басымдылығын анықтау секілді тергеп-тексерулер туралы шешімдерді қабылдау (Jackson және басқалар., 1997) үшін ықтимал негіздемені қамтамасыз ету.
- Мысалы, келесілердің көмегімен мінез-құлықты түсіну:
 - Мінез-құлықтар типтерінің жиілігі мен ықтимал сәйкестігін қарастыру. Бұл негізгі тақырыптар (мысалы, Canter, 2000; Canter мен Heritage, 1990) немесе типологиялар (Holmes пен Holmes, 1996; Kocsis және басқалар, 1998) тұрғысынан болуы мүмкін;
 - сонымен қатар, парафилия немесе агрессия секілді нақты психологиялық мәселелерді түсінуді арттыру (Badcock, 1997; Wilson et al., 1997).

Барлық осы әлеуетті көмек жалпы жасалу мен түсіндірілуге мұқтаж, сонымен қатар, пайдалылық қағидасын ескеру қажет, яғни, осы ұсыныстар полицияның тәжірибе жүзінде қолдануына сәйкес келе ме? Cole мен Brown (2011) БТ-дан олардың МТКП-дан қандай ақпаратты қашан және қандай форматта алғысы келетіндігін сұрады. Нәтижелері БТ-ның қылмыскердің ықтимал жасы мен қылмыстық тарихы секілді ақпараттарға мұқтаж екендігін және осының дәлелдемелерге негізделгенін – зерттеулердің, статистикалық ақпараттың немесе тәжірибенің қолдауымен болғанын қалайтындығын көрсетті. Олар кеңесті жазбаша түрде, бірақ идеалды түрде, сондай-ақ, ауызша жауаптарды да алғы-

сы келеді (бұл, әдетте, Германия секілді басқа елдерде жасалынады). Алайда, олардың пікірі бойынша, МТКП немесе СМКПК көмектесе алатын басқа да салалар бар, мысалы, тұрғындарға сауалнамаларды толтыру кезінде (кылмыс ауданының тұрғындарынан олардың не көргенін, естігенін немесе көрші үйлерде болған ұрыс-керістер секілді кез келген маңызды ақпарат туралы білуін сұрағанда), қылмыс орнын қарап-тексеру кезінде басымдықтарды орналастыру және ұзақ уақытқа созылған тергеп-тексеру кезінде адамдардың әл-ауқаты мен команданың моральдық рухына көмек көрсету. БТ сонымен қатар тергеп-тексеру кезінде олар сұратқан кезде көмек бергенді қалайды. Тергеп-тексерудің ерте кезеңдерінде МТКП-дан қажет кейбір деректер белгісіз болуы мүмкін және тергеу тобы бастапқы сұратумен қолы тимеуі мүмкін. МТКП-ның БТ-ға қалай пайдалы бола алатындығы 9.3-қосымшада көрсетілген.

9.3-қосымша. Департамент бақылаушысы Paul Williamson өзінің БТ рөлі мен МТКП-ның қалай пайдалы бола алатындығы туралы түсіндіреді

Бас тергеуші (БТ) қылмыстарды барлық негізгі тергеп-тексерулерде негізгі рөл атқарады және бұл қорқақтарға арналған жұмыс емес. БТ-ның рөлі өте қиын және басқару машықтарын, тергеп-тексерулер жүргізуге қабілеттерді және қылмыс орнын бастапқы бағалаудан бастап жағдайларды басқару мен айыптау бойынша сот талқылауларымен аяқтап, тергеп-тексерудің барлық үдерісінде сәйкес білімдердің үйлесімін талап етеді.

Бұл жұмыс маңызды, себебі, полицияға қатысты негізгі сын ірі қылмыстарды тергеп-тексеру нәтижесінде туындайды. 1970- және 1980-жылдарда Йоркшир ішек-қарын ақтарушы, 1990-шы жылдардағы Stephen Lawrence-ті өлтіру және 2005 жылы Jean Charles de Menezes-ті ату «осындай қылмыстардың барынша жоғары энергиямен және тиімділікпен тергеп-тексерілуі қажеттілігін» көрсетті (Stevens, 2005: 321). Осы себептерге байланысты ірі қылмыстарды тергеп-тексеруді басқару БТ-ға өте жоғары жеке және кәсіби талаптарды қояды. Нәтижесінде, 2004 жылы ұсынылған «Тергеп-тексерудің кәсіби бағдарламасы» (ТКБ) Ішкі істер министрлігі мен Бас полициялар ассоциациясының (БПА) күрделі қылмыстарды тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғалардың өздерінің кәсіби міндеттері мен қоғамның сенімін сақтауына сәйкес келуі үшін қажетті дайындығы мен «жұмыс орнында» тергеп-тексерулерді жүргізу тәжірибесіне ие болуына арналған бірлескен бастамасын білдіреді.

Мен көптеген ірі қылмыстарды, соның ішінде, кәсіпорындардағы қылмыстық адам өлтірулерді, кекпен байланысты адам өлтірулерді, сериялық адам өлтірулерді, гангстерлік адам ұрлауларды және басқа да ауыр қылмыстарды тергеп-тексеретін БТ ретінде 10 жылдан астам уақыт өткіздім. Көптеген жағдайларда тергеп-тексеру актісінде еш қиындық жоқ. Қиындықтар тік және сенім тудыратын көзімен көрген куәгерлер, сот материалы, коммуникациялық деректерді талдау немесе CCTV беруі мүмкін негізгі шешуші факторлардың болмауынан туындайды. БТ сосын көріністі қалыптастыру үшін шырғалаңның бөлшектері ретінде фактілерді жинауы тиіс, бірде-бір бөлігі анықталмайды, олардың әрқайсысы сенімділіктің белгілі бір дәрежесіне ие, бірақ барлығын бағалау қажет.

Шешімділіктің төменгі коэффициенттеріне ие және құқық бұзушының тұлғасы бірден көрінбеген кездегі күрделі, қиын шешілетін жағдайда БТ құрбандар мен олардың отбасыларына көмек көрсету мен сот төрелігін қамтамасыз ету үшін тергеп-тексеру тактикасының жинағы мен мамандарды қолдануы тиіс. Осындай құралдардың бірі құқық бұзушылық пен құқық бұзушыны неғұрлым терең түсіну арқылы БТ-ның шешімдер қа-

былдау үдерісінің құндылығын арттыра алатын мінез-құлықтық тергеп-тексеру жөніндегі кеңесші болып табылады. МТКП тергеп-тексерулерді қолданудағы менің жағымды жеке тәжірибем өртеудің көмегімен сирек адам өлтіруді қамтиды. Мен белгісіз қылмыскер, отпен құртылған қылмыс орны, көптеген әлеуетті мотивтер (құрбанның өмір салтына байланысты) мен ешқандай тікелей дәлелдемелердің болмауы мәселесіне тап болдым. МТКП қылмыс орнына бағалау жүргізді және гипотезаларды тікелей жасауға үлес қосты. Сосын МТКП болжамды профильдеуді жүргізді және әлеуетті күдіктінің әрбір аспекті бағаланған басымдықтар матрицасын жасады. Бұл тактика тергеп-тексерулердегі негізгі бағыттарымды шоғырландыруда және географиялық профильдеумен үйлестіре отырып, әлеуетті күдіктілердің көп бөлігі үшін басымдықты анықтауда табысты болды. Нәтижесінде бұл тактика құқық бұзушыны анықтау мен айыптауға әкелген қажетті назар аударуды қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосты. Бұл жағдай кейінірек 2014 жылдың тергеп-тексерудегі үздік Көшбасшылығы үшін Тергеушілердің Ұлттық Сыйақысын алды.

Қысқаша айтқанда, БТ рөлі күрделі, жоғары есептілік, бірақ пайдалы болып табылады. БТ аккредиттеуіндегі өзгерістерді көрсете отырып, МТКП соңғы жылдар ішінде айтарлықтай кәсіби тұрғыдан дамыды. Бұл қосымша перспективаны және шешімдерді қабылдауды қолдауды талап ететін шешуі қиын жағдайларда тіпті ең тәжірибелі БТ қолдана алатын тағы да бір құрал. Болашаққа арналған міндет кибер-қылмыстар мен қылмыстардың басқа түрлерінің жылдам дамитын әлемге мінез-құлықтық тергеп-тексеруді қалай қосу қажеттігінде көрінеді.

Тергеп-тексерудің әлеуетті пайдалылығы, сондай-ақ, ұсынылатын сенімділікпен сәйкестендірілуі тиіс. Мысалы, жаһандық белгілерін болжау өте пайдалы болмауы мүмкін (Alison et al., 2002). Өткізгіштік қабілет немесе абстракция ымырасын сипаттай отырып, Alison et al. (2002) мұқияттылық секілді белгілі бір мінез-құлықты болжау пайдалы болуы мүмкін болғанымен, бұл мінез-құлықтың кішігірім ауқымы ғана деп болжайды. Қылмыскердің 10-нан 90 жасқа дейінгі ер адам болуы ықтимал, бірақ тиімділігі аз. Құқық бұзушы 20-25 жас аралығында деп болжау, әрине неғұрлым пайдалы, бірақ қате үшін олқылық үлкен. Тәжірибе жүзіндегі көмекті алу үшін теңгерімді табу қажет, егер кеңес беруші тергеп-тексеру жүргізуге көмектесетін болса, нақты белгілерді болжау қажет етіледі, бірақ бұл сенімділікпен байланысты емес.

ҚАНААЙ ӘАІСТЕР МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СҰРАҚТАРЫ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР БЕРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ?

Осы жылдар ішінде практикалық жұмыскерлер «МТКП» өзінің жұмысын қалай жүргізетіндігі туралы түсіндірген бірнеше мақалалар жарияланды (мысалы, Copson et al., 1997; Hazelwood et al., 1995; Rainbow мен Gregory, 2011; Ressler et al. 1985 жыл, West, 2001 жыл). Барлығы идеалды тұрғыдан қылмыс орнына баруды, фотосуреттерді, карталарды алуды, сұхбат пен өтініштерді, тергеу тобымен брифингті, сонымен қатар, сұрақтарды анықтай отырып, тергеуші жауап алғысы келетін (немесе ойлайтын, қалайтын) келіссөздер өткізуді қамтитын бастапқы деректерді жинауды қолдайды және МТКП-ның пікірінше неғұрлым тиімді қамтамасыз етуі мүмкін. Сосын МТКП деректерді іріктеп алады, оларды талдайды, сұрақтар шегіне сәйкес қорытындылар жасайды және жазбаша есепке кез келген тиісті негіздемені қоса алғандағы нәтижелерді жалпылайды.

Интерпретациялық талдаудың нақты үдерісіне қатысты жұмыстың түрі бар. Бұл

үдеріс факторлар комбинациясымен байланысты: біріншіден, көптеген кеңес берушілер сол үшін ғана тартылады және оларға ғылымға өз үлестерін қосу үшін шектеулі уақыт беріледі; екіншіден, осы үдерісте нақты МТКП/СМКПК алдыңғы тарихына, тәжірибесіне және әдіснамасына, зерттеулердің нақты талаптарына негізделген дара айырмашылықтар бар. Ақырында, этикалық дилемма бар: егер барлық егжей-тегжейлері анықталса, онда интерпретация қажет пе? Қылмыс орнында «сот араласуын» ынталандырудың әлеуетті дилеммасы бар. Сондықтан, Ұлыбританияда қазіргі кезде эклектикалық қоспаны және өзінің, біреудің тәжірибесін пайдалануды білдіретін осындай жұмыстың (осындай жұмыс үдерісінің ережелерін жасау) саналы түрде жалпылануын талап етеді.

ТИІСТІ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ТЕОРИЯЛАРЫ ҚАРАСТЫРУ

Қылмыс жасалған орынды қарау және құқық бұзушы немесе құқық бұзушылық туралы қорытындылар жасау кезінде пайдалы болуы мүмкін ғылыми әдебиетті, теориялық концепцияларды немесе эмпирикалық деректерді қарастырған жөн.

Нақты тақырыптап бойынша әдебиетті іздеу қажет болған кезде жүргізіледі, бұл жалпы болуы мүмкін, мысалы, өздерін әдепсіз ұстайтын адамдар туралы зерттеулердің не айтатындығы немесе неғұрлым толығырақ, мысалы, егер зорлықшы құрбаннан бірдеңе ұрласа, бұл оның ұрлық үшін алдыңғы сотталуының болу мүмкіндігін білдіре ме?

Зерттеулерді қолдану кезінде бірнеше қиындықтар бар. МТКП мен тергеушілер үшін пайдалы болуы мүмкін сенімді, релевантты және қолдануға болатын жарияланған зерттеулер жеткіліксіз. Қолжетімді зерттеулердің көпшілігі рұқсат алу қиынға түсетін полицияның деректер қорында болады және олардың сенімділігіне және негізделуіне байланысты мәселелері бар (Ainsworth, 2001; Farrington пен Lambert, 1997; Horvath пен Brown, 2006). Мысалы, бұл деректер:

- алдымен зерттеу мақсаттарына емес, сотта көрсету үшін дәлелдемелер ретінде жиналады;
- тіркелмеген қылмысты қамтымайды;
- саны жағынан да, сапасы жағынан да шектелген (мысалы, деректер куәгерлердің жадына немесе құқық бұзушылардың есептік жазбаларына сүйене алады);
- қалдырып кетулер (жетіспейтін немесе толық емес жазбалар) немесе дәлсіздіктер жиі кездеседі;
- көбінесе екінші ретті көздерден алынады (мысалы, арыздардан);
- сонымен қатар, кейбір қылмыстарда, мысалы, ешқандай куәгерлерсіз өткен адам өлтіруде, бақылау мен түсіндіру негізінен әрекеттердің салдарынан тұрады, мысалы, құрбан жараланған немесе сол жерде қайтыс болған, бірақ оған қалай, неге немесе қашан орын алғаны емес.

Теориялық негіздің болмауы, кішігірім, бұрмаланған немесе мәдени айрықшаланатын сынамаалар секілді басқа да әдіснамалық мәселелер де болуы мүмкін (Мысалы, Aitken et al., 1995; Bukhanovsky et al., 1999; Dowden et al., 2007; Hakkanen мен Laajasalo, 2006; Wherton, 2004). Сонымен қатар, әдетте, қолжетімді қандай да бір бақылау топтарыңыз эксперименттер гипотезаларды растауына немесе жоққа шығаруына көмектесе алмайды және жұмыстың көп бөлігі корреляциялық немесе іздестіру болып табылады.

Осылайша, сәйкес зерттеулерді қолдану насихатталғанымен, оны қолдану мәселе тудыруы мүмкін және сәйкес ескертпелермен пайдаланылуы тиіс.

АДРЕКТЕРАҢ РЕЛЕВАНТТЫ ЖИЫНААРЫН САЛЫСТЫРУ

Жұмыс істейтін МТКП мен зерттеушілер, сондай-ақ, олар мінез-құлықтың бұзылыстарының жиілігіне немесе құқық бұзушылардың сипаттамаларына қатысты алдыңғы қылмыстардың статистикалық заңнамалықтарын қамтамасыз ете алатын сәйкес деректер қорларына қолжетімділік бере алады. Біріккен Корольдікте құқық бұзушылар мен құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді қамтитын ұлттық деңгейдегі бірнеше дерек қорлары бар.

Жүргізілетін статистикалық талдаулар, көбінесе, базалық коэффициенттерді беруден тұрады. Сериялық құқық бұзушылықтарға қатысты болса, онда шешу қажет сұрақ кейбір ерекшеліктердің қаншалықты таралғандығында немесе сиректігінде көрінеді. Ерекше функциялар, әсіресе, егер олар әртүрлі қылмыстарда бірге жасалынатын болса, осы қылмыстардың бір-бірімен байланыстылығын көрсетуі мүмкін. Мысалы, зорлау бойынша қылмыстар киімді алып тастаумен немесе ауыстырумен байланысты болу ықтималдылығы аз (зорлаудың көптеген жағдайларында); алайда, егер бірнеше қылмыстарда пышақ қолданылса, құрбан жіппен байланған болса немесе кейбір фразалар бірнеше рет қолданылған болса (әрбір жеке әрекет зорлау жағдайларында салыстырмалы түрде сирек болды), оларды бір қылмыскер жасауы ықтимал. Осылайша, ұқсастықтар мен айырмашылықтар сериялық құқық бұзушылықтарды зерттеу барысында талданатын кезде, басқа құқық бұзушылықтармен салыстырғанда, мінез-құлықтағы айрықша айырмашылықтарды ескеру қажет (Woodhams, 2012; Woodhams et al., 2007).

Егер көшеде соққыға жығылған, буындырылған және сексуалдық зорлыққа ұшыраған жезөкшені өлтіру үшін жауапты қылмыскердің профайлын жасау қажет болса, осындай қылмыстарды жасаған барлық алдыңғы құқық бұзушыларды білу (мысалы, олар оның клиенттері және ер адамдар болды ма) пайдалы болуы мүмкін. Кейбір зерттеушілер құқық бұзушылықтың белгілері мен құқық бұзушылардың сипаттамалары арасында осындай салыстыру жүргізуге тырысты, мысалы, Magogna (2005) бейтаныс адамдардың өлтірушілері, 117 қылмыскердің қылмыстық тарихын зерттейді. Статистика бойынша, 70%-ының соттылығы болды және шамамен 57%-ы ұрлықпен байланысты қылмыстар үшін сотталған. Оның жасаған қорытындыларында егер қылмыс құрбанды соққыға жығуды қамтыса, онда құқық бұзушы зорлық қылмыстар үшін екі есе жиі соттылығы болу мүмкіндігі көрсетілген. Francis et al. (2004) 1995-2000 жыл аралығындағы кезеңде ересек адамдарды өлтірудің 2145 жағдайын қарастырды. Олар сотталғандардың 78%-ы ақ нәсілді екендігін анықтады. Жиілікті талдау, мысалы, егер құрбан 30-39 жаста болса, онда алдыңғы қылмыскерлердің 92%-ы 18-49 жас аралығында болатынын, олардың көпшілігі адам өлтіру кезінде 30-39 жаста болғандығын көрсетті.

Кейбір зерттеушілер құқық бұзушылықтар туралы ақпараттың негізінде құқық бұзушыға қатысты қорытындылар жасау үшін неғұрлым күрделі статистиканы қолданды (Aitken et al., 1995; Davies et al., 1998; Grubin et al., 1997; Hakkanen and Laajasalo, 2006; Salfati, 2000; Santtila et al., 2004). Мысалы, Francis et al. (2004) құрбанның және құқық бұзушылықтың қандай сипаттамаларының қылмыскердің сипаттамаларын болжау үшін маңызды екендігін анықтау мақсатында полиномиалды логистикалық модельді қолданды. Дегенмен, олардың айнымалыларының кейбіреулерін таңдау күмәнді болды, мысалы, қылмыскерді ұстағанға дейін оның «теңгерімсіз ақылдың» (34-бет) болуы немесе қылмыстың «ашуды немесе ұрыс-керісті» қамтуы (33-бет) туралы білу тергеу үшін маңызды болатындығы дау туғызады. Жалпы, олардың неғұрлым күрделі статис-

тикалық моделі деректер қорының жиіліктерін қолданғанға қарағанда, болжау кезінде неғұрлым дәл болғандығын анықтады, алайда олар жиілікті тәсілдеме осындай жағдайлар саны көп болмағанда пайдалы болатындығын және адам өлтірулердің кейбір топтарына арналған статистикалық модельді басып озуы мүмкіндігін көрсетті. Cole мен Brown (2012) кейінірек сипаттау статистикасына (базалық коэффициенттер) негізделген құқық бұзушылардың сипаттамаларын болжаудың неғұрлым күрделі статистикалық болжамдар (конфигурациялық жиілікті талдау мен логистикалық регрессия) секілді пайдалы болуы мүмкін.

Статистикалық деректерді қолдана отырып, басымдықтарды негіздеу мен орнату шешімдерді қабылдау үшін жауаптылыққа жиірек тартылатын тергеушілер үшін маңызды болуы мүмкін. Сонымен қатар, тергеушілер сот дәлелдемелерін қарастырудан бастап статистикалық есептілікпен танысады. Алайда, бағалар «нақты» ретінде қате қабылдануы мүмкін, сондықтан МТКП тұжырымдамаларын абайлап қолданған жөн, себебі, нақты қылмыскердің ұсынылған параметрлерге сәйкес келетіндігіне ешқандай кепілдік жоқ. Осындай статистикалық деректерді қолдануға қатысты қосымша қиындықтар бар. Мысалы, пайдаланушы қылмысты сандық кодталған айнымалыларға дейін сапалы тұрғыдан тәптіштеуді азайтуы тиіс болады, айнымалыларды таңдау субъективті болуы мүмкін, ақпарат алынған деректер қорлары қылмыстардың типі мен саны бойынша шектеулі, сотталушылардан алынған ақпаратқа негізделген және деректерді енгізу хаттамасын сақтауға тәуелді.

Осылайша, егер сәйкес деректер қорларынан алатын және тиісті ескертпелермен хабарлайтын болса, онда алдыңғы жағдайларды статистикалық талдауға негізделген зерттеулер нәтижелері мен дара іздеулер мінез-құлықты тергеп-тексеру кезінде ұсыныстарды беруде қолданылуы мүмкін. Шындығында, әрбір нақты жағдайда дара негіздегі қарапайым сипаттау статистикасын беру қазіргі кезде МТКП қолданатын әдістердің бірі болып табылады (Cole мен Brown, 2012). 5-тарауда талқыланғандай, пайымдау мен шешімдер қабылдауда әлеуетті жалған сенім болады (оларды қысқаша мазмұндау үшін 5.1-кестені қараңыз). Сонымен қатар, іздеу өтінімдері неғұрлым нақтырақ болады, салыстыру қажет болатын осындай жағдайлардың саны азаяды. Кейде неғұрлым дараланған сараптама қажет етіледі.

ТӘЖІРИБЕНІ ПАЙДАЛАНУ

МТКП талдау үдерісі ішінде шешім қабылдайтын тергеушіні ақпараттандыру үшін өзінің де, басқаның да тәжірибесін қолданады. Кейбір жағдайларда дәлелдемелік қорды беру үшін қолжетімді зерттеу немесе статистикалық деректер қорлары жоқ және салыстыруға болатын бұрын осындай жағдайлардың болмауы немесе өте аз құқық бұзушылықтар әдеттегіден тыс әрі ерекше болуы мүмкін. Осындай жағдайларда алдыңғы жағдайлар туралы оның барлық білімдері мен оның әріптестерінің білімдерін қолдана отырып, МТКП-ның барлық жинақталған тәжірибесі талап етіледі. СМКПК үшін олардың науқастармен жұмыс жасаудағы алдыңғы клиникалық тәжірибесі осындай негізделген түсінуді қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар, қазіргі кезде жалпы қабылданған тәжірибе МТКП-ның барлық есептері тергеу тобына беру алдында сараптамалық бағалауға ұшырауы болып табылады, сонымен қатар, қиын немесе әдеттегіден тыс жағдайлар бойынша тақырыптық конференциялары жиі жүргізіледі. Осылайша, жеке тәжірибені қолдану МТКП мен СМКПК қолданатын маңызды әдіс болып қала береді.

Соңғы кездері алдыңғы жағдайлар тәжірибесіне негізделген сараптаманы әшкерелеу талпыныстары жасалып келеді. Міндеттерді қолданбалы когнитивті талдаудың әдіс-тесісін қолдана отырып, Knabe-Nicol мен әріптестері (Knabe-Nicol мен Alison, 2011; Knabe-Nicol et al., 2011) осындай сараптаманың сипатын зерттеу үшін Ұлыбританиядан МТКП, Баварияда, Германияда Operative Fall Analytiker және Ұлыбританиядан географиялық профайлерлеріне бақылау мен терең сұхбат жүргізді. Олар маңызды ақпараттағы таңдамалы фокустау, аномалияларды анықтау, мінез-құлықтар типтерін тақырыптар немесе фрагменттерге топтастыру, іске толық талдау жүргізе отырып, егжей-тегжейлеріне назар аудару, кең таралған қателерді немесе алаңдатпа факторларды түсіну секілді аспектілерінің дәлелдемелерін анықтады. Олар сарапшылардың арнайы машықтары, білімдері және шешімдерді қабылдауының көптеген айрықша сипаттары бар деп сендірді. Бұл сарапшыларды ақпаратты өткізуі немесе белгілі бір функцияларға өте көп назар аудара алатын жаңа келгендерден айрықшалайды. Knabe-Nicol et al. (2011: 78) олардың пікірін түйіндейді: «Бұл мамандар өзінің пәнінде сараптаманы шынымен де жасады».

Kocsis et al. (2000) профайлерлердің – полиция қызметкерлерінің, психологтардың, студенттердің және экстрасенстердің кәсіпқойлылығын салыстырды және психологиялық білімдер, шынымен де, профильдейтін тәжірибені қамтамасыз етеді деп болжай отырып, басқа топтарды профильдеудің басым машықтарына ие. Экстрасенстер стереотиптерге сүйенді. Талдаудың осы типі репрезентативтік емес және шағын таңдамаларға негізделуі мүмкін болғанымен, алынған деректер психологиялық білімдерінің болуы және оларды пайдалану профильдеу машықтарының дамуына шынымен ықпал ететінін көрсетті.

Тергеушілер үшін есептерді жасауда мықты дәлелдеу қорын ұсыну үшін осы әдістерді үйлестіре отырып қолдану 9.4-қосымшасында түсіндірілген.

9.4-қосымша. МТКП кәсібінің басшысы Lee Rainbow мінез-құлықты зерттейтін заманауи кеңес берушілер туралы ой толғайды

Мінез-құлықты зерттеу жөніндегі кеңес берушілердің заманауи рөлі («құқық бұзушылар профайлерлерінің» жаңа буыны) танымал БАҚ-тан және ғылыми әдебиеттегі бейхабар түсіндірмелердің таралуынан алыс. Мінез-құлықтық тергеу кеңестері тергеп-тексеру үдерісінің көптеген аспектілеріне ықпал етуі және тергеп-тексеру үдерісі ішінде әр түрлі формаларды қабылдай алады. Қолда бар өнімдер мен қызметтер өздігінен тактикалық немесе стратегиялық шешімдерді ұсынады, олардың барлығы, әдетте, қылмыстарды тергеп-тексерудің көптеген топтарында қолданылатынынан ерекше позициядан қылмыс пен құқық бұзушыны тереңінен түсіну жолымен БТ шегінде шешімдерді қабылдау құндылықтарын жоғарылатудың неғұрлым кең философиясымен бекітіледі. Осындай айырмашылықтарды түсінуге қарағанда, (МТКП) кең мағынада дәлелдеме (БТ) ретінде сипаттауға болады, олардың екеуі де мәселені шешудің жалғыз мақсатын қолдауға бағытталған. Осы қосымша перспективаны және онымен байланысты тәжірибені мінез-құлықтық тергеп-тексеру табыстылығының сыни факторы деп таныған жөн.

МТКП-ның рөлі соңғы кездері айтарлықтай эволюцияны бастан кешті. Заманауи ВІА енді құқық бұзушылар туралы қорытындыларды жасаумен шектелетін оқшауланған сарапшылар болып табылмайды. Олар ауыр қылмыстарды зерттеу тәжірибесі мен заманауи ірі тергеп-тексеруге өздерінің мінез-құлықтық ұсыныстарды біріктіру тәжірибесі бар адамдардың кәсіби тобына айналды. Қазіргі кездегі МТКП тиімді мінез-құлықтық

тергеп-тексеру үшін қажетті 7 құзыреттіліктерге бағдарланған екі жылдық оқу бағдарламасынан өтеді: 1) тұлғааралық және вербалды қатынас машықтары; 2) тұлғаның қол сұғылмаушылығы; 3) жазу машықтары; 4) сыни ойлау машықтары; 5) жұмысты басқару; 6) қылмыстық тергеп-тексерулерге қатысты мінез-құлықтық ғылым әдістерімен танысу; 7) тергеу және сот үдерісі туралы білімдер.

Мен толық ставкада жұмыс істейтін алғашқы «қылмыскерлердің профайлері» ретінде ұлттық полицияға қосылдым, осы жаңа рөлде менің алдымда тұрған қандай да бір міндеттер мен мақсаттар туралы мүлдем хабарсыз болдым. Психологтар мен мінез-құлықтық сарапшылардың қылмыс орнында қалдырылған жасырын мінез-құлықтық іздерден қылмыскерлердің «профильдерін» жасай алуына қатысты үлкен толқынысқа байланысты Rachel Nickell-ді өлтіруді тергеп-тексеруде осындай сараптамалардың ең белгілі кемшіліктері жақсылап көрсетілген. Осылайша, менің мансабым осы пәннің кәсіби мамандануын жалғастыруға да, жекелеген тергеп-тексерулерді ақпараттандыру үшін өнімдер мен қызметтерді беруге де бағытталған. Заманауи МТКП енді құқық бұзушылар туралы қорытындыларды жасаумен шектелетін оқшауланған сарапшылар болып табылмайды. Олар ауыр қылмыстарды зерттеу тәжірибесі мен заманауи ірі тергеп-тексеруге өздерінің мінез-құлықтық ұсыныстарды біріктіру тәжірибесі бар адамдардың кәсіби тобына айналды. Жаңа МТКП-ны оқыту кезінде маңызды мантра бұл – дәлелдемелер, дәлелдемелер, дәлелдемелер. МТКП «ғылыми» тәсілдемеде оқиды, сондықтан, барлық кеңестер эмпирикалық зерттеулер мен тексерілетін теорияға негізделуі тиіс. Осындай қосалқы негіздеусіз кеңес әуесқой ізге түсуге қарағанда, үлкенірек болады және осындай негіздеме дара пікірге абсолютті сенімнің жасырын талаптарымен ауыстырылған кезде алдыңғы кемшіліктерін қайталайды.

МТКП болу үшін қандай машықтар қажет деп менен жиі сұрайды. Менің ойымша, мінез-құлықтық ғылымды, тергеу және заңды үдерістерді айқын түсіну негізгі болып табылады, бірақ олар сыни ойлау машықтарымен, тұлғааралық қатынаспен, жазудың тиімді машықтарымен және қалпына келуге жоғары жеке қабілетпен толықтырылуы тиіс. Бұл жұмыс интеллектуалды жағынан да, эмоциялық тұрғыдан да өте жоғары талап қояды және өте пайдалы, бірақ жұмыс пен жеке өмірі арасындағы сау теңгерімге кететін шығындарсыз болмайды.

МТКП ӨНІМАЕРІ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖАҚСЫ?

Сот тәжірибесінің басқа салаларына ұқсас мінез-құлықтық тергеп-тексерулер бойынша кеңес берулерге байланысты «жұмыс істейтініне» тексеру жүргізілді, бірақ олар жоғарыда көрсетілгендей кеңес компоненттерінің бірі ғана болып табылатын, әдетте, қылмыскердің профилін қарастырады. Қазіргі кезде зерттеулердің көпшілігі ескірді және қазіргі тәжірибе айтарлықтай өзгерді. Дегенмен, негізгі қорытындылар екі санатқа бөлінетін негізгі қорытындылар – профильдер дәлдігін және пайдаланушылардың қанағаттануын сұрауды бағалау төменде келтіріледі.

АЭЛАК

Қателесетін профайлер босқа жұмсалған полиция уақытының көптеген сағаты үшін жауапты болуы мүмкін ... профильдеу үшін жасалатын әрекеттің барлығын тексерген және тесттен өткізген маңызды (Ainsworth, 2001: 153).

Дәлдіктің маңыздылығы айқын, алайда деректер алуан түрлі. Кейбір профайлерлер (мысалы, Britton, 1997; Douglas және Oleshaker, 1995) табыстарды айтқан, оның үстіне кейбір профильдер өте дәл (мысалы, Mad Bomber of New York) цитаталанады, басқалары (мысалы, Бостон тұншықтырғышы) неғұрлым кең болды (Holmes пен Holmes, 1996). Бірінші кезекте жұмыстың құпия сипатының арқасында тек шектеулі (және негізінен табысты) бағалау тақырыптық зерттеулер ғана жарияланды. Мысалы, Canter John Duffy-ға қатысты оның 17 ұсыныстарынан 13-і дұрыс айтылды (Smith, 1993). Тіпті осы жағдайда осы «хиттердің» кейбіреулері тірі қалған құрбандардың көзімен көрген куәгерлердің түсініктемелерімен, физикалық сот дәлелдемелерімен және қылмыскер ер адам болды деген айқын болжаммен түсіндіріледі.

Дәлдікті формалды бағалау бірқатар себептері бойынша мәселелі болып шықты (Gudjonsson мен Copson, 1997). Біріншіден, зерттеулер қылмыскер ұсталғаннан кейін ғана жасалуы мүмкін (Grubin, 1995; Homant пен Kennedy, 1998; Smith et al., 1998). Сонымен қатар, көптеген әлеуетті айнаымалы қызығушылықтар болатындықтан, күдіктінің МТКП ұсыныстарынан немесе тергеп-тексерудің басқа да аспектілерінен кейін ұсталғандығын бағалау қиын. Сонымен қатар, табыстылық көрсеткіштері эмпирикалық тұрғыдан салыстырылатын бақылау топтары болмайды (профиль қолданылмаған ұқсас қылмыстар) және егер біреу ұсталса да, білмейтін, сәйкесінше, тексерілмейтін сипаттар көп болуы ықтимал (Gudjonsson мен Copson, 1997).

Дәлдік ретінде қарастырылатын бастапқы ой-пікірлер бар. Шектік мәселе бар. Ainsworth (2001) профильдің дұрыс сипаттамаларын дәл санау үшін олардың 80%-ы жеткілікті ме деп сұрайды? Сонымен қатар, біз көріп отырғанымыздай, МТКП анықтылық тұрғысынан емес, ықтималдылық тұрғысынан айтады және егер ол дұрыс көрсетілген болса, ештеңе шынымен де «дәл емес» болып табылады. Егер дәлелдеме фактілерге негізделген болса, онда тек бір жағдай «дұрыс емес» болып табылады (яғни, шығарылу болып табылады), осындай қорытындылар болашақта жасалынуы мүмкін, себебі, көптеген жағдайларда олардікі дұрыс болуы мүмкін. Жоғарыда көрсетілгендей, МТКП есептеріне дәл ақпаратты қосып, оның пайдалы екендігін білдіруі міндетті емес. Осылайша, қылмыскер тұлғасын дәл бағалауларды белгілеп көрсету мүмкін болмағанымен, олар бұзушыны алдын ала іздеуде тергеп-тексеру үшін қолданылуы міндетті емес (Ainsworth, 2001; Kocsis, 2006).

Осындай қиындықтарға қарамастан, бағалаулар қолға алынды. Pinizzotto мен Finkel (1990) профайлерлердің детективтерге қарағанда, неғұрлым бай әрі неғұрлым дәл сексуалдық профильдер жазғанын, бірақ біріншілерінің адам өлтірулер туралы істерде профильдеуге қатысты неғұрлым сәтсіздеу болғанын анықтады. Сонымен қатар, ФТБ 6 профайлерге 64 адам өлтірілген орынды берді және олардың қорытындыларында 80%-дық беттесуді анықтады. Дегенмен, барлық қатысушыларға берілетін оқыту және тек талап етілетін дихотомиялық санатымен (ұйымдасқан/ұйымдаспаған) ғана күмәнді, бағалаулар арасындағы осындай сенімділік деңгейлері жеткілікті ме (Oleson, 1996)?

Spook et al. (2007) профильдейтін ұсыныстардың болжамдық мәнін бағалау үшін криминалды профильдеудің төрт мақаласына метаталдау жасады. Жалпы, олар өздерін профайлерлер деп атайтын адамдардың (сәттілік көрсеткіші 66,5%) құқық бұзушылардың жалпы сипаттамаларын болжауға қатысты салыстырмалы топтарды (33,5% сәттілік) басып озғанын анықтады. Сондықтан, олардың осындай кеңестері «қауіпті де, пайдалы да болуы мүмкін» (2007: 447) және «осы жағдайда профильдеу артық әдіс болып көрінеді» (448-бет), біршама асыра көрсетілген және осы салада әрі қарай зерттеулердің қажеттілігін әділ түрде көрсетеді.

Ұлыбританияда Copson мен Holloway (жарияланбаған, Gudjonsson мен Copson-да цитаталанады, 1997) полиция құжаттары арқылы тексерілетін құқық бұзушылық және/немесе құқық бұзушыға қатысты белгілі фактілерге қарсы профайлер берген тармақтар арасындағы сәйкестік деңгейін тексеретін 111 профильді зерттеді. Олар сипаттамалардың, профайлерлер деректерінің көбісі дәл болғанын анықтады, алайда әр түрлі профайлерлердің дәлдік көрсеткіштері арасында үлкен дара айырмашылықтар болды. Алайда олар былай деп тұжырымдады: «Егер профильдеудегі табыстылық дәл болжаудың синонимі болса, онда профайлерлер үлкен табысқа үміттен алады» (Gudjonsson мен Copson, 1997: 73).

ПАЙДААЛАНУШЫЛАРЫҢ ҚАНАҒАТтануына қатысты сұраулар

Pinizzotto (1984) Америка Құрама Штаттарында құрастырылған профайлерлер хабарламаларының 77%-ы тергеп-тексеруді жүргізу кезінде сәтті деп сипатталғанын және Нидерландыда олар «жоғары» деп бағаланғанын анықтады (Jackson et al., 1997). Haines (2006) 55 канадалық полиция қызметкерлеріне сұрау жүргізіп, профильдеудің 94%-ға тергеп-тексерудің тиімді құралы болып табылатынын анықтады. Ұлыбританияда детективтердің кішігірім тобы Adhami мен Browne (1996) зерттеуі шегінде профильдеуді қолдауы туралы мәлімдеді. Қазіргі кездегі Ұлыбританиядағы осындай ең ірі жарияланған зерттеуде Copson (1995) қылмыскерлердің 184 профилінің пайдалылығымен қызыққан детективтерді зерттеді. Сонымен қатар, көпшілігі профильдерді операциялық пайдалы (82,6%) санады, бұл пікір істі шешуге көмекке тәуелді емес (14,1%), тіпті тергеп-тексеруге қандай да бір жаңа нәрсені қосуға да (53,8%) тәуелді емес болды. Профильдердің құқық бұзушыны тікелей сәйкестендіруге (2,7%) сирек жүргізді, бірақ осының орнына есептер/профильдер істі немесе құқық бұзушыны түсінуге ықпал етті (60,9%) және/немесе іс бойынша детективтердің жеке пікірін қолдады (51,6%) деп анықталды. Барлығы олардың профайлердің қызметтерін қолдануы мүмкін немесе міндетті түрде қолдануы тиістігін мәлімдеді (92,4%).

Жалпы, қанағаттану туралы сұраулардың қорытындылары респонденттер есептердің тергеп-тексеруді шоғырландыруда, үдіктілердің басымдықтарын анықтауда, уақытты үнемдеуде, жаңа идеяларды жасауда, олардың құқық бұзушыны түсінуді тереңдетуде және толық тергеп-тексеруді қамтамасыз етуде пайдалы болуы мүмкіндігін көрсетіп отыр (Britton, 1992; Copson, 1995; Douglas жарияланбаған, Pinizzotto-да цитаталанады, 1984; Haines, 2006; Jackson et al., 1997; Wilson and Soothill, 1996).

Осындай тексерістердің нәтижелері неғұрлым жалпы сипатқа ие болғанымен, оларды абайлап интерпретациялаған жөн. Біріншіден, профильдің тергеп-тексеруде қандай дәрежеде көмектескендігін анықтау қиын (Douglas жарияланбаған, Pinizzotto-да цитаталанады, 1984). Екіншіден, қанағаттану туралы сұраулар, әдетте, МТКП болжамдарының қосқан үлестерін жоғары/төмен бағалауға әкелуі мүмкін кішігірім зерттеушілердің дара көзқарастарына тәуелді (Copson, 1995). Шынымен де, зерттеулер Барнум әсері профильдерді интерпретациялауда көрінуі мүмкіндігін көрсетті (Alison, Smith пен Morgan, 2003). Бұл тұлғаның белгісіз және жалпы сипаттарын қабылдайды деп болжайды, себебі, оларға дұрыс көрінеді. Осы контексте тергеушілер белгілі бір күдіктінің профилінен (көптеген тұлғаларға «жамандық істеуі» мүмкін) бір мағыналы емес ақпаратты тандай отырып қате жазуы мүмкін (Alison, Smith пен Morgan, 2003). Зерттеулер полиция қызметкері профильдеуге неғұрлым көбірек сенетін болса, оның мазмұнына тәуелсіз профильді

дәл ретінде қабылдауы соғұрлым ықтимал екендігін көрсетті (Kocsis пен Heller, 2004). Сонымен қатар, дәлдікті қабылдау МТКП-ның қабылдайтын сәйкессіздігімен байланысты болуы мүмкін (Kocsis пен Hayes, 2004). Сонымен қатар, зерттеулер индивидтерге, сондай-ақ, МТКП кеңесі олардың қорытындыларын қолдайтындығына немесе олардың жеке нанымдарына қарсы келуіне байланысты ықпал етуі мүмкіндігін көрсетті (Marshall мен Alison, 2007).

МТКП ҮДЕРІСІ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖАҚСЫ?

Өнімнің дәлдігін объективті бағалаудың қиындықтарына байланысты назар мінез-құлықтық зерттеу ұсыныстарын берумен байланысты үдерістерді бағалауға ауысты. Мінез-құлықтық кеңес берулердің негізіндегі болжамдарды қарастыру, шешімдерді қабылдау үдерісін бағалау және оны негіздеу неғұрлым кеш бағалау күштерінің пәні болды.

ЖАСЫРЫН БОЛЖАМААР

Академиялық оқудағы да (мысалы, Chifflet, 2014, Devery, 2010; Gekoski мен Grey, 2011), Rachel Nickell-ді өлтіру секілді (Alison мен Euge, 2009) шулы істердегі де мінез-құлық сұрақтары бойынша кеңестер берумен байланысты ауыр сын айтылды. Кейбіреулері «әлі дәлелденбеген тағы бір пән» екендігін мәлімдеді (Muller, 2000: 260). Кеңес аралас нәтижелермен аралас бірнеше пайымдарға сүйенеді, мысалы:

- Alison (2005) тұлғаның негізіндегі мінез-құлықты номотетикалық (жалпы); анықталған (барлық қылмыскерлер бірдей деп болжайды); жағдайлық емес (мінез-құлық әр түрлі жағдайларда тұрақты болып қала береді деп болжанады) және тавтологиялық (өздігінен жүзеге асырылатын көрегендік – зорлық секілді мінездің сипаты мінез-құлықтан туындайды және мінез-құлықпен түсіндіріледі, зорлық қылмыс зорлықшыл қылмыскерді көрсетеді, бірақ қылмыскердің осындай қылмысты жасау факті оны зорлықшы етеді) болуы мүмкін құқық бұзушының сипаттарына жатқызатын «аңғал сипаттары» теориясына айтарлықтай тәуелділігінің бар екендігін көрсетіп отыр.
- Мінез-құлықтық келісушілік/реттілік сериялық қылмыстар үшін де (құқық бұзушылар өздерін әр түрлі құқық бұзушылықтарда бірізді ұстайды), профильдеу үшін де (бұзушылар өздерінің күнделікті және қылмыстық өзара әрекеттерінде бірегей келеді, мысалы, зорлық қылмыс жасаған біреу басқа жағдайларда жауыз болуы мүмкін) негізгі фактор болып табылады. Сериялық қылмыстағы мінез-құлықтық реттіліктің кейбір куәліктері бар (Bennell мен Jones, 2005; Clarke, 1999; Fox пен Farrington, 2014; Grubin et al., 1997; Salfati et al., 2014; Santtila et al., 2005, 2008). Алайда, нәтижелері бір жақты емес (мысалы, Trojan мен Salfati, 2011) және жағдайлық факторлардың рөлдерін (Butterworth, 1997; Salfati мен Bateman, 2005) қарастыру қажеттілігіне сүйенеді, оқыту мен дамыту рөлдері және қылмыстар, юрисдикция, мінез-құлық типі секілді факторлар – осы факторлардың барлығы мінез-құлықтың реттілігіне ықпал етуі мүмкін (Bennell et al., 2014).
- Гомология қағидасы – бұл шығу тегі ұқсас құқық бұзушылардың осындай қылмыстарды жасайтындығы туралы түсінік. Қылмыс орнындағы мінез-құлықтың белгілі бір түрлері мен құқық бұзушылардың сипаттамалары арасында сәйкестікті іздеудегі кейбір табысқа қарамастан (Davies et al., 1998; Tonkin et al., 2009),

басқа зерттеушілер контекст пен жағдайдың маңыздылығын көрсете отырып, осындай байланыстарды таппады (Doan мен Snook, 2008; Mokros пен Alison, 2002). Соңғы уақытта пікірталастар гомология мен дәлдіктің маңыздылығына байланысты жалғасып келеді (Kocsis пен Palermo, 2015).

Осылайша, бірнеше негізін қалайтын қағидаларға байланысты әрі қарай зерттеулер қажет.

МТКП НЕГІЗДЕМЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Шешімдер қабылдау үдерісінде МТКП берген дәлелдеме қорын зерттей отырып, жоғарыда аталған қиындықтардың кейбіреулерін жеңуге болады. Егер тиісті ескертпелер берілген болса және тергеушілер қорытындылардың ненің негізінде жасалынатындығын көре алса, онда тергеушілер тергеп-тексеруге қатысатын кез келген тұлғаның кеңестерін қарағандай, олардың МТКП кеңестеріне бағдарлануы мен оларға қаншалықты байсалды қарайтындығы өздеріне байланысты болады. Дегенмен, Copson мен Holloway (жарияланбаған, Gudjonsson пен Copson-да цитаталанады, 1997) МТКП кеңестерінің әр түрлі кеңестерінің ізінен жүретін негіздемелердің тек 16% жағдайда ғана берілетіндігінің пайдасына қатысты аргументация тапты. Сондай-ақ, ВІА қорытындылары үшін негіздемелердің болуы олардың міндетті түрде адекватты болуын білдірмейді. Мысалы, қылмыстың сексуалдық тұрғыдан мотивацияланғандығы туралы мәлімдеме, себебі, құрбан мойнынан жарақат алған – негіздемесі бар, алайда осы қорытындының негізделуі күмән келтіруі мүмкін (Smith et al., 1998).

Snook et al. (2007) 130 жарияланған профильдейтін мақаланы қарастырып шықты. Сақтық пен кең сенімді аралықтарды (шекттейтін қорытындылар) назарға ала отырып, парасатты мағынаның (мысалы, беделге немесе әзілге негізделген, «бәрі білетін» заттар) 58% жағдайда эмпирикалық аргументтерге қарағанда (әдебиет деректерінің, ауру тарихы немесе тексерістің негізіндегі сандық) көбірек қолданылатындығы туралы факт алаңдатады. Парасатты мағына аргументтері 1990 жылға дейін жарияланған клиникалық мақалаларда және құқық қорғау органдарының жарияланымдарында (ғылыми емес), сонымен қатар, Америка Құрама Штаттарында неғұрлым жиірек қолданылды. Осындай аргументтердің профильдеу туралы жағымды пікір білдіретін және оны қолдайтын мақалаларда да жиі кездесетіндігі туралы факт қызығушылық тудырады.

Профайлерлердің өздерінің жазбаша есептерінде аргументтеуді тұжырымдау үдерісін бағалау Alison мен оның әріптестерінің еңбектері топтамасында қарастырылды (Alison et al., 2003; Alison et al., 2005, 2007). Олар МТКП ұсынған пікірді зерттей келе, аргументтің құраушы бөліктерінің күшін тексерді (мысалы, 30 жасқа дейінгі адам өлтіруші) және осындай пікірдің негізі бола алатын фактілерді зерттей келе, негіздемені (мысалы, себебі, 23 жасар әйел адам өлтірілді); нақты негіздемелерді (әйелдерді өлтірушілердің көпшілігі 25 жасқа толмаған және 30 жастан төмен) және сұранымды беруге арналған негіздемені (мысалы, ХХХ бойынша зерттеу немесе ХХХ деректер қорынан деректер) іздеді. Бұл дұрыс болмауы мүмкін (мысалы, егер басқа белгілер көрсетілмесе ...) болған жағдайларды түсіндіру үшін сәйкес теріске шығарулармен бұл мүмкін болатын жерде қандай да бір формада немесе формулаға байланысты (мысалы, ... 87% ықтималдылығы бар). Егер элементтердің біреуі жоқ болса, профайлерді аргументтеу таласқа түседі.

Осы әдісті қолдана отырып бағалау неғұрлым айқын, бірізді және нақты деректерге негізделген соңғы жылдардағы есептерді берумен байланысты айтарлықтай жақсарту-

ды қарастырады. Alison et al. (2003) негізінен 1997-2001 жж. кезеңі аралығындағы 21 профильді есепті талдады – 13 профиль Ұлыбританиядан, 5-еуі Америка Құрама Штаттарынан және 3-еуі басқа еуропалық елдерден. Зерттеу профильдердегі ақпараттың үлкен бөлігінің тергеуге белгілі екендігі, олардың шамамен 4000 профилі, 80%-ы ешқандай негіздері, ақтаулары немесе негіздемелері жоқ екендігін көрсетті. Сонымен қатар, профильдердің 20%-ы екі жақты болды (көмескі ақпаратты беру, мысалы, «қылмыскерде нашар гетероәлеуметтік машықтар болады»), 80%-ы бұрмаланбаған (немесе жалған болып шықты, мысалы, «қылмыскерде порнография коллекциясы болады») және 50%-ы тексеріске жатпайды (сотталғаннан кейін тексерілмейді – мысалы, «қылмыс жасау кезінде құқық бұзушы ұжданының алдында азапты сезінбеді» секілді түсіндірмелер қосылған, 2003: 181). Мұның айқын салдары бар бірқатар әлеуетті күдіктілер осындай профильге оңай «қойылады». Алайда, 2005 жылы жазылған 47 профильден тұратын салыстырмалы таңдамада 805 мәлімденген профильдің тек 4%-ында ғана ешқандай негіздер болмағаны, алайда тек 34%-ы ғана формалды қолдауға немесе негіздемеге ие болғандығы анықталды. Сонымен қатар, қазіргі кезде 70% профиль тексерілді, тағы 43%-ы айыптау үкімін шығарғаннан кейін бұрмаланған. Дегенмен,

талдау «олардың аргументтерінің негізделуі тұрғысынан мінез-құлықтық тергеп-тексерулер ұсыныстарының заманауи үлгісі мен алдыңғы ... кеңесі арасында өте үлкен жағымды айырмашылықты көрсетті. Мінез-құлықты тергеп-тексеру жөніндегі заманауи кеңес мәлімдеген профильдердің неғұрлым айқын шектері бар және неғұрлым айқын ретті әрі дәлелдерге негізделген форматта материалды ұсынады» (Almond et al., 2007: 1).

Осылайша, МТКП-ның заманауи есептері шешімдер мен болжамдардың пайдасына аргументтеуді айқын тұжырымдай отырып, неғұрлым негізді көрінеді.

ЕСЕПКЕ ҚОСУҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕР ҚАНАДЫ?

Осы бөлімде біз МТКП есебіне қосылуы тиіс элементтерді анықтаймыз. Alison, Goodwill мен Alison (2005: 242) нұсқаулығы мен Cole мен Gudjonsson (2013) кешірек шыққан еңбегі бейімделген және төменде бақылау тізімі формасында келтірілген. Олар сіздің жазуыңызға ұсынылған сот психологиясы туралы кез келген есептің мақсатына сәйкес қолдануға, қарастыруға, толықтыруға және жасауға болатын көп мақсатты бақылау тізімін білдіреді. Алайда сотқа арналған есептердің ұсынылған мазмұнына қатысты кеңестер алу үшін 12.3-қосымшаны қарауыңызды өтінеміз.

БАҚЫЛАУ ТІЗІМІ

Есеп келесілерді қамтуы тиіс:

- Автордың байланыс ақпараты;
- Автордың құзыреттіліктерін мазмұндау (тарихы, біліктілігі, оқуы, тәжірибесі, сараптама);
- Жасалған күні;
- Нұсқа нөмірі – нұсқалар, егер есепке сараптамалық бағалаудан маңызды өзгерістерден кейін түзетулер енгізілетін болса немесе жаңа ақпаратты алу жағдайында қайта қарастырылуы мүмкін;

- Уақыттық шкалалар – келісім бойынша есепті тапсыратын тұлғамен, мысалы, енгізілген есеп [күні] және ұсынылған есеп [күні];
- Техникалық тапсырма – есепті тапсыратын тұлғамен келісе отырып жасау, есептің мақсаты, мысалы, бұл есеп инциденттердің [қылмыспен] байланысты болуы және [қылмыстарды] бір қылмыскердің жасауы туралы пікірді қамтуы тиіс;
- Қолданылатын материалдар, мысалы, мәлімдемелер тізімі (кез келген сұра-тылған, бірақ алынбаған материалдар туралы толық мәліметтермен бірге), бри-фингтер күндері;
- Істің қысқаша мазмұны – автордың оны дұрыс түсінуі мен маңызды (егер олар өзгертілген болса, нәтижелерге ықпал етуі мүмкін) айнымалыларды бөліп көрсетуді қамтамасыз етуі үшін;
- Қолдану – есепті қалай қолдану, мысалы, соттағы дәлелдеме ретінде емес, тергеп-тексерулерге жәрдемдесу үшін алдын ала деректер ретінде; есепті автордың алдын ала келісімінсіз әрі қарай таратпаған жөн;
- Әдіс – қолданылатын әдістеме түсіндірілуі тиіс;
- Сақтандыру – егжей-тегжейлі шектеулер, мысалы, кеңестер жаңа ақпараттың негізінде өзгеріп отыруы мүмкін, статистикалық ұсыныстар фактіні емес, ықтималдылықты көрсетеді, есеп осы нақты жағдай үшін ғана қолданылуы тиіс;
- Қорытындылар мен ұсыныстар қажет жерде алынуы және айқын белгіленуі тиіс, мысалы, [xx] зерттеулерінің негізінде; [xx] деректер қорынан алынған жағдайлардың [xx] санынан қорытындылар негізінде;
- Қажет болғанда, тергеп-тексеру жөніндегі ұсыныстар қосылуы тиіс;
- Есепке есептің түйіндемесі қосылады (есепті толық оқып шығу ұсынылады);
- Сонымен қатар, есеп:
- техникалық тапсырманы сақтауды қамтамасыз етуі тиіс (валидтілік);
- тиісті аудитория үшін түсінікті тілмен жазылуы тиіс, мысалы, түсіндірілмейтін психологиялық сленгті қамтымау;
- объективті болуы тиіс, мысалы, ол балама гипотезаларды немесе келтірілген ұсыныстарға қарама-қарсы келетін зерттеулердің кез келген маңызды нәтижелерін көрсетуі тиіс.

БІЗ НЕНІ ҮЙРЕНАІК?

Осы пәннің жылдам дамығандығы және соңғы жылдары үлкен қызығушылық тудырғандығы көрініп тұр. Зерттеулерден, деректер қорларын салыстырудан және тәжірибеден білгенімізді қорытындылай келе, бірнеше күрделі, алайда келісілген тақырыптарды көрсетуге болады:

- Құқық бұзушылар оқи алады. Біз жылдам қысқарта алатындай құқық бұзушылар да оқып, дами алады және өзінің барлық қылмыстық мансабы ішінде өзгеруі мүмкін. Егер олар қылмыс орнында саусақ іздерін қалдырғанына байланысты сотталатын болса, олар жоғары ықтималдықпен келесі жолы қолғап киетін болады.
- Сексуалды қылмыскерлердің көбісінде келесі жасайтын сексуалдық қылмыстарымен байланысы жоқ соттылығы болуы мүмкін. Құқық бұзушылардың әртүрлі қылмыстарды жасайтын универсалдар немесе нақты қылмыс типінде маманданған мамандар болып табылатындығы туралы пікірталастар осы тараудың аясынан шығады. Дегенмен, зорлықшылардың сексуалдық қылмысқа қарағанда,

қымқыру немесе бұзып ұрлау үшін жиі соттылығы болады (Davies et al., 1998). Көптеген қылмыскерлер үшін қылмыстылық бір нақты саламен шектелмейді және қоғамдық нормаларға сәйкессіздік жалпы норма болып табылатын қылмыстық өмір салтын көрсетуі мүмкін.

- Сексуалдық қылмыскерлердің көпшілігі құрбандарды іздеуге көп уақыт жұмсауы мүмкін, қылмыскерлер уақыт өткізіп және «неғұрлым сәйкес келетін» құрбанға шабуылдауы мүмкін. Құқық бұзушылар құрбанның нақты типіне артықшылық бергенімен, олар тек жасына немесе шашының түсіне бағдарлануы екіталай, олар үшін қажет уақытта, қажет жерде әлдекімнің болуына бағдарлануы мүмкін.
- Қылмыскерлердің көбісі Шерлок Холмстың жауы, профессор Мориарти секілді ақылды емес. Бізде өзінің ақылымен полицияға қарсы тұратын өте ақылды сериялық адам өлтірушінің БАҚ-тағы бейнесінің болуына қарамастан, бақытымызға орай, Ұлыбританияда адам өлтіргені үшін жауапты көптеген қылмыскерлерді жылдам ұстайды.
- Мән-жайлар әрқашан да қылмыскердің жоспарларымен сәйкес келе бермейді. Құрбандар әрқашан бағына бермейді, олардың денелері ауыр болуы мүмкін, куәгерлер құқық бұзушылыққа кедергі келтіреді, сәйкесінше, құқық бұзушыларға импровизациялауы қажет болуы мүмкін.
- Біреуді бір кездері тұтқындауына қылмыс үшін жауапты тұлға туралы дабыл белгілерін тудыруы мүмкін алдыңғы қылмыстарға байланысты тәуекел факторлары мен инциденттер бар. Осы тұлғаларды анықтау (себебі, олар полицияның көзіне түспеуі ықтимал) және сәйкес тұлғалардың басымдықтарын орналастыруда (себебі, олардың көпшілігінде сәйкес тәуекел факторлары болуы мүмкін, бірақ қылмыс жасауды жалғастырмайды) қиындықтар көрінеді.

МТКП-ДА ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНАЕ СЕЗІМАЕРІМІЗАІ ҚАЛАЙ ЖЕҢЕ АЛАМЫЗ?

Мен адам өлтірудің ең қорқынышты аспектілерін көремін және бір адам басқа адамға не істей алатындығы туралы қиратушы әрі адамгершіліктен жұрдай шындыққа күн сайын тап боламын (Kerppel, 1998: xx).

9.2 және 9.4-қосымшалардағы МТКП түсіндірмелерінде МТКП ие «үлкен жауапкершілік», «ұзаққа созылған сапарлары мен үйден тыс өткізілген уақыт» және «жұмыс пен жеке өмірі арасындағы сау теңгерімге кететін әлеуетті шығындар» туралы айтылады.

7-тарауда осы салада зерттеулерді жүргізуге қатысты айтылғандай, жан түршігерлік қылмыстарға байланысты мінез-құлықты көп реттік талдаудың ықпалдарына қатысты өте аз жазылды. Алайда, 8-тарауда көрсетілгендей, әлеуетті орнын басатын виктимизация концепциясы, сонымен қатар, өте қорқынышты бір реттік инциденттермен жолыққан адамға әсер еткендей мәселелі материалдардың созылмалы ұзақ мерзімді ықпалы адамдарға әсер етуі мүмкін (Clarke, 2013). ВІА, аналитиктер және сол сияқтылар жәбірлеушілерге немесе құрбандарға қатысты тікелей ісі болмағанымен, мәйітханаларға бару немесе отбасыға сүйікті адамын жоғалтқанын жеткізуі мүмкін; олар арыздарды оқитын, сұхбатты қарайтын, фотосуреттерді қарайтын және қылмыс орындарына баратын болады. Сондай-ақ, олар құқық бұзушының өзара қарым-қатынасының әрбір сәйкес егжей-тегжейін қарастыруы және істердің түйіндемесіне сүйенудің орнына, мүмкін болғанда құрбанның жазылған сұхбатын қарау секілді бастапқы деректерді қолдануы тиіс. Бұл қиын міндет болуы мүмкін, бұл қорқынышты ақпараттың ұзақ уақытқа созылған ықпа-

лымен байланысты болуы ықтимал. Осы жанасқан адамдардың өміріне ықпал етпейді деп болжау аңғал болар еді.

«Жану» басқа факторлармен бірге үйлесімде кәсіби күйзелістің нәтижесі болып табылатын жұмысқа қызығушылықтың төмендеуі мен таусылуы ретінде анықталады (Freudenberger, 1974). Зерттеулер осындай «эмоциялық жұмыстың» жоғары деңгейі жанумен байланысты тәуекел факторларымен корреляцияланатындығын көрсетіп отыр (Amaranto et al., 2003). Сонымен қатар, зорлау материалдарымен бірнеше ай жұмыс жасағаннан кейін, мысалы, тергеушілер немесе практик жұмыскерлер бұрынға қарағанда немесе жалпы басқа тұрғындармен салыстырғанда, түнде жалғыз өзі өте сирек қыдыруы немесе таксиге белгілі бір белгілерсіз отырмауы мүмкін екендігіне сенімдіміз. Сондай-ақ, көптеген адамдарда жұмыстан тыс өмірі мен міндеттері болады және жоғалту, ажырасу, көшу, шоттарды төлеу және басқаларға күтім жасау секілді біздің жеке күнделікті күйзелістеріміз, жарақаттарымыз бен қиындықтарымыз біздің мансабымыздың әртүрлі кезеңдерінде белгілі бір ықпалының болуын күту ақиқат емес болар еді.

Кейбір адамдарға жұмыстың сипаты ұнамайды және олар осы салада жұмыс іздемейтін болады немесе жақын арада кетеді. Басқалары осындай жұмысты пайдалы тәжірибе деп санайды және осындай жағдайларда қиын клиенттермен немесе жағымсыз материалдармен жұмыстан алған қанағаттануы мен позитивті аспектілеріне бар назарын аударады (Clarke, 2013). Бағалау мен сұхбаттасу орталықтары жұмыс беруші индивидуум осындай контентпен жұмыс істей алатындығын анықтай алуы үшін және сұхбат алынушы осындай жұмысты жақсы түсінуі үшін (егер олар осындай жұмысты орындай аламын деп санаса, оларды ақпараттандыру) проактивті жасалынады. Басқа адамдар толықтай жанбағанға дейін, кәсіби тұрғыдан назарын шоғырландыруды үйренеді, деректерді қарастыру кезінде мақсатқа қатысты нәрсені ғана қарау қажет. Сонымен қатар, көптеген жыл ішінде индивидуумдардың өздері үнемі көретін нәрсеге дағдылануының мүмкіндігі айқын көрінеді, алайда мұның 9.5-қосымшада көрсетілгендей, жағымды да, жағымсыз да салдары болуы мүмкін.

9.5-қосымша. Terri Cole қылмыстың құрамына дағдылану туралы ой пікірі

Команданың салыстырмалы түрдегі жаңа мүшесі қылмыстар туралы алуан түрлі әлеуетті күйзелісті ақпараттың (арыздар, фотосуреттер және т.б.) ықпалына ұшырады, бірақ жақында балаларды өлтіруге қатысты жұмысқа тағайындалды. Ол менен қылмыс орнының фотосуреттеріндегі оның бірқатар интерпретацияларын қарауды өтінді және біз әңгімелесіп тұрғанда, ол осы істердің «өте сұмдық» екендігі туралы жалпы ескерту жасады.

Мен осы белгіге мән беріп, әңгімені кеңейттім, оның жұмысын қадағалау және онымен осындай тергеп-тексеруді қолдауды қалай жалғастыруды қалайтындығын және оның қандай қосымша қолдауды ала алатындығы туралы талқылауды жалғастырдым. Алайда, осындай әңгіме маған осылайша әсер етеді деп күтпедім.

Мен бұл туралы мүлдем ойламадым. Бұл мен үшін «басқа» жағдай болды, жауыздықпен өлтірілген осы бала құрбан екендігін ойламадым, осының сұмдық егжей-тегжейлерін қарастырдық және талдадық. Мен үшін бұл қарапайым басқа жұмыс болды, өз рөлімді білдім және әріптесіме кәсіби тұрғыдан көмектестім. Мені осы факт алаңдатты. Мен қандай «қалыпты» адам баланы өлтіруге қалай қарайды деп біреу айтқанға дейін тіпті осының қорқынышты тудыруы мүмкіндігін ойламадым. Осыны байқамайтындай

қалайша осыншама «қайырымсыз» болдым? Қандай адам мұны жасады? Кейбіреулері мұны бейсаналы қорғаныс механизмі деп атар еді (менде басқалардың бар екендігіне сенімдімін – мен полиция операцияларының аттарын немесе құқық бұзушылықтардың егжей-тегжейін жиі есіме түсіре алғаныммен, құрбандардың аттарын сирек есте сақтаймын), басқалары мұны кәсіпқойлық немесе тіпті объективті ғалым деп атауы мүмкін. Ярлық қандай болса да, ол жұмыстың сипаты және егер, біз «осыны жеңе» алатын болсақ та, оның бәрімізге қалай ықпал ету керектігі туралы ойлануға мәжбүр етті.

Жұмыстың адамның әл-ауқатына минималды ықпал етуі мүмкін құралдар бар, алайда жекелеген тұлғалар мен ұйымдар қиындықтарды жеңу қабілеттерін арттыру үшін шаралар (дара және ұйымдық) қолдануы және олар туындаған кезде мәселелерді шешу үшін тиісті әдістерді пайдалануы тиіс. Мұнда бізді көргеніміз бен естігенімізден оқшаулайтын әлеуетті қорғаныс факторларына сүйене отырып, шыдамдылық концепциясын айта кету қажет. Жаман нәрсеге көңіл бөлудің орнына бұл концепция біздің қалай аман қалуымызды және қысымды күйзеліске айналдыруды қалай тоқтатуымыз қажеттігін көрсетеді. Clarke (2012) болайын деп жатқан әуе апатында біз бірінші кезекте басқаларға адекватты түрде көмектесу алдында өзіміздің «оттегі бетпердемізді» киноіміз қажет болатын жеке шыдамдылығымызды байқаудың баламасын келтіреді.

Кейбір адамдар күйзелісті жеңудің кәсіби дистанциялайтын стратегиясына қатысады. Laurence Alison өзінің ой толғаныстарында (7.2-қосымша) осы туралы айтып өтті: «Екі жақтан да қуанышты жағдайлар аз. Осындай жұмыс қалайша сізден бөлек тұруы керек. Осылайша, сіздің жұмысыңызға қазір тікелей әсер ететін құрбандарды, құқық бұзушыларды немесе жалған айыпталғандарды кездестірген кезде, сіз алатын кез келген нәтижелердің өзіңіздің жеке дүниетанымыңыздың немесе жеке қалауыңыздың емес, ғылымның, дәлелдемелердің функциясы болатындай дәлелдемелерге негізделген тәсілдемені қолдануыңыз қажет».

Полиция да, абақтылердегі жұмыс та жоғары күйзелісті мамандықтар болып табылатындығы көрсетілді (Brough пен Biggs, 2010) және жұмыста күйзелісті жеңілдетуге байланысты адекватты қолдау көрсетудің маңыздылығы мойындалады (Brough пен Frame, 2004; Johnson мен Hall, 1988). Осы ортада әріптестер тарапынан қолдау көрсету, басқару және тұрақты түрде кеңес беру мен супервизияға қолжетімділік формасында жұмыс істейтін ұйым шегінде жүзеге асырылуы тиіс. Тұрақты түрдегі өзара және басқару контактілері эмоциялық уайымдар мен күйзелістерді талқылау үшін МТКП-ға енгізілді, бұл көбінесе жалғыз жұмыс істейтін және көп саяхаттайтын персонал үшін ерекше маңызды.

Алайда осындай қатынастардың сапасы мұқият қарастыруды талап етеді, себебі, жекелеген қызметкерлер, егер, олар өздерінің мансаптық болашағына ықпал етуі мүмкін немесе осындай ақпарат құпия түрде қарастырылмайды деп шешсе, ақпаратты ашпауы мүмкін.

Шыдамдылық өзіне қолдау көрсету есебінен күшеюі мүмкін – осы жұмысты неліктен орындап жатқаныңызды түсіну (бұл қызықты және пайдалы болуы мүмкін), тұрақты түрдегі үзілістер, өзін қалыпта және сау ұстау, жұмыс пен өмір арасындағы теңгерімді қолдау, басқа қызығушылықтардың болуы; сонымен қатар, басқалардан қолдау алу – отбасымен жалпы күйзелісті бөлу және жұмыспен мүлдем байланысы жоқ достармен уақыт өткізу. Сондықтан, адамдардың өздерінің әл-ауқаттылық стратегияларын, сондай-ақ, ұйымдық қолдауды белсенді түрде іздеуі өте маңызды, себебі, біз өзімізді күтуге және өзімізге байсалды қарауға міндеттіміз (Clarke, 2013). Кез келген жұмыста биікке көтерілу

мен құлдыраулар болып тұрады, бірақ осы салада жұмыс ерекше күрделі болуы мүмкін және бірнеше бірегей міндеттері болады. Көпшілігі үшін бұл «жай ғана жұмыс» болмағанымен, осы «жұмыс» екендігін және біздің жалпы өміріміздің тек бір бөлігі болуы керектігін мойындау қажет.

9.6-қосымша. Рефлексияға жаттығу

1. Сіздің асханаңыздағы заттар туралы ойланыңыз.

А) Олар сіздің даралығыңызды немесе сіздің аспаздыққа қалай қарайтындығыңызды көрсете ме?

Б) Сізде көптеген балғыш қоспалар, гаджеттер, ас әзірлеу кітаптары, пышақтар жиыны, үлкен тоңазытқыш пен шағын мұздатқыш бар ма? Немесе сіз қысқа толқынды пешті қолдануды және дайын тамақты сатып алуды қалайсыз ба? Сіздің тоңазытқышыңызда жарамдылық мерзімі өткен өнімдер бар ма?

С) Сіздің асханаңыз сіздің тамақ дайындау тәсілдемеңіз бен сезімдеріңізді көрсеткендей, қылмыс орны қылмыскердің әрекеттерін, мотивациясы мен ойларын анықтай ала ма?

2. Келесі сценарийді қарастырайық. Рождество алдында және қар маусымы. Сізді ықтимал қылмыс орнына, кенеттен болған ажал орнына шақырды. Қылмыс орнына барған кездегі сіздің гипотезаңыз қандай? Ішкі киімі көтерілген және денесінің төменгі жағы жалаңаш күйінде қарт әйел табылды. Ол өзінің үйінде, барлық жер шашылған, заттар төңкерілген. Ол жалғыз тұрады, сондықтан, оның меншігінен бірдеңенің ұрланғандығы анық емес, ол кіретін есікті жабуды жиі ұмытып кетеді.

ҚОРЫТЫНАЫ

Осы тарауда мінез-құлықтық тергеу кеңестерінің ағымдағы жағдайы мазмұндалды, олардың шығуы, теориялық негіздері мен тергеп-тексеруге қосқан әлеуетті үлесі баяндалды. Біз ұсыныстарды беруді бағалаумен байланысты қолданылатын әдістер мен сұрақтардан кейбіреуін толықтай мазмұндадық. Жалпы алғанда, тергеп-тексеруге арналған ұсыныстардың негізінде жатқан негіздеме-лерді тұжырымдау жақсарып келеді, ал қанағаттануы туралы сұраулар тергеушілердің разы екендігін көрсетіп отыр.

Біз, сонымен қатар, тергеп-тексерудің қажеттіліктеріне неғұрлым прагматикалық шоғырландырылған тергеп-тексерулерге арналған есептер беретін тарихи профайлинг пен МТКП ағымдағы тәжірибесі арасындағы айырмашылықты көрсеттік. Сонымен қатар, болашақта кибернетикалық, ұйымдастырушылық және пайдақорлық қылмыстылық секілді салаларды қамтуға болар еді. Тергеушілер шешім қабылдау үшін МТКП есептерін есепке алады, кеңес беру қызметтерін ұсыну қазіргі кезде неғұрлым негізделген, өзінің негізі ретінде ғылыми әдістер мен сараптаманы айқын қолданады. Сот психологиясы бойынша басқа есептерге бейімделіп, толықтыруы мүмкін есептерді жасау кезінде қарастыру үшін пайдалы бақылау тізімі қосылған. Ақырында, бірқатар күрделі тақырыптардың түйіндемесі жасалынды және осы салада жұмыспен психологиялық тұрғыдан қалай жеңе алатынымыз туралы тәжірибелік ұсыныстар жасалынды.

Қорытындылай келе, рефлекстік жаттығудағы қарт әйелдің жағдайы туралы не ойлайсыз? Гипотезаларыңыздың ішінде гипотермия болды ма? Оның белгілеріне ебедейсіздік

немесе координацияның болмауы, жайбасарлық және нашар шешімдер жатады, мысалы, жылы киімді шешуге талпыну. Дәлелдемелер табылғанға дейін қорытындылар жасаудан немесе әрі қарай жүруден абайлаңыз.

РЕСУРСТАР

Alison мен Rainbow (2011) олардың Professionalising Offender Profiling редакцияланған жинағындағы ғылыми және тәжірибелік еңбектерді біріктіреді. Кітап мінез-құлықтық тергеп-тексеру бойынша кеңес берулермен байланысты ағымдағы қызметтерді кәсіби дамыту мен көрсетудің бірегей сипатын қамтиды.

Canter мен Youngs (2009) қылмыстардың әр түрлі түрлеріне қатысты иллюстрацияланатын психологиядағы зерттеу тәсілдемесінің теориялық негізін мазмұндайды.

«The Forensic Psychologist's Casebook» кітабында Alison (2007) сот психологтары полиция тергеп-тексерулеріне кеңес берген кезде тақырыптық зерттеулер мен мысалдарға тамаша шолу жасайды.

ФТБ қылмыскердің үлгілік сипаттамаларымен бірге құқық бұзушылықтың жіктейтін формалды таксомония мен құралдар Crime Classification Manual-да толығырақ мазмұндалған (Douglas et al., 2006).

Негізгі журналдар

Journal of Homicide and Major Incident Investigation

Journal of Investigative Psychology and Offender Profiling

Journal of Police and Criminal Psychology

10

БАҒАЛАУ

НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

Бұл тарау оқырманға сот сараптамасының күрделілігі және бағалаудың нені қамтитындығы туралы түсінік беруге арналған. Сонымен қатар, ол оқырмандарды құқық бұзушылық жасағандармен бағалауларды жүргізу кезінде алатын айқын және айқын емес жолдаулар ретінде түсіну қажеттілігі туралы ақпараттандырады және бағалаудың маңызды әрі өнімді болуы үшін интерпретацияның неғұрлым терең деңгейінің қажеттілігі туралы сұрақты қарастырады. Тараудың соңында осы жұмыстың оны орындайтын практик мамандарға ықпалы қарастырылады.

Түсініктер	Практика ұғымы
Келісім	Қосымша ақпарат
Құпиялылық	Сараптама
Жалған – жағымды қателер	Тұжырымдау
Мотивациялық сұхбаттасу (МС)	Психометриялық біліктілік стандарттары
Мультимодальді үдеріс	Қарсыласу, қорғану, алдау, арамдық және сылтаурату (симуляция)
Сенімділік	Осалдық
Тәуекелді бағалау	
Валидтілік	

Анықталатын сұрақтар

Бағалау үдерісі деген не?

Бағалаудағы психометриялық тестілеудің рөлі қандай?

Бағалаудағы қарсыласуды, қорғануды, алдауды, арамдықты және сылтауратуды (симуляцияны) қалай басқару қажет?

Біз қалай жұмыс істей аламыз және бағалауда тұрақтылық пен қорғанысты көрсететін құқық бұзушының мінез-құлқына қалай жауап береміз?

Өзіміздің жек көрушілік пен жиіркеншектік мәселелерімізге қалай жауап әрекет етеміз?

Бағалаудың ықтимал нәтижелері қандай?

Осы жұмыстың сот психологтарына ықпалы қандай?

КІРІСПЕ

Құқық бұзушылар сексуалды жәбірлеу немесе зорлық қылмыстар секілді құқық бұзушылықтың нақты түрлері аясында да гетерогенді топты білдіреді және оларды бағалау міндетті түрде мультимодальді әрі күрделі болып табылады, себебі, біз осы адамның

қылмыстық мінез-құлқын түсінуге тырысамыз. Бағалау бағаланатын белгілі бір аспектілердегі адамды лезде суретке түсіріп алуды білдіреді. Осыған байланысты сот психологтары келесі сұрақтарға қандай да бір формада жауап беруі тиіс:

- тұлғаның неліктен қылмысты жасағанын түсіну;
- құқық бұзушы көрсететін тәуекелдің сипаты, деңгейі және басқару;
- осы тұлғаның терапиясы/емдеуге деген қажеттіліктері;
- терапия/емдеу мүмкіндігі мен дайын болуы.

Бастапқы екі сұрақ тығыз байланысты, ал соңғы екеуі бізді ағымдағы қызметтерді көрсету аясында осы адам үшін ненің тиімді болу мүмкіндігін ұсына алатынымызды қарастыруды сұрайды. Бағалаудан туындайтын дара тұжырымдау адамның спецификалық құқық бұзушылықты түсінуін қамтамасыз етуге бағытталған және осы мінез-құлықтағы қолдау көрсететін факторларды анықтауға ұмтылады, сонымен қатар, болашақ емдеу/терапия мен тәуекелдерді басқару үшін салдары бар. Осылайша, тұжырымдау ақпараттың жеке-жеке бөліктерін біртұтасқа біріктіруге келтіріледі және оларды осы адамды психологиялық түсінуді арттыратын біртұтас құрылымға орналастыруға ұмтылады. Тұжырымдау көп ақпаратты жинау тәсілі ретінде әрекет етеді және оны келісілген мәнерде көрсетеді.

Бағалаулар құқықтық, абактылық немесе психиатриялық жүйе арқылы құқық бұзушының жолындағы әртүрлі кезеңдерінде жүргізіледі. Бағалау үкімді шығарғанға дейін, келген кезде, алдын ала емдеуде, емдеу кезінде, емдеуден кейін, әрі қарай бақылауда, алдын ала босатуда және босатылғаннан кейін жүргізілуі мүмкін. Сот психологтары заң жүйесімен қылмыскердің өзара әрекеттесу жолында бағалауды қосуға ұмтылғаны жөн. Бағалау үдерісінің алтын стандартты сипаты лайықты менеджмент және терапия/емдеу туралы ақпараттандыратын кешенді бағалаулардың негізінде шешімдерді қабылдаумен тұтас жолды білдіретін болады. Бағалаудың құқық бұзушының жалпы күтімі мен менеджмент функциялары ретінде қызмет ететіндігін, сонымен қатар, қылмыстық мінез-құлық және олармен байланысты факторлар туралы көзқарас алуға мүмкіндік беретіндігін айқын түсіну маңызды.

БАҒАЛАУ ҮДЕРІСІ АЕГЕН НЕ?

Бағалаулар мультимодальді болып табылады және ақпаратты жинау, өзара әрекеттесу, ынтымақтасу, терапевтік өзара қарым-қатынастарға, психометриялық тестілеуге қатысу элементтерін, ақпаратты алуды қамтиды, бұл кейде күрделі формалардағы бірнеше реттік сұраулар мен кері байланысқа әкеледі. Шындығында, криминалистикалық жағдайлардағы бағалауларды беруді біз, көбінесе, мінсіз болып табылмайтын, шектеулі уақытымен, алдын ала шектелген ақпаратпен және көбінесе ынтықсыз әрі қорғанатын клиенттермен бірге осындай жағдайларда аяқтаймыз.

Сондықтан, бағалаудағы алғашқы қадам бағалаудың нақты мақсаты тұрғысынан айқын болуы тиіс. Бағалаудың қандай сұрақтарын шешкен жөн? Осыдан кейін бағалау тұрғызылатын барлық қолда бар ақпаратқа шолу жасалынады. Бұл ақпарат әртүрлі көздерден келіп түсуі мүмкін (мысалы, полиция есептерінен, жәбірленушілердің арыздарынан, сот құжаттамасынан) және осы материалдарды қарап тексеру бағалаудың мақсатының қандай болғанын, қандай нақты облыстардың қарастырылуы қажеттігін, сонымен қатар қолданылатын психометриялық тесттердің сипатын анықтауға көмектеседі. Сот психологтары олардың үшінші тараптан барлық сәйкес ақпаратты қарап тексеріп

жатқандығына сенімді болуы тиіс, мысалы, бағалаудың бастапқы кезеңдерінде проба-ция туралы есеп. Осындай ақпаратты қолдану кезінде материалды нақты бағалауға қолдануға, сонымен қатар, осы ақпараттың бағалау туралы есепте көрсету кезінде ақпарат көзінен келісім алынуы маңызды. Austin (2002) қосымша ақпараттың әр түрлі көздері басқаларына қарағанда неғұрлым жоғары растау деңгейін талап етуі мүмкін және сот психологтарын кез келген қарап тексерілетін қосымша ақпараттың валидтілігі туралы сұрақты қарап тексеруге шақырады деп болжайды. Осылайша, үшінші тараптың құқық бұзушыдан тәуелсіз көзден, мысалы, проба-ция қызметінің қызметкерінен алған ақпараты құқық бұзушының әріптесіне немесе ортақ жауапкерге қарағанда, растау тұрғысынан азырақ күшті қажет етуі мүмкін.

Қылмыскердің мақсаты мен үдеріске қатысты қате түсініктермен және жаңсақ ұғынумен бірге бағалауға кірісуі ықтимал. Бағалаудың ерте кезеңдерінің бір бөлігі құқық бұзушыға нақты бағалаудың мақсатын түсіндіруде және құқық бұзушының қате түсініктерінің басын ашуда көрінетін болады. Сонымен қатар, келісім беру мен құпиялылық сұрақтарын қарастыру үшін, аяқталған бағалаудың кімге қолжетімді болуы мен оның қалай қолданылатындығы туралы айқын түсінік алу үшін уақыт керек.

Бағалау кезінде құқық бұзушының айтқаны, сондай-ақ, айтпағандары туралы толық есепті сақтау маңызды. Сот психологтарының бағалауларда жасайтын әрекеттерінің бірі – бұл бірдей сұрақтарды әртүрлі қоя отырып, материалға бірнеше рет қайта оралу. Бұл қылмыскердің ашуына тиюі мүмкін, себебі, ол бұрындары да бірнеше басқа кәсіпқойлармен дәл осындай диалогта болуы ықтимал және олар бұл туралы тітіркене отырып жауап беруі мүмкін.

Дегенмен, басқа мамандар секілді бірдей сұрақтарды қоя алсаңыз да, сіз бағалайтын адаммен айқын әрі нақты болу маңызды, бірақ сіздің назарыңыз басқаша болуы және сіздің қарап тексеретініңіз ерекшеленуі мүмкін. Бұл сұрақтарды қайталау ақпараттың нақтылығын тексеруге ғана емес, сонымен қатар, осы адамның терапияны/емдеуді және терапия стиліндегі жауап алуды қалай жеңіп шығуға болатындығын бағалауға мүмкіндік береді.

БАҒАЛАУДАҒЫ ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУАҒЫ РӨЛІ ҚАНААЙ?

Сот-медициналық сараптамадағы психометриялық тестілеудің рөлі туралы көптеген тамаша тараулар мен мақалалар бар. Crighton (2010) бағалауда психологиялық тесттерді қолдану туралы жан-жақты жазады және тесттердің сенімділігі мен валидтілігіне қатысты негізгі саланы қамтиды. Осылайша, бұл тарау басқа кітаптарда айқын сипатталғанды қайталауға тырыспайды. Алайда, *The Psychologist* журналында (2014 жылдың қазаны) «Криминалистік контекстердегі тестілеу – жаңа біліктілік стандарттары» көрсетілгендей, сот психологтары психометриялық тесттерді қолдануда формалды түрде біліктіленуі тиіс. 2009 жылы Сот психологиясы бөлімі (СПБ) оқыту стандарттары бойынша BPS Комитетіне жүгінді, себебі, криминалистикалық контекстердегі психометриялық тесттерді қолдануды формалды оқытуы болмады. Сондықтан, келесілерге қол жеткізу үшін тесттерді пайдаланушылар үшін екі деңгейде біліктіліктер жасалды:

А) қажетті дағдылар мен білімдер алу және тест пайдаланушысына олардың білу қажеттігі туралы айқын сипат беру;

Б) әр түрлі контекстердегі тесттерді тиімді әрі этикалық тұрғыдан қолдану мүмкіндігіне ие болу;

С) құзыреттілік стандарттарының жиынына қатысты тестті қолдануды көрсету мүмкіндігіне ие болу;

Г) сонымен қатар, кеңес беруші-психологтарға, ассистент-психологтарға бірқатар қарапайым тестілеу әдістерін делегирлеу және олардың тесттерді дұрыс қолдануына сенімді болу тиіс.

Сондықтан, сот психологтарының осы талаптарды түсінуі маңызды. Жаңа біліктіліктер келесідей:

- тестті пайдаланушының көмекшісі (тест әкімшісі)
- тест пайдаланушысы (сот).

Криминалистикалық контекстерде психологиялық тесттерді қолдану саласында құзыреттілік пен дайындауды көрсету үшін әртүрлі деңгейлерді талап ететін жаңа біліктілікке екі жол бар (<https://ptc.bps.org.uk/how-apply-packs/bpsforensic-testing-qualifications>). Осы біліктілікті алу Register of British Psychological Society's Qualifications in Test Use-ге (RQTU) дара кіруге мүмкіндік береді. Тіркелімге кіру тесттердің пайдаланушыларынан сот-медициналық тестілеуді Сынама қолдану кезіндегі қоғамның Біліктілік тіркеліміне қатысу ережелерін (Rules for Membership of the Society's Register of Qualifications in Test Use) сақтай отырып, Психологиялық тестілеудің алдыңғы қатарлы кодексіне (Code of Good Practice for Psychological Testing) сәйкес жүргізуді талап етеді. Бұл жаңа біліктілік стандарты сот психологиясында кәсіби стандарттарды тұрақты түрде дамытуға қосылады және сот сараптамасындағы психометриялық тестілеуді таңдау мен қолданудың практиканың жоғары стандарттарын, сонымен қатар, теориялық білімдерді талап етеді. Бұл бағалау барысында психометриялық тесттерді қолдану кезінде маңызды және сәйкес келетін тесттерді мұқият таңдап әрі мұқият енгізу қажет. Сонымен қатар, бұл біліктілік келесілерді қамтамасыз етуге бағытталған:

- өлшенген қасиеттерді дұрыс интерпретациялау;
- тесттердің дұрыс емес интерпретацияланбауы немесе шектен тыс интерпретациялануы;
- нәтижелерді ұсынуға қатысты қамқорлық көрсету;
- тесттердің пайдаланушыларының әрбір қолданылатын тесттің негізінде жатқан тиісті әдебиетті жақсы білуді көрсету.

Тесттер туралы есептерді жасаған кезде сот психологтары сенімділік, валидтілік және сыналушы үшін нормаларға қатысты кез келген мәселелермен қоса, бағалау үдерісінде тестілеу үшін кез келген шектеулерді тұжырымдауы тиіс.

ТӘУЕКЕЛДІ БАҒАЛАУ СОТ-МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМАНЫҢ ЖЕКЕ МЫСАЛЫ РЕТІНЕ

Тәуекелді бағалау тарихы сот-медициналық сарапшыларының тәуекелді бағалау үшін тек клиникалық пайымдарды ғана қолдана алады деген сенім болған кезде 1950-жылдарға дейін байқалады. Дегенмен, 1960 және 1970- жылдары осы әдістің көмегімен тәуекелді болжай алмайтындығымызды куәландыратын дәлелдемелер пайда болды, ал, Steadman мен Sosoza (1974) еңбегі болашақ зорлық қылмыстарды тек клиникалық пайымдармен ғана өте нашар болжайтынымызды көрсетті. 5-тараудағы біздің талқылауымызды жалғастыра отырып, бірінші буын тәуекелін бағалаумен байланысты негізгі мәселелер (яғни, тек клиникалық пайым) кең масштабты болып табылады: бағалайтын эвристикаға қатысты тесттің жеке пайдаланушысының ішінде орналасқан қате көздерінен бастап (5.1-кестені қараңыз); қылмыскердің де, клиницистің гендерлік аспектілерінен (Elbogen et al.,

2001); сирек оқиғаларды болжаумен байланысты (Yang et al., 2010) және жалған жағымды қателердің жоғары жиілігімен қатар жүретін қателерге дейін.

1990-жылдары актуарийлік/статистикалық бағалау тәсілдемелерінің екінші буыны көтерілді. Тәуекелді бағалаудың актуарийлік құралдары (ТБАҚ) психологиялық тесттер болып табылмайды. ТБАҚ тәуекелді болжауға арналған (Hart et al., 2007), ал психологиялық тесттер сипаттау және тіпті диагностикалауға арналған. Зорлық қылмыскерлерді бағалау кезінде осы әдістеменің мықты жақтастары Harris пен Rice (2010) болып табылады. Олар актуарийлік әдістерді формалды емес клиникалық пайымдар, тәжірибе немесе ішкі түйсікке қарағанда, неғұрлым нақты болжамдар ретінде сипаттайды. Harris пен Rice актуарийлік бағалаулар саласындағы ерте бастамашысы ретінде Зорлық тәуекелдерін бағалау бойынша нұсқаулыққа / Violence Risk Appraisal Guide (Harris et al., 1993) сүйенеді. Осындай басқа құралдар өздеріне STATIC-99 (Hanson и Thornton, 2000) мен Risk Matrix 2000 (Thornton, 2000) қамтиды.

Осындай құралдардың артықшылықтары айқын, себебі, олар клиникалық пайымдағы субъективті қателіктерді жояды; дегенмен, бұл құралдар тұлғаның өзгеру мүмкіндіктеріне жол бермейді және қарап тексерілуі тиіс емдеу салаларына қатысты шешімдерді қабылдауда аз көмектеседі және концептуалды факторларды ескермейді. Нәтижесінде, тәуекелдерді бағалау саласында динамикалық, клиникалық және актуарийлік факторларды қамтитын үшінші буын тәуекелін бағалау құралдарының (құрылымданған кәсіби пайым) пайда болуы анықталды. Динамикалық факторлар өзіне түсіну деңгейін, қарым-қатынастардың тұрақсыздығын, қолдайтын қарым-қатынастарды қамтуы мүмкін. Бұл үшінші буын құралдары актуарийлік тәуекелді бағалау мен клиникалық пайым арасындағы алшақтықты жою талпынысы ретінде жасалды. HCR-20 (Webster et al., 1995, 1997) үшінші буын тәуекелін бағалау мысалы болып табылады. HCR-20 аясында динамикалық айнымалылармен бірге актуарийлік факторлардың, яғни, айнымалылар деп саналатын факторлардың (мысалы, қылмыскердің оның құқық бұзушылығын түсінудегі деңгейі) үйлесімі қарастырылады.

Үшінші буын шешімдерін қабылдаудағы осы құрылымданған кәсіби құралдардың танымалдылығы клиникалық пайымды тәуекелді бағалауға арналған жақсы дәлелдемелер ретінде қолданғысы келген бірқатар сот психологтарымен расталды (Doren, 2006). Үшінші буын құралдарының артықшылықтары олардың дара емдеу жоспарларын жасауда және тәуекелдерді басқаруда көмектесетіндігінде, тәуекелді арттыратын немесе азайтатын нақты факторларды анықтауға көмектесуінде және олардың клиникалық қайта анықтауға жол беруі мен тәуекелдің «ерекше» факторлары нақты жағдайда көзден таса қалуы мүмкін актуарийлік бағалаулардың әлсіздігін жоюда көрінеді. Үшінші буын тәуекелін бағалаулар бізді осы жұмысты құқық бұзушымен бірге аяқтауға ынталандырады, ал актуарийлік тәуекелді бағалауларды көбінесе клиницист аяқтайды және бағаланатын «адамға» жасалады. Осы факт біздің санамызда қылмыскердің айналыса бастауын қалаған тәуекелдерді басқару жоспарын жасай алатын, салыстырмалы түрде қарапайымдылыққа ие. Біздің түсінігіміз бен тәжірибеміз адамның қатысуымен тәуекелді бағалауды аяқтау неғұрлым маңызды әрі неғұрлым айқын тәуекелдерді басқару жоспарларына әкеледі.

КЛИНИКАЛЫҚ ПАЙЫМ ІШКІ ТҮЙСІК БОЛЫП ТАБЫЛА МА?

Simon (1987) ішкі түйсікті шешімдерді қабылдауда «жағдай сигнал береді, сигнал са-

рапшыға есте сақталынған ақпаратқа қолжетімділік береді және осы ақпарат жауапты қамтамасыз етеді ретінде анықтады. Ішкі түйсік – бұл тану». Егер осылай болса, онда неғұрлым тәжірибелі сот медиктері клиникалық пайымды қолданудың көп мүмкіндіктеріне ие, тәуекелді бағалауда артықшылыққа ие және осы тәжірибені қалай алуға болады?

«Сараптама» көп қырлы және оны алу уақытты қажет етеді. Klein (1999, Kahneman кітабында, 2011) «шынайы сарапшылар өздерінің білімдерінің шектерін біледі» деп болжайды. Дегенмен, Kahneman «жалған-сарапшылардың» «болмыс иллюзияларын» ұстанады деп санайды. Бұл жалған-сарапшылардың өздерінің нені білмейтіндігі және осының олардың шешімдерді қабылдау дұрыстығындағы қате субъективті сенімділікті тудыратындығы туралы айтады. Бұл Donald Rumsfeld-тің белгісіздік жұмбағы:

Бәріміз білетіндей, белгілі нәрсе бар; Біз оларды білетімізді білетін нәрселер бар. Сонымен қатар, біз белгілі-белгісіз нәрселердің бар екендігін білеміз. Яғни, біз білмейтін нәрселердің бар екендігін білеміз. Бірақ белгісіз нәрселер бар – біз оларды білмейтімізді білмейміз (АҚШ Қорғаныс министрі Donald Rumsfeld журналистерге арналған брифингте, 2002 жылдың ақпаны).

Kahneman мен Klein екеуі де адамның өзінің ішкі түйсігіне қатысты сенімділік дәрежесінің сенімсіз екендігімен келіседі. Сонымен қатар, Kahneman адам өлтірудің сирек оқиғасы секілді өте тұрақсыз оқиғалар мен қоршаған орта ішкі түйсіктің нәтижелерді неғұрлым азырақ нақты болжауына әкелетіндігін мәлімдеді (2011: 333). Адам өлтіру мен зорлау секілді оқиғаларды бағалау кезінде біз осындай оқиғалардың естің растайтын жылжуы нәтижесінде жиі асыра бағаланатындығы ықтималдылығын мойындауымыз қажет. Осындай оқиғалардың артық салмағы оның адамның назарын аудартқан кезде арта түседі, бұл адамдардың оның қайтадан көрінуі үшін шектен тыс алаңдауына әкеледі және жарқын бейнелер мен айқын ескертулер пайда болады. Біз ауыр құқық бұзушылықтарды қарастырған кезде осы шарттар тұрақты түрде сақталатындай көрінеді, сондықтан, клиникалық пайыммен бірге актуарийлік факторларды мұқият қарастырудың осы саладағы ең тәжірибелі практиктер үшін де өмірлік маңызы бар.

СІЗ БАҒАЛАУДАҒЫ ҚАРСЫЛАСУ, ҚОРҒАНУ, АЛАУ, ЖАУАПСЫЗАЫҚ ПЕН СЫЛТАУРАТУАЫ (СИМУЛЯЦИЯНЫ) ҚАЛАЙ ЖЕҢЕСІЗ?

Өмір үшін өтіріктің қажеттігі – бұл тіршілік етудің қорқынышты әрі күмәнді сипатының ажырамас бөлігі (Ницше).

Grayling (2001) өтірік айту адам болу дегенді білдіреді және өтіріксіз бізде «ішкі құпиялылықтың» болмағаны деп болжайды. Дегенмен, біз адамдарды күнделікті өмірде көп уақыт бойы шындықты айтады немесе кездейсоқ «ақ өтірікті» пайдаланады деп болжаймыз. Құқық бұзушылармен жұмыс істеген кезде, оларды өтірік айтып отыр деп санаймыз, біз қалай әрекет етеміз? Олардың жазалаудан әділетсіз қашады немесе олар алуы мүмкін жазаны азайтады деп болжаймыз ба? Кейбір жағдайларда бұл орын алуы мүмкін.

Алайда басқа жағдайларда тұлғаны бағалау үдерісінде біз жолықтыратын «өтірік» осы адамның өзінің «мен» сезімін қорғап, өзінің ар-ұятының қалғанын сақтай ала ма немесе

ол шынымен де, олардың өздері сол сәтте толық шындықты мойындауға дайын еместігінен немесе өздерінің мотивтері, мінез-құлқы туралы негізді әрі қисынды ақпаратты беру қабілетінің жоқтығы себебінен орын алады. Егер, кейбір жағдайларда бұл дұрыс болса, онда біз бағалауға неғұрлым жоғары сезімталдықпен және ептілікпен кірісуіміз қажет, себебі, шындықты іздеуде біз дұрыс жұмыс жасамаған жағдайда қирататындай болуы мүмкін адамдағы әлсіздікке жолығуымыз мүмкін немесе осындай сезімталдықсыз шындықты іздеуге жақындай отырып, біз оның маңызды ақпаратты ұстап қалатындай оны одан да терең итеруіміз немесе қылмыскерді өзімізден алыстатуымыз мүмкін, бұл жағдайда бағалау мен терапияға/емдеуге қатысу ықтималдылығы бұзылады. Бұл өздігінен дара тәуекелді арттырады, біріншіден, біздің осы тәуекелді толықтай бағалауға дәрменсіздігімізден біз тәуекелдерді басқарудың айқын жоспарын жасай алмаймыз, бірақ, екіншіден, осындай алшақтық қылмыскерді қажетті емдеу/терапиядан алыстатуға әкелуі мүмкін.

Бұл туралы ‘Standards of Proficiency – Practitioner Psychologists’ /«Кәсіпқойлылық нормалары – практик психологтар»-да құжатында тіркелгендігін айтады, осы құжатта клиникалық психологтар үшін клиницистердің клиенттермен кәсіби қарым-қатынастар аясында «терапевтік қарым-қатынастарда айқын әрі айқын емес коммуникацияларды түсінуі» тиістігі айқын мазмұндалған. Осы кітаптың авторы (Y.S.) осы стандарттың сот психологтары үшін тең дәрежеде әділ және жоғарыда сипатталынған сот клиенттерімен терапевтік кездесулерде түсінуге және басқаруға міндетті айқын әрі айқын емес коммуникацияның мысалы болуы мүмкін деп санайды.

Қылмыскердің шыншылдығына тағы не әсер етуі мүмкін? Осы тарауды бастамас бұрын орындалуы қажет жаттығу. Ол Paul Gilbert (2009) «Ұятпен байланысты Қиындықтар үшін рақымды фокустелген Терапия мен Ақыл-парасатты Рақымды Оқыту» / Compassion Focused Therapy and Compassionate Mind Training for Shame Based Difficulties’ туралы айтқан кездегі семинар материалынан алынған. Семинар қатысушыларға ұяттың күрделі сипатын тануға және бәрімізде ұят туралы интуитивтік білімнің бар екендігін көрсетуге көмектесуге арналған.

10.1-қосымша. Рефлексивті жаттығулар

Өтінеміз, өзіңіз ұялатын бірдеңе туралы ойланып, қазір ол туралы бірнеше сөйлем жазуыңызды өтінеміз. Осының бәрі тек бір ұятты әрекет деп қарастырылады, ақырында, сіз рефлексивті сот психологы болдыңыз немесе болуға тырысып жатырсыз!

Осы ұятты оқиға туралы толғану сізді өзіңіз туралы ойлауға қалай мәжбүрлейді?

Егер бейтаныс адамға осы ұятты оқиға туралы айту қажет болса, сіз өзіңізді қалай сезінетіндігіңіз туралы ойлануыңызды өтінеміз.

Егер осы ұятты оқиға туралы айтқан кезде басқалары естіп қалса, сіз туралы не ойлады деп ойлайсыз?

Егер осы туралы басқа адамға айтуыңыз қажет болса, осы ұятты оқиғамен байланысты өзіңіз туралы сіздің пікіріңіз қалай болады деп ойлайсыз?

Бұл қаншалықты оңай болды? Сіз шынымен де осыны жасадыңыз ба? Сіз шын айттыңыз ба? Енді, осы туралы жазған қағаз бетін кесіңіз, сіздің отбасыңыз, әріптесіңіз немесе досыңыз осы парақты тапқанға дейін оны жеп қойыңыз немесе өртеп жіберіңіз немесе итке беріңіз! Сіздің дәлелдемелерден құтылу артықшылығыңыз бар; қылмыскер

мұны жасамайды. Қылмыскер сондай-ақ, бұл туралы дауыстап тек сізге ғана емес, сонымен қатар, сізге дейін және кейін бағалауда көп рет айтуы мүмкін. Біз құқық бұзушыға қылмыс материалдарын әрі қарай толығырақ ашу күтілетін терапия/емдеу тобы жұмысының бағдарламасына қосылуды ұсынамыз. Біз көптеген құқық бұзушылар бағалау кезінде қастық, тітіркенушілік, ашу, теріске шығару, арамдық және жалпы қарсылық көрсететін кезде шынымен де таң қалуымыз қажет пе?

Біздің өміріміздегі ұятты оқиғалар туралы айтқанда, біз өзімізді осал сезінеміз. Өзін осал ету өте жағымсыз. Психолог Brené Brown, ұят пен осалдықты зерттеу жөніндегі маман мен оның терапевті Brené Brown-ның осалдыққа қатысты жеке тәжірибесі туралы әңгімелеп берген кездегі олардың арасындағы диалог туралы 10.2-қосымшаны қараңыз (Brené Brown, 2012).

10.2-қосымша. Brené Brown белгісіздік туралы

ВВ: Мен белгісіздікті жек көремін. Жек көремін. Мен жарақат алу немесе көңілім қалуы үшін өзімді аша алмаймын. Бұл адамды қиналдырады. Осалдық күрделене түседі. Бұл да адамды қиналтады. Сен менің не айтып тұрғанымды білесің бе?

Терапевт: Бұл қалай екен?

ВВ: Мен өз терімнен шығатындаймын. Менің болып жатқанның бәрін түзетуім және осыны жақсы жасауым қажет секілді.

Терапевт: Ал, егер сіздің қолыңыздан келмесе?

ВВ: *Онда мен біреудің бетінен ұрғым келеді.*

Терапевт: Ал сіз ше?

ВВ: Жоқ, әрине.

Терапевт: Сонда сіз не істейсіз?

ВВ: Үй жинаймын. Жаңғақ майын жеймін. Адамдарды кінәлаймын. Менің айналамдағының бәрін мінсіз етемін. Қолымнан келетіннің бәрін бақылаймын... Ұрылмағанның бәрін.

Терапевт: Сіз қашан өзіңізді неғұрлым осалдырақ сезінесіз?

ВВ: *Менің бойымды үрей билегенде. Мен мазаланғанда қалай жалғасатындығын түсінбеймін немесе егер менде қиын әңгіме болса, мен жаңа бірдеңе жасауға тырысқанда не маған қолайсыз нәрсені жасағанда, маған сынау мен бағалауға жол ашқанда.*

(Курсивті автор осы кітаптан жасаған)

Бұл адамның өзінің осалдығына жолыққан және оның өміріндегі ұятты оқиғаларды қарауды өтінген кезде болатын жағдайға айқын әмбебап әрі «қалыпты» жауабы болып табылады. Бағалау адамның осы реакциясымен күрделене түседі. Біз бағалайтын адамдардан өте көп нәрсені күтеміз және осы адамның сотта немесе қауіпсіздік мекемесінде болған кездегі айтарлықтай күйзелісті бастан кешкен кездегі жағдайда жасаймыз. Әрбір қадамда біз қылмыскердің тарапынан ең үздік әсер қалдыруы үшін айтарлықтай инвестицияларға жолығамыз. Олар бір кездері жасаған ең ұятты нәрсесін ашуды және нақтылауды өтінген кезде, бұл міндет қаншалықты күрделі болады? Сондықтан, осы жұмыс біз үшін де, құқық бұзушы үшін де күрделі.

Brown et al. (2014 жыл) абақты терапевтік қауымдастық тұрғындарына қатысты өзінің зерттеулерінде терапевтік топтарда олардың оқиғаларын ашу және айтып беру кезін-

де құқық бұзушылар жолығатын қиындықтарды сипаттайды. Бір қылмыскер «басқа адамдардың алдында ашу маған өте көп қасірет әкеледі» деп түсіндірді (172-бет). Басқасы оның өмірі туралы маңызды нәрселерді ашпас бұрын сенімділік қалыптастыруы керектігін айтса, басқалары өздігінен ашу нүктесіне дейін жету үшін қорғаныс бетпердесін шешу туралы айтты. Олардың криминалды мінез-құлықтан өзіндік эмоциялық көңіл-күйдің түсуімен ғана жұмыс жасау үшін, сонымен қатар, басқаларға келтірілген залалға қатысты бірге мазасыздану үшін терапевтік прогреске қол жеткізуде негізгі мәнге ие болуын оқыту. Жауаптылықты қабылдау және кінәні сыртқы мойындаудан ішкі мойындауға өту терапевтік прогресс белгісіне айналды.

Біз жұмыс істейтін көптеген адамдарға шыққан жері олардың құқыққа қарсы мінез-құлқына ұят болуы мүмкін. Бұл ұят ашу секілді неғұрлым қолайлы эмоциялармен бүркемеленуі және айыптау секілді сыртында проекциялануы мүмкін. Бізді айыптайтын немесе бізді ашуландыратын құқық бұзушының тәжірибесі бізді олардың ұят секілді мүлдем басқа эмоцияларды сезіну мүмкіндігі туралы ескерту үшін қызмет етуі және осыны қабылдауы әрі осымен жұмыс істеуі тиіс. Shell мен Moore компаниясы ұйымдастырған конференциядағы презентацияда жас ер адам құқық бұзулардың қатысуымен ашумен, максималды қауіпсіздікпен психиатриялық ауруханада тұлғаның бұзылу диагнозымен күресу бойынша топтағы кездесулер туралы айтылды. Осы көп жылдық емдеу бағдарламасын жүргізуде ер адамдардың өзіне билікті қайтару талпынысында ашу мен зорлықты жиі пайдаланғандығында және ашу мен зорлықтың өзінің бет-бейнесін сақтау функциясын қамтамасыз еткендігінде көрінгендігі айқын болды. Бұл сонымен қатар жоғары сана-сезімнің адамды көбінесе ұяттың жоғары деңгейіне ұшырататынын және адамның өздерінің ашылуы үшін кемсітілу, айыпталу немесе тіпті жазалану қорқынышын жоя отырып, оларды топтағы терапевтердің басқаруы қажеттігін көрнекі түрде көрсетті. Осындай табу типін бұрын Gilbert пен Andrews (1995), Gilligan (2003) мен Linehan (1993) тапты, сонымен қатар, Brown et al. (2014 ж.) иллюстрациялады.

Осылайша, қылмыскер үшін қасақана да, өзін-өзі қорғау үшін де, ұмтылу нәтижесінде де шыншыл болмау әлеуеті бағалау бойынша сұхбаттасу барысында да, өзіне-өзі есеп беру бойынша шараларды аяқтауда да айқын көрінеді. Неғұрлым көп ақпараттың болуы мен бағалау басталғанға дейін оны толық қарап-тексеру сот психологына құқық бұзушыны бағалау кезінде әлеуетті алдаумен, қашқақтаумен немесе қорғаумен жұмыс істеу үшін жақсы жағдайда болуға мүмкіндік береді. Rogers (2008) сот бағалауында қылмыскердің жауап беру стиліне назар аудару ұсынылады. Құқық бұзушылар сот-медициналық сараптамаларда неғұрлым жағымды жағынан көрінуі үшін көбірек ұмтылатындығы анық, себебі, олардың бас бостандығы, қамау типі мен қамау мерзімі, сонымен қатар, терапия/емдеу ерекшеліктері осыған байланысты.

Құқық бұзушыдан алған есептің сенімділігін бағалау кезінде сот психологы психикалық саулық мәселесін (құқық бұзушыларда психикалық саулық мәселелерінің жоғары деңгейге ие екендігін білеміз), сонымен қатар контексті (яғни, абақтылар – бұл күйзелісті жағдайлар мен адамға ықпалдар) ескеруі тиіс. Осылайша, бағалау міндеті күрделі және Ekman мен O'Sullivan (2006) айтқандай, «қорқынышты» болуы мүмкін. Осыған қоса, біз оқиғаны жоққа шығаратын немесе минимизациялайтын индивидпен ғана жұмыс істеп қоймай, бір жағынан біз оларға қатысты шешімдерді қабылдауға ықпал етуге талпыныс жасауда бұзылыстар мен симптомдарды (яғни, симуляция) асыра көрсету немесе жалған етумен мотивацияланған индивидті қарастыра аламыз. Өзіне жауап стилінің кіріктірілген шамасын қамтитын бірқатар психометриялық тесттер бар (мысалы, диссумилиация-

ның кіріктірілген шамасына ие ММРІ). Бұл сот психологтары қолдануы тиіс жалғыз психологиялық тесттерді білдірмейді. Алайда, психологтың онда жауап стилінің кіріктірілген шамалары жоқ тесттер туралы білуі ғана емес, сонымен қатар, осы шаманы қамтымайтын тесттерді қолданған кезде нәтижелерді интерпретациялау кезінде жауап стиліне ықтимал осалдық және осы нәтижелер бойынша есептілік туралы білуі маңызды.

БІЗ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАМЫЗ ЖӘНЕ БАҒАЛАУДА ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚОРҒАНЫСТЫ КӨРСЕТТІН ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРЕМІЗ?

Miller мен Rollnick (2013) сипаттаған Мотивациялық сұхбаттасу (МС) рухы мен техникасы осындай жағдайларда өте пайдалы болуы мүмкін. Мотивациялық сұхбаттасу психоактивті заттарды теріс пайдалану саласымен байланысты. Дегенмен, МС әдістері мен тәсілдемелері жұмыстың неғұрлым кең шегі үшін, соның ішінде сот-медициналық сараптамасы үшін пайдалы. Бастапқыда МС өзгерістерге дайындығы аз адамдармен жұмыс жасауға арналған болатын, сондықтан екіжақтылық танытады. Бұл «адамның өзіндік мотивациясын нығайту мен өзгерістерге ұмтылу үшін бірлескен әңгіме стилі» ретінде анықталады. МС рухы өзіне ынтымақтастықты, қабылдауды, жандануды және аяушылықты қамтиды. МС өзгерістерге қатысты негізінен екі жақты келетін адамдармен жұмыс істеу үшін қарапайым әдістер жиынын: ашық сұрақтар, тұжырымдар, ойлау (қарапайым және күрделі) және түйіндемені қолданады, сондықтан, Prochaska мен DiClemente (1983) тран-теориялық моделіндегі меңзей қарау алдындағы сатылардағы немесе меңзей қарау сатысындағы өзгерістер деп санайды.

Осы кезеңдер келесідей анықталады:

- Алдын ала меңзей қарау – мәселені түсінбейді / мәселе туралы алаңдамайды;
- Меңзей қарау – мәселені тану, өзгеріс туралы шешімді қабылдауда екі жақтылық;
- Әрекет – өзгертуге талпыныстар жасалынады;
- Қолдау – өзгеріс шоғырландырылған және мінез-құлықтың бұрынғы моделіне қайтып оралу арбауы азаяды.

Miller мен Rollnick бұрын клиенттердің екі жақтылығына қатысты «қарсыласумен ауыспалы» терминді ойлап тапты. МС-да неғұрлым кеш оқиғаларда осы терминнен ауытқу орын алды, себебі, ол жекелеген клиенттің ішіне мәселені қамтығаны және клиентті «қарсыласқанына» және «қиындықтарға» «айыптағаны» байқалды. МС саласындағы жаңа оқиғалар қарсыласу терминологиясының өзгеруіне әкелді және қазіргі кезде терминология өзіне жекелеген тұлғалардың әңгімесін «келіспеушілік», «өзгерту» және «қолдауды» қамтиды. «Келіспеушілік» клиентті бағалау үдерісінде сот психологының қарым-қатынастарына жатады, ал «өзгерту» мен «қолдау» өзгерістерді мақсатты жүргізуді көрсетеді. Сондықтан «келіспеушілік» екі қатысушыны талап етеді: психологты және құқық бұзушыны. Miller мен Rollnick «келіспеушілікте»: басқаларды айыптау, минимизациялау, ақталу; оппозициялық ұстанымды білдіретін «шаршыны тұрғызу»; адамның өзін естілген немесе түсінген ретінде сезінбейтіні туралы белгі беруі мүмкін клиенттің психологтың сөзін бөлу; бағалаудан немесе әңгімеден аластату арқылы өзін қорғайтын адамның дауысын еститініміз туралы идеяны ұсынады. «келіспеушілік» сіздің табыстарға қол жеткізіп, адам мен оның қорғанысын бұзғанның белгісі болып табылмайды. Бұл жұмыс альянсын бұзу туралы белгі болуы ықтимал. Демек, біз «келіспеушілікке» қалай жауап беруіміз қажет? МС-ның жақтастары терапевтік альянста келіспеушілікке негізгі жауап рефлексия болып табылатындығын көрсетіп отыр. Олар, сонымен қатар, те-

рапевтердің түсініспеушіліктерге әкелетін болжамдар / болжалдар жасаған кезде кешірім сұрауын ұсынады, сол арқылы «келіспеушілік» тудырады немесе өте күшті, не өте жылдам қысым көрсетті. Сондай-ақ, клиенттің қорғанысы мен «келіспеушілікті» төмендету үшін аффирмацияны қолдану пайдалы. Осының барлығы бағалау міндетінің қаншалықты қиын екендігін көрсетеді, бірақ, ең бастысы, бұл қылмыскердің терапияға әлі де қатысып, маңызды тақырыптарды зерттеуге тырысатындығы болып табылады. Жоғарыда айтылғандар «келіспеушілікке» жауап берудің ықтимал тәсілдері ретінде ұсынылғанына қарамастан, олар жалғыз тәсілдер болып табылмайды.

ӨЗІМІЗДІҢ ЖЕК КӨРУШІЛІК ПЕН ЖИІРКЕНШЕКТІК МӘСЕЛЕЛЕРІМІЗГЕ ҚАЛАЙ ЖАУАП ӘРЕКЕТ ЕТЕМІЗ?

Сіз жұмыс жасайтын қылмыстардың кейбіреулері қорқынышты немесе ашық айтатын болсақ, бездіретін болуы мүмкін. Біз алдыңғы тарауда кәсіпқой құрбанның алған жарақатын асыра бағалаған кездегі субстанциалды/орнын басатын күйзеліс феноменін талқыладық. Біз осы жерде сипаттап жатқан жағдай – оның аверсі – сізге әңгімелеп жатқан оқиғаларға қатысты жиіреніш пен жиіреніштік. Lea, Auburn мен Kibblewhite (1999) осы дилемманы тұлғалық-кәсіби диалектика ретінде сәйкестендіреді. Олар сексуалдық қылмыс жасаған тұлғалармен жұмыс істейтін 23 негізгі мамандармен толық, жартылай құрылымданған сұхбат жүргізді. Олар адамның қылмысқа реакциясы мен құқық бұзушы туралы қамқорлық үшін оның кәсіби жауаптылығы арасында қарама-қайшылықты анықтады. Lea мен оның әріптестері кәсіпқойлардың кейбіреулері өзінің зерттеуінде осы екі сезімдерінің арасында «жүріп тұруын» анықтады, ал басқалары оларды ажыратуға тырысты. Brown мен Blount (1999) сексуалдық құқық бұзушылықтардың терапиясы бойынша тәжірибесі неғұрлым аз, лауазымда екі жылдан аз уақыт болған, тәжірибелі менеджерлерге қарағанда құқық бұзушыға жиіренішті жиі көрсеткен және жеке қауіпті, өздерінің әріптестерімен қарбаластықты және басқа адамдардың балалармен қатынаста сенімділікті жоғалтуды сезінген менеджерді анықтады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты криминалистикалық жағдайларда жұмыс істейтін практиктер ретінде мінез-құлқы, көзқарастары немесе нанымдары жиіренішті болуы мүмкін адаммен жұмыс істейтін жағдайда болуымызды мойындау керек. Осы туралы білу, осыған дайын болу маман-практикке осы оқиғада өзінің реакциясын басқаруға көмектесуі мүмкін. Егер, біз өзімізге кәсіпқой ретінде бұл біздің жұмысымыз болғандықтан, оны күн тәртібіне қосатын болсақ, бұл маман-практиктің осы сезімдерді бақылауға алу және нақты адаммен тұрақты түрдегі өзара әрекеттесуде қолдау мүмкіндігін сезіну немесе тіпті басқа біреудің осы істі алуды өтіну ықтималдылығын айтарлықтай арттырады. Мұны маман-практиктің тарапынан сәтсіздік ретінде қарастырмаған жөн, оны құқық бұзушының мүдделеріне қызмет ету деп қарастырған дұрыс. Егер, басқа жағынан, біз жоғарыда аталғанды мойындамайтын болсақ және маман-практиктердің оларға қарап тексеруге берілген қылмыскермен ісі болуын күтетін болсақ, онда біз маман-практикке, клиентке және әлеуетті неғұрлым кең қоғамға нашар қызмет көрсетеміз.

БАҒАЛАУДЫҢ ЫҚТИМАЛ НӘТИЖЕЛЕРІ ҚАНАДЫ?

Құқық бұзушылардан бағалаулар сот үдерісінің барлық кезеңдерінде бірқатар себептерге байланысты талап етіледі. Ең жалпы деңгейде кез келген бағалаудың нәтижесі осы адамға қатысты шешім қабылдайтындардың қажеттіліктерін неғұрлым кең қауымдас-

тықтың қызығушылықтарымен теңдестіре отырып, оларды ақпараттандыруда қолдануға болатын психологиялық пікірді беру болып табылады. Терапияға / емдеуге келетін болсақ, сот психологтарына осы тұлғаның терапия / емдеу үшін сәйкес келе ме, қажет етілетін терапияның/емдеудің сипаты қандай екендігіне және оның қолжетімділігіне қатысты бағалауы тиіс. Бұл «ненің жұмыс істейтіндігі» туралы білуді және қылмыс жасаған тұлғалардың терапиясы / емделуі үшін дәлелдемелік базаны талап етеді. Осыған байланысты психолог қылмыскердің терапияға/емдеуге дайын болуын бағалайтын болады.

Сот психологтары бағалау кезінде сәйкестендірілген белгілі бір диагноздарды/конструкцияларды түсінуі тиіс, шешімдерді қабылдауға, мысалы, психопатияны ескеруге пропорционалды емес ықпал етуі мүмкін. «Психопат» термині барлық халық үшін әдеттегі іске айналды. Егер сіз психолог емес адамнан психопат дегеннің кім екенін айтып беруді сұрасаңыз, сіз көбінесе Ганнибал Лектердің сипатын аласыз. Сот психологтарында осындай диагноздарды жасау мүмкіндіктері болған кезде, диагноздың бағаланатын нақты тұлғаға қатысты айқын сипатымен қатар жүруін қамтамасыз етуі өте маңызды. Осындай маңызды диагноздарды берген кезде біз осы мақсат үшін үздік психологиялық құралдарды қолдануды және біздің бағалаудың нәтижелерін алатындардың осындай құралдардың шектеулері туралы білуін қамтамасыз ету өте маңызды.

ОСЫ ЖҰМЫСТЫҢ СОТ ПСИХОЛОГТАРЫНА ЫҚПАЛЫ ҚАНАДЫ?

Rilke (Grayling-те цитаталанады, 2001) өзінің «Жас ақынға жазған хаттарында» «ең бір түрлі, ең ерекше әрі ең түсініксіз кезіктіруіміз мүмкін адамдар үшін батылдық» қажет деп ұсынды.

Біз құқық бұзушылардың кейбір түрлерін бағалауға қатысты алаңдауымыз мүмкін. Біздің алдымызда тұлғалық та, кәсіби қатысуды да талап ететін күрделі міндет тұр. Сот психологтарының жұмысына эмоциялық ықпалды ескеру өте маңызды. Егер сот психологтарының кезіктіретін табиғаты есеңгіреу, жабырқау және ашу ретінде қабылданатын эмоциялық салмағы болмаса, әсіресе, осы істе психолог жаңадан келген болса, өзгеше болар еді. Басқа жағынан, неғұрлым тәжірибелі практик психологтар адамның назар аударуға тұрарлық қылмыстар туралы хабарламасын ести отырып, «есеңгіретуге» болатынын түсінуі тиіс. Міне, сондықтан, сіздің сот психологы ретіндегі жұмыс өтіліңіздің қандай екендігіне тәуелсіз, осы жұмыстың сипаты сізге кәсіпқой және тұлға ретінде ықпал етеді және біз психологтардың оларға рефлексияны сақтауға, жұмыстың бізге ықпалын жеңілдетуге көмектесетін қолдау мен супервизияға жүгінуін кәсіби тұрғыдан қамтамасыз етуге міндеттіміз.

ҚОРЫТЫНАЫ

Сот психологтары кез келген сот-медициналық сараптамаларды, әсіресе, тәуекелді бағалауды аяқтау үшін көп жауапкершілікке ие, себебі, біздің қорытындыларымыз басқа адамдардың өміріне айтарлықтай ықпал етуі мүмкін. Сондықтан, біз осы рөлде құзыреттіліктердің жоғары стандарттарын қолдауды қамтамасыз етуіміз керек. Сот психологтары осы салада жаңа оқиғалардан хабардар болуы және оларды өздерінің тәжірибесіне қосуы қажет. Сот-психологиялық сараптамасының құралдары мен тесттерін қолданатын кез келген бағалаудың сенімді әрі шынайы болуы және құралдардың/тесттердің қылмыскер

тұлғасын бағалау үшін неғұрлым сәйкес келуі өте маңызды. Психологиялық тестілеудегі жаңа біліктілік қолдау табады, себебі, ол сот сараптамасы мен жалпы сот психологиясын кәсіпқойландыруда қосымша аргумент ретінде болады. Сапалы түрде жүргізілген бағалау шешімдердің нашар қабылдануына және ықтимал апатты салдарларға әкелуі мүмкін. Бұл жеке жұмыс істейтін психологтың беделін түсіріп қана қоймай, мамандыққа жаман атақ әкеледі.

Бағалауларды жүргізу кезінде біздің адамның жасаған әрекеті мен тұлға ретіндегі адам арасындағы айқын шекараны анықтап алу маңызды. Бұл біздің кәсіпқойлылығымызға, бағалауға деген біздің тәсілдемемізге байланысты және біздің кәсіби Мінез-құлық кодекстерімізбен (BPS пен HCPC) және Адамның құқықтары туралы заңмен бекітілген, клиент алдында осындай бағалауларды жасау жауапкершілігін аламыз. Бағалау кезінде психологтың/терапевтің мінез-құлқы өте маңызды, біз қылмыскер мен оның мінез-құлқын, оны осы жағдайға әкелген қарым-қатынастары мен нанымдарын түсінуіміз және оған құрмет көрсетуіміз қажет. Сот психологтары кейде оларды қарастыратын, жек көрушілік немесе ашу және т.б. сезімдерін тудыратын жекелеген адамдардың мінез-құлқына кезігуі мүмкін, сондықтан, осы жұмыс жеке практик-психологтан кәсіпқой да, тұлға да болуды талап етеді. Сот психологтарының осы «қалыпты» реакцияларды басқару үшін оларға кезіккен қылмыстың кейбір материалдарына сәйкес қолдау мен супервизия үшін жүгінуі өте маңызды. Сонымен қатар, бағалаудың құқық бұзушыға ықпалы туралы білуіміз және осы үдерістің осы адам үшін қаншалықты қиын болуын мойындауымыз өте маңызды. Біз шынайы және бұрмаланған есептерді ажырата білуіміз үшін және кемсітушілік мінез-құлық салдарларынан құтылу үшін өтірік емес, психологиялық қорғаныс ретінде бұрмаланулар логикасын түсінуіміз қажет. Біздің клиенттеріміздің осы осалдығын және сәйкесінше, батылдығын мойындау барлық терапевтік қарым-қатынастарда көрінетін, бірақ сот контекстерінде қосымша мән деңгейіне ие биліктің теңгерімсіздігіне назарымызды аударуға мәжбүрлеуі тиіс.

РЕСУРСТАР

Қазіргі кезде көптеген пайдалы материалдарды қамтитын бірқатар жинақтар бар. Мысалы, Leam Craig, Theresa Gannon and Louise Dixon «What Works in Offender Rehabilitation»/Құқық бұзушыларды оңалтуда не жұмыс істейді? (2013); Tony Beech, Leam Craig пен Kevin Browne's «Assessment and Treatment of Sex Offenders»/Сексуалды қылмыскерлерді бағалау мен емдеу (2009); Clive Hollin «Handbook of Offender Assessment and Treatment»/Құқық бұзушыларды бағалау мен емдеу жөніндегі нұсқаулық (2001) және Caroline Logan мен Lorraine Johnstone «Managing Clinical Risk»/Клиникалық тәуекелді басқару (2012).

Негізгі журналдар

Assessment

British Journal of Clinical Psychology

Journal of Consulting and Clinical Psychology

Psychological Assessment

Sexual Abuse – A Journal of Research and Treatment

11

ТЕРАПИЯ ЖӘНЕ ОҢАЛТУ

БАСТЫ ТҮСІНІКТЕР

Бұл тарау құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалардың терапиясы мен оңалтуының ағымдағы хал-ахуалына және осы қызметтерді көрсету барысындағы есепке алынуы тиіс негізгі сұрақтарға шолу жасауға бағытталған. Оқырмандар осы облыстағы негізгі әдістер мен ағымдағы жағдайды түсінуге және осы қызмет түрлерін көрсетудің болашағы туралы ой-толғамдар жасауға қажет болатын, басқа облыстардан келетін зерттеулер және теориялармен танысады.

Түсініктер	Практикалық ой-толғамдар
Қылмыстық іс-әрекетті тоқтату Құрдастардың қамқорлығы Оңалту Терапевтік қауымдастық Терапия/емдеу Не жұмыс істейді	Жақсы өмір моделі (ЖӨМ) Үміт пен күтілімдерді басқару Мотивациялық сұқбаттасу (МС) «Тәуекел-қажеттілік-сезімталдық» моделі (ҚҚС) Терапевтік альянс Кезеңдер өзгерісінің транстерапиялық моделі Қылмыстық іс-әрекеттің үдеріс ретінде тоқтатылуын түсіну

Анықталатын сұрақтар

Терапияның қандай мақсаты бар және олар қандай болуы тиіс?

Терапия/емдеу үдерісінде қандай орын алады?

Терапия өткізгеннен кейін қолдау көрсету ұзақтығы қаншалықты болуы тиіс?

Құрдастардың қолдау көрсетуінің маңыздылығы неде?

Кездесуі мүмкін сырқаттары бар құқық бұзушыларды терапиялаудың қиыншылықтары қандай?

Терапия/емдеу барысындағы сот психологының рөлі қандай?

Терапевтік қауымдастықтар не ұсына алады?

11.1-қосымша. Рефлексиялық жаттығулар

Өтінеміз, төмендегі қысқа гипотезалық сценарийді елестетіп көріңіз және сұрақтарға барынша мұқият жауап беріңіз. Жағдайды қарастыру барысында мұқият болыңыз.

Өзіңіз қалаған жаңа жұмысқа өтініш беріп жатырсыз. Сізді сұхбаттасуға шақырғанына қуаныштысыз және сіздің болашақ жұмыс берушіңіз өткен жұмыс орнынан мадақтау хатын талап етуде. Өкінішке орай, сіз қазіргі жұмыс орнындағы қолданылатын әдістерге

байланысты аға-менеджер мен араларыңызда орын алған кикілжіңге байланысты өз жұмыс орныныңызды өзгерткіңіз келіп отыр.

Сіз сұхбаттасуға келдіңіз және сұхбаттасушылар командасы сіздің топ ішінде жұмыс істеу қасиетіңізді, өкіл ретінде қызмет ету және айтылған сынға қалай жауап қайтаратыныңыз туралы сұрақтар қойғанға дейін барлығы жақсы басталып келе жатты. Сіз қорғаныс позициясын ұстанғаныңызды сезінесіз.

Сізге жұмыс ұсынылды, алайда, сіз бұрынғы жұмыс орындарыңыздан алынған хаттар жағымсыз болғанын және оны жаңа жұмыс берушілеріңіз білетінін сезесіз. Сіз бұрынғы жұмыс орны берген хатты көрген жоқсыз және оны көрсетуді сұрау дұрыс бола ма - білмейсіз. Дегенмен, сіз жаңа жұмысыңызды бастадыңыз. Жоғарыда айтылғандарға байланысты, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Басқалар сіз туралы жаман ақпарат алғандығы мүмкін екенін біле тұра, өзіңізді қалай сезінесіз?
2. Бұл сезімдер өзіңіздің жаңа жұмысыңызды орындауға қалай әсер ететін болады?
3. Сізге тікелей жұмыс берушіңіз бен әріптестеріңіз жаңа жұмыс орнында қалай қарағанын қалар едіңіз?
4. Жаңа жұмыс орнынан қандай үміт күтесіз?
5. Сіз неден қорқасыз?

Жоғарыда аталған жағдайдан кейтін жаңа рөлде өзіңізді көрсетуге тырысу кезіндегі жағдайды елестету қаншалықты қиын болды? Бұл тапсырма белгілі бір деңгейдегі эмоциялық реакция туындатуы мүмкін. Сіз өзіңіздің біліміңіз бен біліктілігіңізді көрсету мүмкіндігі туындай ма деген немесе өткен жұмыс орны берген хат сіздің мансабыңызға кір келтіреді деген қауіптерді сезінген боларсыз. Бұл, әлбетте, жағымсыз сезімдер туындайды. Осы тарауды оқу барысында осы тәжірибеге сүйеніп отырыңыз.

КІРІСПЕ

Заңға қарсы жүріс-тұрыспен күресуге деген ұмтылыс пен оны тиімді түрде қысқарту терапияны/емдеуді жүзеге асырушы тұлғалардың ұмтылып жүрген идеалы болып табылады. Қазіргі таңда қылмысы үшін жазаға тартылған тұлғаларды емдеу/терапия әртүрлі формаларға ие болуы мүмкін; мысалы, жеке жұмыс немесе терапевтикалық қауымдастықтар, сот-медицина саласында және қоғамда ұсынылып жүрген кең ауқымды бағдарламалар аясында бірлескен жұмыс түрінде болуы мүмкін. Алайда, бұл ереже әрқашан сақтала бермейді. 1974 жылы жарық көрген Martinson-ның негізгі мақаласы сол уақыттағы қызметкерлердің көзқарасында терапевтикалық нигилизмге алып келді, себебі, оның нәтижелері құқық бұзушыларды оңалтуда «ештеңе жұмыс жасамайды» деген ілімнің дамуына үлес қосты. Дегенмен де, кейбір құқық бұзушыларға қатысты кейбір нәрселер кейбір уақытта жұмыс жасайды деген мамандар да сақталып қалды және негізгі мәселе қылмысты қайта жасауды қысқарту барысында «не нәрсенің жұмыс жасайтынын» іздеуге айналды.

80-жылдары Martinson-ның «ештеңе жұмыс жасамайды» деген көзқарасы құқық бұзушыларды оңалтудың әлсіреуіне және азаюына алып келген оңалту нәтижелерін «дұрыс түсіндірмеу» немесе тіпті «фактілерді бұрмалау» деп жарияланды (McGuire, 2010). Қылмыскерлер тобымен кейініректе жүргізілген зертеулер 1970-жылдары Martinson-ның көзқарасына байланысты пайда болған терапевтикалық құлазуды жо-

юға байланысты елеулі жолды жүріп өтті. Қазіргі таңда қылмыстарды қайта жасауға рекеті бойынша, егер ол бағдарламалар белгілі бір қағидаларды ұстанатын болса, белгілі бір деңгейдегі оптимизм кездеседі. Он жылдан астам уақыт бойы үстемдік құрып келген қағидалар Andrews пен оның 1990-жылдардағы әріптестерінің жұмыстарында жан-жақты қарастырылған және «Тәуекел-қажеттілік-сезімталдық» деп аталған (6-тарауды қараңыз). Көп адамдар бұл модельді қылмыстық топтарды емдеу/терапия кезіндегі модельдің «премьерасы» ретінде қарастырады (Andrews және Bonta, 1994; Andrews және басқалар, 2011). Соңғы уақытта терапия/емдеу саласында жаңа идеялар пайда болды, айта кететін болсақ, позитивті психологияны зерттеу базасының негізінде, сонымен қатар қылмыстық әрекеттерді тоқтату саласындағы криминологиялық зерттеулердің негізінде Tony Ward пен оның әріптестері жақсы өмір моделі идеясын ұсынды.

Бұл тарау қазіргі таңда біздің аренада басты рөлге ие болған осы зерттеулер мен негізгі авторлардың қорытындыларын есепке ала отырып, терапия/емдеу облысында орын алып жатқанағымдағы дебаттарды талқылауымызды кеңейтуге бағытталған.

ТЕРАПИЯНЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ОЛ ҚАНАДАЙ БОЛУЫ ТИІС?

Егер сіз адамды осы қалпында қабылдайтын болсаңыз, ол сол қалпында қала береді; алайда, егер сіз оны қандай болуы тиіс және бола алатындай қалпында қабылдасаңыз, ол болуы тиіс және бола алатын адамға айналады. (Иоганн Вольфганг фон Гёте)

Оңалту саласында көптеген мүдделі тараптар кездеседі және терапия/емдеу белгілі бір деңгейде қылмыскерге және терапияны/емдеуді жүзеге асырушы тұлғаға сырттай әсер ететін факторлар арқылы анықталатыны факт болып табылады. Қазіргі таңда өзекті болып отырған әлеуметтік және саяси қағидалар терапия/емдеуден күтілетін нәтижелерге өз әсерін тигізеді деп айтқымыз келеді. Бірақ, бұл дегеніміз терапия мен емдеуді өткізетін тұлғалар емдеудің мақсатты көрсеткіштерімен келіспейді деген сөз емес, алайда, осындай ықпал етудің нәтижесі терапия мен емдеу үшін басты маңызға ие болатын ол қиын жағдай тудырады (тұлғаның бұзылуы өте қауіпті және ауыр болатын болса ертерек пікірталастар жүргізу). Кейбіреулер қазіргі таңда құқық бұзушылықтармен байланысты емес өмірді жақсартуға алып келетін мүмкіндіктерді қарастырғанша, криминогендік қажеттіліктер, қауіп-қатерді бағалау және оны басқаруға басты назар аударылады деп есептейді (Laws және Ward, 2011),

Laws және Ward тәрізді клиницистер қылмыс жасаған тұлғаларды емдеуде және оңалтуда қандай тәсілдерді қолдануымыз керек деген сұрақты түпкілікті зерттеумен айналысады. Бұл клиницистер, басқа да әріптестері тәрізді оңалту туралы барынша кең ойлауға, қылмыстық іс-әрекетті тоқтату саласындағы зерттеулердің дәлелдерін қолдануға және осы жұмыста маңызды болып саналатын философиялық қағидаларға, ұстанымдарға және құндылықтарға байланысты этикалық көзқарасты ұстануға шақырады (Ward, 2011).

Ward және оның әріптестері ұсынатын тәсіл клиникалық психологияда, психобелсенді заттарды шектен тыс қолдануды емдеу облысында дами бастады. Бұл облыста нашақорлыққа салынған адамды кең мағынада «оңалтуды» қарастырудың маңыздылығын түсіну кездеседі. Бұл кең мағынадағы оңалту тәуелділікпен жұмыс істейтін адамдар қолданатын «рух» түсінігін қамтиды. Бұл облыста қолданылатын «рух» сөзі қандай мағына білдіреді? Miller мен Rollnick (2013) мотивациялық сұқбаттасу (MC) «рухын» «бағыт-

талған ой» және «бағытталған жүрек» деп көрсеткен. Олардың жұмысынан төрт түсінік пайда болады:

- Серіктестік/әріптестік – біз «адаммен» және «ол үшін жұмыс жасаймыз».
- Қабылдау – біз адамның құндылығы мен мүмкіндігін қабылдаймыз; Алайда, бұл адам жасаған әрекетті қолдаймыз дегенді білдірмейді.
- Аяушылық білдіру – біз бірге жұмыс жасайтын адамға аяшылық білдіреміз, сонымен қатар, үздік мүдделер мен ортақ бақуаттылыққа жетуге көмек көрсетуге ұмтыламыз.
- Жады – біз қолда бар мотивацияны анықтаймыз және адаммен бірге жұмыс жасай отырып, оны күшейтуге тырысамыз.

Психобелсенді заттарды шектен тыс қолдану саласынан мынадай нақты қорытынды шығады, жеке адамның қоғамға деген толықтай реинтеграциясы, сонымен қатар емдеу процесінде жүргендердің мақсатты және мәнді өмірі, зиянды кеселге тәуелсіз өмірге қол жеткізудегі қажетті мақсат пен реттілігі болып табылады.

Сонымен қатар, алкогольді немесе есірткіні қолдануды тоқтату үрдістің қарапайым бөлігі екендігі мойындалады, психобелсенді заттарды шектен тыс қолданудан бас тартуды одан ары жалғастыру күрделірек тапсырма болып табылады. Психобелсенді заттарды шектен тыс қолданумен қиыншылығы бар адамдарды кең мағынада ұзақ мерзімге бас тарту және «түбегейлі оңалтуға» мұқият назар аударатын емдеу тәсілдерін талап ететіні түсінікті. «Оңалту» және «оңалту капиталы» түсініктері психобелсенді заттарды шектен тыс қолдану мен психологиялық денсаулық салаларының ажырамас бөлшегіне айналды (Best және Laudet, 2010; Deegan, 1998). «Оңалту капиталы» түсінігі алғашында әлеуметтеану облысында пайда болды (Bourdieu, 1980), кейіннен Granfield және Cloud (2001, 2006) тәуелділік саласында және «әлеуметтік капитал» қатынасында қорғап шықты. Адамның бойындағы бар шығарылатын капиталдың саны мен сапасы да, қайта қалпына келу кезінде әсер ететіндігі осы салада мойындалған.

Cloud және Granfield (2009) «оңалту капиталы» түсінігін кеңейтіп, оған төмендегілерді енгізді:

- Әлеуметтік капитал – адам өзі мүшесі болып табылатын әлеуметтік топтардан, оның ішінде әріптестерінен, отбасынан және достарынан алатын қолдау және бірегейлік сезімі;
- Физикалық капитал – материалды активтер (мысалы, тұрғын үй);
- Адами капитал – адам денсаулығы және жеке ресурстары (мысалы, интеллект);
- Осыған қоса,
- Мәдени капитал – адамға өз қауымдастығының ортақ құндылықтарына араласу қабілетін беретін құндылықтарды, қағидаларды және сенімдерді қамтиды.

Бұл жерде, осы концепциялар құқық бұзушыларды емдеу және оңалту саласына арналған қызықты және орынды идеялар ұсынады деп айтылады. Оқырмандар осы тарауды оқуды жалғастыру арқылы жоғарыда көрсетілген түсініктер қылмыстық іс-әрекетті тоқтату бойынша жасалған зерттеулермен, жоғарыда айтылған Ward және әріптестерінің Жаксы өмір моделімен үйлесетіндігін байқай алады. Соғ психологиясы саласында психикалық денсаулық пен психобелсенді заттарды қолдану облысындағы идеялар және оларды оңалтуаса маңызды болып табылады, шынайы мағынасында тірі тәжірибе бола отырып, емдеу бағдарламасы бұл жерде кішігірім ғана рөл ойнайды деп көрсетеді.

Қылмыс жасайтын адамдар біртекті емес топ болып табылады. Кез келген түрдегі қылмыс әлеуметтік, биологиялық, жүріс-тұрыстық, аффективтік және когнитивтік үрдіс-

тердің арасындағы күрделі өзара қатынастарды қамтитын ұзақ себептік тізбектің соңғы нүктесі болып табылады. Ол өзіне қатынастардағы және әртүрлі орталардағы қарым-қатынастардың күрделі кешенін қамтиды. Осылайша, қылмыс қылмыскердің ішіндегі динамикалық ахуал, өзгермелі нәрсе ретінде және қылмыс орын алып жатқан контекстегі және олардың арасындағы өзгермелі нәрсе ретінде өмір сүреді. Бұл нақты бір қылмыскердің жүріс-тұрысын түсіну үшін осы факторлардың барлығын жекелеген түрде формулировкадан өткізу қажет дегенді білдіреді, осымен қатар ол терапияның/емдеудің фокусын анықтауға және емдеудің қажетті мақсаттарын анықтауға пайдалы болуы тиіс.

Осыны есепке ала отырып, сот психологиясының төмендегі сұрақтарын қарастыруға тиіспіз:

- Қылмыс санын азайту үшін, қылмыстық іс-әрекеттің нақты бір түрлеріне деген назар аудару жеткілікті ме
- Терапия/емдеу қатерлерді және криминогені қажеттіліктерді қарастыру деген түсініктен кең болып, қауымдастық ішінде қылмыссыз, толыққанды және маңызды өмір қалыптастырудың мүмкіндігін арттыру мақсатында жекелеген құқық бұзушыға арналған кең мағынадағы «оңалту капиталын» қамтуы тиіс пе?
- Қатер мен криминогенді қажеттіліктерді азайту «оңалту капиталын» босатумен сәйкес келмей ме немесе олардың барлығы құқық бұзушыларды толықтай және мақсатты түрде оңалтуы қажетті болып табыла ма?

Бұл пікіргалас туралы біздің ой-толғамдарымыз 6-тараудағы теорияларды қарастырудан бастау алды, енді біз практикаға енгіземіз. Бұл жерде, айтылған әдістер негізінен емдеудің үлкен ауқымдағы бағдарламаларына және олардың негізінде жатқан теориялар мен модельдерге қатысты екені мойындалады. Осымен қатар, бұл қылмыстық құқық қорғаудың басқа да облыстарында күн сайын қолданылып жатқан емдеу мен терапия бойынша жұмыс жасауға деген басқа да клиникалық тәсілдердің кең спектрін жоққа шығармайтынын да мойындаған маңызды. Бұл тарауда негізгі назар нақты осы модельдерге шоғырланған және бізге олардың қазіргі таңдағы емдеу және оңалту саласындағы аса маңызды рөлі туралы ақпарат береді. Бұл тарауда қазіргі таңда қолда бар басқа да емдеу түрлері мен нақты бағдарламаларды талқылаудың мәні жоқ. Егер оқырман осы облыста ізденісін одан ары жалғастырғысы келсе, бұл сұраққа қатысты бірқатар керемет мәтіндер бар және McGuire (2002) редакциясы жарыққа шығарған кітап оларға тамаша бастама бола алады.

«ТӘУЕКЕЛ-ҚАЖЕТТІЛІК-СЕЗІМТАЛАЫҚ» МОАЕЛІ

«Тәуекел-қажеттілік-сезімталдылық» (ТҚС) моделі Martinson (Andrews және басқалар, 1990; Andrews және Bonta, 1994; Andrews және Dowden, 2006, 2007) жазған мақалада ұшқыны жалыннан шыққан самұрық тәрізді пайда болды. ТҚС ондаған жылдар бойы Ұлыбританиядағы емдеу бағдарламаларын жасақтау барысында қолданылған бағдарламалар үшін үстемдік құрған модель болды (Andrews және басқалар, 2006). Нәтижелі оңалтудың үш қағидасы төмендегідей сипатталған болатын:

- Қатер қағидасы (бағдарлама қарқындылығының құқық бұзушылар қатеріне сай келуі, қатер деңгейі жоғары болып саналатын құқық бұзушыларға арналған емдеудің қарқынды деңгейі және қатер деңгейі төмен құқық бұзушыларға арналған барынша аз араласу)
- Қажеттілік қағидасы (мақсаттық криминогенді қажеттіліктер және қылмыс-

тық іс-әрекет пен функционалды түрде байланысқан құқық бұзушылардың қажеттіліктері);

- Сезімталдылық қағидасы (емдеу стилі мен тәсілінің құқық бұзушының стилі мен тәсіліне сай келуі) (Andrews және басқалар, 2011).

Зерттеулер көрсеткендей, осы үш компоненттің барлығына назар аудару, тек бір бөлігіне назар аударғанға карағанда, рецидивтердің азаюы үлкен нәтиже береді. (Andrews және басқалар, 2011)

Осы теориялық негіздерді жасақтағаннан бөлек Andrews және оның әріптестері ТҚС тәжірибесіне тап болған құқық бұзушыларды бағалау және емдеу кезеңдерін қолдауға арналған құралдарды жасап шығарды. Бұл құралдар қатарына төмендегілер жағайды:

- Жастарға қызмет көрсету деңгейі бойынша сауалнама (Andrews және басқалар, 1984);
- Қатер және криминогенді қажеттіліктер деңгейін бағалауға бағытталған қызмет көрсету деңгейінің сауалнамасы;
- Жастарға арналған кадрлық ресурстарды инвентаризациялау және есепке алу бойынша нұсқаулық (Hoge және Andrews, 2002);
- Қызмет көрсету/іс жүргізу дегейлерін инвентаризациялау (Andrews және басқалар, 2004);
- Қызмет көрсету деңгейі: қатер-қажеттілік-сезімталдылық (Andrews және басқалар, 2008).

ТҚС моделі нәтижелі емдеу саясатының, теориясының және қамтамасыз етілуінің дамуына үлкен үлес қосты (Ogloff және Davies, 2004; Ward және басқалар, 2007), ал ТҚС стиліндегі емдеу бағдарламалары қылмыстық құқық қорғау саласындағы құқық бұзушыларды емдеумен қамтамасыз етудің ұтымды моделі ретінде қабылданды, ол өз кезегінде мемлекеттік деңгейдегі пробация қызметтері және абақтылар арқылы аса ірі терапевтік бағдарламалардың жүзеге асуына алып келді. Емдеудің когнитивтік жүріс-тұрыстық әдістеріне негізделген бұл бағдарламаларды алгоритмдеу аса қиын. Алгоритмделген бағдарламалар емдеудің қатандығын қамтамасыз етуге бағытталған және сапаны, бағдарламаның тұтастығын бақылауды, бағдарламаны «дрейфтен» (негізгі назардың емдеуден ауытқуынан) сақтауды көздейді және осы арқылы жоғары нәтижелерге алып келуі тиіс. Алайда, өкінішке орай, аталған аса ірі емдеу бағдарламаларын жүзеге асыруға байланысты зерттеу нәтижелері Біріккен Корольдіктерде күтілген көлемнен төмен деңгейде рецидивтердің азаюына алып келді. Бұл қиыншылық белгілі бір деңгейде бағдарламаны қамтамасыз етуді жүзеге асырудың және сапасының мәселелерімен, емдеуді енгізу дұрыстығы мен тұтастығының мәселелерімен байланысты болды деп есептейді (Goggin және Gendreau, 2006; Young, 2010).

ТҚС моделін сынаушылар (Ward және Maguna, 2007) бұл мәселе ТҚС моделінің мазмұнына байланысты емес, ТҚС алға қойылған мақсаттарды қамти алмайтынымен, яғни, терпаия фокусының тым тары екенімен байланысты деген пікірді ұстанады. Олар ТҚС моделі құқық бұзушылардың дефицит/ әлсіздік моделі болып табылатынына, сондықтан осы адамның күшті жақтары мен жеке қажеттіліктерін, сол арқылы оның толықтай оңалуын және тұлғаның қауымдастыққа реинтеграциясын, болашақта қылмыстық емес бірегейлігін қалыптастыруын ескермейтіндігіне сүйенеді. Fortune, Ward және Polaschek (2014: 2) айтуынша, ТҚС «әлеуметтік қажеттіліктері терапевтикалық идеялармен байланыстыру қатеріне ие», ол болашақта этикалық емес болып, өзін-өзі жоюы мүмкін. Олардың мәлімдеуіне сәйкес, жақсы жақтарға негізделген Жақсы өмір моделі (ЖӨМ) осы

кателіктерді жобға көмектеседі, себебі ол қылмыскердің бақуаттылығын арттыруға және қатердің динамикалық факторларын қабылдауға бағытталған.

ЖАҚСЫ ӨМІР МОДЕЛІ

Бұл эмпирикалық және теориялық негізделген оңалту тәсілі ТҚС моделі өз фокусында тым тар деген пікірге жауап ретінде пайда болды ЖӨМ (Ward және Stewart, 2003; Ward және Maguna, 2007) – бұл әдіс -жақсы жақтарға негізделген, қылмыстық құқық қорғау саласындағы құқық бұзушыларды емдеу кезінде, олардың құқық бұзушылыққа тән мінезін ғана емес, өмірін де кеңінен қамту керек, сонымен қатар әлеуметтік жоспарда үлкен өмірлік мақсаттарына жету үшін көмектесуді де қамту керек.

Өз кезегінде, қылмыскерлер жеке мақсатқа жету жолында әрекеттетіндіктен, олардың қылмыстық іс-әрекетпен айналысуына деген қажеттіліктері де азаяды деп есептеледі. ЖӨМ қылмыскерлердің жеке бас құқығының құрметпен және абыроймен сақталуына назар аударады (Ward және Birgden, 2004; Ward және Willis, 2010). Бұл жерде құқық бұзушының мотивациясы мен жеке бірегейлігінің рөлі де ескеріледі (Ward және басқалар, 2007), сонымен қатар болашақта қылмыстық бірегейлігі, үміт беру және де әлеуметтілігінің дамуына деген сенім тудыру мүмкіндігі де ескеріледі.

ЖӨМ алғашында, жыныстық қылмыстар жасаған адамдарды емдеу барысында қолдану үшін жасакталған болса да, оны кез келген қылмыскерлер тобына қолдануға болады. Laws және Ward (2011: 220) ЖӨМ-ді өзгеріс үрдісін тұлғаның өзінің ішінде, оның мотивациясында табуға тырысатын оңалтуға деген көзқарас деп сипаттайды.

ЖӨМ белгілі бір деңгейде криминология, қылмыстық іс-әрекетті тоқтату, позитивті психология және құқық тәртізді басқа да салаларға негізделген (1983 жылғы Адам құқықтары туралы заңда бекітілген). Polaschek (2010: 448) айтуынша, ЖӨМ «өз тәжірибесінде саяси негіздегі жазалау тәртібін қолданатын кейбір бағдарламаларға қысым жасауға бағытталған аса маңызды гуманистік тежеуіш болып табылады».

ЖӨМ моделі мен қылмыстық іс-әрекетті тоқтату бір-бірімен тамаша үйлесім табады және ЖӨМ «нәтижелі емдеу - адамдар игілікке қол жеткізу мақсатында басқа да құралдармен қамтамасыз етуге бағытталуын» (Ward және Marshall, 2007: 297) және қылмыстық іс-әрекетті тоқтатуға «қолдау көрсету» қылмыстық іс-әрекеттің табиғи түрде тоқталуына көмектесіп, оны ұстап тұра алады дегенді ұсынады. Олар біріге отырып, қауымдастыққа реинтеграция жасау жолындағы кедергілерге қарсы тұрып, емдеудің нәтижелілігін арттыра алады, ол өз кезегінде қылмыстық іс-әрекетті тоқтату мен оған қарсы тұру мерзімін ұзартуға себеп болады. ТҚС тәсілінен осылайша түбегейлі бас тарту Attrill және Liell (2007) жұмысында қолдау табады. Олар құқық бұзушылардың ТҚС модельдері сияқтыларда қатерді бағалауға демотивация ретінде назар аударатынын анықтады. Қатердің қажетті факторларын жою, сонымен қатар қылмыскерлердің қарсылық көрсетуін мойындау, онымен жұмыс жасау және олардың жақсы жақтарының арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу өз-өзін жеңіп, қылмыстық іс-әрекетті тоқтату мақсатында көмек көрсетудің ең негізгі бөлшегі болып табылатын сияқты.

ЖӨМ және ТҚС модельдері қазіргі таңдағы қылмыскерлер терапиясының әдістерінің мысалдары болып табылады. Бұл екі тәсіл бір-біріне ұқсас тақырыптар мен идеяларды қамтиды, алайда, олардың негізгі қағидаларына байланысты бір-бірімен түбегейлі қарама-қайшылықтар кездеседі. Олардың екі бөлек бастапқы позициялары емдеудің тәжірибесіне, балансына және бағдарламалық мақсаттарының акцентіне және осыған қоса

психологиялық емдеудің жекелеген адам үшін кең мағынадағы оңалту бағдарламасында қалай позицияланатынына әсер етеді. ТҚС үшін негізгі назар қатерлер мен криминогенді қажеттіліктерді басқаруға шоғырланады, бұл жерде кең мағынадағы сұрақтарға дұрыс мән берілмейді, ал ЖӨМ-де баланс ТҚС моделі кезінде барынша көп назар аударылған элементтерді жоққа шығармастан, қылмыскерлер болашақта саналы және нәтижелі өмір сүреді деген үмітпен жеке құқық бұзушыны кең мағынада оңалтуға, реинтеграциялауға көбірек назар аудара отырып өзгертіледі. Laws және Ward (2011: 11-12) ТҚС және ЖӨМ модельдері арасындағы негізгі айырмашылықтарды олардың қылмыстық іс-әрекеттерді тоқтату концепциясына сәйкес келетін деңгейлері ретінде анықтайды. ТҚС модель – емдеудің әртүрлі бағдарламаларының нәтижелілігінің эмпирикалық талдауға құрастырылған және нәтижелерге негізделген оңалту құрылымы. ЖӨМ жақсы өмір концепциясына негізделген және құқық бұзушыларға қалыпты өмір сүру үшін психологиялық және әлеуметтік капиталды қамтамасыз етеді. ЖӨМ терапиясы қылмыскердің қазіргі ортасы мен болашақтағы мүмкін орталарын ескереді.

Осылайша, ТҚС өз қағидаларына негізделген емдеу қатер мен рецидивизм деңгейін ТҚС қағидаларын қамтымайтын бағдарламаларға қарағанда белгілі бір деңгейдегі жоғары мүмкіндікпен азайтады деген болжам жасайды. ЖӨМ қауіпсіздік және қылмыстық іс-әрекетті тоқтату концепциясын қамтуға ұмтылып, өз назарын қылмыскердің бірегейлігі мен әлеуметтік экологиясын құрастыруға шоғырландырады.

Бұл екі модель арасындағысындар мен пікірталастар, екі жақтың шарты түрдегі ұтымды тұстарын ашып көрсететін талдаулар мен екі модельді қорғауға ұмтылатын пікірлер бар және қала береді. Бұл пікірталастардың кейбір бөліктері 6-тарауда көрсетілді және біз осы жерде аргументацияны одан ары дамытамыз.

ЖӨМ-ді жақтаушылар тарапынан айтылған сындарға жауап ретінде Andrews және оның әріптестері ТҚС моделін ұстанады және криминогенді қажеттілікке басымдық береді. Олар ЖӨМ жақтастарының ТҚС моделі қылмыскердің бақуаттылығын есепке алмайды деген сынымен түбегейлі келіспейді, алайда, ол қатер мен криминогенді қажеттілікті есепке алу арқылы жүзеге асуы тиіс деп есептемейді. Andrews және оның әріптестері ЖӨМ-нің күшті тәсіліне акцентке байланысты өз қауіптерін білдіреді, себебі, бұл болашақта криминогенді қажеттілік пен қатер мүлде назарға алынбауына әкеліп соғуы мүмкін деп есептейді. Andrews және Dowden (2007) тек қана криминогенді қажеттіліктермен жұмыс жасай отырып, нәтижелі емдеу жүргізу қиын болып отырғанда, ЖӨМ назары адам қажеттіліктерінің тыс кең облысына шоғырланған деген пікірін білдіреді. Олардың пікірінше, қылмыстық құқық қорғау органдары өз назарын құқық бұзушының криминогендік қажеттіліктерін негізге ала отырып, қоғамдық қауіпсіздік императивін шешуге бағыттауы тиіс, ал ЖӨМ «негізгі тауар» деп атайтын құқық бұзушылардың кең қажеттіліктері (мысалы, маңызды жұмыс, бос уақыт, қарым-қатынас) психикалық денсаулықты қорғау қызметі және білім беру тәрізді басқа қызметтер арқылы шешілуі қажет. Осыған жауап ретінде ЖӨМ жақтастары сот психологтары өздерін құқық бұзушыларға негізгі қызмет көрсетуші ретінде түсінбеулері керек деп жариялап, сот-медициналық эксперттерді құқық бұзушылармен қарым-қатынасқа түсе отырып, олармен емдеу барысында жұмыс жасау кезінде қылмыс жасау алдымызда отырған адамның тек бір ғана аспекті болып табылатынына одан ары сендіре түседі. ЖӨМ қылмыскерлерді қалай мотивациялайтынымызға мұқият және сыйластықпен қарап, қылмыс жасаған адамдардың үмітін пайдалануымызды сұрайды және ол адамға өзін өзгертуге, қылмыстық «Меннен» бас тартып, қоғамның қылмыстық емес, әлеуметтік мүшесі болып қалыптасуына бай-

ланысты күрделі тапсырманы орындауға көмектесуге шақырады. Осылайша, емдеу координаторның рөлі қылмыскер маргиналданатын, мотивациясы жоғалатын және таңдауы шектеулі болатын өмірге емес, оның мүмкіндіктерін кең пайдалануға болатындай көмек беру, өз кезегінде қылмыскер ондай жағдайға қол жеткізбесе, ол өзінің бұрынғы бірегейлігіне қайтып келуі мүмкін.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ТОҚТАТУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

Қылмыстық іс-әрекетті тоқтату үрдісіне арналған дәлелдемелік база академиялық зерттеулерден, сонымен қоса қылмыстық іс-әрекеттерді тоқтатқан адамдардан және осы адамдардың жанында өмір сүретін, жұмыс жасайтын адамдардан жиналған баяндамалардан құралады.

Әдебиеттерде қылмыстық іс-әрекетті тоқтату сұрақтары бойынша ішкі/психологиялық және сыртқы/әлеуметтік факторлар анықталады, олар қылмыстық іс-әрекетті тоқтатудың тұлғалық әдістеріне ықпал ете алады. Бұл факторлар төмендегілерді қамтиды:

- қартаю және сонымен қатар жүретін есею;
- отбасы және қарым-қатынастар – бұл жерде, байқағанымыздай, жақсы интимдік қатынастар өзіндік сана-сезімге ықпал ете алатын бірқатар әдістер бар, мысалы, балалардың болуы адамдарға абақтыға қайта оралуға байланысты тереңірек ойлануына әсер етуі мүмкін.
- психобелсенді заттарды шектен тыс қолдану;
- жұмыспен қамтылу – мазмұнды және көңілден шығатын жұмыс орны;
- құқық бұзушы тарапынан өзгеріс мүмкіндігі мен қабілетіне деген үміт пен мотивация;
- қоғамға берілу және көмек көрсету;
- қылмыстық емес әлеуметтік топтың мүшесі болғандығын сезіну;
- қылмыстық бірегейлікке жол бермеу;
- басқаларға қолдау көрсету және оларға қылмыскер емес адам ретінде сену.

Осыған қоса, қылмыстық іс-әрекетті тоқтату сұрақтарына байланысты әдебиеттерде осы үрдіске байланысты ақпараттар келтіріледі және қылмыстық құқық қорғау мен терапия/емдеу бағдарламасына қажет болуы мүмкін бірқатар қағидалар анықталады. McNeill және басқалар оларды тізбелеп берген (2012):

- қылмыстық іс-әрекетті тоқтату үрдісінің күрделілігі мен қиыншылығын мойындау;
- өзгерістерді қолдаудың жеке жоспарына ие болу қажеттілігі;
- мотивация мен үмітті қалыптастыру және ұстап тұруға назар аудару қажеттілігі (Farrall және Calverley, 2006);
- тұлғаның жақсы тұстарын мойындау, бекіту және дамыту;
- құрмет және қолдау (немесе өзін-өзі анықтау);
- қарым-қатынаспен және қарым-қатынас арқылы жұмыс жасау (жеке және кәсіби);
- әлеуметтік және адами капиталды арттыру;
- прогресті мойындау және тойлау.

Қылмыстық іс-әрекетті тоқтатуды зерттеушілер үшін негізгі мәселе қылмыстық құқық қорғауда ғана емес; бұл қауымдастықтармен, отбасылармен, азаматтық қоғаммен және мемлекеттің өзімен қарқынды деңгейдегі қарым-қатынасты талап етеді, бұл талаптардың барлығы нәтижелі оңалту барысында аса маңызды.

Қылмыстық іс-әрекетті тоқтатуды зерттеуде қылмыс жасаған адамдармен жұмыс жасау барысында қолданатын тіліміз де аса маңызды және бұл осы аланда жұмыс істейтін адамдардан жаңа бірегейлікті, мысалы, бүгінгі жас қылмыскерден ертеңгі чемпион-футболшыны туындатуды қолдауды және дамытуды талап етеді. Жақын уақытта БАҚ беттерінде 25 жасар Ched Evans-ке зорлық жасады деген айып тағылып, кейіннен абақтыде жазасын өтеген кәсіби футболшы туралы шу көтерілген болатын. Жазасын өтеп шыққаннан кейін Ched Evans өзінің кінәсіздігін ары қарай дәлелдеумен болып, оған өзінің бұрынғы футбол клубы екі жылдық келісім шарт ұсынды. Оның бостандыққа шығуына және жаңа келісімшартына байланысты қоғамдық пікірталас пен БАҚ беттеріндегі жариялымдар өте жоғары деңгейде болды. «Таймс» газеті 2014 жылдың қазан айының басында футбол клубының бастығы, әйел адам егер Ched Evans клубқа қайта оралатын болса өз жұмыс орнын босататынын айтып қаһар көрсеткені жайлы мақала басып шығарды. Одан ары Ched Evans-тың өмірге футболист ретінде қайта оралу құқығын қорғаған тележүргізушілер туралы айтылады, олар Интернет арқылы үлкен сынға ұшырап, олардың жария түрде қолдау көрсетуін сынға алу кең тарала бастады. Біздің ойымызша, осы тәріздес сұрақтарда танымал адамдардың дауысы естіліп, ал полиция қызметкерлері мен сот психологтарының аргументтелген ойлары бұл сұрақтарда қалпына келтіруші баланс ретінде есептелмейтіні қорқыныш туындатады. The Times мақаласында 16 және 17 қазан күндері YouGov жүргізген сауалнама келтіріледі, сауалнама нәтижесі көрсеткендей, 25 жасқа жетпеген адамдардың тек 27% және 26-60 жас аралығындағы адамдардың 39% ғана Ched Evans-қа өзінің бұрынғы кәсіби футболшы мансабын жалғастыру құқығы берілу керек деген пікірмен келіседі. Осы жұмысқа ат салысқандар мен қылмыскерлер үшін, қоғамдық резонанс пен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың бұл түрі, құқық бұзушы тұлғаға ұқсамайтын басқа тұлға болуына деген сенім мен үміт тудырады? Қылмыскерлердің қылмыстық әрекетін доғаруға көмектескісі келетін адамдар үшін біз тілімізде қолданып жүрген, реабилитацияны талқылау барысында қолданып жүрген таңбаларды дұрыстап таңдау қажет.

ЕМАЕУ ҰРАСІНАЕ НЕ ОРЫН АЛААЫ?

Осы тарау барысында қазіргі таңда қолжетімді болып табылатын емдеудің жекелеген бағдарламаларын қарастыру мүмкін емес, алайда, оқырмандарға құқық бұзушыларға тиесілі болып табылатын мінез-құлықтың түрлеріне бағытталған бағдарламаларды талқылау мақсатында Brown және Campbell (2010) редакциясымен жарық көрген нұсқаулықтың тарауларымен танысуға кеңес береміз. Дегенмен де, біз терапия жеке өзгерістер алаңын қамтамасыз ететін үрдістерді болашақта бұғаттау және жүзеге асыру қызметін атқарады деген пікірді ұстанамыз (Roth және Fonagy, 2006).

Терапия/емдеу үрдісінің өзі құқық бұзушының өзіндік тұлғасының факторларын және оған сыртқы ұжымдар (яғни, емдеу агенті, емдеу орны, отбасы, достары, қауымдастық, саяси және әлеуметтік бағдарламалар) арқылы ендірілетін динамиканы қамтитын көптеген күрделі аспектілер өзара әрекеттесетін үрдіс болып табылады. Осылайша, нақты деректерге негізделген емдеу бағдарламалары, мысалы Ұлыбританиядағы жыныстық қылмыскерлерге арналған бағдарламалар, бір құқық бұзушылық үшін сотталған біртекті қылмыскерлердің емдеуін қамтамасыз ете алмайды. Екі бірдей зорлаушы, жыныстық қылмыскер немесе жыныстық адам өлтіруші кездеспейді. Бұл терапияны жүзеге асыратын адамдардан нақты осы қылмыскердің заңға қайшы жүріс-тұрысын жеке түрде анықтау мақсатында диагностикалық рәсімдерді қолдануды талап етеді. Бұл түсінудің

салдары ретінде топтық жұмыс бағдарламалары заңға қайшы жүріс-тұрысының әртүрлі себептері және әртүрлі факторлары, терапияға деген әртүрлі даярлық деңгейі, әртүрлі мотивациясы, әрқашан да қиын әрі күрделі болып табылатын өзгеріске терапиялық араласу тапсырмасына деген әртүрлі жеке ұстамдылығы мен жақсы жақтары бар адамдардан жиналған топтармен терапия жүргізуді қамтитынын қарастырсақ болады.

Осымен қатар, екі бірдей терапевттің немесе топтық фасилитатордың да кездеспейтіндігі тағы бар. Біз терапевтикалық салаға өзіндік жеке стилімізбен, тұлғамызбен, қарым-қатынастарымызбен, ұстанымдарымызбен, тәжірибемізбен, мотивациямен және емдеуге ұшыраған адамдардың өзгеруіне деген үмітімізбен/сенімізбен кіреміз. Біз сол немесе басқа да деңгейде терапия бағдарламасының аясында шектелеміз, қылмыскерлердің және өзіміздің тарапынан бағдарламаға көрсетілетін қолдау деңгейінен бөлек болып табылатын әртүрлі жағдайларда терапия ұсынамыз. Бұл факторлардың барлығы терапияның нәтижелігі мен терапия/емдеуден өтіп жатқан адамдарға арналған нәтижесіне ықпал етеді. Мүмкін, қылмыскерлер терапия өту барысында олардың әлсіздігі туралы айту сәнге айнала қоймаған шығар.

Бұл терапияны жүзеге асыратын адамдардан нақты осы қылмыскердің заңға қайшы жүріс-тұрысын жеке түрде анықтау мақсатында диагностикалық рәсімдерді қолдануды талап етеді. Бұл түсінудің салдары ретінде топтық жұмыс бағдарламалары заңға қайшы жүріс-тұрысының әртүрлі себептері және әртүрлі факторлары, терапияға деген әртүрлі даярлық деңгейі, әртүрлі мотивациясы, әрқашан да қиын әрі күрделі болып табылатын өзгеріске терапиялық араласу тапсырмасына деген әртүрлі жеке ұстамдылығы мен жақсы жақтары бар адамдардан жиналған топтармен терапия жүргізуді қамтитынын қарастырсақ болады.

Осымен қатар, екі бірдей терапевттің немесе топтық фасилитатордың да кездеспейтіндігі тағы бар. Біз терапевтикалық салаға өзіндік жеке стилімізбен, тұлғамызбен, қарым-қатынастарымызбен, ұстанымдарымызбен, тәжірибемізбен, мотивациямен және емдеуге ұшыраған адамдардың өзгеруіне деген үмітімізбен/сенімізбен кіреміз. Біз сол немесе басқа да деңгейде терапия бағдарламасының аясында шектелеміз, қылмыскерлердің және өзіміздің тарапынан бағдарламаға көрсетілетін қолдау деңгейінен бөлек болып табылатын әртүрлі жағдайларда терапия ұсынамыз. Бұл факторлардың барлығы терапияның нәтижелігі мен терапия/емдеуден өтіп жатқан адамдарға арналған нәтижесіне ықпал етеді.

Мүмкін, қылмыскерлер терапиядан өту барысында олардың әлсіздігі туралы айту сәнге айнала қоймаған шығар. Егер де терапияда жақсы жақтар мен мүмкіндіктерге қолдау берілместен, негізгі акцент әлсіз тұстарға қойылатын болса, біз қылмыскерлерге, кең мағынада қоғамға теріс қызмет көрсетеміз, себебі, осы тәріздес ауыр қорқыныш және әлсіз жағдайлар тұлғаның өзгеріске ұшырау мүмкіндігін азайтады. Терапия барысында біз өз клиенттерімізден, әсіресе нақты бір қылмыс түрін (мысалы, жыныстық қылмыс) жасап, өзін өз отбасы мен қоғамнан оқшау сезінетін адамдардан батылдықты талап етеміз. Ерлік – қорқыныш алдындағы батылдық сезімі. Адам әрқашан да өз өмірінде орын алатын күрделі өзгерістерден қорқады және қылмыстық құқық қорғау жүйесінде осы бағытта жұмыс жасауға талпыныс жасаған адамдарға көмек қолын созу адамгершілік болып табылады. Платон айтқандай, «ерлік – белгілі бір деңгейде өзін-өзі құтқару». Жоғарыда аталып өткендей, құқық бұзушылармен терапия жұмысын жүргізетін тұлғалар олардың үстінен емес, олармен бірге жұмыс жасауы тиіс (McCulloch, 2005; McNeill, 2006). Біздің ойымызша, емдеу – біреуге көрсетілген әрекет емес, біреумен бірге жасалған әрекет.

Құқық бұзушылардың әлсіздігі түсінігі осы кітаптың 8-тарауында көрсетілгендей, өздері құрбандыққа айналған қылмыскерлерді қарастырғанда айқын көрінеді (Jennings және басқалар, 2012; McGrath және басқалар, 2011). Бұл тарауда нақты бір қажеттіліктер мен құрбандық тәжірибесінің виктимизация мен қылмыстық жүріс-тұрыстың қосарланған тәжірибесіне ие осы бір қылмыскерлер тобына ықпал етуін талқылау мүмкін емес. Алайда, төмендегі себептер бойынша қылмыскерлерді психологиялық терапиямен қамтамасыз ету туралы ойлағанда, не үшін маңызды екенін мойындау аса маңызды болып табылады:

1. Адамның қылмыстық жүріс-тұрысын бағалауда және жеке түрде формулировка жасауда оның виктимизация тәжірибесі тәріздес факторлары қылмыскерді, оның қылмыстық жүріс-тұрысын түсінуде және осы адамға арналған терапияның мақсаты мен бағыттары туралы қажетті ақпаратты беру кезінде аса маңызды болып табылуы мүмкін.

2. Осыдан кейін, осы бір нақты облыстың терапияда қылмыскермен бірге қарастырылу қажеттілігі туындауы мүмкін; бұл жұмыстың мақсаты – қылмыскердің виктимизация және оның кейінгі салдары туралы жеке баяндауын зерттеу.

3. Бұл емдеуді жүргізу мерзімін осы адам терапиясының жалпы бағыты тарапынан мұқият есептеп алу қажет.

4. Жалпы кең мағынада құқық бұзушы өзінің қылмыстық жүріс-тұрысына тікелей қарап, терапияға қатысу құлшынысы мен мүмкіндігіне виктимизация тәжірибесі әсер ете алады;

5. Біз кейбір жерлерде бұрын басынан өткен виктимизация тәжірибесіне байланысты туындаған терапияға қатысуға кедергілер мен қиыншылықтарға кездесуіміз мүмкін, бұл жерлерде осы қиыншылықтарға не үшін кездескенімізді түсініп алу өте маңызды, себебі, бұл бізге алдағы уақытта осы қиыншылықтарды жағымды түрде өзгертуге көмек көрсете алады.

Құрбандық және қылмыскер ретіндегі қосарланған тәжірибесі бар адамдармен жұмыс жасау барысында туындайтын қиыншылықтарға байланысты қылмыскердің өзінің виктимизация тәжірибесінің терапиясымен «кім» айналысуы тиіс деген сұраққа байланысты қосымша ой-пікірлер туындайды. Расымен де, кейбір жағдайларда қылмыскердің өзінің виктимизация тәжірибесіне терапия жасауға байланысты ұсыныс жасауға мүмкіндік болмай жатады. Тағы бір қиыншылық осы тәріздес терапевтикалық жұмысты кейбір қауіпсіз орындарда (мысалы, абақтыде) жүргізу қылмыскер үшін мүмкін емес екенін білу болып табылады. Осындай «өмір үшін күрес» жағдайы адамнан жеке оқшаулануды талап етеді және адамдарда өздері өмір сүретін орта оларға психологиялық, эмоционалды қолдауды, ал кейбір жағдайда физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етпейтіні жайлы сезім болады, осыған қоса бұл жағдайларда адамға өзінің әлсіздігі жайлы ойлау оңайға түспейді. Бұлар күрделі сұрақтар және тараудың басында аталып өткендей осы сұрақтарды талқылауға мүмкіндігіміз жоқ. Дегенмен, сот психологтары бұл туралы хабардар болуы тиіс және құқық қорғаушыларды бағалау және терапияға қатысу барысында осы ақпараттарды естен шығармағаны дұрыс, себебі, осы заттарды түсіну адамды нәтижелі терапиядан өткізу кезінде шешуші маңызға ие болады.

Біз криминологиядан түсінгеніміздей, қылмыстық іс-әрекетті тоқтату - оқиға емес, «үрдіске» жақын түсінік. Адамдардың ет жеуді қойып кетуі қиын болатындығы тәрізді, құқық бұзушылар да қылмыстық өмірді тастап кетуге оңайлықпен бел буа бермейді (Maguna, 2010). Расымен де, қылмыстық іс-әрекетті тоқтату туралы әдебиеттерде бұл - күрделі үрдіс, ол өзіне шешім нақты қабылданғанға дейінгі бірнеше талпынысты қамти-

ды деген пікір кездеседі. Бұл үрдіс клиникалық психология саласында Prochaska және DiClemente (1983) жасақтаған өзгерістің трансэоретикалық модельдерінде анықталған элементтермен ортақ элементтерді қамтиды.

Бұл модель өзгеріс үрдісін адам ілгері де, кейін де қозғалатын өзгермелі үрдіс ретінде концептуалдайды және бұл үрдіс терапевтің және оның интервенцияларының тарапынан жасалған ықпалдарға бейім болып келеді. Бұл модель өзгерістің кезеңдерін байқау алды, байқау, шешім қабылдау (даярлық), белсенді өзгеру, ұстап қалу деп анықтайды. Бұл модельде жаңа танымның, өзін-өзі бірегейлендірудің жаңа тәсілдеріне енуден шығудың, бұзылуының/рецидивінің көріністері де есепке алынады.

Қылмыстық іс-әрекетті тоқтату туралы әдебиет бұл түсінікті қылмыстан бас тарту үрдісі ретінде қамтиды, оны дискреттік оқиға ретінде емес, терапияның өзі мен терапевтің психотерапиялық қасиеттері белгілі бір рөл ойнауға тиісті эволюциялаушы ретілік ретінде мойындайды. Осылайша, құқық бұзушылардың терапиясын және оңалтуын жүзеге асырушы тұлғалар бұл үрдісті және индивид кез-келген уақыт бөлшегінде осы үрдіс барысында оның қандай кезеңінде тұрғанын түсіне білуі тиіс. Терапевт қиыншылықтарды және сәтсіздіктерді конструктивті түрде және қылмыстық іс-әрекетті тоқтату жекеленген және субъективті үрдіс екенін, жалпы модель барлық адамға бірдей жұмыс істей бермейтінін түсіне отырып басқаруы тиіс (Weaver және McNeill, 2010). Жұмыстың бұл тәсілі емдеу әдісі ретінде Мотивациялық сұхбаттасуды (МС) қамтиды, ал МС «рухы» ЖӨМ «рухымен» және қылмыстық іс-әрекетті тоқтатумен тығыз байланысты. Miller өзінің ішімдікке салынған адамдармен жасаған жұмысына талдау жасай отыра, Miller және Rollnick (2013: 8) жұмысында, «клиенттердің қорғаныстық жүріс-тұрысымен салыстырғанда, олардың ашықтығы, шаблондық әңгімеге қарағанда, шынайы сұхбаттасу – терапевтикалық қатынастардың нәтижесі. Қарсыласу мен мотивация тұлғааралық контексте орын алады» деп ашық көрсетеді. Біздің, яғни, кітап авторларының ойынша, өзгеру алдындағы қарсыласуы мен амбиваленттілік деңгейі жоғары адамдармен жұмыс жасаған Miller-дің біршама тәжірибесінің даналығын тыңдау аса пайдалы. Құқық қорғаушылармен жұмыс жасаған адамдар қарсыласу, қорғану және амбиваленттілік сезімімен кездесетін болады, себебі, олардың алдында өзгеріс алдындағы қорқыныш пайда болады және осы нәрсені түсіну мен Miller тәріздес мамандардың жұмысында жасалған ақпараттар мен біліктіліктерді өз жұмысымызға көмек ретінде қолдану аса пайдалы болмақ.

Maguna (2010) құқық бұзушылардың ішкі/психологиялық факторларына назар аударатын қылмыскерлерге арналған бағдарламалардың құндылығын ашып көрсетеді, олар өзгеру «жоспарын» жасай отырып, кедергілермен күресуге көмектеседі. Maguna терапевтикалық қатынастарды мотивация, үміт және әлеуметтік және соған сәйкес қатынастарды моделдеудің мәселелерін шешу құралы ретінде мойындайды.

ТЕРАПИЯ ЖҮРГІЗГЕННЕН KEЙІНГІ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ҚАНШАЛЫҚТЫ БОЛУЫ ҚАЖЕТ?

Терапия жүргізгеннен кейін қолдау көрсету мерзімі ұзақ болуы тиіс деп есептейтін адамдар бар. Алайда, қылмыстық іс-әрекетті өлшеу аса қиын және ал қолдау көрсету уақыты қысқа мерзімді (екі жыл немесе одан да аз) қамтитын болғандықтан, ал ұзақ уақыттық қолдау көрсету зерттеулері үнемі жүргізіліп отырмағандықтан ресми жазбалар аса сенімді емес. Кең мағынадағы қолдау көрсету идеясы жайлы көптеген сұрақтар бар. Бұл жердегі шешімін табу аса қиын мәселе қылмыс пен терапия арасындағы уақыт ағымы болып табылады. Осыған қоса бұрынғы құқық бұзушылар өзінің қауымдастықта-

рына реинтеграция жасап, өз өмірлерін қалпына келтіру барысында олардың тұлғалық қасиеттерінің өзгеруін терапиялық жұмыстардың нәтижесімен байланыстыру қиынға түседі. Адам өмірінде олардың қылмыстық өмір салтынан бас тартуына әсер ететін көптеген факторлар кездеседі, мысалы, жұмысқа орналасу (жұмыстың болуы немесе жұмыссыздық), отбасы, (тұрақты, көмек көрсетуші немесе хаостық), денсаулық (жақсы немес жаман) және тағы басқалар. Кей сәттерде терапия біткеннен кейін жүргізілетін қолдау көрсетудің ешқандай мәні болмайды, себебі, біз себеп пен салдарды анықтай алмаймыз. Осыдан бөлек, егер біз емдеу нәтижесінің негізгі критерийі ретінде тек қана рецидивизмді қабылдайтын болсақ, қатары көп болуы мүмкін, анықталмаған қылмыстар жасаған адамдар немесе терапияға алып келген қылмысынан жеңілірек қылмысты қайта жасаған адамдар туралы не айта аламыз? Біз осы тәріздес ақпаратты табуға және жазып алуға қалай үміт арта аламыз? Қазіргі таңда бізге осы фактордың барлығын есепке алатын жасақталған жүйе жоқ және осы жағдайды ауқатты адамдар мен саясаткерлердің түсінуін сұрау одан әрі күрделі болып табылады. (Осы сұрақты одан ары талқылау үшін Brown және басқалар, 2014: 247-50 қараңыз).

ҚАТАРЛАСТАРЫҢ ҚАМҚОРЛЫҚ СЫЗБА ҚҰНАЫЛЫҒЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ?

Қатарластар арасындағы қамқорлықтың пайда болуы белгілі бір адамдар қатынасында көптеген қызметтерде, психикалық денсаулықтан бастап, психобелсенді заттарды шектен тыс қолдану және қылмыстық құқық қорғау қазіргі таңда сәнге айналып отыр. Бұл жердегі негізгі ой, бұрынғы қылмыскерлер арасынан шыққан қамқоршылар мамандармен бірге сәтті оңалтудың айқын мысалдарын көрсете алатын өзінің жеке тәжірибесі арқасында «оңалтулар арасындағы чемпиондар» ретінде қызмет етті. Осымен қатар, олар қылмыстық іс-әрекетті тоқтатуды және өзгертуді әлі бастамаған адамдарға үміт сыйлап, оларды шабыттандыруы мүмкін.

Қылмыстық құқық қорғау саласында қатарластар арасында қамқоршы болудың оң сипаттағы мысалдарын табуға болады, алайда, сот-медициналық мекемелерге әріптес-қамқоршыларды қабылдау барысында бірнеше күрделі қиыншылықтар кездеседі. Бұл кедергілер «жазалаушы және оңалтушы идеалдар арасындағы үлкен қарама-қайшылықтарды» одан ары анық көрсетеді (Buck, 2014). Buck өзінің PhD зерттеуінде қатарлас қамқоршылардың баяндаулары, олардың бұрынғы қылмыстық бірегейлігінен жаңа әлеуметтік азамат бірегейлігіне ауысу, басқа адамдардың оны қабылдау барысында кездескен қиыншылықтарды көрсеткенін анықтады. Қысқаша айтқанда, қамқоршы қызметін атқаратын, өзгерген адамдар «өзінің болашағын жеке өзі анықтайтын» жаңа өмірін қабылдаған адамдарға қарағанда, өзінің «кәтерлі өткені үшін» көбірек қысылады. Buck қорытындысы қатарластар арасындағы қамқоршылық сызбасының жағымды мүмкіндіктеріне шек келтіріп, толық оңалтудың идеалы мен оңалту үрдісінің барысында жүрген адамдар өмір сүретін шынайылық арасындағы айқын айырмашылықты көрсетеді. Қоғамның түзелген мүшелерін қолдау идеясы, оларды шектелген түрде мойындау немесе үнемі маргинализациялауға қарағанда барлық деңгейде шешіліп отыруы тиіс, сол кезде ғана шынайы оңалту мүмкін болады, бұл үшін қылмыстық өткені бар адамдар қоғам мен қауымдастықтарда пайдалы және дамушы рөлді тауып алуы маңызды. Қылмыстық құқық қорғау жүйесінде қатарластар арасында қамқоршылардың хабарламалары осы мақсатқа жетудің нақты жолы бар екенін көрсетеді, ол осы тарауда аталып өтілген Ched Evans мысалында айқын көрінеді.

ҚОСЫМША СЫРҚАТТАРЫ БАР ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛАРАБЫ ТЕРАПИЯДАН ӨТКІЗУАІН ҚАНААЙ ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫ БАР?

Құқық бұзушылардың басым көпшілігінде қосымша немесе бірнеше рет қайталанған диагноздары бар екендігі туралы дәлелдер кездеседі. Яғни, жазасын өтеушілердің біршама бөлігі психобелсенді заттарды шектен тыс қолдану мен психикалық денсаулығының мәселелері мен тұлға сырқаттарымен сипатталады. Бұл шынайылық терапия/емдеуге деген қажеттіліктерді күрделендіреді және оларды есепке алмайтын болсақ, ол өз кезегінде нәтижелердің нашарлауына алып келеді. Осы кітап авторының осы популяциямен жұмыс істеу тәжірибесі клиникалық қиыншылықтардың қатардан тыс емес, қалыпты жағдай болып табылатынын және осы кітаптың 10-тарауында көрсетілгендей, жазасын өтеушілердің 90 пайызында бір немесе бірнеше психикалық сырқаттар кездескендігін көрсетеді (Bradley Report, 2009). Құқық бұзушыларға арналған емдеу бағдарламаларының санын шектеуге бағытталған талпыныстар, атап айтқанда «Жыныстық құқық бұзушыларды емдеу бағдарламасы» (әлеуметтік қиыншылықтарға және білім алу барысындағы мәселелерге кездескен адамдарға бейімделген), бұл бағдарламалар күрделі қажеттіліктері және қосымша немесе көптеген диагноздары бар әйелдер мен еркектердің көбісіне жарамайды.

ТЕРАПИЯҒА ЕМДЕУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУАЕГІ СОТ ПСИХОЛОГЫНЫҢ РӨЛІ ҚАНААЙ?

Терапия/емдеу барысындағы сот психологының рөлі емдеу контексіне байланысты өзгеріп отырады. Жалпы айтқанда, біз сот психологының рөлі соңғы уақытта эволюцияланып, дамып келе жатқанын байқай аламыз. Көп жағдайда терапия/емдеу бағдарламасын тікелей жүзеге асыру барысымен тәжірибеден өтуші психологтар айналысатындығына қарамастан, қажетті біліктілігі мен тәжірибесі бар сот-медициналық қызметкерлер осы тәріздес жобаларды басқарумен айналысу мүмкіндігіне ие. Осыған қоса, осы бағдарламалардың дамуы барысында терапия/емдеудің фасилитаторлары ретінде қолданылатын басқа да мамандар пайда болады, бұл абақты қызметкерлері немесе құқық бұзушыларды бақылауға тағайындалған, сынақ мерзімінен өтуші басқа да тұлғалар болуы мүмкін. Бұл жағдайда сот психологының рөлі бағдарламаның тұтастығын сақтау және терапия/емдеудің жазылған хаттамасын қатаң сақтау үшін бағдарлама фасилитаторларды басқару және/немесе оларды тікелей қадағалау болып табылады.

Дегенмен де, осыған байланысты бірқатар мәселелер кездеседі, олар төменде қысқаша көрсетілген:

1. Бағдарламаның фасилитаторлары ретінде қызмет ететін психолог емес адамдар бағдарлама орындалуының сапасына және оның нәтижесіне кері әсер етуі мүмкін (осы тарауда талқылағанымыздай);
2. Өртүрлі аспектілерде «күрделі» болып саналатын құқық бұзушылар терапия/емдеу бағдарламасына жіберілмеуі мүмкін, себебі олардың терапияға/емдеуге даярлығының есебімен терапияға/емдеуге деген қажетті кандидат ретінде есептелмейтін болады. Бұл бағдарламаны таңдау – нәтижеліліктің мақсаттық көрсеткіштеріне жету үшін терапияны сәтті өткізуге жақсы бәстерді таңдау дегенді білдіреді. Егер осылай болатын болса, бұл нәтижелердің бұрмалануы мен құқық бұзушылармен терапия жүргізу бағдарламасының жалған түсіндірілуіне алып келеді.

3. Алгоритмдеу қиын болып табылатын терапия бағдарламаларын қатаң сақтау осы бағдарламаларды жүзеге асыруға қабілетті адамдардың санын азайтады және терапия барысындағы күрделілікті арттыру креативтілік пен икемділікті басып отырады.

Garfield (1994) медициналық мекемелердегі емдеу бағдарламаларында «жоспар бойынша терапия» терапевт пен клиент арасындағы үйлескен іс-әрекетті талап ететінін аңғарған. Осының аясында Garfield төмендегі факторлар оң сипаттағы нәтижелермен байланысты деген болжам жасайды:

- Тұлғаның өз қиыншылықтары жайлы ойлау қабілеті;
- Емделуге даярлық;
- Мотивация және жалпы ұстанымдар

Жоғарыда аталғанның барлығы құқық бұзушыларды емдеу мен терапияға қатысты және криминалдық контентте терапиямен айналысатын адам бағалауда да, терапияда да осы факторларды есепке алып, терапевтикалық альянсқа мұқият қарағаны жөн. Бұл жоғары деңгейдегі кәсіби әрі білікті іс-шараны сіз бағдарламаның тікелей фасилитаторы болып табылсаңыз, бақылау аса қиын болады. Терапия/емдеу бағдарламасының менеджері/басшысы бағдарламаланы әртүрлі салалардан келген және әртүрлі тәжірибеге ие мамандармен қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асырады және бұл басшыдан ерекше білім мен озық қасиеттерді талап етеді.

Адамдарда өзгеріске деген үміт пен сенімді ұялату және оны ұстап тұру шешуші маңызға ие. Егер терапияны/емдеуді жүзеге асырушылар өздерін үмітсіз сезінсе, бұл жағдай емдеу нәтижесіне ықпал ететін болады (Lambert, 1983). Өзгеріске деген үміттің және сенімнің болмауы клиентке де беріліп, сол арқылы оның өз өміріне өзгерістер енгізуді қарастыруға немесе жүзеге асыруға деген мотивациясына кері әсер етуі мүмкін (Snyder, 2000). Beech және Fordham (1997) топтық емдеуден өтіп жатқан жыныстық қылмыскерлерге үміт сыйлау емдеудің өзгеруімен байланысты екенін анықтаған. Үмітті сезіну үшін бізге өзіміз жүргізіп жатқан терапия бағдарламасына және осы бағдарлама нұсқаулығында жазылмаған, терапия барысында орын алуы мүмкін қиыншылықтарға жауап бере алу қабілетімізге сену қажет. Біз осы модельдің теориялық негіздері мен өзгеріс үрдісін жан-жақты түсіне білуіміз және осы бір аса қиын тапсырмамен кездескен уақыттағы адамдар кездесетін кедергілерді мойындауымыз қажет. Осыған байланысты, терапевт пен клиент арасындағы жақсы терапевтикалық альянсты сақтап отыру маңызды болып саналады (Horvath және Luborsky, 1993).

Andrews, Bonta және Wormith (2011) айтуынша, ЖӨМ-ның осы облыста тәжірибе жинаушы клиницисттерге берген жалғыз құнды үлесі «клиницист жұмыс істей алатын қауіпсіз, сыйлы және абыройлы позицияны» ұсына отырып, жағымсыз және пессимистік шарттарда жұмыс жасау барысында күш беретін модель болып табылады. Алайда, Andrewsetal (2011) қылмыстық іс-әрекетті тоқтату жақтастары ұсынатын қылмыскерлерге әлеуметтік өмір сүруге жету үшін көмек көрсетуді «пассивті» көзқарас деп санауға қарсы екендігін хабарлайды. Осы кітаптың авторы, клиницист ретінде, құқық бұзушыларды бағалау және терапиялау әдістері мен құндылықтарына байланысты ЖӨМ моделін ыңғайлы деп таниды, бұл модельде терапия/емдеудің жеке үрдісін жоспарлауда жеке адаммен айналысу түсінігі; терапевтикалық қатынастардың өзгеріс ортасы ретінде аса маңызды екенін мойындау; біреуге өзгеріс барысында қолдау көрсетудің терапевтикалық үрдісіне енетін руханилық бар. Егер ЖӨМ осы балансты қалпына келтіре алып, терапия аясына осы критикалық факторларды ендіре отырып, оны кеңейтетін болса, бұл керемет болар еді. Алайда, көп адамның ойынша, ЖӨМ моделі одан да көбірек ұсынады,

сондықтан да осы тәріздес сыни қазақарастар осы модельді қолданудың кең салдарларын көрсете алмайды.

ТЕРАПЕВТИК ҚАУЫМААСТЫҚ НЕ ҰСЫНА АЛААЫ?

Құқық бұзушыларды емдеу/терапия үшін тек кең ауқымды емдеу бағдарламалары ғана маңызды емес. Құқық бұзушыларға өз өмірін өзгертуге мүмкіндік беретін басқа да терапевтік әдістер бар. Солардың бірі терапевтік қауымдастық (ТҚ) әдісі болып табылады. Олар Grendon Underwood және Dovegate тәріздес бөлімшелерде құқық бұзушыларға қызмет көрсетудің ежелден келе жатқан дәстүріне ие (Genders пен Player, 1985 және Brownetal., 2014). 11.2 - кіріспеде ТҚ-да емдеу курсынан өткен адам жайлы және ол өзіне көмек керек екендігін қалай түсінгендігі жайлы алғашқы дереккөздерден ақпарат беріледі. Бұл кіріспе өзгеріс барысына деген үмітті, құрметті көрсетеді, себебі, бұл адам әлеуметтік өмір салтын құру және жұмыс істеу жайлы саналы шешім қабылдай білді.

11.2-қосымша Setanta O’Kelly оқиғасы

2006 жылғы шілде айының ортасында, мен дүкен тонады деген айып бойынша қамауға алындым және кейіннен көшедегі тонаулар жайлы тергеу жүргізілді. Мен HMP Brixton-ге қамауға алындым. Шынын айтқанда, менің өмірім толықтай тозаққа айналған болатын. Мен тұтқындаудың алдында дүкен тонауға байланысты полиция бекетіне келіп, кепіл арқылы бостандыққа шығуға ұмтылғандығым есімде. Мен осы полиция бекетіне тіркелуім керек еді, алайда мен олай істей алмадым. Бірақ, бұл жағдайды ешкім байқамады немесе ешкім жазып алмады сондықтан да мені қамауға алуға байланысты бұйрық шықпады. Таза сәттілік. Осыдан кейін мен мүлдем босаңсып кеттім. Менің мүлде қолым бос болмады. Күндіз дүкендерді тонасам, түнімен көшедегі тонауларға қатыстым. Сондықтан да, менің қолға түсуім тек уақыт мәселесіне тіреліп тұрған еді.

Мен Brixton абақтысында 1 жыл өткіздім, бұл аралық абақты екендігін және бұл жерде адамдардың орташа өткізетін уақыты 3-4 айды құрайтынын түсіндім. Мен бұл абақтыда ұзақ мерзім өткізген алғашқы адамдардың бірі болдым, бұл осы абақтыдан қашу жолдары мен өзім қамалып отырған бөлмелер туралы белгілі бір деңгейде білдім дегенді білдіреді. Мен қандай абақты қызметкерлерінің жақсы, қайсысы жаман екендігі туралы хабардар болдым. Бұл жазасын өтеушілерге де қатысты болды. Менің өте жақсы достарым болды және мен ештеңе туралы уайымдамадым.

7 наурыз күні, бір апталық сот талқылауынан кейін мені 5 жыл бас бостандығынан айыруға үкім шығарылды. Мен біраз қуанышты болдым, себебі, мен 7 жыл береді деп ойлаған едім. Мен сол кешті жақсы есіме сақтап қалдым, мені соттаған уақытта, мен төсекте жатып, ішімнен «Сен 40 жасқа толасың және сен үйіңе, Ирландияға қайта алмайсың, себебі ол уақытта сені атып тастайды немесе тағы бір 5-7 жылға сотталасың. Сені мүлдем танымайтын екі қызың бар. Сен өз жанұя мүшелеріңнің жүрегін жараладың және анаң сен үшін қартайып кетті. Сенің тұратын жерің жоқ, ақшаң жоқ, нашақорға ұқсайсың, нашақорсың және бес жылдық мерзімді жаңа бастап жатырсың. Оған қоса, сенің бар достарың – осы абақтының адамдары. Осы абақты қабырғасынан тыс достарыңның жоқ екені қандай өкінішті. Есірткі сені өлтіретінін түсінгенге дейін әлі қанша уақыт есірткі қабылдайтын боласың. Саған әлі жетпеді. Бұл енді қызық емес. Тоқтайтын уақыт жетті. Расымен де уақыт келді» деп ойлады.

Сондықтан да, мен есірткі қолдануды, шектен тыс пайдалануды доғару керек деп шештім. Алайда қалай жасау керек екенін білмедім. Менің тәуелділігім болған жоқ, алайда, мен тоқтатқан сияқты болсам да, кейіннен қайта бастап кететінмін. Сондықтан да, осы кезек жалғаса берді. Менің он айға жуық уақыт бойы тура осы тәріздес камераласым болды. Мен Анонимді нашакорлар (АН) қауымдастығына барып, камерама қайта оралған соң, мотивациялы түрде «Болды, мен есірткіні доғардым» деп айтсам болатын еді. Менің камераласым маған мүлде назар аудармайды, себебі, мен бір-екі күннен соң қайтадан ләззат алып бастайтынымды біледі. Менің жолым болды, себебі, менің КБ-НАК (кеңес беру, бағалау, нұсқау беру, ақыл және көмек) әдісі бойынша жұмыс істейтін кеңесшім болды. Ол менімен әрқашан да ашық сөйлесіп, маған есірткі қолдану туралы бәс ұсынатын. Ол тіпті әрқашан мені есірткі қабылдауға байланысты тексеретін. Қалай айтқанда да, мен ол адамға болашаққа байланысты жоспарларымды айтатынымын, ал енді маған үкім шығарып, мені басқа абақтыға ауыстыратындығына байланысты, мені күтпеген жерден ауыстырып жібермеуі үшін өз еркіммен ауысу процессін бастап көруім дұрыс болды.

Ары қарай ауысып кеткен достарымның көбі The Mount атты абақтыға кеткен болатын. Олардың айтуынша, олар сол жақта ТҚАО (тәуелді қылмыскерлерге арналған оңалту) атты бір курстан өтіпті және егер сол жаққа барғым келсе кезекке өз атымды жазуым керек еді. Мен КБНАК кеңесшіме осы туралы айтқан едім, ол мен сол жаққа барсам түсіне алатынымды, ол жақта мен қатыса алатын ТҚАО курсы бар екендігін айтты. Мен шынымен де қалайтын болсам Девондағы Channings Wood деп аталатын абақтыдегі орын туралы білетінін жеткізді. Ол жерде ТҚ деп аталатын жер бар екен. Кейін ол терапевтикалық қауымдастық концепциясы туралы баяндап берді. Мен қызығушылық таныттым, себебі бұрынғы қылмыскерлер мен нашакорлардың басқаруындағы қауымдастық идеясы мені шабыттандырды. Сондықтан да, мен камераласыма ТҚ туралы айтып бердім, ол өзі баратын абақтыға менің де барғанымды қалайтынына қарамастан, менің есірткіні тастап кете алатыныма сенімділігін білдіріп, расымен де ТҚ-ны байқап көру керектігімді айтты.

Fortune және басқалар (2014) ойынша, ЖӨМ мен ТҚ арасында «табиғи сәйкестік» бар, себебі, екеуі де қарым-қатынас сапасының маңыздылығын, потенциалды жасаудың негізгі мәні мен құқық бұзушылардың қажеттілігіне деген тұтас көзқарастың қажеттілігін қолдайды. ЖӨМ және ТҚ қоршаған орта біліктілікті дамыту мен тәжірибесін қолдау қажет, құқық бұзушылықсыз жақсы өмірге жетуге деген жеке жауапкершілікке назар аударылу керек деген ұстанымдарды басшылыққа алады. ЖӨМ де, ТҚ да, құқық бұзушылар тұтқыннан босағаннан кейін өз өмірінің барлық салаларын сәтті басқара алатындай, қылмыскерлерге жағдайдың кең диапазонында көрініс таба алатын (жұмыс, әлеуметтік қамтамасыз ету, бос уақыт) қажетті біліктілікті берудегі сыншылдықты бағалайды.

ҚОРЫТЫНАЫ

«Ештеңе жұмыс жасамайды» деген пессимисттік көзқарастан кейінгі соңғы ондаған жылдар бойы оңалту облысында нәтижелі түрде пайдалы жаңалықтар пайда болды. Осының аясында құқық қорғаушыларға арналған терапияның негізгі мақсаты мен балансы қандай болу керек деген пікірталастар орын алды. Кітаптың жазылу уақытында, ЖӨМ айтарлықтай қолдауға ие болды, ол позитивті психология мен қылмыстық іс-әрекетті тоқтату саласындағы зерттеулерге негізделеді және құқық қорғаушыларды оңал-

туға барынша кең әдістерді қолдануды ұсынады. ТҚС моделі әлі де үстемдік құруын жалғастыруда, оның себебі ретінде зерттеулердің негізгі бөлігі осы модельді жақтайтынын қарастыруға болады. Оның жақтастары ЖӨМ идеясының кейбір идеяларын қолдап, ЖӨМ-жақтастарының тарапынан айтылған пікірге тек дефициттерге, қатерге және криминогенді қажеттіліктерге ғана бағдарланған модельге қарағанда ТҚС-тің кең базасына сілтеме жасай отырып жауап берді (Wormith және басқалар, 2012). Екі тараптан да бір-біріне деген сын айту жалғасуда, алайда, екі жақтың бірлесе әрекеттесетін уақыты жақындап келеді. Wormith және әріптестері көрсеткендей, екі жақ арасындағы пікір алмасу «өздерінің зерттеулері мен тәжірибесін дамытуда нәтиже болмаса да, кеңес іздеп жүрген оқырмандардың оқшаулануына алып келетін, мен айттым/ олар айтты» деген деңгейге дейін төмендемеуі тиіс» (Wormith және басқалар, 2012: 111). Конструктивті пікірталастар жүргізе отырып біз қылмыс жасаған тұлғалардың әлеуметтік және толыққанды өмір сүретін өз қауымдастығымыздың шынайы азаматтарына айналуына және толықтай реинтеграциясына назар аударамыз.

Әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан бұл пікірталаста, қазіргі таңда кейбір жұмыстардың тек белгілі бір қылмыскерлерге ғана қатысты жұмыс істейтінін көрсеткен және көрсетіп келе жатқан модельдердің бар екені анық. Осыған қарамастан, осы екі модельге қатысты да болашақта пайдалы болып табылатын көзқарастар да кездеседі. Біріншіден, қызмет көрсетулер пайдалануға жоғары бәсекелестік шарттарында енгізілетін қатаң экономика кезінде қаржылық құндылық тарапынан «үздік сатып алу» болып табылмайтын емдеу бағдарламалары мен оңалту әдістерін қолдануды одан ары жалғастыра беруіміз қажет, біз теориялық және этикалық түрде дәлелденген, сатып алушыларға емес, қызмет алушыларға, қауымдастық пен қоғамға бағытталған әдістерді ұстанамыз. Осы таластардың аясында біз өзімізге терапия бағдарламасын қамтамасыз етуге байланысты саяси шешімдерді қабылдауға арналған позицияны жеткілікті түрде дәлелдей алдық па деп сұрақ қоюымыз қажет және коммерциялық мүдде, жеке және кәсіби инвестициялардың элементтерін қамтитын әдістерді байқасақ, оларға қарсы тұра білуіміз керек.

Екінші жағына, құқық қорғаушыларды емдеу қызметтерін көрсету кезінде біз басқа дисциплиналарды қарастыруға дайын болып, қылмыстық жүріс-тұрысы бар адамдарды оңалту және реинтеграциялаудың кең үдерісінің тек бір бөлігін ғана ұсынып жатқанымызды мойындауымыз қажет. Laws және Ward-тың (2011: 6) ойынша, емдеу бағдарламалары жеке бір қылмыскердің қылмыстық жүріс-тұрысын тоқтату үрдісінің тек бір ғана және «аса маңызды емес» бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Maguna (2010) бұл позицияны қолдайды және емдеу бағдарламасының өзін ғана жүзеге асыру қылмыстық іс-әрекетті тоқтатуды жүзеге асыру үшін жеткіліксіз, алайда, жоғарыда көрсетілгендей, қылмыстық жүріс-тұрысты тоқтатуға қатысты критикалық сыртқы факторларды қарастыру оңалтудың нәтижесі үшін аса жоғары маңызға ие. Осы шынайылықты қабылдап, саяси және қоғамдық салада дамытпайтын болсақ, терапияның психологиялық дәлелденген бағдарламаларына қанша күш салсақ та, біз клиенттерді құлдырауға алып келеміз, себебі, терапия барысында қалыптасқан және қолдауға ие болған өзіндік санасының жаңа аспектілері қоғам ішінде мойындалмайды. Адам өмірі үшін үміт қажет деп танылады. Үмітсіз, тек қиындықтар мен сәтсіздіктерден тұратын өмір қандай болады? Үміттердің бұзылуы мен құлдыраулар, өткен бірегейлігіне нақты бір таңдаусыз, алдында шектелген нұсқалар немесе мүлде таңдау жоқ екенін сезіне отырып қайта оралу туралы ойлау аса қиын. ЖӨМ моделін ұсынатындар өздері бірге жұмыс істейтін адамдарға үміт сыйлайтынын, осы үміт қылмыскер оларды оқшаулап, әрі қарай маргиналдайтын қоғамға қай-

та оралған соң жойылмайтынын ұмытпауы тиіс. Егер бұл орын алатын болса, тұлғаның қылмыстық топтармен бірегейлігін арттыруы мүмкін, ол өз кезегінде үміттің жойылуына байланысты болашақта емдеу қызметін қиындатуға алып келеді.

Өзі бірге жұмыс істейтін адамға үміт сыйлауға тырысып, «жақсы өмір» жасауға көмек көрсетуге тырысып жүрген сот психологына да абай болуға кеңес беріледі. Жақсы өмірді құрайтын элементтер туралы болжамдар кей жағдайда пайдасыз болып шығады. Біз бірге жұмыс істейтін адаммен біздің көзқарасымыз ортақ және ол ЖӨМ-де көрсетілген «жақсы өмірге» жетуді армандайды деп ойлау әбестік. Біз адамға өзіміздің жақсы өмір идеалы мен сенімімізді ендіре алмаймыз. «Жақсы өмір» - әлеуметтік және құндылық конструкциясы. Қазіргі мәдениет пен замандағы «жақсы өмір» 20 жыл бұрынғы «жақсы өмірден» және 20 жылдан кейінгі оның көрінісінен ерекше болуы мүмкін.

Ward пен оның әріптестері сипаттағандай, «тауарларды» барлық тәртіпті азаматтар ала бермейді, сондықтан да күнделікті қарапайым өмірдің күрделі жағдайында өмірді мағыналы әрі қызықты ететін нәрсені табу аса қиын тапсырма болып табылады. Мүмкін, дәл қазіргі уақытта олар адамға осы өзгерістерді қабылдау үшін ұтымды уақыт емес шығар? Егер ол адам жақсы өмірдің осы моделін ешқашан таңдамаса, не болады? Ол адамдардың жеке таңдауы, егер олар осы таңдауды ары қарай жасай беретін болса, болашақта міндетті түрде қылмыстық құқық қорғау жүйесі, полиция, сот және қауіпсіздік қызметі қажет уақытта ол адаммен айналысатын болады. Егер ол адам қазіргі таңда үстем құрушы ақ адамдардың орта табына тән емес құндылықтары мен мақсаттары бар басқа әлеуметтік класс немесе мәдениет өкілі болса ше? Басқа адамға өзгерістерді күшпен таңу мүмкін емес. Бір адаммен бірге отырып, ол адамға ойлануға, өзгерістер мүмкіндігі туралы шешім қабылдауға көмектесуге және келесі әрекеттерін анықтап беруге болады. Және осы үрдістің ішінде қылмыстық өмір салтын сақтап қалу барлық тараптардан көптеген шығындарды талап ететінін көрсету қажет. Терапевт бұл үрдісті сырттан бақыламауға тиіс, керісінше, өз тарапынан белсенді араласуы қажет, себебі, ол адаммен жұмыс жасайды және осы өзгерістерді бастау немесе бастамау осы адамның қолында.

Сонымен бірге, сот психологиясы, өз саласынан кең мағынадағы әдебиеттер мен дәлелдемелерді қарастыруға дайын болуы тиіс. Сондықтан да терапия мен психотерапевтің ерекшеліктері, мотивациялық сұхбаттасу мен өзгеру кезеңдеріне қатысты тәжірибе теориясымен қатар, рефлексивтік практиканы бақылаудың модельдері туралы белгілі ақпараттарды қарастыруды, психобелсенді заттарды шектен тыс қолдану саласындағы «оңалтушы капиталмен» байланысты кең сұрақтар қарастыруға маңызды екенін есепке ала отырып, қалыпты деп санауға болады. Бұл позитивті психология бойынша зерттеулер мен криминология бойынша жұмыстармен қатар, бағдарламаларды жасақтауға және дамытуға қатысып жүрген адамдардың назарын мәдениетке, контекстке және басқа да факторларға аударып, емдеудің нәтижесін арттыру бойынша қосымша ақпарат береді. Бұл тізім, мүмкін, ешқашан аяқталмайтын болар, алайда, құқық қорғаушыларды оңалтудың қиыншылықтарына сай келу үшін осы облыстағы тәжірибе бізге не бере алатынын түсіне білуіміз қажет.

РЕСУРСТАР

10-тарауда оқуға ұсыналған бірқатар жинақтар осы тарауда да өзекті: Leam Craig, Theresa Gannon және Louise Dixon «What Works in Offender Rehabilitation» (2013); Tony Beech, Leam Craig және Kevin Browne's «Assessment and Treatment of Sex Offenders»

(2009); Clive Hollin «Handbook of Offender Assessment and Treatment» (2001); Caroline Logan және Lorraine Johnstone «Managing Clinical Risk» (2012). Сонымен қатар, Sarah Brown-ның (2005) кітабында сексуалды қылмыскердің терапиялық бағдарламасы туралы есеп мазмұндалған. Laws және Ward-тың «Desistance from Sexual Offending» кітабы (2011) Жақсы өмір моделінің мақсаты мен философиясын тұжырымдайды, ал Andrews, Bonta және Wormith ТҚС моделінің энергиялық қорғанысын ұсынады. Sheldon, Davies және Howells-тің «Research in Practice for Forensic Practitioners» (2011) кітабының бірнеше тараулары терапия/емедеу режимінде қолданылатын бағалау әдістерін бейнелейді.

Негізгі журналдар

Aggression and Violent Behaviour

Clinical Psychology Review

Criminal Behaviour and Mental Health

International Journal of Forensic Mental Health

Journal of Substance Abuse Treatment

Personality and Individual Differences

12

ЕСЕПТЕР ЖАЗУ

НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

Бұл тарауда сот-медициналық құжаттамаларды жасақтау облысындағы кәсіби жетекші қағидалар мен заңнамаларының негізінде жатқан негізгі қағидалардың кейбіреуін түсіндіруге талпыныс болады. Бұл сот психологтарын этика мен кәсіби жүріс-тұрыс сұрақтарын талқылауға белсенді атсалысуға және есеп жазу үрдісіне алып келетін жеке ұстанымдары мен көзқарастары жайлы ақпараттану деңгейін арттыруға шақырады.

Түсініктер	Практикалық ұстанымдар
Құпиялық Келісім Объектілік Кәсіби және жеке диалектика	Британдық психологиялық қауымдастық (БПҚ) Кері байланыс Денсаулық және күтім сұрақтары бойынша кеңес (ДЖКСБК) Заңнама және мамандық Тіл (ауызша және жазбаша) Супервизия және рефлексивтік терапия Жеке ұстанымдар мен шешім қабылдау эвристикасы

Анықталатын сұрақтар

Есеп жазу не үшін қажет?

Осы облыстағы заңдар мен нұсқаулықтарды білу не үшін қажет?

Қылмыскерлерден сұхбат алу және есеп жазу кезінде қолданатын тіл не үшін соншалықты маңызды?

Не үшін біз құқық бұзушылармен өз есебімізбен бөлісуіміз қажет?

Басқалар біздің есептерімізді қалай қарастырады/талдайды?

Жеке және кәсіби диалектика арасындағы баланс қандай?

КІРІСПЕ

Сот есебін жазуға арналған тараулары бар көптеген нұсқаулықтар мен кітаптар, тіпті осы пәнге толықтай арналған мәтіндер де көптеп кездеседі (Greenfield және Gottschalk, 2009). Бұл мәтіндер мен жетекші қағидалар сот психологы үшін жақсы тәжірибе жайлы хабарлау және кәсіби дамуын жалғастыру мүмкіндігіне байланысты аса жоғары маңызға ие.

Бұл тарау, қазіргі таңда қолда бар сот-медициналық құжаттама бойынша жазылған жұмыстардың үлкен көлемін қалай толықтыра алады? Y.S. (кітап авторы) осы тарауды

жазу кезінде өзінің сот клиникалық психологы ретіндегі 20 жылдық тәжірибесіне байланысты ойлана отырып, осы уақыт барысында есеп жазу туралы түсінгенін еске отырды. Осыны қарастыра отырып, ол есеп жазудың бастамалары өте жақсы құжатталған және күрделі екендігін мойындады. Осымен қоса, сот психологтары осы салада жетістікке жету үшін барлық критикалық құжаттарды (мысалы, 2007-жылғы Психикалық денсаулық туралы заң) және кәсіби тәжірибе бойынша нұсқаулықтарды (мысалы, «Денсаулық сақтау саласындағы кәсібилік стандарттары», 2009) біліп, осы материалдар туралы ақпаратқа ие болуы тиіс.

Сот психологтары білім алу және жаңа біліктілік алу барысында осы облыстағы кәсіби тәжірибенің жоғары деңгейіне жете білуі қажет, егер сізден басқалар не күтетінін, не туралы ақпаратқа ие болуыңыз керек екенін білсеңіз бұл жетістікке толықтай жетуге болады. Осыған қоса, Y.S. соңғы жылдары кәсіби тәжірибенің талаптары мен сұрақтарын түсінудің дамуымен және қылмыскерлер мен қылмыстық жүріс-тұрыс туралы ақпараттардың көбеюімен қатар, осы облыстағы жұмыс уақыт өткен сайын күрделеніп бара жатқанын байқайды. Y.S. жеке деңгейде супервизияның жоғары деңгейіне әрқашан ұмтылса, соңғы уақыттарда өзінің тәжірибесінің дамуы үздіксіз болу мақсатында әріптес-қамқоршыларын қолдауға талпынып отырды. Осымен қатар, сіз тәжірибелі маман бола бастаған сайын, қатерлерді бағалай және куаландыру сараптамасы тәрізді есеп түрлерінің қамтитын ауқымын кеңейтіп отыру қажеттілігі туындайды. Көбінесе мамандарға психометриялық тесттердің кең спектрін, олардың күрделі интерпретациясын қолдану, осы қорытындыларды немесе интерпретацияларды есептерде қолдану талаптары қойылып отырады (10-тараудан психометриялық тестілеуді жүргізу үшін біліктілік қажет екендігін қараңыз). Бұл тәріздес психологиялық ақпарат есеп берілген адамға түсінікті тілмен жазылуы тиіс және ол сипатталатын адамға да түсінікті болуы қажет.

Бұл тарауда сот-медициналық шарттарда кең мағынада есеп жазу үрдісін түсініп, түйсіне бастаған сәттен бастап барлығының күрделілігінің өсуі қарастырылатын болады. Бұл жерде, біз есептерді жазуға ол жердегі әлсіздікті және қылмыс жасаған адамдар туралы есеп жаза отырып, олардың адам құқықтары тарапынан олардың алдындағы жауапкершілікті қарастыруды әкелетініміз жайлы айтылып отыр. Осыған қоса, 5-тарауда талқылап өткен санамен сезілмейтін ұстанымдар мен эвристикалар да бар, олар біздің шешім шығаруымызға, пікір қалыптастыруымызға және сот психологиясының есебіне жазылатын кеңестерге ықпал етеді. Бұл тарауда супервизияның, нұсқаушылардың және үздіксіз кәсіби дамудың арқасында қылмыскерлермен қарым-қатынасымызға және біздің есебімізге ықпал ете алатын өзіміздің «адамгершілігіміз» жайлы ойлану мүмкіндігінің пайда болатыны жайлы айтылады. Профессор Graham Towl осы мәселелерді редакцияланған «Сот психологиясы» атты кітабының алғысөзінде қозғап өтеді.

Сот облысында тек ғылыми дәлелденген есеп өткізу жеткіліксіз болып саналады, психологтарға олардың есебі әділетті болу қажеттілігі жайлы этикалық жауапкершілік артылады (2010: 11a).

Индивидуум жайлы жазылған есептерге қойылатын дәлдік, шынайылық немесе Towl айтқандай «әділеттілік» талаптары да бар, бұл бізден есепке жеке және кәсіби деңгейде қандай үлес қосатынымызды түсінуді қажет етеді. Өзінің жеке үлесінді сезінбеу, жақсы жағдайда кемшілік, ал жаман жағдай этикаға сай емес әрекет, ол өз кезегінде тек қана кәсіби нұсқаулық пен заңнаманың ғана емес, қылмыскердің адам ретіндегі құқықтарының да бұзылуына алып келеді. Ал ол өз кезегінде сот психологына тұлға ретінде теріс

ықпал етеді және болашақта тәжірибенің өзіне, тәжірибеден өтушілерге жаман атақ әкеле отыра, сот психологиясы облысының барлық саласына кері әсер ететін болады.

Сіз тараудың мәнін түсінуді бастамастан бұрын тағы бір рефлексивті жаттығу жасауыңызды ұсынамыз.

12.1-қосымша. Рефлексиялық жаттығулар

Төмендегі қысқа гипотетикалық сценарийді қарастырыңыз және барынша жақсы жауап беруге тырысыңыз. Оқиғаны мұқият қарастыруға қажетті уақыт жұмсаңыз.

Сіз, сіздің денсаулығыңызға хирургиялық араласуды қажет деп есептейтін дәрігерді (жалпы тәжірибедегі өзіңіздің дәрігеріңізді) көріп тұрсыз. Ол сізді мұқият тексерістен өткізгеннен кейін есеп жазып берді, ол жерде сізді емдеуді басқарудың келесі кезеңдерінде хирургтан кеңес алу үшін қажетті әртүрлі тесттердің де нәтижесі көрсетілген.

Сіз есепті көруге беруін сұрайсыз.

Сіздің дәрігеріңіз ол есептегі ақпараттар құпия екендігін, кез-келген рәсімдерді өткізу үшін сенуге болатын хирургқа ғана арналғандығын айтады.

Сіз не сезінесіз?

Сіз өз өтінішіңізді орындатуға тырысасыз.

Дәрігер есептің медицина тілінде жазылғандығын, сіз оны түсінбейтініңізді және оны сізге түсіндіруге уақыты жоқ екенін айтады.

Сіз оған қалай жауап қайтарасыз?

Сіз өз талпынысыңызды одан ары жалғастырасыз.

Сіз есептен нені көргіңіз келеді?

Сіз осы есепте қалай көрінгіңіз келеді?

Есепті алу үрдісі күрделі болғандықтан ол төмендегілерге қалай әсер етеді

а) сіздің дәрігеріңізбен қарым-қатынасыңызға?

б) сіздің өзіңіздің болашақ ем алу барысына?

Осы тарауды оқу барысында осы жаттығуға берген жауаптарыңызды есте сақтаңыз. Сіз өзіңізді қалай сезінетініңізді және осы тәріздес сценарий сізге, сіздің тұлғаңызға қалай әсер ететіні туралы ойлап көріңіз.

ЕСЕП ЖАЗУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Бұл сұраққа ең қарапайым деңгейдегі жауап: себебі, көбейіп келе жатқан салаларда сот психологтарының есеп жазуына деген сұраныс ұлғаюда. Бұл осы облыстың пайдалы функция ретінде қалыптасып келе жатқанын көрсетеді, ол әсіресе, соттарға, абақтылерге және психикалық денсаулықты қорғау қызметтеріне қатысты. Қазіргі таңда сот-медициналық психологтардың қызметіне деген сұранысы төмендеуді көрсетпейді.

Криминалист-психологтардың деректеріне сүйенуді тұрақты түрде сұрайтын тақырыптар көлемі аса кең. Бұл төмендегілерді қамтуы мүмкін:

- Адамның сот алдында жауап беру мүмкіндігі туралы пікір білдіру;
- Құқық бұзушылар өзіне немесе басқаларға зиян келтіруі қаупін бағалау;
- Қылмыс жасау сәтіндегі олардың психикалық ахуалын бағалау;
- ЖКСС (жарақаттан кейінгі стрестік сырқат) немесе психобеленді заттарды шектен тыс қолдану тәрізді басқа факторлардың рөлі;

- Жағдайы нақтыланбаған өлім жағдайындағы адамның психика жағдайын бағалау болып табылатын психикалық талдау.

Сот-психиатрлық дәрігерлердің есептерінің кең тараған сипаты 1997 жылғы тұтқындар арасындағы психиатрлық сырқаттардың ұлттық статистикасының зерттеу шолуында көрсетіледі (ҰСЗ) (1998 жылы жарық көрген). Бұл құжатта психиатрлық сырқаттардың тұтқындағы еркектер мен әйелдердің, тұтқындар мен жазаға тартылғандардың арасындағы таралу деңгейі, сол арқылы кейіннен сот психологына берілетін есеп пен бағалау түрі көрсетіледі. Бұл зерттеудің негізгі нәтижелері Bradley (2009) есебінде көрсетілген, бұл қылмыстық құқық қорғау жүйесіндегі психикалық сырқат немесе ауытқулары бар адамдарға жасалған шолу болып табылады. Бұл құжатта, ҰСЗ төмендегілерді көрсетті деп жарияланады:

- Тұтқындардың 90 пайыздан астамы зерттелген 5 психикалық ауытқудың біреуіне немесе бірнешеуіне ие (психоз, невроз, тұлғаның сырқаты, ішімдікті қауіпті түрде пайдалану, есірткіге тәуелділік);
- Қайта қамауға алынған тұтқындар басқаларға қарағанда психикалық сырқаттың жоғары деңгейдегі көрсеткіштеріне ие;
- Қайта қамауға алынған адамдар ішіндегі невротикалық сырқаттардың даму қарқыны ер адамдарға қарағанда әйелдерде жоғарырақ.

Сондықтан да, қылмыстық құқық қорғау үрдісінің барлық кезеңдеріндегі көптеген сұрақтарға байланысты пікірлерін жазба түрде жазып беру талабы сот психологтарына қойылатындығы түсінікті. Шын мәнінде, есептерді сұраушылардың саны соңғы уақытта кеңейіп келеді, олар – адвокаттар, прокуратура, шартты түрде уақытынан бұрын босату кеңестері, психикалық денсаулық бойынша трибуналдар, отбасылық соттар және басқалар.

Осы тәріздес есептерді жазу барысындағы сот психологтарының жауапкершілік позициясын да түсіну қажет. Есептер адамдарды абақтыға, қауіпсіз психиатрлық қамтамасыз етуге немесе қауымдастыққа жіберу, осыған қоса қауіпсіздік деңгейіне және құқық қорғау мекемелерінен босатуға ықпал ете алады. Сот психологиясы бойынша жазылған есептер бас бостандығынан айыру орындарындағы терапевтикалық емдеуге және есепте сипатталып отырған адамды осы мекеме қалай қабылдайтындығына, ол адамның өзі сезінуі мен бағалау мен есеп жазу тәжірибесінен кейін орын алатын терапияға қатысу тәжірибесіне де ықпал етуі мүмкін. Сот психологының жазбаша есебінің қуатты ықпалын төмен бағалауға болмайды және жоғарыда аталғанның барлығын есепке алмастан ешқандай әрекеттер жасамау қажет. Осыған қоса, қылмыскер туралы бүгін жазып отырған деректер осы адам өмір сүретін жүйеде қозғалу барысымен, сол адаммен бірге барлық уақыт бойы қала беретінін де ескеру қажет. Бұл есептер осы адамға байланысты есеп жазылғаннан кейін және есеп жазылған жағдайға тікелей байланысты қабылданып отырған шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар.

Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, біз не үшін есеп жазуымыз қажет? Сот психологтары есеп жазумен айналысуы қажеттілігін түсіндіретін бірқатар себептер бар:

- Тұлғаны психологиялық түсінуді бекіту *қажет* және сипатталып отырған тұлға туралы психологиялық ақпарат/дәлелдеме нақты және шешім қабылдаушы адамдарға түсінікті болуы керек.
- Есеп *пайдалы* функцияға ие. Ол құқықтық рәсімдерде, бас бостандығынан айыру/шектеуде және ұсынылатын терапевтикалық мүмкіндіктер жайлы шешім қабылдау кезінде, индивидуумның жеке деңгейінде араласу мен мотивациясын

арттыруда, ал кейбір жағдайларда кең мағынадағы қоғамдық деңгейде пайдалы болып келеді.

- Есептерді жазу өте *қызық*. Бізге әрқашан өзгеріп отыратын ландшафты бар қызықты да күрделі аланда ерекше құқықтарға ие мансап берілген.
- Біз ерекше нәрсе ұсынатын болғандықтан, бұл толықтай *қажет*.

Greenfield және Gottschalk (2009) есеп жазудың себептерінің қатарына, ол «әдемі» әрі «қызықты» екендігін қосады. Сот психологиясы еңбек саласы ретінде «қызықты» екендігі жоғарыда көрсетілгендей, жекелеген адамдар мен қоғам үшін ұзақ мерзімдік салдары бар салиқалы шешімдер қабылдау кезінде салмақты рөл ойнауы мүмкін осы тапсырманың жоғары жауапкершілігі мен маңызын төмендетпеуі керек. Алайда Y.S. (кітап авторы) мұқият қаралып, кейіннен жақсы нәтиже берген есептерді жазып бітірген уақытта аса терең қанағаттану сезімін сезінген. Кейбір жағдайларда, есептің авторының жақсы нәтиже туралы пікірі басқалардың бұл нәтижені қалай қабылдайтынымен қарама-қайшы болуы мүмкін.

БҰЛ САЛАДА НЕ ҮШІН ОСЫНША КӨП ЗАҢААР МЕН НҰСҚАУЛЫҚТАР КЕРЕК?

Бұл тарау, сол бір мәселе бойынша жазылған басқа еңбектерден бөлек, жаңа нәрсе ұсынғанын қаласақ та, заңнамалық талаптармен оқырманды таныстырмай біз пайдалы бола алмаймыз. Осы тапсырманы жоғары деңгейде орындаудың «қиындығын» растауға арналған және баяндамашы рөлін орындау барысында мойнымызға алатын жауапкершілікті ашып көрсететін заңнама немесе жетекші нұсқаулық түрінде жасалған біршама материалдар көлемі кездеседі. Сондықтан да осы тапсырманың толыққанды негізін қамтамасыз етуге қажетті әдебиеттердің санына таңырқамастан, білуіміз қажет ақпараттар көлемі туралы қорқыныш сезіміне бөленудің орнына, оның бар екендігіне рахмет айтуымыз керек, себебі, ол бізге нұсқаулық ұсынады және сол арқылы есептердің әрқашан да жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етеді.

Осы материалдардың барлығын бір тарауда қамтып өту мүмкін емес, алайда, алғашқы дереккөздерден тауып оқу қажет бірқатар құжаттарды атап өту қажет. Олардың кейбірі тек қана есептерді өткізуге арналған ерекше болса, басқа біреулері жалпы мазмұнда болып оның мәнін түсінуді талап етеді. Төменде келтірілген құжаттама маңыздылық пен қажеттілік тәртібі бойынша нақты бір бірізділікпен ұсынылмаған. Төменде көрсетілген заңнама мен нұсқаулыққа қосымша ретінде, сот психологы 1998 жылғы Ақпараттарды қорғау заңы тәрізді жалпы заңдарды, сот психологтары тәжірибе жинақтайтын ұйымдарда/қызметтерде жұмыс жасайтын рәсімдер мен саясат туралы да білуі қажет.

КӘСІБИ НҰСҚАУЛЫҚТАР

2008 жылы Британдық психологиялық қауымдастықта да (БПК), Денсаулық және күтім сұрақтары бойынша кеңесте де (ДЖКСБК, бұрын НРС) психологтардың жүріс-тұрысы, тәжірибесі және этикасының кодексі жарияланды және сот психологтары осы ерекшеліктермен таныс болуы тиіс. Жетекші қағида болып табылатын барлық қағидаларды бұл жерде түсіндіріп тұрудың қажеті жоқ, алайда, сот тәжірибесі мен сот-медициналық экспертизаға қатысты мұқият зерттеуді қажет ететін бірқатар аспектілер кездеседі. Бұл сұрақтар жүріс-тұрыс стандарттары мен этикаға, оның ішінде құпиялық пен келісімге байланысты. Егер бұл сұрақтар оқырманның ішін пыстырады деп ойласаңыз

(жолаушыларды қайталана беретін қауіпсіздік техникасының нұсқаулықтарын тыңдауға шақыратын ұшақтардағы стюардтар тәрізді) сізді келесі тарауларды жаңа көзқараспен оқып шығуға және сот жағдайындағы келісім және құпиялыққа байланысты кездесетін жайттарға назар аударуға шақырамыз.

ҚҰПИЯЛЫҚ

Есеп жазу барысында, есептің мақсатын, ол есепті кім оқитынын және кім сұратқанын қылмыскерлерге айтып отыруға толықтай міндеттіміз. Осыған қоса, біз құпиялықтың шектеулері, құпиялық бұзылуы мүмкін негіздер туралы да барынша ашық айтуымыз қажет (қосымша бөліктерге арналған 7-тараудағы Tagasoff-тың ойларын қараңыз). Сол үшін де жоғарыда практиктерге арналған нұсқаулықтар берілген. Сот психологы ретінде біз ең бастапқы кезеңде қылмыскерлерге шектелген құпиялық пен осы құпиялық міндетті түрде бұзылатын негіздер бар екендігін ескертуіміз керек.

Басқа мәтіндерде ескерту міндеттілігі және құпиялыққа қатысты құқық бұзушылармен жұмыс істеген уақыттағы мүдделер қақтығысы тәрізді сұрақтарға назар аударылады, әрине, бұл сұрақтар аса маңызды және бұл сұрақтарға назар аударуға толықтай негіз бар.

Жоғарыда айтылғандарға қосымша ретінде сот психологтары олардың клиенттері тек бір бөлмеде бірге отырған жай «адам» ғана емес, олар тәжірибеден өтуші әлеуметтік және саяси контекст әсер ететін қауіпсіздік екенін атап өтеді. Осы кітапта айтылғандай саяси және әлеуметтік әлемде адам құқықтары жайлы заңдарда толқыныс және Құрама Штаттардың Адам құқықтары туралы Еуропалық соттың сот шешімдерін орындауына байланысты шу байқалады (Grayling, 2014). Бұрынғы уақыттарда адам құқықтары туралы заңдарды қылмыскерлерге қолдануға қатысты салмақты реакциялар бой көрсеткен болатын. 2011 жылы Жоғарғы сот шешімі Ұлыбритания үкіметін күрделі жыныстық қылмыстар мен олардың тізіміне байланысты жаңа ережелер жасап шығаруға мәжбүрледі. Осыған байланысты «Зорлаушылар мен педофилдерге арналған адам құқықтарының жеңісі» деген тәрізді тақырыптар пайда болып, депутаттар ашық пікірлер айтуына алып келді. Расымен де Priti Patel, консервативтік партияның депутаты сол уақыттағы сот шешімі «Адам құқықтары туралы» заңды қайта қарау қажеттілігін туындатты деп айтып, «жыныстық қылмыскерлер арам қылмыскерлер болып табылады. Неге бұл адамдарға адам құқықтары туралы заңды өздерін қорғау мақсатында қолдануына рұқсат берілуге тиіс? Олардың құрбандарына қатысты не айта аламыз?» деп мәлімдеді. Нәтижесінде HRA-ға өзгерістер енгізуге байланысты үндеулер пайда болды, соның соңғысы лорд-канцлер Chris Grayling-тің қазіргі таңдағы жаһандық климаттағы мақсаттарға сәйкес емес деп атаған мақаласы. Сіз осы ойды ойлап отырғандықтан, біз Ward (2011) көрсеткен идеяларды қарастыруды ұсынамыз. Ward құқық қорғау ойларын бағалаудың салдарын қарастырады және нәтижелері көбінесе келесі жазылған есептерде көрініс табады. HRA қылмыскерлердің құқығы бойынша нұсқаулықты қамтиды және сот психологтары ретіндегі біздің жұмысымызды да қамтитын мемлекеттік органдардың міндеті қылмыскердің «бақуаттылығын» қамтамасыз ету екендігін көрсетеді. HRA бізден өз жұмысымызды абыроймен атқаруымызды талап етеді және бұл барлығымыздың құқығымыз болып табылады, біз осыны қабылдауымыз қажет. Сот психологы есеп жазу мен бағалау барысында қылмыскердің құқығы құрбан болған адам немесе кең мағынадағы қауымдастық құқығымен баланста есепке алынатын қарама-қарсы мүдденің бар екендігін мойындауы мүмкін және бұл жердегі нәтиже барлық мүдделі тараптың қалаулары әділетті түрде үй-

лесетіндей болуы тиіс. Кей жағдайда бұл әртарапты құқықтың барлығын қанағаттандыру қиын және қажеттілік пен қауіп тәріздес факторларды есепке ала отырып шешім қабылданады. Бұл сот психологы кездесуі мүмкін қалыпты емес дилемма және жеке түрде әрбір жағдайды қарастыру барысындағы сот психологының рөлі - осы бәсекелес талаптарды, яғни, жекелеген қылмыскер мен қауымдастықтың мүдделерін теңдестіре отырып барлық тараптар үшін нақты әрі әділетті нәтиже көрсететін есеп жасау. Сот психологының есебі ерекше маңызға ие қатерлерді бағалау туралы есепті толтыру барысын аса жауапты болуы мүмкін.

Біз тәуекелге бейім емес мәдениет ретінде өмір сүріп келеміз (Evershed, 2013), сондықтан да біз өз қорытындымызға дейін әділетті түрде жететін және есебіміздегі кеңестерді нақтылайтын дәлелдемелерді келтіре отырып, қорытындыларымызды хабарлау фактін мойындауымыз керек. Осылайша, HCR-20 сияқты қатерді өлшеу құралдарының қазіргі таңдағы түрлерін және осы құралдарды қолдайтын дәлелдемелер ақпараттық базасын түсіну, есеп жазуды жауапкершілікпен аяқтауды қаласақ, өзіне назар аударуды талап ететін жеке және әлеуметтік конструкция элементтерін қамтитын тәуекелді бағалауды түсінумен бірдей жоғары маңызға ие. Бұл қылмыскерлерге қатысты «әділетті» нәтижелерге алып келуі тиіс, бұл өз кезегінде қылмыскердің жазасы «үлкен немесе қажетті мөлшерден артық» емес деп қаралуына алып келеді, және қылмыскерлерге осы көзқараспен қарау барысында қауымдастықтың/қоғамның құқықтары қатерге ұшырамауы қажет. Ward айтып өткендей:

Қылмыскерлердің құқықтары мен міндеттерін басқа қауымдастықтың құқықтарымен теңестіру қиын әрі күрделі тапсырма болып табылады, мұқият бағалауды және ыждаһатпен қарастыруды талап етеді (2011: 110).

Tony Ward (2008) осы және басқа да мақалаларымен толықтай танысуға кеңес беріледі, себебі, оларда адамның құқықтарын анықтауға байланысты аргументтер келтіріледі және дәйексөзде көрсетілген және 5 және 8-тарауда талқыланған құрбан болған адам құқығын теңестіруді қозғайды.

КЕЛІСІМ

Сот шешімдерінде нақты ақпараттандырылған келісімді орнату үлкен пікірталастардың пәніне айналып отыр. Адам ақпараттандырылған келісім сөзінің тура мағынасында келісім береді деп айтуға бола ма, егер олай істей алмасақ, бұл міндетті түрде теріс мағынада қарастыралатын бола ма? Бұл жағдайда психолог пен қылмыскер арасындағы өзара байланысқа тән болып табылатын билік дисбалансы бұзылады. Сот психологтары қылмыскерге есеп мақсатын ашып айтып, есептің ары қарай қолданылуына, ол есеппен кімнің танысатынына және адам осы процеске қатысуға келісім берген немесе бермеген жағдайдағы ол адамның көретін «пайдасы мен шығындарына» байланысты ашық әңгіме жүргізу қажет. Егер қылмыскер қатысудан бас тартса, ол не себепті осы қадамға барғанын есепте толыққанды көрсету үшін себебін түсінуге тырысуымыз аса маңызды. Қылмыскердің осы үрдіске қатысуынан бас тарту себебінің барынша толық сипаттамасын жасауға уақыт бөлуіміз қажет. White (1997) терминдер мен оқиғаларды түсінуімізді жеңілдету мақсатында мәдени антрополог Clifford Geertz (1973) еңбектерінен алған «жуан» және «жіңішке» сипаттамалар жайлы сөз қозғайды. Geertz «жіңішке» сипаттамаларды «осы әрекетке араласушылардың интерпретациясын жоққа шығарады» деп сипаттайды. Бұл

есепке қажетті сұхбатқа қатысудан бас тартқан қылмыскерге де қатысты: «жуан» сипаттаманың «жіңішкеден» айырмашылығы ол төмендегідей түрде болуы мүмкін:

- «XXX осы есепке байланысты сұхбатқа қатысудан бас тартты» (шағын сипаттама);
- «XXX осы есепке байланысты сұхбатқа қатысудан бас тартты. Менің түсінгенімше, сұхбат жүргізу орны сәтсіз болды және басқа жазасын өтеушілер XXX-ты көріп, оны тыңдай алғандығы үшін, ол қорқыныш сезіміне бой алдырды » (кең сипаттама).

Соңғы, тыңғылықты сипаттама адамның қатысудан бас тартуына арналған нәтижелендіруші мотиві мен бағалаудың қоршаған ортасын тереңірек түсіндіреді, сол үшін де толықтай қарастырылады. Кейбір жағдайларда біз басқа орында орналасқан адамнан, қылмыскер басқа тұтқын тарапынан жәбір көрді деген тәрізді. Ақпаратты тереңірек түсінуді ала алар едік. 12.2-блокта осы жағдайға тап болған адамның есебі берілген.

12.2-қосымша. Сот-психологиясының психологы өзі туралы есеп жазғандығы туралы қылмыскердің тәжірибесі

Бұл қысқа есеп сот барысында сот-психологиялық есепке арналған сұрақтарға жауап беруін өтінген қылмыскерге қатысты. Қылмыс қатаң түрде орын алған, ал құрбан болған адам кішкентай бала еді. Бұл жерде көрсетілген есеп тарихи болып табылады, алайда, осы адам 30 жылға жуық уақыт бұрын алғанына қарамастан өзі сезінген сезімдер мен орын алған оқиғаларды толықтай есіне түсіре алғанын атап өту қажет.

Сұхбаттасу Лондондағы үлкен тергеу изоляторында, абақтыде орын алды, бұл беріктетілген төрт әйнек қабырғадан құралған кешен еді. Сөз қозғалғалы отырған адам әйнек қораптың ішінде отырғандығына және оның ісі үстел үстінде ашық жатқандығына байланысты қатты қобалжығандығын еске алады. Оның еске алуынша, басқа тұтқындардың бұл істеген қылмыстың егжей-тегжейін оқи алу мүмкіндігінің бар екендігі қатты қорқытқан.

Оның айтуынша, сот-медицинасындағы психолог әйел онымен бірге есеп мақсатында 20 минуттан аз уақыт өткізген.

Оның барлық жүріс-тұрысы, қарым-қатынасы және қозғалыстары өзіне сенім тудырмады. Ашық кеңсенің ішінде, оның алдында менің ісім ашық жатты, және мен басқа тұтқындар оны оқып қоймасын деген ойда ғана отырып, сұхбаттасудың өтіп кеткенін қаладым. Тек қорқыныш сезімі ғана есімде. Осы қоршаған ортаның барлығы мені адам ретінде төмендетті. Неге жеке өмірдің қауіпсіздігі абақтыде ең төмен құндылық болып танылады? Мен өзімді ешқандай маңызы жоқ адам ретінде сезіндім.

Менен сұхбат алу барысында мен шынайы болуға тырыспадым, себебі, менің алдымда отырған адамға сенген жоқпын. Маған ешкім ешқашан сенгісі келмеген. Мен өзімді саттып кетпеген адамды ешқашан кездестірмедім. Бұл жерде менің алдымда тірі қалу сұрағы тұрды. Және осы жағдайда маған қойған сұрақтары тым қиын, аса күрделі болғандықтан, сұхбат беруге келіспеу оңайырақ болды.

Мен осының барлығы бекер уақыт өткізу екендігін түсіндім. Не үшін ашылуым керек? Сотқа арналған есеп үшін мені бағалап отырған адамның бет-әлпеті мен тірі қалуым үшін ешқандай көмек бермеді. Ол менен «Қалай істеген дұрыс еді? Неге сіз бұл жердесіз?» деп сұрауы керек еді. Осыған ұқсас ешнәрсе айтылмады.

Бұл сотқа арналған есеп үшін өткен 20 минуттық сұхбат болатын. Мен өзімнің тірі қалуымның жолы мені қоршаған ортадан, мамандардан ақылдырақ болу екенін білдім. Бұл менің тікелей және психологиялық тұрғыда тірі қалуым еді.

Мен үкім шығарылғаннан кейін 19 айдан соң Апелляциялық сотта бостандыққа шықтым, маған қарсы тағылған айыптардың барлығы жойылды. Абақтыде маған көрсетілген физикалық зардаптар туралы ешқандай естелігім жоқ, олардың барлығы ұмытылды. Алайда, психологиялық жүктеме мен күйзеліс, қалай болғанда да, оларды жеңе білдім, алайда оларды жеңу үшін барлығын ысырып қоя тұру қажет болды. Маған сол туралы қайта ойлаған ұнамайды. Бұл қиын. Психологиялық жарақаттар жазылды деп ойлаймын, алайда, сенімді емеспін.

Осы оқиғаға дейін, бұл адам халықаралық спортшы болған. Осыдан кейін сәтті түрде бизнеспен айналысып бастады, үйленді және университетте оқыған екі балас болды. Осы оқиға туралы ойлап отырып, «Мен сұхбат барысында осы бейнені елестетуім керек еді, себебі, біз осылай ғана тірі қаламыз» деп айтты.

Осы жерде көрсетілген кәсіби тәжірибе бойынша нұсқаулықтың «рухына» сәйкес Y.S. (кітап авторы) осы адамды өз кітабына қосуға рұқсат сұрау үшін және осы есепке тағы да өзгерістер мен толықтырулар қосу мүмкіндігін білу үшін, оның барлық айтқандарын түсінгеннен кейін кездесу ұйымдастырды. Осы үрдіс барысында ол адам, өзі абақтыдегі тұтқын болған сәтте физикалық зардап шегу туралы «ұмытқандығы» туралы алғашқы айтқандары жалған екендігін мойындады. Ол әрбір оқиғаны еске ала алатындығын, алайда, өткен кездесуде тіпті өзі үшін оны мойындағысы келмегенін айтты. Оның есебін қайта оқуға мүмкіндік беріп, қайта талқылаудан өткізу, сол жағдайларды мойындауға себеп болғандығын хабарлады. Бұл жазып отырған есебімізді, сипатталып отырған адаммен бөлісу қажеттілігін көрсететін мысал болып табылады. Есепті қағаз түрінде көру, және оны талқылау мүмкіндігі осы үрдістегі қарым-қатынасты жақсартуға және түсінуге мүмкіндік береді.

Қылмыскерлер сотқа арналған есеп мақсатындағы бағалауға қатысудан бас тартса, оның үшін салдары болатындығы анық. Алайда, осы салдарларды біле тұра қылмыскерлерге тапсырмадан бас тарту қаншалықты оңай? Осы тәріздес сценарийдегі билік дисбалансы маңызды болып табылады және біз оны естен шығармауымыз керек. Құқық қорғаушылармен жұмыс кезіндегі шынайы ақпараттандырылған келісім сұрағын қарастыру қажет. Towl (2010с: 67) құқық бұзушылармен сот психологтарының жүргізетін жұмыстың күштік қатынастары мен осындай дисбаланс жоқ болған жағдайда, тәжірибеден өтуші ретінде сезінетін жеке жауапкершілік пен есептіліктің маңызы туралы сөз қозғайды. Towl кәсіби маман бұл жағдайда жұмысына арналған кәсіби жетекші қағидалар мен ұйымдар туралы ғана емес, өзінің әрекеті мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілігі бар екенін жеке деңгейде де түсіне білу керек екендігін мойындайды.

Бұл мәселелер есепке арналған сұхбат барысында адам өзіне зиянды деп санайтын ақпаратты шынайы ашып көрсетуіне қалай әсер етуі мүмкін? Құқық қорғаушылардың жасандылығы мен жалған сөйлеу түсініктері бізге жақсы таныс. Шынында да, Richard Rogers (2008) редакциясындағы осы облыстағы қарапайым сауалнамалық ақпаратта жасандылық пен жалған сөйлеудің клиникалық бағалауы мұқият зерттелген,, ал сот психологтарына тәжірибе бойынша кеңестер олардың психологиялық бағалауын барынша дәл жасайтындай етіп берілген. Дегенмен де, психотерапевттік қақтығыс барысында жа-

сырынып қалу тек қылмыскерлерге ғана тән емес талпыныс екендігін де мойындау аса маңызды. Шынында да, Rogers өзі редакциядан өткізген кітапты жариялай отырып: толықтай және нақтылай ашылу психотерапиялық қатынастардың тек жағымды контексінде сирек кездесетін жағдай болып табылады. Барынша белсенді клиенттердің өзі жеке мәліметтерін әдейі бұрмалап, жасыруы мүмкін, - деп мәлімдейді (2008: 3).

Ақпараттарды толық ашып айту өзінің болашақтағы жазасын өтеу тұрғысынан алғанда, теріс ықпалдарға ие болады деп ойлайтын қылмыскерлер өз жүріс-тұрысын ойланп тандайтындығына таңқалмауымыз керек. Шынында да, басқа жағынан қарағанда, ақпаратты ашып айтудың басқа түсіндірмесіне ие болуымыз мүмкін, мысалы, кейбір адамның осындай жағдайда өзін барынша жаман жағынан көрсетуге ұмтылуының интерпретациясына назар аударғанмыз жөн.

ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ (2007)

Психикалық денсаулық туралы заң (ПДТЗ) сот психологы таныс болуы тиіс маңызды кеңестерді қамтиды. Нақты есеп жазу саласына қатысты айтар болсақ, жеке адамға есепті жарияламау туралы шешім қандай жағдайда қабылданатыны түсінікті болады. Осылайша, қалыпты жағдайда есепте сипатталған адамға есепті көрсету міндетті деп айтылатын болса да, егер бұл есеп осы адамға кері ықпал ететіні немесе басқа адамдарды қатерге ұшырататыны белгілі болса, бұл ережені сақтау қажет емес болатын жағдай туындайды. Бұл сот психологы үшін маңызды ақпарат, себебі, ол оның жұмыс барысында туындауы мүмкін. Осы жағдайда құқық қорғаушының және басқа тұлғалардың мүддесі үшін аталған нұсқаулықты қолдануы қажет.

ПСИХИКАЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ (2005)

Потенциалды анықтайтын адамдардың барлығының Психикалық потенциал туралы заңмен (ППТЗ) таныс болып, осы бір маңызды құжатта көрсетілген қабілеттердің анықтамасын толықтай түсінуі аса маңызды. Бұл заңнама төмендегі мәтінді қамтиды.

Егер тұлға төменде аталған әрекеттердің біреуін жасай алмайтын болса, ол шешім қабылдау кезінде әрекетке қабілетсіз болып есептеледі:

- Шешім қабылдауға байланысты ақпаратты түсіну;
- Осы ақпаратты есте сақтау;
- Осы ақпаратты шешім қабылдау үрдісінің бөлігі ретінде қолдану және саралау;
- Өз шешімі туралы хабарлау (сөйлесу, ишарат немесе басқа да құралдар арқылы).

Адам шешім қабылдауға байланысты ақпаратты аз уақыт қана есте сақтай алатындығы оның шешім қабылдау барысындағы әрекет қабілеттілігіне кедергі келтірмейді.

ЕРЕСЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚАБІЛЕТТЕРАІ БАҒАЛАУ: ПСИХОЛОГТАРҒА АРНАЛҒАН АРАЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ (БПК, 2006)

Бұл құжатта нұсқаулықтың Ұлыбританиядағы тәжірибелі психологтарға қатысты екендігі, потенциалды бағалау, яғни адамның құқықтық тұрғыда маңызды шешімдерді қабылдау қасиетін бағалау қажеттілігі осы облыстағы психологтарға деген сұранысты арттыруы мүмкін екені мойындалады. Бұл нұсқаулық «потенциалы/қабілеті төмен болып табылатын ересектердің шешім қабылдауына байланысты заң көзқарасы күрделі болып

табылатыны» көрсетілген. Осыны есепке ала отырып, сот психологы адамның сот алдында жауап беру мүмкіндігін (сот алдында шағым беру қабілетін) диагностикалау барысында осы құжаттың маңыздылығын толық түсінуі тиіс.

Бұл нұсқаулықта потенциалды бағалауға байланысты әдістер айтылады және функционалды әдісті қолдануға басымдық беруді ұсынады. Бұл кей жағдайда адамның шешім қабылдау қабілетіне, мысалы, соттардың қолданатын тілін қарапайымдандыру немесе т.б. арқылы ықпал ете алады деген түсінік кездеседі. 62-беттегі нұсқаулықта Англия мен Уэльсте сот алдында жауап беру қабілетін бағалаудың бес критерийі берілген, олар

- сот алдында жауап беру қабілетін
- дәлелдемелерді түсіну қабілеті
- сот талқылауларын түсіну қабілеті
- адвокатты қолдану қабілеті
- сот алқасына шағым беруді білу

Әртүрлі зерттеулерде баяндамалар және олардың жоғарыда аталған критерийлер қатарына, сот талқылауларына шыдау қабілеті тарапынан, енгізілуі қарастырылды (Grubin, 1991; James et al., 2001; МаскауніKearns, 2000). Бұл зерттеулердің нәтижелері есепте бұл критерийлердің, әрі кетсе, бір бөлігін ғана қарастыруды көрсетеді және James және басқалар сот үрдісінің кейбір элементтерін басқаларына қарағанда түсіну оңайырақ екендігін айтады.

ПСИХОЛОГТАР КУЭГЕР-МАМАН РЕТІНАЕ: АНГЛИЯ МЕН УЭЛЬСҚА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ ПЕН РӘСІМАЕР (БПҚ, 2010)

Куэгер-мамандардың есептері ұзақ уақыттық тәжірибені талап етеді және бұл облыста олардың негізі болып табылатын кеңестердің өзіндік кешені бар. Жақсы куэгер-маман болу үшін осы деңгейдегі есептерді жазу ғана емес, сот залында әрекет етудің де тәжірибесі болуы қажет деп көп айтылады. Бір салада маман болу, екіншісінде де маман дегенді білдірмейді. Бұл облыс сот-психологиялық психологтар үшін қалыпты орта емес және кәсіби шеберліктің талап етілетін деңгейі қазіргі таңда CPD бойынша куэгер-мамандарға арналған арнайы оқу курстары/іс-шаралары бар екендігінде көрініс табады.

Қылмыстық сот ісін қозғау мақсатында есеп тапсырмай тұрғанға дейінгі кеңес беруге тұрарлықтай құжаттамалар:

- Қылмыстық сот ісін қорғау және тергеу туралы заң, 1996 жыл (ҚСІҚжТТЗ);
- Қылмыстық құқық қорғау туралы заң, 2003 жыл;
- Қайта қаралған ережелер тізімі;
- Мамандарға арналған CPS бойынша буклет (2010 жыл, мамыр).

Осы құжаттама кешенінің аясында ҚСІҚжТТЗ және Ақпараттарды тарату кодексі бекіткен режим қарастырылған. Бағалау кезінде алынған, алайда, қолданылмаған және бұл материал қолданылмайынша, ол бәрібір іске қатысты деп танылатын және сақталуға жататын материалдарға қатысты нақты нұсқаулар берілген. Сот психологының шешімі материал жарамды немесе жарамсыз екендігін анықтауға қатысты емес екендігі нақты айтылады. Сондықтан да сот психологы сотқа арналған есепті жазу барысында төмендегі әрекеттердің барлығын жасауы міндетті:

- сақтау (басқаша келісім болмаған жағдайда);
- жазу (нұсқау алынған сәттен бастап);
- көрсету (сіз жазған нәрсенің барлығын ашып көрсетуіңіз керек).

Сотқа материалды көрсетудің үш тәсілі бар. Олар:

- есептің өзінде,
- шағым
- сонымен қатар, қолданылмайтын материал индексі.

Жоғарыда аталғандардың барлығы қолданылмайтын материалды ашып көрсетуге қатысты әділетті жүйенің болуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Оның мақсаты маманның абыройын арттыру және айыптау/сот үрдісіндегі олардың рөліне деген сенімділікті күшейту болып табылады.

Ақпараттарды ашып көрсету нұсқаулықтарын сақтамаған жағдайда жағымсыз салдарларға тап болуыңыз мүмкін. Бұл тәрізді салдарлар қамауға алу мерзімін уақытша тоқтату немесе кейінге қалдыруды; қорытындылардың қауіпсіз емес деп саналуын; сот психологының болашақтағы мансабына әсер ете отырып, кәсіби абыройына күмән келтірілуін қамтиды. Және, ақырында, нұсқаулықтарды орындамауға байланысты сіздің кәсіби органыңыз пайдаланатын шаралар пайда болуы мүмкін. Бұл, өз кезегінде, аккредитациядан айырылуға және айыпталушының сізге қарсы азаматтық әрекеттерінің мүмкіндігін жоғалтуға алып келеді.

12.3-қосымша. Сот есебіне ендіру үшін кеңес берілетін негізгі тараулар

1. Титулдық бет төмендегілерді қамтиды:

- есеп датасы;
- психологтың маманданған саласын;
- есеп кімнің тапсырмасымен жасалғанын;
- мақсаты;
- психологтың аты-жөні;
- психологтың байланыс мекенжайы мен ақпарат.

2. Мазмұны

3. Кіріспе төмендегілерді қамтиды:

- есеп авторының біліктілігі мен тәжірибесі туралы толыққанды мәлімет;
- нұсқаулық мән жайын.

4. Қарастырылуға тиісті сұрақтар және нұсқаулықты құрастыру.

5. Бағалау әдістері, оның ішінде:

- қарастырылған іс материалдарының сипаттамасы;
- сұрастырылған және қосылмаған материалдар жайлы ескерту.

6. Сауалнамалық мәлімет

7. Психологиялық бағалау, оның ішінде:

- бағалау барысынлағы тұлғаны көрсету;
- психометриялық тестілерді өткізу.

8. Қорытынды және пікір, оның ішінде:

- іске қатысты нақты дәлелдемелер мен мамандар ұсынған пікірлер арасындағы айырмашылықтар.

9. Шындықты құрастыру

- Мен осы есепте қарастырылған фактілер мен сұрақтар менің білімімнің аясында жататынын, қайсысы жатпайтынын анықтағанымды растаймын. Менің өз білімімнің аясында жатқандардың шынайы екендігін растаймын. Мен білдірген пікірлерім менің шынайы, және өздері қатысты сұрақтар бойынша кәсіби пікірлер болып табылады.

10. Декларация, ол төмендегі түрде бола алады:

- Менің негізгі міндетім, есепті дайындау және ауызша дәлелдерді беру барысында, өзім жүргізген сараптама сұрақтары бойынша объективті және біржақты емес пікір көмегімен, тәуелсіз көмек көрсету арқылы сотқа негізгі мақсатына жетуге көмектесу екендігін түсінемін. Бұл міндет менен сараптама жасауымды сұраған тарап немесе осы жұмыс үшін ақы төлеген не ақы төлеуі мүмкін кез келген тұлға алдындағы менің кез келген міндеттемелерімнің күшін жоятынын түсінемін. Мен осы міндетімді орындағанымды және орындауымды жалғастыратынымды растаймын.

ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРМЕН СҰХБАТТАСУ БАРЫСЫНДА ЖӘНЕ ЕСЕПТЕ ҚОЛАНЫЛАТЫН ТІЛ НЕГЕ СОНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДЫ?

Қылмыскерлермен сұхбаттасу барысында құрметпен сөйлесу тілін қолданудың есеп үшін қажет екендігі түсінікті. Darwell (2006) құқық бұзушыларға олардың қылмысының сипатына қарамастан құрметпен қарау, олардың құқық бұзушылығы мен осы адам келтірген зардапты кішірейтпейтіндігін еске салады. Алайда, біз қолданатын тіл құрмет білдіріп, ол өз кезегінде сот психологы мен құқық бұзушыға сапалы есеп жасауды қамтама-сыз ететін тығыз қарым-қатынас орнатуға көмектесуі мүмкін.

Осыған қоса, есепте қолданылатын тіл біздің нәтижелерімізді алу және олардың жұмыс істеуі үшін шешуге мәнге ие. Қолданылатын тіл адамдардың заттарды қалай көретінін өзгертуі мүмкін, біз оқырмандарға осы тарауда көрсетілген жан-жақты және мазмұнды жазылған «жуан» сипаттама мен «жіңішке» сипаттаманың айырмашылығын еске алуды ұсынамыз. Бұл біздің есебіміз аса ұзақ болуы тиіс дегенді білдірмейді: расында да, есепті алушылар оның ұзақ болғанын қаламайды. Бізге қойылатын талап, біз сипаттама мен анықтамаларды қысқа жасауымыз қажет, алайда ол белгілі бір адамға қатысты мәнге ие болуы тиіс. Есепте қолданылатын тілге қатысты тағы бір жайт – жоғары эмоциялық тілді қолданудың ықпалын және ол тілді қолданудың есепті оқып отырған адамдарға қалай әсер етіп, олардың қалай қабылайтындығын түсіну қажеттілігі. Мысалы, «мағынасыз және ақылға қонбайтын шабуыл» туралы жазба, қылмыскер тарапынан жасалған «шабуыл, ... себепті өзін-өзі басқаруды жоғалтудың деңгейін қамтиды» деген жазбадан ерекшеленеді.

Kahneman (2011) адамдар жақсы жаңалықтарға қарағанда жаман жаңалықтарға басымдық беретінін көрсетеді. Бұл есеп жазу барысында нені білдіреді? Ми графикалық түрде эмоционалды жүктемесі бар сөздерге тез реакция білдіреді, ал «құтыру», «өлім» деген сияқты жағымсыз терминдер бақытты сөздерге қарағанда (мысалы, махаббат, гүл) өзіне тез назар аудартады. Жиіркену концепциясының маманы болып табылатын Paul Rozin көптеген жағдайларда негатив позитивті жеңіп отырады деген қорытындыға келіп, адамдарға тән «кең мағынадағы жағымсыз үстемдік құруды» сипаттайды. Яғни, эмоционалды жүктемелі тілді қолдана отырып, біз зиянды және залалды оқиғалар туралы жазғанда, ол көбірек ықпал береді және жағымды ақпаратқа қарағанда ұзағырақ өңделеді. Бұл маңызды, біз есеп жазу барысында бұл жағдайды есепке алып, осы білім нәтижесінде терминологияға мұқият болуымыз керек.

Әрине, есеп жазу кезінде біз қолданатын тіл оны оқитын барша адамға түсінікті болуы тиіс. Сондықтан да біз басқаларға түсініксіз психологиялық жаргонды қолданудан

аулақ болуымыз керек. Осыған қоса, психометриялық сынақтардың нәтижелерін беру кезінде ол белгілі бір мағынаға ие болып, болашақтағы шатасулар мен қате интерпретацияға, кейіннен қажетсіз әрекеттер мен/немесе шешімдер қабылдауға алып келмейтіндей түрде жасауымыз керек. Kahneman есептерде қорытындыларды қалай жасай алатынымыздың тамаша мысалы болып табылады. Kahneman ықтималдығы аз нәтижелердің шектен тыс көлемі туралы және «эмоция мен ашықтық ықтималдықтың қолжетімділігіне, шапшаңдығына және пайымдалуына әсер ете алатындығы туралы, және соның салдарынан біз мән бермей кетпейтін бірнеше сирек оқиғаларға деген шектен тыс реакциямызды анықтайтындығы» туралы ой қозғайды. Бұл бізге, жалпы айтқанда, адамдар, оның ішінде, сот психологтары мүмкіндігі аз оқиғалардың орын алу мүмкіндігін шектен тыс жоғары бағалайтындығы және бұл мүмкіндігі аз оқиғаларда шешім қабылдау кезінде басым тартып кететіндігі жайлы хабар береді. Бұл екі үрдіс бір-бірінен ерекшеленеді, алайда, назарды шоғырландыру, қабылдау ұстанымдары және таным жеңілдігі тәрізді психологиялық механизмдермен байланысты. Бұл сот психологтары үшін үлкен маңызға ие, себебі олардан мүмкіндігі аз және сирек кездесетін, мысалы, адам өлтіру сияқты оқиғалар туралы есептерді жиі сұрайды. Kahneman жүргізген экспериментте мамандарға зорлық көрсету тарихы бар пациенттерді психиатрлық клиникадан шығарудың қауіпсіздігін бағалау ұсынылады. Күтілетін баға, пациент қатерін эксперттік бағалау болып саналды және қатер төменде көрсетілген екі тәсілдің бірі арқылы тіркеліп отырды:

Бағалауларға сәйкес, MrJones тәрізді пациенттердің шығарылғаннан кейінгі алғашқы айлар ішінде зорлық көрсету ықтималдығы 10 пайызға тең.

Немесе

Бағалауға сәйкес MrJones сияқты 100 пациенттің ішінен 10 адам, емханадан шығарылғаннан кейінгі алғашқы айлар ішінде зорлық көрсетеді.

Осы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жиілік форматты (2 жазбаны) көрсеткен мамандар мүмкіндік форматын (1 жазба) көрсеткен мамандарға қарағанда екі есе жиі емханадан шығарудан бас тартқан, 41% және 21%. Яғни, біздің нәтижелеріміздің есептерде қандай түрде болатыны шешуші мәнге ие. Осы кезеңде соттар мен трибуналдарға баяндама өткізуші куәгер-маман мен сот психологтары ретінде біз әрқашан да объективті болып, бізге есеп беруге кім тапсырыс бергендігіне қарамастан тәуелсіз қызмет ету қажеттілігін ұмытпаған жөн. Осылайша, бізге нәтижелерді хабарлау туралы ақпараттану деңгейін арттыру қажет. Осыған қоса, Kahneman сирек орын алатын оқиғаның мүмкіндігі туралы қауіптенулер (адам өлтіру немесе зорлау бабы бойынша айыпталған адамның қатері немесе болашақ қатері туралы хабарлай отыра, өзіміз елестете алатын жағдай), оның қатерді қате бағалау және қылмыскерді босатып жіберіп, оның қауіпті қылмыстарды жасауын жалғастыру тарапынан бізге түсіретін салмағы, мұның барлығы артық салмаққа алып келеді. Біз ол туралы білсек те оны қабылдай алмаймыз. Kahneman айтуынша, «Сирек мүмкіндікт оқиғалар туралы сөз қозғағанда біздің миымыз дұрыс шешім қабылдауға арналмаған».

Villejoubert, Almond және Alison айтуынша, мүмкіндіктердің интерпретациялы жазылған әдебиеттердің басым көпшілігі сөздермен немесе сандармен жазылған. Зерттеулер көрсеткендей, адамдар мысалы, мүмкін, мүмкіндігі аз деген сөздер арқылы белгісіздікті жеткізгенді жөн көргенімен, олар ақпаратты сан түрінде алғанды ұнатады. Шешім қабылдаушы тұлғалар, егер мүмкіндік пайызбен берілетін болса, жоғары мүмкіндіктегі нақты шешім шығарамыз деп ойлайды. Сөз арқылы берілген мүмкіндік деңге-

йін адамдар қалай түсінетінінде айырмашылық көп және белгісіздіктің әртүрлі деңгейін білдіретін 282-ден астам әртүрлі терминдер кездеседі. Villejoubert және оның әріптестері контексте мүмкіндікті білдіретін сөздердің интерпретациясына әсер ететінін көрсетеді. Осылайша, жоғары деңгейдегі сандық мүмкіндік «Келесі жылдың желтоқсан айында Ұлыбританиядағы Ливерпульде қар жаууы мүмкін» деген хабарламаға қарағанда «Келесі жылдың желтоқсан айында АҚШ-тағы «Аспен» тау демалыс аймағында қар жауады» деген хабарламаға көбірек берілді. Бір нәрсенің пайда болуы немесе пайда болмауына сөздік квалификаторлар да ықпал етеді. Мысалы, «болуы мүмкін» немесе «аз мүмкіндікке ие» нәтижесі жағымды жаққа бағытталған және біздің назарымыз пайда болу мүмкіндігіне шоғырланады. Ал альтернатива ретіндегі «күмәнді», «әлі анық емес» сияқты терминдер оқиғаның болмай қалу мүмкіндігіне назарымызды аударады.

НЕ СЕБЕПТІ БІЗ ӨЗ ЕСЕПТЕРІМІЗДІ ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРМЕН БӨЛІСУІМІЗ КЕРЕК?

Сипатталған адаммен сол адам туралы жазылған есеппен бөлісу жақсы тәжірибе болып саналады. Есепті «бірлесе пайдалану» - адамға ол туралы жазылған есепті оқуға бергеннен кеңірек мағынаны білдіреді. Бірқатар қылмыскерлерде сауаттылыққа байланысты мәселелер болуы мүмкін екендігіне қарамастан, олардың жазба есепті қарап көргені маңызды, себебі, ол болашақтағы талқылау мен зерттеудің негізіне айналады. Алайда, бұл әрқашан мүмкін бола бермейді, себебі, сот психологтары тәрізді қылмыскерді алғаш рет тек сот залында көреміз және бағалау мен қорытынды нәтижесінде алынған пікірлерге қайта оралу мүмкіндігі бола бермейді. Бұл жағдайларда, біз жазған есебімізді қылмыскер болашақтағы бір уақыттарда оқу мүмкіндігіне ие болады деген ойды ұстануымыз керек. Және біз өзіміздің жазбамыз тұлғаны тануымыздың нақты бейнесін бере алатынына және осы тұлғаға алға қарай ұмтылып, осы жазбадан жаңа нәрсе таба алатындай түрде жазылғандығына сенімді болуымыз қажет. Алайда, мүмкін болған жағдайларда біз сипатталған адаммен бірге баяндама мен оның қорытындыларын ашық талдауға тырысуымыз қажет, себебі, ол адамның қиыншылықтарын, тұрақтылығын/күшті жақтарын және болашақтағы терапевтикалық емдеудің салдарларын анықтай отырып, оны тереңірек түсінуге арналған қуатты қаруға айналуы мүмкін. Осы тәріздес диалог адамның болашақ жұмысқа деген құлшынысын арттырып, кейіннен осы тұлғаға көрсетілетін қамқорлық пен қолдауға байланысты қызметтермен әріптестігіне жағдай жасайды (Mann және Shingler, 2001). Жоғарырақ практикалық деңгейде бұл диалог бағалау мен сұхбаттасу барысында қылмыскер ұсынатын материалдарды біздің түсіну деңгейімізді тексеруге, оның нақтылығын байқауға және қылмыскердің кері байланысты алуы бойынша жауабын қарастыруға мүмкіндік береді. Және егер үрдістің осы кезеңі жақсы басқарылатын болса, болашақта қажет болған жағдайда қылмыскер бағалау және емдеумен қарым-қатынасқа жақсы көзқараспен қарайтын болады.

БАСҚАЛАР БІЗДІҢ ЕСЕБІМІЗДІ ҚАЛАЙ ҚАРАСТЫРААДЫ /ТАЛААЙАБЫ?

Сот психологиялық есебін алушылар біздің психологиялық құрылымдар, кеңестер және сот психология есебінде кездесетін пікірлер туралы не ойлайды? Куэгер-мамандардың есебіне келетін болсақ, куэгер-маман тәрізді психикалық денсаулық саласының мамандары уақыт өткен сайын артып келе жатқан сынға алынуда деген пікір бар. Қарама-қарсы мамандар бір-біріне қарсы, әртүрлі пікірлер ұсынатын Англия мен Уэль-

стің сотында іс қозғау жүйесінде қалыптасқан бәсекелестік жүйесінде психологтар мен психиатрлар куәгер-маман рөлін орындайды. Сол уақытта олар өздерінің әділетті және объективті пікірлерін сотқа жеткізуге міндетті екендігіне қарамастан, өздеріне нұсқау берген тарапқа жағымды болып саналатын пікірді ұсынатын «жалдамалы қару» қызметін атқарады. Otto (1989) психикалық денсаулық саласының мамандарының куәліктері қандай тарапқа арнап жасақталатынына байланысты өзгеріп отырады деген болжамға белгілі бір деңгейде дәлелдер жинақтаған. Бұл мамандардың куәлігі «дәлелдер заңымен ұялту» деп сипатталуына алып келді (McElhaneу, 1992). Appelbaum (1997) маман мен оның баяндамасының тарапынан объективтілікке деген қажеттілікке байланысты өз бақылауының нәтижесін беріп: «Әділеттілік – маман этикасындағы жоғарғы күш, ал шынайылық пен объективтілікке назар аудару аса жоғары маңызға ие» деп жазады. Evershed (2013: 86) есептерді талқылай отырып:

Есептер көптеген оқырмандарға хабар беріп, түсіндіріп, кей жағдайда иландырып, және оларға негізделген қорытындыға жетуге көмектесу керек деп айтады.

Есеп жазу барысындағы сот психологының рөлі есептің әртүрлі оқырмандарына расымен де психологиялық дәлелдемелерді жеткізіп, дәлелдеу болуы тиіс. Алайда, біз есеп мәтінінде келтірілген дәлелдерге оқырмандарды «иландыруға» тырысауымыз қажет. Бұл этиканың жөні жоқ және Appelbaum-ның объективтілік қағидасына қарсы келеді; иландыру, біздің маман ретіндегі құзіреттілігімізге кірмейді. Бұл кәсіби түрде қосқан үлесіміздің шегінен шығудың емес, сол шекараны ұғынудың мысалы. Яғни, біздің есептеріміз оқырман мен оның белгілі бір әрекеттер курсына ықпал ете алады, алайда оны арнайы жасау біздің рөліміз емес және тұлға туралы есеп жазу барысында біз ол мақсатқа ұмтылмауымыз қажет.

ЖЕКЕ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДИАЛЕКТИКА АРАСЫНААҒЫ БАЛАНС ҚАНААЙ? (АДАМ ТАБИҒАТЫ ЖАЙЛЫ)

Біз ең маңызды мәселеге келіп тоқтадық. Жіберіп отырған есебіміз, өзіміз айтып отырған сөзді бейнелеуі үшін не істей аламыз? Яғни, тұлғаның құқықтарын қоғам/қауымдас-тық құқықтарымен бірге ала отырып, оның тұлғалық бағасын көрсететін объективті, дәлелдемелерге негізделген жазба құжат. 12.4-кіріспеде профессор Gisl Gudjonsson-ның ерекше еңбектерінен алынған үзінділерді қарастырыңыз. Бұл тәжірибе кейіннен кінәні мойындау дәлелдері мен құқық қорғаудың болашақтағы сәтсіздіктеріне күмән келтіру мақсатында қолдануылған саналылық шкаласының жасалуына алып келді (Gudjonsson, 1997).

12.4-қосымша. Gisl Gudjonsson-нен үзінді (2014)

Жалған куәлік етуге деген менің қызығушылығым 1970-жылдары Рейкьявик полициясында қылмыстық істерді тергеуде жұмыс істеп жүрген кезде бастау алды. 1975 жылғы жалған түрде кінәні мойындау қатері туралы естіген кез, мен үшін түбегейлі біт бұрыс сәті болды. Бұл іс маскүнемдікке салынған, есте сақтау қабілеті істемейтін адамға қатысты болды. Мен ол адаммен кездесіп, тағылған айыптарды түсіндірген сәтте, ол қылмыс жасағаны туралы естеліктері жоқ болса да, бірден кінәні мойнына алды. Ол кезде екеуміз де ол қылмыстың мүлдем орын алмағанын білмеген едік. Мен, өзім қаламастан жасап

алған жалған мойындау туралы ойлап отырып, оқиға туралы естеліктерін есіне түсіруге қабілетсіз адамдарға қысым жасаған уақытта адам өз жадына сенімнен айырылып, жалған ұстанымдарды қабылдауына алып келетінін түсіндім.

Ең бірінші жасау керек әрекет – жасағамыз келетін есептерді жазуға және бағалау түрін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, қажетті ақпараттардың және қабілеттердің базасымен қамтамасыз ететеін стандарт бойынша жасалған тәжірибені даярлаймыз, зерттейміз және қолға аламыз. Бұл қабілеттілік туралы БПҚ және ДКСБК нұсқаулығына толықтай сай келеді. Осыған қоса, біз тек мазмұнында ғана емес, соған қоса үрдіс барысында, яғни, есепті жазуды нақты «жүзеге асыруда» қабілетті екенімізді нақтылауымыз қажет. Біз, сот психологтары тәрізді, өзіміз тәжірибеден өтуші облыста кездесетін барлық қажетті заңнамалық актілермен және нұсқаулықтармен танысуымызды жалғастыра беруіміз керек. Аталған факторлардан бөлек, билік дисбалансы, құпиялық және қылмыскерлермен жұмыстағы келісіммен байланысты қиын салаларды; «кім клиент екенін» кең мағынада қарастыру қажеттілігі бар екенін білсек те, сипаттап отырған адамның алдында Құқық туралы заңмен бекітілген этикалық және құқықтық жауапкершілігіміз бар екендігін де естен шығармағанымыз жөн. Gudjonsson мысалындағыдай, біздің есебіміздің пәні болып табылатын күдіктілер, қылмыскерлер немесе бас бостандығынан айырылған адамдар көп жағдайда әлсіз адамдар болып табылады; олар да манипуляциямен айналысып, жалған сөйлей алады.

Жоғарыда айтылған пікірлер, онсыз да түсінікті, қарапайым нәрсе болып көрінуі мүмкін. Бұл тарау, біз, сот психологының қызметін ұсынушы тұлға ретінде, басқа адамдармен жұмыс барысында, күнделікті енгізіп жүрген жеке диалектикамызды; осыған өткен кезеңдерімізден, қоғамнан және саяси тапсырмалардан қалыптасқан біздің жеке ұстанымдарымыздың қалай әсер ететіндігін түсінуіміз қажет деген идеяны түсіндіруге тырысты. Bowl:

Этикалық шешімдерді қабылдау кезінде ақпараттандырудың ең маңызды элементтерінің бірі өзін өзі рефлекстееу болып табылады, әсіресе ол меншікті құндылықтарды көрсету және оның шешім қабылдауға деген әсері. Сөздің қысқасы, біз өзіміздің этикалық тәжірибемізге, оның қате түсініктеріне қарсы тұруымыз қажет (2010с: 68).

Біз өзіміздің құндылықтар мен қате түсініктерімізге қайта қайта қарсы тұрғанша, оның орнына тұрақты түрде ай сайын осы жұмысты атқаратын адамдарға супервизиядан өткенді ұсынамыз.

Mahzarin Banaji Beyond Common Sense: Psychological Science in the Court room (2007), өзінің «парасатты түсініктен тыс: сот залындағы психологиялық ғылым» кітабының кіріспесінде, былай айтады: заманауи психология кем дегенде екі нақты хабарламадан тұрады: біздің ақыл мен мінезіміз қате; біздің ақыл мен мінезіміз жуас. Бұл өте маңызды хабарлама, біз өзіміздің сот психологы рөлін қалай бағалау керектігін еске салып отырады, әсіресе, біз бағалайтын және есеп беретін жағдайлардың жеке тұлғалар мен немесе үлкен қоғамға әсер ететіні туралы еске салады. Сот психологы үшін оның есебі толық объективті құжат деп қабылдау аңғалдық болып табылады. Осы мақсат барысында біздің тәжірибемізде супервизияның жақсы платформасын қолдану маңызды, себебі біз қатысатын жұмыс туралы үнемі ойлану, өзіміздің жеке қате түсініктерімізді және ойлауымыздағы болатын қателіктерді қарау үшін қажет. Бұл әдеттегіден көп жігерлікті және ашық

болу үшін қайраттылықты талап етеді, үнемі қолайсыздықты сезіну, себебі біз өз тәжірибемізді жақсарту мақсатында, шешім қабылдау мен ойымыздың қалыптасуын шектейміз. Рефлексивті практика дәл осындай болуы тиіс, сонымен қатар сот психологтарын оқыту үшін арналған курстарда негізгі принцип болуы тиіс. Kahneman (2011), адам табиғатындағы теріс түсінік пен ойлаудағы қателіктерді ескере отырып, осы мәселелерді біршама түсінсе де, оның ойлауы «қателік болатын жағдайларды ғана тануын жақсартып» және де «мен өз қателіктеріменен гөрі, басқалардың қателіктерін тануда үлкен прогреске жеттім».

Супервизия мен сарапшының бағалауы сот психологі үшін маңызды мәнге ие, яғни ол осалдыққа деген ашықтықпен бірдей; супервизор мен сарапшы деген ол, жақсы оқыған және оқытылған, сонымен қатар осы жұмыс типінде адам болу дегенді білетін, кәсіпқой және жеке диалектіні ажырата білетіндер болып табылады.

Осыны айта отырып, біз келесіні ескертеміз, адамның өзіне өзі анализ жасау қабілетіне байланысты танымал және белгілі шектеулер бар, ондай шектеулер өзіміздің жеке басымыздан өткен жағдайлар мен сол жағдайлардың характеріне байланысты белгіленеді. Маңыздысы, біз оны мойындап, сол осалдылықты сарапшылардың бағалауы мен CPD жағдайларында бақылауымыз қажет. Ақырында, осы мәселелер үшін бұл ыңғайлы орын. Сот залында болғанша, осы жерде. Осындай міндеттерге ашық болу үшін бұл аренада кітаптың авторы (Y.S.), сот психологиясы клиникалық психологияның қатаң түрдегі супервизиясы арқасында ғана оқытылады; мұнда осы саладағылар түсінеді, супервизия адамның ашқы болуын талап етеді және ол оның жеке және кәсіби даму тәжірибесін арттырады. Бірақ, Rogers (2008) атап өткендей, адамдардың көбісі, психикалық денсаулық саласындағы мамандарда, олардың басқалармен бөліну тұрғысында таңдаулы түрде қарайды; олардың жасырынулары пассивті өткізіп алу, немесе активті бұрмалау болуы мүмкін. Бұл қатысудың әдісі біздің кәсіби өмірімізде біршама күш пен жігерлікті талап етеді, бірақ, автордың ойы бойынша, бұл күштің арқасында жақсы кәсіби тәжірибе мен тәжірибеден өтушілерді қамтамасыз етеді.

ҚОРЫТЫНАЫ

Сот-медициналық құжаттар мен есептерді жасау – шеберлікті және ұқыптылықты қажет ететін міндет, ол заңнаманың сенімді шеңберін және кәсіби басшылықты талап етеді. Бұл тарауда сот психологтары есепті жазуға қажетті негізгі әдебиеттер мен басшылықтарды өңдеп, сонымен қатар этикалық және моральдық түсініктерді қалыптастыру қажет, ол адам құқығы туралы 1998 ж. заңнамада заңмен бекітілуі тиіс, яғни біз есепті қалай жазамыз, құрметпен және абыроймен, яғни біз есеп жазып отқандар туралы солармен бірге жұмыс істеу үшін, әділ есеп беру үшін, сонымен қатар ол қоғамның құқығымен сәйкес келетіндей болуы тиіс. Бұл жапа жегуші есебінен, қылмыскердің есебінен олмуы тиіс. Бұл тарау сонымен, қатар сот психологтары есеп жазу барысында тілді қалай қолдану керек екендіктерін білу және сол пайдаланылған сөздер біздің жұмысымызға қалай әсер ететіндігі туралы болып табылады. Одан бөлек, супервизияның рөлі туралы, яғни біз өз жұмысымызға не алып келдік, біз ұқыпты болу керек біздің қағидаларымыз қандай, сонымен қатар әлеуметтік және саяси бағдарламалардың әсерін түсіну, біздің шешім қабылдауымыз, яғни олар біз тәжірибе жүргізіп отырған ортаға әсер етуі, одан бөлек біздің кәсіби жеке деңгейіміз. Біз осы тарауда барлық деңгейдегі сот психологтарын супервизия шеңберіндегі қарсылықтарға ашық болуына көмектесеміз. Бұл кейде осалдықпен

жұмыс істеуді талап етеді, себебі біздің тәжірибеміз өте қатал тексеруден өтеді. Бұл ескі көзқарастар мен келісімдерден бас тартуды да талап етуі мүмкін, себебі олар пайдасыз немесе қажет емес болуы мүмкін. Бұл сот психологтары үшін шақырту болып табылады, әсіресе тәжірибесі бар адамдарға, себебі бік тұрмыс пен қызметтің ескі әдістерінде қалып қойып, ал өзгертулер әдетте ыңғайлы емес және қиын болады. Біз мұны ескеруіміз керек, себебі сот-медициналық құжаттама құру саласында кәсіби тәжірибенің жоғары деңгейін қамтамасыз еткіміз келеді.

РЕСУРСТАР

Сарапшылар академиясында (СА) сарапшылардың есебі үшін талап етілетін декларациялар туралы толық ақпаратты пайдалы ресурс веб-сайт бар www.academyofexperts.org.

Gumpert, Linblad және Grann's (2009) мақаласында балаларға қатысты сексуалды зорлық-зомбылық туралы жазбаша айғақтардың сапасына баяндалған.

Goldfinger және Pomerantze-дің (2014) кітабы есеп беру және психологиялық бағалау туралы кешенді трактат.

Негізгі журналдар

Civil Justice Quarterly

Expert Evidence

Journal of Professional Psychology Research and Practice

Psychiatry Psychology and Law

13

СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫН БАСҚАША ОЙЛАУ

НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

Бұл тарауда сот психологиясының жағдайына шолу жасалады. Біз сот психологиясының жетістіктерінің қажеттіліктерін оның активтері мен дебеттеріне баға бере отырып анықтаймыз. Біз сонымен қатар болашақтағы перспективаларды талқылаймыз, қоғамдық криминология, сыни және саяси психологияны біріктіру мәселелері.

Түсініктер	Практикалық ойлар
Когнитивтік революция	Мінез ғылымы туралы және құқықтану бойынша жобалар
Антиутопия	Азаматтық рақымшылдар
Процессуалды сот төрелігі	Пән рейдері
Әлеуметтік әділеттілік	«Кездесу орны» пәні
Сендірушілік	Арнайы шаралар
	Қолданушы сарапшы ретінде

Осы тарауда көрсетілген пікірталастар болашақта сот психологиясының дамуына көмектеседі деген сенімдеміз. Бұл ғылым неге арналған, не үшін қажет және қалай дамып жатыр? Сонымен қатар осы идеялар сіз көргіңіз келетін сот психологының бейнесін жасауға көмектеседі және зерттеуге көмек болады деген сенімдеміз.

Анықталатын сұрақтар

Сот психологының мәртебесіне қандай баға бере аламыз?

Сот психологиясының пән ретінде мәртебесі қандай?

Сот психологиясының пайдасы неде?

Сот психологиясының болашақтағы перспективасы қандай?

КІРІСПЕ

Stanley Cohen States of Denial / «Мойындамау жағдайы» (Cohen, 2001) атты тамаша кітап жазды, бұл кітапта ол адамдардың әділетсіздікке деген реакциясына анализ жасайды. Кітапқа алғысөз ретінде ол мынадай сұрақ қояды: «Біз басқалардың қиналғандығы туралы білімімізді не істейміз және ол бізге қалай әсер етеді?». Біз сеземіз, біз ойлаймыз, біз үміттенеміз, біз қамқор боламыз, таң қаламыз, үмітімізді үземіз, ашуланамыз, жиіркенеміз, белгілі бір деңгейде жететін жетістіктерімізді айтамыз және қиындықтарға тап боламыз. Бұл адами жауаптар – қылмыс жасайтын адамдарда да осындай тәжірибелер болады, себебі олар да – адамдар. Осындай білімді жоқ қыталын сезімсіз ғалым болған-

ша, біз өзіміздің тарихқа жүгінуді ұсынамыз. Яғни біз өзіміздің кәсіби рөлімізге не алып келеміз және қалай ойлаймыз, ол біздің әртүрлі клиенттерімізге қосылу үшін қажет, бұл гуманистік және әділетті сот-психологиялық зерттеулер мен тәжірибелерді іске асыру үшін қажет.

Біз осы кітапта сот психологиясы бойынша өзіміздің әріптестеріміз бен осы саладағы жаңадан келгендерге университетте қарапайым оқу көздерінен ұсынғаннан басқа да әдебиеттерді оқуға кеңес береміз. Біз әдеттегі оқу шеңберінен шыққымыз келеді. Ол үшін біз криминалистердің ойлауын суреттеген болатынбыз және психологияның ең аз оқылатын салаларын еске салдық, олар – саяси және сыни психология. Басты мақсат мынада: сот психологиясы бойынша стандартты мәтіндерде кездеспейтін идеяларды ашу болып табылады. Біз мұны жасаған себебіміз, осы қазіргі өмірдің жағдайлары біздің кәсіби өмірімізде де орын алуы тиіс. Біз осы кітапты жазып жатқан кезде, Эбола безгегі бүкіл Африканы қамтыды. Таяу шығыстағы қақтығыстар жалғасуда. Соңғы жылдары жаһандық саясат пен ұжымдық сараңдыққа қарсы радикалды қарсылықтар күшейді. Капитализмнің өзіне қауіп төніп тұр. Michelle Fine айтқандай:

Қазіргі әлем теңсіздіктің өсуі мен оның арасының нығаюы әсерінен; элиталық биліктің қорғанысынан; дағдарыстың әсерінен психикалық абдыру; қанау мен зорлықтан; индивидуализм идеологиясынан зардап шегіп жатыр және еркіндік әлсіздіктің кумулятивтік сезіміне алып келді. Адамдар ғылым мен фактілерге батып кетті, олардың көбісін ұйымдар мен аналитикалық орталықтар сатып алады. Демократияға, бостандыққа, нәсілдік әділеттікке, ынтымақтастықы қозғалысына, қоғамдық радио мен қоғамдық ғылымдар көп қаражаттандырылмайды, сондықтан да олар тұншығып жатыр (2012: 419).

Fine өз эссесінде айтатын нәрселер сыни психология болып табылады, ол сынаудың радикалды мейстримынан тұрады. Cromby және Willis (2013) Ұлыбританияда біздің дисциплинарлық шекарамызды және біздің құндылықтарды зерттеу үшін қолайлы уақыт деп есептейді. Олар:

2010 жылы сайланған коалициялық үкімет, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және жеңілдіктер бойынша приватизация бастамаларын іске асыруда. Қоршаған орта министрінің Greg Barker айтуы бойынша бұл бастамалар, 1980 ж. Маргарет Тэтчер армандай алмайтын деңгейде іске асырылып отыр дейді (2013: 934).

Кейін олар өз мақаласында (947 б.) шығынды азайту және приватизациялар көптегендер мамандарға, оның ішінде психологтарға да қауіп төндіреді деп айтты. Бұл оқыту, кәсіби даму және болашақ үшін қауіпсіз (біз 4-тарауда көрсеткен позиция, онда да ҚӘСЖ пайдаланатындар туралы сөз болған). Қазіргі нарықтық экономикада бәрі бәсекеге түсуі қажет, қатал және іске берілу қажет, батыл және рақымсыз болу қажет. Қосымша административтік және бюракратиялық талаптар бізден, бұрынғыдан да үлкен, тез және сенімді жұмысты талап етеді, онда аз ресурс пен аз сыйақы болады. Студенттер мен клиенттердің талабы жоғары, біздің жұмыс бақыланады және қоғамдық қанағаттанушылық қызметпен бағаланады. Біздің мақсатты көрсеткіштеріміз, уақытымыз, дедлайн және нәтижеге сәйкес еңбекақымыз бар.

Vera Baird Нортумбриядағы полиция және қылмыс бойынша жауапты, Әйелдер қауіпсіздігі бойынша Комиссияны басқарады, 2014 ж. жасалған шолуда тұрмыстық зорлау

мен сексуалды зорлау саласын қаражаттандыру 2010/11 және 2011/12 жылдар аралығында 31% қаражаттандыруы қысқартылды, бұл қолдау мен кеңес берудегі кемшіліктерге алып келді, сонымен қатар зорлау қылмысы бойынша бағдарламалардың қысқаруына да алып келді. Отбасындағы зорлау кезінде тірі қалғандардың жартысының дәлелі жоқ, яғни ол құқықтық көмек алуға көмегін тигізетін еді.

Fine бұл антиутопиялық бейнені келесі оймен аяқтайды, әлемді ауқатты және ауқатсыздарға бөледі; бізді, яғни психологтарды не үшін қаражаттандырады? Біз ауқатсыздардың қалай күресетіні, еңсесі түсетіні және басқалар үшін қауіп төндіруі, және оны қоғамнан қорғау үшін, оларды зерттеу үшін қаржыландырады. Осының қауіптілігі, оның ойынша, бақытсыз маргиналды күнәлі адамдар және мемлекеттен кетуге мәжбүр болған адамдар, қоғамнан шеттетілгендер және жазаланғандар. Қаржыландыру өзіміздің институттар мен саяси императивтермен шектеліп отырады, олар тек жеке кемшіліктерге тоқталып және де адамдардың шынайы өміріндегі қиын жағдайларға қараудан бас тартады. Fine (2012: 422) ең жаман жағдайда келесіні ескертеді:

Бізді жалпылықты емес, топтараралық қақтығыстар ассимиляциясы, жалған сенім және ұқсастық қауіп жолымен неолиберализмді қолдайтын ғылымды; және автономды жекешілдікті фетиштайтын, тарихты және контексті бұрмалаудан еркін ғылымды; сыртқы шынайылыққа қатысты ішкі әділеттікті қамтамасыз ететін ғылымды қалыптастыру үшін жұмысқа алды. Сонымен қатар, қолданбалы зерттеулерде кеңейтілетін және әсердің жоқтығы туралы нәлдік гипотезаны растайтын ғылымды және шығынды азайту шешімін заңдастыратын, тиімділікті максималдайтын, жемқорлықты және сараңдықты жоятын, нәтижені жақсартатын ғылымды қалыптастыру үшін алды (2012: 424).

Ол күнделікті бағдарламаларды бағалаудың ұнамды әдісі ретінде әдіснамалық тарылтуға және рандомизацияланған қадағаланатын зерттеудің «триумфалдылығына» ерекше сыни көзқараспен қарайды. Біз 5-тарауда көрсеткендей Раунг (2004, 2008) жұмысында, нәтижелер сәтсіз болса үкімет RCT бағалаушылары қосуға және дәлелдеме тәжірибесін сұрай алады.

Бұл біздің үмітсіздіктің кеңесінен қалып бара жатырмыз деген сенім тудырады. Бұл олай емес. Бірақ біздің ойымызша, сот психологиясы даму жолын таңдау кезінде бірнеше сыни таңдаулардың алдында тұрғаны анық. Біз гипотезалық сценарийді алға қоямыз, яғни: егер сот психологиясы одан сайын радикалды болса қалай болмақ? Ол дегеніміз, қоғамдық дебаттарға белсенді түрде қатысу, адамгершіліксіз саясатпен күресі және әлеуметтік әділеттік мәселелеріне белсенді түрде қатысу. Біз сот психологиясы осы жолды таңдағанын қалаймыз. Бірақ біз бірінші, сот психологиясы соңғы он жылдықта қандай жетістіктерге жеткенін саралауымыз қажет.

СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІН ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙМЫЗ?

Loader және Sparks (2012) криминологияның қазіргі жағдайын қараған кезде, олар сот психологиясының мәртебесін анықтайтын әдісті қолданған болатын. Олар кейінгі Stan Cohen (Cohen, 1981) тұстары ретінде талдаудан бастады, соның арқасында ілгері жылжуды бағалауға мүмкіндік туындады. Олар криминологияның дамуын түсіндіру үшін кең тақырыптарды пайдаланды, мысалы, саясаткерлердің қылмысқа көп мән беруі; қарама-қайшылықтардың болуы және пәндер шекарасынның қасиеттері. Соларға сүйе-

не отырып, олар әртүрлі саяси және әлеуметтік-экономикалық әсерлерді сыни тұрғыдан қарастырды, кейін басты деген сұрақтарды қойды: криминологияны не қызықтырады, криминологиялық зерттеулерді кім тапсырады және оның нәтижелері қандай? Ұлыбританиядағы жағдайды айтатын болсақ, Loader және Sparks (2012: 4), Cohen шолуы «көптеген маңызды өзгертулердің қарсаңында» жарияланды деп түсіндірді. Саяси жағынан британдықтар Маргарет Тэтчердің Консервативті администрациясы бастаған әділет мекемелеріндегі өзгерістердің қарсаңына түсіп қалды. Академиялық тұрғыдан, «сол кезде аз ғана болған криминологиялық әдебиеттің барлығын оқуға болатын еді» (түпнұсқа). Келесі – саяси салада қылмысқа деген ерекше назар болды және академиялық шеңберде криминологиялық саланың кеңеюі.

Ұқсас түрде біз сот психологиясы саласында, педагогика және клиника салаларында зерттеулердің кеңейгенін байқаймыз. Қазіргі таңда Ұлыбританияның магистрлік және Құрама Штаттардың (Neil Brun және Brooks, 2010) аспирантурасында, Канада (Helmus және басқалар, 2011) және Австралияда (Packer, 2008) көптеген курстар бар. Crighton және Towl (2008: 30) бір жайтты ескерген, Ұлыбритания абақтыларында жұмыс істейтін психологтарды қаржыландыру 2000 ж. 12 млн. фунт, ал 2005 ж. 30 млн. фунтқа дейін артқанын айтады. Бұл өсімге қарамастан, жалпы, сот психологиясы бойынша мәтіндер жазатындар атқарылып жатқан жұмыстар мен олардың әсерінің артуына себеп болатын сыртқы факторларға өте аз назар аударған. Needs (2010b: 77), мысалы бұл қаржыландыру Ұлыбритания абақтыларындағы ақтаудың аккредиттелген бағдарламаларына қатысты болды, ол абақты психологтарының артуына алып келгені сөзсіз. Оның айтуы бойынша, менеджерлердің мақсат пен аудитке деген басты назары белгілі бір жағдайда сот психологтарының рөлінің төмендеуіне алып келді. 13.1-қосымшадағы оның ойы бойынша, сот психологиясы келесі итерацияға дайын.

13.1-қосымша. Adrian Needs сот психологиясының дамуы туралы

1983 жылы менің абақты қызметіне қосылуымның бір қызықты себебі – бұл сала дамымаған болатын (ол кезде ешкім сот психологиясы деген терминді қолданбайтын). Әрине, бастама және осы саладағы жасампаздық осы саланың дамуына алып келді, және адамдарға көмек беру қызметінде жақсы қызмет атқарды. Сонымен қатар осы жұмыс әртүрлі болуы мүмкін.

Бұл кезең КМҚТ (когнитивті мінез-құлық терапиясы) басым бола бастаған кез. Бұл басқа тәсілдердің пайдаланылуына жол ашты; мен былай шештім: тұлғалық конструкт теориясы өте маңызды. Жаңашылдық құқық бұзудың ұсталмайтын мотивациялық аспектілерін және «Менің мінез-құлығымның және ойлауымның әдісі» (ММҚЖОӘ) концепциясын зерттеу үшін, баспалдақты әдіс ретінде қолдану болды. Мені жақында жиырма жыл бұрын жасаған материалым қайта басылып шығарыла ма деп сұрады? Бұл жұмыс үлкен шеңбердегі зерттеулерден қолдау алған жоқ деп айтуға болады. Бірақ, бір жағынан институциялық мінез бен дұрыстау мәселесінде бұл тиімсіз және тез орын алмайды десе болады.

Және де ұйымдастырушылық деңгейде кеңесші ретінде жұмыс атқаратын психологтардың мықты дәстүрі болатын. Кейде олар жоғары деңгейдегі кәсіби мамандар болды, клиникалық салада олардың практикалық тәжірибесі мен шешімдері, абақтыда жұмыс істейтін психологтардан жоғары болды. Көп жағдайда жан-жақты болсаң соны менеджерлер бағалайды. Бірақ кейбір қызметкерлер, психолог жұмысына синергетикалық қа-

рым-қатынаста болады. Олар қамалғандар мен қызметкерлер арасында абыройға ие болады.

Мен кеткен соң психологиялық штат қызметкерлері жұмысының жаппай кеңеюі (ешқандай байланыс жоқ деп ойлаймын), бағдарлама және тәуекелді бағалау рөлдерінің қысқаруы орын алды. Бұл жұмысты атқару үшін психологтарды жұмысқа алды, ал одан бұрын жасаған сот психологтары деп аталды. Кеңейтудің жылдамдығы жоғарыға тез көтерілген адамдардың кейбіреуі бұл үлгіден тыс жұмыс істей алмағандығын, және олардың тәжірибесі аз болғандығын білдірді. Мен бұл нәрсенің барлығына фаусттық келісімге сияқты сілтеме жасауға қысыламын, бірақ кейбір артықшылықтары мен кемшіліктері де болды. (Gannon және Ward, 2014). Тағылымгерлер екінші кезеңнің қысқартылған мүмкіндіктерінен зардап шекті, бұған тіпті бюрократиялық әдісте көмектеспеді, ол бірнеше жыл бойы басқарылып және интерпретацияланып келді (Needs, 2010a).

Мен көптеген жылдар бойы экстерналды абақты контингентімен жұмыс атқардым, кейді өте қиын жағдайлар болды (Сіз көп жұмыс атқарған сайын, сізден соны көп сұрайды.) Мен қорлаумен жұмыстың бір бөлігі болған соң келісімен: мен намыс, біржақтылық және аяушылық түсініктеріне сай болуға тырыстым, оларды кейбіреулер ескі дәстүр деп түсінуі мүмкін. Барлық мәселе мынада, біз бір нәрсені біреуден күте алмаймыз, олар мысалы бір нәрсе туралы естімесе де, оларға керек кезде қызығушылық танытып, әрекет етуге дайын болады. Кәсіби этика клиенттер мен зерттеуге қатысушыларға не істеп жатырмыз деген жай ғана сұрақ болмауы тиіс. Ұзақ және сан-қилы қызметіме қарап, мені ойландыратыны осы. Бұл маған әртүрлі сала туралы түсініктерді тануға көмектесті, ол ұйымдастыру сәтсіздігінен тақырыбынан бастап ПТСК (посттравматикалық стрестік күйзеліс) дейін қамтиды. Және де мен көзқарастарымыз сай келетін бірнеше лайықты адамдарға махаббатпен қараймын. Бірнеше себептерге байланысты, жиі олар өте өткір қалжыңы бар адамдар болады!

Сот психологиясы жаңа жаңашылдықтар мен басқа да салаларға сай келетін бірнеше ерекшеліктері бар. Тұлға конструкторі теориясының терминдерінде, бұл «креативтілік циклы» бөлігі «первенциядан» «сақтыққа» өту болып табылады. Осылайша, ары қарай даму үшін қазіргі таңда үлкен мүмкіндіктер бар. Қазір біз контекстуалды әсер аламыз (және әсер ететін контекстер)

Loader және Sparks (2012) қосымшаларын пайдалану арқылы біз негізгі деген құжаттарды сәйкестендіре аламыз, оны сот психологиясының дамуын бағалау үшін эталон ретінде ала аламыз. Ron Blackburn деген профессор бізге шыққан жерін ұсынады. Оның сот психологиясына қатысты шолу (Blackburn, 1996) «Legal and Criminological Psychology атты бөлімі сот психологиясы журналында жарық көрді.

ПӘН РЕТІНДЕ СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ҚАНАДЫ?

6-тараудағы пікірталас кезінде біз неміс психологы Wilhelm Wundt-қа ғылыми эксперименталды психологияның ертедегі өкілі ретінде назар аударған болатынбыз. Wundt-тың студенті, Hugo Münsterberg William James-тің шақыртуымен Америка Құрама штаттарына барды, ол 1892 жылы Wrightsman, 1999) Гарвард университетінің психологиялық лабораториясын құраған болатын. Ол зертханалық психологиялық білімді шынайы білім алу және жұмыс, сонымен қатар қылмыстық салада пайдаланды. Сондықтан, сол кезден бастап сот медицинасы қолданбалы психологияға айналды. Сот психологиясы психоло-

гияның басқа салаларындағы идеялармен ортақтасады – психологияның негізгі идеялары, нақтырақ айтқанда, мінездің биологиялық негізі, оқыту теориясы, когнитивті концепциялар, ес, зейін, сезіну және ақпаратты өңдеу, даму үдерісі, сонымен қатар, әлеуметтік психологиядағы жақындасу және өсу, қарым қатынас, атрибуция, және топтық процесс мәселелері және олардың шешім қабылдауға деген әсері (Нагтоуер, 1998-9). Және қосымша ретінде гуманистік және психодинамикалық тәсілдер, ол жерде мотивация мен қажеттіліктер туралы сөз қозғалады, сонымен қатар адам тәжірибесінің ерекшеліктері қарастырылады (Bekarian және Levey, 2005).

Сот психологиясының қалыптасуына әсер еткен басты бағыттың интеллектуалды өзгертулері болды. 1970 жылдары әлеуметтік психологияда парадигманың алға жылжуы болды (Backman, 1979). Эксперименттік әдістен және қаралған тақырыптардан көңіл қалу, нақты өмірдегі зерттеу сол қатысушылардың тәжірибесі мен мінезіне байланысты тікелей сұхбат алу деген ойға алып келді. Бұл сапалы әдістемеге жетеледі және белсенді қатысушы дегенді тудырды, ол пассивті экспериментальды субъектіні алмастырды. Заң мен психология туралы айтатын болсақ, Nagel (1983: 17) «әлеуметтік психологтардың өсуі» олардың пәнін әлеуметтік саясатқа жылжытудың сәтсіздігіне рефлексия жасаумен байланысты, [ол] әлеуметтік психологияның академиялық тиімді табиғи үлкен қызығушылығынан бас тарту болды ... әрекеттерге көбірек бағдарлануға талпыныс [жасалды].

Эксперименттік дәсабақтың ажырасу әрекеті байқалды. Зерттеулер нақты жағдайға және экологиялық анықтыққа көшті. Лабораториялық тәжірибелер зерттеуге қатысты үдерістерді түсінуге көмек берсе, ал алаңдық зерттеулер оған қарағанда қиын.

Сапалы әдіснамаға жылжудың бір салдары – терапияда және емдеуде реципиентті болашағы бар ретінде қарастыру болды. Осылайша, «қолданушы сарапшы ретінде» деген идея бағалауда қолданыла бастады, оған сәйкес, пациенттер мен тұтқындарға олардың өз мағынасында өздерінің интервенцияларының тәжірибесін түсіндіру ұсынылды (Broadmoor Tarpetal емделушісін қарау, 2013).

Басқа өзгертулер когнитивті революцияның арқасы (Hollin, 2012). Бұл мінездік перспективадан жеке тұлғасыз когнитивті қызметті ажыратып алды, мысалы тұлғалар арасындағы мәселелерді шешу, сезіну және қабылдау үдерісі. Бірнеше концептуалды идеялар қылмыстық теорияға қосылды, мысалы адамдардың әрекеті олардың жеке қалауы және оларды сыртқы факторлар әсерінен болды деп есептейді. Hollin бір нәрсені ескереді, эмпатия және перспективаны қабылдау қасиеті және моральдық пайымдау деген түсініктер – әлеуметтік танымның басқа аспектілері, олар қылмыстық мінезбен байланыстырылады. Біз әлеуметтік ақпаратты өңдеу идеясын когнитивті психология негізінен алдық. Бұл мынандай үлгі кезеңі: бірінші адамдар әлеуметтік сигналдарды кодтайды және интерпретациялайды, кейін өңделген ақпаратты түсінуге негізделе отырып, алдына мақсат қояды. Одан кейін, олар қалай жауап беру керектігін шешеді – көбінесе бұрынғы тәжірибеге сүйенеді, басқа нұсқаларды қарастырады, кейін олар өз мақсаттары үшін ең дұрыс деген шешімді қабылдайды. Көптеген қиын үлгілер мен зерттеу базалары жасалды, бірақ Hollin көрсеткендей, когнитивті факторлар қылмысқа толық түсінік бере алмайды.

Бұрын түсіндіре кеткендей, ештеңе жұмыс істемейді позициясынан құқық бұзушылармен интервенция қарым-қатынасы және не жұмыс істейді (McGuire, 1995, 2013) позициясына көштік, бұл ТҚС (Тәуекел-қажеттілік-сезімталдық) және ЖӨМ (Жақсы өмір моделі) (Wakeling және Travers, 2010) дамуларында көрінеді. ЖӨМ адам құқығын қорғау жағында болды және өзгеретін үлгіге жақын нәтижені іздеді.

Сот психологиясы «кездесу орны» (David Downes (1998) криминологияны түсіндіруі үшін ойлап тапқан термин) пәні ретінде сана алады, себебі ол қылмыс мәселелерінің айналасында ұйымдастырылған алаң және психология мен криминология тоғысатын жерде орналасқан 13.1-суретте бейнеленген.



13.1-сурет. Психологияның, құқықтың, криминологияның тоғысуы

Біз жоғарыда психологияның басқа салаларына түсінік бердік, және сот психологиясы Loader және Sparks (1998) терминологиясында «рейдер» болып табылатынына қуаныштымыз. 13.2-қосымшасында Clive Hollin психология мен криминология арасындағы байланыстың күшеюі және әлсіреуі туралы айтады.

13.2-қосымша. Clive Hollin психология және криминология арасындағы байланыс

Ғалымдар біздің күнделікті өмірімізді реттеу үшін әлемді дискретті пәндерге бөліп тастаудан басқа жақсы ештеңе ойлап таппады. Бірақ та кейбір тақырыптар академиялықтың егжей-тегжейлілігіне мүлдем сәйкес болмайды, олар белгілі бір салаға үміткер пәндердің шеңберінен шығып кетеді. Бұл мәселе криминология мен психология (құқықтану мен әлеуметтануды айтпағанда) академиялық басымдықтарын білдірген кездегі қылмыста өте өзекті болып табылады. Қылмыстың ғылыми түсінігіне қатысты наразылықтар мен қарсы наразылықтар бірнеше кезеңнен өтті.

1-фаза, 1879-1967: Айырмашылықты анықтаңыз

Егер біз психологияның академиялық пәнін 1879 ж., яғни Wilhelm Wundt (1832-1920) Лейпциг қаласында психологиялық лаборатория ашқан уақыттан бастап алатын болсақ, осы мерзімнен бастап екі басты ереже пайда болды: (1) психология эксперименталды әдістерді пайдаланатын ғылым болды; (2) психологияның негізгі проблемасы индивидуалдылық болады. Осылайша, бұрынғы қылмыстық мінездің теориялары, мысалы, William Sheldon-ның (1898-1977) конституциялық теориясы, генетиканы, интеллектіні және психологиялық қызметті қамтыды. Мұндай тақырыптарға криминологияның бастамашылары Cesare Lombroso (1835-1909) және Richard Dugdale (1841-1883) назар аударған, олар лабораториялық эксперименттерден емес, антропологиядан шыққан болатын.

2-фаза, 1967 – 1980 ж. ортасы: бір ортақ көзқарас жоқ?

Психологияның дамуына байланысты, әсіресе әлеуметтік әсердің адамға қатысын ескере отырып, криминология одан сайын әлеуметтануға ұқсас болып келді. 1973 ж. «Жаңа криминология»/The New Criminology Ian Taylor, Paul Walton және Jock Young жарияланған соң, криминология мен психология арасында алшақтық пайда болды. Hans Eysenck (1916-1990) баяндаған қылмыстық мінез теориясына карама-қайшы, жаңа криминология психологияның әлеуметтікке емес даралыққа, оның саяси анализіне емес, ғылымилығы мен позитивістігіне екпін қойғанына сыни көзқарасын қарады. Арақашықтық сызығы белгіленді, криминология және психология арасында ешқандай байланыс қалмады немесе аз ғана байланыс қалды. Психологияның өзінің келесі теориялық фазасына көшуіне байланысты, ол мінез-құлықтың әлеуметтік аспектілерін іздеу үшін криминологияға ілескен жоқ, оның орнына ол адам қызметінің биологиялық және танымдық түсініктерін табу үшін, оның ішіне қарай үңіліп кетті. Осы кезеңде психология мен криминология арасында қандай да бір байланыс нүктесін табу қиындап кетті.

3-фаза, жылдардан бастап қазірге дейін: Жүрек қарым қатынастары?

1990-жылдары америкн криминологиясының ішіндегі бірнеше бағыттар қылмыскердің өзіндік қасиетіне бет бұрды, бұл «ойлаушы қылмыскер» түсінігінің әсерінен болды деп айтуға болады. Ұлыбританияда қылмысты азайтудың бастамасы белгілі бір деңгейде Don Andrews және Paul Gendreau деген канадалық зерттеушілердің арқасында жүзеге асты; Кейін Joel Dvoskin бастаған Америкн қоғам және құқық психологиясы зорлық-зомбылық қылмыстарды азайту жобасы құқық бұзушылардың дәлелдік практикасының артуына алып келді. Бұл психологтар мен криминалистердің бәрнеше пәнаралық дайындамаларының және оның жұмыс істейтін бағдарламаларға енгізуі және бағалауына алып келді. Бұл ұйымдастық қолданбалы мағынада ғана пайда алып келіп жатқан жоқ, сонымен қатар әртүрлі ғылыми және публицистикалық бағытта да пайдасын тигізуде.

Біз ескі криминологиямен емес, қоғамдық криминологиямен жақындағанын қалаймыз, себебі сол арқылы қазіргі әлеуметтік-экономикалық және саяси контекстке баға беріп, сот психологиясына жаңа ойлау әдісін ұсынбақпыз. Turner (2013) ұсынысы бойынша, біздің қазіргі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайымыз ақиқатқа қауіп төндіріп тұр дейді және қоғамдық криминологияның бір басты функциясы, ол – ақиқат үшін күресу. Ол дегеніміз – ізгіліксіз саясатты қолдайтын идеяларға қарсы күресу. Мысалы, Солтүстік Африкадан Еропаға қайық арқылы заңсыз өтетін иммигранттарды бұл заңсыз әрекетті тоқтату үшін оларды құтқармау қажет. Turner-дің айтуы бойынша, зерттеу жасау жеткіліксіз, себебі үкімет тарапынан шығаратын қорытындыға қарсы қорытынды шығару қажет (біз бұл туралы 5-тарауда айтқан болатынбыз). Нәтиже ретінде мынаны айтуға болады, сот психологтары бейтарап шекарадан шығып, принципалды позицияны бекіту үшін көпшіліктік дебаттарға қатысуы тиіс, бұл саясатты жақсартуға көмектеседі, мұны Don Andrews Канадалық комиссияның шешіміне байланысты сын айтқан кезде жасаған болатын (Andrews, 1990). Бұл уағыздау деген сөз емес, себебі зерттеулер мен тәжірибелік дәлелдер пікірталастарды шеше алмайды, бірақ бұл басқа да альтернативті дауыстарды тыңдауға және қалыптастыруға мүмкіндік береді. Шынында, ғалымдар саясаткерлермен, полицейлермен және қоғаммен жақсы сөйлеспейді (Rock, 2014). Paul Rock былай деп хабарлайды, криминология (сот психологиясында қатысты) қылмыстық әділ сот жүйесінің «алыптарымен» қапаланған, яғни – сот жүйесі, полиция және адвокатура.

Сот психологиясы мен құқықтың өзара әрекеттестігі күрделі (Blackburn, 1996; Carson,

2003; Haney, 1980). Haney үш жақты классификация ұсынды: *заңдағы психология, психология және заң, заң психологиясы*. Blackburn бұл айырмашылықтарды былай түсінеді: *заңдағы психология* куәгерлік айғақтардың сенімділігі, айыпталушының біліктілігі немесе балаларға қамқорлыққа алу жағдайларындағы ата-аналардың қабілеті сияқты нақты арыздарды білдіреді. *Психология және заң* – психологиялық-құқықтық зерттеулердің пәні. *Заң психологиясы* нәліктен кейбір заңдар орындалып, басқалары бұзылатындығына қатысты немесе жазалауға деген қоғамдық қатынасқа қатысты. Carson (2003) екі пән арасындағы өзара байланыс туралы пікірталасты жалғастырады және оның классификациясы сот психологиясы пәнінің дербестігі үшін кілт болып табылады деп бекітеді. Бұл сонымен бірге Атлантиканың басқа жағында талқыланады (Hess, 2006). Ол *заңдағы психологияны* сипаттайды және абақтыдегі зерттеулердің мысалын береді және *заң бойынша психологияны*, басқа сөзбен айтқанда, заң кодификациясын сипаттайды. Мысалы, егер клиент үшінші жақтың өміріне немесе амандығына қауіп төндіретін болса, оларға ескерту міндеті сияқты мінез-құлықты белгілеген кездегі жағдайларды сипаттайды. (Tarasoff шешімі). Ақырында, ол психологиялық-құқықтық сұрақтарды қарастыратын *заң психологиясы* туралы айтады және ол алқабилер азаматтық талаптар бойынша наразылықтардың көлемін қалай есептейтіндігін анықтау үшін алқабилердің болжалды зерттеулерін мысал ретінде келтіреді. Сондықтан біз бұл жерде Құрама Штаттар мен Ұлыбритания арасындағы бірнеше әртүрлі түсіндірмелер мен акценттер көріп отырмыз.

Одан кейін сот психологиясы дербес білім саласы болып табылады деп бекіту үшін жеткілікті бөліну деңгейлері бар ма деген сұрақ туындайды. Ogloff және Finkelman (1999: 13) психология мен құқық арасындағы өзгешеліктерді келесідей тәсілмен анықтайды:

- психология креативтілікті, ал заң консерватизмді айрықша белгілейді, яғни психология түпнұсқалықты іздейді, сол мезгілде заң өткен шақтағы пайымдаулар, өткенде орын алған жағдай түсініктері арқылы әрекет етеді;
- психология эмпирикалық, ал заң авторитарлық болып табылады, яғни алғашқысы ұдайы тестілеу арқылы дәлелдемелердің көбеюіне сүйенетін болса, сол мезгілде екіншісі иерархиялық жүйеге ие, оған сәйкес ең төменгі сатыдағы сот жоғарғы соттың шешімдеріне бағынады;
- психология эксперименттерге сүйенеді, ал заң жарыс үдерісіне жүгінеді, яғни түсіну объективті зерттеу жолымен кеңейеді, ал жарыс контекстінде ол прецедент анықталған кезде жағдайды жеңіп алады;
- психология – сипаттаушы, ал заң тағайындайды, яғни психология шын мәнісінде не болып жатқандығын сипаттауға тырысып жатқан уақытта, заң не болуы керек екендігі туралы айтады;
- заң идеографиялық, ал психология номотетикалық, яғни заң жағдайларында мінез-құлық белгілі бір жағдай үшін ерекше болып табылады, ал психология жалпылауларды дамытуға тырысады;
- заң анықтылықты, ал психология ықтималдылықты айрықша белгілейді – яғни заңда айыпталушы не кінәлі, не кінәлі емес (немесе Шотландияда сияқты іс дәлелденбеді), психологиялық қорытындылар жиі статистикалық ықтималдыққа негізделген, яғни олардың пайда болуы кездейсоқ емес (заң статистикалық ықтималдылықтарды өңдеу кезінде ерекше қиындықтарға тап болады);
- психология проактивті, ал заң реактивті, - яғни заң, оған не ұсынылатын болса, сонымен жұмыс жасауы керек, ал психологтар нені зерттейтіндігін таңдай алады.

Mark Brown заң мен психология арасындағы айырмашылық өз негізінде таным теориясынан, не нәрсе әлеуетті белгілі екендігінен және заңгерлер мен психологтар «айқын түрде бір ғана құбылыс болып тұрған жерде екі көзқарасты ұстауға» тырысқан кезде пайда болады деп болжайды (Brown, 1997: 221). Бұл «заңгер және мінез-құлықтық ғалым әртүрлі негіздерге, пәндерге, әдістерге және мақсаттарға ие болатындығымен» түсіндіріледі (Carson, 2003: 21). Carson психология мен заңға қатысты (мысалы, Hollin психология мен криминологияға қатысты) «анағұрлым тиімді әділеттіліктің» пайдасына пәндік ажырауды тоқтататын «жоба» ұсынады. Бірақ біз заңды онтологиялық және эпистемологиялық жағынан ұғынсақ не болады? Заң алаңы – бұл біздің жұмыс жасайтын және әрине, біз тиімді қарым-қатынас жасау керек жеріміз, бірақ біздің пән, жоғарыда көрсетілгендей, бірлескен іс-әрекет болып табылмайды. Біз 1-тарауда баяндап өткендей, ‘Legaland’ және ‘Mentaland’ әртүрлі мәдениетке, тілге және мақсаттарға ие (Eastman, 2000). Заң және қылмыстық әділ соттың едәуір кең жүйесі бізге «бөлмелер» ұсынады, мысалы, сот залы, қылмыскердің камерасы және терапевтік бөлме, ол жерде бізде осы жағдайға сот жүйесінің және қылмыстық әділ соттың мамандарына қарағанда, басқаша қарау үшін айқын рөліміз бар (Bekerian және Levey, 2005).

СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ПАЙДААСЫ ҚАНАДАЙ?

АКТИВТЕР

Blackburn (1996) сот психологиясының пайдалылығын сынға алады. Бұл бізге осының барлығынан қандай пайда бар деген сұрақ қоюға мүмкіндік береді. Егер ол солай болса, Carson терминдеріндегі сот психологиясының әділ соттың тиімділігіне ықпалы қандай және Loader және Spark криминология туралы сұрағына жауабында бұл қылмыскерліктің ең жақсы саясатына және оны реттеуге қалай жағдай жасайды? Басқа сөзбен айтқанда: сот психологиясы қоғамдық игілік әкеліп жатыр ма? Сот психологтары азаматтық игіліктер жасай ма, мысалы, ауқаттылықты жасауға қатыса ма, әлеуметтік әділеттілікке жағдай жасай ма, саясатқа ықпал етуге белсенді қатыса ма?

Quinsey (2009) бағалауында сот психологиясының кейбір салалары үлкен табысқа жетсе, басқаларында алға жылжу болмады. Соның ішінде, ол технологиялар мен статистикалық күрделілік саласындағы жетістіктер мәліметтерді жинауды және өңдеуді айтарлықтай жақсартты деп есептейді. Әрине, өлшеудің ең жақсы әдістері бізге «ештеңе жұмыс жасамайды» деген пессимисттік позициядан кетуге көмектесті, ол оңалтушы интервенциялар / араласулар үшін үміттендіретін «жұмыс жасайтын бағдарламалар» (және сол сияқты) позициялары үшін аз негізге ие (McGuire, 2013). Craig, Dixon және Gannon (2013) қарастырған зерттеулерден, жүздеген қамаудағы адамдар олардың когнитивті және эмоциялық дағдыларын жақсартуға бағытталған бағдарламалардың арқасында айтарлықтай пайда көргендігі анық, сонымен бірге метаталдаулар (мысалы, Farrington және Welsh, 2003) ерте араласу / интервенция қылмыскерліктің алдын алуға ықпал етуі мүмкін деп көрсетті.

5-тарауда біз жаңа жазалау шаралары концепциясын талқыладық. Бұл едәуір қатаң жазалауға жылжуға және ұзағырақ бас бостандығынан айыруға алып келді. Andrews және Bonta (2010) оңалту сот және түзетуші саясаттың бөлігі болып табылған «Канаданың өзінде» абақтыдегі физикалық жағдайлар және бас бостандығынан айыру күшейтілген болды деп жорамалдайды. Олар анағұрлым қатаң жазалаудың түзетуші бюджеттер-

ге және «қатаң» саясаттың пайдасына психологиялық араласулардың девальвациясына қатысты қысымын атап өтеді. Бұл қатаң саясаттың негізінде жатқанымен, Martinson және «ештеңе жұмыс жасамайды» позициясының шолуы бойынша, оңалту ықпалын дамыту бойынша талпыныстар тоқтап қалды дегенді білдірмейді. 1990 жылдарда Тәуекел-қажеттілік-сезімталдық бағыты құрылған болатын. Tony Ward және оның әріптестері құқық бұзушыларды бағалау, терапия жасау/емдеу және бақылауға қатысты адам құқығының перспективасын құруда маңызды рөл ойнады (Ward және Birgden, 2007). Бұл оңалтуға мықты бағыт ретінде Жақсы өмір моделін құрудағы негізгі бағыттардың бірі болды (Ward және Maruna, 2007). Бұл бағыт атақты бола бастағаннан кейін, оны келешегі бар деп бағалайды (мысалы, Gannon және басқалар, 2012; Harkins және басқалар, 2012). Біз бұл толықтай дұрыс деп санаймыз және ол сыни және саяси психология ұсынатын психология негіздерінің сынымен жақсы үйлеседі.

Сонымен бірге әңгімелесуді жүргізуге айтарлықтай үлес қосылған болатын. Когнитивтік сұхбаттың және оны балалар, қарт кісілер және оқудағы мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін сенсублизациялайтын модификациялардың дамуы сот психологиясының маңызды жетістігі болды (метаталдау қараңыз, Мемон және басқалар, 2010).

Соның ішінде, сот психологтары осал күдіктілерді және айыпталушыларды, сонымен қатар осал куәгерлерді қарастырды (Bull, 2004; Gudjonsson, 2010). Gudjonsson (2010: 161) құрбандарға, куәгерлерге және күдіктілерге деген сенім «қылмыстық әділ сот жүйесінің алдында тұрған ең күрделі тапсырмалардың бірі» деп бекітеді. Соның ішінде, Gudjonsson (2003b) әділ сот жүйесіндегі сот қараушылықтарымен, соның ішінде осал күдіктілердің жалған куәліктерімен байланысты сот психологиясы сараптамасының мысалдарын келтіреді. Gudjonsson иланушылық шкаласы 1991 жылы Ұлыбританиядағы Апелляциялық сотта алғаш рет қабылданды. Бұл Engin Raghbir, «Tottenham Three-дің» біреуі болып табылатын, оған Broadwater Farm-да 1985 жылғы тәртіпсіздіктер кезінде полицейлік констебль Colin Blakelock-ді өлтіргендігі үшін айып тағылды. Gudjonsson талдауы Mr Raghbir айтарлықтай интеллектуалды бұзылыстардан азап шегетіндігін, сауатсыз және өте қатты иланғыш екендігін көрсетті. Сот психологиялық қорытындыны қабылдады және айыпталуды болдырмады. Сол кезден бастап Gudjonsson иланушылық шкаласы АҚШ және Скандинавияның соттарында пайдаланылуы кеңінен тарала бастады.

Ray Bull және оның әріптестерінің жұмысы сот кезінде осал куәгерлерге көмек көрсету үшін экрандар, теледидар, нақты мәліметтерді және делдалдарды бейнежазбаға түсіру сияқты арнайы шараларды дайындауға жағдай жасады (Bull, 2010). Сонымен бірге Bull 2002 жылғы осал және қорқытылған куәгерлер үшін ең жақсы дәлелдемелерге («АВЕ») қол жеткізу бойынша алғашқы нұсқаулыққа өз үлесін қосты (Ақ Патша үкіметі, 2002 жыл). Ерте меморандум Bull тапсырылған жұмысқа негізделді және оның айтуы бойынша, бұл 1992 жылғы түпнұсқалық меморандум (13.3-қосымшаны қараңыз) әлемдегі ең алғашқы болуы ықтимал және негізінен психологиялық дәлелдемелерге негізделді.

13.3-қосымша. Ray Bull ойлары

Менің сот психологиясына саяхатым мен Exeter университетінде психология саласында (математикалық статистикамен және таза математикамен) бакалавр дәрежесін алған кезде «басталды», ол жерде психология факультеті заң факультетінің ғимаратында орналасқан болатын. Таңғаларлық, бірақ, менің психологияны заң және полицейлік нұсқамаларға қолдануға деген тым кеш қызығушылығымды ескере отырып, ол кезде бұл

маған ешқандай ықпал етпеді, әйтсе де заңгер-студенттердің кейбіреулері менің университеттік достасым болды.

Ехетег-де 6 жылдан кейін мен Лондонға көштім, ол жерде зейін, қабылдау, еске сақтау және эксперименттерді/статистиканы алдыңғы қатарлы дизайнын жасауға маманданатын эксперименталды психология бойынша дәрістер курсына бардым. Ол жерде маған ішкі істер министрлігінен мынадай сұраныс келді: куәгерлердің адамдарды және олардың түрлерін тану бойынша адал, бірақ қате куәгерліктері туралы зерттеу әдебиеттерінің тәуелсіз шолуын жасау. Мен оны жасадым және шолу аяқталған кезде, мен менде кітаптың бір бөлігіне айнала алатын және тарау ретінде кеңейтуге болатын кейбір бөлімдер бар екендігін түсіндім. Мен бұл туралы когнитивті психология бойынша дәрістер оқитын Brian Clifford-пен бөлістім және ол осыны жазуда маған қосылуға келісті. Алынған ұсынысты екі баспашы қабылдамады, бірақ ғылыми себептер бойынша емес, ал «біршама төмен сатылымға» байланысты. Кітап ақыр аяғында 1978 жылы «Тұлғаны сәйкестендіру психологиясы»/The Psychology of Person Identification деген «әлсіз» атпен жарияланды. Барлық тиісті әдебиеттерді білу менің мансабымдағы маңызды оқиға болды.

Лондондағы оқиғадан кейін (1980 жылдарда), әсіресе Брикстондағы 1981 жылғы тәртіпсіздіктер Астаналық полицияны, кіші күзеттің мінез-құлқы үшін, сынға салуына алып келді. Сол себепті лондон полициясы ('Met') өзінің қызметкерлерін жалдау/тағылымнан өткізу бойынша дайындығын кеңейтуге, оларды «адам туралы хабардар болуға» үйретуге (яғни, тұлғааралық қатынас дағдылары, өзін-өзі түсіну және мәдени хабардарлық) шешім қабылдады. Бұл айтарлықтай инвестицияны талап етті және 'Met' жаңа оқытудың тәуелсіз бағалауын жүргізуге шешім қабылдады. 1981 жылы меннен осы 12-айлық бағалауды жүргізуді сұрады. Менің баяндамадағы ұсыныстар қабылданды және менің осы жұмысты тағы төрт жылға жалғастыруымды сұрады. Мен осы ұзақ жобаның нәтижесі полицейлерді дайындаудағы ұлттық деңгейдегі маңызды өзгеріс болғандығы үшін ерекше қуандым.

Мен 1980 жылдардың аяғында Глазго, Шотландияға көштім, ол жерде психология кафедрасын басқардым. Доктор Rhona Flin бастамасымен біз Глазгодағы қылмыстық үдерістерде куәлік беретін бала-куәгерлерге ірі зерттеу жүргізу үшін сұраныс жасадық және Шотланд Үйінен, денсаулық сақтау Департаментінен зерттеуге грант алдық. Мұндай күрделі және шетін зерттеулер бұрын жасалмаған болатын және оның қорытындылары Ұлыбританиядағы балаларға өз куәліктерін жеткізуге қалай көмектесуге болатынына қатысты жаңа заңнамаға қатысты саясатқа айтарлықтай ықпал етті. Сонымен бірге, ол уақытта Корольдік бөлім (Шотландияда) меннен шотландық заңгерлер үшін жан-жақты анықтамалық құжат жазуымды сұрады, оның тақырыбы ««ақыл ой кемістіктері бар» куәгерлерді олардың бастарынан өткен нәрсе туралы қалай сұрастыру керек?» деп аталды, бұл есеп те Ұлыбританиядағы, және мүмкін, оның шегінен тыс жерлердегі кейінгі заңнамаға айтарлықтай ықпал етті.

1990 жылы мен Англияға Портсмутта психология бөлімін құру үшін қайтып оралдым. 1992 жылы Англия мен Уэльс үкіметі қылмыстық үдерістерде дәлел ретінде, куәгер балалармен полиция/элеуметтік жұмыс қызметкерлері жүргізетін сұхбаттың бейнежазбасын жазуға рұқсат беретін заңнама енгізді. Ол уақытта тағы бірнеше мемлекет мұны әлі істемеген болатын және осыған байланысты бейнежазбаның тиімділігі туралы алаңдаушылық кең таралған болатын. Ішкі істер министрлігі академиялық заңгерлермен бірге кейін *Қылмыстық сот өндірісінің бала-куәгерлердің қатысуымен бейнежазбаға қатысты тиісті тәжірибе туралы меморандумға* айналғанның «бірінші толық жұмыс жо-

басын» жазуды сұрады, олар 1992 жылы Ақ патшаның кеңсе бюросымен жарияланды. «Қолданбалы психологияның» бұл құжаты көптеген мемлекеттерге ұзақ уақыт ықпал етті, және оның ізбасары («АВЕ» - ары қарай қараңыз) менің мансабымдағы тағы бір елеулі кезең болды.

1990-жылдардың соңында маған британдық полицей күштерінен, оларға куәгерлермен, құрбандармен және күдіктілермен әңгімелесу жүргізетін офицерлерді дайындауды жақсартуға көмектесу үшін, көптеген шақырулар алудың сәті түсті. Нәтижесінде мен бұл тақырып бойынша бұрынғы аспирантым Becky Milne-мен бірлесе отырып, бәрін тегіс қамтитын кітап жазуға шешім қабылдадым. «*Тергеу сұхбаты: психология және тәжірибе*» (Milne және Bull, 1999) деп аталатын кітапта біз полицейлік сұрастырудың тәжірибесі үшін когнитивті-психологиялық зерттеуді және теорияны пайдаландық және бұл біз болжамдағандай, көптеген мемлекеттердегі полицейлік сұхбатқа ықпал етті (Қазіргі таңда екінші басылымы жазылған).

XX-XXI ғасырдың шегінде мені Ішкі істер министрлігі шақырды, мен маңызды ресми құжат «*Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу: балалармен қоса, осал және қорқытылған куәгерлер үшін нұсқаулық*» («АВЕ») жазуға тапсырған кішкене команданың (оны Graham Davies басқарды, мен оның жұмыстарына және кең ықпалына ұзақ уақыт бойында тамсандым) мүшесі болдым (Ақ патша үкіметі, 2002), ол жерде мен осал ересектерді сұрастыру бойынша үлкен бөлімді жаздым.

АЕБЕТ

Blackburn (1996) соттың дайындығы туралы сұрақты қоса отырып, дебеттік жақ бойынша бірқатар мәселелерді өзі көтерді. Ол «жарысу жүйесін немесе сарапшы-куәгердің рөлін түсінбейтін, қорқатын, өте техникалық және шатасқан» сот залымен таныс емес психологты сынға алды. Алаңдаушылық әлі де кейбір сарапшы-куәгерлердің сапасымен байланысты. Jane Ireland отбасы істері бойынша соттарға ұсынылған бағаларды қарап шықты және «біліксіз сарапшыларға психологиялық қорытынды ұсынуға тапсырма беретіндігін дәлелдейтін есептердің сапасына қатысты кең өзгергіштік» бар екендігі туралы қорытындыға келді (Ireland, 2012).

Сонымен бірге Blackburn ғылыми қаталдықтың адекватты еместігі туралы мәселені көтерді және соған қатысты үш саланы анықтады:

1. құқық бұзушының психологиялық профилін құру туралы талаптар;
2. заң сот сараптамасы үшін шеше алатын барлық сұрақтарды шешу үшін бағалау құралдарының шектері;
3. сонымен қатар, қауіпті болжаудың сенімділігі және валидтілігі.

Құқық бұзушыларды немесе едәуір кеш қайта түрленуінде мінез-құлықтық тергеу кеңестерін профильдеу әлі күнге дейін айтарлықтай пікірталастар туындатады (Brown, 2015). Біз 9-тарауда егжей-тегжейлі сипаттағандай, Almond, Alison және Porter (2007) 2005 жылы жазылған қылмыскерлерді профильдеу туралы 47 есепті қарастырды, олар анықталғандай, жалпы алғанда 805 шағымнан құралған. Шағымдардың 96%-ы дәйекті болды, бірақ тек 34%-ы ресми қолдауға ие болды. Дәлелдену тұрғысынан, шағымдардың 70%-ы тексерілді. Алайда тек 43%-ы жоққа шығарылды, себебі олар айыптаудан кейін объективті бағалана алды. Alison және Rainbow (2011: xv-xviii) да құқық бұзушыларды профильдеу бойынша кеңестің қарама-қайшылығы туындатқан бедел зақымын қарады,

ол тұтқынға алу негізінде, Rachel Nickell-ді өлтіргендігі үшін Colin Stagg-қа қарсы істің тоқтатылуына алып келді (бұл жағдайды ары қарай талқылау үшін 3-тарауды қараңыз).

Оның екінші алаңдаушылығына келер болсақ, Blackburn бас жарақатының деңгейін өлшеу сияқты кейбір бағалар психологиялық тесттермен қанағаттанарлықтай анықталуы мүмкін екендігіне риза болды. Басқа заң сұрақтары өлшеу құралдарының шегінен тыс шығады, мысалы балаларды тәрбиелеу қабілетін бағалау үшін қолданылатын ақыл-ой қабілеттері мен нұсқамаларды өлшеу, шын мәнісінде аз аз болжамалы құндылыққа ие. Сол кезден бері ата-аналарды және олардың балаларды тәрбиелеу қабілеттерін бағалау әдістерін жақсарту бойынша белгілі жұмыстар жасалды. Мысалы, Puckering (2010) Англия мен Уэльсте мұқтаж балалар мен олардың отбасыларын бағалау үшін критерийлер қабылданғанын сипаттайды, ал Шотландияда бағалаудың біріктірілген жүйесі және жақсы тәжірибе құрылымданған өлшеу құралдарын пайдалану жан-жақты бақылаулармен қоса болады деп көндіреді. Алайда, Coid et al. (2011) тәуекелдерді құрылымданған бағалаудың дұрыстығы туралы мазасыздануын жалғастырды, себебі төбе эффектісі бар, оның шегінен тыс құралдардың жақсаруы екіталай және нәтижелердің «кему» деңгейі бар, ол кезде құралдар алғашында стандартталмаған популяцияларға қолданылады. Басқа мәселе жиынтық балдарды пайдалануда болып отыр. Аз ғана зерттеулерде жеке тармақтардың болжау қабілеті туралы ақпарат болатындықтан, осы тесттердегі кейбір тармақтар болжау қабілетіне ие болмауы мүмкін және зорлықпен қос таңбалы корреляциялар нәтиже ретінде тек шын мәнісінде болжамалы болып табылатын басқа элементтермен күшті корреляцияның нәтижесі ғана болып табылуы мүмкін. Олар былай қорытындылайды:

Егер мақсат тәуекелді кешенді бағалауды жүргізу болса және оның негізінде тәуекелді бағалау немесе емдеу араласулары іске асырылатын болса, клиницистер шектеулер туралы білулері керек және тәуекелді бағалаудың актуарийлік, құрылымданған клиникалық құралдарын, әлде тұлғаның бұзылысын бағалау құралын пайдалану кезінде сыншыл болуы керек (2011: 16).

Осымен байланысты мазасыздану туралы Quinsey (2009) айтқан болатын. Бұл психикалық науқас қылмыскерлер туралы ережемен байланысты. Ол психикалық науқас қылмыскерге қалай қарау керек екендігі туралы пікірталастардың табандылығы «таңқаларлық» деп айтады. Ол былай қорытындылады:

Жазалауға, еркін ерікке және қылмыстық жауапкершілікке қатысты сенімдер, моральдық пайымдауларға жататын біздің жалпы ұлттық психологияның барлық бөліктері әлеуметтің қауіпсіздігі мен алаңғасарлықты тоқтатуға ықпал ететін технологиялық мәселелермен нашар үйлеседі. Мен «ұлттық психология» тіркесін қандай да бір кем қалыпта көрсететін мағынада меңзеп тұрған жоқпын – біздің біртіндеп дамып келе жатқан ақыл-ой теориясы және оның себепті әрекеттер мен жауапкершілік туралы ілеспелі елестетулері адамның әлеуметтік өмірі үшін кілтті болып табылады. Мәселе бұл сенімсіз квази-теориялық идеялар тұжырымдамалық алға басу үшін қауіпті болып табылатындығында және болжау мен араласу технологияларын тікелей пайдалануға кедергі жасайтындығында (2009:17).

Біз мүмкін технологиялық түзетулерге пессимистік қатынас жасай жасаймыз, оның екі себебі бар, бір жағынан, Coid және оның әріптестері атап өтетін шектеулер болса,

екінші жағынан, біз 5-тарауда қарастырған жазалаушы-оналтушы пікірталастардың жан-таластық сипаты.

Ақырында, қауіпті болжаудың сенімділігі мен валидтілігіне қатысты, Blackburn (2000) тұлға бұзылысы бар қауіпті қылмыскерді қамауға алу туралы мәселені талқылайды. Ол «қауіпті психопаттар» және «тұлғаның ауыр бұзылыстары» категорияларын анық ажырату талпыныстарына мазасызданған болатын. Ол бұны регрессивтік құбылыс деп санады, себебі ол «ауруға жеңілдетілген бағыт» болып табылады, және ең нашар жағдайда «пері стереотип» болып табылады. Ол тұлғаның қауіпті және ауыр бұзылысы (ТҚАБ) қойылатын адамдарды оқшаулауға қарсы болды. ТҚАБ адамдарды ұстап және күштеп емдеу туралы саяси шешімнен кейін, қауіпсіздік деңгейі жоғары үш абақты және екі аурухана ТҚАБ арналған бағдарламаны іске қосуды бастады және оны келесі он жыл ішінде істеді, 2009 жылға қарай 500 миллион фунт жұмсады. 2010 жылдың желтоқсанында жақында сайланған Консервативтік-либералды демократиялық коалицияның араласуының тиімділігі туралы қарама-қайшы мәліметтермен бетпе-бет келіп, ТҚАБ бағдарламасын өзгерту үшін «Кезеңнің бұзылуы»/‘Breaking the Cycle’ (Әділет министрлігі, 2010b) атты үкіметтік «Жасыл кітапты» шығарды (O’Loughlin, 2014). Сот психологтары бұл пікірталаста көбіне назарға алынбайтын болып қалды.

Біз алдыңғы бөлімдерде сот психологиясының тарихы тек өз ішінде білімдерді жинаудан гөрі едәуір күрделі ықпалдардан құралатындығын көрсеттік деп үміттенеміз. Сот психологиясы сәтті қолданылған кезде болды, және негізгі психологиядан «алынғандар» әдіснамалық даму және біздің когнитивті үдерістер туралы ойлауымызды кеңейту үшін қолданылды. Одан бөлек, криминология сияқты басқа іргелес әлеуметтік ғылымдар пайдалы концепциялар мен талдауларды ұсынады.

СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ БОЛАШАҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ҚАНААЙ?

Біз пән туралы едәуір бірізді және біріктірілген есеп құру үшін сот психологиясы қалыптастыратын элементтердің көбірек анық баяндалуы болуы керек деп есептейміз. 13.2-суретте психологияның ішіндегі негізгі пәндер және біздің қолданбалы іргелес пәндер көрсетілген, біз олардан не ала алатындығымызды едәуір толық бейнелей алуымыз қажет. Бұл осы субпәндердегі сот психологтарының алаңдаушылығын туындататын салаларға үлес қосатын элементтерін анықтау бойынша жобаға алып келеді.

Бұдан кейін біз біріктірілген сот психологиясы қоғамдық криминологияның аспектілерімен құқықтық нұсқаулықтар контекстінде қатар өмір сүретін, 13.3-суретте көрсетілгендей матрицаны елестете алатын едік.

Jacqueline Wheatcroft және Sandra Walklate (Wheatcroft және Walklate, 2014) жұмысы – едәуір радикалық сот психологиясының мысалы. Бұл маңызды әлеуметтік мәселені, жалған зорлықтарды құндылықтар тұрғысынан талдау болып табылады және психолог пен криминолог арасындағы серіктестік болып табылады. Сонымен бірге олар әлеуметтік кеңірек хабардарлығын қамтамасыз етуге және саясаткерлерді тартуға ұмтылады.

Зерттеулердің әдіснамасына қатысты Howells және басқалар (2011) болашаққа күн тәртібін ұсынады:

- талпыныстар жергілікті бастамаларға бағытталуы керек және үңілген бақылаудағы қызмет орындарына ендірілетін ғылыми-зерттеу мамандарымен жүргізілуі керек;
- дағдылардың жиынтығы екіге айырылған емес, бірікке болуы үшін, зерттеуші-тәжірибеден өтуші моделі жетілдірілген болуы керек;

322 СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

- зерттеу әдістері едәуір кең философиялық-теоретикалық негізде орналасуы және позитивистік скептицизммен шектелмеген болуы керек, соның ішінде, өзара әрекеттестікте және аралас әдістер бағытын қалыптастыруда шектелмеген болуы керек;
- зерттеудің барлық қатысушыларының, әсіресе құқық бұзушылардың абыройын және моральдық мәртебесін қорғау аса маңызды мәнге ие болуы тиіс;
- тәуекелді бағалау бағыттары қосымша қалыптастырылып, тәуекелді басқарумен біріктірілген болуы керек.



13.2-сурет. Сот психологиясы сүйене алатын салалар



13.3-сурет. Сот психологиясының матрицасы

Жеткіліксіз дамыған контентке келер болсақ, 5-тарау неліктен қылмыскерлік деңгейі төмендейтіндігіне сот-психологиялық қызығушылықтың жоқтығына назар аударады, сол арада 8-тарауда құрбан тарапынан да, құқық бұзушы тарапынан да қатынастарды түсіну үшін көбірек нәрсе жасауға болатындығы түсіндіріледі. Howells және басқалар (2011) жағдайлық факторларды, сонымен қатар қоршаған ортаның, әсіресе қамауда ұстау мекемелерінің тәртіптерінің әсерін зерттеу мүмкіндігі бар деп жорамалдайды. Justickis (2008) сот психологиясына құқықтың әр саласында өзінің қызығушылық саяларын кеңейтуді ұсынады. Ол қоршаған ортаны қорғау, интеллектуалды меншік сияқты әртүрлі 20 саланы тізіп береді және заңмен реттелетін мінез-құлық өзіне келесі нәрселерді қосады деп айтады:

- өзіне қабылдаумен, ойлаумен, есте сақтаумен, эмоциялармен және мотивациямен байланысты психологиялық оқиғалардың тізбегін қосады (егер бірізділіктегі қандай да бір байланыс сәтсіздікке ұшыраса, бұл жауап табу қажет болатын психологиялық сұрақтарды туындатады);
- адамның индивидуалдылығына ықпал ете алады, яғни құқықтық жүйеге қатысу жиі өте шиеленіскен болады және психологиялық саулыққа әлеуетті қауіп төндіреді;
- құқықтың және оның институттарының заңдылығын мақұлдауы қажет деп мәлімдейді.

